Том 25

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

25 ТОМ

Март – июль 1914

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1978

Л $\frac{10102-044}{401(07)-78}$ 1—78

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма бесінші томы жаңа революциялық өрлеу дәуірінде жазылған еңбектер енген соңғы том болып табылады. Томға 1912 жылдың орта шенінен бастап Краковта, сондай-ақ жаз айларында Поронин деревнясында тұрған Владимир Ильичтің 1914 жылы март — июль айларында жазған шығармалары еніп отыр.

Лениннің эмиграпттық өмірінде Краков кезеңінің ерекше маңызы бар. Россияға жақын тұруы онымен тығыз байланыс жасауына, партия ұйымдарымен ұдайы хат-хабар алысуына, «Правда» газетіне және IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракцияға күнделікті басшылық жасап отыруына мүмкіндік берді. Томға енген шығармалар Лениннің осы сан салалы қызметін бейнелейді, оның россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы күресін, партияны нығайту жолындағы, бұқараны жаңа революцияға әзірлеу жолындағы күресін ашып көрсетеді.

Томға енген шығармалар бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында, Россиядағы революциялық қозғалыс қаулап өскен жағдайда жазылды. Петербургтегі «Треугольник» фабрикасы мен Ригадағы «Проводник» фабрикасында жұмысшы әйелдердің жаппай улануына байланысты 1914 жылы март—апрель айларында бүкіл елде қуатты наразылық толқыны кең қанат жайды. Май айында қозғалыстың жаңа толқыны байқалды. Полицияның ұстауына және тұтқындауына қарамастан, бар-

лық жерде бірінші май митингілері, жиналыстар, демонстрациялар мен ереуілдер болып өтті. Бакуде маевкадан кейін жұмысшылардың жаппай ереуілі басталды; бакуліктерді Петербург жұмысшылары қолдады. 3 июльде полиция 12 мыңға жуық жұмысшы қатысқан путиловшылардың митингісін атқылады. Қанға бояп жазалауға путиловшылар ереуіл жасаумен жауап берді, ал оларды Петербургтегі барлық заводтар мен фабрикалардың жұмысшылары қолдады. Қозғалыс тегеурінді күшпен өсті; астанадан кейін Москва, Одесса, Сормово, Рига, Тифлис, Иркутск, Екатеринодар, Севастополь, Харьков, Астрахань қалалары, Кострома, Владимир және басқа көптеген губерниялар көтерілді.

Күрестің шиеленіскені соншалық, Петербургте, Бакуде және Лодзьде жұмысшылар баррикадалар жасай бастады. Ленин кейіннен 1914 жылғы жаппай революциялық стачкаға қатысушылардың саны «2 миллионнан асып түсті, сөйтіп 1905 жылдың дәрежесіне жақындады» (Шығармалар, 21-том, 323-бет) деп атап көрсетті. Саяси стачкалар патша өкіметін құлату және демократиялық республиканы талап ету ұранымен өтті. Революциялық бой көрсетулер әскерде де болып жатты, шаруалар қозғалысы барған сайын күшейе түсті. Россияда революциялық дағдарыс пісіп-жетілген еді.

Пролетарлар бұқарасы күресінің өсуіне байланысты таптық тәртіп, маркстік программа мен тактика негізінде жұмысшы табының саяси бірлігін нығайту қажеттігі онан сайын қатты сезілді. Мұның шешуші шарты партияның басшылығы мен оның қатарының топтасқандығы ғана болатын еді. Ленин ұйымсыз бірлік болмайды, ал азшылықтың көпшілікке бағынуынсыз ұйым болмайды деп үйретті. Жұмысшы табына, марксистердің марксизм жауларымен және марксизмді бұрмалаушылармен бірлігі керек емес, марксистердің бірлігі керек. Жұмысшы табының бірлігі большевиктердің жойымпаздарға, впередшілдерге, троцкистерге қарсы ымырасыз күрес жүргізуінің барысында қалыптасты және нығайды; оларды әшкерелеуге Ленин осы томға енген көптеген мақалаларын арнаған болатын. Ол мақалалардың ішінде «Бірлік», ««Впередшілдер» туралы және

«Вперед» тобы туралы», «Жұмысшылардың бірлігі және интеллигенттердің «ағымдары»» және басқалары бар. Ленин Троцкийдің центризмін, оның саяси авантюризмін, принципсіздігі мен екіжүзділігін әшкереледі. Марксизмнің бірде-бір елеулі мәселесі бойынша тұрақты көзқарасы болмаған Троцкий, Лениннің сөзімен айтқанда, әр уақытта қайсыбір алауыздықтардың «жарықшағына сыналап кіріп», бір жақтан екінші жаққа жүгірді де жүрді. Жалған революциялық сөздерді бүркенген ол іс жүзінде жойымпаздарды қорғады. Ленин былай деп көрсетті: егер жойымпаздардың өзіндік, маркстік емес, либералдық бет бейнесі болса, Троцкийдің еш уақытта ешқандай өзіндік «бет бейнесі» болған емес, либералдардан марксистерге қарай ұшып-қонуы, аннан-мыннан жырымдап алған жел сөздердің жұрнағы ғана болды. Ленин Троцкийді россиялық социал-демократиялық қозғалыстағы «ең нашар жікшіл» деп атады.

Ленин бастаған большевиктер оппортунистермен аянбай айқасуда ұдайы жеңіп шығып отырды. «Жұмысшы қозғалысындағы идеялық күрес» деген шығармасында Россиядағы марксизмнің оппортунизммен жиырма жылдық күресінің қорытындыларын шығара келіп, Ленин принциптік орасан зор маңызы бар тұжырым жасады: «Жұмысшы қозғалысын буржуазияның ықпалынан, «экономизм»-жойымпаздықтың ықпалынан тазарту ісі осы 20 жыл ішінде *орасан зор* алға басты. Қазір нағыз маркстік партияның нағыз пролетарлық ірге тасы тұңғыш рет берік қалана бастады» (осы том, 145-бет).

Бұқаралық жұмысшы қозғалысының тәжірибесі большевиктердің программалық, тактикалық, ұйымдық идеяларын, шешімдері мен саяси бағытын тамаша растады. Россиядағы жұмысшы қозғалысының дамуы жайындағы деректерді мұқият зерттей отырып, Ленин жұмысшы табының басым көпшілігі большевиктердің соңынан еріп отырғанын даусыз фактілермен дәлелдеді. Большевиктер Прага партия конференциясының, Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков және Поронин кеңестерінің шешімдері төңірегіне Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігін топ-

тастырды. Жұмысшылардың бірлігі партия шешімдерін мойындаудан және оларды мақұлдаудан көрінді. «Саналы жұмысшылардың *көпшілігі* дәл және айқын шешімдердің төңірегіне топтасқан жерде, ондай жерде пікір мен қимыл *бірлігі* болады, ондай жерде партиялылық пен партия болады» (212-бет).

Большевиктер кәсіптік қозғалыста да, қауіпсіздендіру науқанында да жеңіп шықты: елдегі ең ірі деген кәсіптік одақтарда және бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесіне сайланған уәкілдер арасында басым көпшілігі правдистер болды. Ленин жұмысшылар жойымпаздардың еркінен тыс, оларсыз және оларға қарсы стачкалық қозғалыс пен қауіпсіздендіру қозғалысының, газеттер ұйымдастырудың тамаша науқанын өткізді және барлық жерде бірдей көпшілікке ие болды деп атап көрсетті.

Россияның жұмысшы табын топтастыруда «Правда» газеті зор роль атқарды. Лениннің маркстік газетті жұмысшы табын ұйымдастырудың және тәрбиелеудің, партияның қалың бұқарамен байланыс жасауының аса маңызды құралы деп білгендігін осы томға енген материалдар айқын сипаттайды. Жұмысшы топтарынан газетке жиналған жарналар жайындағы деректер «Правданың» нақ сондай орган екенін растады. Партияның ұйымдары құпия, «астыртын» жағдайда жұмыс істеген кезде жұмысшылардан түскен ақшалай жарна мөлшері осы ұйымдардағы жағдайды жанама түрде, бірақ дәлме-дәл көрсететін еді. Ол кезде большевиктерді «правдистер» деп атайтын. Жұмысшылардың көпшілігін ұйымдастырып, біріктіріп отырған, буржуазияға шын мәнінде тәуелсіз, маркстік, пролетарлық ағым тек қана правдизм екенін большевиктік газетке қаржы жинау анық дәлелдеді.

Томға жұмысшы баспасөзіне және оның революциялық қозғалыстағы роліне арналған бірқатар мақалалар енген. Олардың ішінде «Россиядағы жұмысшы баспасөзінің өткен дәуірінен» деген белгілі мақала бар, ол «Правданың» екі жылдығы күні шығарылуға тиісті «Рабочий» газетінің тұңғыш номеріне арнап жазылған-ды. Бұл мақалада Ленин жұмысшы баспасөзі тарихына қыс-

қаша шолу жасайды, оның елдегі демократиялық және социалистік қозғалыстың дамуымен ажырағысыз байланысын баяндайды. Россиядағы азаттық қозғалысы, деп көрсетеді Ленин, негізгі үш кезеңнен өтті: дворяндық дәуір (шамамен 1825 жылдан 1861 жылға дейін), 1895 жылға дейін созылған әртектілік, немесе буржуазиялық-демократиялық дәуір және 1895 жылдан басталған пролетарлық дәуір. Осы дәуірлердің әрқайсысын талдай отырып, Ленин үшінші, пролетарлық дәуірді баяндауға ерекше назар аударады.

Жұмысшы баспасөзі тарихын зерттей отырып, Ленин ол тарих орыс марксизмі мен российялық социал-демократиядағы екі бағыттың — маркстік және оппортунистік бағыттардың — күресінің тарихы болып табылады деп көрсетті. Осы бөліну жиырма жыл бойына өзінің формасын, сипатын өзгертіп отырды, бірақ негізгі мәні жағынан сол әуелгі қалпында қалды. Ленин социал-демократия ішіндегі осылай бөлінудің және күрестің терең әлеуметтік, таптық тамырларын ашты. Жұмысшы табы, деп түсіндірді ол, ұсақ буржуазиямен қоян-қолтық араласып өмір сүреді, ал ұсақ буржуазия күйзелген сайын пролетариаттың қатарын әрдайым жаңа келімсектермен толықтырып отырады. Барлық капиталистік елдердің ішінде Россия артта қалған, анағұрлым ұсақ буржуазиялық ел болды, сондықтан да жұмысшылардың бұқаралық қозғалысы осы қозғалыстың өзінде ұсақ буржуазиялық, оппортунистік қанатты туғызбай қоймады. «Экономистер» дейтіндер оппортунистік, мещандық-интеллигенттік қанат болды, олар либералдық жұмысшы саясатын жүргізді, оның мәні: «жұмысшыларға — экономикалық күрес, либералдарға — саяси күрес» деген бір-ақ нәрсеге келіп сайды.

1901—1903 жылдар кезеңі социал-демократиялық партияның программасын, оның тактикасының негіздерін, дәйекті марксизм негізінде жұмысшылардың экономикалық және саяси күресін ұштастыру формаларын жасаған маркстік тұңғыш саяси газет — «Искраның» кезеңі болды. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың басым көпшілігі оппортунизмге қарсы «Искра» жағына шықты. Бірақ «Искраның» «экономизмді» жеңуі соци-

ал-демократия «жолбикелерінің» социал-демократия қатарына жаңадан көптеп қосылуына әкеліп соқты, сөйтіп оппортунизм меньшевизм түріне боянып, қайта тірілді деп жазды Ленин. 1905—1907 жылдардағы революциядағы меньшевиктік тактиканың мәнісі либералдық жұмысшы саясатына, жұмысшылардың либералдарға тәуелділігіне келіп сайды.

Қозғалыстың пролетарлық мәнін тек большевизм ғана бейнеледі, оның тактикасы жұмысшы табының дербестігін қамтамасыз ететін еді. Ескі «Искраға» адал, дәйекті марксизмнің тактикасын қорғаған негізгі органдар большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттері болды. Неше түрлі ұсақ буржуазиялық қоспалар мен бұрмалаушылықтардан пролетарлық таптық қозғалыстың дараланып шығуы және нығаюы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың ұзаққа созылған күресі мен ауыр еңбегінің арқасында ғана мүмкін болды.

Марксизмнің және жұмысшы қозғалысының жиырма жылдық тарихы пролетарлық партияның оппортунистік ағымдарға қарсы ұзаққа созылған және табанды күресінің нәтижесінде алдыңғы қатарлы жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің маркстік күнделікті газет —«Правданың» төңірегіне топтасуына жеткізді.

Большевиктік баспасөздің ролі, оның жұмысшылар арасындағы ықпалы мен беделі «Правданың» екі жылдық мерекесі күні — 1914 жылы 22 апрельде (5 майда) ерекше күшпен көрінді. Бұл күн нағыз маркстік күштерді есептеу күні болды. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың бәрі осы күні, тиын-тебеннен жүздеген, мыңдаған сом қаржы жинастырып, өздерінің баспасөз органдарына көмек көрсетті. Бір ғажабы, «Жұмысшы баспасөзі күні» екі айға жуық мерзімге созылды, осы уақыттың ішінде елдің барлық түкпірлерінен жұмысшылар газетке жинаған ақшаларын және онымен ынтымақтастығын білдіретін көптеген қарарларын жіберіп жатты. Ленин «Жұмысшы баспасөзі күнінің» (қараңыз: 464—472-беттер) қорытындыларын екі айдан кейін ғана шығарды.

Правдистер Россияны қайта құруда жұмысшы табының мүдделерін қорғай отырып, маркстік пролетарлық

саясатты жүргізіп отыр, деп Ленин талай рет атап көрсетті. «Правданың» төңірегіне мыңдаған жұмысшы топтарының топтасуын Ленин жұмысшы табының саяси бірлігі өскендігінің айқын дәлелі деп білді.

IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракцияның қызметі жұмысшы табымен байланысты кеңейту және нығайту міндетіне қызмет етті. Лениннің осы томға енген шығармаларының бір тобы Лениннің фракцияға қалай басшылық еткенін, революциялық үгіт мақсатына Дума трибунасын барынша пайдалануға қалай үдайы қамқорлық жасағанын көрсетеді. Большевик депутаттар Ленинмен жиі кездесіп, нұсқау мен кеңес алуға, Думадағы РСДЖФракциясының тактикасын талқылау үшін Ленин тұрған Краковке және Поронинге келіп тұрды. Владимир Ильич депутаттардың Думада сөйлейтін сөздерінің жобаларын жазып берді, заң жобаларын әзірледі. Томға ол жазған «Ұлттық тең праволылық туралы заң жобасы», «Ұлттардың тең праволылығы туралы және азшылық ұлттардың праволарын қорғау туралы заң жобасы» деген еңбектері, «Ұлт саясаты туралы мәселе жөнінде», «Егіншілік министрлігінің сметасы туралы мәселе жөнінде» деген сөз жобалары енген. Бұл материалдарда Ленин патша самодержавиесінің ұлттарды езуге негізделген ұлт саясатын әшкерелейді, Россияның бастап кешіріп отырған жағдайы, «үкімет» халықты «басқармайды», онымен «соғысады» деуге болатындай, нашар бүркелген азамат соғысы жағдайы екенін өте нанымды етіп көрсетеді. Ұлттардың тең праволылығы туралы заң жобасының Думаға ұсынылуына Ленин үлкен маңыз берді, ұлттық езгіге қарсы, барлық ұлттар үшін ұлттық шектеулердің жойылуын жақтап жұмысшы табы үн көтеруге міндетті деп санады. Ленин әсіресе орыс жұмысшысының үні қаттырақ естілуге тиіс деп атап көрсетті.

«Егіншілік министрлігінің сметасы туралы мәселе жөнінде» деген сөз жобасында Ленин үкіметтің жер мәселесіндегі саясатының негіздерін қатаң сынға алды. Бұл саясаттың мәні шаруалар қауымын қиратуды күшейту және жеделдету, отрубтарды қолдау, кулактардан патша өкіметінің жаңа әлеуметтік тірегін жасау

болды. Патша самодержавиесі столыпиндік аграрлық саясатты революциямен күресудің құралы деп таныды. Ленин осы аграрлық саясатты «ұлы прогресс», Россияның артта қалған егіншілігін европалық әдіспен қайта құру жолындағы қадам, крепостниктік тәртіп қалдықтарын жою жолында ілгері басқан қадам деп жариялаған үкіметтік, оңшыл және октябристік баспасөздің бет пердесін жұлды. Кіріптарлық, крепостниктік қатынастар үстемдік етіп отырған деревнядағы шын жағдайды Ленин нақты материалдар арқылы көрсетеді, ал бұл жағдайды столыпиндік жер саясатын қорғаушылар прогресс және мәдениеттің өркендеуі туралы жел сөздермен бүркемелеуге тырысты. Шаруалар көпшілігінің іс жүзінде крепостниктік құлдықта қалып отырғанын Ленин бұлтартпастай етіп дәлелдейді. «Жердің көпшілігі өктем помещиктердің қолында болып отырғанда,— деп жазды ол,— бұл крепостниктік тәртіпті ешқандай заңдармен тоқтатуға болмайды; езілген шаруалардың «қауымын» «жеке жер иелігімен» алмастырудың ешқайсысы бұл арада жәрдем ете алмайды» (191-бет).

Думадағы фракцияның саяси күресіне басшылық ету шаруашылық және мәдени өмірдің мейлінше нақты қойылатын мәселелерін ұдайы алға тартып отырды. Осы мәселелерді шешкенде Ленин жұмысшы табы өкіметті жеңіп алғаннан кейінгі жерде партияның алдына бұл мәселелердің қалай қойылатынын сол кездің өзінде-ақ ойластырған еді. Н. К. Крупская Октябрь социалистік революциясынан кейінгі алғашқы уақытта совет құрылысының барлық қажетті буындарын бірден дөп басу Краков кезеңінсіз қиын болатын еді, деп атап көрсетті. «Краков кезеңі социалистік құрылыстың өзінше бір «нөльдік тобы» (дайындық класы) болды. Әрине, бұл осы мәселелердің әзірше ең қарапайым қойылуы ғана еді, бірақ солай қойылудың көкейтесті болғандығы сондай, оның маңызы осы күнге дейін жойылған жоқ»,— деп жазды Н. К. Крупская 1933 жылы.

Буржуазиялық идеологияға, ревизионизмге және оппортунизмге қарсы күреске арналған еңбектер томда едәуір орын алады. Лениннің маркстік теорияны «қай-

та қарауды» уағыздаушыларға, марксизмге опасыздық жасаушыларға қарсы бағытталған мақалалары партиялық жалынды құштарлықпен және жұмысшы табының дұшпандарына ымырасыздықпен жазылған. «Социализмді тағы да бір жою», «Асыққан қалар ұятқа» деген және басқа еңбектерінде Ленин пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың және буржуазияның жұмысшыларды аздыруының ең басты көріністерінің бірі ревизионизм болып табылады деп атап көрсетті.

«Социализмді тағы да бір жою» деген мақала—маркстік саяси экономияны буржуазиялық идеологтардың дөрекі шабуылынан қорғаудың тамаша үлгісі. Ленин бұл мақаласында К. Маркстің еңбек құн теориясын жоққа шығаруға, «Капиталдың» I және III томдары арасында, әлгі теория мен құн заңы негізінде орта бағаның пайда болуы арасында қайшылық болып отырмыс дегенді дәлелдеуге тырысқан Струвенің әрекеттері мүлде негізсіз екенін әшкерелеп берді. Сонымен бірге Ленин буржуазиялық саяси экономияның капитализм дамуының объективтік заңдарын теріске шығаруы да негізсіз екенін әшкереледі. «Ғылымнан *заңдарды* аластау,— деп жазды ол,— іс жүзінде *дін заңдарын тықпалау* ғана болып табылады» (51-бет).

Маркстік саяси экономияны сын тұрғысынан қайта қарау жөнінде мәлімдегенде, буржуазиялық идеологтар тек бір ғана мақсатты көздеді — социализм мүмкін емес дегенді қандай құралдармен болса да дәлелдеуге тырысты. Социализмді жою үшін олар марксизмді бұрмалады, оған әуелі сөлекет айыптар тағып алып, соңынан оларды мықтымсына теріске шығарып отырды.

Сансыз көп мәселелердің басын бір шалып, оларды ғылыми тұрғыдан негіздегенсіген буржуазиялық идеологтар өздерінің шимайларында іс жүзінде «цитаттар қойыртпағы» мен үстірт ескертпелерден басқа ештеңе де бере алған жоқ. Ленин осы марксизмді «сынаушылардың» пайымдауларының ғылымға қайшы мәнін ашып көрсетті. «Егер,— деп жазды ол,— өздерін либералмыз, прогресшілміз деп санайтын ғалымдар өз орталарында осы сияқты сайқымазақ сабаздарға төзе. алатын болса, егер бұл сабаздарға ғылыми дәрежелер бе-

ріп, оларға жастарды оқытуды тапсырып отырса, онда бұл буржуазиялық дәуірдің мына бір «заңын»: Маркстi құрту үшін ғылымды қорлау неғұрлым арсыз және ұятсыз түрде жасалса, соғұрлым зор абыройлы боласың деген «заңын» жүз мәрте, мың мәрте көрсетіп қана береді». Бұл «ғалымдар» үшін басты міндет — «Маркстi бір қағытып қалса болғаны,— қалғаны реттеле береді» (41—42-беттер).

Ленин осы мақалаларды жазғаннан бері ондаған жылдар өтті, алайда оларда айтылған пікірлер қазіргі күндері де өздерінің ерекше маңызын сақтап отыр. Марксизмнің революциялық ықпалынан қорқатын капитализмнің қазіргі замандағы идеологтары бұқараны марксизм «ескірді», жаңа тарихи жағдайларда ол жарамсыз болды деп иландыру үшін барлық күштерін жұмсауда.

Буржуазияның жұмысшы қозғалысына қарсы күрес тәсілдерін әшкерелей отырып, Ленин бұл тәсілдер капиталистік елдердің бәріне тән және ортақ екенін көрсетті. Ол тәсілдер қаншама түрлі-түрлі болғанымен, олар екі әдіске келіп саяды: бірінші әдіс — зорлау, қуғындау, басып-жаншу; екінші әдіс — жұмысшыларды бөлшектеу, олардың арасына іріткі салу, сатып алу, жұмысшылардың назарын капиталистерге қарсы күрестен аударып әкету үшін «идеялық» ықпал жасау. Идеялық ықпалы төмендеген, әлсіреген кезде буржуазия нағыз арсыз өтірік пен жалақорлыққа дейін барады. Пролетариатқа ықпал жасау құралдарының бірі буржуазиялық баспасөз болып табылады. Ленин осы баспасөздің шын бет бейнесін: жаппай сатқындығын, жағымпаздығын, «сатқын жазушылар, сатқын газеттер» (8-бет) екенін көрсетіп берді.

Томға енген шығармалар Лениннің халықаралық оппортунизмге қарсы принципті және табанды күрес жүргізгенін ашып көрсетеді. «Неміс жұмысшы қозғалысындағы не нәрсеге еліктемеу керек» деген мақаласында Ленин герман социал-демократиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, оппортунист К. Легинді өлтіре сынайды. Оппортунистердің «қожайындарды ренжіткісі» келмейтіні, олардың жұмысшыларды буржуазияға сену-

ге тәрбиелеп, олардың санасына капиталистік қоғам мызғымайды дегенді сіңіруге тырысатыны белгілі. Олар капиталистерге қарсы сөз айтудан қашқақтайды. «Неміс оппортунизмінің «мемлекет адамына» мұндай ой шексіз жат нәрсе: олар «капитализмге» *тиіспей ғана* сөйлейді. Сөйтіп, осылай жарамсақтанып, социализмнен безуі арқылы өздерін өзі масқаралап, олар өздерінің осы масқара болғанына мақтанады» (118-бет). Ленин Штутгартта болған халықаралық конгресте неміс делегациясы көпшілігінің отар мәселесі бойынша нағыз оппортунистік қарарды жақтап дауыс бергенін еске салады. Герман социал-демократиясының, деп жазды Ленин, орасан зор еңбегі бар, бірақ ол Легиндердің және басқа сол сияқтылардың еңбегі емес.

Ленин II Интернационал көсемдерінің оппортунизмін, олардың россиялық оппортунистерді қанатының астына алатынын әшкерелейді. Ол жойымпаз-меньшевиктерді және троцкистерді Интернационал лидерлерінің қалай қолдағанын, олардың большевиктерге қарсы қалай өршелене шабуыл жасағанын көптеген фактілер арқылы көрсетеді. II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің жойымпаз-меньшевиктер мен троцкистерді қолдайтыны 1914 жылы июльде болған Брюссель кеңесінде ерекше айқын көзге түсті; бұл кеңес Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылы декабрьде болған сессиясының шешімі бойынша РСДРП-дағы бірлік туралы мәселе жөнінде «пікір алысу мақсатында» деген желеумен шақырылған-ды. Ресми түрде Халықаралық социалистік бюро большевиктер мен меньшевиктер арасындағы делдал болды, бұл жөнінде оның қарарында айтылды, бірақ іс жүзінде Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті делдал емес, төреші болғысы келді, сөйтіп өзінің қаулыларына большевиктерді бағынуға мәжбүр еткісі келді. II Интернационал лидерлерінің алдына қойған жоспары мынау еді: россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизммен ымырасыз күрес жүргізіп келе жатқан дербес большевиктік партияны, жаңа түрпатты партияны, РСДРП-да «татулық» орнату дегенді бүркеніп жою керек болды. Халықаралық социалистік бюроның пред-

седателі Э. Вандервельде 1914 жылдың жазында Петербургте болған кезінде алдағы кеңестің сипаты жайында жойымпаз-меньшевиктермен, большевиктерден жасырын түрде, келіс сөз жүргізді.

Брюссель кеңесі шиеленіскен күрес жағдайында өтті. Оған РСДРП (большевиктер) Орталық Комитетінің, Ұйымдастыру Комитетінің (меньшевиктер), троцкистердің, плехановтық «Бірлік» тобының, «Вперед» тобының, Бундтың, Латыш өлкесі социал-демократиясының, Литва социал-демократиясының, поляк социал-демократтарының, поляк социал-демократиялық «оппозициясының», Поляк социалистік партиясының («солшылдар») өкілдері қатысты.

Осы томға Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар еніп отыр, оларды Ленин жазған болатын. РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы большевизм дамуының тұтас бір дәуіріне — реакция дәуірі мен жаңа революциялық өрлеу жылдарына қорытынды жасады. Онда, россиялық оппортунистер мен олардың II Интернационалдағы қорғаушылары істің жайын дәл осылай деп көрсетуге тырысқандай, Россияда «фракциялық күрес былығы» жоқ екені, большевиктер мен жойымпаздардың арасындағы алауыздықтар — ұйымдық алауыздықтар емес, партияның өзінің болу-болмауы туралы мәселе жөнінде келіспеушілік екені, бұл арада қандай да бір келісімге немесе ымыраға келу туралы сөз болуы да мүмкін еместігі өте нанымды көрсетілді. Жойымпаздармен бірлік тек қана мына жағдайда — олар өздерінің бүкіл тактикасынан үзілді-кесілді бас тартқан және жойымпаз болуын қойған жағдайда ғана мүмкін делінді.

Жойымпаздардың құпия партияны теріске шығаруы олардың революциялық тактиканы теріске шығаруымен, реформизмді қорғауымен тығыз байланысты еді. Баяндамада Россияның саналы жұмысшыларының көпшілігі құпия партия мен революциялық тактикаға өзінің адалдығын айқын көрсете отырып, жойымпаздарға қарсы шығып, правдистердің соңынан ергені даусыз деректер негізінде баяндалды. «Жойымпаздыққа және

оның одақтастарына қарсы $2^1/_2$ жылдық күрестен кейін саналы жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігінің «правдизмді» жақтап отырғандығы фактісі,— міне бұл факт біздің бағытымыздың дұрыстығына сенімімізді күшейтеді, сөйтіп бұл сенімді бұлжымастай етеді» (442-бет).

Халықаралық социалистік бюроның атынан Каутский кеңесте РСДРП-ны біріктіру туралы қарарды ұсынды. Қарарда Россия социал-демократиясында бірігуге кедергі болатындай елеулі алауыздықтар жоқ деп пайымдалды. Каутскийдің қарары көпшілік дауыспен қабылданды. Оған большевиктер мен латыш социал-демократтары қарсы болды. Ленин бастаған большевиктер Брюссель кеңесінің шешімдеріне бағынудан бас тартты.

II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің большевиктік партияны жою жөніндегі әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Ленин, большевиктер бітістірушілердің бет пердесін жамылған Интернационал көсемдерінің шын мақсаттарын халықаралық пролетариаттың алдында әшкерелеп берді. Ленин марксизм жауларына деген өзінің асқан табандылығын, принципшілдігін және ымырасыздығын көрсетті.

1913—1914 жылдары Ленин партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориясы мен саясатын жан-жақты негіздеуге көп көңіл бөледі. Лениннің осы кезеңде жазылған классикалық шығармаларында ұлт мәселесіне терең теориялық талдау жасалған, оның жұмысшы қозғалысы үшін, халықтардың тағдыры үшін орасан зор маңызы ашып көрсетілген.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Ленин қаражүздік ұлтшылдыққа, ұлы державалық шовинизмге және социал-шовинизмге қарсы күрес жүргізу міндетінің ерекше маңызы бар деп санады. Осы кезеңде Россия социал-демократиясында ұлт мәселесі жөніндегі айтыстар ерекше шиеленіскен еді, бұл айтыстар тіпті РСДРП II съезі тұсында өрістеген болатын. Партия программасының ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы айтылатын тоғызыншы параграфына қарсы түрлітүсті оппортунистердің бәрі жорық ашты. Айтыстардың мәні көп ұлтты мемлекеттегі социал-демократия үшін

өзін өзі билеу правосын мойындайтын программаның қажеті бар ма дегенге келіп сайды. Тоғызыншы параграфқа жойымпаздар, бундшылдар және национал-социалистер дүрсе қоя берді. Бұл, Ленин берген анықтамада айтылғанындай, оппортунизмнің маркстік программаға «түс-түстан анталаған жорығы» «жалпы қазіргі замангы ұлтшылдық ауытқулармен» тығыз байланысты еді.

Томға енген шығармалардың ішінде коммунистік партияның программалық еңбектерінің бірі болып табылатын «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақала ерекше орын алады. Бұл мақаласында Ленин ең алдымен: ұлттардың өзін өзі билеуі дегенді қалай түсіну керек деген сұраққа жауап береді. Ол, тарихи-экономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, маркстік программадағы ұлттардың өзін өзі билеуі саяси жағынан өзін өзі билеу, мемлекеттік дербестік алу, ұлттық мемлекет құру правосы дегенді білдіреді деп түсіндірді.

Ұлттардың өзін өзі билеу правосын езілген ұлттардың буржуазиялық ұлтшылдығына жол берушілік деп есептеген, сөйтіп осының негізінде партия программасынан өзін өзі билеу туралы параграфты алып тастауды талап еткен Р. Люксембургтің қателігін түзете отырып, Ленин ол параграфты программада қалайда сақтау қажеттігін атап көрсетті. Өзін өзі билеу правосы туралы программалық қағидаға қарсы шыққанда Р. Люксембург ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі туралы, олардың мемлекеттік дербестігі туралы мәселені ұлттардың буржуазиялық қоғамдағы экономикалық дербестігі мен тәуелсіздігі туралы мәселемен алмастырды. Ұлттық өзін өзі билеу правосы туралы мәселеде ол ең басты нәрсені — буржуазиялық-демократиялық өзгерістерді әлдеқашан аяқтаған және аяқтамаған елдердің арасындағы айырмашылықты ескермеді. Россия жайында сөз еткенде Р. Люксембург великорус ұлтшылдығын мүлде ұмытып кетті, ал мұның өзі ол кезде барлық ұлттар еңбекшілерінің ынтымағын және ортақ дұшпан — патша өкіметіне қарсы бірлескен күресін дамыту жолындағы елеулі кедергі болған еді.

Марксизмнің қандай да болсын әлеуметтік мәселені, соның ішінде ұлт мәселесін де, нақты-тарихи тұрғыдан қою жөніндегі талабын Лениннің мақалада атап көрсетуінің орасан зор принциптік маңызы бар. Ол былай деп жазды: «Әлеуметтік мәселенің қандайын болса да талдағанда маркстік теорияның қоятын созсіз талабы— оны *белгілі бір* тарихи шеңберде қою, ал сонан кейін, егер бір ел туралы (мәселен, осы елге арналған ұлттық программа туралы) сөз болып отырса, бұл елді белгілі бір тарихи заман шеңберінде басқа елдерден айрықша ететін нақтылы өзгешеліктерді еске алу болып табылады» (292-бет).

Партия программасының тоғызыншы параграфын қорғай отырып, Ленин ұлттардың бөлініп шығу правосын тану туралы мәселені қайсыбір нақты жагдайда ұлттардың бөлініп шығуының тиімділігі туралы мәселемен шатастырмау керек деп түсіндірді. Басқа жағдайлары тең болған күнде революцияшыл пролетариат ұсақ мемлекетпен салыстырғанда бірқатар маңызды артықшылықтары бар неғұрлым ірі мемлекет болуын жақтайды.

Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция Шығыс Европа мен Азиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияларға қозғау салды. Бұларда буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстардың ояну процесі, езілген халықтардың ұлттық-тәуелсіз және ұлттық-біртұтас мемлекеттер құруға ұмтылуы басталды. Россия көршілес елдермен бірге осындай дәуірді басынан кешіріп отырғандықтан да, деп көрсетті Ленин, партия программасында ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пункт болуы қажет. Барлық ұлттардың ұлттық мемлекет болуға тең праволылығын мойындай отырып, пролетариат барлық ұлттар пролетарларының одағын бәрінен де жоғары бағалайды, ол қандай да болсын ұлттық талапқа жұмысшылардың таптық күресі тұрғысынан қарайды. Бұл ретте Ленин ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселеде, кез келген басқа мәселедегі сияқты, марксист бәрінен де гөрі ұлттың ішінде пролетариаттың өзін өзі билеуіне назар аударуға тиіс дегенді ерекше атап көрсетті.

Маркс пен Энгельстің өзге халықтарды езетін халықтың өзі ерікті бола алмайды деген белгілі тезисін Ленин әрқашан да еске салып отыратын. Орыс ұлтының ерікті болу мүдделері, деді Ленин, орыс емес ұлттарды езумен күресуді, олардың бәрінің бөлініп шығуға правосы болуын мойындауды, бөлініп шығу туралы әрбір нақты мәселені қандай да болсын тең праволы болмаушылыққа жол бермеу тұрғысынан бағалауды талап етеді. Ұлт мәселесіне арналған көптеген мақалаларында Ленин ұлттарды езу саясаты — ұлттарды бөлшектеу саясаты, халықтың санасын үнемі аздыру саясаты, қаражүздіктердің бүкіл есебі әр түрлі ұлттардың мүдделерін бір-біріне нақ қарама-қарсы қоюға, қараңғы және жаншылған бұқараның санасын уландыруға негізделген деп көрсетті.

Пролетарлық ынтымақтастықтың, барлық ұлттар жұмысшыларының таптық күресі жолдастық бірлігінің мүдделері ең болмашы ұлттық сенімсіздікке, бөлектенушілікке және өшпенділікке жол бермеу үшін ұлттардың мейлінше толық тең праволы болуын талап етеді. Бұқараны өзін өзі билеу правосын тану рухында, қандай да болсын бір ұлттың мемлекеттік пұрсаттылықтарын теріске шығару рухында тәрбиелеу қажет. Ленин пролетарлардың назарын барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын тануда максимум демократизм және минимум ұлтшылдық бар екеніне аударды.

Барлық пролетарлардың ұлт мәселесіндегі басты практикалық міндеті мемлекеттік-ұлттық пұрсаттылықтар атаулының бәріне қарсы, ұлттардың бәрінің өзінің ұлттық мемлекеті болуына тең праволылығын жақтап үгіт және насихат жұмысын жүргізу болып табылады.

Тек осындай насихат қана бұқараға шын мәнінде демократиялық және шын мәнінде социалистік тәрбие беруді қамтамасыз етеді, көп ұлтты мемлекет болып қалған жағдайда, елдегі ұлттық татулықтың анағұрлым баяндылығына, ал бөліну жөнінде мәселе көтерілген жағдайда әр түрлі ұлттық мемлекеттерге анағұрлым бейбіт жолмен бөлінуге көбірек кепілдік береді.

Ленин езуші ұлттың ұлтшылдығы мен езілген ұлттың ұлтшылдығын ажырата білуге үйретті. Ол проле-

тарлардың назарын әсіресе мынаған аударды: «езілген ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығының *әрқайсысында* езушілікке *қарсы* жалпы демократиялық мазмұн бар, біз міне осы мазмұнды *сөзсіз* қолдаймыз» (305-бет).

«Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақаласында Ленин 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін туған россиялық национал-либерализмге күйрете соққы берді. Орыс мемлекетінен ұлттардың бөлініп шығу правосына қарсы шыққан кадеттер болды, ал бұдан, деп көрсетті Ленин, олардың национал-либерализмінің негіздерінің бірі көрінді. Кадеттер бұқараны «мемлекет ыдырайды» деген елеспен қорқытып, буржуазияның пұрсаттылықтарын, әсіресе мемлекеттік ұлы державалық пұрсаттылықтарды қорғады. Ленин ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі принципіне либералдардың неге қарсы екендігінің нақты таптық мәнін ашып көрсетті. Оның мәнісі национал-либерализмде, великорус буржуазиясының мемлекеттік пұрсаттылықтарын қорғауда еді.

Ұлттардың өзін өзі билеу правосына қарсы дүрсе қоя берген россиялық оппортунистер—жойымпаздар, бундшылдар, ұсақ буржуазиялық ұлтшылдар — национал-либералдық идеялармен жұмысшы табын аздыра отырып, буржуазияның соңынан салпақтаумен болды. Бундшылдармен және жойымпаздармен сыбайлас топта Троцкий де болды, ол жойымпаздыққа қарсы поляктар мен орыстардың арасындағы алауыздықтарды қоздырып қалғысы келді.

Жұмысшы табының және оның капитализмге қарсы күресінің мүдделері, деп қайталап түсіндірді Ленин, барлық ұлттар жұмысшыларының толық ынтымақтастығы мен мейлінше тығыз бірлігін талап етеді, қандай ұлттың болса да ұлтшыл буржуазиясына тойтарыс беруді талап етеді. Езілген ұлттардың пролетариатымен қатар езуші ұлттың пролетариаты күресіп жатқан елде пролетариаттың социализм жолындағы таптық күресінің бірлігін қорғап қалу керек, ұлтшылдықтың буржуазиялық және қаражүздік ықпалдарының бәріне тойтарыс беріп отыру керек. Ленин былай деп ескертті:

«Қайсыбір ұлт пролетариатының «өз» ұлттық буржуазиясының пұрсаттылықтарын аз да болса қолдауы екінші бір ұлт пролетариатының сенбеуін сөзсіз туғызады, жұмысшылардың интернационалдық таптық ынтымақтастығын әлсіретеді, олардың арасын ашып, буржуазияны шаттандырады. Ал өзін өзі билеу немесе бөлініп шығу правосын теріске шығару іс жүзінде үстем ұлттың пұрсаттылықтарын қолдағандық болмай қоймайды» (319—320-беттер).

Россия пролетариатының алдында мынадай міндет тұрған еді: қандай да болсын ұлтшылдықпен, ең алдымен великорус ұлтшылдығымен күресу керек, ұлттардың толық тең праволылығын, сонымен бірге ұлттардың өзін өзі билеу, бөлініп шығу правосын тану қажет. Бірақ барлық ұлттардың ұлтшылдығымен ойдағыдай күрес жүргізу үшін пролетариат, буржуазияның ұлттық оқшаулануға ұмтылуына қарама-қарсы, пролетарлық күрес пен пролетарлық ұйымдардың бірлігін, олардың интернационалдық тұтас ұйым болып мейлінше тығыз топтасуын қорғауы керек. Пролетариат интернационалдық бірлік үшін, жергілікті пролетариаттың барлық тілдерінде жұмыс жүргізетін бірыңғай ұйым үшін күресуге тиіс. Ленин ұлттық программаның мәні мынаған келіп саяды деп жазды: «Ұлттардың толық тең праволылығы; ұлттардың өзін өзі билеу правосы; барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіру — марксизм жұмысшыларға осы ұлттық программаны үйретеді, бүкіл дүние жүзінің тәжірибесі мен Россияның тәжірибесі осыны үйретеді» (353-бет).

Ленин ұлттардың өзін өзі билеуін, халықтардың саяси, экономикалық және мәдени жағынан дербес даму правосын «мәдени-ұлттық автономия» талабымен алмастыру әрекеттеріне тойтарыс берді. Бундшылдар, жойымпаздар және эсерлер қорғаған «мәдени-ұлттық автономия» талабы бір ұлттың екінші ұлтқа үстемдігін мәңгіге сақтайтын еді, езілген халықтарды өздерінің дербес мемлекеттерін құру правосынан айыратын еді, сөйтіп пролетарлық интернационализмге зиян келтіретін еді.

Лениннің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген шығармасы — творчестволық марксизм қазынасына қосылған аса көрнекті үлес. Бұл шығарма партияны пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде зор роль атқарды, ол қазір де барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының қызметінде басшылыққа алынатын сенімді құрал болып отыр. Ұлт мәселесі жөніндегі лениндік программамен қаруланған коммунистер Азия, Африка және Латын Америкасы халықтарының империализмге және феодализмге қарсы ұлт-азаттық күресін қызу қолдауда, өйткені бұл күрес ұлт бостандығы және империалистік реакция күштерін жеңу ісіне қызмет етеді, қоғамдық прогресс ісіне қызмет етеді.

1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс қарсаңында, жұмысшы қозғалысында ұлтшылдықты насихаттау күшейген жағдайда ұлт мәселесі жөніндегі маркстік программа тек большевиктерде ғана болды. Большевиктік партия пролетарлық интернационализмнің үлгісі еді. Маркстік программаны басшылыққа алған, пролетарлық интернационализм туына адал болған большевиктер соғыстың ауыр сындарына әзірлікпен келді, сөйтіп, тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, ол сындардан абыроймен өтті.

* *
*

Жиырма бесінші томға Лениннің мынадай жаңа еңбектері енгізіліп отыр: Орталық Комитеттің құпия жұмысқа басшылық ету жөніндегі Ұйымдастыру бөлімшесін құру туралы және Брюссель кеңесіндегі Орталық Комитет делегациясына алғыс айту туралы РСДРП Орталық Комитетінің қаралары; Козьминых-Ланиннің кітабына рецензия және тұңғыш рет жарияланып отырған «Брюссель конференциясындағы поляк оппозициясы» деген заметка.

«Дайындық материалдар» бөліміне «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Современник» журналы туралы мақалалардың жоспарлары, II Интернационалдың Вена конгресіне РСДРП Орталық Комитеті есебі-

нің жоспары мен конспект нобайы, сондай-ақ Брюссель кеңесіне РСДРП Орталық Комитеті баяндамасының тұңғыш рет жарияланып отырған жоспары мен тезистері және «Революция және соғыс» деген мақаланың жоспарлары енгізілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты



В. И. ЛЕНИН
1914

«АВГУСТ» БЛОГЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ[1]

1912 жылы августа жойымпаздардың, Троцкийдің, латыштардың, бундшылдардың, кавказдықтардың блогы (одағы) құрылғанын Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен марксизмге көңіл қоюшы адамдардың бәрі біледі.

Бұл блок туралы «Луч»[2] газетінде айқай-сүреңмен жарияланды; бұл газет ұйымдасқан жұмысшылар көпшілігінің еркін іске асыртпай тастау үшін Петербургте дәл сайлау кезінде жұмысшылар ақшасынан басқа ақшаға құрылған еді. Осы блокқа қатысушылардың «көптігі» дәріптелді, «әр түрлі бағыттағы марксистердің» одақтасқаны дәріптелді, «бірлік» пен фракциясыздық дәріптелді; «жікшілдерге», 1912 жылғы январь конференциясын[3] жақтаушыларға қарсы қаһар көрсетілді.

Сонымен, «бірлік» туралы мәселе ойлай білетін жұмысшылардың алдына жаңа, практикалық формада қойылды. Кімдікі дұрыс екенін фактілер көрсетуге тиіс болды: «біріктіру» платформасы мен «августшылдардың» тактикасын мадақтайтындардікі дұрыс па әлде мұның өзі бәз-баяғы банкрот болған жойымпаздарды жаңа жамылғымен бүркемелейтін жалған жарнама деушілердікі дұрыс па?

Түп-тура *бір жарым* жыл өтті. 1912—1913 жылдардағы өрлеу дәуірі үшін бұл өте көп уақыт. Сөйтіп, 1914 жылғы февральда август платформасының *«нағыз»* жақтаушысы Троцкийдің «Борьба» деп аталатын жа-

ңа, бұл жолы ерекше «біріктіргіш», айрықша және шынымен-ақ «фракциялық емес» журналы құрылды.

«Борьбаның» 1-номерінің мазмұны да, оның шығар алдында жойымпаздардың «Борьба» туралы басып шығарғандары да зер салып қараған адамға Август блогының *ыдырағанын* және бұл ыдырағандықты жасыруға, жұмысшыларды алдауға жанталаса күш салынып отырғанын бірден-ақ көрсетеді. Бірақ бұл алдау да тез арада әшкереленеді.

«Борьба» шықпастан бұрын «Северная Рабочая Газетаның»[4] редакциясы мынадай бір зілді заметка басып шығарды: «соңғы кезде марксистер тобы ішінде тым көп әңгіме болып жүрген бұл журналдың шын бейнесі бізге әлі күнге дейін анықталған жоқ».

Ойлап қараңызшы, оқушы: 1912 жылдың августынан бастап Троцкий Август біріктіру блогы басшыларының қатарында жүреді,— бірақ бүкіл 1913 жыл оның «Лучтан» және «лучистерден» шеттегенін көрсетеді. Сөз жүзінде «Северная Рабочая Газетада» да, «Наша Заряда»[5] да болып санала отырып, 1914 жылы сол Троцкий *өз* журналын құрады. Троцкийдің лучистерге, Ф. Д., Л. М. мырзаларға және солар сияқты «бейтаныстарға» *қарсы* жазған, жойымпаздар жасырып отырған құпия «хаты» жайында *«топ ішінде тым көп әңгіме болып жүр»*.

Ал «Северная Рабочая Газетаның» шыншыл, фракциялық емес және біріктіргіш редакциясы: «бейнесі бізге әлі күнге дейін анықталған жоқ» деп жазады!

Август блогының ыдырағандығы бұларға әлі де анықталмаған көрінеді!!

Жоқ, олай емес, Ф. Д., Л. М. мырзалар және басқа лучистер, сіздерге бұл өте жақсы «анықталған», ал сіздер жұмысшыларды тек алдап қана жүрсіздер.

Сол кездің өзінде-ақ, 1912 жылы августа айтқанымыздай, Август блогы жойымпаздардың әншейін жамылғысы болып шықты. *Ол быт-шыт болды. Тіпті* оның орыс достары да бірге қала алмады. Атышулы біріктірушілер тіпті өзара да біріге алмады, сөйтіп «августық» *екі* бағыт: лучистік («Наша Заря» мен «Северная Рабочая Газета») және троцкистік («Борьба») бағыт болып

шықты. Бұлардың екеуі де өздері быт-шытын шығарған «жалпы біріккен» август туының бір-бір жыртындысын қолдарына ұстап, екеуі де дауыстары қарлыққанша «бірлік» деп айқай салады!

«Борьбаның» бағыты қандай? Бұл туралы «Северная Рабочая Газетаның» 11-номерінде Троцкий өте үлкен фельетон жазды, бірақ жойымпаздық газеттің редакциясы оған: «бейнесі бұрынғысынша анықталған жоқ» деп өте дәл жауап берді.

Шынында да, жойымпаздардың *өз* бейнесі бар, ол — маркстік емес, либералдық бейне. Ф. Д., Л. С., Л. М., Ежовтың, Потресовтың және K^0 шимайларымен таныс әрбір адам бұл бейнені біледі.

Ал Троцкийде еш уақытта ешқандай «бейне» болған емес және жоқ та, онда тек ұшып-қону ғана, либералдардан марксистерге және мұның керісінше қашып шығу, одан-бұдан жұлып алынған сөзсымақтар мен құр даурықпаның үзінділері ғана бар.

Даулы мәселелердің ешқайсысы жөнінде «Борьбада» *бірде-бір* жанды сөз жоқ.

Бұл адам нанғысыз нәрсе, бірақ бұл факт.

«Астыртын жұмыс» туралы мәселе. *Бірде-бір сөз жоқ.*

Аксельродтың, Засуличтің, Ф. Д., Л. С.-тың («Лучтың» 101-номері), т. т. идеяларына Троцкий қосыла ма?— *Үн жоқ.*

Ашық партия жолындағы күрес ұраны ше?— *Бірде-бір сөз жоқ.*

Ежовтар мен басқа лучистердің стачкалар жайындағы либералдық сөздері ше? ұлт мәселесі жөніндегі программаны жою ше?— *Үн жоқ.*

Л. Седовтың және басқа лучистердің *екі* «китке»[6] *қарсы* шығуы ше?— *Үн жоқ.* Троцкий ішінара талаптар мен түпкі мақсатты ұштастыруды жақтаймын деп сендірмек болады, бірақ бұл «ұштастырудың» *жойымпаздық* жолмен жүзеге асырылуына қалай қарайтыны жайында ештеңе айтпайды!

Іс жүзінде, ерекше байбалам, даурықпа және көмескі сөздерді жамылып, Троцкий санасыз жұмысшыларды шатастырады, астыртын жұмыс туралы мәселені ауыз-

ға алмауы арқылы, бізде либералдық жұмысшы саясаты жоқ, т. т. деп сендірулері арқылы жойымпаздарды қорғап отыр.

Чхеидзе бастаған жеті депутатқа Троцкий астыртын жұмыс пен партияны теріске шығару ісін қандай *ептілікпен* жүргізу керек екені жөнінде әдейілеп ұзақ-сонар ақыл айтады. Адам күлерлік бұл ақылгөйсу жетеудің *бұрынғыдан да ыдырай түскенін* айқын көрсетеді. Бұлардан Бурьянов кетіп қалды. Олар Плехановқа жауап беру жөнінде келісе алмады. Бұлар енді Дан мен Троцкийдің аралығында бұлталақтап жүр, оның бер жағында Чхеидзе, сірә, бұл жаңа жарықшақты бітеу үшін өзінің дипломаттық талантын барынша жұмсап жүрсе керек.

Сөйтіп *өздерінің* «август» платформасы негізінде біріге алмай жүрген, партия төңірегіндегі бұл адамдар жұмысшыларды «бірлік» туралы айқаймен алдайды! Бостан-бос әурешілік!

Бірлік дегеніміз «ескіні» мойындау және оны теріске шығарушыларға қарсы күресу. Бірлік дегеніміз жойымпаздарды айыптаған, жұртқа әлдеқашаннан бері белгілі шешімдердің төңірегіне Россиядағы жұмысшылардың көпшілігін біріктіру. Бірлік дегеніміз Думадағы депутаттардың жұмысшылар көпшілігінің еркімен байланысты болуы; жұмысшылардың алты депутатының бұған қолы жетіп те отыр[7].

Ал жойымпаздар мен Троцкий, «жетеу» мен Троцкий өздерінің Август блогын быт-шыт қылып, партияның барлық шешімдерін былай тастап, астыртын жұмыстан да, ұйымдасқан жұмысшылардан да қол үзген ең жаман жікшілдер болып табылады. Бақытымызға қарай, жұмысшылар мұны қазірдің өзінде-ақ түсінді, сөйтіп барлық саналы жұмысшылар бірлікті жойымпаздықпен бұзушыларға *қарсы іс жүзінде* өздерінің бірлігін құруда.

«Путь Правды» № 37,
15 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текcті бойынша басылып отыр

КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ

Екі ұры егессе, мұның адал адамдарға әрқашанда кейбір пайдасы болатыны белгілі. Буржуазиялық газет ісінің «қайраткерлері» әбден ұрсысқан кезде, олар «үлкен» газеттердің сатқындығы мен қылмыстарын жұрт алдында ашып береді.

Нововремяшыл Н. Снессарев «Новое Времямен»[8] ұрсысып қалған, ұрлыққа белшесінен батып, масқара етіп айдап шығарылған. Ол енді мынадай атпен 135 беттік «шығарма» жариялап отыр: ««Новое Время» сағымы. Роман дөрлік. СПБ. 1914». Өзін, әдеттегісінше, «ізгі» адам етіп көрсетпекші болып, Снессарев мырза Батыстың капиталистік елдерінде әлдеқашан орныққан болған, ал Россияның буржуазиялық газет әлеміне барған сайын еніп келе жатқан, әрине, қараңғылыққа және барынша лас, барынша пасық сатқындықтың, жағымпаздықтың, т. т. жазасыз қалуына ерекше қолайлы жағдайларда еніп келе жатқан әдет-ғұрыптарды суреттейді.

«Аз-маздап өз қаражатының мөлшерінен анағұрлым жақсы тұруға жұрттың бәрі дағдыланып алған»,— деп жазады «зәбір көрген» нововремяшыл әдепті аңғалдықпен.— «Бұл құбылыстан қоғамның қашан, қандай жолмен құтылатыны және құтыла алатын-алмайтыны белгісіз. Бірақ қазір жағдайдың осылай болып отырғаны — мойындалған факт». Алатын ақшаңнан артық тұруға мүмкіншілік беретін сиқырлы құралдардың бірі буржуазиялық газеттердің концессияларды жүзеге

асыруға *«қатысуы»* болып табылады. «Белгілі бір байланыстардың арқасында ғана емес,— дейді нововремяшыл,— сондай-ақ белгілі бір газеттерде жарияланған белгілі бір мақалалардың арқасында жүзеге асқан әр түрлі ондаған концессияларды атап көрсетуге болады. «Новое Времяның» жалғыз емес екені түсінікті». Мәселен, бір күні Снессарев мырзаға Марконидің Лондондағы сымсыз телеграф компаниясының өкілі келіп, Марконидің орыс қоғамының уставын және осы қоғамның пайдасына жасалатын концессия жобасын әзірлеуді ұсынды. «Бұл еңбекке төленетін ақы 10 000 сом болып белгіленді,... сөйтіп, келісім жасалды».

Зәбір көрген Снессарев бұл ақшаға тек өзінің ғана капиталистерге сатылып қоймай, сонымен қатар телеграммаларға 50 процент жеңілдік және 50 000 сомның акциялары бар қоғамды ұйымдастырушының жылы «орнын» алып, «концессияны қорғау науқанын» жүргізу үшін бүкіл «Новое Время» газетінің де сатылғанын баяндайды.

Лондон капиталистері — россиялықтарды тонау — орыс үкіметінен концессия алу — баспасөздің қатысуы — жаппай сатылу — ондаған мың сомға кімді болса да сатып алу-сату — ұрлыққа белшесінен батқан және зәбір көрген Снессаревтің айтып отырған оқиғасының шын бейнесі, міне, осындай.

«Новое Времяның» миллиондық кәсібі құлдырап барады. Миллионер-ренегат А. С. Сувориннің ерке ұлдары миллиондаған ақшаны рәсуа қылып, босқа шашып жүр. Ізгі газетті сақтап қалу керек. «Волга-Кама банкісінің жарлықшы-директоры П. Л. Барк» (85-бет) сахнаға шығады. Ол А. С. Суворинді істі серіктікке беру керек деп сендіреді; ол серіктік 1911 жылғы августа *патша ағзам* бекіткен устав алған, ал 800 жарнаның 650 жарнасы А. С. Сувориннің қолында болған (әр жарна 5000 сомнан). Қоғам құрарда жалған баланс жасалды (97-бет) — деп түсіндіреді Снессарев мырза және бұған былай деп қосады: «серіктікті құрарда мұндай балансты не цифрлардан еш нәрсе түсінбейтін адамдар... немесе Гучков мырза сияқты адамдар, яғни істі тым жақсы түсінетін, бірақ тек өз басының ғана

мақсаттарын көздейтін адамдар қабылдай алды». Серіктікті бұлайша құрудың (1911 жылғы 10 ноябрьдегі құрылтай жиналысы) сабаздары мыналар болған: *Снессаревтің өзі,* П. Л. Барк, В. П. Буренин, Мемлекеттік думаның мүшесі октябрист[9] Шубинский, ізгі ренегат А. С. Суворинніц ерке ұлдары, т. т.

Оқушының көріп отырғанындай, бұл мәртебелі сыбайластар 1911 жылдың ноябрінен бастап ерен қимыл жасады. Ал *1912 жылдан бастап* — деп баяндайды зәбір көрген Снессарев — жер банктерінің хабарландыруларын алу «Новое Времяның» артықшылығы болатын («онша көп табыс та емес»: не бары жылына 15 000 сом, немесе соған «жуық бірдеңе»!), осы артықшылық субсидияға айналды. Өйткені хабарландырулар заң бойынша неғұрлым көп таратйтын газетке берілуге тиісті. Ол кезде «Новое Время» неғұрлым көп таратйтын газет болған *жоқ,* бірақ ол жер банктерінің хабарландыруларын өз қолында сақтап қалу үшін өзінің жасырын ықпалдары мен үкімет маңындағы тамыр-таныстарын «пайдаланды» («бірінші рет», деп ант-су ішеді ізгі Снессарев). «Бұл мәселені министрлер советінде шешерде едәуір елеулі қобалжудан кейін хабарландырулар «Новое Времяға» қалдырылатын болып ұйғарылды (21-бет).

Көркем-әдебиет қоғамының клубы, «былайша айтқанда, ойын үйі» (69-бет) құрылған; «клубтың борыш кітаптарында «Новое Время» қызметкерлерінің мойнына мыңдаған сом берешектері жазылған. Бұл ақшаны есептен жай шығара салып отырған».

Меньшиков мырзалардың және т. т. қатысуымен биржадан байыған, «бірнеше миллиондық» байлықты тонап алған (120) биржалық алаяқ Манус министр Коковцовты тайдыру үшін «Новое Времяда» науқан жүргізіп отыр. Осы «қайраткерлердің» күллісі нешеме ондаған мың сомнан алғанын және нешеме ондаған мың сомды ала алмай қалғанын оқушылардың жорамалдап табуына тура келеді.

Миллиондап сапырылыстырылады. «Новое Времяның» бес миллиондық балансы бар, оның үш миллионға жуығы — жалған нәрсе. Екінші дәрежедегі, үшінші

дәрежедегі қызметкерлерге *айына* берілетін жалақы мен қаламақы — 2—3 мың сом. Жүз мыңдаған және миллиондаған ақша босқа шашылып жатады. Банктердегі заемдар жүздеген мың сом болады. Жаппай сатқындық. Алуан түрлі жезөкшелік, заңсызы да, заңдысы да, некесі қиылғандары да аралас. Петербургтің игі жақсы және ең жоғарғы қауымы осы. Миллионерлер, министрлер, биржашылар, атақты шетелдіктер. Ойын үйлері. Алуан түрлі бопса. «Ешқандай саяси сенім жоқ» (36-бет). Көре алмаушылық пен аяқтан шалушылық. «Новое Времяның» студенттерді қаралап, балағаттаған редакциясын ренжіткен инженерді дуэльге шақырған Амфитеатров пен Снессарев. Амфитеатровты «өте жақсы көретін», бірақ «оған қолайсыз жағдай жасау арқылы рақаттанудан бас тарта алмайтын»: Амфитеатровтың әйелі, актриса Райскаяға қарсы «жиіркеніште» пікір айтқан Бурениннің фельетонын шығартпай тұра алмайтын А. С. Суворин. Буренин Амфитеатровты қуып шығады. Сувориннің жүздеген мың сом қарызға бататын ерке ұлдары.

«Новое Времяның» 1905 жылғы зияны —150 000 сом.

1905 жылдан қорқып қалған Москваның көпес-заводшылары патриоттық бағыттағы жұмысшылар үшін шығарылатын газетке 100 000 сом береді. Солардың өтініші бойынша, «Новое Время» істі ұйымдастыруға кіріседі.

Газет екі жыл «ілініп-салынып өмір сүрді» де, жабылды. Москвалықтар 100 000 сомнан, нововремяшылдар —150 000 сомнан айрылды (61).

Ұрылар, арсыз еркектер, сатқын жазушылар, сатқын газеттер. Бұл — біздің «үлкен баспасөзіміз». Бұл — «жоғарғы» қоғамның бетке ұстарлары. Бұл адамдарды «жұрттың бәрі» біледі, олардың «барлық жерде» байланыстары бар... Буржуазияның арсыз сатқындығы мен крепостниктердің арсыз озбырлығы қараңғыда ұштасып жатыр — «қасиетті Русь» осындай.

«Путь Правды» № 41,
20 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

РАДИКАЛ БУРЖУА ОРЫС ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Біз туралы, біздің жұмысшы баспасөзі туралы, біздің жұмысшы одақтары туралы, біздің жұмысшы қозғалысы, т. т. туралы жұрттың *сырттан* не дейтініне көз жіберу кейде пайдалы болады. Егер бұлар аздыкөпті түсінігі бар, білетін және саясаттан азын-аулақ хабардар адамдар болса, онда тіке жаулардың да, жасырын жаулардың да, әрі-сәрі адамдардың да, әрі-сәрі «тілектес» адамдардың да көзқарастары сабақ боларлы нәрсе.

«Трудовик» немесе «халықтық социалист»[10] — ал расын айтсақ, радикал буржуа немесе буржуазиялық демократ — С. Елпатьевский мырза, күмән жоқ, жаңағы адамдардың соңғы тобына жатады.

Бұл жазушы — Н. К. Михайловскийдің ең сенімді пікірлестері мен серіктерінің бірі; ал Н. К. Михайловскийді ақылға сыймай тұрса да, социалист болып көрінгісі келетін «солшыл халықшылдар»[11] қазір жер-көкке сыйғызбай орынсыз дәріптеп жүр. С. Елпатьевский мырза — орыс тоғышарлары өмірін зер сала бақылаушы, ол осы қауымның пиғылына «сергектікпен» еріп кетіп жүр.

Оны ең алдыңғы қатарлы орыс жойымпаздарының бірі деп атауға болады, өйткені 1906 жылдың күзіндеақ («Русское Богатствоның»[12] 1906 жылғы августағы қайғылы-атышулы кітапшасын қараңыз) ол және оның достары «ашық партияның» қажет екенін жариялады, «астыртын жұмысқа» ересіз деп шабуыл жасады және

сол астыртын жұмыстың аса маңызды ұрандарын ашық, яғни жария партия рухында түзетуге кірісті. Олардың астыртын жұмыстан безуі және жойымпаздықпен «ашық партия» немесе «ашық партия үшін күрес» жариялауы осы «социал-кадеттердің» (ол кезде *тіпті* солшыл халықшылдардың өзі оларды осылай деп атауға *тиіс* болды) сөз жүзінде және өздерінің түсінуінше «бұқараға» баруға, бұқараны ұйымдастыруға тырысуынан туған еді.

Іс жүзінде «халықтық социалист» мырзалардың жоспарында тоғышарлық, мещандық жасқаншақтықтан (бұқара жөнінде) және аңқаулықтан (өкімет жөнінде) басқа ештеңе болған жоқ. «Ашық партия» үшін оларды, бір жағынан, түрмеге қамаймыз деп қорқытты, екінші жағынан, кейбіреулерін қамап та қойды, сөйтіп, сайып келгенде, олар бұқарамен ашық та, ешбір басқадай да байланыссыз қалды, ашық та, ешбір басқадай да партиясыз қалды. Біздің жойымпаздар қандай болса, олар да сондай болып қалды, яғни жарияшыл-жойымпаздар тобы, «тәуелсіз» (астыртын жұмыстан тәуелсіз — бірақ идея жағынан либерализмге тәуелді) әдебиетшілер тобы болып қала берді.

Еңсе түсу, күйреу және ыдырау жылдары өтті. Аздап басқадай самал соқты. Сөйтіп, тоғышарлық пиғылға сергек қарайтын С. Елпатьевский мырза «Русское Богатствоның» биылғы январьдағы кітапшасында орыс қоғамының әр түрлі таптарының пиғылдары туралы «Өмір өтіп жатыр» деген әсерлі атпен мақала жазды.

Әр түрлі съездерді де, Салазкиннің сөзін де, Бейлис ісін де[13] есіне түсіре отырып, біздің халықшыл: өмір өтіп жатыр,— деп лепіреді. Тіпті «кейде қазіргі уақытта оңшыл кадетті солшыл октябристен айыра алмау былай тұрсын, сондай-ақ кейде эсерді де, эсдекті де» (жойымпаздардың ішінен болар, ә? халықшыл жойымпаз мырза?) «егер жергілікті» (әрине, түгелдей жария) «тактика тұрғысынан қарағанда, солшыл кадеттен айыра алмайтын» болсақ та, провинцияда сөзсіз жандanушылық бар. «Россияны қақ жарып тұрған дуалдың екі жағына Русьті өзінше бір жинау ісі жүріп жатыр. Мұның бір жағына біріккен дворяндар, біріккен бюрокра-

тия, ведомство адамдары және тоғышарлар жиналды, бұлар қайткенде де «қазынадан қоректенеді», екінші жағында — жай тоғышар, провинциялық қоғамның қалың көпшілігі жиналды».

Көріп отырсыздар, біздің халықшылдың ой-өрісі кең емес, талдауы тайыз: өкімет пен қоғамды либералдық жолмен бір-біріне бэз-баяғыдай қарсы қоюдан аспайды. Қоғам ішіндегі тап күресі туралы, буржуазия мен жұмысшылар туралы, либерализм мен демократия арасындағы тереңдей түсіп отырған араздық туралы провинциялық тоғышардың көзқарасы тұрғысынан бірдеме айту қиындау.

Деревняның төменгі топтары жайында ой қорыту қиын — деп жазады С. Елпатьевский мырза:

«...Деревня үстіне қара түнек пен меңіреулік төнді, одан бірдеңені көру қиын, одан бірдеңе естілю коймайды...» Кооперативтік қозғалыс «кенеттен дүмпіп шықты» және отрубшылар мен қауымшылардың күресі... «кеңінен тарады...» *«осының бәрі жете ашылған жоқ»*.

«Иә, мойындау керек, деревня бұқарасын бөліп-жарып, бытырату мақсатында отрубшылар мен қауымшылар арасында үкіметтің күш салуы арқылы жасалып жатқан дуал — барған сайын биіктеп барады, ал үкіметтің ниетіне сай келетін сезімдер мен пиғылдар деревняларда, сірә, әлі пісіп жетілмеген болса керек. Бұлардың екеуінің де көкірегінде жер алу тілегі мен үміті бұрынғысынша сайрап тұр, ал бұрын «жермен» бүркемеленіп келген ерікті, «праволарды» аңсау, сірә, бұрынғыдан да айқын және қатты байқалып отырса керек».

Ал аяқ жағында келіп, орыс өмірінің болмысын жазушымыз «бұл күнде нақ оңшыл топтар революция деген сөзді қасарыса қайталап айтып жүр», бұл топтардың «өздері шынымен-ақ қорқып қалды, олар жанжалдың шығуын анық күтіп жүр, апаттың болмай қалмайтынына кәміл сенеді» деп көрсете келіп,— автор жұмысшылар туралы былай дейді:

«Бұл арада мен ұйымдасқан жұмысшылар жайында ештеңе айта алмаймын. Онда өзінің ой қорытуында қараңғыны қармалап жүруіне тура келмейді,— онда мән-жайдың бәрі анық және жұрттың бәріне көрініп тұр. Онда ой-пікір мейлінше дәл белгіленген, онда тілектер мен үміттер ғана емес, сондай-ақ

ерік импульстері арқылы нығайтылған — стихиялық дүмпулер арқылы емес, қайта жүйеге салынған және жеткілікті түрде әзірленген әдістер арқылы нығайтылған талаптарда бар... (көп нүкте Елпатьевский мырзанікі). *Сондықтан ой-пікірлер де, тілектер де, үміттер де осы ұйымдасқан ортадан өзінің шыққан деревнялық ортасына тарап бара жатқанында күмән жоқ».*

Мұны жазып отырған адам — еш уақытта марксистер санатына қосылмаған және «ұйымдасқан жұмысшылардан» қашан да тысқары тұрған адам. Сондықтан іске *сырттан* берілген бұл баға саналы жұмысшылар үшін мейлінше құнды баға болып табылады.

Жойымпаздықтың «алдыңғы қатарлы» көсемдерінің бірі Елпатьевский мырзаның қазір өзінің нені мойындауына тура келіп отырғанының маңызына ой жүгірткені жөн болар еді.

Біріншіден, *қай* жұмысшылардың арасында «ой-пікірлер мейлінше дәл белгіленген» және қай «әдістер жеткілікті түрде әзірленіп, белгілі бір жүйеге келтірілген»? Мұның өзі *тек* жойымпаздыққа қарсылардың арасында *ғана* (өйткені жойымпаздардың пікірлері де, әдістері де түп-түгел былығып жатыр), *тек* астыртын жұмыстан тайсақтап, асып-сасып, бойын аулаққа салмағандар арасында *ғана* болған нәрсе ғой. Тек соларда ғана, шынында, *«мән-жайдың бәрі анық және жұрттың бәріне көрініп тұр»*. Мұның өзі парадокс (ерсі) болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл факт: «ашық партияны» көксеп жүргендердің ісі былығып жатыр,—тек «астыртын жұмысты» жақтаушыларда ғана, бұл бейне бір өрісі тар және өлмеші астыртын жұмыстың («Наша Заряны», «Лучты», «Новая Рабочая Газетаны», «Северная Рабочая Газетаны» қараңыз) өсиеттерін адал сақтаушыларда ғана «мән-жайдың бәрі анық және жұрттың бәріне көрініп тұр», «ой-пікірлер мейлінше дәл белгіленген және әдістер жеткілікті түрде әзірленген».

Жойымпаздықты туғызғандардың ішіндегі бірінші адам («Русское Богатствоның» бастысы, Елпатьевский мырза) оны өлімге кескен үкімге бірінші болып қол қойды, оның қабырында «жаназасын» шығарды.

Бұған Елпатьевский мырзаның өз санасы жетпеуі мүмкін, бірақ оның көтерген мәселесі жеке саясатшылардың өз басының түсінігі шеңберінен әлдеқайда асып кетіп отыр.

Екінші және ең маңызды жағдай мынадай. Орыс тарихының неғұрлым аласапыран және ауыр кезеңдерінің бірінде, 1908—1913 жылдардағы бес жыл ішінде, орыс халқының *барлық* таптарының ішінен тек пролетариаттың ғана «қараңғыны қармаламағаны» неліктен? тек пролетариатта ғана «мән-жайдың бәрі анық және жұрттың бәріне көрініп тұрғаны» неліктен? адам айтқысыз идеялық ыдыраудан, программалық, тактикалық, ұйымдық және басқа да неше түрлі күйреу мен бұлталақтаудан — мұның өзі либералдарда да, халықшылдарда да, интеллигенттік «марксистсымақтарда» да болып жатқанда — пролетариаттың «мейлінше дәл белгіленген ой-пікірлермен», «белгілі бір жүйеге келтірілген және жеткілікті түрде әзірленген әдістермен» шыққаны неліктен? Мұның себебі бұл ой-пікірлерді белгілеген, бұл әдістерді дайындаған астыртын жұмыс болғандығында ғана емес, мұның себебі мынада: аса терең әлеуметтік себептер бар, экономикалық жағдайлар бар, темір жолдардың әрбір жаңа шақырымы сайын, сауданың, өнеркәсіптің, қала мен деревнядағы капитализмнің алға басқан әрбір қадамы сайын әрекетін бірте-бірте күшейте түсетін факторлар бар, пролетариатты көбейтетін, нығайтатын, шынықтыратын және топтастыратын, оған тоғышардың *соңынан* ермеуге, мещандарға ұқсап бұлталақтамауға, астыртын жұмыстан тайсақтап безбеуге көмектесетін факторлар бар.

Кімде-кім бұған ой жүгіртсе, ол адам жалдама жұмысшылар табының алдыңғы қатардағыларын және бұлталақтамай тұра алмайтын, солқылдақ ұсақ буржуазиялық шаруаларды бір партияға «қосу» жөніндегі әрекеттердің қаншама зор зиян келтіретінін түсінеді.

«Просвещение» № 3, март, 1914 ж.

«Просвещение» журналының текстi бойынша басылып отыр

САЯСИ САБАҚТАР

Бұдан біраз уақыт бұрын Мемлекеттік совет поляктардың болашақтағы өзін өзі басқаруында поляк тілінің болуын өткізбей тастады. Үкімет басшысының ырқынан тыс болған бұл дауысқа қою Россияның үстем таптары туралы және біздегі мемлекеттік құрылыс пен басқару тәртібінің «ерекшеліктері» туралы мәселе жөнінде бізге көп нәрсені аңғартады.

Поляктардың өзін өзі басқаруындағы поляк тілі туралы мәселенің ұзақ тарихы баспасөзде ашылып айтылды да. Өкімет басында отырған орыс помещиктері бұл туралы поляктың ең жоғарғы ақ сүйектерімен әлдеқашаннан-ақ, 1907 жылдан бері келіс сөз жүргізіп келе жатқан болатын. Орыс қаражүздіктері мен поляк қаражүздіктерінің азын-аулақ болса да ынтымақтасуының немесе жай ғана біршама бейбіт қатар өмір сүруінің шарттары туралы сөз байласылған-ды,—соның өзінде мұның бәрі, әлбетте, бүтіндей және тек қана «ұлттық мәдениет» мүддесіне бола істелген-ді.

Поляктың ұлттық мәдениетін поляк помещиктері қорғады, олар озіне өзін өзі басқару (автономия орнына) мен поляк тілі берілуін сұрады. Орыстың ұлттық мәдениетін великорус помещиктері қорғады, олар орыс мәдениетінің үстем болатынын және «орыс» Холмщинасының Польшадан бөлінетінін ескертті (өздері бәріне ие болып отырғандықтан, оларға ештеңе сұрау қажет емес еді). Еврейлерді қаражүздік қуғындауда және оларды езуде Польшаның Россиядан қалыспауы үшін,—

айта кету керек, екі жақ еврейлерге *қарсы* келісім жасасты, сөйтіп оларды алдын ала тежелген «проценттік нормаға» қойды.

Хабарларға қарағанда, поляк ақ сүйектерімен, Польшаның шонжар-помещиктерімен бұл келіс сөзді Столыпиннің өзі жүргізген көрінеді. Столыпин уәде берген. Жобалар жасалған. Бірақ... Холмщина бөлініп шығарылған да, поляктің өзін өзі басқаруында поляк тілі болуын біздегі Мемлекеттік совет *қабылдамай тастаған.* Столыпин ісін Коковцов «шын ниетімен, жанын сала» қорғаған, бірақ қорғап қала алмаған. Мемлекеттік советтің оңшыл мүшелері оған ермеген.

Кішкентай болғанымен, «жыртылып тасталған» тағы бір шартты алайық. Таяуда Гучков бүкіл Россия буржуазиясының атынан былай деді: контрреволюция үкіметімен буржуазия үнсіз шарт жасасты, сөйтіп «реформалар жолында үкіметті қолдауға келісті». Қолдауын қолдады, бірақ реформалар жасалған *жоқ.*

Біздің мысалымызда буржуазия емес, оппозиция емес, қайта нағыз таза помещиктердің өздері де үнсіз шарт жасасты: «біз» Столыпинге қарай қадам басамыз, бізге поляк тілі болатын өзін өзі басқару тәртібі беріледі. Қадам басуын басылды, бірақ поляк тілі қабылданбады.

Осы кішкентай мысалдан саяси үлкен сабақтар туады. Ұлттардың күресі біздің көз алдымызда екі ұлттың үстем таптарының үшінші ұлтты (еврей ұлтын) ерекше езуді көздеген мәмлеге келуіне айналып отыр. Барлық үстем таптардың, тек помещиктер ғана емес, сонымен қатар буржуазияның да, тіпті ең демократияшыл буржуазияның да, осылай істейтінін ұмытпайық.

Россияның шын құрылымы мен басқарылуы оның таптық негізінен көрінеді: помещиктер билеп-төстеп, билік айтады, істің тағдырын шешеді. Бұл таптың өктемдігі өте күшті. Буржуазияны ол тек шарттар жасасуға ғана... «жолатады», сөйтіп шарттарды *жыртып* отырады.

Бірақ бұл бұл ма. Бақсақ, билеп-төстеуші таптың *өз ішінде де* шарттар адам айтқысыз керемет оңай

«жыртыла беретін» көрінеді. Ал мұның өзі Россияның басқа таптық мемлекеттерден айырмашылығы болып табылады, бұл — біздегі өзімізге тән салтымыз, Европада бұдан 200 және 100 жыл бұрын шешілген мәселелер бізде мұндай салт барда шешілмей қала береді.

«Просвещение» № 3, март, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

ҰЛТТЫҚ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ[14]

Жолдастар!

Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы еврейлердің және басқа «бұратаналардың» праволарына шек қоюды жою туралы заң жобасын IV Мемлекеттік думаға ұсыну керек деп қаулы алды; бұл жобаны сіздер төменнен көресіздер.

Заң жобасы барлық ұлттарға: еврейлерге, поляктарға, т. т. ұлттық шек қоюлардың бәрін жоюға арналған. Дегенмен ол еврейлерге қарсы шек қоюларға өте-мөте толық тоқталады. Мұның себебі түсінікті: Россияда бірде-бір ұлт еврей ұлтындай езіліп, қуғындалып отырған жоқ. Дәулетті топтардың арасында антисемитизм барған сайын терең тамыр жайып келеді. Еврей жұмысшылары жұмысшы ретінде де, еврей ретінде де екі бірдей езгіге душар болып, зар илеуде. Еврейлерді қуғындау соңғы жылдары мүлде адам айтқысыз асқынды. Еврейлерге қарсы ойрандар мен Бейлис ісін еске түсірсек те жеткілікті.

Мұндай жағдайда ұйымдасқан марксистер тарапынан еврей мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлінуі керек.

Еврей мәселесінің Россияда күн тәртібінде тұрған негізгі мәселелермен бірге шешкенде ғана айтарлықтай шешілуі мүмкіндігі өзінен-өзі түсінікті. Ұлтшыл-пуришкевичтік IV Думадан еврейлерге және басқа «бұратаналарға» қарсы шек қоюларды жояды деп күтпейтініміз де айқын нәрсе. Бірақ жұмысшы табы өз пікірін айтуға тиіс. Ұлттық езгіге қарсы, әсіресе орыс

жұмысшысының пікірі мейлінше қатты естірте айтылуы тиіс.

Өзіміздің заң жобамызды жариялай отырып, біз еврей, поляк жұмысшылары және басқа езілген ұлттардың жұмысшылары бұл туралы өз пікірін айтар және, егер олар керек деп тапса, өз түзетулерін ұсынар деп сенеміз.

Сонымен қатар біз орыс жұмысшылары өздерінің мәлімдемелері, т. с. арқылы біздің заң жобамызды ерекше жігермен қолдайды деп сенеміз.

Біз, 4-статья бойынша, жойылуға жататын ережелер мен заңдардың ерекше тізбесін заң жобасына қосымша етіп беріп отырмыз. Бұл қосымша тек қана еврейлерге қатысты осындай 100 шақты заңдарды қамтитын болады.

ЕВРЕЙЛЕРДІҢ ПРАВОЛАРЫНА ШЕК ҚОЮДЫҢ БӘРІН ЖӘНЕ ШЫҚҚАН ТЕГІНЕ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҰЛТҚА ЖАТАТЫНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ШЕК ҚОЮШЫЛЫҚ АТАУЛЫНЫҢ БӘРІН ЖОЮ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ

1. Россияны мекендейтін барлық ұлттардың азаматтары заң алдында тең.

2. Жынысына және діни нанымына қарамастан, Россияның бірде-бір азаматына шыққан тегі немесе қандай да болса бір ұлтқа жататыны негізінде саяси және жалпы алғанда басқа да праволары жағынан шек қойылуы мүмкін емес.

3. Қоғамдық және мемлекеттік өмірдің қандай саласында болса да еврейлерге шек қоятын заңдардың, уақытша ережелердің, заңдарға берілген ескертулердің, т. с. бәрі және қандайы болса да жойылады. IX томның *«еврейлер туралы ерекше ережелер шығарылмаған* реттердің бәрінде, олар жалпы заңдарға бағынады» дейтін 767-статьясы жойылады. Белгілі бір жерде тұру және қоныс аудару правосы, білім алу правосы, мемлекеттік және қоғамдық қызмет жөніндегі праволар, сайлау праволары, әскери міндеткерлік, қалаларда, селоларда, т. т. қозғалмайтын мүлік сатып алу және арендаға алу

праволары саласында еврейлерге шек қоюдың бәрі және қандайы болса да жойылады, либералдық кәсіптерді т. т., т. с. пайдалануда еврейлерге шек қоюдың бәрі жойылады.

4. Еврейлердің праволарына шек қоюға бағытталған, енді жойылуға жататын заңдардың, жарлықтардың, уақытша ережелердің, т. с. тізімі осы заңға қоса беріліп отыр.

«Путь Правды» № 48,
28 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текcті бойынша басылып отыр

СЕЛО ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ

Фабрика-завод өнеркәсібінде жалақының 1905 жылдан бері *жиырма процент* шамасы өскені мәлім.

Село жұмысшыларының жалақысы жөнінде осы мәселені зерттеуге деген алғашқы қадам И. Дроздовтың таяуда шыққан: «1905—1906 жылдардағы аграрлық қозғалысқа байланысты Россиядағы егінші жұмысшылардың жалақысы» (СПБ. 1914, М. И. Семенов баспасы, бағасы 50 тиын) деген кітапшасында жасалды. Осы қызықты еңбектің басты-басты қорытындыларын атап көрсетейік.

Европалық Россияда село жұмысшысының бір күндік орташа ақысы тиын есебімен мынадай болған:

				Тиын	Тиын %
Орта есеппен		1902—1904 жж.		64,0	100,0
»	»	1905 жылы		64,8	101,2
»	»	1906	»	72,0	112,5
»	»	1907	»	73,1	114,2
»	»	1908	»	72,4	113,1
»	»	1909	»	75,8	118,4
»	»	1910	»	76,6	119,6

Бұл деректерден көрініп отырғаны: ақының ең көп өскен жылы нақ 1906 жыл болған, яғни, атап айтқанда, бесінші жылғы қозғалыстың әсері барынша айқын көрінуге тиіс болған жылы неғұрлым көп өскен.

Сонымен, 1905 жылдан бастап село жұмысшыларының адам айтқысыз төмен ақысын да ілгері қозғауға қол жеткен! Бұл ілгері қозғаудың әлдеқайда жеткіліксіз екені ақшалай ақыны астық бағасымен салыстырғанда байқалады. Кітапша авторы осындай салыстыру жасай келіп, село жұмысшыларының жаңағы біз келті-

ріп өткен ақшалай ақысын жергілікті орташа баға бойынша *астыққа* (қара бидай) балап көрсеткен. Бақсақ, астыққа шағып көрсетілген жалақы 1902—1904 жылдардағы 0, 93 пұттан 1905 жылы 0,85 пұтқа, ал 1906 жылы 0,91 пұтқа дейін *төмендеген.*

Басқаша айтқанда: Россиядағы село жұмысшысы өзінің бір күндік ақысына 1902—1904 жылдары 0,93 пұт қара бидай сатып ала алған болса, 1906 жылы тек 0,91 пұт қана қара бидай сатып ала алған. Әлбетте, бесінші және алтыншы жылғы түрткі болмаса, *нақты* жалақының төмендеуі бұдан да күшті болар еді.

Кейбір жылдарда егін шығымдылығына және басқа да себептерге байланысты жалақы қатты ауытқып отырған: мәселен, 1905 жылдан 1907 жылға дейін, мейлінше әр келкі болғанымен, ақы өскен, сонан соң 1908 жылы (реакция ең күшейген жылы) ақы *төмендейді* де, 1909 және 1910 жылдары тағы да аздап көтеріледі.

Кейбір жылдарда ақы ауытқып отырғандықтан, сол жеке жылдарды бір-бірімен салыстырмай, онжылдықтарды салыстыру керек. Осындай салыстыру жасай келіп, Дроздов мырза Европалық Россиядағы село жұмысшысының 1891—1900 жылдардағы он жылдық ішіндегі орташа ақысын 55,08 тиын, ал одан кейінгі он жылдық (1901—1910) ішіндегі ақысын 69,18 тиын болды деп анықтайды. Көбейгені 25,5% болған.

Мұның өзі, бір жылда екі жүз жұмыс күні бар деп есептегеннің өзінде, Россиядағы *үш миллион* село жұмысшысы (бұл сан, күмән жоқ, едәуір кемітіп көрсетілген) өздеріне *жылына 80 миллион сомға* жуық ақы қостыра алды деген сөз.

Рас, осы уақыттың ішінде тұтыну өнімдерінің бағасы орта есеппен 20,5% өскен. Демек, жалақының *шын* өсуі, немесе нақты жалақының өсуі, тым аз. Бір күндік ақшалай ақыны астыққа шағып көрсете келіп, автор революциялық он жылдық ішінде революция алдындағы он жылдықпен салыстырғанда ақы не бары 3,9% өскен деп қорытады. Олай болса, жұмысшылардың барлық күш салуы ақыны бұрынғы дәрежесінде *сақтап қалуға* және оны *тым аз ғана* өсіруге мүмкіндік берген.

Мұның есесіне, нақ сол екі он жылдық ішінде жұмысшылардың жалақысында болған өзгерістер мен *жер бағасындағы* өзгерістерді салыстыру *помещик мырзалардың* табыстары *орасан зор* көбейгенін көрсетеді. Жер сатып алу дегеніміз сол жердің беретін *табысын* сатып алу, *рента* сатып алу; сондықтан жердің бағасы капиталдандырылған рента болып табылады. Сөйтіп, біз мынаны көреміз: жоғарыда аталған екі он жылдық ішінде 1 десятина жердің орташа бағасы 69,1 сомнан 132,4 сомға дейін, *яғни екі есе дерлік* артқан!

Миллиондаған жалдама жұмысшылардың жалақысы *бір ширек* көбейген. Помещиктердің табыстары *екі есе* көбейген. Жалдама жұмысшылар жалақысының өсуі тұтыну өнімдері бағасының өсуіне әрең-әрең ілесіп отырады. Ал помещиктер өз табыстарын өнімдер бағасының өсуінен бес есе артық көбейтеді. Жер иелері және шаруалардан шыққан әлді *қожайындар* барған сайын байи түсіп отыр.

Бұл арада мынаны есте сақтау керек: жерден түсетін пайданың өсуі мен егіншілік өнімдері бағасының өсуі село буржуасы мен село пролетары арасындағы, *қожайынсымақ* (тіпті «еңбеккер» болса да) пен жалдама жұмысшы арасындағы таптық тұңғиықтың тереңдігін ұдайы және сөзсіз арттырып отырады. Сондықтан кімде-кім «еңбекші» шаруаға: капитализм тұсында сенің ұсақ шаруашылығың сені қайыршылық пен жоқшылықтан құтқара алмайды, сен жалдама жұмысшылармен біріккенде *ғана* одан құтыласың десе, сол адам дұрыс айтады. Ал, біздің «халықшылдар» сияқты, кімде-кім «еңбек» *шаруашылығының* мүдделерін қорғамақ болып, капитализм тұсында ұсақ шаруашылық өміршең болады деп жарияласа, ол адам ұсақ қожайынсымақтың буржуазиялық пиғылдарын, оның пролетарлық емес, буржуйлық «ниетін» қолдайды, ондай адам буржуаша сойлейді.

«Путь Правды» № 49,
29 март, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЛАТЫШ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯДАҒЫ ЖІККЕ БӨЛІНУ ТУРАЛЫ

Орыс жойымпаздарының латыштың марксист-жұмысшылары біздің жағымызда деп қаншама жиі мақтанғанын жойымпаздық баспасөзді оқитын жұмысшылар біледі. Думадағы социал-демократиялық фракцияда жойымпаздар жік туғызған кезде, олар тағы да латыштарды тілге тиек етуге мейлінше тырысқан болатын. Латыш социал-демократ жұмысшыларын,— деп жазды олар,—«астыртын жұмысты» бекерге шығарады деп айыптауға ешкімнің батылы бармайды, ал енді тіпті осы латыш жұмысшылары да біздің жағымызда.

Фактілерді жақсы білген адам жойымпаздардың... ақиқаттан жалтаратынына шүбәланған емес. «Алтау» мен «жетеу» туралы мәселе латыш жұмысшыларының талқысына түскен кезде, бұл жұмысшылардың орасан зор көпшілігі «алтауды» жақтап шықты. Латыштардың әлденеше жүздеген социал-демократ жұмысшыларының және Риганың, Митаваның, Либаваның және басқа да пункттердің толып жатқан топтарының 6 жұмысшы депутаттың ұстаған позициясын жақтайтын ондаған қарарлары «Правдада»[15] басылып шықты. Петербургтен кейін ең қызу үн қосқан латыштардың ең ірі жұмысшы орталығы Рига болды. Рига жұмысшылары басым көпшілігінің қарарларынан дәйекті марксизм идеяларына мейлінше адал берілгендіктің және жойымпаздықты барынша жиіркеніп жек көрушіліктің лебі есіп тұрды.

Алайда анық бір нәрсе мынау еді: латыштардың «жоғарғы топтары» жойымпаздарды және солардың «жетеуіп» құлшына жақтады. Ол кезде жойымпаздар басқарған латыш газетінде «алтауға» қарсы мақалалар басылып шықты, бұлар жанжалқойлық сарыны жағынан да, жойымпаздық мазмұны жағынан да орыс жойымпаздарының Петербургтегі газетінің мақалаларынан кем соққан жоқ.

Рас, латыш *жұмысшыларының* азын-аулағы ғана жойымпаздық науқанды қолдады. Бірақ «басшы» мекеме жойымпаздар жағында болды. Сөйтіп, олар латыштың ұйымдасқан пролетариаты «атынан» сөйлей берді...

Сонымен біраз уақыт өтті. Латыштардың барлық марксист-жұмысшыларының өкілдері жиналды [16]. Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуі туралы мәселе, әлбетте, онда аса көрнекті орын алды. «Басшы» жойымпаздар «жетеуді» қолдау немесе ең болмағанда мәселені бүркеп тастау үшін қолдан келгендерін де, келмегендерін де түгел істеп бақты. Не керек! Олардың дегені болмады. Латыш социал-демократ жұмысшылары өздерінің ресми өкілдері мақұлдаған мынадай қарар қабылдады (тек лажсыз қажет өзгерістерді ғана енгізіп, оны сөзбе-сөз келтірелік[17]):

Мемлекеттік думаның социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөліну туралы.

— «Барлық латыш жұмысшы марксистерінің өкілдері Мемлекеттік думаның социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөлінуге өздерінің қатты өкінетінін білдіреді және бұл жікке бөліну фракциядан тыс, Россия марксистерінің арасында болған жікке бөлінудің лажсыз салдары деп біледі.

Олар фракция бірлігінің қажеттігін атап көрсетеді және мұндай бірлікті жүзеге асыруға болады деп біледі.

1) маркстік тұтас ұйым жікке бөлінгенге дейін оның жоғары орындары қабылдаған шешімдерді: *маркстік тұтас ұйымның программасын, оның уставын, Лондон шешімдерін, марксистердің 1908 жылғы декабрьдегі және*

1910 жылғы январьдағы бүкіл россиялық өкілдігінің қаулыларын бірігудің негізіне ала отырып;

2) *бірлесіп қызмет етудің фракциядағы азшылық праволарын қамтамасыз ететін түрі табылған күнде;*

Латыш жұмысшы марксистері өздерінің басшы мекемесіне осы қарарда айтылған көзқарастарға сай келетін бірігуге қарай жасалған қадамдардың бәрін қолдауды тапсырады».

Қарар міне осындай. Оқушының көріп отырғанындай, бұл қарардың түйіні *бұрынғы* маркстік тұтас ұйымды мойындау бірігудің міндетті шарты деп тануда болып отыр. Кімде-кім программаны, уставты, 1907, 1908, 1910 жылдары қабылданған шешімдерді [18] мойындамаса,—онымен бірігу мүмкін емес. Латыш жұмысшылары осылай деді. Латыш қарарының зор маңызы, міне, осында.

Күмән жоқ, латыш съезінде ымырашылдық тенденциялар өте күшті болды. Латыштар Думадағы жойымпаздық топқа: ол топ жұмысшылардың еркін бұзатын жікшілдер тобы екенін, ол топ өзінің Думадағы мандаттарын тапсыруға міндетті екенін тікелей және ашық айтқысы келмеді. Бұлай еткісі келмеген себебі — латыш азшылығы орыс жойымпаздарындай оншама насырға шауып кете қойған жоқ, тағы бір себебі—Чхеидзе фракциясымен ымыраға келуіміз мүмкін деген қайсыбір үміт латыштарда әлі бар.

Бірақ, қайткенмен де, латыш жұмысшылары бірігудің дәлме-дәл және ап-айқын *шарттарын* ұсынды.

Шынында, фракцияны жікке бөлген даулы мәселелер, латыш қарарының тұрғысынан қарағанда, қалай шешілмек?

Біріншіден, латыштар программаны мойындауды талап етті. Мұның мәнісі — олар атышулы «мәдени-ұлттық автономияны» Дума трибунасынан ұсынуды *айыптап отыр.* Өйткені — программа бұл талапты ресми түрде қабылдамай тастаған болатын, өйткені

«мәдени-ұлттық автономияның» программамен нашар үйлесетінін тіпті жойымпаз Л. Мартов та мойындаған-ды. Бірліктің мүмкін болуы үшін жойымпаздар мәдени-ұлттық автономиядан бас тартуға тиіс. Бірінші даулы мәселеге латыштардың берген жауабының мағынасы, міне, осындай.

Онан соңғы дау — депутат Ягеллоны фракцияға қабылдау туралы. Бұл дауды латыш жұмысшылары *қалай* шешпек? Олар: 1908 жылғы декабрьдегі шешімді қараңыз дейді. Тиісті документті ашып, қараймыз да, мынаны оқимыз:

— «Поляк социалистік партиясы-«солшылдармен» бірігу туралы.

— Поляк социалистік партиясы-«солшылдармен» бірігу туралы меньшевик жолдастардың ұсынысын тыңдап, марксистердің бүкіл россиялық өкілдігі жарыс сөз ашпастан кезектегі істерге көшеді». (Есептің 46-бетін қараңыз.)

Мәселе айқын. Ягелло партиясымен ешқандай бірігу туралы 1908 жылғы жалпы россиялық шешімнің тіпті тыңдағысы да келген жоқ. Бұл шешімді жойымпаздар *бұзды.* Демек, олар өздерінің Ягелло жөніндегі жікшілдік шешімін қайтарып алуға тиіс.

Бұдан соң латыштар жалпы алғанда 1908 жылғы декабрьдегі және 1910 жылғы январьдағы принциптік шешімдердің бәрін мойындауды талап етеді. Бұл шешімдер қандай, олар жойымпаздықты қалай бағалайды? Тиісті документтерді алатын болсақ, мынаны оқимыз:

— «Бірқатар жерлерде партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің тарапынан «астыртын жұмысты» жойып, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі маркстік тұтас ұйымның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту арқылы қолға келетін болса да, «астыртын жұмысты» жариялылық шеңбердегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысу әрекетінің байқалып отырғандығын көрсете келіп,.. *жойымпаздық әрекеттерге қарсы нағыз үзілді-кесілді күрес жүргізу қажет деп табады* және, фракциялары мен бағыттарының айырмашылығына қарамастан, барлық

шын марксист қызметкерлерді бұл әрекеттерге аса жігерлі түрде қарсылық көрсетуге шақырады».

1908 жылғы шешімдер жойымпаздықты осылайша айыптаған болатын (есептің 38-бетін қараңыз). Латыштар осы шешімдерді мойындауды талап етті.

Онан соң 1910 жылғы январь шешімдері келеді. Одан мынаны оқимыз: — «Буржуазиялық контрреволюция заманындағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихи жағдайы, *буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі ретінде,...* құпия партияны теріске шығаруды, оның ролі мен маңызын төмендетуді, маркстік тұтас ұйымның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын шұнтитып тастауға әрекет жасауды сөзсіз туғызады».

1910 жылғы шешімдер жойымпаздықты осылайша айыптаған болатын. Латыштар жойымпаздардан бұл шешімдерді де мойындауды талап етті.

Латыштардың қарары *бір ауыздан* қабылданды. *Тіпті* қатысып отырған латыш жойымпаздарының бұл қарарға қарсы дауыс беруге батылы бармады. «Астыртын жұмысты» құрметтейтін, бұрынғы маркстік тұтас ұйымның шешімдерін мойындайтын латыш жұмысшыларынан олар мейлінше салмақты сабақ алды. Бұл қарарға қарсы дауыс беру — барлық латыш пролетарларына қарсы шығу, сөйтіп жұмысшылар арасындағы ең соңғы жақтастарынан айрылу деген сөз еді.

Латыш жұмысшыларының шешімі осындай (3000-нан аса ұйымдасқан жұмысшылардың өкілдері қатысты).

Өте әдепті түрде, ешбір қатты сөзсіз, бірақ үзілді-кесілді және табанды түрде латыш жұмысшылары Чхеидзе фракциясына былай деп мәлімдеді:

— Сіздерге бірлік керек пе? Онда бұрынғы маркстік тұтас ұйымның аса маңызды шешімдерін мойындаңыздар, программаны және 1908—1910 жылдардағы шешімдерді бұзушылықтарыңызды қайтып алыңыздар, «астыртын жұмыстан» безген адамдардан безіңіздер, бір сөзбен айтқанда, марксизм жолына түсіңіздер.

Чхеидзе фракциясы соның атын жамылып қимыл жасамақ болған ең соңғы шын жұмысшы ұйымы да бұл

фракциядан сырт айналып кетті. Жойымпаздыққа қарай ауытқып отырған жеті депутаттың жағында — күткеніміздей-ақ — тек ат төбеліндей бір топ жойымпаздар ғана қалды. Пролетарлық атаулының бәрі олардан кетіп жатыр және кетіп болды да.

Думадағы жойымпаздық фракция дегеніміз — *жұмысшыларсыз фракция.*

Латыштардың шешімінен соң мұның өзі мүлде даусыз нәрсе болып отыр.

«Путь Правды» № 50, 30 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«АВГУСТ» ӨТІРІГІН ӘШКЕРЕЛЕУ

1912 жылғы августа, бұдан бір жарым жылдан астам уақыт бұрын, Россия жұмысшы қозғалысының тарихында әжептәуір маңызы бар оқиға болды. IV Мемлекеттік дума сайлауының қарсаңында жойымпаздар, өздерінің айтуынша, август конференциясында әр түрлі ағымдардың өкілдерімен «біріккен», мұнысымен олар: біз әсте жойымпаз емеспіз, біз ештеңені жойғанымыз жоқ және жоймаймыз да, шын байсалды, жалғандығы жоқ маркстік жұмысшы ұйымдарының бізбен «бірлік» жасасуы әбден мүмкін деп дәлелдегілері келген.

Бұл август конференциясы жойымпаздар мен оларға қарсылар арасындағы дауды басқа жаққа аударды: мәселе жойымпаздардың теориясы мен тактикасы дұрыс па дегенде ғана емес, сондай-ақ *жойымпаздардың өз* практикасы олардың өз сөздерін дәлелдей ме әлде бекерге шығара ма деген тұрғыдан қойылды. *Олардың* август конференциясы өтірік, қулық, алдау, бос нәрсе ме, әлде байсалды іс, шын әрекет, жойымпаздардың түзелуі *мүмкін* екенін дәлелдейтін нақты бірдеңе ме?

Мәселе осылай қойылды.

Жойымпаздар өздерінің істерімен, өздерінің август конференциясының тәжірибесімен осы мәселеге жауап беруге тиіс еді.

Қазір бұл жауапты бірден-бір маркстік тұлға, атап айтқанда, латыш марксистері берді; олар ағымдар мен фракциялардың *бәрі де* партия шешімдерін бұзбаған

марксистер деп танылған болатын және атақты август тәжірибесін олардың *өздері* жасады. Әбден хабардар деректемелерден бізге былай деп хабарлайды: Россиядағы ұйымдасқан латыш марксистерінің жоғарғы өкілдерінің жиналысы аяқталды. Ұйымдасқан латыш марксистері өкілдерінің бұл жиналысының жоғары дәрежеде өткеніне ешкім, ешбір ағым, ешбір фракция дау айтқан жоқ; қайта, жиналысқа Россия жұмысшылары көпшілігінің (жойымпаздарға қарсылардың) ғана емес, *сонымен қатар жойымпаздардың да,* олардың августық басшы мекемелерінің де, Бундтың[19] да, Поляк социалистік партиясы-«солшылдарының»[20] да өкілдері мен жауапты делегаттары қатысты.

Август блоктары мен мекемелерінің бір жарым жылдық тәжірибесі сол тәжірибені өздері жасаған адамдардың тарапынан жан-жақты талқыға салынып, оған баға берілді, сөйтіп олар жойымпаздардың жойымпаздықтан құтылуына көмектескісі келді.

Сонымен, бұл талқылау мен бұл баға беру қандай нәтижеге жеткізді?

«...Ымырашылдар тарапынан,— дейді ұйымдасқан латыш марксистерінің шешімі,— қайткен күнде де жойымпаздармен бірігуге (1912 жылғы август конференциясы) тырысушылық пайдасыз болып шықты, сөйтіп біріктірушілердің өздері идеялық-саяси жағынан жойымпаздарға тәуелді болып қалды...»

Марксистердің әділ коллегиясының ресми шешімі, міне, осындай, ол август өтірігін толық және біржолата әшкереледі!

Біздің екі жыл бойы айтқанымыз,— жойымпаздар ант-су ішіп, құдайды ауызға алып, біздің атымызға миллиондаған балағат сөздер айтып, мойындамай келген нәрселер,— міне, осылар енді дәлелденіп отыр және мұны август конференциясына, Август блогына және августық басшы мекемеге *қатысушылардың өздері* ресми түрде мәлімдеді.

Ұйымдасқан латыш марксистері ресми түрде былай деп мойындады: «соңғы бес жыл бойы жойымпаздық

бағыт туралы мәселе партия ішіндегі күрестің өзегі болып отыр», бұл бағытты бүкіл партия әлдеқашан айыптаған, сондықтан олардың, латыштардың, өкілі августық басшы мекемеден *кері шақырып алынады,* өйткені бұл мекеме (дейді латыш марксистерінің шешімі) *«жойымпаздардан іргесін аулақ салған жоқ».*

Демек, оқиғалар жойымпаздарды әшкерелеген үстіне әшкерелеп, біздің айтқанымыздың дұрыс екенін толық дәлелдеді. Біздің: август конференциясы — өтірік нәрсе, алдау, әдеттегі (ұсақ буржуазиялық партиялар мен топтарда болатын) *сайлау алдындағы алдау* дегеніміз дұрыс болып шықты. Сайлауға өз туымен, өз сенімдерін адал қорғай отырып баруға жойымпаздардың батылы бармады, олар біз еш нәрсені де жоймаймыз деп құдайды ауызға алып, ант-су ішіп, Август блогының тасасына тығылды.

Латыштар алдауды әшкереледі.

Бұл латыштардың *бейтарап* позицияда қалғаны және қазір де солай болып отырғаны естеріңізде болсын: олардың бейтараптығы сонша — тіпті Россияның ұйымдасқан марксистерінің ешбір бөлегімен де ұйымдық қарым-қатынас жасамау керек деп шешті! Жойымпаздардың август өтірігі мен сайлау алдындағы жасырынбақ ойынын әшкерелеудің неғұрлым елеулі маңызы болатын себебі — оны әшкерелеп отырған *бейтарап* ұйымдар екендігінде.

Россияның марксист жұмысшыларының бірлігі тек жойымпаздарға *қарсы* болғанда ғана мүмкін дегенімізде, біздің айтқанымыздың қаншалықты дұрыс болғанын тағы да қайта-қайта дәлелдеген латыш марксистерінің шешімдеріне әлі талай рет қайта оралуымызға тура келеді. Бұл арада, қорыта келе, маркстік ұйымдағы ұлттық принцип туралы мәселе жөніндегі аса маңызды бір шешімді ғана атап өтелік.

Латыш марксистерінің өздері толық праволы емес және езілген ұлт жұмысшыларының өкілдері болып табылады, олардың өздері халқының ұлттық құрамы мейлінше ала-құла орталықтарда жұмыс істейді. Мәселен, Ригада олардың неміс, орыс, латыш, еврей, литван про-

летариатымен істес болуына тура келеді. Сөйтіп, ұзақ жылдардың тәжірибесі жұмысшы табының жергілікті ұйымдарының *интернационалдық бірлігі* принципінің дұрыс екеніне латыш марксистерінің көзін әбден жеткізді.

«...Әрбір қалада,— делінген латыш марксистерінің шешімінде,— Стокгольм съезі дұрыс деп тапқан негіздерге сүйеніп және 1908 жылғы Бүкіл россиялық конференцияның берген түсініктемелеріне сәйкес қимыл жасайтын марксист-пролетарлардың біріккен бір ұйымы болуға тиіс».

Бұл түсініктеменің федерация принципін *тікелей* айыптайтындығы мәлім. Ұлттық жұмысшы ұйымдарының федерациясы емес, интернационалдық бірлік болуы керек, жергілікті пролетариаттың *барлық* тілдерінде жұмыс жүргізетін біртұтас ұйым болуы керек.

Марксизмнің бірден-бір дұрыс принципі, міне, осындай. Пролетариатты *ұлт-ұлтқа бөлектеп тастауға* тырысатын ұлтшыл мещандарға берілген, социализмге бірден-бір сай келетін тойтарыс, міне, осындай. Бүкіл партияның Бунд мейлінше өрескел бұзған және бұзып отырған шешімін орындау керек деген талап, міне, осындай.

Өздері жік туғызып, «бірлік» туралы жұрттың бәрінен де қаттырақ байбалам салуға тырысқан жойымпаздар мен бундшылдардың жұмысшылар арасына тараткан алдау-арбауы таусылып келеді. Біздің, орыстар арасындағы, күресімізде бейтарап болып отырған латыш марксистерінің шешімі тек бүкіл партияның жойымпаздықтан және жұмысшы ұйымдарын ұлт-ұлтқа бөлуден бас тарту керек деген ежелгі және тұрақты талабын орындаудан бас тартатын жікшілдерге қарсы шыққанда ғана *бірлікті* іс жүзінде құруға болатынын және оның құрылуға тиіс екенін барлық жұмысшыларға біржола көрсетеді.

«Путь Правды» № 50,
30 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

СОЦИАЛИЗМДІ ТАҒЫ ДА БІР ЖОЮ[21]

1914 ж. мартта «Современный Мир» журналының 3-номерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

1905 жылдың дауылды дәуірінен бері он жылға жетпейтін уақыт өтті, ал оның бер жағында осы қысқа уақыт ішінде Россияда болған өзгеріс орасан зор сияқты көрінеді. Россия патриархтық елден осы заманғы капиталистік елге бірден-ақ айналған сияқты. Ескі Россия идеологы Л. Н. Толстой орыс халқының «революция мен парламенттер жасауды таңқаларлықтай тез үйренгендігіне»[22] наразы бола келіп, мұны көңіл қоярлықтай, күлкілі де көңілсіз тирадамен көрсетті.

Әлбетте, өткен ғасырдың екінші жартысы түгелімен крепостниктік тәртіптердің буржуазиялық тәртіптермен алмасу сатыларының бірі болғандықтан ғана, XX ғасырдың бес немесе он жылы ішінде Россияның буржуазиялық елге «кенеттен» айналуы мүмкін болды.

Бұл алмасу біздің ресми, университеттік, саяси экономия ғылымының марксизмге деген көзқарасының өзгеруіне қалай әсер еткенін байқау артық емес. Өткендегі бағзы бір замандарда Маркстi «құртумен» бізде тек әсіре оңшыл, үкіметтік, профессорлар ғана шұғылданған еді. Бүкіл либерал-халықшылдық профессорлық ғылым Маркске құрметпен қарап, еңбектік құн теориясын «мойындады» және бұл арқылы «солшыл халықшылдардың» Россияда буржуазияның болуына негіз жоқ деген аңқаулық жалған үміттерін туғызды.

Қазір бізде Туган-Барановский* мырза немесе Струве мырза, т. с. сияқты толып жатқан «Маркстi құрту-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 388—391-беттер. *Ред.*

шы» либерал және прогресшіл оқымыстылар «аяқ астынан» қаптап шыға келді. Бұлардың бәрі де Маркске деген либерал-халықшылдық «құрметтеудің» шын мазмұны мен мәнін *ашты:* құрметтеу сөз жүзінде қалды, іс жүзінде материалистік диалектиканы және тап күресі теориясын ежелгі түсінбеушілік еңбектік құн теориясынан да безуге сөзсіз әкеліп соқты.

1905 жылға дейін буржуазия крепостниктер мен «бюрократтардан» басқа жауды көрмеген-ді; сондықтан ол европалық пролетариаттың теориясына да тілектестікпен қарауға тырысты, «сол жақтағы жауларды» көрмеуге тырысты. 1905 жылдан кейін Россияда контрреволюцияшыл либерал буржуазия пайда болды, ал профессорлық либералдық ғылым, «қоғамдағы» беделінен *ешбір айрылмай-ақ,* Маркстi шындап құртуға кірісті.

Біз оқушыны осындай бір «байыпты» ғалымдардың бірінің ең жаңа ғылыми еңбегімен таныстырмақшымыз.

I

Өткен жылы В. П. Рябушинскийдің басылымымен Петр Струве мырзаның: «Шаруашылық және баға» (М., 1913) деген шығармасының бірінші бөлімі жарыққа шықты. Әуелі Струве мырзаның «ұлы Россия» туралы пайымдауларын Рябушинский мырзаның басып шығаруынан туған атышулы «ғылымның өнеркәсіппен одағы» есейіп, біржолата ныгайды. Ғылымның өнеркәсіппен жай ғана одағынан енді ғылымның да, өнеркәсіптің де, өкіметтің де одағы пайда болып отыр: Струве мырза өзінің ғылыми еңбегін ғылыми дәреже алуға ұсынған болатын, Струве мырза ол дәрежеге ие болып та отыр.

Струве мырза алғы сөзінде: мен бұл еңбегімді бұдан 15 жылдай бұрын ойластырған едім деп сендіреді. Демек, келелі де күрделі еңбек күтуімізге толық негіз бар.

Автор өз еңбегі жөнінде өте жоғары пікірде, ол «саяси экономияның кейбір дәстүрлі проблемалары мен қағидаларын қайта қарауға» (әлбетте, «сын көзімен» қайта қарауға) уәде етеді. Қайта қарау «саяси

экономияның негізгі ұғымы ретіндегі» бағаның маңызын да қамтымақшы.

«...Бұл қайта қарау қатаң белгілеп алынған дәлме-дәл ұғымдар мен айқын өзгешеліктерге сүйенетін дәйекті эмпиризм рухында біздің ғылымымыздың алдына методикалық жаңа міндеттер қоюға жеткізеді».

Струве мырза «еңбегінің» соңғы жолдарынан келтіріліп отырған сөздер, былайша айтқанда, оның шығармасының негізгі арқауы болып табылады. Автордың программасы—«дәйекті эмпиризм» (біздің заманымызда сөнге айналған әрбір философ өзінің теориясын, қандай жәдігөй попшылдыққа апарып тіресе де, қайткенде де осылайша бастайды) және «дәлме-дәл ұғымдар мен айқын өзгешеліктерді қатаң белгілеп алу». Екінің бірінде сылдыр схоластикаға келіп саятын атышулы «критицизмнің» таныс сарыны...

Струве мырза өз кітабының әсіресе «бағаның тарихи феноменологиясы жөніндегі этюдтер мен материалдар» берілген, көлемі жағынан едәуір үлкен бөлегінде «дәйекті эмпиризм» бар дегісі келеді (бұған бірінші бөлегінің екінші бөлімі түгелдей дерлік жатады). Ал бірінші бөлім мен кіріспенің «экономикалық ой-пікірдің дамуындағы кейбір негізгі философиялық сарындар туралы», «шаруашылық пен қоғам» туралы, т. т. жөніндегі пайымдауларын «дәлме-дәл ұғымдар мен айқын өзгешеліктерді қатаң белгілеп алу» деп атайды.

Біз Струве мырзаның негізгі теориялық пайымдауларынан бастайық.

II

«Құндылықты» (құнды; Струве мырза «құн» деудің орнына «құндылық» деп теріс терминология қолдануын қоймайды, оның бұл жөнсіздігі әлдеқашан дәлелденген) «канонистерде де әлі басым болып отырған нормативті этикалық түсінуден оны бағаның ішкі «негізі» немесе «заңы» ретінде түсінуге дейін, былай алыс сияқты болып көрінгенімен, әсте онша қашық емес. Ал, шынына келгенде, біз мынаны көреміз: канонистердің «bonitas intrinseca», «valor», «pretium na-

turale»* дейтіні ең соңғы экономистердің «intrinsic value» немесе «natural value» немесе «natural price»** дейтініне яғни объективті құндылығына*** айналады» (XXV).

Бұл арада біз Струве мырзаның басты пікірін (немесе, дұрысырақ айтқанда, пікір айтудан қатты қорқатынын) және осы авторға тән тәсілдерді байқап отырмыз. Ғылыми құн заңының мәнін түсіру үшін Струве мырза ол заңды канонистердің «этикалық» заңымен жақындастыруға бар күшін салады. Струве мырзаның бұған, әлбетте, ешбір дәлелі жоқ. Егер ол ескертуде орыс кантшылының 1810 жылғы шығармасының бір жеріне (мәселеге қатысы жоқ жеріне) сілтеп, «біз көріп отырмыз» деп жазған болса, онда біздің ғалымның дәлелдер іздегенде қаншалықты қиналғанын аңғаруға болады!

Орта ғасырларда тек құндылық заңы ғана емес, ғылыми заңның бәрі бірдей діни және этикалық мағынада түсінілгенін Струве мырзаның білмеуі мүмкін емес. Канонистер жаратылыс тану заңдарын да осылайша түсіндірген. Сондықтан канонистердің баға заңы мен классикалық саяси экономия өкілдерінің баға заңы бір-бірімен жақындасты дегенді шын нәрсе деп қабылдауға ешбір мүмкіндік жоқ. Струве мырзаның бұл «пікірін» пікір деп атауға болмайды; бұл арада пікір айтудан таза қорқу, оны балалық қылықпен бүркемелеу ғана бар.

Струве мырза одан әрі былай дейді:

««Құндылық заңы» саяси экономияның «idée fixe»-сі болып барады. Қай жазушыда «универсалистік» ой сарыны экономикалық ғылымның жалпы философиялық концепциясының неғұрлым кеңдігімен ұштасса, сол жазушыда,—*Марксте*,—«универсалистік» («реалистік») ой сарыны да бұл салада бәрінен гөрі айқын көрінеді. Оның бұл сарыны егжей-тегжейіне дейін тал-

* — «ішкі пайдалылығы», «бағасы, құндылығы», «табиғи бағасы». *Ред.*

** —«ішкі шын құндылығына», «табиғи, объективті құндылығына», «табиғи бағасына». *Ред.*

*** Оның бер жағында, Струве мырза «ең соңғы» (орта ғасырлық канонистермен салыстырғанда) экономистер нақ сол *объективті* «құндылықты» айтып отырғанын мойындай келіп, «объективтік» *«құнға»* қарама-қарсы «құндылық» деген сөзді өзінің субъективті түрде қорғауының теріс екенін бірден байқатып алады.

даньш жасалмаған, бірақ неғұрлым сындарлы материалистік дүние таныммен ұштасады. Еңбек құндылығы заңға айналып қана қоймайды, сонымен қатар бағаның «субстанциясына» да айналады. Құндылықтың осы механикалық-натуралистік, сонымен бірге «реалистік» концепциясы шаруашылық өмірдің эмпирикалық құбылыстары дүниесін өз бойына сыйғызуға қалайша әуре болып тырысатынына және орасан зор, әбден шатасқан қайшылықпен аяқталатынына келсек, бұған біз өз еңбектерімізде талай рет тоқталған болатынбыз».

Струве мырзаның «ғалымдық» мәнері, міне, осындай! Оның Марксті құрту тәсілі осындай! Бірлі-жарым жалған ғылыми термин, ойлау «дәлеліне» жай меңзей салу, «Жизнь»[23] журналының 1900 жылғы мақаласымағын тілге тиек ету — міне, бар білетіні осы. Тым жұпыны емес пе, профессор мырза...

Струве мырза өзінің журналдық мақаласымақтарымен «Капиталдың» I томы мен III томының арасында, еңбектік құн теориясы мен құн заңы негізінде орташа бағалардың құралуы арасында Маркстe «орасан зор» қайшылық бар деп дәлелдемегені былай тұрсын, тіпті ешқандай да қайшылық бар деп дәлелдей алған жоқ.

Струве мырзаның номинализм мен реализмді орта ғасырдағынша «ажыратуды», онан соң универсализм мен сингуляризмді қарама-қарсы қоюды ойыншық етуі Маркстің теориясын түсінуге де, оны сынауға да, Струве мырзаның өз теориясын (немесе өз теориясы болуына дәмесін) анықтауға да ештеңе бермейді. Бұл — ғылым емес, нақ ойыншық етудің өзі, ғылыми қоқсық. Әрине, орта ғасырлық номиналистер мен реалистердің күресінде материалистер мен идеалистердің күресіне ұқсастық бар, бірақ ұқсастықты да, тарихи-сабақтастық байланысты да бұдан басқа толып жатқан, көптеген теориялар жөнінде де, тек орта ғасырларға дейінгі ғана емес, сонымен қатар ерте заманға дейінгі теориялар жөнінде де табуға болады. Орта ғасырлық таластардың материализм тарихымен байланысының бір өзін байсалды түрде талдап шығу үшін ерекше зерттеу керек болар еді. Ал біздің авторда мұндай байсалды түрде зерттеуге ұқсас ештеңе де жоқ. Ол мыңдаған мәселелерге мезгеп, ешбірін талдап-шешпей және кісі күлер-

лік батырлықпен ең батыл қорытындылар шығарады да, бір тақырыптан екінші тақырыпқа секіре береді.

Марксте философия мен саяси экономия *сындарлы* материалистік дүние таным болып ұштасып жатқанын жоғарыда келтірілген цитатта Струвенің өзі мойындауға мәжбүр болды. Марксте жалпы философиялық концепция *анағұрлым ауқымды!*

Бұл қалжың мойындау емес қой. Бұлай мойындауға мәжбүр болып отырған, саяси экономияны сын көзімен қайта қарау туралы және оның методикалық жаңа міндеттері туралы әңгіме етіп отырған адам Маркстің осы «сындарлы» материалистік дүние танымының жеке-жеке құрамдас бөліктерінің *бәрін* байсалды түрде қарастырып шығуға тиіс еді. Струве мырза бұлайша қарастырып шығуды ойына да алған жоқ! Ол «метафизикалық материализмге» қарсы мұрын шүйіре ескертпе айтумен тынады. Агностицизмнің (кантшылдықтың, позитивизмнің, махизмнің, т. с.) сәнге айналған теориялары тұрғысынан қарағанда дәйекті материализм де, дәйекті философиялық идеализм де «метафизика» деп жарияланатынын кім білмейді. Мұндай ескертпелер айтуы арқылы Струве мырза өзінің сындарлылық атаулыға жат философиялық дүние танымына *мезгеп* қана өте шығады. Ал Маркстің *сындарлы* материалистік дүние танымын талдаудан және зерттеуден мұндай ескертпелер жасаумен құтылуға болмайды. Бұл — өз мүсәпірлігіңді мойындаған куәлік беру деген сөз.

III

Оның есесіне марксизмді адамзаттың бастапқы күнәсы туралы схоластикалық іліммен жақындастыру Струве мырзаның ғылыми еңбегіндегі сорақылық болып табылатыны соншалық, бұған толығырақ тоқталмауға болмайды. Ұзақ көшірмелер келтіргеніміз үшін оқушыдан алдын ала кешірім сұраймыз, бірақ қазіргі либералдық-профессорлық ғылымның тәсілдерін жермен жексен ету үшін бұл арада дәл болуымыз керек.

«Маркстің еңбек құндылығы теориясының,— деп жазады Струве мырза,— логикалық құрылысы жағы-

нан орасан зор ұқсастығы мен алғашқы бейнесі бұдан әлденеше ғасырлар бұрын адамзаттың бастапқы күнәсы туралы «реалистік түрде» негізделген схоластикалық ілімде болғандығы маған әбден түсінікті... Маркстө эмпирикалық «бағаларды» құндылық заңы билейді, былайша айтқанда, өзінің болмысын құндылық субстанциясынан алады, дәл сол сияқты схоластика үшін адамдардың эмпирикалық әрекеттері адамзаттың бастапқы күнәсы арқылы анықталады.

Бірнеше салыстыру келтірейік.

Маркс: «Егер біз әуелі өндірістің бір саласының бүкіл товар массасын бір товар ретінде алып қарасақ және көптеген барабар товарлар бағаларының сомасын жиынтық бір баға деп санайтын болсақ, мұның бәрі оп-оңай суреттелуі мүмкін; сонда жеке товар жөнінде айтылғандарды белгілі бір өндіріс саласының рыноктағы товар массасына дәлме-дәл қолдануға болады. Товардың жеке бағалылығы товар массасының қоғамдық бағалылығына сай келетіндігі мына мағынада жүзеге асады немесе анықталады: осы товардың жиынтық санында оны өндіруге қажетті қоғамдық еңбек болады және бұл товар массасының бағалылығы оның рыноктық бағалылығына тең келеді»[24].

Фома Аквинат: «Біз мынаны айтуға тиістіміз: Адам-атадан өрбитін адамдардың бәрін бір адам деп қарауға болады, өйткені олар өздерінің арғы тегінен алған өз жаратылысы жағынан ұқсас келеді, мұның өзі, мәселен, бір графтықта тұратын адамдардың бәрі бір дене деп саналатыны, бүкіл графтық бір адам деп саналатыны сияқты...»».

Жеткілікті болар? Струве мырза бұл «әсерлі (!??) ұқсастықтармен ойнау емес, тапқырсығандық емес» деп сендірмек болады. Мүмкін, солай болар. Бірақ мұның өзі пасық ұқсастықтармен ойнау екені күмәнсыз, дұрысырақ айтқанда: жай сайқымазақтық. Егер өздерін либералмыз, прогресшілміз деп санайтын ғалымдар өз орталарында осы сияқты сайқымазақ сабаздарға төзе алатын болса, егер бұл сабаздарға ғылыми дәрежелер беріп, оларға жастарды оқытуды тапсырып отырса, онда бұл буржуазиялық дәуірдің мына бір «заңын»:

Маркcті құрту үшін ғылымды қорлау неғұрлым арсыз және ұятсыз түрде жасалса, соғұрлым зор абыройлы боласың деген «заңын» жүз мәрте, мың мәрте көрсетіп қана береді.

Маркcті теріске шығаруға өзінің мүлде дәрменсіз екенін Струве мырзаның сайқымазақтықпен бүркемелеуіне тура келді. Белгілі бір өндіріс саласының барлық товарлары басқа салалардың товарлары сомасына айырбасталады,— бұл даусыз факт. Товар массасын алып, оның жалпы бағасын товар единицаларының санына бөледі де, «эмпириктердің» кез келгені орта бағаны анықтайды, бұл да факт. Струве мырзаға ұнайтын статистика (оны зерттеуге қол ұшын тигізудің орнына, ол бұған тағы да мезгеп қана қояды, мұны біз төменде көреміз) Маркс қолданған тәсілдің пайдаланылғанын бізге қадам басқан сайын көрсетеді. Бірақ мұның бәрінде «социалистерді құртушы» мамандардың не шаруасы бар? Маркcті бір қағытып қалса болғаны,— қалғаны реттеле береді.

Струве мырзаны осы ізгі іске рухтандырып отырған философиялық беделдердің қандай екені, мысалы, біздің профессордың мына сөздерінен көрінеді:

> «Бұл еңбекте (XIX ғасырдағы күллі ой еңбегіне қорытынды жасайтын еңбекте) әділ ұрпақ француздың ұлы метафизигі Ренувьеге көрнекті орын беруге тиіс, біздің заманымыздың көптеген сыни және жақсы идеяларын шығарған сол» (43).

Ренувье—«жаңа сыни идеализмнің» француз мектебінің басшысы,—«жоғары мектептің обскуранты»,—оны эмпириокритик (яғни материализмге қас философ) Вилли осылай атады (Ренувье жөнінде менің мына кітаптағы ескертпелерімді қараңыз: «Материализм және эмпириокритицизм. Бір реакциялық философия жөніндегі сын заметкалар». Москва, 1909, 247-бет*). Ренувье «заң» деген сөзді үлкен әріппен жазып, оны тікелей діннің негізіне айналдырады.

Маркстің «дүниеге сындарлы — Струвенің өз мойындауы бойынша — материалистік көзқарасын» Струве

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 18-том, 236-бет. *Ред.*

мырзаның қандай тәсілдермен құртып жатқанын қараңыздаршы: Маркс бір өндіріс саласының товар бағаларын қосады, ал орта ғасырлық теолог Фома Аквинат адамзаттың бастапқы күнәсы туралы ілімді негіздеу үшін Адам-атадан өрбіген адамдарды қосады дегенге ғана сүйеніп, Маркcті ол орта ғасырлық теологке апарып теңейді. Соның өзінде XIX ғасырда «заң» ұғымынан діннің негізін жасайтын философиялық идеализмді уағыздаған «ұлы» Ренувьеге бола Маркс құрбандыққа шалынады!!

Қайран, Струве мырза! Қайран, «ұлы» Ренувьенің шәкірті-ай! Қайран, орыс жастарының жұрт таныған ұстазы-ай!

IV

«Әрі мистикалық историзмнің, әрі материалистік тарихшылдықтың тегеурінінен кейін,— деп жазады Струве мырза,—табиғат заңы идеясына негізделген саяси экономияның ғимараты душар болған орасан зор қайта құрылыста бұл идея толық күйреді. Оның негізгі ішкі қайшылығы ашылды. Ол қайшылық, мүмкін, «табиғи» саяси экономияның буржуазиялық экономикалық либерализмге теориялық негіз болған формасында неғұрлым айқын көрінген болар... Шынында да, егер экономикалық өмірде табиғат заңы үстем болып отырса, онда сол өмірдің табиғат заңына сай келмейтін, оны бұзатын фактілерінің болуы мүмкін емес. Оның бер жағында, либералдық «табиғи» саяси экономия кітаптарда және өмірде осындай фактілерге қарсы үнемі күрес жүргізіп келді... Буржуазиялық-либералдық саяси экономия күйрегеннен кейін «табиғат заңы» туралы сөз етудің өзі тіпті бір түрлі ерсі болып көрінді. Бір жағынан, тұтас принциптік бірыңғай қоғамдық-экономикалық процестен қайсыбір жеке жақтарды, қатынастарды, құбылыстарды «табиғи нәрсе» ретінде бөліп шығарудың, сөйтіп оларды құбылыстардың ерекше категориясы деп түсіндірудің ғылымға жат екені айқын. Екінші жағынан, «табиғат заңын» жариялау, экономикалық либерализмнің өзінде де ұғылмаған этикалық себепке негізделген болса да, белгілі бір, уақытша ғана маңызды әлеуметтік қатынастар мен формаларды ақтау немесе мәңгілік ету тәсілі ретінде, «буржуазиялық» апологетика ретінде этикалық жағынан сенімнен айрылған болатын» (56—57).

Автор табиғат заңы идеясын осылайша тұқыртып тастайды. Ал мұны «материалист Маркс бүкіл XVIII ғасыр арқылы материалист Петтиге қол созады» (56), ал «Петти — сол дәуірде жаратылыс танудан қоғам

тануға қарай беттеген қуатты токты ең ашық, ең айқын көрсеткен адам еді» (50) деп мойындауға мәжбүр болған адам жазып отыр.

Қуатты токтың Петти дәуірінде ғана емес, сондай-ақ Маркс дәуірінде де жаратылыс танудан қоғам тануға қарай беттегені мәлім. XX ғасырда бұл токтың қуаты артпаса, кеміген жоқ. Ғылыми шығарма болуға дәмелі және «экономикалық ойдың философиялық дәлелдерін» зерттеуді өзіне міндет етіп қойып отырған шығармада жаратылыс танудың философиялық алғы шарттары мен қорытындылары жөнінде мүлде еш нәрсені анықтамай тұрып, осы «ток» жөнінде және Петти мен Маркстің материализмі жөнінде қалайша мәселе көтеруге болады??

Бірақ Струвенің бүкіл мәнері нақ осылай болып келеді: ол мың да бір мәселені көтереді немесе, дұрысырақ айтқанда, қозғайды, бәрі жөнінде «мылжыңдайды», бәрін де ойлап-толғанған, ескерілген етіп көрсетеді, ал іс жүзіне келгенде, цитаттардың, ат үсті ескертпелердің қойыртпағынан басқа ештеңе де бермейді.

Саяси экономияда табиғат заңы идеясы күйреді деу, ол жөнінде «сөз қылу ерсі» деу — шіп-шикі өтірік. Нақ мұның керісінше. Нақ сол «жаратылыс танудан қоғам тануға көшкен ток» бұл идеяны нығайтты, нығайтып отыр және болмай қоймайтын етеді. Нақ сол «материалистік историзм» бұл идеяны метафизикалық (осы терминнің маркстік мағынасында, яғни антидиалектикалық) шатпақтар мен кемшіліктерден тазартып, оны түпкілікті негіздеп берді. Классиктердің «табиғат заңы» буржуазиялық апологетика ретінде «этикалық жағынан сенімнен айрылды»-мыс деу адам нанғысыз сандырақ болады, классиктерді де, «материалистік историзмді» де мейлінше өрескел түрде бұрмалау болады. Өйткені классиктер капитализмнің өтпелі сипатын түсінбей, оның ішіндегі тап күресін көрмей тұрып, капитализмнің бірқатар «табиғат заңдарын» іздестіре келіп, ақыры тапты емес пе. Бұл кемшіліктің екеуін де материалистік историзм түзеді, сондықтан «этикалық жағынан сенімнен айрылды» деудің бұл арада ешбір қисыны жоқ.

Әдейі әсіре-«қатал» сөзсымақтарды («табиғат заңы» жөнінде соз ету «ерсі» деген сөзсымақтарды) қолданып, Струве мырза осы сөздер арқылы, ғылымнан *қорқушылықты*, осы заманғы шаруашылыққа ғылыми талдау жасаудан *қорқушылықты* — осы бір буржуазияға тән құбылысты жасыру үшін бекерге әуреленеді. Құлдырап бара жатқан таптардың бәріне тән төрешілдік скептицизм буржуазияға да тән, бірақ қоғамның тіршілік әрекеті мен дамуында табиғат заңының идеясы құлдырамайды, қайта нығайған үстіне нығая береді.

V

Енді біз саяси экономия алдына «методикалық жаңа міндеттер қою» үшін Струве мырза жасап бермекші болып отырған «қатаң белгілеп алынған дәлме-дәл ұғымдар мен айқын өзгешеліктердің» қандай екенін қарап көрелік.

«...Біз шаруашылықты,— дегенді оқимыз 5-беттен,— тиімді экономикалық қызметтің немесе шаруашылықты жүргізудің субъективті телеологиялық бірлігі деп анықтаймыз».

Бұл «керемет ғылыми» сияқты естіледі, бірақ шынына келгенде, сөздерді жай беталды ойнақшыту ғана. Шаруашылық деген шаруашылық жүргізу арқылы анықталады екен! Май жағылған май... «Қожайындық етудің субъективтік бірлігі» қиялда да, фантастикалық романда да болуы мүмкін.

Материалдық өнімдер өндіру жөнінде («метафизикалық материализм»!) айтудан қорқып, Струве мырза анықтама берген жоқ, ойыншық берді. Қоғамдық қатынастардың қандай да болсын элементі мен белгісін жойып, Струве мырза еш уақытта *саяси экономияның* объектісі болмаған және бола да алмайтындай «шаруашылықты» әдейі «ойлап шығарды».

Онан соң, «шаруашылық құрылысының негізгі үш типінің» белгіленуі мынадай: 1) қатар тұрған шаруашылықтар жиынтығы; 2) өзара әрекеттес шаруашылықтар жүйесі және 3) «субъективтік телеологиялық бірлік» ретіндегі «қоғам-шаруашылық». 1-типке, бай-

қайсыздар ма, қарым-қатынасы да жоқ, өзара әрекеттесте емес шаруашылықтар жатады екен (атышулы Робинзонды қайта тірілтуге тырысу!); 2-типке—құлдық та, крепостниктік тәртіп те, капитализм де, жай товар өндірісі де жатады; 3-типке — коммунизм жатады, ол «Парагвайдағы иезуиттер мемлекетінде, жалпы алғанда мүмкіндігіне қарай, жүзеге асқан». Тарихи нақтылықтың көлеңкесі де жоқ бұл керемет топтастыру шаруашылық және әлеуметтік құрылысты ажыратып айтумен толықтырылады.

Шаруашылық категориялар, деп үйретеді бізге Струве мырза, «шаруашылық жүргізетін субъектінің қандайының болсын сыртқы дүниеге деген экономикалық қатынастарын көрсетеді»; *шаруашылық аралық* категориялар—«автономиялы шаруашылықтардың өзара әрекеттестігінен туатын құбылыстарды көрсетеді»; *әлеуметтік* категориялар «өзара әрекеттес шаруашылық жүргізуші адамдардың әлеуметтік теңсіздігінен туады».

Сонымен, құлдықтың, крепостниктік тәртіптің, капитализмнің шаруашылық құрылысын логикалық, экономикалық, тарихи жағынан әлеуметтік теңсіздіктен бөліп алуға болады екен!! Струве мырзаның жаңа анықтамалар мен айырмашылықтар енгізу жөніндегі рабайсыз тыраштануынан нақ осы қорытынды шығады. «Қатар тұрған шаруашылықтардың жиынтығы — абстракт түрде пайымдағанда — теңдік пен теңсіздік қатынастарымен ұштаса алады. Ол шаруа демократиясы және феодалдық қоғам бола алады».

Біздің автор осылай пайымдайды. Оның пайымдауы логикалық теория тұрғысынан да, экономикалық теория тұрғысынан да, тарихи теория тұрғысынан да мүлдем сөлекет. Көрінгеннің бәрін «қатар тұрған шаруашылықтар жиынтығы» ұғымына жатқызып, ол осы ұғымның мағынасыздығын айқын аңғартып алады. Шаруа демократиясы да, феодализм де, көрші отырған (Петербургтегі бір үйде, бір сатымен шығатын, көрші тұратын) қожайындар да — осының бәрі «қатар тұрған шаруашылықтардың жиынтығы»! Өз жүйесінде шаруашылық құрылыстың негізгі *үш* типінің *бірін* осы жиынтық сипаттауға тиіс екенін автор ұмытып та

қалды, Струве мырзаның «ғылыми» анықтамалар мен айырмашылықтар дегені — құр әншейін бос сандырақ.

Алайда бұл дөрекі және пасық ойында, логика мен тарихты бұлай қорлауда өзінше «мағына» да бар. Бұл — буржуазиялық түңілу мен «немқұрайдылықтың» (егер француздың «je m'en fiche» деген сөзін осылай аударуға болса) «мағынасы». Қазіргі жағдайды ғылыми жолмен талдау мүмкіндігінен түңілу, ғылымнан бас тарту, жинақтап қорыту атаулының бәріне немқұрайды қарауға ұмтылу, тарихи даму «заңдары» атаулыдан бой тасалау, *орманды* ағаштың тасасына тығу, — Струве мырзаның еңбегінен бізге көрініп отырған сәнге айналған буржуазиялық скептицизмнің, өлі және өлексе схоластиканың таптық мәні, міне, осы. «Әлеуметтік теңсіздіктерді» шаруашылық құрылыстан деп түсіндіру *керек емес*, бұл *мүмкін емес* (өйткені буржуазия мұны тілемейді) — Струве мырзаның «теориясы», міне, осы. Саяси экономия трюизмдермен, схоластикамен және мағынасыз фактісымақтар қуалаумен шұғылдана берсін (мысалдары төменде келтіріледі), ал «әлеуметтік теңсіздіктер» туралы мәселе социологиялық-юридикалық пайымдаулардың неғұрлым қауіпсіз саласына бара берсін: онда, бұл салада, бұл қолайсыз мәселелерден «құтылу» оңайырақ.

Қоғамның тапқа бөлінуі капитализмнің де, феодализмнің де шаруашылық құрылысының негізі екенін бізге экономикалық шындық бадырайтып тұрып апайқын көрсетіп отыр. Саяси экономия жарыққа шыққан кезінен бастап-ақ ғылымның назары осы тапқа бөлінуді *түсіндіруге* бағытталған. Бүкіл классикалық саяси экономия осы жолмен бірнеше қадам ілгері басты, Маркс одан әрі бір қадам ілгеріледі. Сөйтіп, осы заманғы буржуазияның бұл қадамнан үрейленгені соншалық, осы заманғы шаруашылық эволюциясының тым айқын, тым айбынды «заңдарынан» мазасы кетіп отырғаны соншалық, тіпті буржуа мен оның идеологтары барлық классиктерді және заң атаулының бәрін аластап тастауға дайын отыр, тек қана әлгі... қалай аталушы еді?.. әлеуметтік теңсіздіктерді... юриспруденция архивіне тапсырса болғаны.

VI

Струве мырзаның әсіресе құн ұғымын архивке бергісі-ақ келер еді. «Құндылық,— деп жазады ол,— бағадан өзгеше, оған тәуелсіз, оны анықтаушы бірдеңе ретінде елес болып табылады» (96). «Объективті құндылық категориясы дегеніміз, былайша айтқанда, тек баға категориясының метафизикалық жолмен екі есе артуы ғана» (97).

Социализмді құрту үшін Струве мырза ең... радикалдық және тым оңай, бірақ оның есесіне тым үстірт әдісті; жалпы алғанда, ғылымды теріске шығару әдісін таңдап алған. Тоқмейілсінген, үрейі ұшқан буржуаның төрешілдік скептицизмі бұл арада nec plus ultra*-ға дейін жетіп отыр. Достоевский шығармасындағы бір адвокат қылмыскерді тонау ниетімен кісі өлтірді деген айыптан қорғай келіп, тонау да болған жоқ, кісі өлтіру де болған жоқ деуге дейін барған екен, сол сияқты Струве мырза да Маркстің құн теориясын: құн дегеніміз—елес деген жай *сендірумен* ғана «бекерге шығарады».

«Қазіргі уақытта оны» (объективтік құн теориясын) «тіпті бекерге шығарып жатуға да тура келмейді; оған ғылыми тұжырымдарда орын жоқ және болуы да мүмкін емес екенін көрсету үшін оны біздің осында және «Кіріспемізде» істегеніміздей етіп суреттеп шығудың өзі-ақ жеткілікті» (97).

Ал осы ең «радикалдық» әдісті қалайша ең үстірт әдіс деп атамассың? Айырбас құбылысында заңдылық бар екенін адамзат мыңдаған жылдар бойы аңғарып келеді, оны түсінуге және дәлірек бейнелеуге күш салып ұмтылып келеді, өз түсініктерін экономикалық өмірге жасалған миллиондаған, миллиардтаған күнделікті байқауларымен тексеріп келеді,— ал сәнге айналған кәсіптің — цитаттар жинаудың (мен: почта маркаларын жинаудың деп аз-ақ айтпай қалдым) сәнқой өкілі кенеттен —«құндылық дегеніміз—елес» деп, «соның бәрін жойып жібереді».

---

* — ақырғы шегіне. *Ред.*

Егер математиканың ақиқаттары адамдардың мүдделеріне (дұрысырақ айтқанда, тап күресінде таптардың мүдделеріне) тиетін болса, онда бұл ақиқаттар қызу талас туғызған болар еді деп бұрыннан-ақ тегін айтылмаған ғой. Экономикалық ғылымның айдай анық ақиқаттарына қарсы дау айтуға тіпті аз, өте аз білім керек. Мысалы, *бағаға тәуелсіз бірдеңе ретіндегі* құн құр елес болып табылады деген сөзсымақты қыстыра салса болғаны — іс бітеді де қояды!

Бұл қосымшаның мағынасыз екені оқа емес. Баға — құн заңының көрінісі. Құн — бағалар заңы, яғни баға құбылысының жинақталған көрінісі. «Тәуелсіз» дегенді бұл арада білімнің барлық салаларында құбылыстардың шым-шытырық сияқтануындағы негізгі заңдардың пайда болуын көрсетіп отырған ғылымды қорлау үшін ғана айтуға болады.

Мысалы, түрлердің өзгеру заңын, төменгі түрлерден жоғарғы түрлердің шығу заңын алайық. Жаратылыс танудың қорытындыларын, әлдеқашан табылған заңдарды (жекелеген шытырман оқиғалардың толып жатқан құбылысында бірдеңені бұзғандық және ауытқығандық болып көрінуіне қарамастан, жұрттың бәрі мойындаған заңдарды), оларға керекті түзетулер мен толықтырулар іздеуді елес деп жариялай салу өте арзанға түскен болар еді. Жаратылыс тану ғылымдары саласында: табиғат дүниесі құбылыстарының заңдары — елес деген адамды жындыханаға қамаған болар еді немесе келемеж қылар еді. Экономикалық ғылымдар саласында... тырдай жалаңаш жүріп... соншама батыл сәнденетін адамды жұрт құлшына-құлшына профессор етіп тағайындайды, өйткені ол буржуазия балаларын кеще етіп шығаруға, шынымен-ақ, әбден жарайды.

«Баға дегеніміз факт. Былай делік: баға дегеніміз айырбасталатын игіліктер арасындағы нақты айырбас қатынасының ұғымы, іске асырылған айырбас қатынасы.

Құндылық дегеніміз норма. Былай делік: құндылық дегеніміз айырбас процесіндегі игіліктер арасындағы идеалдық немесе тиісті арақатынастың ұғымы» (88).

Міне, осы «былай делік» деп салдыр-салақ, мақтаныш түрінде, жеңіл-желпі айтылып отырған ескертпе Струве мырзаға соншалықты тән қасиет екендігі рас емес пе? Әдейі-салмақтысынған, түсініксіз терминдермен, жаңа ұғымдар жасаумен бәлсінетін Струве мырза кенеттен фельетон сарынына көшеді... Фельетон сарынына көшпейінше, құнды елес деп жариялау қиындау болар еді.

Егер баға «іске асырылған айырбас қатынасы» болса, онда: бұл қатынас кімдердің арасында жасалады?—деп сұрауға болады. Сірә, айырбас жасайтын шаруашылықтардың арасындағы қатынас болар. Егер бұл «айырбас қатынасы» ерекше түрде, қысқа мерзімге кездейсоқ тумай, барлық жерде бірдей және күн сайын бірқалыпты үздіксіздікпен қайталанып отыратын болса, онда «айырбас қатынасы» шаруашылықтар жиынтығын *бір шаруашылық құрылысқа* біріктіретіні анық; осы шаруашылықтар арасында пығайған еңбек бөлінісі бар екені анық.

Струве мырзаның әлеуметтік қатынастардан бейне бір *бөліп алынатын* «шаруашылық аралық» қатынастар жөніндегі барлық айла-шарғылары, ойыншық үй сияқты, әлден-ақ күл-талқан болып жатыр деген, міне, осы. Струве мырза товар өндірісі ұғымын терезеден жасырып қайта кіргізіп алу үшін оны есіктен қуып шықты. Струве мырзаның атышулы «эмпиризмі» буржуаға қолайсыз қорытындыларды ғылымнан қуып шығуда болып отыр, сонда да бұл қорытындыларды, былайша айтқанда, ресми түрде болмаса да, бәрібір мойындауға тура келеді.

Егер баға дегеніміз айырбас қатынасы болса, онда жалғыз-жарым айырбас қатынасы мен тұрақты қатынас арасындағы, кездейсоқ қатынас пен жаппай қатынас арасындағы, бір мезеттік қатынас пен ұзақ уақытты қамтитын қатынас арасындағы айырмашылықты сөзсіз түсінуге болады. Бұл осылай болса,— ал мұның осылай екені күмәнсыз,— біз кездейсоқ және жалғыз-жарым қатынастан тұрақты және жаппай қатынасқа, бағадан құнға қарай соншалықты өрлейтініміз сөзсіз. Струве мырзаның құнды «тиісті нәрсе» деп жариялау,

құнды этикамен немесе канонистер ілімімен, т. с. жақындастыру жөніндегі әрекеті, ойыншық үй сияқты, құлап түседі.

Құнды елес деп мойындауды «эмпиризм» деп, бағалардың құралу және өзгеру *заңын* табуға ұмтылуды («Аристотельден» Маркске қарай келе жатқан — 91-бет — тағыда былай деп қосу керек: бүкіл классикалық саяси экономия арқылы келе жатқан!) — міне, осыған ұмтылуды «метафизика» деп атап, Струве мырза, жалпы алғанда, жаратылыс тану материализмін «метафизика» деп санайтын, ал дінге апаратын сатыны «эмпиризм» деп жариялайтын ең жаңа философиялық реакционерлердің тәсілін қайталап отыр. Ғылымнан *заңдарды* аластау іс жүзінде *дін заңдарын тықпалау* ғана болып табылады. Струве мырза өзінің «кіші-гірім қулықтарымен» осы бір қарапайым және күмәнсыз факт жөнінде біреуді алдай аламын деп ойлап, бекер әуре болады.

VII

Струве мырза жалпы скептицизмнің тасасына тығылып, марксистермен тікелей шайқасудан тайсалып отыр, оны біз көрдік. Сондықтан ол өз кітабында марксизмге қарсы ескертпелерді, әр жерден үзіп-жұлып алынған, өзара байланысы жоқ құлаш-құлаш цитаттардың астында қалған оқушыны қармаққа түсіруді көздеген ескертпелерді бар ынтасымен үйіп-төге берген.

Мысалы, Сен-Симоннан бір шағын цитат келтіріледі, Сен-Симон жөніндегі бірқатар кітаптар аталады (немістердің библиографиялық көрсеткіштерін осылай көшіріп ала беруді біздің «ғалым» үнемі қолданады — сірә, мұны ғылыми дәрежеге жетудің... ең сенімді жолы дейтін болар), Ренувьеден Сен-Симон туралы егжей-тегжейлі көшірмелер келтіріледі.

Ал қорытындысы қандай?

Қорытындысы мынадай: «Мұның өзі әдеттен тыс болып көрінер, бірақ ешбір даусыз тарихи факт мынау: социализмнің ғылыми социализм деп аталатын жоғары формасы дегеніміз революциялық ой мен

реакциялық ойдың арасындағы байланыстан туған перзент болып табылады» (51—52). Өйткені ғылыми социализмге баратын жол Сен-Симон арқылы өтеді, ал «Сен-Симон — әрі XVIII ғасырдағы ағартушылардың, әрі XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы реакционерлердің шәкірті» (53). «Мынаны әрқашан да есте сақтау керек: тарихи материализм дегеніміз өзінің мәні жағынан XVIII ғасырдың рухына қарсы әрекеттің туындысы. Ол, біріншіден, органикалық көзқарастың рационализмге қарсы әрекеті, екіншіден, экономизмнің политицизмге қарсы әрекеті. Сен-Симон, мұның үстіне, өзінің діншіл дәуірінде сезім мен діннің право мен адамның әділеттік идеяларына қарсы әрекетін бейнеледі» (54—55). Мығымдай түсу үшін Струве мырза мынаны тағы да қайталап айтады: «марксизм дегеніміз — французның теократиялық мектебінің және жалпы алғанда, тарихи контрреволюциялық реакцияның позитивизм, атеизм, радикализм тіліне аударылған формулалары. Парасатты былай қойып, Маркс революционер және социалист болып қалды» (55)...

Егер Маркс, бір жағынан, орта ғасырлардың феодалдық және поптық күшіне қарсы күресінде «XVIII ғасыр рухын», ал екінші жағынан, XIX ғасырдың басындағы тарихшылар мен философтардың экономизмі мен историзмін (сондай-ақ диалектиканы) қабыл алып, ілгері дамыта білген болса, онда бұл марксизмнің тереңдігі мен күшін ғана дәлелдейді, марксизмді ғылымның *соңғы табысы* деп білетіндердің пікірін ғана растайды. Реакционерлердің—тарихшылар мен философтардың—ілімдерінде саяси оқиғалардың алмасуындағы заңға сәйкестілік пен тап күресі жөнінде терең пікірлер болғанын, мұны Маркс түсініспеушілікке орын қалмайтындай етіп, әрқашан да айқын көрсетіп отырды.

Ал Струве мырза тыпыршып, марксизм дегеніміз қарсы әрекеттің туындысы деп жариялайды да, тап сол арада: марксизмге *попшыл* Сен-Симон *емес,* тарихшы және экономист Сен-Симон апарады деп қосады!!

Сөйтіп, XVIII ғасырдың ағартушыларынан *кейін* және Маркске *дейін* қоғамдық ғылымға Сен-Симонның

қандай табыс қосқаны жөнінде *бірде-бір* елеулі сөз айтпай, біздің автор, жалпы алғанда, бүкіл қоғамдық ғылымнан ащы сөз арқылы *аттап кеткен* болып шықты.

Өйткені, құн заңын және қоғамның таптарға негізгі бөлінуін ашып, бұл ғылымды, біріншіден, классик-экономистер жасады,— *өйткені* бұл ғылымды солармен байланыстыра отырып, XVIII ғасырдың ағартушылары феодализмге және попшылдыққа қарсы күреспен онан әрі байытты,— *өйткені,* өздерінің реакциялық көзқарастарына қарамастан, XIX ғасырдың басындағы тарихшылар мен философтар бұл ғылымды ілгері бастырды, тап күресі туралы мәселені онан әрі түсіндірді, диалектикалық методты дамытып, оны қоғам өміріне қолданды немесе қолдана бастады,—сондықтан нақ осы жолмен бірқатар орасан зор қадам алға басқан марксизм Европаның бүкіл тарихи, экономикалық, әрі философиялық ғылымының *ең жоғарғы дамуы* болып табылады. Логикалық қорытынды осындай. Ал Струве мырзаның қорытындысында былай делінген: *сондықтан* марксизмді теріске шығарып жатудың да қажеті жоқ, құн заңдары, т. с. туралы сөз қылып жатудың да қажеті жоқ, марксизм дегеніміз қарсы әрекеттің туындысы!

Струве мырза осынша дөрекі тәсілдер арқылы өз тыңдаушыларын алдап, өзінің кертартпалығын бүркемелеуге қалайша дәмеленеді екен?

VIII

Струве мырзаның ғылыми еңбегінде социализмнің мүмкін еместігі «дәлелденбесе», ол, әрине, ғылыми дәреже алу үшін ұсынылған ғылыми еңбек те болмас еді.

Бәлкім, сіз мұны тым артық кеткендік деп ойлайтын боларсыз? Баға мен шаруашылық туралы, сондай-ақ саяси экономияның «кейбір философиялық дәлелдері» туралы мәселеге арналған шығармада социализмнің мүмкін еместігін капитализмнің тарихи тенденцияларын зерттеуге кіріспей тұрып-ақ «дәлелдеуге» бола ма дерсіз?

О не дегеніңіз, Струве мырзаға бұл — мүлде, тіпті мүлде оп-оңай нәрсе! Тыңдап көріңіздерші:

«Ең ақырғы қорытындыға келгенде экономикалық либерализмге «табиғат заңын» жүзеге асыру негізінде — қоғамдық-экономикалық процесте рационалды нәрсе мен тиісті нәрсенің табиғилық пен қажеттілікке толық сай келетіндігі, оның толық рационалдандырылуы көрініп отыр... Социализм тарихи немесе ғылыми социализм деп аталатын өзінің неғұрлым жетілген формасында «табиғат заңын» теріске шығара отырып, сонымен бірге экономикалық либерализмнің осы негізгі идеясын қостайды. Ол сондай-ақ әр нәрсенің рационалды құрылымы мен табиғи барысы арасында үйлесімділік болуы мүмкін, қоғамдық-экономикалық процесті толық рационалдандыру болуы мүмкін деп санайды» (58-бет).

Бұл «сенім» жөнінде қалай болса солай айтыла салған бірнеше сөз (59) бен байсалды ғылымның қорытындысы мынадай (60-бет). (Струве мырза «еңбегінің» бірінші бөлегінің бірінші бөліміндегі 2-тараудың 7-параграфы):

«Социалистік мұрат пен либералдық мұратты шындық дүниесімен салыстыра келіп, ғылыми-эмпирикалық зерттеу өзі үшін бұл мұраттардағы сенім өмір сүре алмайды деп мойындауға тиіс. Формальды мағынасында алғанда, бұл екі мұраттың екеуі де жүзеге аспайтын мұраттар, екеуі де утопиялық мұраттар».

Расында, мұндай нәрселерді оқығанда тіпті өз көзіңе өзің сенбейсің. Осы заманғы профессорлық ғылым қандай іріп-шіруге, азғындауға, сатқындыққа дейін жетіп отыр десеңізші! Ғылыми социализм капитализмнің өндірісті қоғамдастыру фактісіне сүйенетінін Струве мырза өте жақсы біледі. Бұл факт бүкіл дүние жүзінде байқалып отырған толып жатқан құбылыстар арқылы дәлелденуде. Бұл құбылыстардың даму дәрежесі мен даму қарқыны жөнінде өте мол «эмпирикалық» материал бар.

Ал біздің ғалым өндірісті қоғамдастыру жөніндегі мәселені орағытып өтіп, өзінің «ғылыми-эмпирикалық зерттеуімен» толып жатқан фактілердің *бірде-бір* саласына соқпай-ақ, либерализм мен рационалдандыру туралы бірер бос сөздерге сүйеніп, бұл мәселе ғылыми жағынан шешімін тапты деп жариялайды!

Либерализмге толық рационалдандырудың көрініп отырғаны өтірік. Марксизмнің «табиғат заңын» *теріске шығаратыны* өтірік. «Толық рационалдану» жөніндегі күллі әңгіменің бәрі, жалпы алғанда, дұрыс емес, бос

сөз — мұның бәрі бейшаралықпен жалтару, дөрекі ойын, оның бір ғана мақсаты бар, ол ғылыми социализм айдан-айқын және дәлме-дәл алға қойған мәселені орағытып өтіп, социализмнің мүмкін еместігі туралы айқай-шу арқылы оқушы жастардың басын айналдыруды көздейді.

IX

Струве мырза еңбегінің орасан зор бөлегі, жартысынан едәуір көбі, «бағаның тарихи феноменологиясы жөніндегі этюдтер мен материалдарға» арналған.

Құнды елес деп жариялайтын, *бағаны* факт ретінде зерттейтін біздің «дәйекті эмпиризмді» қызу жақтаушымыз өзін, міне, осы арада, шынымен-ақ, көрсете алар еді!

Соңғы жылдары бағалар статистикасы орасан зор табысқа жетіп отыр. Барлық елдерде көп материал жиналған. Бағалардың тарихы жөнінде толып жатқан еңбектер шықты. Егер қатал ғалым Маркстің құн теориясын теріске шығарып жатуды кемсінетін болса, бағалардың тарихы мен статистикасынан алынған «эмпирикалық» материалдарға сүйеніп, бұл теорияның тым болмаса кейбір негізгі мәселелерін неге талдап көрмейді? Бағаларының тарихынан — еңбек *«факторынан»* басқа — барлық және алуан түрлі бөгде факторлардың әсерін жоюға болатын және белгілі бір товар түрін өндіруге жұмсалатын еңбек мөлшері жөнінде дәлмедәл мәліметтер бар мыңдаған товарларды, жүздеген бөлімдерді немесе дәуірлерді табуға болады. «Дәйекті эмпиризмді» жақтаушымызға баға жөніндегі «ғылыми зерттеуінде», «бағаның тарихи феноменологиясы» жөніндегі бөлімінде бұл мәліметтерге неге *тоқталмасқа?*

Неге? Неге десеңіз, әлбетте, Струве мырза өз позициясының сенімсіз екенін, объективті құн теориясын, еңбек құны теориясын, теріске шығару мүмкін емес екенін өте жақсы түсінген, сөйтіп ғылыми зерттеу атаулыдан *бас сауғалап қашудың* қажеттігін іштей сезген.

Струве мырза еңбегінің «бағаның тарихи феноменологиясы жөніндегі этюдтер мен материалдарға» арналған жүздеген беттері қазіргі буржуазиялық ғалымдар-

дың ғылымнан қалайша ат-тондарын ала қашатындығының ілуде бір кездесетін тамаша үлгісі болып табылады. Мұнда не жоқ десеңізші! Указбен белгіленген баға мен еркін баға туралы заметкалар — полинезиялықтар жөнінде бірнеше пікір — Мадагаскарды біріктіруші, Андрианампуинимериннің 178?—1810 жылдардағы патшасы бастырып шығарған (оқымыстылық, оқымыстылық-ай, шіркін!) рыноктық сауда туралы уставтан цитаттар — Вавилон патшасы Хаммурабидің (шамамен Христостың туғанынан 2100 жыл бұрынғы дәуір) операция жасағаны үшін дәрігерге ақы төлеу туралы заңынан бірнеше статья — герман халық правдаларындағы әйел сатып алу бағасына нарық қою туралы, көпшілігі латынша, барынша ғылыми бірнеше цитат — Индияның әулие заңшыларының шығармалары Манудан және Яйнавалькиадан* алынған, сауда правосына қатысты жеті статьяның аудармасы — Рим правосында сатып алушыны қорғау, тағысын-тағылар, тағы сондайлар, тіпті Римде бағаларды полиция арқылы тәртіпке келтірудің эллиндік үлгілеріне дейін және каролингтер заңында Римнің полициялық правосын христиандандыруға дейін бар.

Струве мырзаның еңбегін бастырып шығарған В. П. Рябушинский мырза бағаның тарихи методологиясы жөнінде тағы да екі жүздей том этюдтер мен материалдар басып шығарса, мысал үшін айтқанда, текстіне суреттер беріп және немістің ең таңдаулы библиографиялық көрсеткіштерінен үзіп-жұлып алынған Струве мырзаның ескертулерін қосып, барлық замандар мен халықтардың базарларынан суреттеме басып шығарса, қамқор кісі ретінде өз даңқын және байсалды ғалым ретінде Струве мырзаның даңқын мәңгілікке қалдырар еді деп күтуге болады. Сонда дәйекті эмпиризм салтанат құрар еді, ал саяси экономияның әр түрлі «заңдарының» елестері түтіндей сейіліп, көзден ғайып болар еді.

* С. Ф. Ольденбург мырза Струве мырзаның сұрағына жылы шыраймен жауап қайыра келіп, оған: «сіздің (Струве мырзаның) қозғаған мәселелеріңіз жөніндегі заң кітаптары, сірә, өмірді жақын бейнелеген болар»,— деп жазады. (Струве мырза еңбегінің бірінші бөлегінің II бөліміндегі 2-тараудың II бөлімшесінің 8-параграфындағы 51 b ескерту.)

X

Бұрынғы, революцияға дейінгі Россияда ғалымдарды ірі-ірі екі лагерьге: министрлікке жарамсақтанушылар лагері мен тәуелсіздер лагеріне бөлу басым болатын, оның бер жағында министрлікке жарамсақтанушылар деп тура сатқын шимайшыларды және заказ бойынша шығарма жазатындарды айтатын еді.

Патриархтық, жартылай азиаттық қатынастарға сәйкес келетін бұл дөрекі бөлу сөзсіз ескірді, ол енді архивке тапсырылуға тиіс. Россия тез европаланып келеді. Бізде буржуазия әбден дерлік пісіп-жетілді, тіпті кей жағынан алғанда тым жетіліп кетті. Буржуазияның ғалымдары үкіметке «тәуелсіз», олар заказбен мүлде жаза алмайды, олар, өздерінің шын ниетті, адал сенімі бойынша, біздің саудамыз бен өнеркәсібіміздің В. П. Рябушинский мырза тәрізді «көсемдерінің» мүдделеріне сай келетін тұрғыдан және сондай әдістермен қарап, мәселелерді шын ниеттерімен, адал зерттейді. Бүкіл дүние қарыштап алға басып кеткен біздің заманымызда көрнекті ғалымның беделіне ие болу және өз еңбектерін ресми түрде таныту дегеніміз,— мұның өзі «кантшылдықпен» жасалған бірді-екілі анықтама арқылы социализмнің мүмкін еместігін дәлелдеу деген сөз; мұның өзі оқушылар мен тыңдаушыларға марксизмді тіпті бекерге шығарып жатуға да тұрмайды деп түсіндіріп, европалық профессорлардың мыңдаған есімдері мен кітаптарының аттарын тілге тиек етіп, марксизмді құрту деген сөз; мұның өзі діни заңдарға орын тазарту үшін жалпы ғылыми заң атаулыны лақтырып тастау деген сөз; мұның өзі оқушы жастардың басын қатыру үшін оқымыстысынған ескі-құсқы мен қоқсықты таудай етіп үйіп-төгу деген сөз.

Егер мұның бәрі Германияның буржуазиялық ғалымдарынікінен анағұрлым дөрекілеу болып шықса,— оқасы жоқ. Россияның европалану жолына қайткенмен де біржола түсіп отырғанын бағалау керек қой.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰПИЯ ЖҰМЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІМШЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ[25]

Құпиялылықты сақтау жағдайларына байланысты құпия ұйымдастыру жұмысына тікелей басшылық ету үшін Орталық Комитеттің ерекше бөлімшесі құрылады.

Орталық Комитеттің барлық бөлімшелерінің жалпы жиналыстары, ерекше жасырын жағдайды сақтай отырып, екі бөлімшенің де өкілдерінің келісімімен, тек өте шұғыл реттерде ғана болады. Ал әдеттегі қарым-қатынастар өкілдігі бар жеке адамдар арқылы жүргізіледі.

Орталық Комитеттің ұйымдастыру бөлімшесі бүркемелеу үшін Жұмысшылардың кооперативтік комиссиясы деп аталады.

Бұл бөлімше 1) Петербург комитетінің жұмысына бағыт беріп отырады, оған үнемі көмек көрсетеді және сәтсіздікке ұшырап қалған ретте оны қалпына келтіреді; 2) барлық жария ұйымдарда жұмысты байланыстырып отыруға партиялық рухта қамқорлық жасайды; 3) құпия байланыстар мен шараларды бүркемелеудің ерекше жасырын формаларын іздестіреді; 4) жұмысты бүкіл россиялық көлемде біріктіріп, дұрыс қарым-қатынас орнатады және аралап тұруды ұйымдастырады; 5) негізінен 1914 жылғы авгусқа дейін партия съезін әзірлеу ісін басқарады[26].

Ұйымдастыру бөлімшесінің құрамын 3—5 адамнан, сонша немесе одан екі есе көп мөлшердегі кандидаттардан Орталық Комитеттің орыс коллегиясы белгілейді.

1914 ж. 2—4 (15—17) апрельде жазылған

Бірінші рет 1957 ж. «Вопросы истории КПСС» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ

(ЛОКАУТ ЖӘНЕ МАРКСТІК ТАКТИКА)[27]

Капиталистік қоғамда жұмысшылардың стачкалары қандай қажетті және сөзсіз құбылыс болса, локауттар, яғни өзара келісіп алған кәсіпкерлердің жұмысшылармен жаппай есеп айырысуы да нақ сондай қажетті және сөзсіз құбылыс болып табылады. Күйзеліске ұшыраған ұсақ өндірушілер мен пролетариатты өзінің бар салмағымен жаныштай отырып, капитал жұмысшылардың тұрмыс жағдайын тура аштыққа және аштан өлуге жеткізу қаупін үнемі туғызады. Ал жұмысшылар тарапынан тойтарыс берілмеуі оларды адам айтқысыз қайыршылыққа және аштықтың барлық ауыр зардабына ұшыратқандығының мысалдары барлық елдерде болды, бұған тіпті халықтар өмірінің бүтіндей бір кезеңдері де мысал бола алады.

Жұмысшылардың тойтарыс беруі тұрмыс жағдайының өзінен — жұмыс күшін сатудан туады. Жұмысшылардың күрес үстінде орасан көп құрбандыққа ұшырауына қарамастан, олар тек осы тойтарыс берудің арқасында ғана азды-көпті қалт-құлт тұрмыс дәрежесін сақтап келеді. Бірақ капитал барған сайын шоғырлана түсуде, фабриканттардың одақтары өсіп келеді, кедейлер мен жұмыссыздар саны, ал сонымен бірге пролетариаттың мұқтаждығы арта түсіп отыр, сондықтан қалт-құлт тұрмыс дәрежесі үшін күресу онан бетер қиындап барады. Соңғы жылдары тез өсіп келе жатқан тұрмыс қымбатшылығы жұмысшылардың жұмсаған барлық күш-жігерін көбіне зая кетіріп отыр.

Жұмысшы ұйымдары және ең алдымен жұмысшылардың кәсіптік одақтары пролетариат бұқарасын ұйымдасқан күреске барған сайын көптеп қатыстыра отырып, жұмысшылардың тойтарыс беруін мүмкіндігіне қарай неғұрлым жоспарлы және жүйелі тойтарысқа айналдыруда. Бұқаралық және әр алуан кәсіптік одақтар барда стачкалық күрес неғұрлым табанды күреске айналуда: стачкалар сирек болады, бірақ әрбір қақтығыс неғұрлым ірі болып келеді.

Кәсіпкерлердің локауттары күрестің шиеленісуінен туады және өз тарапынан сол күресті шиеленістіре түседі. Ал пролетариат күрес үстінде топтасып, күрес арқылы өзінің санасын да, өзінің ұйымын да, өзінің тәжірибесін де дамыта отырып, капиталистік қоғамды экономикалық жағынан толық қайта құру қажет екеніне барган сайын кәміл сеніп, толық көз жеткізіп отырады.

Маркстік тактика дегеніміз күрестің *әр алуан* тәсілдерін біріктіруден, күрестің бір тәсілінен екінші тәсіліне шеберлікпен көше білуден, бұқараның санасын ұдайы өсіріп, оның коллективтік қимылдарының өрісін үнемі кеңейтіп отырудан құралады; бұл қимылдардың әрқайсысын жеке алғанда, олар бірде шабуыл қимылы, бірде қорғаныс қимылы болады, ал бәрі біріге келіп неғұрлым терең және шешуші жанжалға әкеп соғады.

Россияда күрестің Батыс Европа елдерінде өзіміз көріп жүргендей болып дамуына,— берік және ұдайы дамып келе жатқан кәсіптік одақтардың қатысуымен жүргізілетін күрестің *мұндай* дамуына керекті негізгі жағдай жоқ.

Саяси бостандығы көптен бері бар Европадан өзгеше, бізде 1912—1914 жылдары стачкалық қозғалыс өрісі тар кәсіптік шеңберден асып түсті. Либералдар мұны *теріске шығарды,* либералдық жұмысшы саясатшылары (жойымпаздар) мұны түсінбеді немесе мұны көргісі келмеді. Бірақ факт өзін мойындауға мәжбүр етті. Жұмысшы қозғалысының *жалпы* маңызын бұлайша *лажсыз* кешігіп, жартыкеш, платондық (яғни іс жүзінде көмек көрсету арқылы емес, тек күрсіну арқылы ғана) мойындау Милюковтың Мемлекеттік думада Лена оқи-

ғасы жөнінде сұрау қойылуына байланысты сөйлеген сөзінен анық байқалды. Жойымпаздар өздерінің «стачка құмарлық» туралы, экономикалық және басқа себептерді стачкалық қозғалыста біріктіруге *қарсы* либералдық сөздері арқылы (Ежов және К° мырзалардың *мұндай* сөздері 1912 жылдан басталғанын еске түсірейік!) жұмысшылардың заңды жиіркенішін туғызды. Сондықтан жұмысшылар жойымпаз мырзаларды жұмысшы қозғалысы «қызметінен алып тастау» ісін саналы және табанды түрде жүзеге асырды.

Марксистердің стачкалық қозғалысқа көзқарасы жұмысшылар арасында ешқандай солқылдақтық пен наразылық туғызған жоқ. Және де ұйымдасқан марксистер 1913 жылдың *февральында-ақ*[28] локауттардың маңызына формальды және ресми түрде баға берген болатын (рас, либералдардың құлы болып отырған жойымпаз мырзалар көрмейтін аренада берілген болатын). 1913 жылдың февральында-ақ марксистердің формальды шешімі локауттарды және тактикада оларды *есепке алу* қажеттігін айқын түрде және жұртқа естірте көрсеткен еді. Қалай есепке алу керек? Жеке қимылдардың тиімділігін мейлінше мұқият талқылай отырып, күрестің формаларын өзгерте отырып, оның бір формасын екінші формасымен ауыстыра отырып (нақ осы ауыстыру туралы әңгіме болған!) есепке алу керек, оның бер жағында күрес формаларын *жоғарылата* беру тұрақты тенденция болып қалуға тиіс. Жоғарылатудың тарихта талай рет сыналған және тек жойымпаздарға ғана «түсініксіз», «жат» көрінетін кейбір нақты формаларын да саналы жұмысшылар өте жақсы біледі.

21 мартта, локаут жарияланған бойда, правдистер өздерінің айқын ұранын берді: қимыл жасаудың уақыты мен формаларын фабриканттардың қалауы бойынша таңдап *алмау* керек, қазір ерсуіл жасалмасын деді. Алдыңғы қатарлы пролетариат көпшілігі—өз өкілдерін Қауіпсіздендіру советіне[29] өткізген және жойымпаздардың іріткі салушылық, либералдық байбаламдарына *қарамастан* Петербург жұмысшыларының *бүкіл* жұмысын жүргізіп отырған нақ сол пролетариат көпші-

лігі дайындаған бұл ұран *олардың өз ұрандары* екенін жұмысшы одақтары мен ұйымдасқан марксистер көрді және білді.

21 марттағы: қазір ереуіл жасалмасын деген ұран күрестің бір формасын екінші формасымен *ауыстыра* алатынын,— қозғалыс формаларын өзгертулердің бәрі арқылы — оның дәрежесін жалпы көтеруге ұмтылатынын және бұдан былай да ұмтыла беретінін білген жұмысшылардың ұраны болды.

Жұмысшы қозғалысына іріткі салушылар — жойымпаздар мен халықшылдар — бұл жағдайда да жұмысшылар ісіне іріткі салуға тырыса береді; мұны жұмысшылар білді және оған күні бұрын тойтарыс беруге қамданды.

Петербург пен Россияның саналы жұмысшылары *көпшілігінің* арасына іріткі салушылардың және оның еркін бұзушылардың жойымпаздық тобы да, халықшылдық тобы да 26 мартта өз газеттеріне осы лагерьлерге дағдылы буржуазиялық пасық нәрселерді басып шығарды: халықшылдар «ұшқалақтық» туралы (халықшылдардан асқан ұшқалақ ешкім жоқ екенін саналы жұмысшылар әлдеқашаннан бері біледі) мылжыңдады (жойымпаздар бұған рақаттанып қалды), жойымпаздар либералдық сөздер сөйледі (бұл сөздер «Путь Правдының» 47-номерінде талданып, масқараланды), сөйтіп стачкаларды... тиісті, неғұрлым жоғары формалармен емес, қайта... петициялармен және «қарарлармен» ауыстыруды уағыздады!!!

Жойымпаздардың масқара-либералдық кеңестеріне құлақ аспай, халықшылдардың ұшқалақ мылжыңына құлақ аспай, алдыңғы қатарлы жұмысшылар өз жолымен жүруден айныған жоқ.

Локауттың *белгілі бір* жағдайларында стачкаларды күрестің *белгілі бір,* сол жағдайларға сай келетін неғұрлым жоғары формаларымен ауыстыру туралы бұрынғы шешімді жұмысшылар жақсы білді және дұрыс қолданды.

Локаутшылардың арандату әрекеті іске аспады. Жұмысшылардың жаулары шайқасқа итермелеген жерде, жұмысшылар шайқасқа шықпады, жұмысшылар ұйым-

дасқан марксистердің шешімін дер кезінде қолданды, сөйтіп өз қозғалысының бүкіл маңызын бұрынғыдан да жігерлі, бұрынғыдан да айқын көре отырып, бұрынғы жолмен алға басып келеді.

«Путь Правды» № 54,
4 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ БУРЖУАЗИЯНЫ БОЯМАЛАП КӨРСЕТУІ

Солшыл халықшыл мырзалар «еңбекші шаруалар» туралы құр бекер, жалпылама сөздерден, жұрттың бәрін ығыр қылған және «Коммунистік манифесті» де, «Капиталды» да білмейтіндерін көрсететін бос сөздерден *дәлме-дәл деректерге* көшсе-ақ болғаны, солшыл халықшылдардың буржуазияны боямалап көрсететіні дереу аңғарылады.

«Еңбекші шаруалар» туралы *бүкіл* теорияның буржуазиялық сипаты бос және лепірме сөздермен көлегейленеді де, фактілер арқылы және Маркстің теориясын үйрену арқылы әшкереленеді.

Таза интеллигенттік тілмен жазып жүрген Батрак мырза дейтін біреу «Стойкая Мысльдің»[30] 14-номерінде «социализм мен шаруалар» туралы былайша пайымдайды.

«Еңбек шаруашылықтары өсіп келеді»,— деп мәлімдей келіп, Батрак мырза Франция мен Германия статистикасын келтіреді. Статистика — бос және лепірме сөздермен құтылуға болмайтын, олай етсең алдағаның бірден білініп қалатын нәрсе.

Францияда «ұсақ шаруашылықтардың», яғни *5 гектардан 10 гектарға дейін* (гектар десятинадан сәл аздау) жері бар шаруашылықтардың жер көлемі өскен.

Өте жақсы, Батрак мырза! Бірақ егіншілік неғұрлым интенсивті болса, *«ұсақ»* (жер көлемі жағынан) шаруашылықтарда *жалдама еңбек* соғұрлым жиі кездесетініп сіз естімедіңіз бе? Жалдама еңбек туралы деректерді айтпай қою — буржуазияны боямалап көрсету емес пе? солай емес пе, Батрак мырза?

Неміс деректерін алайық. 5—10 гектар жері бар

652 798 шаруашылыққа 487 704 *жалдама жұмысшы* келеді. Бұл қалай? Ұсақ қожайынсымақтардың көбі жалдама жұмысшыларды қанап отыр десеңізші! Ал Францияда ше? Германияға қарағанда, Францияда жүзім өсіру неғұрлым көп тараған, мұның өзі ұсақ жер учаскелерінде *жалдама еңбектің* қолданылуын керек етеді.

«Еңбек шаруашылығы» теориясы жалдама еңбек туралы деректерді айтпау арқылы жұмысшыларды алдау теориясы болып табылады.

Батрак мырза Германияны алады. «Ұсақ және орташа» шаруашылықтар «еңбек» шаруашылықтарына жатуға тиіс (қызыл тілде сүйек жоқ қой, сондықтан кім болса соны «еңбекші» қожайын деп атай алады!). Сөйтіп, Батрак мырза «еңбек шаруашылықтарының» өсуін «ұсақ» және «орташа» шаруашылықтардың өсуінен шығарады.

Буржуазияның осы жаңадан шыққан қорғаушысының деректерін байқап көріңіздерші.

Ол 2 гектарға *дейін* жері бар шаруашылықтардан бастайды. Бұлардың саны 1882 ж.—58,03%; 1895 ж.—58,22%; 1907 ж. — 58,89% болған. Өскендік екені рас емес пе?

Ал мұның өзі жалдама жұмысшылар санының өскендігі болып табылатындығы туралы біздің «солшыл халықшыл» *үндемеген!!!*

Оның бұрмалап отырған статистикасы мынаны анық көрсетеді: 2 гектарға дейін жері бар 3 378 509 шаруашылықтың (1907 ж.) *тек* 474 915 шаруашылығы *ғана,* яғни $^{1}/_{10}$-ден (оннан бір бөлігінен) аз-ақ артығы ғана өздерінің негізгі кәсібі жағынан дербес егіншілер болып табылады. *Ал көпшілігі — жалдама жұмысшылар* (1 822 792).

3 378 509 шаруашылықтың 2 920 119 шаруашылығы, яғни орасан зор көпшілігі—*қосалқы* шаруашылықтар, мұндағы негізгі еңбек табысы егіншілік *емес.*

Мынадай сұрақ туады: *батырақтар мен күндікшілерді* — жалдама жұмысшыларды «еңбек шаруашылықтары» деп көрсету буржуазия мен капитализмді боямалап көрсету емес пе?!

«Еңбекші қожайын» деген надандық сөзсымақ бұл арада пролетариат (жалдама жұмысшылар) пен буржуазияның арасындағы кереғарлықты *бүркемелеу* үшін қызмет етпей ме?? Бұл сөзсымақ буржуазиялық теорияларды тықпалауға қызмет етпей ме??

Сонан соң. 2 гектардан 5 гектарға дейін жері бар шаруашылықтар. Бұлардың саны 1882 ж. — 18,6%; 1895 ж. — 18,29%; ал 1907 ж. — 17,57% болған. Батрак мырза осылай деп жазады.

Ал қорытынды ше? Қорытынды туралы ол *ештеңе айтпайды.*

Ал қорытынды мынау: өскендік жоқ, *азайғандық* бар. Ал дәл осы шаруашылықтардың арасында, тек осылардың арасында, *жалдайтындар* (жеке адамның еңбегін сатып алатындар) мен *жалданатындар* толық басым емес. Жалдайтындар — 411 311 (жалдама жұмысшылар саны бойынша); жалданатындар — 104 251 (мұның өзі жалданатындардың барлық саны емес, бұл арада статистика толық емес). Бәрін бірге қоссаңыз — 515 мың болады, ал мұндай шаруалардың барлығы 1 006 277 шаруашылық, демек, тіпті мұнда да жартысынан көбі не жалданады — не жалдайды!!

«Еңбек шаруашылығы» деген тәуір сөз — *жұмыс күшін сатып алу-сату* туралы деректерді *жасыру* арқылы жұмысшыларды алдау үшін қызмет етеді.

Онан әрі Батрак мырза 5 гектардан 20 гектарға дейін жері бар шаруашылықтарды алып, бұлар да өсіп келеді деп көрсетеді.

Ал жалдама еңбек ше? Бұл туралы бірде-бір сөз, бірде-бір сыбыс жоқ. «Еңбек шаруашылығының» теоретиктерін буржуазия жалдама еңбек туралы деректерді жасыруға жұмсап отыр.

Осы деректерді алайық. 5—10 гектар жері бар 652 798 шаруашылыққа (1907 ж.) 487 704 жалдама жұмысшы келеді, демек, жартысынан көбі — жалдама еңбекті қанаушылар.

10—20 гектар жері бар 412 741 шаруашылыққа 711 867 жалдама жұмысшы келеді, *яғни бәрі немесе бәрі дерлік жалдама еңбекті қанаушылар.*

Өзін «социалиспін» деп көрсетіп, *жалдама еңбекті қанаушыларды* «еңбекші қожайындарға» жатқызатын адамды қалай деп атау керек?

Марксистер талай рет түсіндіргендей, солшыл халықшылдар дегеніміз буржуазияны боямалап көрсететін, оның жалдама еңбекті қанайтынын бүркемелейтін ұсақ буржуа.

Солшыл халықшылдардың және әсіресе Батрак мырзаның буржуазиялық теорияларына біз тағы даораламыз. Ал әзірше қысқаша қорытынды шығарайық.

«Еңбек шаруашылығы» теориясы — буржуазияның жұмысшыларды алдауы, сөз арасында айта кетелік, бұл алдау жұмыс күшін сатып алу-сату туралы деректерді *жасыруға* негізделген.

Солшыл халықшыл мырзалар жалпылама алып, бетке ұстауды ұнататын «ұсақ және орташа» шаруалардың орасан зор көпшілігі шынына келгенде жұмыс күшін не сатады, не сатып алады, не жалданады, не жалдайды. «Еңбек шаруашылығы» жөніндегі буржуазиялық теория *і с т і ң* нақ осы *м ә н і н* бүркемелейді.

Пролетар ұсақ шаруаға былай дейді: сен —өзің жартылай пролетарсың; жұмысшылардың *соңынан* ер, бейнеттен құтылудың саған басқа жолы жоқ.

Буржуа ұсақ шаруаға былай дейді: сен — өзің қожайынсымақсың, «еңбекші қожайынсың». Еңбек шаруашылығы капитализм тұсында да «өседі». Сенің ісің пролетарлық іс емес, қожайындық іс.

Ұсақ қожайынсымақтың жаратылысы екі жақты: пролетарлық және «қожайындық» болып келеді.

Солшыл халықшылдар *іс жүзінде* буржуазияның ілімін қайталайды, ұсақ шаруаларды «қожайындық» жалған үміттермен *аздырады.* Міне, сондықтан да марксистер солшыл халықшылдардың ұсақ шаруаларды (және артта қалған жұмысшыларды) осылайша буржуазиялық аздыруына қарсы батыл күрес жүргізеді.

«Путь Правды» № 58,
6 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ҰЛТ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[31]

Мен біздің үкіметтің ұлт мәселесі жөніндегі саясатына тоқталғым келеді. Бізде ішкі істер министрлігінің «қарауына жататын» мәселелер саласында бұл — өте маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік дума бұл министрліктің сметасын соңғы рет талқылағаннан бері біздегі билеуші таптар Россиядағы ұлт мәселесін кезекті мәселе етіп ұсынып отыр және оның өзін барған сайын шиеленістіре түсіп келеді.

Бейлис ісі бүкіл цивилизациялы дүниенің назарын Россияға аударған үстіне аудара түсіп, біздегі үстем болып отырған масқара тәртіптерді ашып берді. Россияда заңдылыққа ұқсас нәрсенің ізі де жоқ. Еврейлерді именбей-жасқанбай және арсыздықпен қуғындау үшін әкімшілік пен полицияға не істесе де ерік берілген — қылмысты бүркеп, жасыруға дейін барлығын істеуге бола береді. Бейлис ісінің қорытындысы нақ осындай болды, бұл іс мейлінше тығыз және мейлінше құпия байланысты ашып көрсетті...*

Россия өмір сүріп отырған ойрандау жағдайы туралы айтқанда, өзімнің асыра айтып отырмағандығымды көрсету үшін «министрлерді қолдан жасайтын», ең «сенімді», ең кертартпа жазушыны, атап айтқанда, князь Мещерскийді куәлікке тартуға болады. Оның «Гражданин»[32] деген өз журналында келтірген «Киевтік орыс адамының» пікірі мынадай:

* Қолжазбаның 3 және 4-беттері жоқ. *Ред.*

«Біздің өмір жағдайымыз бізді тұншықтырып отыр: қайда барсаң да, барлық жерде заговор жөніндегі сыбыр-күбір естіледі, барлық жерде қан құмарлықтың иісі аңқиды, барлық жерде жасырын көрсетулердің иісі шығып тұр, барлық жерде өшпенділік, барлық жерде күңкіл, барлық жерде зарлау».

...Россия тыныс алып отырған саяси ауа осы. Мұндай жағдайда право, заңдылық, конституция туралы және сол сияқты либералдық аңқаулықтар туралы сөз қылу немесе ойлау — тіпті адам күлерлік нәрсе;— дұрысырақ айтқанда: егер жағдай... күрделі болмаса... адам күлерлік болар еді!

Бұл жағдайды біздің елдегі азды-көпті саналы және зерделі адамның қай-қайсысы болса да күн сайын сезіп отырады. Бірақ осы ойрандау жағдайының *мәні* жөнінде ашық айтуға бәрінің бірдей батылы бара бермейді. Бізде мұндай жағдайдың үстем болып отырғаны неліктен? Ол неліктен үстем *бола алады?* Оның себебі тек мынау ғана: тек нашар бүркенгені болмаса, ел іс жүзінде *азамат соғысы* жағдайын бастан кешіріп отыр. Кейбіреулерге бұл ақиқатты мойындау өте қолайсыз, кейбіреулер бұл құбылысқа жамылғы жапқысы келеді. Біздің либералдар, прогрессистер де, кадеттер де[33], мұндай жамылғыны нағыз «конституциялық» дерлік теориялардың қиқымдарынан құрастыруды тым жақсы көреді. Ал менің былай деп ойлауға батылым барады: халық өкілдері үшін Мемлекеттік думаның трибунасынан «өзімізді асқақтатар алдамшылықты» таратудан бетер зиянды, содан бетер қылмысты нәрсе жоқ.

Егер шындықтың бетіне тура қарап, еліміздің нашар бүркемеленген азамат соғысын бастан кешіріп отырған күмәнсыз фактісін мойындайтын болсақ, онда үкіметтің еврейлер және басқа —«үкімет» тілімен айтқаныма ғафу етіңіздер—«бұратаналар» жөніндегі бүкіл саясаты бірден түсінікті, табиғи, сөзсіз нәрсе болып шығады. Үкімет басқарып отырған жоқ, соғысып отыр.

Егер үкімет соғысу үшін «нағыз орыстық», ойрандау құралдарын таңдап алатын болса, онда мұның себебі— *оның қолында басқа құралдардың жоқ болғаны ғой.* Әркім шамасына қарай қорғанады. Пуришкевич пен оның достары «ойрандау» саясатымен болмаса, басқа-

ша қорғана алмайды, өйткені *олардың* қолында басқаша саясат жоқ. Бұл арада күрсінудің қажеті жоқ, бұл арада конституция туралы, немесе право туралы, немесе басқару жүйесі туралы сөзбен ғана құтылу сорақылық болады,— бұл арада мәселе Пуришкевич пен оның сыбайластары *табының* мүдделерінде, бұл таптың халі мүшкіл екендігінде болып отыр.

Не бұл таппен үзілді-кесілді түрде «есептесу» керек және тек сөз жүзінде ғана «есептеспеу» керек, не Россияның бүкіл саясатындағы «ойрандау» жағдайының болмай қалмайтындығын және жойылмайтындығын мойындау керек. Не бұл саясатпен келісу керек, не бұл саясатқа қарсы халықтық, бұқаралық және ең алдымен пролетарлық қозғалысты қолдау керек. Екінің бірі. Бұл арада әрі-сәрі болу мүмкін емес.

Россияда тіпті үкіметтік, яғни «үкіметтің ыңғайына» қарай әдейі көбейтіліп, өзгертілген статистиканың өзі елдің барлық халқының тек 43 проценті ғана великоростар деп есептейді. Россияда великоростар халықтың жартысынан *аз*. Тіпті малоростар немесе украиндар бізде ресми түрде, Столыпиннің *«өз»* аузымен *«бұратаналар»* қатарына қосылған. Демек, Россияда «бұратаналар» халықтың 57 проценті, яғни халықтың көпшілігі, $^{3}/_{5}$ бөлігіне жуығы, ал шынында, сірә, бестен үш бөлігінен артығырағы болу керек. Мен Мемлекеттік думаға Екатеринослав губерниясынан сайландым; мұнда халықтың басым көпшілігі украиндар. Шевченкоға құрмет көрсетуге тыйым салу үкіметке қарсы үгіт жүргізу тұрғысынан қарағанда тамаша, керемет жақсы, сирек кездесетін бақытты және сәтті шара болғаны сонша — мұнан артық үгітті көз алдыңа елестетуге де болмайды. Менің ойымша, үкіметке қарсы біздің ең жақсы социал-демократиялық үгітшілеріміздің бәрі осындай қысқа мерзім ішінде үкіметке қарсы мағынада осы шараның жеткізгеніндей айрықша табыстарға еш уақытта да жете алмаған болар еді. Бұл шарадан кейін миллиондаған-миллиондаған «тоғышарлар» саналы азаматтарға айнала бастады және Россия — «халықтар түрмесі» деген нақыл сөздің дұрыс екендігіне көзі жете бастады.

Біздегі оңшыл партиялар мен біздегі ұлтшылдардың қазір «мазепашылдарға» қарсы екілене айқайлап жүргені соншалық, біздегі әйгілі Бобринскийдің демократша тамаша ынталанып, украиндарды *Австрия* үкіметінің қысым көрсетуінен қорғауы соншалық,— тіпті Бобринский Австрия социал-демократиялық партиясына жазылғысы келіп жүрген сияқты болып көрінеді. Бірақ егер Австрияға елігу және оның саяси тәртіптерін артық көру «мазепашылдық» деп аталатын болса, онда, сірә, Бобринский «мазепашылдардың» ішіндегі ең нашары бола қоймас: өйткені Бобринский Австрияда украиндарға қысым көрсетілуі жөнінде наразылық білдіріп, шу көтеріп жүр!! Ойлап қана көріңіздерші, орыс украиндарының, тіпті мен өкілі болып отырған Екатеринослав губерниясы тұрғындарының, мұны оқығаны не естігені қандай болар еді! Егер Бобринскийдің «өзі», егер ұлтшыл Бобринский, егер граф Бобринский, егер помещик Бобринский, егер заводшы Бобринский, егер ең жоғарғы шонжарлармен («ықпалдылардың» өзімен дерлік) таныс Бобринский еврей отырықшылығының масқара межесіне де, дөрекі губернаторлардың кесірленуіне бола, еврейлерді пасықтықпен жер аударушылыққа да, мектептерден ана тілін ығыстырып шығарушылыққа да ұқсас еш нәрсе жоқ Австриядағы өзге аз ұлттардың жағдайын әділетсіз және қысымшылық жағдай деп тауып отырған болса,— онда Россиядағы украиндар туралы не айтуға болады?? Россиядағы басқа «бұратаналар» туралы не айтуға болады??

Тіпті Европадағы елдердің ішінде ең артта қалған Австриямен салыстырғанда да Россияның *артта қалғаны* жөнінде Россия «бұратаналары» арасында, яғни Россия халқының 3/5 бөлігі арасында сана-сезімді оятып отырған өздері екенін Бобринский және басқа ұлтшылдар да, сондай-ақ оңшылдар да, қалайша байқамайды екен??

Бүкіл мәселе мынада: Пуришкевичтер басқарып отырған Россияның немесе, дұрысырақ айтқанда, Пуришкевичтердің аяғы астында жапа шегіп жатқан Россия жағдайының ерекшелігі сондай — ұлтшыл

Бобринскийдің сөздері социал-демократиялық үгітті тамаша түсіндіріп, күшейте түседі.

Мәртебелі заводшы әрі помещик Бобринский, тырысқан үстіне тырыса түсіңіз: сіз, сірә, бізге австриялық украиндарды да, россиялық украиндарды да оятуға, көздерін ашуға және серпілтуге көмектесетін боларсыз!! Екатеринославта бірнеше украиннан мен мынаны естідім: Украинаны Россиядан бөлу жөнінде ойдағыдай насихат жүргізгені үшін олар граф Бобринскийге алғыс айтқан хат жолдағылары келетін көрінеді. Ал мен мұны естігенде, таңырқанған жоқпын. Мен үгіт листоктарын көрдім: бұл листоктардың бір жағында Шевченкоға құрмет көрсетуге тыйым салу жөніндегі указ бар, ал екінші жағында Бобринскийдің украиндар *пайдасына* сөйлеген сұлу сөздерінен цитаттар келтірілген... Мен оларға бұл листоктарды Бобринскийге, Пуришкевичке және *басқа* министрлерге жіберу керек деп кеңес бердім.

Егер Пуришкевич пен Бобринский Россияны демократиялық республика етіп қайта құруды жақтайтын өте жақсы үгітшілер болса, біздегі либералдар, соның ішінде кадеттер де, ұлт саясатының кейбір негізгі мәселелері жөнінде Пуришкевичтермен *өздерінің келісетіндігін* халықтан жасырғысы келеді. Жұрттың бәріне мәлім ұлт саясатын жүргізіп отырған ішкі істер министрлігінің сметасы туралы айта келіп, кадеттер партиясының ішкі істер министрлігінің принциптерімен осы *келісуіне* тоқталмай өткен болсам, онда мен өз борышымды орындамаған болар едім.

Шынында да, кімде-кім — жұмсақтау айтсақ: — ішкі істер министрлігі жөнінде «оппозицияда» болғысы келсе, ол адам бұл министрліктің кадеттер лагеріндегі *идеялық* одақтастарын да білуге тиіс екені анық емес пе.

«Речь»[34] газетінің хабары бойынша, С.-Петербургте үстіміздегі жылдың 23—25 мартында кадеттер партиясының немесе «халық бостандығы партиясының» кезекті конференциясы болған:

«Ұлт мәселелері,— деп жазады «Речь» (№ 83),— ерекше қызу... талқыланды. Киев депутаттары, бұлар-

ға Н. В. Некрасов пен А. М. Колюбакин қосылып, ұлт мәселесі дегеніміз — пісіп жетіліп келе жатқан ірі фактор, бұл факторды бұрынғыдан анағұрлым батылырақ қарсы алу қажет деп көрсетті. Алайда, Ф. Ф. Кокошкин программа да, мұның алдындағы саяси тәжірибе де «ұлттардың» саяси жағынан өзін өзі билеуінің «созылмалы формулаларына» өте сақ қарауды талап етеді деп көрсетті».

«Речь» мәселені осылай баяндайды. Бұл баяндау істің мәнін оқушылардың *азын-аулағы* ғана түсіне алатын етіп, әдейі осылай құрылғанымен, зерделі және ойлай білетін адамның қай-қайсысына да істің бұл мәні айқын көрінеді. Кадеттерге тілектес және солардың көзқарастарын жүргізіп отырған «Киевская Мысль»[35] Кокошкиннің сөзін келтіріп, оған «Өйткені мұның өзі мемлекеттің ыдырауына әкеліп соғуы мүмкін» деген дәлелді қосады.

Кокошкин сөзінің мағынасы, күмән жоқ, осындай болды. Кокошкиннің көзқарасы кадеттер арасында Некрасовтар мен Колюбакиндердің тіпті ең жалтақ демократизмін де жеңді. Кокошкиннің көзқарасы — *великоростардың* (олар Россияда азшылық бола тұрса да) пұрсаттылықтарын жақтайтын, ішкі істер министрлігімен *жең ұшынан жалғаса отырып* жақтайтын, *великорустық* либерал-буржуазиялық ұлтшылдың көзқарасы. Кокошкин ішкі істер министрлігінің саясатын «теория жүзінде» қорғады — істің мәні, істің түйіні міне осында.

Ұлттардың «саяси жағынан өзін өзі билеуіне сақ болу керек»! Мұның өзі «мемлекеттің ыдырауына әкеліп соғып» жүрмесін! — Кокошкиннің ұлт саясатының *мазмұны*, міне, осындай, мұның өзі ішкі істер министрлігі саясатының негізгі бағытына *толық сай келеді.* Бірақ Кокошкин мен кадеттердің басқа көсемдері де бала емес қой. Олар «адам сенбі үшін емес, сенбі адам үшін» деген нақыл сөзді өте жақсы біледі. Халық мемлекет үшін емес, мемлекет халық үшін керек. Кокошкин мен кадеттердің басқа көсемдері де бала емес қой. Бізде мемлекет (іс жүзінде) Пуришкевичтердің табы екенін олар өте жақсы түсінеді. Мемлекеттің тұтасты-

ғы — Пуришкевичтер табының тұтастығы. Егер Кокошкиндер саясатының дипломатиялық жамылғыларын сыпырып тастап, тура *мәніне* қарайтын болсақ, олар, міне, осының қамын ойластырып отыр.

Мұны айқын түсіндіру үшін мен бір жай мысал келтірейін. Швед помещиктерінің соғыспен қорқытып, қатты наразылық білдіргеніне қарамастан, 1905 жылы Норвегияның Швециядан бөлінгені мәлім. Жұрттың бақытына қарай, Швецияда крепостниктер Россиядағыдай құдіретті емес, сондықтан соғыс болмай қалды. Халқы аз Норвегия Швециядан, крепостниктер мен әскери партияның тілегеніндей емес, бейбіт, демократиялық жолмен, мәдениетті түрде бөлінді. Сонда ше? Мұндай бөлінуден халық ұтылды ма? мәдениет мүддeлері ұтылды ма? немесе демократия мүдделері ұтылды ма? жұмысшы табының мүдделері ұтылды ма??

Ешбір ұтылған жоқ! Норвегия да, Швеция да, Россияға қарағанда, анағұрлым мәдениетті елдердің қатарына жатады,—айта кету керек, ұлттардың «саяси жағынан өзін өзі билеуі» формуласын олардың демократиялық жолмен қолдана білгендігінен, *нақ сондықтан* осылай болып отыр. *Зорлық* байланысты үзу — ерікті экономикалық байланысты *күшейту*, мәдени жақындықты күшейту, тілі және басқасы жағынан өте жақын екі халықтың озара сыйластығын күшейту болды. Швед және норвег халықтарының бірлігі, жақындығы бөлінуден іс жүзінде *ұтып шықты*, өйткені бөліну *зорлық* байланыстардың үзілуі болды.

Бізді «мемлекет ыдырайды» деп қорқытып, ұлттардың «саяси жағынан өзін өзі билеуі» жөніндегі өте айқын және бүкіл халықаралық демократияда даусыз болып отырған формулаға «сақ болуға» шақырғанда, Кокошкиннің және кадеттер партиясының ішкі істер министрлігінің көзқарасын толық қолдайтыны осы мысалдан айқын көрінер деп сенемін. Біз, социал-демократтар, ұлтшылдық *атаулының* жауымыз және демократиялық *централизмді* жақтаймыз. Біз партикуляризмнің дұшпанымыз, экономикалық прогресс міндеттерін және пролетариаттың буржуазияға қарсы күресінің міндеттерін, *жағдайлар екі жаққа бірдей болса*, ұсақ

мемлекеттерге қарағанда, ірі мемлекеттердің анағұрлым ойдағыдай шеше алатынына біз кәміл сенеміз. Бірақ біз ерікті байланысты ғана бағалаймыз, ал зорлық байланысты еш уақытта бағаламаймыз. Ұлттар арасындағы *зорлық* байланысты көрген жердің бәрінде біз, әрбір ұлттың қайткенде де бөлінуін ешбір уағыздамай-ақ, әрбір ұлттың саяси жағынан өзін өзі билеу, яғни бөліну *правосын сөзсіз* және батыл жақтаймыз.

Мұндай *правоны* жақтау, уағыздау, мойындау — ұлттардың тең праволы болуын жақтау деген сөз, *зорлық* байланыстарды мойындамау деген сөз, қай ұлттың болсын мемлекеттік пұрсаттылығы атаулыға қарсы күресу деген сөз, әр түрлі ұлттардың жұмысшыларын толық таптық ынтымаққа тәрбиелеу деген де сөз.

Зорлық, феодалдық, әскери байланыстарды ерікті байланыстармен ауыстырудан әр түрлі ұлттар жұмысшыларының таптық ынтымағы ұтады.

Халық бостандығы дегенде біз ұлттардың тең праволы болуын басқаның бәрінен де жоғары бағалаймыз және социализм үшін...*

және великоростардың пұрсаттылықтарын жақтау. Ал біз былай дейміз: *бірде-бір* ұлттың ешқандай пұрсаттылығы болмауға тиіс, ұлттар толық тең праволы болуға тиіс және *барлық ұлттардың* жұмысшылары топтасып, бірігуге тиіс.

Бұдан он сегіз жыл бұрын, 1896 жылы, жұмысшы ұйымдары мен социалистік ұйымдардың Лондонда болған халықаралық конгресі ұлт мәселесі жөнінде шешім қабылдады; міне, нақ осы шешімнің өзі-ақ шын «халық бостандығы» жолындағы талаптар үшін де, социализм үшін де дұрыс жолдарды көрсетеді. Бұл шешімде былай делінген:

«Конгресс былай деп жариялайды: ол барлық ұлттардың өзін өзі билеуге толық правосы болуын жақтайды және қазіргі уақытта әскери, ұлттық немесе басқа да деспотизмнің езгісінен жапа шегіп отырған елдің қай-қайсысының болса да жұмысшыларына тілектестік білдіреді. Конгресс осындай барлық елдердің жұмысшыларын бүкіл дүние жүзінің саналы жұмысшыларының қатарына кіруге, сөйтіп, халықаралық капитализмді жеңу

* Қолжазбаның 25 және 26-беттері жоқ. *Ред.*

жолында және халықаралық социал-демократияның мақсаттарын жүзеге асыру жолында солармен бірге күресуге шақырады».

Россияның барлық ұлттары жұмысшыларының қатарын біріктіруге біз де шақырамыз, өйткені ұлттардың тең праволы болуына, халық бостандығына және социализм мүдделеріне тек осындай бірлік қана кепілдік бере алады.

Бесінші жыл Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын біріктірді. Реакция ұлт өшпенділігін қоздыруға тырысып отыр. *Барлық* ұлттардың либерал буржуазиясы, ал ең алдымен және бәрінен гөрі великорус буржуазиясы, *өз* ұлтының пұрсаттылығы жолында күрес жүргізіп келеді (мысалы: поляк колосы Польшадағы еврейлердің тең праволы болуына қарсы[36]),— ұлттық оқшаулану жолында, ұлттық ерекшелік жолында күрес жүргізіп отыр және сол арқылы біздің ішкі істер министрлігінің саясатына *көмектесіп отыр.*

Ал жұмысшы табы бастаған шын демократия ұлттардың толық тең праволы болуы және өздерінің тап күресінде барлық ұлттар жұмысшыларының бірігуі туын көтереді. Осы тұрғыдан біз «мәдени-ұлттық» автономия дейтінді, яғни бір мемлекет ішінде мектеп ісін ұлтына қарай бөлуді немесе мектеп ісін мемлекеттің қарамағынан алып, оны жеке-жеке құрылған ұлттық одақтарға беруді қабылдамаймыз. Демократиялық мемлекет әр түрлі облыстардың, әсіресе халқының ұлттық құрамы әр алуан облыстар мен округтердің автономиясын мойындауға тиіс. Мұндай автономия демократиялық централизмге ешбір қайшы келмейді; керісінше, үлкен және ұлттық құрамы жағынан ала-құла мемлекетте шын демократиялық централизмді тек облыстар автономиясы арқылы ғана жүзеге асыруға *болады.* Демократиялық мемлекет ана тілдерінің *толық бостандығын* сөзсіз мойындап, бір тілдің *қандай да болсын* пұрсаттылығын қабылдамауға тиіс. Демократиялық мемлекет бірде-бір облыста, қоғамдық істердің бірде-бір саласында бірде-бір ұлттың екінші бір ұлтты жаныштауына, көптігін пайдаланып өктемдік жасауына жол бермейді.

Бірақ мектеп ісін мемлекеттің қолынан алып, оны

жеке-жеке ұлттық одақтарға ұйымдасқан ұлт-ұлтқа қарай бөлу—демократия тұрғысынан да, онан да бетер пролетариат тұрғысынан да зиянды шара. Мұның өзі ұлттардың оқшаулануын нығайтуға ғана әкеп соққан болар еді, ал біз оларды жақындастыруға тырысуға тиіспіз. Мұның өзі шовинизмнің өсуіне әкеп соққан болар еді, ал біз барлық ұлттар жұмысшыларының тығыз одақтасуына, олардың шовинизм *атаулыға* қарсы, ұлттық ерекшелік *атаулыға* қарсы, ұлтшылдық *атаулыға* қарсы бірлесіп күрес жүргізуіне ұмтылуға тиістіміз. Барлық ұлттардың жұмысшыларының мектеп жөніндегі саясаты бірыңғай: ана тілінің бостандығы, демократиялық және *азаматтық* мектеп болуы.

Россияның бүкіл мемлекеттік құрылысына қарсы ойдағыдай үгіт жүргізгені үшін, Россияның демократиялық республикаға сөзсіз айналатындығы туралы *өздерінің көрнекі сабақ* бергені үшін мен Пуришкевичке, Марков 2-шіге және Бобринскийге тағы да алғыс айтумен аяқтаймын.

1914 ж. 6 (19) апрельден кешірек жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АНГЛИЯДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

«Путь Правдының» 34-номерінде Ирландияда болған қызық оқиғаларды суреттей келіп, біз өздерін консерваторлардың қорқытуына жол берген ағылшын либералдарының саясаты туралы айтқан болатынбыз*.

Бұл жолдар жазылғаннан бергі жерде жаңа оқиғалар болды; ол оқиғалар Ирландияның өзін өзі басқаруы жөнінде болған ішінара қақтығысты (либералдар мен консерваторлардың) Англиядағы жалпы конституциялық дағдарысқа айналдырды.

Консерваторлар Ирландия гөмруліне (автономиясына, өзін өзі басқаруына) қарсы Ольстерде протестанттар «көтеріліс» жасайды деп қорқытқандықтан, либералдық үкімет жұртты парламенттің еркіне көндіруге мәжбүр ету үшін әскердің белгілі бір бөлегін жіберді.

Сонымен не болды?

Ағылшын әскерінің генералдары мен офицерлері бүлік шығарды!

Олар Ольстер протестанттарына қарсы соғыспаймыз, бұл біздің «патриотизмімізге» қайшы келеді, біз отставкаға кетеміз деп мәлімдеді!

Армияны басқарып отырған помещиктердің бұл бүлігінен либералдық үкімет қатты састы. Либералдар күштердің шын арасалмағына, тап күресіне көздерін жұма қарап, өздерін конституциялық жалған үміттермен және заңдылық туралы бос сөздермен жұбатуға

* Қараңыз: Шығармалар толық 24-том, 392—395-беттер. Ред.

дағдыланған. Ал күштердің осы шын арасалмағына келсек, буржуазияның қорқақтығы салдарынан Англияда буржуазиялық тәртіпке *дейінгі* толып жатқан орта ғасырлық мекемелер және помещик мырзалардың пұрсаттылықтары сақталып келіп еді, сол күйінде қалып та отыр.

Аристократ-офицерлердің бүлігін басу үшін либералдық үкімет халықтың, бұқараның, пролетарлардың пікірін біліп алуға тиіс еді, бірақ «көзі ашық» либерал буржуа мырзалар дүниеде бәрінен гөрі нақ осыдан қорықты. Сөйтіп үкімет офицерлердің отставкаға шығу жөніндегі мәлімдемелерін қайтып алуға көздерін жеткізіп және әскердің Ольстерге қарсы қолданылмайтыны жөнінде оларға *жазбаша куәлік* беріп, бүлік шығарған офицерлердің айтқанына *іс жүзінде көнді.*

Осындай жазбаша куәлік беру (жаңаша 21 март) жөніндегі әлгі масқара фактіні халықтан жасыруға тырысып, либералдардың басшылары, Асквит, Морли және басқалар, өздерінің ресми мәлімдемелерінде нағыз адам нанғысыз және арсыз түрде өтірік айтты. Алайда шындық қайткенмен жарыққа шықты. Офицерлерге жазбаша уәде берілгені бекерге шығарылмады. Сірә, король тарапынан «қысым» жасалса керек. Әскери министр Силидің отставкаға шығуы және оның портфелі тікелей Асквиттің «өзіне» көшуі, Асквиттің қайта сайлануы, заңды құрметтеу туралы әскерге нұсқау жіберілуі — осының бәрі бастан-аяқ ресми екіжүзділік. Либералдардың конституцияны жыртқан помещиктермен икемге келу фактісі факт болып қала береді.

Бұдан соң ағылшын парламентінде бірқатар мейлінше қызу таластар болды. Консерваторлар либералдық үкіметті әбден лайықты түрде келеке етіп, оған жиіркене қарады, ал ең баяу либералдық жұмысшы саясатшыларының бірі, жұмысшылар депутаты Рамсей Макдональд, реакционерлердің іс-әрекеттеріне барынша қызу қарсы шықты. «Бұл кісілер,— деді ол,— стачкашыларға қарсы шығуға тырысып бағуға және ашу-ызға шақыруға әрқашанда әзір тұрады. Ал Ольстер туралы мәселе көтерілгенде олар өз борыштарын орындаудан бас тартады, өйткені Ирландияға автономия беру тура-

лы заң олардың таптық соқыр сенімдері мен мүдделерін қозғайды». (Ирландиядағы помещиктер—ағылшындар, ал Ирландияның өзін өзі басқаруы ирланд буржуалары мен шаруаларының өзін өзі басқаруы болғандықтан, асыл текті лорд мырзалардың тонаушылық құлқынын аз-маздап тежеу қаупін туғызады). «Бұл кісілер,— деп жалғастырды Р. Макдональд,— жұмысшыларға қарсы соғысу жөнінде ғана ойлайды, ал байлар мен меншікшілерді заңдарды құрметтеуге мәжбүр ету туралы әңгіме бола қалған күнде, олар өз борыштарын орындаудан бас тартады».

Англияның «аса құдіретті» (либерал топастар, әсіресе либерал ғалымдар осылай деп ойлап, миллиондаған рет айтып жүрген) парламентіне қарсы помещиктердің бұл бүлігінің маңызы адам айтқысыз зор. 1914 жылғы 21 март (ескіше 8 март) бүкіл дүние жүзілік-тарихи бетбұрыс күні болмақ; сол күні Англияның асыл текті лорд-помещиктері, ағылшын конституциясы мен ағылшын заңының күлін көкке ұшырып, тап күресі жөнінде тамаша сабақ берді.

Бұл сабақ Англия пролетариаты мен буржуазиясы арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін либералдардың жартыкеш, екіжүзді, жалған-реформистік саясаты арқылы бәсеңдетуге мүмкін еместігінен туды. Бұл сабақ Англияның бүкіл жұмысшы қозғалысы үшін текке кетпейді; ағылшын аристократтары бүкіл халықтың көз алдында парша-паршасын шығарған ағылшын заңы және конституциясы деп аталатын бір жапырақ қағазға деген филистерлік сенімнен жұмысшы табы енді тез-ақ арылатын болады.

Бұл аристократтар *оңшыл* революционерлерше қимылдады, сөйтіп сол арқылы тап күресінің ұнамсыз, бірақ күмәнсіз шындығын халықтың көруіне бөгет жасап келген шарттылық атаулының бәрін, бүркеніштердің бәрін жойды. Буржуазия мен либералдардың екіжүзділікпен жасырып келгендерін жұрттың бәрі көрді (бұлар қай жерде болсын және қашанда болсын екіжүзді, бірақ екіжүзділік еш бір жерде Англиядағыдай шеберлікке және сондай жымысқылыққа жете қойды ма екен). Парламенттің сағын сындыру жөніндегі заговор-

дың әлдеқашаннан-ақ дайындалғанын жұрттың бәрі көрді. Шын таптық үстемдік парламенттен *тыс* жатты және *тыс* жатыр. Көптен бері қимылсыз жатқан (дұрысырақ айтқанда: қимылсыз жатқандай сияқты көрінген) жоғарыда аталған орта ғасырлық мекемелер,— тез қимылдап, парламенттен *күштірек* болып шықты. Ал реформалар туралы және парламенттің күш-қуаты туралы жұмысшыларды жұбататын сөздер айтып жүрген Англияның ұсақ буржуазияшыл либералдары іс жүзінде қуыс кеуде, халықты ақымақ ету үшін жұмсайтын жандайшап тұлға болып шықты, ал қолында *билік* бар аристократия бұлардың тамырына бірден *«балта шапты»*.

Англиядағы заңдылық пен әлеуметтік татулықты мадақтау үшін әсіресе неміс және орыс либералдары қаншама кітап жазды десеңізші! Неміс және орыс либералдарының тарихи парызы — Англия мен Францияда тап күресінің бергені алдында құлдық ұрып бас ию және бұл күрестің нәтижелерін *«таптардан жоғары»* тұрған «ғылымның ақиқаттары» деп жариялау екені белгілі ғой. Ал шынында Англияның «заңдылығы мен әлеуметтік татулығы» ағылшын пролетариатының, шамамен алғанда, 1850 жылдардан 1900 жылдарға дейін ұйқыда болғандығының өткінші нәтижесі ғана болған еді.

Англияның монополиясы аяқталды. Дүние жүзілік бәсеке шиеленісті. Тұрмыс қымбатшылығы басталды. Ірі капиталистердің одақтары ұсақ және орташа қожайынсымақтарды жаныштап болып, барлық салмағын жұмысшыларға салды. XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі дәуірден кейін, 1830 және 1840 жылдардағы чартизмнен[37] кейін, ағылшын пролетариаты оянған үстіне ояна түсті.

1914 жылғы конституциялық дағдарыс осы ояну тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болмақ.

«Путь Правды» № 57,
10 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

БІРЛІК

Петербургте қазірдің өзінде «Борьба» журналының үш номері шықты; ол өзін «фракциялық емес» деп жариялады. Бұл журналдың негізгі бағыты — бірлікті жақтау.

Кіммен бірлікте болу керек?— *Жойымпаздармен.*

«Борьбаның» соңғы кітапшасында *жойымпаздармен бірлікті* жақтайтын екі мақала басылған.

Бірінші мақала белгілі жойымпаз Ю. Лариндікі. Бұл таяуда жойымпаздық органдардың бірінде былай деп жазған Лариннің дәл өзі:

«Капиталистік даму жолын абсолютистік қалдықтардан арылту ісі ешқандай революциясыз-ақ істеледі... Кезектегі міндет... қазіргі кезеңде жұмысшы табы «революция үшін», «революцияны күтіп» ұйымдасуға тиіс емес деген басшы идеяны қалың топтың түсінуі болып табылады...»

Ал енді келіп нақ осы жойымпаз «Борьбада» бірлікті жақтайды, сөйтіп оның *федерация* деген формасын ұсынады.

Федерация дегеніміз — тең праволы ұйымдардың келісімі. Демек, Ларин жұмысшы табының тактикасын анықтау ісінде «шұнтитылмаған ұрандар» көзқарасын ұстап отырған жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің еркін белгілі бір дәрежеде жаңағы келтірілген сөздерді жақтайтын жойымпаздардың болмашы топсымағының еркімен *теңестіруді* ұсынады. Жойымпаз Лариннің айлакерлік жоспары бойынша, жұмысшылардың

көпшілігі «Северная Рабочая Газетадағы» жойымпаз мырзалардың келісімі болғанға дейін белгілі бір әрекет жасау правосынан айрылады.

Жұмысшылар жойымпаздардың айтқанын қабылдамады, енді жойымпаз Лариннің жоспары бойынша жойымпаздар федерацияның көмегімен тағы да басшылық маңыз алуға тиіс болып отыр. Сонымен, Лариннің ұсынған федерациясы жұмысшы қозғалысы қабылдамай тастаған жойымпаздардың еркін жұмысшыларға тағы әкеліп таңуға жасалған әрекет қана болып табылады. Есіктен кіргізбесе,— деп пайымдайды жойымпаздар,— терезеден кіреміз, сөйтіп жұмысшылар көпшілігінің еркін бұлайша іс жүзінде бұзуды «федерация арқылы бірігу» деп атаймыз.

«Борьба» журналының редакциясы Ларинмен дауласады. Федерация, яғни жойымпаздар мен марксистердің *тең праволы жақтар ретінде* бірте-бірте келісім жасасуы бұл редакцияны қанағаттандырмайды.

Редакцияның тілейтіні, жойымпаздармен келісім жасасу емес, «жалпы тактикалық шешімдер негізінде» жойымпаздармен жаңадан қосылу, мұның өзі: «Путь Правдыдың» тактикалық бағыты төңірегіне топтасқан жұмысшылардың орасан зор көпшілігі *жойымпаздармен ортақ тактикада* болу үшін өз шешімдерінен *бас тартуға* тиіс деген сөз.

Саналы жұмысшылар дайындап, соңғы жылдардағы бүкіл қозғалыстың тәжірибесінде сыннан өткен тактика, «Борьба» редакциясының көзқарасы бойынша, кейін қалдырыла тұруға тиіс. Не үшін? Жойымпаздардың тактикалық жоспарларына, жұмысшылардың өздері де, оқиғалардың бүкіл барысы да айыптаған көзқарастарға орын беру үшін.

«Борьба» редакциясының жойымпаздармен бірлікті уағыздауының негізінде жатқан нәрсе — саналы жұмысшылардың еркін, шешімдерін және көзқарастарын мүлде сыйламаушылық.

Жұмысшылардың еркі айқын және анық аңғарылды. Әлі де ақылынан адаса қоймаған адамның қай-қайсысы болсын жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің қандай тактикаға тілектес екенін айнытпай айтып бере-

ді. Ал енді жойымпаз Ларин келіп былай дейді: жұмысшылар көпшілігінің еркі —мен үшін түк емес; бұл көпшілік ығысып, жойымпаздар топсымағының еркін саналы жұмысшылар көпшілігінің еркімен тең праволы және сонымен бірдей деп мойындасын.

Ал жойымпаздан соң «Борьбаның» ымырашылы келіп былай дейді: жұмысшылар өздері үшін белгілі бір тактика жасап алып, соны жүзеге асыру жолында жұмыс істеп жүр ме? Түк те емес. *Жойымпаздармен ортақ тактикалық шешімдерге келу* үшін олар өздерінің осы сыннан өткен тактикасынан бас тартсын.

Жойымпаздарға тең праволы орын беру үшін жұмысшылар көпшілігінің айқын айтылған еркін нақ осылай бұзуды «Борьба» журналындағы ымырашылдар *бірлік* деп атайды.

Ал бұл бірлік емес, қайта, бірлікті де, жұмысшылардың еркін де қорлагандық.

Марксист-жұмысшылар бірлікті бұлайша түсінбейді. Либералдық жұмысшы саясатшыларымен, жұмысшы қозғалысына іріткі салушылармен, көпшіліктің еркін бұзушылармен федерациялық та, басқа да ешқандай бірліктің болуы мүмкін емес. Барлық дәйекті марксистердің, маркстік тұтас ұйым мен шұнтитылмаған ұрандарды жақтаушылардың бәрінің жойымпаздарға тәуелсіз және олардан тыс бірлігі бола алады және болуға тиіс.

Бірлік — ұлы іс және ұлы ұран! Бірақ жұмысшы ісіне марксистердің марксизм жауларымен және марксизмді бұрмалаушылармен бірлігі керек емес, *марксистердің бірлігі* керек.

Сондықтан бірлік туралы сөз етушілердің қай-қайсысынан болса да біз былай деп сұрауға тиіспіз: бірлік кіммен жасалу керек? жойымпаздармен бе?— Онда біздің бірігіп істейтін ештеңеміз жоқ.

Ал егер әңгіме шын маркстік бірлік туралы болып отырса, онда біз былай дейміз: правдистік газеттер пайда болған күннен бастап біз марксизмнің барлық күштерін топтасуға, төменнен болатын бірлікке, практикалық жұмыстағы бірлікке шақырып келеміз.

Жойымпаздарға ешқандай жарамсақтану болмасын, тұтастықты бұзушылардың үйірмелерімен ешқандай дипломатиялық келіс сөздер жүргізілмесін,— сөйтіп барлық күш марксист-жұмысшыларды маркстік ұрандар төңірегіне, маркстік тұтас ұйым төңірегіне топтастыруға жұмсалсын. Саналы жұмысшылар өздеріне жойымпаздардың еркін әкеп таңуға тырысушылықтың қандайын болса да қылмыс деп есептейді және шын марксистердің күштерін бытыратуды да нақ сондай қылмыс деп санайды.

Өйткені бірліктің негізі—таптық тәртіпте, көпшіліктің еркін мойындауда, осы көпшіліктің қатарында және солармен тізе қосып, қоян-қолтық жұмыс істеуде. Барлық жұмысшыларды осы бірлікке, осы тәртіпке, осы қоян-қолтық жұмысқа шақырудан біз жалықпаймыз.

«Путь Правды» № 59,
12 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЮРОНЫҢ[38] ІСКЕ АРАЛАСУЫ ТУРАЛЫ ҰЙЫМДАСҚАН МАРКСИСТЕРДІҢ ПІКІРІ

Бізге Россия социал-демократтарының істеріне араласу туралы Бюроның ұсынысы жөнінде ұйымдасқан марксистердің жауабы Халықаралық бюроға келіп түсті деген хабар келді. Төменде біз осы жауаптың елеулі бөлімдерін келтіреміз.

* *
*

«Халықаралық Бюроның Мерзімді Бюллетенінің» 11-номеріне «Қосымшаны» ала отырып, Россияның ұйымдасқан марксистерінің өкілдігі жұмысшы қозғалысын қолдағаны үшін және оның бірлігін қамтамасыз ету арқылы оны күшейтуге және нығайтуға қамқорлық жасағаны үшін Халықаралық бюроға және оның Атқару комитетіне көптен-көп алғыс айтуды өзінің борышы деп есептейді.

Орыс марксистерінің арасындағы істің жағдайы қазіргі уақытта мынадай күйде болып отыр.

1907—1908 жылдардағы істің жалпы жағдайы марксистер арасында жан түршігерлік идеялық дағдарыс туғызып, ұйымдардың ыдырауына әкеліп соқты. 1908 жылы да, 1910 жылы да ұйымдасқан марксистер бұрынғы партияны жоймақ, бекерге шығармақ болған және жаңа, ашық партияны көксеген *жойымпаздар* ағымы бар екенін ресми түрде мойындаған болатын. Бұл ағым ресми шешімде үзілді-кесілді және біржолата айыпталған еді. Бірақ жойымпаздар бұл шешімдерге

бағынбай, өздерінің жікшілдік және «тұтас ұйымды» бұзатын жұмысын жүргізе берді.

1912 жылғы январьда маркстік тұтас ұйым жойымпаздарға *қарсы* қайтадан қалпына келтіріліп, жойымпаздар маркстік тұтас ұйымнан тыс деп танылды.

Сонан бері Россияның саналы жұмысшыларының басым көпшілігі 1912 жылғы январьда қабылданған шешімдер мен сонда сайланған басшы мекеме төңірегіне топтасты. Жойымпаздар мен бытыраңқы шетелдік топтар мүлде дәлелсіз әрі шындыққа жанаспайтын сансыз көп пайымдаулар таратып жүргендіктен, Россиядағы жұмысшылардың бәріне мәлім бұл фактіні объективтік фактілер арқылы растауға болады және дәлелдеу қажет:

1) Россиядағы сайлау заңы жұмысшыларды ерекше жұмысшы куриясы етіп бөледі. Бұл курия бойынша сайланған Мемлекеттік дума депутаттарының ішінде большевиктер —II Думада 47% (1907 ж.)[39], III Думада (1907—1912 жж.)[40]—50% және IV Думада (1912—1914 жж.) — 67% болды.

IV Дума сайлауы 1912 жылғы сентябрьде болды, ал қол жеткен көпшілік ($^2/_3$) ұйымдасқан марксизмнің жойымпаздықты толық жеңгенін дәлелдеді.

2) 1912 жылғы апрельде маркстік күнделікті «Правда» газеті жарыққа шықты. Жойымпаздар оған қарсы, сол Петербургте онымен бәсекеге түсетін, жікшілдік орган «Лучты» құрды. Екі жыл ішінде, 1912 жылғы 1 январьдан 1914 жылғы 1 январьға дейін, жойымпаздардың газетіне, олардың толып жатқан шетелдік топтар мен «Бунд» сияқты көмекшілерінің бәрін қосқанда, осы газеттің өз есептері бойынша, *7 5 0* жұмысшы тобы көмек берді, ал нақ сол уақыт ішінде маркстік бағыт үшін күрескен «Правда» *2 8 0 1* жұмысшы тобын өз төңірегіне топтастырды.

3) 1914 жылдың басында Петербургте Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру советі мен Астаналық қауіпсіздендіру мекемесіне жұмысшылардың аурухана кассаларынан сайлау жүргізілді. Бірінші мекемеге жұмысшылар 5 адам және 10 орынбасар, екінші мекемеге 2 адам және 4 орынбасар сайлады. Мұның екеуінде де *бүтің-*

дей «Правда» жағындағылардың тізімі өтті. Соңғы сайлауда председатель «Правда» жағындағылар — *37* адам, жойымпаздар — *7* адам, халықшылдар — *4* адам және қалыс қалғандар — *5* адам болды деп көрсетті.

Біз осы, ең қысқаша, фактіні хабарлаумен тынамыз. Бұлар Россиядағы марксистердің шын бірлігі мүлтіксіз алға басып келе жатқанын және оның саналы жұмысшылардың көпшілігін 1912 жылғы январь шешімдері негізінде топтастыруға қазірдің өзінде-ақ қол жеткізгенін көрсетеді.

Онан соң бұл документ Россия жұмысшылары көпшілігінің *еркін бұзуға* табандап әрекет жасап жүрген кейбір шетелдік топтар мен жойымпаздардың іріткі салу жұмысын сипаттауға көшеді.

Ұлттық топтарды қоспағанның өзінде, қазір шетелде, партиялықтар мен жойымпаздардан өзге, кемінде *бес* бөлек *орыс* социал-демократиялық топтары жұмыс істейді. Толық екі жыл ішінде, 1912 және 1913 жылдары, осы шетелдік топтардың Россиядағы жұмысшы қозғалысымен байланысы туралы объективтік деректердің еш жерде ешбір елесі де табылған жоқ. 1912 жылғы августа жойымпаздар «Август блогы» дейтінді құрды; сөз арасында айта кетейік, бұған Троцкий, Бунд және латыш социал-демократиясы кірді. Іс жүзінде жойымпаздарды бүркемелеген бұл «блоктың» жалғандығы әлдеқашан-ақ көрсетілген. Қазір бұл «блок» біржола күйреді: латыш социал-демократиясының 1914 жылғы февраль конгресі өз өкілдерін блоктан шақыртып алу керек деп қаулы алды, өйткені бұл блок жойымпаздардан іргесін аулақ салмады. 1914 жылғы февральда Троцкий де өз тобының журналын құрды, ол мұнда өзінің бірлік туралы *лепірмелерін* Август блогынан өзінің *бөлініп шыққандығымен* нығайтады!

Қазіргі уақытта «Август блогының» өкілі болып отырған «Ұйымдастыру комитеті» нағыз жалған нәрсе, сондықтан бұл жалған нәрсемен ешқандай қарым-қатынас жасау мүмкін емес екені өзінен-өзі түсінікті. Егер жойымпаздар «бірлік» туралы және «тең праволылық» туралы сөз қылатын болса, онда мынаны атап көрсету керек: бірлікті жақтаушылардың бастапқы

ісі — жұмысшылардың топтасқан орасан зор көпшілігіне іріткі салудан бас тарту және «тұтас ұйымды» бұзушы жойымпаздардан үзілді-кесілді аулақ болу. Жойымпаздардың «бірлік» туралы айтқан сөздері — Россиядағы жұмысшылар көпшілігінің шын бірлігін мазақ еткендік болып табылады, егер Франциядағы «Аллеман-Камбиэ партиясы» немесе Германиядағы «PPS» бірлік туралы сөз еткен болса, бұл да нақ сондай болар еді.

Бұдан соң авторлар «Август блогы» мен жойымпаздардың «Ұйымдастыру комитетінің» бастан-аяқ жалған нәрсе екенін және Россияның социал-демократиялық жұмысшыларының топтасқан көпшілігі жөнінде олардың іріткі салып жүрген күллі әрекетін әділ коллегиум арқылы Интернационал алдында әшкерелеу үшін, Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінен барлық күшті салып, «талас мәселелер жөнінде социал-демократияның барлық фракциялары арасында пікір алысу ісін» тездетуді қатты сұрады (Халықаралық бюроның 1913 жылғы декабрь сессиясының қарары).

«Путь Правды» № 61,
15 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҰЛТТЫҚ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҚ

«Путь Правдының» (28 марттағы) 48-номерінде Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы ұлттардың тең праволылығы туралы заң жобасын, немесе, оның ресми атымен атағанда,—«Еврейлердің праволарына шек қоюдың бәрін және шыққан тегіне немесе қандай да бір ұлтқа жататынына байланысты шек қоюшылық атаулының бәрін жою туралы заң жобасын»* жариялады.

Тіршілік үшін, бір тілім нан үшін болып жатқан күрестен туатын тынышсыздықтар мен қолайсыздықтардың қақ ортасында жүрген орыс жұмысшылары Россияны мекендеуші нешеме ондаған миллион «бұратаналарды» жаныштап отырған ұлттық езгі туралы ұмыта алмайды және ұмытпауға тиіс. Үстем ұлт — великоростар — империяның барлық халқының 45 процентіне жуығы. Әрбір 100 тұрғынның 50-ден астамы «бұратаналар».

Ал осы орасан көп халықтың күллісінің тұрмыс жағдайы адам төзгісіз халде, орыс адамдарының тұрмыс жағдайынан әлдеқайда нашар.

Ұлттарды езу саясаты деген — ұлттарды *бөлшектеу* саясаты. Ол сонымен бірге халық санасын үнемі *аздыру* саясаты. Қаражүздіктердің барлық есебі түрлі ұлттардың мүдделерін бір-біріне қарама-қарсы қоюға, қараңғы және езілген бұқараның санасын уландыруға

* Қараңыз: осы том, 17—19-беттер. *Ред.*

негізделген. Кез келген қаражүздік газетсымақты алып қараңызшы, сонда сіз «бұратаналарды» қудалау, орыс шаруасы, орыс мещаны, орыс қолөнершісі мен еврей, фин, поляк, грузин, украин шаруасы, мещаны, қолөнершісі арасында өзара сенімсіздікті қоздыру әрекеттерін көресіз,— бүкіл қаражүздік қарақшылардың күн көріп отырған қорегі, міне, осы.

Ал жұмысшы табына *бөлектену керек емес, бірігу* керек. Оған қараңғы бұқара арасына дұшпандар таратып жүрген дүлей ұғымдар мен соқыр сенімдерден қатерлі жау жоқ. «Бұратаналарды» езу — таяқтың екі басы секілді. Бір басы «бұратанаға» тисе, екіншісі орыс халқына тиеді.

Сондықтан да жұмысшы табы ұлттарды езудің қандайына болса да мейлінше үзілді-кесілді қарсы шығуға тиіс.

Жұмысшы табының назарын бұратаналарды қуғындауға аударуға тырысып жүрген қаражүздіктердің үгітіне ол өзінің толық тең праволылықтың қажеттігі жөніндегі, қай ұлттың болса да қайсы бір пұрсаттылығынан толық және біржола бас тарту жөніндегі сенімін қарама-қарсы қоюға тиіс.

Қаражүздіктер еврейлерге қарсы өрекше өшпенді үгіт жүргізіп келеді. Пуришкевичтер өздерінің барлық күнәсы үшін еврей халқын айыпты етпекші.

Сондықтан да РСДЖФракциясының өзінің заң жобасында *еврейлердің* правосыздығына басты орын беруі мейлінше дұрыс.

Мектеп те, баспасөз де, парламенттік трибуна да — міне, осының бәр-бәрі еврейлерге қарсы қара түнек, айуандық, ызалы өшпенділік туғызу үшін пайдаланылады.

Бұл қара ниетті, арамза іспен қаражүздіктердің сілімтіктері ғана шұғылданып жүрген жоқ, онымен реакцияшыл профессорлар да, ғалымдар да, журналистер де, депутаттар да айналысып жүр. Халықтың санасын уландыруға миллиондаған, миллиардтаған сом ақша жұмсалып келеді.

РСДЖФракциясының ұлттық езгіге қарсы заң жобасын он мыңдаған пролетарлардың қол қойып, мәлімде-

ме жасап, мақұлдауына жету — *орыс* жұмысшыларының абыройлы ісі... Мұның өзі ұлт айырмашылықтарына қарамастан, Россияның барлық жұмысшылары арасындағы *толық* бірлік пен қосылуды бәрінен де гөрі жақсырақ нығайтады.

«Путь Правды» № 62,
16 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ ЛАТЫШ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Ұйымдасқан барлық латыш жұмысшыларының жойымпаздықты айыптап, маркстік бағытты жақтаған таяудағы шешімі «Август блогына» үзілді-кесілді соққы берді, сөйтіп барлық пролетарлық элементтердің ерте ме, кеш пе әйтеуір жойымпаздардан қол үзетінін көрсетті. «Северная Рабочая Газета» осы қолайсыз фактіден барлық күшін сала «ақталуға» тырысуда. Бұл ауыр міндетті Л. М. мен Ф. Д. қолға алып отыр.

Жойымпаздар шығарған ұсақ ұрыс-керіске біз жауап беріп жатпаймыз. Бұл арада бізге істің ұйымдық-саяси мәні бар жағы ғана маңызды.

Жойымпаздар былай дейді: жақсы, латыш марксистері «Август блогынан» кетсін-ақ, бірақ олар «лениншілдерге» де қосылған жоқ қой.

Өте дұрыс, мырзалар! Латыш марксистері шынында да *бейтарап* қалды. Латыш шешімдері жөніндегі өзіміздің бастапқы мақалаларымызда-ақ біз былай дедік: латыштар *алғашқы ғана қадам* жасады, олар, жалпы айтқанда, *ымырашылдар* ретінде қимыл көрсетті*.

Бірақ бұдан қандай қорытынды шығатынын жойымпаздар ойлады ма екен?

Егер латыштар шынында да ымырашылдар болса, егер олар қайткен күнде де бірлікті жақтаушылар болса, егер олар ұйымдық күресте бейтарап болса, *онда* ымырашыл пиғылдағы латыш марксистерінің жойым-

---

* Қараңыз: осы том, 23—28, 29—32-беттер. *Ред.*

паздыққа берген саяси бағасы *жойымпаздарға соғұрлым ауыр соққы болып тиеді.*

Ал бұл баға — саяси жағынан әбден айқын және тура берілген баға. *Жойымпаздық дегеніміз пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізудің көрінісі болып табылады* дейтін бұрынғы шешімді латыш жұмысшылары үзілді-кесілді қуаттады. Олар: жойымпаздармен бірігудің мәнісі—«идеялық-саяси жағынан жойымпаздарға тәуелді» болу деген сөз деп мәлімдеді.

Рас, Л. М. және Ф. Д. мырзалар, латыштар шынында да бейтарап қалды, рас, олар «ымырашылдық» үміттерден әлі арылған жоқ, рас, олар өз позициясынан шығатын нақты қорытындылардың бәрін әлі жасап болған жоқ, рас, олар сіздерді қорғаушы топтарға әлі де тым жұмсақ қарады. Бірақ нақ осы жұмсақ және бейтарап адамдар сіздердің жойымпаздық бағыттарыңыз жұмысшылардың артта қалған топтарына *буржуазияның* ықпал жасауын бейнелейді деп мәлімдеді.

Латыштардың шешімдерін бағалауда жойымпаздардың қаншалықты адам күлерліктей болып шатасқаны еврей жойымпаздарының «Цайт»[41] газетіндегі мақалалардан көрінеді. Мұнда Ионов мырза ұзақ-ұзақ мақалаларында былай дейді: «латыш жолдастар жікке бөлінуді жақтамайды, қайта, олар мұндай тактикаға мейлінше қарсы адамдар».

Тап сол автор тағы да былай деп мәлімдейді: «қарардың (латыштар қарарының) жалпы рухы лениндік рух екенінде ешбір күмән жоқ. Ол (қарар) жойымпаздыққа өшпенділік көзқарас негізіне, оған қарсы күрес жүргізу қажеттігін мойындау негізіне құрылған» («Цайт» № 14).

Жойымпаз мырзалар, өзара келісіп алыңыздар да, екінің бірін жазыңыздаршы.

Жойымпаздар латыштарды әлі де болса *бір қадам кейін* жойымпаздыққа қарай шегінеді деп үміттенеді. Біз оларды ілгері — орыс марксистерінің позициясына қарай бір қадам алға басады деп сенеміз. Кімнің сенімі ақталатынын тірі болсақ көреміз. Біз мұны латыш және бүкіл россиялық жұмысшы қозғалысының

барысы шешеді деп, асып-саспай-ақ тапсырамыз. Ал қазіргі кезеңде бір нәрсеге қол жетіп отыр: латыштар «Август блогына» өлтіре соққы берді, жойымпаздықты буржуазиялық ағым деп таныды.

Латыштардың социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуі жайындағы шешімі жөнінде бірер сөз айта кетелік. Латыштардың шарттарын өздерінің қабылдайтын-қабылдамайтыны туралы мәселеге 6 жойымпаз депутат тура жауап берген жоқ. Олар Ф. Д. мырзаның көмегімен, кәдімгідей, жұртты «алдап соғуға» тырысады. Олардың мұнысынан түк шықпайды.

Ф. Д. мырзаның «дәлелдеріне» қарап көріңіздерші. Оған Ягелло партиясымен бірігуге қарсы 1908 жылғы шешім (латыштар *қуаттаған* шешім) дерекке келтіріледі. Ал ол екінші думалық фракцияға... литван социал-демократтары қабылданғандығына сілтеумен жауап береді. Мұндағы «сәл» айырмашылық мынада ғана: российялық марксистер литвандармен *бірігу* керек деп әлденеше рет қаулы алды, ал ППС-пен *бірікпеу* керек деп қаулы етті, өйткені бұл маркстік партия емес. Айырма мынада: литван депутаттары Думаға барлық жергілікті социал-демократтардың толық қолдауымен өтті, ал Ягелло поляк социал-демократтарына *қарсы,* жұмысшы сайламшыларының көпшілігіне *қарсы* өтті.

Латыштар жойымпаздықты *буржуазиялық* ағым деп айыптаған 1908 және 1910 жылдардағы бүкіл российялық шешімдерді мойындауды бірліктің шарты етіп қойды. Бұл шартты Чхеидзе фракциясы қабылдай ма? Бұл жөнінде оның қорғаушысы Ф. Д. мырза не айтады? Ол тек қана былай дейді: «орынның жеткіліксіз болуы біздің (яғни оның)» бұл бүкіл российялық шешімдерге «тоқталуымызға мүмкіндік бермейді».

Жарайды, жалпы маркстік тұтас ұйымның жойымпаздықты буржуазиялық ағым деп таныған 1908 және 1910 жылдардағы шешімдеріне «Северная Рабочая Газетаның» қалай қарайтыны туралы, түбінде, бір жауап беруі үшін, бұл газетте көбірек орын босағанша күте тұралық.

Ал жұмысшылар жойымпаздардың бұл бұлталағынан, күмән жоқ, өз қорытындыларын шығарады, сөйтіп марксизм ісі үшін бұл адамдардың — өлі жандар екеніне көздерін жеткізеді.

«Путь Правды» № 62,
16 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ДЕРЕВНЯДАҒЫ КРЕПОСТНИКТІК ШАРУАШЫЛЫҚ

Орыс деревнясында крепостниктік шаруашылықтың әлі күнге дейін шексіз кең қолданылып келе жатқанын біздің либералдар ешбір мойындағысы келмейді. Крепостниктік тәртіп әлі тірі. Өйткені, қарызға ақша немесе арендаға жер алу арқылы кіріптарлыққа түскен жартылай қайыршы шаруа өзінің жаман-жәутік көлігімен және құралдарымен помещикке жұмыс істейтін болса, онда мұның өзі крепостниктік шаруашылықтың экономикалық мәні болып табылады.

Капитализм тұсында жұмысшының жері де, еңбек құралдары да болмайды. Крепостниктік шаруашылық тұсында қаналушы қызметкердің жері де, еңбек құралдары да болады, бірақ мұның бәрі оны қайтсе де кіріптарлыққа түсіру үшін, оны «помещик-баринге» *бекіту* үшін қызмет етеді.

Енді келіп, помещиктік меншікке *құрметпен қарауды* уағыздаумен аты шыққан «Русская Мысль»[42] журналының марттағы кітапшасында шындық *байқаусыз айтылып кеткен.*

«Біздің ғасырымызда, электр мен аэропландар ғасырында,— деп оқимыз біз одан,— қыста жалданулар барып тұрған сорақылық емес пе? Ал құлдық пен кіріптарлықтың бұл түрі шаруа денесіндегі сүлік ролін атқарып, күші бүгінге дейін өркендеп келеді.

Қыста жалданулар — Русь еліндегі таңырқарлық және өзгеше құбылыс. Олар «міндеткер» шаруалар деген крепостниктік терминді тап-таза күйінде сақтап отыр».

Мұны қайдағы бір «солшыл» орган жазып отырған жоқ, контрреволюцияшыл либералдардың журналы жазып отыр!

1913 жылдың көктемі жайындағы жергілікті мәліметтер бойынша, «міндеткер» үйлердің саны, мәселен, Чернигов губерниясында кейде 56 процентке, яғни барлық үйлердің *бестен үш бөлігіне* дейін жетеді. Ал қыста жалданғанда шаруа істеген жұмысы үшін ақыны жаздағыдан *екі есе және үш есе* аз алады.

Біз шаруалардың тап-таза крепостниктік кіріптарлығы мен дауасыз қайыршылығын көріп отырмыз — мұның өзі отрубтардың, шөп егудің, машиналарды қолданудың және т. с. кейбір аңқау адамдарды соншама қуантып отырған «прогрестерімен» қатар өмір сүріп отыр. Шаруалар бұқарасының адам айтқысыз қайыршылығы мен кіріптарлығы сақталып отырғанда, бұл прогрестер іс жүзінде шаруалардың жағдайын сөзсіз нашарлатады, дағдарысты болмай қоймайтындай етіп шиеленістіреді, осы заманғы капитализмнің талаптары мен варварлық, орта ғасырлық, азиаттық «қыста жалдану» арасындағы қайшылықты өршітеді.

Жарма-жарылық, өнімнің жартысын алатын болып жер ұқсату немесе әрбір үш шөменің бірін алатын болып («үштен біріне») шөп шабу дегендер де крепостниктік тәртіптің тікелей қалдығы болып табылады. Россияның әр түрлі аудандары бойынша және ең жаңа деректерге қарағанда, шаруалардың жарма-жарылықпен ұқсататын жерінің көлемі шаруалардың меншікті жерлерінің 21—68 процентіне жетеді. Ал жарма-жарылықпен шабылатын пішендіктердің көлемі бұдан да көп: шаруалардың меншікті жерінің 50 процентінен 185 процентке дейін барады!..

«Кейбір реттерде,— деп оқимыз біз байсалды-либералдық журналдан,— жер ақысын өнімнің жартысымен, ал шабындық ақысын шөптің үштен екісімен төлей отырып, жарма-жарышы көбінесе өз атымен немесе жас өспірім баласымен экономияда 1—2 апта *тегін жұмыс істеуді* міндетіне алады».

Крепостниктік праводан мұның қандай айырмасы бар? Жерді помещиктен жарма-жарыға алып, шаруа оған ақысыз жұмыс істейді!

Біздің либералдар «шаруа мәселесін» қашан да болсын шаруалар «жерінің аздығы» немесе олардың тұрмысын «мемлекеттік жағынан орналастыру» қажеттігі, не болмаса белгілі бір «норма» бойынша оларға жер беру тұрғысынан қарайды (халықшылдардың да осындай әдеті бар). Мұндай көзқарас түбірінен теріс. Мәселе шаруашылықтың крепостниктік қатынастары негізіндегі тап күресі туралы болып отыр, тек осы ғана. Помещиктердің қазіргі жер иелігі сақталып отырғанда, кіріптарлықтың, крепостниктік тәртіптің және, «Русская Мысльдің» айтқанындай, құлдықтың сақталуы *сөзсіз*. Бұл арада ешқандай «реформалар» және ешқандай саяси өзгерістер көмектесе алмайды. Бұл арада әңгіме «прогресс» атаулының бәрін тасбақаның жүрісіндей ілбітетін, шаруалар бұқарасын басып-жанышталған және «баринге» маталған қайыршыларға айналдыратын таптың жер иелігі туралы болып отыр.

Бұл арада әңгіме «тұтыну» немесе «өндіру» нормасы туралы болып отырған жоқ (мұның бәрі халықшылдық мылжың), «жердің аздығы» туралы, «жер беру» туралы болып отырған жоқ,— капиталистік елдің дамуына бөгет жасап отырған таптық крепостниктік тәртіп езгісін жою туралы сөз ету керек. Белгілі «мәтелді»—саналы орыс жұмысшыларының «китін» түсінуге осындай, тек осындай жолмен ғана жетуге болады.

«Путь Правды» № 66, 20 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІНІҢ ӨТКЕН ДӘУІРІНЕН

Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихы демократиялық және социалистік қозғалыстың тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан, жұмысшы баспасөзінің әзірленуі мен шығуы басқаша бір жолмен жүрмей, неліктен осы жолмен жүргенін азаттық қозғалысының басты кезеңдерін білгенде ғана анық түсінуге болады.

Россиядағы азаттық қозғалысы, орыс қоғамының сол қозғалыста өз ізін қалдырған басты-басты үш табына сәйкес, негізгі үш кезеңнен өтті: 1) дворяндық дәуір, шамамен 1825 жылдан 1861 жылға дейін; 2) әртектілік немесе буржуазиялық-демократиялық дәуір, шамасы 1861 жылдан 1895 жылға дейін; 3) пролетарлық дәуір, 1895 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

Дворяндық дәуірдің аса көрнекті қайраткерлері декабристер мен Герцен болды. Ол кезде, крепостниктік право тұсында, жұмысшы *табын* крепостной, правосыз, «төменгі», «қара» *сословиенің* жалпы бұқарасынан бөліп шығару туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Ол кезде жұмысшы баспасөзінің (пролетарлық-демократиялық немесе социал-демократиялық баспасөздің) ізашары Герценнің «Колоколы»[43] бастаған жалпы демократиялық, цензурасыз баспасөз болды.

Декабристердің Герценді оятқаны сияқты, Герцен мен оның «Колоколы» да *әртектілердің* оянуына жәрдемдесті; бұлар — дворяндарға емес, чиновниктерге, мещандарға, көпестерге, шаруаларға жататын либерал-

дық және демократиялық буржуазияның білімді өкілдері еді. Біздің азаттық қозғалысымызда әртектілердің дворяндарды толық ығыстырып шығаруының ізашары сонау крепостниктік право тұсында В. Г. Белинский болды. Белинскийдің әдеби қызметіне қорытынды жасаған оның атақты «Гогольге хаты»[44] цензурасыз демократиялық баспасөздің ең жақсы шығармаларының бірі болды, оның осы күнге дейін орасан зор, жан-жақты маңызы бар.

Крепостниктік правоның құлауы жалпы азаттық қозғалыстың және әсіресе демократиялық, цензурасыз баспасөздің бұқаралық, басты қайраткері болып табылатын әртектінің шығуына жағдай жасады. Әртектінің көзқарасына сай келетін үстем бағыт халықшылдық болды. Қоғамдық ағым ретінде ол оңшыл либерализм мен солшыл анархизмнен еш уақытта қол үзіп кете алмайтын еді. Бірақ Герценнен соң халықшылдық көзқарастарды дамытқан Чернышевский, Герценге қарағанда, зор қадам алға басты. Чернышевский анағұрлым дәйекті және жауынгер демократ болды. Оның шығармаларынан тап күресінің рухы есіп тұрады. Ол либерализмнің опасыздықтарын әшкерелеу бағытын батыл жүргізді; оның бұл жолын кадеттер мен жойымпаздар осы күнге дейін жек көреді. Өзінің утопиялық социализміне қарамастан, ол капитализмді мейлінше терең сынаушы болды.

60-жылдар мен 70-жылдар заманында айбынды демократиялық және утопиялық-социалистік мазмұнды баспасөздің «бұқараға» тарай бастаған бірқатар цензурасыз шығармалары болды. Ал сол заманғы қайраткерлердің ішінен жұмысшылар Петр Алексеев, Степан Халтурин және басқалары аса көрнекті орын алады. Бірақ пролетарлық-демократиялық ағым халықшылдықтың жалпы тасқынынан бөлініп шыға алмады. Оның бөлініп шығуы орыс марксизмінің бағыты идея жағынан анықталып («Еңбекті азат ету» тобы, 1883 ж.), социал-демократияға байланысты үздіксіз жұмысшы қозғалысы басталғаннан кейін ғана (1895—1896 жылдардағы Петербург стачкалары) мүмкін болды.

Бірақ Россиядағы жұмысшы баспасөзі басталатын нақ осы кезеңге көшпестен бұрын, белгіленген үш тарихи дәуірдегі қозғалыстар арасындағы *таптық* айырмашылықты анық көрсететін деректерді келтірейік. Бұлар—мемлекеттік (саяси) қылмыстары үшін жазаға тартылған адамдардың сословиелері мен кәсіптеріне (таптарына) қарай бөлінуі туралы деректер*. Осындай әрбір 100 адамның ішінде:

	дворяндар	мещандар мен шаруалар	шаруалар	жұмысшылар	интеллигенттер
1827—1846 жж.	76	23	?	?	?
1884—1890 »	30,6	46,6	7,1	15,1	73,2
1901—1903 »	10,7	80,9	9,0	46,1	36,7
1905—1908 »	9,1	87,7	24,2	47,4	28,4

Дворяндық, крепостниктік дәуірде (1827—1846) халықтың болмашы азшылығы ғана болған дворяндардан «саяси қылмыстылардың» орасан көпшілігі (76%) шықты. Халықшылдық, әртектілік дәуірде (1884—1890 жж.; 60-жылдар мен 70-жылдар туралы, амал не, мұндай деректер жоқ) дворяндар екінші қатарға шегінеді, бірақ сөйтсе де проценті әлі зор (30,6%) болған. Демократиялық қозғалысқа қатысушылардың басым көпшілігі (73,2%) интеллигенциядан шыққан.

1901—1903 жылдар дәуірінде, атап айтқанда, маркстік тұңғыш саяси газет — *ескі* «Искра»[45] дәуірінде, жұмысшылар (46,1%) интеллигенциядан (36,7%) *басым* болды, қозғалыс толық демократияланды (дворяндар 10,7%, «пұрсаттылығы жоқтар» 80,9%).

Алдын ала айта кетелік, алғашқы бұқаралық қозғалыс дәуірі (1905—1908) шаруалардың (9,0 проценттен 24,2 процентке көтерілді) интеллигенцияны (36,7 проценттен 28,4 процентке түсті) ығыстыруы түрінде *ғана* өзгеріс болғанын көрсетеді.

Россияда социал-демократияның негізін салған «Еңбекті азат ету» тобы болып табылады; ол 1883 жылы шетелде құрылды. Бұл топтың шетелдерде цензурасыз

* Қараңыз. Шығармалар толық 23-том, 439—442-беттер. *Ред.*

басылып шыққан әдеби шығармалары марксизм идеяларын ең алғаш рет жүйелі түрде және барлық практикалық қорытындыларымен қоса баяндай бастады; бүкіл дүние жүзінің тәжірибесі көрсеткеніндей, тек осы идеялар ғана жұмысшы қозғалысының мәні мен оның міндеттерін дұрыс көрсетеді. 12 жыл ішінде, 1883 жылдан 1895 жылға дейін, Россияда социал-демократиялық жұмысшы баспасөзін құрудың бірден-бір дерлік әрекеті 1885 жылы Петербургте социал-демократиялық «Рабочий» газетін шығару болды; ол, әрине, цензурасыз газет еді, бірақ оның тек 2 номері ғана шықты. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының болмауы жұмысшы баспасөзінің кең өріс алуына мүмкіндік бермеді.

1895—1896 жылдардан бастап, атақты Петербург стачкаларынан бергі жерде, социал-демократия қатысқан бұқаралық жұмысшы қозғалысы басталды. Дәл осы кезең— сөздің шын мағынасында Россияда жұмысшы баспасөзі пайда болған уақыт. Ол кезде жұмысшы баспасөзінің басты шығармалары цензурасыз листоктар болатын, бұлар көбінесе тасқа басылмай, гектографқа басылатын және «экономикалық» (сондай-ақ экономикалық емес те) үгітке, яғни әр түрлі фабрикалардағы және өнеркәсіп салаларындағы жұмысшылардың мұқтаждары мен талаптарын баяндауға арналатын. Әлбетте, мұндай әдебиетті құрастыру және тарату ісіне алдыңғы қатардағы жұмысшылар барынша белсеніп қатыспаса, ол әдебиет өмір сүре алмаған болар еді. Сол кезде қимыл көрсеткен Петербург жұмысшыларынан Василий Андреевич Шелгуновты атауға болады, ол кейін көзінен айрылып, бұрынғыдай белсенді қимыл жасауға мүмкіншілігі болмай қалды; сонан соң жалынды «искрашыл» (1900—1903) және «большевик» (1903—1905) Иван Васильевич Бабушкинді атауға болады, ол 1905 жылдың аяғында немесе 1906 жылдың басында Сибирьдегі көтеріліске қатысқаны үшін атылып кетті.

Листоктарды 1895 жылдың аяғынан бастап көпшілігі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп атала бастаған социал-демократиялық топтар, үйірмелер, ұйымдар шығарды. 1898 жылы жергілікті со-

циал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің съезі «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын»[16] құрды.

Листоктардың ізінше жұмысшылардың цензурасыз газеттері шыға бастады,— мысалы, 1897 ж. С.-Петербургте «СПБ. Рабочий Листок»[47] шықты және сол С.-Петербургте «Рабочая Мысль» шықты, ол көп ұзамай шетелге көшірілді. Осы кезден бастап жергілікті социал-демократиялық газеттер революцияға дейін үздіксіз дерлік цензурасыз өмір сүрді,—әлбетте, ұдайы талқандала берді, бірақ Россияның барлық түкпірлерінде қайта-қайта шығып отырды.

Сол кездегі, яғни бұдан 20 жыл бұрынғы, жұмысшы листоктары мен социал-демократиялық газеттердің бәрін қосқанда, олар осы күнгі жұмысшы баспасөзінің тура, тікелей ізашары болып табылады: жұмысшы баспасөзінде тап сол фабрикалық «әшкерелеу», тап сол «экономикалық» күрес хроникасы, тап сол жұмысшы қозғалысының міндеттерін марксизм мен дәйекті демократизм тұрғысынан принципті түрде жазып отыру,— ақырында келіп, *тап сол негізгі екі бағыт,* марксттік бағыт пен оппортунистік бағыт болып келді.

Осы күнге дейін әлі жеткілікті бағаланбай келген тамаша факт мынау: Россияғ *бұқаралық* жұмысшы қозғалысы туысымен-ақ (1895—1896 жылдар), маркстік бағыт пен оппортунистік бағытқа бөліну дереу пайда болды,— бұл бөліну өз түрін, бейнесін, т. т. өзгертіп келді, бірақ мәні жағынан 1894 жылдан 1914 жылға дейін баз-баяғы күйінде қалды. Олай болса, социал-демократтар арасындағы ешқандай басқаша бір түрде емес, дәл осылайша бөлінудің және ішкі күрестің әлеуметтік, таптық терең тамырлары бар екені анық.

Жоғарыда аталған «Рабочая Мысль» сол кездегі *оппортунистік* бағыттың, «экономизм» дегеннің өкілі болды. Жұмысшы қозғалысының жергілікті қайраткерлері арасындағы таластарда бұл бағыт 1894—1895 жылдарда-ақ шығарылды. Ал орыс жұмысшыларының озаты 1898 жылдың өзінен бастап-ақ социал-демократиялық әдебиеттің мейлінше көркеюіне жеткізген шетелдерде «экономистердің» пайда болып, топтасуы 1900

жылдың көктемінде жікке бөлінумен барып бітті (яғни «Искраның» шығуынан бұрын; оның бірінші номері 1900 жылдың ең аяғында шықты).

1894—1914 жылдардағы жиырма жыл ішіндегі жұмысшы баспасөзінің тарихы дегеніміз — орыс марксизмі мен орыс (дұрысы: россиялық) социал-демократиясындағы екі бағыттың тарихы. Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихын *түсіну* үшін баспасөздің әр түрлі органдарының аттарын біліп қана қою жеткіліксіз, бұл аттар осы заманғы оқушыны адастырғаннан басқа, оған ештеңе айтып бере алмайды, қайта, одан гөрі, социал-демократияның әр түрлі бөлімдерінің *мазмұнын,* сипатын, идеялық бағытын білу керек.

«Экономистердің» басты органдары «Рабочая Мысль» (1897—1900) және «Рабочее Дело» (1898—1901) болды. «Рабочее Делоны» басқарғандар: Б. Кричевский, ол кейін синдикалистер жағына шығып кетті; А. Мартынов, ол көрнекті меньшевик, ал қазір жойымпаз; Акимов, ол қазір «тәуелсіз социал-демократ», елеулі мәселелердің бәрінде жойымпаздармен келісе қалады.

Экономистерге қарсы әуел баста тек Плеханов пен бүкіл «Еңбекті азат ету» тобы ғана күресті («Работник»[48] журналы, т. т.), одан соң «Искра» күресті (1900 жылдан 1903 жылғы август бойы, РСДРП II съезіне дейін). «Экономизмнің» мәні неде еді?

«Экономистер» жұмысшы қозғалысының бұқаралық сипаты мен жұмысшылардың дербес қимылын сөз жүзінде ерекше жігермен жақтады, «экономикалық» үгіттің бірінші дәрежелі маңызы бар, ал саяси үгітке көшу баяу немесе бірте-бірте болу керек деп қасарысты. Оқушының өзі көріп отырғанындай, мұның бәрі — жойымпаздар да тамсапа айтып жүрген бәз-баяғы үйреншікті сөздер. Ал іс жүзінде «экономистер» либералдық жұмысшы саясатын жүргізді, оның мәнісін «экономизмнің» сол кездегі көсемдерінің бірі С. Н. Прокопович мырза былай деп қысқаша айтып берген-ді: «жұмысшыларға керегі — экономикалық күрес, либералдарға керегі — саяси күрес». Жұмысшылардың дербес қимылы туралы және бұқаралық қозғалыс туралы жұрттың бәрінен көбірек шу көтерген «экономистер» іс жүзінде

жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік, мещандық-интеллигенттік қанат болды.

1901—1903 жылдардың өзінде-ақ мемлекетке қарсы қылмыстары үшін жазаға тартылған әрбір 100 адамның ішінде интеллигенттер 37 адам болғанда, өз қатарынан 46 адамы жазаға тартылған саналы жұмысшылардың басым көпшілігі оппортунизмге қарсы *ескі* «Искра» жағына шықты. «Искраның» үш жылдық (1901—1903) қызметі дәйекті марксизм негізінде социал-демократиялық партияның программасын да, оның тактикасы негіздерін де, жұмысшылардың экономикалық және саяси күресін ұштастыру формаларын да жасап шығарды. «Искра» төңірегінде және оның идеялық басшылығымен жұмысшы баспасөзі революция алдындағы жылдарда орасан зор көлемде өсті. Цензурасыз листоктар мен рұқсатсыз баспаханалардың саны мейлінше көп болды және олар Россияның барлық түкпірлерінде тез көбейді.

1903 жылы «Искраның» «экономизмді», дәйекті-пролетарлық тактиканың оппортунистік-интеллигенттік тактиканы толық жеңуі социал-демократия «жолбикелерінің» социал-демократия қатарына қайтадан көптеп қосылуына әкеліп соқты, сөйтіп *искрашылдық негізінде,* соның бір бөлігі ретінде, «меньшевизм» түріне боянып, оппортунизм қайта тірілді.

Меньшевизм РСДРП II съезінде (1903 жылғы август)[49] «искрашылдардың» *азшылығынан* (меньшевизм деген ат осыдан шыққан) *және «Искраның» барлық оппортунист дұшпандарынан* құрылды. «Меньшевиктер» «экономизмге» қарай кері шегінді, әрине, біршама жаңарған түрде шегінді; қозғалыс ішінде қалған барлық «экономистер», басшысы А. Мартынов болып, «меньшевиктердің» қатарын толтырды.

«Меньшевизмнің» басты органы 1903 жылғы ноябрьден бастап редакциясы өзгеріп шыққан *жаңа* «Искра»[50] болды: «*ескі* «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында шыңырау жатыр»,— деп ашық мәлімдеді сол кезде қызу меньшевик болған Троцкий. Ескі «Искраға» адал берілген дәйекті марксизм тактикасын жақтаған «боль-

шевиктердің» басты органдары «Вперед»[51] пен «Пролетарий» (1905 ж.)[52] болды.

Социал-демократия мен жұмысшы баспасөзіндегі басты екі бағыттың — меньшевиктік бағыт пен большевиктік бағыттың екеуін де бұқарамен шын байланысы және пролетарлық бұқараның тактикасын бейнелеуі тұрғысынан тексерген революция жылдары, 1905—1907 жылдар болды. Егер алдыңғы қатардағы жұмысшылардың бұқарамен тығыз байланысты қызметі социал-демократиялық ашық баспасөзге негіз қаламаған болса, мұндай баспасөз бесінші жылдың күзінде бірден жарыққа шыға алмаған болар еді. Ал егер социал-демократиялық ашық баспасөз 1905 жылы да, 1906 жылы да, 1907 жылы да *екі* бағыттың, екі фракцияның баспасөзі болса, онда мұның өзін сол замандағы жұмысшы қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық бағыт пен пролетарлық бағыттың айырмашылығынан туған нәрсе деп түсіндіру керек, басқаша түсіндіруге болмайды.

Жұмысшылардың ашық баспасөзі өрлеу мен біршама «бостандықтың» үш дәуірінің үшеуінде де: 1905 жылдың күзінде де (большевиктердің «Новая Жизнь»[53], меньшевиктердің «Началосы»[54]— біз толып жатқан басқа органдардың ішінен тек бастыларын ғана атап отырмыз), 1906 жылдың көктемінде де (большевиктерде «Волна», «Эхо»[55], т. т., меньшевиктерде «Народная Дума»[56] және басқалары), 1907 жылдың көктемінде де шығып тұрды.

Бұл замандағы меньшевиктік тактиканың мәнін Л. Мартовтың өзі жақында мынадай сөздермен білдірді: «меньшевизм пролетариат үшін қазіргі дағдарысқа жемісті түрде қатысудың дәулетті таптардың реакцияшыл бөлегін мемлекеттік өкіметтен ығыстыру әрекеті жағынан буржуазиялық-либералдық демократияға көмектесуден басқа мүмкіншілігі жоқ деп білді,— алайда бұл көмекті пролетариат өзінің саяси дербестігін толық сақтай отырып жүзеге асыруға тиіс» (Рубакиннің «Кітаптар әлеміндесі», II том, 772-бет). Міне, осы либералдарға «көмектесу» тактикасы іс жүзінде жұмысшыларды либералдарға *тәуелді ету* деген сөз еді, іс жүзінде либералдық жұмысшы саясаты болған еді. Мұның

керісінше, большевизм тактикасы буржуазиялық дағдарысты ақырына дейін жеткізу үшін күресіп, либерализмнің опасыздықтарын әшкерелеп, бұл опасыздықтарға қарама-қарсы ұсақ буржуазияның (әсіресе деревня буржуазиясының) көзін ашып, оны топтастыра жүріп, сол дағдарыста пролетариаттың дербестігін қамтамасыз етіп отырды.

Бұл жылдары (1905—1907) жұмысшылар бұқарасының большевиктермен бірге болғаны мәлім,— мұны меньшевиктердің өздері де, тіпті осы күнгі жойымпаздар, Кольцов, Левицкий және басқалар да талай мойындаған. Большевизм қозғалыстың пролетарлық мәнін бейнеледі, меньшевизм оның оппортунистік, мещандық-интеллигенттік қанаты болды.

Біз мұнда жұмысшы баспасөзіндегі екі бағыттың екеуінің де тактикасының мазмұны мен маңызын егжей-тегжейлі сипаттай алмаймыз. Біз негізгі фактілерді дәл анықтаумен, тарихи дамудың басты бағыттарын белгілеумен шектелуге тиіспіз.

Россиядағы жұмысшы баспасөзінің ғасырлық дерлік тарихы бар,— әуелі даярлық тарихы, яғни жұмысшы қозғалысының *емес*, пролетарлық қозғалыстың *емес*, «жалпы демократиялық», яғни буржуазиялық-демократиялық азаттық қозғалысының тарихы болды,— ал одан кейін өзінің тарихы, пролетарлық қозғалыстың, пролетарлық демократияның немесе социал-демократияның жиырма жылдық тарихы болды.

Дүние жүзінде ешбір жерде пролетарлық қозғалыс таза таптық түрде «бірден» туа қойған жоқ және өйтіп туа қоюы, Юпитердің басынан шыққан Минерва сияқты дайын күйінде дүниеге келуі мүмкін де емес еді. Толып жатқан ұсақ буржуазиялық қоспалардың, шек қоюлардың, өрісі тарлықтың, бұрмалаушылықтардың арасынан пролетарлық таптық қозғалыстың бөлініп шығып, нығаюы алдыңғы қатардағы жұмысшылардың өздерінің, барлық саналы жұмысшылардың ұзақ күресі мен ауыр еңбегі арқасында ғана мүмкін болды. Жұмысшы табы ұсақ буржуазиямен қоян қолтық араласып өмір сүреді; бұл ұсақ буржуазия күйзелген сайын пролетариаттың қатарын әрдайым

жаңадан келген сансыз көп келімсектермен толықтырып отырады. Ал Россия —капиталистік елдердің ішіндегі анағұрлым ұсақ буржуазиялық, анағұрлым мещандық ел; ол, мысалы, Англияда XVII ғасырда, ал Францияда XVIII ғасырда және XIX ғасырдың бірінші жартысында болған буржуазиялық революциялар заманын енді ғана басынан кешіріп отыр.

Саналы жұмысшы қазір жұмысшы баспасөзін ұйымдастыру, оны жолға қою, нығайту, дамыту жөніндегі өзіне тән, төл ісі үшін күресе отырып, Россиядағы марксизм мен социал-демократиялық баспасөздің жиырма жылдық тарихын ұмытпайды.

Жұмысшы қозғалысына оның күйгелек интеллигент достары нашар қызмет көрсетеді; олар социал-демократия арасындағы ішкі күрестен бойын аулақ салып, сол ішкі күрестен аулақ болу жөнінде айналасын даурықтырып жар салады. Бұлар ақ көңіл, бірақ қуыс кеуде жандар, олардың даурықпасы да түкке тұрмайды.

Марксизмнің оппортунизмге қарсы күресінің тарихын үйренгенде ғана, ұсақ буржуазиялық қойыртпақтан дербес пролетарлық демократияның бөлініп шығуымен түбегейлі және егжей-тегжейлі танысқанда ғана алдыңғы қатарлы жұмысшылар өздерінің сана-сезімі мен өздерінің жұмысшы баспасөзін түпкілікті нығайтады.

«Рабочий» № 1,
22 апрель, 1914 ж.

«Рабочий» газетінің текстi бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Біз Россиядағы жұмысшы баспасөзінің және «Правданың» шығу тарихына қысқаша шолу жасадық. Біз Россиядағы демократиялық қозғалыстардың ғасыр бойғы тарихы марксизмнің идеялық туы астында жұмысшы демократиясының дербес қозғалысының ұйымдасуына қалайша алып келгендігін, жұмысшы авангардының ұсақ буржуазиялық, оппортунистік ағымдарға қарсы ұзақ күресінің нәтижесінде Россиядағы марксизм мен жұмысшы қозғалысының жиырма жылдық тарихы 1912 жылғы жұмысшы қозғалысының әйгілі көктемгі өрлеуі арқылы құрылған «Правда» төңірегіне саналы жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің топтасуына қалайша алып келгендігін көрсетуге тырыстық.

Біз газет өмір сүрген екі жыл ішінде саналы правдист-жұмысшылардың идея жағынан және белгілі бір дәрежеде ұйымдық жағынан да қалайша топтасқанын, сөйтіп өздерінің күш салуы арқылы дәйекті-маркстік жұмысшы баспасөзін құрып, қолдағанын, нығайтып, дамытқанын көрдік. Өткендегі тарихи заманның ұйымдасқан марксистерімен өзінің сабақтастығын қатаң қорғай отырып, олардың шешімдерінің бірде-бірін бұзбай, ескінің негізінде жаңаны құра отырып, дәйекті марксизмнің берік және дәл белгіленген мақсатына қарай үнемі, бұлжымай алға баса отырып, правдист-жұмысшылар адам айтқысыз қиын тарихи міндетті шешудің басын бастап берді.

1908—1911 жылдардағы заманда жұмысшы қозғалысының жолына сансыз көп дұшпандар, толып жатқан ішкі де, сыртқы да қиыншылықтар тосқауыл болды. Жұмысшы қозғалысының *мұндай* дағдарыстардан сабақтастықты, ұйымшылдықты, ескі шешімдерге, программаға, тактикаға адалдықты сақтай отырып шығып кетуі дүние жүзінің ешбір елінде осы уақытқа дейін болған емес.

Ал бұл орыс,— дұрысырақ айтқанда: Россия — жұмысшысының қолынан *келді,* шамадан тыс ауыр дағдарыстан абыроймен құтылып шыға алды, өткенге адалдықты сақтай отырып, ұйымдық сабақтастықты сақтай отырып, сонымен бірге оз күштерін әзірлеудің *жаңа* формаларын, ескі, әлі де болса шешілмеген тарихи міндеттерді ескі әдістермен шешу үшін пролетариаттың жаңа ұрпақтарының көзін ашып, оларды топтастырудың *жаңа* тәсілдерін үйрене отырып шыға алды.

Орыс қоғамының барлық таптарының ішінен мұның тек Россия жұмысшы табының ғана қолынан келе алған себебі, әрине, оның басқа елдердің жұмысшыларынан жоғары тұрғанында емес;— қайта, ол өзінің ұйымшылдығы мен саналылығы жағынан олардан әлі көп артта қалған еді. Оның бұл дағдарыстан шыға алған себебі мынада: ол бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының *тәжірибесіне,* олардың теориялық тәжірибесіне, олардың саналылығының жетістіктеріне, олардың ғылымына, *марксизм* қорытқан тәжірибесіне,— және де тамаша жұмысшы баспасөзі мен жаппай ұйымшылдығы бар көрші елдер пролетарларының нақты тәжірибесіне бірдей *сүйенді.*

Ең қиын және ауыр уақытта *өздерінің* ұстаған бағытын сыртқы қуғындаулар мен ішкі уайымшылдықтан, сенімсіздіктен, қажырсыздықтан, опасыздықтан қорғай отырып, правдист-жұмысшылар енді әбден саналы түрде және табандылықпен өздеріне былай дей алады: біз өзіміздің дұрыс жолмен келе жатқанымызды білеміз, бірақ біз бұл жолда әлі тек алғашқы қадамдар ғана жасадық, басты қиындықтар әлі алда, өзіміз біржолата ығайып, артта қалған, ұйқыдағы және қорлықта жүр-

ген миллиондаған пролетарларды саналы өмірге көтеру үшін біз әлі көп нәрсені істеуіміз керек.

Пролетариаттың либералдар соңынан жалбақтай еруші ұсақ буржуазиялық «жолбикелері» «астыртын жұмысқа» қарсымыз, «құпия баспасөзді дәріптеуге» қарсымыз деп, жиіркене сөйлей берсін; олар үшінші июнь «жариялылығына» қуана берсін. Біз бұл «жариялылықтың» баянды еместігін білеміз, біз цензурасыз баспасөздің маңызы туралы тарихи сабақтарды ұмытпаймыз.

«Правдистік» жұмысты онан әрі дамыта отырып, біз жұмысшы ісінің *барлық* салаларымен бірге таза газет ісін қол ұстаса отырып ілгері бастыра береміз.

«Путь Правдыды» қазіргісінен үш, төрт және бес есе көп тарату керек. Барлық кәсіптік одақтар мен топтардың өкілдерін редакцияға қатыстыра отырып, газетке жалпы кәсіптік қосымша ұйымдастыру керек. Біздің газетімізге облыстық (москвалық, уралдық, кавказдық, прибалтикалық, украиндық) қосымшалар ұйымдастыру керек. Түгелдей барлық ұлттардың әр қилы буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ұлтшылдарына қарама-қарсы тұрып, Россияның *барлық* ұлттары жұмысшыларының бірлігін нығайту керек және бұл үшін, басқасын былай қойғанда, өз газетіміздің Россияның түрлі ұлттары жұмысшыларының қозғалысына арналған қосымшаларын шығаруды қолға алу керек.

«Путь Правдының» шетелдік бөлімін де, саналы жұмысшылардың *ұйымдық*, идеялық және саяси өмірінің хроникасын да әлі әлденеше есе кеңейту керек.

Өте арзан «Вечерняя Правданы» ұйымдастыру керек; «Путь Правды» өзінің қазіргі түрінде саналы жұмысшыға қажет және ол әлі кеңейтілуге тиіс, бірақ көшедегі жұмысшы үшін, бұқара арасында жұмыс жүргізуші үшін, қозғалысқа әлі тартылмаған миллиондардың өкілі үшін ол тым қымбат, тым қиын, тым үлкен. Цехтық томаға-тұйықтықтың, еңбек аристократиясын жеке дара бөліп тастаудың, оны бұқарадан оқшаулаудың мәнісі пролетарды топастандыру, мақұлыққа айналдыру болып табылатынын, оны бейшара

мещанға, сорлы малайға айналдыру, оны азат ету жөніндегі үміт атаулыдан айрылу болып табылатынын білетін алдыңғы қатарлы жұмысшы оларды ешқашан ұмытпайды.

Бағасы өте арзан болып, пролетарлар мен жартылай пролетарлар бұқарасы арасына 200 мың, 300 мың дана болып кеңінен таратылып, бұқараға бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының нұр сәулесін көрсететін, оған өз күшіне деген сенім ұялататын, оған топтасуға қозғау салатын, әбден саналы болу дәрежесіне дейін көтерілуіне болысатын «Вечерняя Правданы» құру керек.

Жеке фабрикалар, заводтар, аудандар және т. с. бойынша «Путь Правды» оқушыларының қазіргіден анағұрлым зор ұйымшыл болуына, хат-хабар жазып тұруға, газетті басқаруға, оны таратуға неғұрлым белсене қатысуына қол жеткізу керек. Жұмысшылардың редакторлық жұмысқа үнемі қатысып отыруына қол жеткізу керек.

Керек... бірақ керек нәрсе аз ба екен! Біз бұл арада керек нәрсенің бәрін санап отыра алмаймыз, егер біз өз жұмысымыздың барлық немесе басты салаларын, алуан жақтарын осы жерде санап жатқымыз келсе, біз тіпті күлкі (және күлкіден де жаман) болар едік!

Біз дұрыс жолмен келе жатқанымызды білеміз. Біз барлық елдердің алдыңғы қатарлы жұмысшыларымен қол ұстасып келе жатқанымызды білеміз. Біз өзіміздің қазіргі жұмысымыз — тұтас нәрсенің кішкентай бір бөлегі ғана екенін, біз өзіміздің азаттыққа алып баратын ұлы жолымыздың әлі басында ғана жүргенімізді білеміз. Бірақ біз өзімізді осы жолдан бөгей алатын күштің жер бетінде жоқ екенін де білеміз.

«Рабочий» № 1,
22 апрель, 1914 ж.

«Рабочий» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

НЕМІС ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ НЕ НӘРСЕГЕ ЕЛІКТЕМЕУ КЕРЕК

Таяуда неміс кәсіптік одақтарының ең көрнекті және жауапты өкілдерінің бірі К. Легин өзінің Америкаға барған сапары туралы есебін «Американың жұмысшы қозғалысынан» деген атпен көлемі әжептәуір кітап етіп басып шығарды.

Тек Германияның ғана емес, сондай-ақ халықаралық кәсіптік қозғалыстың да аса көрнекті өкілі болғандықтан, К. Легин өз сапарына ерекше, былайша айтқанда, мемлекеттік мән берді. Ол өзінің бұл сапары туралы Америка социалистік партиясымен де, «Жұмысшы табының американ федерациясымен» де (American Federation of Labor)[57], атақты (жаман атағы шыққан) Гомперс басқаратын кәсіптік ұйымдар одағымен бірнеше жыл бойы келіс сөз жүргізді. Америкаға Карл Либкнехттің баратыны мәлім болған кезде, Легин онымен бір мезгілде барғысы келмеді, өйткені «партия тактикасы жөніндегі және жұмысшы қозғалысының жеке салаларының маңызы мен бағасы жөніндегі көзқарастары оншама толық үйлеспейтін екі шешеннің Құрама Штаттарда бір мезгілде қатар сөйлемеуі керек» болды.

Америкадағы кәсіптік қозғалыс жайында К. Легин өте көп материал жинаған, бірақ оны өз кітабында мүлде іске жарата алмаған; ол кітабын көбінесе мазмұны жағынан фельетондық, ал баяндауының қызық-сыздығы жағынан фельетоннан да нашар, үздік-үздік сапар суреттемелері іспеттес қоқсықпен толтырған. Легин ерекше көңіл бөлген Америка кәсіптік қоғамда-

рының тіпті уставтары да зерттелмеген, талданбаған, тек жүйесіз, шала-шарпы аударыла салған.

Легин сапарының мына бір оқиғасы мейлінше ғибрат аларлық нәрсе болып табылады және бүкіл дүние жүзілік, әсіресе неміс жұмысшы қозғалысының *екі тенденциясын* тамаша айқын ашып көрсетеді.

Легин Құрама Штаттардың «конгресс» деп аталатын депутаттар палатасында болған. Пруссияның полициялық мемлекетінде тәрбиеленген адамға республиканың демократиялық тәртіптері жақсы әсер қалдырыпты, сондықтан оның: Америкада мемлекет әрбір депутатқа қолайлы жаңа жағдайлардың бәрі жасалған ерекше бөлме беріп қана қоймайды, сонымен бірге толып жатқан депутаттық жұмыстарды атқаруға ақылы хатшы да береді деп сүйсіне атап көрсетуі түсінікті. Палата депутаттары мен президентінің өзара сөйлесуіндегі қарапайымдылық пен еркіндік Легиннің европалық басқа парламенттерде, әсіресе Германияда көргендерінен мүлде өзгеше еді. Буржуазиялық парламенттің ресми мәжілісінде оны құттықтап сөз сөйлеу деген нәрсе Европада социал-демократтың ойына да кіріп шықпас еді! Ал Америкада бұл оп-оңай болып алған, ал социал-демократ деген атақ... *сол социал-демократтың өзінен* басқа ешкімді де шошытпайтын болған!

Американ буржуазиясының солқылдақ социалистерді «биязылықпен құртатын» әдеті және неміс оппортунистерінің «биязы», сүйкімді, демократияшыл буржуазияга жарамсақтанып, социализмнен бас тартатын әдеті дәл осы арада-ақ байқалып отыр.

Легиннің құттықтау сөзі ағылшын тіліне аударылды (өз парламентінде «жат» тілдің естілуінен демократия ешбір қорықпады), 200-ден аса депутаттың әрқайсысы республиканың «қонағы» болып отырған Легиннің қолын кезектесіп қысты; палата президенті оған айрықша рақмет айтты.

«Менің құттықтау сөзімнің формасы мен мазмұнын,—деп жазады Легин,— Құрама Штаттардың да, Германияның да социалистік баспасөзі ұнатып қарсы алды. Алайда буржуазиялық аудитория алдында социал-демократиялық сөз сөйлеу міндетінің социал-демократ үшін іске аспайтын нәрсе екенін менің

сөзім тағы да дәлелдейді дегенді Германиядағы кейбір редакторлар көрсетпей кете алмады. Бірақ бұлар, бұл редакторлар, егер менің орнымда болса, сірә, капитализмге қарсы және бұқаралық стачканы жақтап сөз сөйлеген болар еді, ал мен бұл парламенттің алдында: Германияның социал-демократиялық жұмысшылары мен кәсіптік одақтарға ұйымдасқан жұмысшылары халықтар арасындағы бейбітшілікті тілейтінін және бейбітшілік арқылы мәдениеттің мүмкін болған ең жоғары сатыға дейін онан әрі өркендеуін тілейтінін атап көрсетуді маңызды деп білдім».

Бейшара «редакторлар-ай», оларды біздің Легин өзінің «мемлекет адамына» лайықты сөзімен қалай өлтіріп салды десеңші! Германияның жұмысшы қозғалысындағы, жалпы алғанда, кәсіптік қозғалыс көсемдерінің оппортунизмі, жекеше және ерекше алғанда, Легиннің оппортунизмі — әлдеқашаннан белгілі және саналы жұмысшылардың көбісі дұрыс бағалаған нәрселер. Бірақ *европалық* социализмнің «үлгісі» жайында тым жиі айтылатын, соның өзінде «үлгінің» ең бір нашар, ең бір жағымсыз жақтары таңдап алынатын біздің Россияда Легиннің сөзіне біраз толығырақ тоқталу артық болмайды.

Герман кәсіподақшыларының, атап айтқанда, социал-демократиялық кәсіптік одақтардың екі миллиондық армиясының көсемі, герман рейхстагіндегі социал-демократиялық фракцияның мүшесі капиталистік Америка өкілдерінің жоғарғы жиналысы алдында бір өңкей либералдық-буржуазиялық сөз сөйлеген. Әлбетте, «бейбітшілік» туралы және «мәдениет» туралы сөздерге қол қоюдан бірде-бір либерал, бірде-бір октябрист тіпті де бас тартпас еді.

Ал Германиядағы социалистер бұл сөздің социал-демократиялық сөз емес екенін аңғарған кезде, капиталдың жалдама құлдарының біздегі «көсемі» социалистерге өзінің айта қалғандай жиіркенішін білдіреді. «Іскер саясатшының» және жұмысшылардың тиын-тебенін жинаушының қасында «редакторлар» дегенің не тәйірі! Полендей бір мемлекеттегі помпадур полицей үшінші элементке[58] қалай жиіркеніп қараса, біздің мещан Нарцисс те редакторларға нақ солай жиіркеніп қарайды.

Олар. «бұл редакторлар», сірә, «капитализмге қарсы» соз сөйлеген болар еді.

Ойлап қараңыздаршы, бұл социалист-сымақ нені күлкі етіп отыр: капитализмге *қарсы* сөз сөйлеу қажет екені социалистің ойына келуі мүмкін дегенге күледі. Неміс оппортунизмінің «мемлекет адамына» мұндай ой шексіз жат нәрсе: олар «капитализмге» *тиіспей ғана* сөйлейді. Сойтіп, осылай жарамсақтанып, социализмнен безуі арқылы өздерін өзі масқаралап, олар оздерінің осы масқара болғанына мақтанады.

Легин — кез келген біреу емес. Ол — бір армияның немесе, дұрысырақ айтқанда, кәсіптік одақтар армиясының офицерлер корпусының өкілі. Оның сөзі әсте кездейсоқ нәрсе емес, әсте әлдеқалай айтыла салған сөз емес, әсте некен-саяқ іс емес, әсте Американың жылы шырайлы, полициялық тәкаппарлыққа бой алдырмаған капиталистерінің алдында сасқалақтап қалған, немістің қараңғы түкпірінен келген кеңсешіл «мәжілісқорының» қатесі емес. Егер бұл *тек* осылай *ғана* болса, онда Легиннің созіне тоқталып жатудың да қажеті болмас еді.

Ал бұл мүлде бұлай емес.

Штутгарттағы халықаралық съезде неміс делегациясының тең жартысы нақ осындай бейшара социалистер болып шықты, сөйтіп отар мәселесі жөнінде нағыз барып тұрған оппортунистік қарарға дауыс берді[59].

Немістің «Социалистік (??) Әрайлық»[60] деген журналын алып қараңыздаршы, сонда сіздер онан Легин сияқты қайраткерлердің үнемі не айтатындарын көресіздер, жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелерінің *бәрі* жөнінде шылғи оппортунистік, социализмге *ешбір* жанаспайтын пікірлер айтатынын көресіздер.

Ал егер «ресми» герман партиясы «Социалистік Әрайлықты» «ешкім оқымайды», оның ықпалы жоқ, т. с. деп «ресми түрде» түсіндіретін болса, онда бұл *бекер*. Мұның бекер екенін Штутгартта болған «оқиға» дәлелдеді. «Социалистік Әрайлыққа» жазып тұратын аса корнекті және жауапты қайраткерлер, парламен-

тарийлер, кәсіптік одақтардың көсемдері өз көзқарастарын бұқараға ұдайы және бұлжымастан таратып келеді.

Неміс партиясының «төрешіл оптимизмі» оның өз лагерінде, Легиннен «бұл редакторлар» деген жиіркенішті (буржуа тұрғысынан қарағанда) және құрметті (социалист тұрғысынан қарағанда) атақ алған адамдар тарапынан әлдеқашан атап көрсетілген болатын. Ал Россияда либералдар мен жойымпаздар (әрине, оның ішінде Троцкий де бар) осы сүйкімді қасиетті *біздің топырағымызға әкеліп сіңіруге* неғұрлым жиі әрекет жасаған сайын, бұған соғұрлым үзілді-кесілді тойтарыс берілуге тиіс.

Герман социал-демократиясының сіңірген орасан зор еңбегі бар. Маркстің қайдағы бір Хёхбергтерге, Дюрингтерге және K⁰ қарсы күрес жүргізуі арқасында герман социал-демократиясының мүлтіксіз талдап шешілген теориясы бар; біздің халықшылдар бұл теорияны елемей кетуге немесе оппортунистік жолмен түзеуге бостан-босқа тыраштанады. Герман социал-демократиясының бұқаралық ұйымы, газеттері, кәсіптік одақтары, саяси одақтары бар,— бұқаралық ұйымшылдықтың дәл өзі бар, мұндай ұйымшылдық Дума сайлауында да, күнделікті баспасөз саласында да, Қауіпсіздендіру советін сайлауда да, кәсіптік одақтарда да правдист-марксистердің жаппай жеңуі түрінде қазір бізде де соншалықты айқын қалыптасып келеді. Жұмысшылар «орындарынан алып тастаған» біздің жойымпаздардың Россиядағы орыс жағдайларына икемделген осы бұқаралық ұйымшылдық мәселесін елемей кетуге тырбануы, халықшылдардың тырбанғаны сияқты, түк шықпайтын нәрсе, сонымен қатар жұмысшы қозғалысынан интеллигенттердің *бөлініп шығуы* ғана болып табылады.

Бірақ неміс социал-демократиясының сіңірген еңбегі Легиннің сөзі сияқты және «Социалистік Әрайлық» қызметкерлерінің «сөздері» (баспасөздегі) сияқты масқаралық сөздердің арқасында сіңірген еңбек болып отырған жоқ, қайта, сол сөздерге *қарамастан* сіңірілген еңбек болып отыр. Неміс партиясының осы тәрізді құбылыстардан байқалып отырған күмәнсыз *ауруын*

біз «төрешілдік-оптимистік» сылдыр сөзбен бүркемеуге және шатастырмауға тиіспіз, қайта, неғұрлым ескі қозғалыстың тәжірибесінен үйренуіміз үшін, не нәрсеге еліктемеу керек екенін үйренуіміз үшін орыс жұмысшылары алдында оның бетін ашып көрсетуге тиіспіз.

«Просвещение» № 4, апрель, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының текстi бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

Н. А. Рубакин. **Кітаптар әлемінде,** *II том («Ғылым» баспасы). М. 1913 ж. Бағасы 4 сом (2-басылуы)*

Көлемі үлкен, өте тығыз, біразы екі бағана етіп басылған, 930 беттік орасан зор том «ғылыми-философиялық және әдеби-қоғамдық идеялар тарихына байланысты орыстың кітап байлықтарына шолу жасау тәжірибесі» болып табылады. Кітаптың тақырыпшасында осылай делінген.

Талданып отырған екінші томның мазмұны қоғамдық ғылымдардың әр түрлі салаларын қамтиды. Айта кетейік, бұған Батыс Европадағы социализм де, сол сияқты Россиядағы социализм де кіреді. Бұл сияқты кітаптың зор маңызы барын, жалпы және тұтас алғанда, автордың жоспары әбден дұрыс екенін айтпаса да болады. Шынында, өздігінен білім алуға және кітапханаларға керекті «орыстың кітап байлықтарына» *ақылға қонымды* «шолу» жасап, «анықтамалық құрал» беруді идеялар тарихына байланыстырмайынша, басқаша істеуге болмайды. Бұл арада пәнге жалпы шолу жасай отырып және *әрбір* идеялық ағымды дәл баяндай келіп, нақ әрбір бөлім бойынша «алдын ала ескертулер» беру керек (мұны автор беріп те отыр), ал сонан соң осы бөлімге жататын және әрбір идеялық ағым бойынша әдебиет тізімін беру қажет.

Автор және оның алғы сөзде аталған көптеген қызметтестері зор еңбек жұмсап, өте-мөте бағалы істі қолға алған; бұл істің кең және терең өсіп өркендеуіне шын жүректен тілек білдіру керек. Айта кетейік, автордың шетелдік шығармаларды да, қуғынға ұшыраған

шығармаларды да шығарып тастамағаны ерекше бағалы. Рубакин мырзаның шығармасын бірде-бір үлкен кітапхана алмай тұра алмайды.

Шығарманың кемшіліктері — автордың эклектизмі және белгілі бір мәселелер жөнінде қызметтес болуға мамандарды жеткілікті, кең түрде қатыстырмағаны (дұрысырақ айтқанда, мамандарды қатыстырудың енді-енді ғана қолданыла бастағаны).

Бірінші кемшілік, сірә, автордың «айтысқа» қарсы ертеден-ақ өрескел теріс пікірде екендігіне байланысты болып отыр. Рубакин мырза алғы сөзде былай деп мәлімдейді: «аса көп жағдайларда айтыс адамның әр түрлі эмоцияларға бой алдыруы арқылы шындықты бүркемелеудің ең жақсы тәсілдерінің бірі болып табылады деп есептеп, мен өз өмірімде ешқашан ешқандай айтыстарға қатысқан емеспін». Автор, 1-ден, адамның шындықты *іздеуі* «адам эмоциясынсыз» еш уақытта болмағанын, жоғын және болуы мүмкін емес екенін аңғармайды. Автор, 2-ден, өзінің «идеялар тарихына» шолу жасағысы келетінін, ал идеялар тарихы дегеніміз идеялардың ауысу тарихы, *демек,* бір-бірімен *күресу* тарихы екенін ұмытып кетеді.

Екінің бірі: *не* идеялар күресіне санасыз қарау керек — ал онда мұның тарихымен шұғылдану қиынырақ болады (бұл күреске қатысу туралы айтпағанның өзінде); *не* «ешқашан ешқандай айтыстарға қатыспау» ниетінен бас тарту керек. Мысалы, Рубакин мырзаның саяси экономия теориясы жөніндегі «алдын ала ескертпелерін» ашып, мен мынаны бірден көріп отырмын: автор осы көрсетілген дилеммадан, 1-ден, *жасырын* айтыс арқылы (айтыстың барлық кемшіліктері бар, бірақ оның зор артықшылықтарының ешбірсуі жоқ түрі), 2-ден, эклектицизмді қорғау арқылы құтылған.

Богдановтың «Қысқаша курсын» баяндай келіп, Рубакин мырза «марксист»-автор жасаған қорытындылардың бірі «Н. К. Михайловскийдің прогресс жөніндегі белгілі формуласымен» «ғажап» ұқсас екенін атап көрсетуге «өзіне ерік береді» (815-бет)...

Па шіркін, «өз өмірінде ешқашан ешқандай айтыстарға қатыспаған» Рубакин мырза!..

Ал бұдан бір бет ілгеріректе біреудің «аса маңызды теорияларға ғылыми жағынан қатаң, терең талдау жасап, сын көзімен қарайтыны» мадақталады... сіз кімнің деп ойлар едіңіз?.. үлгілі эклектик Туган-Барановский мырзаның!! Бұл профессордың аздап марксизмді, аздап халықшылдықты, аздап «барынша пайда келтіру теориясын» жақтайтынын Рубакин мырзаның өзі де мойындауға мәжбүр болып отыр, бірақ солай бола тұрса да оны «социалист» деп атайды!!! Осындай сұмдық нәрсені жазу — социализмге *қарсы* мүмкін қадарынша ең жаман формада *айтысқандық* емес пе?

Егер Рубакин мырза саяси экономия әдебиетіне кіріспе ретінде өзі жазған 80 мыңнан аса әріпті (яғни бүтіндей бір кітапшаны) төрт бөлікке бөліп, бұларды жазып шығуды, айталық, қаражүздікке, либералға, халықшылға және марксиске тапсырған болса,— онда *ашық* айтыс көбірек болар еді, сөйтіп 1000 оқушының 999-ы шындықты мың есе оңай және тезірек тауып алар еді.

Мұндай тәсілді — қызметтес болу жөнінде «айтыс» өкілдеріне сөз салуды — Рубакин мырза большевизм мен меньшевизм туралы мәселеде қолданды, сөйтіп маған* және Л. Мартовқа жарты беттен орын берді. Маған келетін болсақ, онда мен Л. Мартовтың баяндауына қатты ризамын, мысалы, оның жойымпаздық «ашық жұмысшы партиясын құру» әрекеттеріне және «сақталып қалған астыртын ұйымдар жөніндегі теріс көзқарасқа» келіп саятындығын мойындағанына (771—772-беттер), немесе оның: «осы дағдарысқа» (яғни 1905 жылғы дағдарысқа) «пролетариаттың жемісті түрде қатысуының басқадай мүмкіндігін: буржуазиялық-либералдық демократияның мемлекеттік өкіметтен дәулетті таптардың реакцияшыл бөлегін ығыстырып шығару жөніндегі әрекеттеріне көмектесуден басқа мүмкіндігі барын меньшевизм көрмеді — алайда, бұл көмекті пролетариат өзінің саяси дербестігін толық сақтай отырып жүзеге асыруға тиіс» (772) деп мойындағанына ризамын.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық 22-том, 310—312-беттер. *Ред.*

Рубакин мырза меньшевизм очеркін өздігінен баяндай бастаса-ақ болғаны, қатеге ұрынады, мысалы, Аксельрод Плехановпен бірге жойымпаздықтан *«қол үзді»* дегені сияқты қателер келіп шығады (772). Мұндай жан-жақты жиынтық кітап шығаруда әдепкі кезде сөзсіз болатын мұндай қателерді Рубакин мырзаға ерекше кінә етіп қоймағанның өзінде, білімнің *барлық* салаларындағы түрлі ағымдардың өкілдеріне сөз салу әдісін автордың жиі-жиі қолдануы керек деп тілек білдірмеске болмайды. Бұдан еңбектің дәлдігі мен толықтығы, оның *объективтілігі* де ұтады; бұдан тек эклектицизм мен *жасырын* айтыс қана ұтылады.

«Просвещение» № 4
апрель, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Россияның қазіргі жұмысшы қозғалысында жойымпаздықтың қаншама талас пен күрес туғызып отырғанын біздің газетті оқушылар біледі. Бірде-бір саналы жұмысшы (ал белгілі бір мағынада тіпті: бірде-бір саналы демократ деп те айтуға болады) жойымпаздықты айқын және анық түсінбей тұра алмайтынын біз қажымай-талмай атап көрсетіп келдік.

Ал оның бер жағында, біздің дұшпандарымыз, «Северная Рабочая Газетада» да, «Наша Заряда» да, жойымпаздық туралы мәселенің мән-жайы жөніндегі ресми шешімдерді (мысалы, 1908 және 1910 жылдардағы текст бойынша) толық келтірмей және өз оқушыларына түсіндірмей отырғаны былай тұрсын, тіпті онан да жаман және зиянды іс істеп отыр: олар не жойымпаздықты мүлде «жоқ» дейді, не 1910 жылғы *бірауызды* шешімді дәл баяндау орнына оны бытысқан және іске қатысы жоқ сылдыр сөздермен *алмастырады.*

Сондықтан біз былай деп есептейміз: *Л. Мартовтың өзі* баспасөзде жойымпаздықтың керемет (осы жазушы үшін керемет) дәл және шын анықтамасын немесе оның суреттемесін беріп отырғанда, мұндай тым сирек кездесетін жағдайды пайдаланып қалу қажет.

Рубакин мырзаның «меньшевизмнің мәні мен тарихын баяндау» жөніндегі тілегіне жауап ретінде жазған Л. Мартовтың хатын Рубакин мырза ешқандай өзгеріссіз басқан; мұны біз Н. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген белгілі кітабының II томынан кездестіреміз

(2-басылуы, Москва, 1913, 771-бет), Л. Мартов бұл хатта сөзбе-сөз былай деп жазады:

«Қоғамдық қозғалыс талқандалғаннан кейін меньшевиктердің партияны ұйымдық жағынан реформалау жөніндегі сол бір тенденциясы» (атап айтқанда, «неғұрлым айқын таптық-социалистік рухта жаңа партиялық құрылыстың негізін қалау немесе социал-демократия өзін өзі түбегейлі түрде реформалауы үшін оған жаңа негіз салып беру» тенденциясы) «неше түрлі бейпартиялық жұмысшы ұйымдарын — кәсіптік одақтарды, өздігінен білім алу қоғамдарын (ішінара кооперативтерді), т. т. құру жөніндегі жұмыстың күшеюінен *және осы қоғамдарға сүйене отырып, ашық жұмысшы партиясын* немесе оның ұйымдық алғы шептерін *құру* жөніндегі *әрекеттерден* көрініп отыр (бұл әрекеттерге қатысушылар *сақталып қалған астыртын ұйымдарға теріс көзқарасы үшін* айтыста «жарияшылдар» немесе *«жойымпаздар»* деген атақ алды)».

Мартовтың жойымпаздық туралы бар айтқаны осы. Біз мұндағы басты жерлерінің астын сызып көрсеттік. Тек «айтыста» ғана және тек «әрекеттерге қатысушылар» ғана жойымпаздар деп аталған еді деген болмашы өтірікке тоқтамай-ақ қояйық; шынында 1908 жылғы жалпы маркстік, ресми, барлық марксистерге міндетті шешімде жойымпаздық белгілі ағым деп көрсетілді. Бірақ бұл — біршама ұсақ-түйек нәрсе.

Ал басты және елеулі нәрсе мынау — Л. Мартов бұл арада жойымпаздықтың не екенін түсінетінін және оны білетінін байқаусызда аңғартып алды.

Ашық жұмысшы партиясын құруға әрекет жасау және, әлбетте, осы идеяны уағыздап, қорғау. «Ескі тұрпаттағы» ұйымдардың сақталып қалғандарына (әлбетте, жаңадан пайда болып жатқандарына да) теріс қарау. «Наша Заря», «Луч» және «Северная Рабочая Газета» бытыстыруға, бүркемелеп, теріске саюға мыңдаған рет тырысып келген және тырысып отырған мәселенің мәні, міне, осында.

Жойымпаздардың «бірлік» туралы сөздерінің өзі-ақ саналы жұмысшылардың бірде зығырданын қайнатып, ызасын келтіретіні, енді бірде (көңіл-күйіне қарай) зілді мазағын туғызатыны неліктен екенін келтірілген фактілердің маңызын ойластыратын оқушы түсінеді. Өйткені ашық партия идеясын жақтаушының өз сенімі

осындай болғандықтан, ол «астыртын ұйымды» шын және адал ниетімен теріске шығарады деп ойлауға әбден болады. Бірақ «Наша Заряда» немесе «Северная Рабочая Газетада» қызмет етуші адамдар «бірлік» туралы шын және адал ниетті сөздер айтады деп ойлауға *болмайды*. Бұл органдарда қызмет ету дегеніміз — өздері уағыздап, қорғап отырған ашық партияны *жақтап*, «астыртын жұмысқа» *қарсы іс жүзінде* күрес жүргізу деген сөз.

Сондықтан, 1913 жылғы декабрьде Халықаралық социалистік бюро Россиядағы бірліктің шарттарын анықтау туралы мәселені күн тәртібіне қойғанда, Питердің де, Москваның да ұйымдасқан марксистері бірден және ашықтан-ашық былай деді: бірінші және негізгі шарт — жойымпаздықтан үзілді-кесілді және сөзсіз бас тарту, «Наша Заря» мен «Луч» тобының *бүкіл бағытын* толық, негізінен өзгерту. Лучистер де (Ф. Д. да, Л. М. да): біз бұған қосылмаймыз деп жұрт алдында жауап берді.

Олай болса, онда өзінің либералдық идеяларында қасарысып отырған бұл топпен «бірлік» туралы сөз етуші адамдардың өздерін де, басқаларды да алдап отырғаны анық. Саналы жұмысшылар көпшілігінің нағыз бірлігі қазірдің өзінде-ақ қалыптасты және бұл жікшіл топқа қарсы, маркстік шешімдер мен маркстік тұтас ұйым төңірегіне топтасып онан әрі қалыптаса береді.

«Путь Правды» № 73,
29 апрель, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ»[61] ДЕГЕН ЖИНАҚҚА ҚОРЫТЫНДЫ

Жойымпаздық туралы мәселенің Россиядағы жұмысшы демократиясы үшін ғана емес, сондай-ақ жалпы демократия үшін де ең елеулі маңызы бар. Егер біздің демократиялық баспасөз бұл мәселеге марксистер арасындағы «жеке талас» деп қарап, соқпай өтуге немесе оны ат үсті сөз қылуға тырысса, онда бұдан қазіргі заманның аса маңызды саяси проблемаларына баға беруден бас тартуға ұмтылғандық қана байқалады. Өйткені жойымпаздық туралы мәселе біздің үшінші июньдік жүйеге[62], тіпті одан да кеңірек алсақ: біздің жалпы алғанда контрреволюцияға баға беру туралы бүкіл мәселенің, демократияның негізгі міндеттері мен қимыл әдістері туралы мәселенің дәл өзі болып табылады.

Орыс тарихының ең жаңа заманы, шамамен алғанда, 1908 жылдан бастап, демократиялық атаулының бәрін реакция тарапынан қуғынға түсірудің мейлінше күшеюімен ғана емес, сонымен қатар пролетариатты да, буржуазиялық демократияның барлық элементтерін де шарпыған күшті идеялық күйреумен және ыдыраумен сипатталатынына бірде-бір адам күмәнданбаған сияқты. Бірақ егер осы анық фактіні *жұрттың бәрі* мойындап отырған болса, онда тек марксистер ғана өз алдына тура және айқын міндетті: осы күйреу мен ыдыраудың *таптық* негіздерін және *таптық* мәнін дәл анықтау міндетін қойды. Мұндай анықтаусыз тактиканы саналы түрде таңдап алу мүмкін емес.

Сондықтан шетелдегі маркстік баспасөзде мұндай анықтау жұмысы 1908 жылдың өзінде-ақ, яғни ыдырау фактісі анықталысымен-ақ басталған болатын. Либералдардың көпгеніндей, марксистер бұл ыдырауға көне алмады, бірақ сонымен бірге олар, халықшылдардың тіпті ең жақсыларының өзі (демократиялық жағынан) қанағаттанғандай, ыдырауды субъективтік жағынан айыптаумен қанағаттана алмады. Қоғамдық ағымдар қоғамдық-экономикалық, яғни таптық тұрғыдан түсіндіруді талап етті.

1908 жылғы декабрь қарсаңында большевиктік баспасөз жойымпаздықтың мәні туралы мәселеге жауап әзірлеп бергенін, бұл жауапты сол кезде жалпыға міндетті партиялық шешім баянды еткенін біз көрдік. Ал 1909 жылдың көктемінде большевиктер (олардың басшы мекемесі) «впередшілдер»* дейтіндерден, шақырымпаздықтың, немесе оны «заңды сарындардың» қатарына қосудың өкілдерінен, «құдай жасампаздықты» және махизмнің реакциялық философиясын қорғаушылардан ресми түрде қол үзді**[63]. Бұл қол үзу — оңшыл жойымпаздық немесе осы сөздің өз мағынасындағы жойымпаздық, либерализм жағына бетбұрыс болғаны сияқты, анархизм жағына бой ұрған «солшыл жойымпаздықтың» негізгі белгілерін көрсетіп берді.

Қазіргі күйреу мен ыдырауға жасалған осы маркстік талдаудың оннан тоғызын шетелдегі большевиктік баспасөз жүзеге асырды, оның 1910 жылғы январьға дейін аяқталғаны соншалық, талассыз анықталғаны соншалық — тіпті *барлық* марксистердің, *барлық* ағымдар өкілдерінің (жойымпаздардың *да*, «впередшілдердің» *де* қатысуымен) 1910 жылғы январьдағы белгілі шешімдері жойымпаздық «ауытқуды» да, впередшілдік «ауытқуды» да пролетариатқа *буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі* деп *бірауыздан* мойындауға мәжбүр болды.

Осы маркстік талдау мен маркстік шешімнің қоғамдық маңызын бағалау үшін маркстік *емес* ағымдарға

* Алексинский, Богданов, Луначарский, Стан. Вольский және басқалар.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 19-том, 1—43-беттер. *Ред.*

көз салудың өзі жеткілікті. Біз либералдардан «вехишілдердің»[64] нағыз әсіре жойымпаздығын және бесінші жылдың әдістері жойылғап-жойылмағандығы туралы мәселе жөнінде *осы күнге дейін* орын теуіп келе жатқан шым-шытырықты көреміз. *Солшыл* халықшылдардан біз 1908—1911 жылдардағы Париж басылымдарынан бастап, әрі-сәрі жойымпаздық «Починге»[65] дейін баратын, Савинков-Ропшин мен Чернов мырзалардың «Заветыдағы»[66] жойымпаздық сөздерімен аяқталатын әсіре жойымпаздық қимылдарды көреміз. Ал екінші жағынан, солшыл халықшылдардың ресми «шақырымпаздығы» бұл бағытты жегідей жеп, әлсіретіп барады.

Маркстік талдаудың объективтік шындығы нақ мынаумен дәлелденді: 1908 жылдан кейінгі бес жылдан аса уақыт ішінде қоғамдық ой-пікірдің *барлық* алдыңғы қатарлы ағымдары нақ «осы», жойымпаздық және халықшылдық қателерге, жаңа жағдайда күштерді жаңа тәсілдермен әзірлеу жөніндегі ескі, әлі де болса шешілмеген міндеттерді шешудің ескі әдістерін қорғауды жақтай білу туралы нақ «осы» мәселелерге үнемі тіреліп келді және осы кезге дейін тіреле беріп отыр.

Үшінші июньдік дәуірдің бас кезінде маркстік талдау жойымпаздық пен «шақырымпаздық» жағына қарай теория жағынан ауытқушылық барын ашты. Бұл дәуірдің аяқ кезінде біз Россияның саналы жұмысшыларының орасан зор көпшілігі, тіпті ашық аренада да, жұрттың бәрінің көз алдында марксистердің төңірегіне топтасқанын, ал пролетариатқа ықпал жасауға тырысушы демократиялық баспасөздің екі *қанаты* ұсақ буржуазиялық жойымпаздықпен және ұсақ буржуазиялық халықшылдықпен айналысып жүргенін көреміз. Бұдан сәл бұрып солшыл халықшылдық «Северная Мысль» (№ 1) Брайнес мырзаның қауіпсіздендіру науқаны туралы Ригадан алынған корреспонденциясында былай деп жазды:

«Бойкоттық ағым тек етікшілерде ғана байқалып отыр, бұлардың арасында бойкоттық топтар құрылған. Бойкоттық топтардың басты дем берушілері, өкінішке орай, халықшылдар болып отыр» («Пролетарская Правдада» цитатқа алынған, 1913 ж.,

№ 12, 20 декабрь, «Халықшылдық пен жойымпаздық — жұмысшы қозғалысындағы ыдырау элементтері» деген мақала*).

Нақ осы газет былай деп мойындаған-ды:

«Марксистердің абыройы деп мынаны айту керек: қазір олар одақтарға (кәсіптік одақтарға) үлкен ықпал жасап отыр, ал біз, солшыл халықшылдар, одақтарда белгілі бір жоспарсыз қимыл жасап отырмыз, сондықтан да біз өзімізді еш нәрсемен дерлік көрсете алмай келеміз» (сонда цитатқа келтірілген).

Европалық мещандардың ең жаңа оппортунизмін «еңбекші» қожайынсымақтарды нағыз орыс мещандарынша қорғаумен ұштастырушы солшыл халықшылдардың теориялық дәрменсіздігі тактикалық дәрменсіздікпен және ауытқулармен табиғи түрде толықтырылып отыр. Дәл жойымпаздардағы сияқты, солшыл халықшылдардың ескі партиясынан ауытқушылықтардан басқа ештеме қалмады. Жұмысшы қозғалысында жеңілген осы ұсақ буржуазиялық екі ағымның екеуіне де *марксистерге қарсы блок жасасудан* (бірігуден) басқа ештеме қалған жоқ.

Сатылап құлдырау деген осы! Ашық партияны уағыздаудан, гегемония идеясы мен марксизмнен безген Потресовтар мен Юшкевичтер сияқты мырзалардың сөздерінен бастаған жойымпаздар маркстік партияға қарсы тікелей *күрес* жүргізуге дейін жетті. Петербургтік бір солшыл халықшыл таяуда ғана «Стойкая Мысльда» (№ 5) былай деп жазды:

«Біз үйге (Қауіпсіздендіру советін сайлауға арналған үйге) кірісімен ақ, правдистердің тар өрісті фракциялық позициясы бірден айқын болды, бірақ біз үмітімізді үзбейміз. Жойымпаздармен бірге жалпы фракциялық емес тізім жасаймыз; мұнда бізге Совет мүшелерінің ішінен бір орын және олардың орынбасарларының ішінен екі орын беріледі» («Путь Правдыда» цитатқа келтірілген, 1914 ж., № 38, 16 март, 1914 ж.).

Жұмысшыларды буржуазиялық ықпалмен аздырғысы келетін барлық ағымдардың ұсақ буржуазияшыл демократтары, марксистерге қарсы бірігіңдер! Ойлауға қабілеті жоқ және ештеңеге үйренбеген адамдарды

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 271—275-беттер. *Ред.*

билеп әкететін «фракциялық емес» деген алдамшы сөз филистерлерге сондай қолайлы және сондай ұнайды! Бірақ солшыл халықшылдармен блок жасасу бейшара жойымпаздарға жәрдемдеспеді—жәрдемдеспейді де; саналы жұмысшылар Қауіпсіздендіру советіне *кілең* марксистерді, жойымпаздыққа қарсыларды сайлады.

Жұмысшыларды буржуазиялық саясат пен буржуазиялық идеологияға бағындыру жұмысын жүргізіп отырған бейпартиялық интеллигенттердің топсымақтары қазір Россияда толығынан анықталды: олар — жойымпаздар мен солшыл халықшылдар. Партия төңірегіндегі марксистердің ішінен шыққан оппортунистер мен халықшылдардың дәйекті марксизмге *қарсы* бұл *одағы* «экономизмнің» алғаш шығуынан бері қарай (1894—1895 жылдардан) жиырма жыл бойы дерлік әзірленді. Қазір мәселеге тура қарап, үзілді-кесілді кесіп айтатын уақыт жетті: Россияда маркстік жұмысшы қозғалысы *тек* жойымпаздық пен халықшылдыққа қарсы күресте *ғана* қалыптасып келеді және қалыптаса алады.

Капиталистік қоғамның қай-қайсысында болсын мыңдаған жалғастырушы дәнекерлер арқылы ұсақ буржуазиямен сөзсіз байланысты болып отырған пролетариат дүние жүзінің бәрінде де жұмысшы партияларының қалыптасуы заманында буржуазияға азды-көпті ұзақ және табанды идеялық-саяси бағыну заманын басынан кешірді. Барлық капиталистік елдерге тән бұл құбылыс тарихи және экономикалық ерекшеліктерге қарай әр түрлі елде түрліше формада болды. Толық саяси бостандық және Англияның ұзақ уақыт бойы монополиялық дәрежеде болуы жағдайларында, Англияда либерал буржуазия саналы жұмысшылардың көпшілігін ондаған жылдар бойы идеялық жағынан аздырып, құлдықта ұстады. Францияда республикалық ұсақ буржуазиялық радикализм дәстүрлері көптеген жұмысшыларды «радикал» буржуазиялық партияны немесе буржуазияшылдығы одан кем соқпайтын анархизмді жақтаушыларға айналдырды және айналдырып отыр. Германияда бұдан жарты ғасыр бұрын жұмысшылар либерал Шульце-Деличтің соңынан ерген бола-

тын және Лассаль мен Швейцердің «национал-либералдық» (сонымен бірге «корольдік-пруссактық») оппортунистік ауытқуларына көнген болатын, ал қазір жүздеген мың жұмысшы «демократизмді» желеу етуші католиктік «орталықтың» соңынан еріп отыр.

Россияда шаруалар мәселесін *буржуазиялық-демократиялық* жолмен шешу әлі күнге аяқталған жоқ. Ұсақ буржуазиялық халықшылдардың «социализм» тонын жамылғанына таңданарлық не бар? Россия — барлық капиталистік елдердің ішіндегі *ең* мещандық ел. Сондықтан да Россияда марксизм *бұқаралық* қоғамдық ағымға айналысымен-ақ, мұнда интеллигенттік ұсақ буржуазиялық оппортунизм пайда болды, әуелгі кезде «экономизм» мен «жария марксизм» түрінде (1895—1902), сонан соң меньшевизм түрінде* (1903—1908), ақырында жойымпаздық түрінде (1908—1914 жылдар) пайда болды.

Қазір жойымпаздық маркстік жұмысшы партиясынан толық бөлініп шығуға дейін әбден пісіп жетілді: егер жойымпаздардың ішіндегі ең «солшылы» — жалтарма тұжырымдар жөнінде ең ептісі — *Л. М.* мырза:

««ашық жұмысшы партиясы» — реакциялық қиял емес екенін тәжірибе дәлелдеді, өйткені қазіргі кезеңде Россияда *мұндай партия, сөздің белгілі бір мағынасында, бар...»* (курсив Л. М. мырзанікі: «Наша Заря», 1914, № 2, 83-бет) деп жазып отырған болса,

...онда *мұндай* топты маркстік жұмысшы партиясымен «біріктіру» немесе «ымыраластыру» *мүмкіндігі туралы* ойдың мейлінше мағынасыз және күлкілі екені жұрттың бәріне айқын болуға тиіс.

---

* Россияда жұмысшы табы партиясын құрған ескі «Искра» *үш жыл бойы* қарсы күрескен нақ сол «экономизмнен», «бундизмнен» және «жария марксизмнен» меньшевизмнің (ал оның үстіне тіпті жойымпаздықтың) құрылуы жөніндегі ыңғайсыз, бірақ күмәнсіз фактіні *бүркемелеу* үшін өздерінің бұлтарып, жалтаруына тура келгенде, жойымпаз тарихшылар ерекше күлкілі жағдайға ұшырайды. Мысалы, Потресов мырзаның Аксельрод туралы кітапшасын қараңыз. «Земстволық науқан жоспарында»[67] либералдарды қорқытпау туралы Аксельродтың айтқанын Потресов мырза бүркемелеп, *жасыруға* соншалықты ынтамен және соншалықты босқа тырысып отыр. Айтқандайын, тіпті меньшевик Плехановтың өзі жойымпаздық жөнінде оның «экономизммен» және «жария марксизммен» тарихи жақындығын (теориялық жақындығының үстіне) толық мойындады.

Маркстік жұмысшы партиясының *мұндай* топпен, «Наша Заря» және «Северная Рабочая Газета» тобымен, «бірлігі» туралы қазір тек мүлде тайыз адамдар ғана сөз ете алады.

Россияның таптық бөлінісінің саяси айқындығы 1904 жылдан 1914 жылға дейін барлық жағынан әлдеқайда ілгері басты. Ол кезде ізгі поместьелік дворяндар әлі даралапбағап болатын, сондықтан оның кейбір өкілдерінің салондық либерализмі тіпті ескі өкіметтің өзін қорқытатын. Ол кезде нақ осы өкіметтің «қарапайым»-шаруаны тәртіптің тірегі деп есептегені соншалық — тіпті Булыгин Думасы да, Витте Думасы да[68] оны зор ықпалға ие қылды. Ол кезде гучковтік-милюковтік-пешехоновтық либерализм мен демократизм әлі де тұтас және бірыңғай бола алды. Ол кезде меньшевизм «платформалар жөніндегі айтыстарда» өзінің оппортунистік ұрандарын жұмысшы партиясының *шеңберінде* қорғаушы — жалпы және тұтас алғанда — партиялық *ішкі* ағым болғысы келді, шынында солай болды да.

Сол кезден бері бір шақырым оңға кеткен, партиядан шығып, «астыртын жұмыстан» жабысқан шаң-тозаңын қағып тастаған, либералдық және жойымпаздық газеттердегі жария журналистердің антипартиялық берік орталығына топтасқан, барлық және алуан түрлі жұмысшы ұйымдары мен қоғамдарында жұмысшылар орындарынан түсіріп тастаған қазіргі жойымпаздықты — *осы* жойымпаздықты 1903—1907 жылдардағы меньшевизммен салыстыру —ескі атақтар мен атаулардан, ескі сөздердің ызыңынан басқа ештеңені көрмеу, құлаққа ұрған танадай түк сезбеу деген сөз, Россияның таптық және партиялық қатынастарының он жылдық эволюциясынан мүлде ештеме түсінбеу деген сөз.

Қазіргі, 1914 жылғы, жойымпаздық — 1907 жылғы «Товарищ» газетінің[69] тобынан әсте айнымайды.

Айдауда және эмиграцияда, адамдар қайнаған өмірден соншалықты қол үзген, бұдан 7—10 жыл бұрын не болғаны туралы есте қалғандарына соншалықты сенген жерде нешеме ондаған «бұрынғы адамдарды» (сондай-ақ 1904—1907 жылдардағы жұмысшы партиясының интеллигент қатысушылары, қазір әр түрлі

жария «табысы мол орындарға» жайғасып алғандары арасынан, сөздің тек анағұрлым өкінішті, адамгершілік жағынан нашар мағынасында өте көптеген адамдарды* кездестіруге болатыны әбден табиғи нәрсе; бұлар жұмысшы партиясының Л. М., Ф. Д., Потресовтар, Ежовтар, Седовтар және К° сияқты мырзалардың тобымен «бірлігі» туралы арман етеді.

Алайда мына жағдайдың да табиғи нәрсе екені өзгеден кем емес: осы заманғы орыс жұмысшы жастары арасында — жойымпаздардың партиядан кеткенін, «олексе ұялардан» олардың *қашқанын көрген,*— астыртын партия туралы және «құпия баспасөзді дәріптеудің» зияны туралы (1914 жылғы 13 марттағы «Северная Рабочая Газетадан» келтірілген цитатты қараңыз) олардың ренегаттық сөздерін естіген,— осы мырзалардың халықшылдармен де, партияда жоқтармен де блок жасасуына *қарсы* бірқатар съездерде, IV Дума сайлауында, жұмысшы қоғамдарының бірсыпыра жиналыстарында, Қауіпсіздендіру советінің сайлауында күрес жүргізуге мәжбүр болған,— мұндай жұртты барлық және алуан түрлі жұмысшы қоғамдарында *орындарынан алып тастауға* мәжбүр болған осы заманғы орыс жұмысшы жастары арасында,— жойымпаздардың жұмысшы партиясымен «бірлігі» туралы ақ пейіл адамдардың армандары мен құрғақ сөздері, жұрттың көңіл-күйіне қарай; тек қана мүлде дөрекі, қатты күлкі туғызатыны немесе интеллигент Маниловтарға таңдану мен қынжылу көзқарасын туғызатыны мейлінше табиғи нәрсе.

Скобелев пен Чхеидзеге жалбарына көз салған Троцкий «Борьбада» немесе Бурьяновқа үмітпен, сеніммен қараушы париждік «За Партию»*70 газетінің қызметкерлері «бірлік» жайлы осы сөздерді айтып сайрай берсін, — олардың сөздері енді бір түрлі қайғылы әрі мәнсіз болып естіледі.

Марксистердің «ашық жұмысшы партиясы реакциялық қиял емес», т. т. дейтін адамдармен «бірлігін» уағыздау үшін, бұл үшін не шамадан тыс ақылсыз адам

* Плеханов.

болу керек, не орыс жұмысшы қозғалысының мәселелері жөнінде және жергілікті жерлердегі істің жайы жөнінде мүлде еш нәрсе білмейтін және түсінбейтін болу керек, не болмаса, ақырында, бұл үшін, «Наша Заряның», «Деньнің»[71] және «Киевская Мысльдің» әдебиетшілер тобын «теңдестік негізінде» жұмысшы марксистер топтарымен біріктіруге «фракциялық емес» адам ретінде нақ Троцкийді (немесе «фракциялық емес» басқа біреуді) — ойда жоқта! — шақыра қалса, жағдайдың соншалықты қолайлы «солқылдақ» болуын тілеу керек. Қандай тамаша-тәтті болашақ десеңізші!

Бірақ шын өмір, жойымпаздармен «бірігу» жөніндегі әрекеттердің шын тарихы бізге осы тамаша-тәтті болашақтардан мүлде алшақ жатқан бірдеңені аңғартып отыр. 1910 жылғы январьда жойымпаздармен бірігу жөнінде елеулі түрде және шынымен жалпы әрекет жасалды, — оны жойымпаздар іске асырмай тастады. Он екінші жылғы январьда болған өздеріне жағымсыз конференцияға қарсы *барлық* топтар мен топсымақтар жойымпаздармен бірікті. Мұның өзі осы конференцияға қарсы ең дөрекі (тіпті қос қабатталған) балағаттаулар негізінде қызу бірігу болғаны соншалық: тіпті Троцкий де, «За Партию» қызметкерлері де осы «бірігуге» қатысты, әрине, барлық впередшілдер де қатысты. Егер, шынында да, қиыңқы жікшіл-«лениншілдер» бірлікке кедергі жасаған болса, онда «лениншілдерге» қарсы топ біткеннің барлығы жойымпаздармен бірге «Vorwärts»[72]-тың беттерінде 1912 жылғы мартта осылай бірлесіп бас көтергеннен кейін, нағыз бірлік сондай тез гүлденбес пе еді!

Бірақ амал не! Осы ғажап біріктірушілер дәл сол уақыттан бері — Россияда жұмысшылар апрельде «Правданы» бастап, партиялыққа нағыз адал көзқарас негіздерінде жүздеген және мыңдаған жұмысшы топтарын Россияның барлық түкпірлерінде біріктіре бастаған кезден бері, — осы ғажап біріктірушілер дәл 1912 жылғы марттан бері барған сайын қатты ыдырай түсуде!! 1912 жылғы авгусқа қарай жойымпаздардың аты-

шулы «Август блогы» енді впередшілдер*сіз*, «За Партию*сыз*» құрыла бастады.

Бір жарым жыл өтіп барады. Думаның жұмысшы көпшілігінің тілегін орындауға дайын отырған Россиялық социал-демократиялық жұмысшы фракциясымен Россияның жұмысшы топтарының бірлігі *барлық* жария жұмысшы қоғамдарында, барлық одақтар мен ұйымдарда, толып жатқан газеттер мен органдарда біржолата өсті, есейді, нығайды.

Ал біздің «біріктірушілер» ше?

Иә, олардың мейлінше табысты, мейлінше жемісті «біріккені» соншалық,— тіпті бір «Вперед» тобы орнына *екі* «Вперед» тобы пайда болды (кейбіреулер үшінші «Вперед» тобы[73] деп есептейтін эмпириомонист Богдановты қоспағанда),— Троцкий мен жойымпаздардың біртұтас органы («Луч») орнына, Троцкийдің бұл жолы нағыз «фракцияшыл еместікті» уәде етіп отырған өреские органы — «Борьба» пайда болды. Ал Троцкийдің жойымпаздардан жалтақтап бөлінгеніне қоса, олардан *ұйымдасқан барлық латыш марксистері де* барынша үзілді-кесілді бөлініп шықты, бұлар өздерінің қатаң бейтараптығы мен фракцияшыл еместігіне *қарамастан* өздерінің 1914 жылғы конгресінде былай деп ашық мәлімдеді

ымыраластырушылар (Август блогының қатысушылар) идеялық-саяси жағынан жойымпаздарға тәуелді болуға өздері барып килікті»!!

1912 жылғы марттан бастап, қиянқы «жікшіл»-ленинишілдерге» қарсылардың *бәрі* жойымпаздармен біріккен кезден бастап 1914 жылғы мартқа дейін, жалған «Август блогы» біржолата ыдыраған кезге дейін, мына жағдай айдан айқын көрінді: марксистік жұмысшылардың шын бірігуі (Парижде емес, Венада емес, Россияда) тек жойымпаздар тобына *қарсы* және «ашық жұмысшы партиясына» бас июшілермен «бірігу» туралы бос сөздерден *тыс* жүзеге асып жатыр және жүзеге асады

Мыңдаған жұмысшы топтары маркстік газеттің төңірегіне жұрттың бәрінің көз алдында топтасып жа-

тыр,— шын бірліктің және оның өсіп келе жатқандығының нақты дәлелі, міне, осы. Марксистер 3 июнь заманының бас кезінде-ақ жасап берген идеялық негізде бола отырып, бұл бірлік жария мүмкіншіліктер атаулының бәрін — кімнен болса да жүз есе ойдағыдай— пайдалана білді, бірақ оларды «құпия баспасөзді дәріптеуді» теріске шығаруға мәжбүр ететін немесе «ашық партияға», не гегемондықтан безуге, не «киттерді» кері ығыстыруға, т. т., т. с. тілектестік білдірушілікпен келіссетін идеяларға қарсы аяусыз күрес жүргізу *рухында* пайдалана білді.

Сөйтіп тек осындай бірлік қана, тек осындай идеялық негізде ғана, Россияның жұмысшы табына дұрыс жол көрсетеді.

1914 ж. апрельде жазылған

1914 ж. июльде мына жинақта басылған: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, С.-Петербургтегі «Прибой» баспасы шығарған

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА САЯСИ ДАҒДАРЫС ТУРАЛЫ

Думаның 22 апрельдегі атыс-шулы мәжілісі туралы газеттер көп сөз қылды; бұл мәжілістен барлық социал-демократтар мен трудовиктер қуып шығарылған болатын[74]. Алайда бұл оқиғаның мәні әлі де жеткілікті баяндалмай қалып отыр.

Саяси дағдарыстың қай-қайсысы болса да, оның немен тынғанына қарамастан, мынадай да пайда келтіреді: құпияны жария етеді, саясатта қимыл жасаушы күштерді ашып көрсетеді, алдаулар мен өзін өзі алдауларды, сылдыр сөздер мен өтіріктерді әшкерелейді, *«бар нәрсені»* айқын көрсетеді және оны, былайша айтқанда, миға зорлап қондырады.

Думаның барлық демократияшыл депутаттары, социал-демократтар да, трудовиктер де, 15 мәжіліске шығарылып, олардың көбі әскери күшпен қуылды. Оларды шығарып тастау оңға қарай бір адым (ал, дұрысырағы, бірден он адым) жасауға «табанды» ниеті бар екенін Чхеидзені тарту арқылы айқын көрсеткен адамдардың пайдасы үшін жүзеге асырылды. Бұл шығарып тастауды жақтап оңшылдар мен октябристер дауыс берді, оларға *прогрессистердің,* яғни кадеттермен өте тығыз, іс жүзінде айырғысыз одақтасып отырған буржуазияшыл либералдардың *бір бөлегі қосылды.*

Кадеттер қалыс қалды!!! Демократизмнен дәмесі бар партияның бұл қалыс қалуы кадет мырзалардың либерализмінің шын жаратылысын тамаша ашып берді — бұл есте бірінші рет болып отырған жоқ. IV

Дума Чхеидзені, ал оның соңынан басқа да социал-демократтарды, ал онан кейін барлық демократтарды да қуып жіберуге әзірленуде, сойтіп істі шығарып тастаудан бастады, ал либералдық оппозицияның «көсемі» мырзалар *қалыс қалып отыр!!* Бұдан кейін либералдар мен кадеттер біз социал-демократтардың сөйлеген сөздерінің тек «формасын» ғана мақұлдамадық, т. с. деген сияқты софизмдер мен жалтаруларды ойлап шығару үшін қаншама телегей-теңіз сия тауысса да, өзін өзі алдағысы келмейтін әрбір адамға істің мән-жайы айқын болып қала береді.

Горемыкин, Родзянко және олардың көпшілігі демократияшыл депутаттарды шығарып жібергенде қалыс қалудың мәнісі — Горемыкин мен Родзянконы және олардың көпшілігін үндемеу арқылы іс жүзінде қолдау, адамгершілік жағынан мақұлдау, саяси жағынан күшейту деген сөз.

Л. М.-ның «Северная Рабочая Газетаның» 61-номеріндегі козқарасын дұрыс деп тануға болмайды; ол онда «октябристер бастаған думалық көпшілік саяси жағынан өзін өзі өлтірді» деп жазды. Бұл — солшыл либералдың көзқарасы, бірақ демократтың және әсте де социал-демократтың көзқарасы емес.

Думалық көпшілік пен октябристер өзін өзі тіпті де өлтірген жоқ. Олардың бәрі —не істерін білетін контрреволюционерлер, үшінші июнь блогы мен столыпиндік системаға саналы түрде қатысушылар, демократияның саналы түрдегі жаулары. Егер олар Горемыкинді өздерінің саяси көсемі деп танып, өздерінің тап жауларына қарсы, октябристерге көріне дұшпан болып отырған демократия өкілдеріне қарсы шығып, осы көсемнің соңынан еріп отырса, бұл арада қандай өзін өзі өлтірушілік болмақ?

«Өзін өзі өлтіру» жайлы мұндай көпірме, түбірінен теріс сылдыр сөз неге керек? Шынында бұл сылдыр сөздер октябристер демократияның жаулары *емес* дегенді *аңғартып* отыр ғой, ягни жексұрын жалған бірдеңені аңғартып отыр ғой. Бұл сылдыр сөздер III және IV Дума дегеніміз—«қағаз» мекеме, қағаз үйшік болып табылады деп жиі айғайлаған ақылсыз солшыл халық-

шылдардың тұрпайы демократизміне ұқсап отыр ғой. Октябристердің Горемыкинді, Маклаковты жəне Щегловитовты жақтап дауыс бергенін тек мынадай ретте ғана, октябристер «халықтың еркін» білдірушілер болған күнде ғана өзін өзі өлтіргендік деп есептеуге болар еді. Ал іс жүзінде бұлар — ең ірі буржуазия мен помещиктердің халықтан өлердей қорқатын топтарының *«еркін»* білдірушілер.

Жоқ, шындықтың бетіне тура қарайтын болайық. Мұның өзі саясатта əрқашан ең жақсы жəне бірден-бір дұрыс жүйе болып табылады.

Думада 22 апрельде болған оқиға конституциялық жəне жарияшылдық жалған үміттердің қалдықтарын талқандап, құртты—міне, бұл шындық болады. Пуришкевичтің, Родзянконың, «солшыл» октябристердің жəне прогрессистердің бір бөлегінің контрреволюциялық блогы демократияға тура, *ашықтан-ашық,* үзілді-кесілді, солдатша (осы соңғы сөздің басқаша мағынасында емес, тікелей мағынасында, өйткені Думаға солдаттар шақырылды) қарсы шықты. Контрреволюцияшыл либералдар, Милюковтар жəне К⁰ *қалыс қалды.* III жəне IV Думаның бүкіл тарихынан кейін, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы он жылының бүкіл тарихынан кейін, мұны күтпеске болмайтын еді.

Мейлі! Оның өзі алдау аз болса — халыққа жақсы. Думада 22 апрельде болған оқиғадан ел не ұтты? Оның ұтқаны сол ол осы ел бостандығының ісі үшін зиянды жалған үміттердің бір бөлігінен арылды.

«Путь Правды» № 76, 3 мая, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ КҮРЕС

Революциядан кейінгі Россияның төтенше маңызы бар айрықша ерекшелігі *оппозициялық* немесе прогресшіл жіктер арасындағы идеялық терең бет бұрыста болып отыр. Кімде-кім осы ерекшелікті ұмытса, ол орыс революциясы мен оның сипатын да, сол сияқты жұмысшы табының осы замаңғы міндеттерін де түсіну мүмкіншілігінен айрылады.

Либерал буржуазия арасындағы идеялық бет бұрыс демократияға қарсы бағыт құруда болып отыр (мұны Струве, Изгоев, В. Маклаков ашықтан-ашық, қалған кадеттер — жасырын, «ұялшақтап» істеп отыр).

Демократия арасындағы бет бұрыс социал-демократтар арасындағы да (пролетарлық демократия), сол сияқты социалист-революционерлер арасындағы да (буржуазиялық демократия) орасан зор идеялық күйреушілік пен солқылдақтықта болып отыр. Демократияның тіпті ең жақсы өкілдерінің өзі күйреушілікті, солқылдақтықты, ренегаттықты *жоқтаумен* қанағаттанып келеді. Ал марксистер осы *қоғамдық* құбылыстың *таптық* тамырларын іздейді.

Бұл күйреушіліктің басты көрінісі жойымпаздық болып табылады; ал оған «интеллигенцияның кейбір бөлегінің» астыртын жұмысты «жоюға», сөйтіп оны ашық жұмысшы партиясымен «алмастыруға» «тырысқандығы» деген анықтама, «маркстік тұтас ұйым» бе-

кіткен ресми анықтама 1908 жылдың өзінде-ақ берілген болатын. Басшы марксистердің *барлық* «ағымдар» мен топтардың өкілдері қатысқан 1910 жылғы январьдағы соңғы ресми жиналысында жойымпаздықты *пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі* деп айыптауға қарсы шығарлық *бірде-бір* адам табылмады. Жойымпаздықты бұлай айыптау және сонымен қатар оның *таптық* тамырларына берілген түсінік *бірауыздан* қабылданды.

Содан бері 4 жылдан аса уақыт өтті, ал бұқаралық жұмысшы қозғалысының аса зор тәжірибесі жойымпаздықты осылай бағалаудың дұрыс екенін мыңдаған рет растап берді.

Фактілер мынаны дәлелдеді: марксизм теориясы да, бұқаралық жұмысшы қозғалысының практикасы да жойымпаздықты жұмысшыларға қарсы буржуазиялық ағым ретінде біржолата құртты. Сапалы жұмысшылардың жойымпаздарды неліктен аяусыз айыптап, оларға толық бойкот жасайтынын — жойымпаздыққа бұдан басқаша *қарай алмайтынын* түсіну үшін, мысалы, 1914 жылғы бір ғана март айы ішінде «Северная Рабочая Газетаның» «құпия баспасөзді» (13 марттағы номері) немесе демонстрацияларды (Горский мырза 11 апрельдегі номерде) қалай жерден алып жерден салғанын, «астыртын жұмысты» Булкиннің нағыз либералша қалай жерден алып, жерден салғанын («Наша Заря» № 3) «Наша Заря» редакциясы атынан өкінішті атышулы *Л. М.*-ның осы пункт жөнінде Булкинді қалай толығымен қолдап, «ашық жұмысшы партиясын құруды» қалай жақтағанын еске түсіру, — міне, осыларды еске түсіру әбден жетіп жатыр.

Бірақ бұл арада: мұндай ағым тарихи жағынан қалай пайда болды? — деген өте маңызды сұрақ туады.

Бұл ағым марксизмнің Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысымен байланысының *жиырма жылдық* тарихында пайда болды. 1894—1895 жылдарға дейін мұндай байланыс болған жоқ. «Еңбекті азат ету» тобы

социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты.

Тек 1894—1895 жылдардағы үгіт пен 1895—1896 жылдардағы стачкалар ғана социал-демократияның бұқаралық жұмысшы қозғалысымен берік, үздіксіз байланысын жасады. Бұдан соң *іле-шала* марксизмдегі екі ағымның идеялық күресі басталды: «экономистердің» дәйекті марксистермен немесе (кейіннен) «искрашылдармен» күресі (1895—1902), «меньшевиктердің» «большевиктермен» күресі (1903—1908), жойымпаздардың марксистермен күресі (1908—1914) басталды.

«Экономизм» мен жойымпаздық дегеніміз — 20 жыл бойы өмір сүріп отырған баяғы бір ұсақ буржуазиялық, интеллигенттік оппортунизмнің түрліше формалары. Оппортунизмнің барлық осы формаларының тек идеялық қана емес, сонымен бірге жеке байланысының да бар екені күмәнсыз факт. Экономистердің кейіннен меньшевик болған, қазір жойымпаз болып жүрген басшысы А. Мартыновты атап айтсақ та жеткілікті. Г. В. Плеханов сияқты куәга жүгінсек те болады, ал оның өзі өте көп пункттерде* меньшевиктерге жақын болды, бірақ соның өзінде де ол меньшевиктердің интеллигенттік-оппортунистік элементтерді өз қатарына көп жинағанын, жойымпаздар—«экономизмнің» қателерін ілгері жалғастырушылар және жұмысшы партиясын қиратушылар екенін турадан-тура мойындады.

Жұмысшы қозғалысындағы идеялық күрестің осы 20 жылдық тарихын (жойымпаздар мен Троцкийге ұқсап)

* Біздің «өте көп пункттерде» дейтініміз неліктен? Өйткені Плеханов меньшевизмнен *сан* рет бөлініп шыға отырып, *ерекше* позиция ұстады: 1) 1903 жылғы съезде Плеханов меньшевиктердің оппортунизміне қарсы күресті; 2) съезден кейін Плеханов «Искраның» 46—51-номерлерін редакциялады, мұнда да меньшевиктерге қарсы болды; 3) 1904 жылы Плеханов земстволық науқанның аксельродтық жоспарын қорғады, қорғағанда ол жоспардың нақ басты қателері жөнінде жұмған аузын ашпады; 4) 1905 жылы көктемде Плеханов меньшевиктерден кетті; 5) 1906 жылы I Дума таратылғаннан кейін Плеханов мүлде меньшевиктік емес позиция ұстады (1906 жылғы августағы «Пролетарийді»[75] қараңыз) (қараңыз; Шығармалар толық жинағы, 13-том, 416—421-беттер. *Ред.)*; 6) 1907 жылғы Лондон съезінде,— Череванинніц айтуына қарағанда,—Плеханов меньшевиктердің «ұйымдық анархизміне» қарсы күресті. Меньшевик Плехановтың жойымпаздыққа қарсы неліктен осыншама ұзақ және батыл күрес жүргізіп, оны әшкерелегенін түсіну үшін осы фактілерді білу керек.

орағытып өтетін немесе бұрмалайтын адамдар жұмысшыларға өте зор зиян келтіреді.

Өз қозғалысының тарихына Иван Непомнящий сияқты қарайтын адам саналы жұмысшы бола алмайды. Россия барлық капиталистік елдердің ішіндегі ең артта қалған, ең ұсақ буржуазиялық елдердің бірі. Сондықтан жұмысшылардың *бұқаралық* қозғалысы осы қозғалыстағы ұсақ буржуазиялық, оппортунистік *қанатты* кездейсоқ емес, сөзсіз туғызды.

Жұмысшы қозғалысын буржуазияның ықпалынан, «экономизм»-жойымпаздықтың ықпалынан тазарту ісі осы 20 жыл ішінде *орасан зор* алға басты. Қазір нағыз маркстік партияның нағыз пролетарлық іргетасы тұңғыш рет берік қалана бастады. Саналы жұмысшылар арасында правдистердің орасан зор көпшілік болып отырғанын жұрттың бәрі мойындайды, тіпті правдистерге қарсылардың оздері мойындауға мәжбүр болып отыр,— фактілер мұны мойындауға мәжбүр етіп отыр! 1910 жылғы январьда болған маркстік «пленумның» *теория жағынан* мойындаған нәрсесін (жойымпаздық—«пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасау») саналы жұмысшылар төрт жыл ішінде жүзеге асырды, жойымпаздарды әлсіретіп, оларды орындарынан алып, жойымпаздықты жария оппортунист-әдебиетшілердің бұқаралық жұмысшы қозғалысы үшін бөгде тобына айналдырып, іс жүзінде мойындауға мәжбүр етті.

Идеялар күресінің осы жиырма жылы бойында Россиядағы жұмысшы қозғалысы ұдайы өсіп, нығайып, есейіп келеді. Ол «экономизмді» жеңді: саналы пролетариаттың жақсыларының күллісі «искрашылдар» жағына шықты. Революцияның барлық шешуші кезеңдерінде ол «меньшевиктерді» азшылықта қалдырды: жұмысшы бұқарасының большевиктер соңына ергенін *тіпті* Левицкийдің *өзі* мойындауға тиіс болды.

Жұмысшы қозғалысы енді, ақырында, жойымпаздықты жеңді, сөйтіп осының арқасында алдыңғы қатарлы таптың адамзаттың алдыңғы қатардағы тарихи міндет-

тері жолындағы күресінің кең, маркстік теория нұрына бөленген, шұнтитылмаған ұрандармен қорытылған дұрыс жолына түсті.

«Путь Правды» № 77,
4 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ҰЛТТАРДЫҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АЗШЫЛЫҚ ҰЛТТАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ[76]

1. Россияның селолық жағынан да, қалалық жағынан да әкімшілік бөліністерінің (селолар, болыстар, уездер, губерниялар, қалалардың бөліктері мен учаскелері, қала төңіректері, т. с.) шекаралары жергілікті халықтың қазіргі шаруашылық жағдайлары мен ұлттық құрамын есепке алу негізінде қайта құрылады.

2. Бұл есепті комиссиялар жүргізеді, ал бұл комиссияларды жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде, пропорциялық өкілдік бойынша жергілікті халық сайлайды, соның өзінде комиссияның бір мүшесін де сайлай алмайтын (пропорциялық өкілдік болғанда) өте азшылық басқа ұлттар комиссияның кеңесші даусы бар мүшесін сайлайды.

3. Жаңа шекараларды түпкілікті бекіту мемлекеттің орталық парламентінің қарауына жатады.

4. Жергілікті өзін өзі басқару жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде, пропорциялық өкілдікпен мемлекеттің жергілікті жерлерінің бәрінде бірдей енгізіледі, соның өзінде ерекше географиялық, тұрмыстық немесе шаруашылық жағдайлары жағынан немесе халқының ерекше ұлттық құрамы жағынан өзгешелігі бар жергілікті жерлердің бір тобы автономиялы облыстық сеймдері бар автономиялы облыстар құруға праволы.

5. Автономиялы сеймдер мен өзін өзі басқаратын жергілікті мекемелер атқаратын істердің шегін белгі-

леу мемлекеттің орталық парламентінің қарауына жатады.

6. Мемлекеттің барлық ұлттары сөзсіз тең праволы және ұлттардың біріне немесе тілдердің біріне берілетін пұрсаттылықтардың қандайы болса да жол беруге болмайтын және конституцияға қайшы келетін іс деп танылады.

7. Жергілікті өзін өзі басқару мекемелері мен автономиялы сеймдер белгілі бір жердің немесе өлкенің барлық мемлекеттік және қоғамдық мекемелерінің ісі қай тілде жүргізілетінін белгілейді, соның өзінде азшылық басқа ұлттың қай-қайсысы болса да тең праволылық принципі негізінде өз тілінің праволары сөзсіз қорғалуын, мысалы, мемлекеттік және қоғамдық мекемелерден өзі қай тілде өтініш берсе, сол тілде жауап алуды талап етуге праволы, т. т. Земстволардың, қалалардың және басқаларының финанс саласында болсын, сондай-ақ әкімшілік, сот және басқа салалардың қай-қайсысында болсын, азшылық ұлт тілдерінің тең праволылығын бұзатын шаралар заңсыз деп танылады және өзінің қайда тұратынына қарамастан, мемлекеттің кез келген азаматы білдіре алатын қарсылық бойынша мұндай шаралар жойылуға тиісті.

8. Мемлекеттің өзін өзі басқару орындарының әрқайсысы, селодағысы да, сол сияқты қаладағысы да, жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде, пропорциялық өкілдігі бар мектеп советтерін сайлайды; бұлар халықтың мәдени-ағарту қажеттерінің күллісіне жұмсалатын шығындарды қалалық және земстволық мекемелердің бақылауымен және басшылығымен түгелдей және автономиялы түрде билейді.

9. Ұлттық құрамы бірыңғай емес территориялық орындарда мектеп советтері мүшелерінің саны 20-дан кем болмауға тиіс. Өзін өзі басқарушы орындар мен автономиялы сеймдердің қаулысы бойынша бұл санды (20) көбейтуге болады. Басқа азшылық ұлт халықтың 5 процентіне жететін жерлер халқының ұлттық құрамы бірыңғай емес жерлер деп есептеледі.

10. Өзін өзі басқаратын белгілі бір орынның пропорциялық өкілдік тәртібін қолданғанда мектеп советіне

бір мүше де сайлай алмайтын өте азшылық ұлттың қай-қайсысы болса да оған кеңесші даусы бар бір мүше сайлауға праволы.

11. Белгілі бір жердің басқа азшылық ұлттарының мәдени-агарту мұқтаждарына жұмсалатын соманың пропорциялық үлесі сол белгілі бір жердің барлық халқы ішіндегі басқа азшылық ұлттардың пропорциялық үлесінен кем болмауы керек.

12. Азаматтардың ана тілін есепке ала отырып, халық санағын жүргізу ісі бүкіл мемлекетте кемінде 10 жыл ішінде 1 рет, ал халқының ұлттық құрамы бірыңғай емес облыстар мен жерлерде кемінде 5 жылда 1 рет жүргізіледі.

13. Мектеп советтерінің ұлттардың және жергілікті халық тілдерінің толық тең праволылығын немесе азшылық ұлттардың халық ішіндегі үлесіне сәйкес мәдени-ағарту мұқтаждарына жұмсалатын шығындардың пропорциялылығын неден болса да бұзатын шараларының қай-қайсысы да заңсыз деп танылады және өзінің қайда тұратынына қарамастан, мемлекеттің кез келген азаматы білдіруге праволы қарсылық бойынша бұл шаралар жойылуға тиісті.

1914 ж. 6 (19) майдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ИМЕНИЕ ЖАҒЫНАН КӨРШІЛЕР»

Мейлінше қиын құбылыстардың мәнін ғажап дәл білдіретін қанатты сөздер де болады. Думаның 22 апрельдегі тарихи мәжілісінде Горемыкиннің сөйлеген сөзі жөнінде Мемлекеттік думаның оңшыл көпшілігінің мүшесі болып табылатын помещиктердің бірінің айтқан әсерлі сөзі, күмән жоқ, осындай сөздердің қатарына жатады.

«Имение жағынан И. Л. Горемыкинмен көрші отыру қандай рақат болар еді десеңізші!»

Жұмысшы және шаруа депутаттарын Мемлекеттік думадан қуған күні айтылган бұл сөздерді қазір, қуылған депутаттар өз орындарына қайта келіп отырған кезде, еске түсіру өте пайдалы. Думада да, Думадан тыс жерлерде де демократияға кездесіп отырған күшті бұл сөздер тамаша суреттейді.

Осы қанатты сөзді айтқан дворянсымақтың әзіл айгқысы келді, бірақ ол өзінің айтайын дегенінен анағұрлым елеулі және анағұрлым терең шындықты аңдамай айтып салды. Шынында да, бүкіл осы IV Дума, оңшылдар мен октябристердің бүкіл осы көпшілігі, ал онан соң Мемлекеттік советтегі «ұлықтар» да «имение жағынан көршілер» емей немене?

Россияда 194 құпия кеңесшінің иелігінде 3 103 579 десятина жер бар, яғни әрбір құпия кеңесшіге орта есеппен жиырма мың десятинадан аса жер келеді*.

* Сірә, бұл жердегі деректемеде қате кетсе керек, орта есеппен 16 мыңдай десятинадан келеді. *Ред.*

Ал Россияның 30 мыңға жетпейтін аса ірі жер иелерінің 70 миллион десятина жері бар. Земство мен жергілікті басқарма туралы айтпағанның өзінде, Мемлекеттік думаның да, Мемлекеттік советтің де, жоғарғы чиновниктердің де көпшілігі нақ осы таптың қолында болып отыр. Осылардың бәрі—«имение жағынан көршілер».

Біздің капиталистік ғасырымызда «имение жағынан көршілердің» өздері бара-бара заводшылар, шарап жасаушылар, қант қайнатушылар, т. с. болып келеді, алуан түрлі сауда-өнеркәсіп, финанс, темір жол кәсіпорындарына барған сайын көбірек қатысуда. Аса ірі дворяндар аса ірі буржуазиямен тығыз жымдасып келеді.

«Имение жағынан көршілер» Россиядағы ең жақсы *таптық* ұйым болып отыр, өйткені олар тек көршілік жағынан ғана, тек одаққа ғана ұйымдасып отырған жоқ, сондай-ақ мемлекеттік күш ретінде де ұйымдасып отыр. Аса маңызды мекемелердің бәрі солардың қолында, «солардың үлгісі бойынша және соларға ұқсап», солардың «мұқтаждары» мен мүдделеріне сай құрылған. Әрине, біздің мемлекеттік құрылысымыздың Россияның соғыс тарихына, т. т. байланысты түсіндірілетін өте маңызды ерекшеліктері,— кейде помещиктер табының да наразылығын туғыза алатын ерекшеліктері де бар. Солай бола тұрса да, жалпы және тұтас алғанда, великорустық помещик мырзалар *таптық* ұйымшылдықтың тамаша үлгісін көрсетіп отыр!

Біздің буржуазиямыз, мысалы, *өз* табын мемлекеттік күш етіп ұйымдастыру туралы ойлаудан қорқып, осы үлгіні нашар пайдаланады. Бірақ оның есесіне пролетариат тап ретінде ұйымдаса отырып, «имение жағынан көршілердің» тамаша үлгісін ешқашан ұмытқан емес және ешқашан ұмытпайды да...

«Путь Правды» № 80,
8 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДАР ЖӘНЕ «ФРАКЦИЯЛЫҚ ЗОРЛЫҚ»

Жұмысшы қозғалысы неғұрлым өрістеген сайын, оның қимылдары неғұрлым топтасқан сайын,— бұқарадан қол үзген интеллигенттік топсымақтар «фракцияшылдық», «правдистік сарын», «фракциялық соқырлық», т. т. туралы соғұрлым қатты байбалам салып отыр. Осы бір қайырымды адамдар мұнысы арқылы өз бейшаралықтарына өздері айғақ болып отырғанын тіпті аңғармайды да. Олар бір жерде әлде нендей стихиялық апатты ғана көріп, сол жөнінде тек зарланып жоқтау айтатын болса, іс жүзіне келгенде нақ сол жерде біздегі жұмысшы қозғалысының пісіп жетілгендігі мен ұстамдылығы байқалады.

Жұмысшы «фракцияшылдығына» қарсы интеллигенттік байбаламның бүкіл жексұрындығын, бүкіл жалғандығын жұмысшылардың жақында болған қауіпсіздендіру жөніндегі ашық сайлауынан артық ештеңе әшкерелеген жоқ.

Халықшылдық «Мысль Труда» газетін алыңыз. Петербургте болған қауіпсіздендіру сайлауының күллісінен *кейін* де біз 20 апрельдегі номерден мейлінше даурықпа мақаланы кездестірдік, ол: ешбір жағдайда «правдистердің фракциялық зорлығына (!!) бағынбау» керек деп шынымен дәлелдемек болады.

Фракциялық зорлық! Осы демагогиялық сөздерді жазу үшін халықшылдық газетке қаншалықты бейпіл ауыздылық керек болды десеңізші!

Ойлап қараңызшы, оқушы. Жұмысшылар атынан ашық сайлау болды. Жұмысшылар оған қатысушылардың саяси бағыты жөнінде өзара сұрастырады. Сайламшылардың саяси құрамы туралы жалпыға мәлімдеу үшін ешкімнің дауы жоқ мынадай деректер жарияланады: 37 правдист, 7 жойымпаз, 4 халықшыл және 5 әрі-сәрілер. Жұмысшылар, әрине, правдистер көпшілігін сайлады. (Азшылыққа да: жойымпаз емес меньшевиктерге кейбір өкілдік берілді.) Осыдан кейін халықшылдық газет «фракциялық зорлық» туралы шу көтергенін қайтерсің.

Бірақ сіздер тура өздеріңізді келекелеп отырсыздар ғой, халықшыл мырзалар. «Фракцияшылдық» деген тозығы жеткен сөздің бүкіл *мағынасыздығын* сіздер өз мысалыңыз арқылы айқын көрсетіп отырсыздар. Сіздер жай ғана екі цифрды ұмытқансыздар: 37 мен 4. Жұмысшылардан шыққан 53 сайламшының ішінде халықшылдар төрт адам болып шықты, яғни бар болғаны 7-ақ процент. Бірақ халықшылдар, сірә, жұмысшылар өз өкілдерін дауыстың көпшілігі бойынша сайламай, *азшылығы бойынша* сайлауға тиіс деп білетін болса керек. Халықшылдардың көңілін табу үшін 37 жұмысшы сайламшыны 4-ке теңеу керек еді. 37 төртеуге тең—қайырымды және «фракциялық емес» халықшылдардың жұмысшыларға ұғындырмақ болып отырғаны міне осы. Халықшылдықтың мұндай даналығын жұмысшылардың түсінбей жүргені таңқаларлық нәрсе емес.

Әр нәрсенің шегі бар, «фракциялық емес» халықшыл мырзалар. Егер 53 сайламшының ішінен 4 сайламшылары бола отырып, сіздер көпшіліктің «фракциялық зорлығы» туралы байбалам салатын болсаңыздар, онда сіздер бұл арқылы тек бір нәрсені ғана көрсетесіздер: сіздер көпшіліктің еркін құрметтей білмейсіздер, «фракциялыққа» қарсы өздеріңіздің даурыққан айқайларыңызбен сіздер *жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің еркін жүзеге асыртпауға* тырысып отырсыздар. Басым көпшілікке болмашы азшылықтың зорлық жасауын шынымен жүзеге асыруға тырысып отырған дәл сіздер, басқа ешкім де емес.

Бұқарадан қол үзген үйірменің мейлінше түкке тұрғысыз, мейлінше принципсіз саясатын жүргізе отырып, сіздер «фракциялық зорлыққа» қарсы байбалам салу арқылы жұмысшылардың жүйкесін құртуға тырысасыздар, сөйтіп осы жексұрын тәсіл арқылы өздеріңіздің үйірмелік мүдделеріңізді қанағаттандыруға *күш салып отырсыздар.* Егер әйтеуір бір ең барып тұрған рабайсыз «фракцияшылдық» бар болатын болса, онда бұл жұмысшылардың еркін бұзып отырған нақ сол жойымпаздық және халықшылдық үйірмелердің әрекеті болып табылады.

Біз *Рига* сияқты ірі орталықта болған қауіпсіздендіру сайлауына байланысты да дәл осындай жағдайды көріп отырмыз.

Ауруларға жәрдемдесу кассаларының басқарма мүшелерінің губерниялық қауіпсіздендіру мекемесіне кандидаттар белгілейтін жиналысы өткізіліп жатады. 21 кассаның өкілі қатысып отырады. Саяси бағыттардың қатты күресі болады. Бір жағында — жойымпаздар, халықшылдар, партияда жоқтар, кейбір кәсіптік одақтар отыр. Екінші жағында— правдистер. Екі жақтан да қыруар көп шешендер шығып сөйлеп жатыр. Мұның нәтижесінде правдистер тізімі 44 дауыс, қалғандарының бәрінің блогы —20 дауыс алады. (Бұл деректерді «Мысль Труданың» өзінің 2-номерінен алып отырмыз.) Сонымен, правдистер дауыстың үштен екісінен артығын алады.

Осыдан соң халықшылдар «фракцияшылдық» пен «фракциялық зорлық» туралы тағы да зар жылап отыр.

Сөздерді қалай сапырылыстыратынын көріңіздерші. Халықшылдар еш уақытта да социал-демократияның *фракциясы* болып көрген емес қой. Халықшылдар мен социал-демократтар әрқашан да ерекше программасы, тактикасы, ұйымы бар ерекше *екі партия* болып келді. Социал-демократтар мен халықшылдар арасындағы күрес әсте «фракциялық» күрес емес, саяси *партиялық* күрес болып табылады. Бұл арада «фракцияшылдықтың» қандай қатысы бар?

Жойымпаздар мен «ымырашылдардың» «фракцияшылдыққа» қарсы байбаламының тек жұмысшы пар-

тиясының *жауларына* ғана жәрдемдесетіні, тек былық пен қым-қиғаштық қана туғызатыны, ұғымдарды шатастырып, жұмысшыларды адастыратыны айқын емес пе.

«Фракцияшылдыққа» қарсы байбалам салу жүйеге айналып барады. Жұмысшыларды адастыру үшін марксистердің жаулары байбалам салуды қасақана пайдаланып отыр. Жұмысшылардың шешімі қайсыбір интеллигентке немесе интеллигенттер үйірмесіне ұнамаса-ақ болғаны, ол: аттан, «фракцияшылдық», құтқарыңдар, «фракциялық зорлықтан»! — деп байбалам салады.

Сіздер мұнымен ешкімді таңдандыра алмайсыздар, мырзалар. Жікшіл әрі либерал Ф. Д. «Северная Ликвидаторская Газетада» мақаласының екі жолының бірінде: мен «бірлікті» жақтаймын деп ант-су ішіп отырғанда, Троцкий өзінің барып тұрған интеллигенттік, нағыз интеллигенттік журналсымағында «фракциялық құлдықтан құтқару» туралы даурықпа сөздермен айқай салып отырғанда, «Мысль Труданың» ұсақ буржуазияшыл социалист-сымақтары: біз бірлікті жақтаймыз деп сендірмек болып отырғанда, — жұмысшылар оларға былай деп жауап береді: кімде-кім жұмысшы қозғалысының нағыз бірлігін жақтайтын болса, ол саналы жұмысшылардың көпшілігіне бағынуға тиіс, ол маркстік программа мен маркстік тактикаға қарсы күрес жүргізе алмайды.

«Путь Правды» № 81,
9 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖЫМЫСҚЫ ҰЛТШЫЛДЫҚПЕН АЗДЫРУ

Жұмысшы қозғалысы неғұрлым күшті дамыған сайын, буржуазия мен крепостниктер оны басып-жаныштауға немесе ыдыратуға соғұрлым жанталаса тырысады. Бұл екі тәсілдің екеуі де, күшпен басу және буржуазиялық ықпалмен ыдырату тәсілдері, бүкіл дүние жүзінде, барлық елдерде ұдайы қолданылады, соның өзінде үстем таптардың әр түрлі партиялары бұл тәсілдердің біресе біреуін, біресе екіншісін кезекпе-кезек қолданады.

Россияда, әсіресе бесінші жылдан кейін, буржуалардың неғұрлым ақылдылары жалғыз жалаң күштің сенімсіз нәрсе екенін айқын көрген кезде, әр түрлі «прогресшіл» буржуазиялық партиялар мен топтар тарапынан жұмысшы табының күресін әлсірететін неше түрлі буржуазиялық идеялар мен ілімдерді уағыздау арқылы жұмысшыларды *бөлшектеу* тәсілі барған сайын жиі қолданыла бастады.

Жымысқы ұлтшылдық осындай идеялардың қатарына жатады; ол нағыз сыпайы және құлаққа тым жағымды естілетін сылтаулармен, мысалы, «ұлттық мәдениет», «ұлттық автономия немесе тәуелсіздік» мүдделерін, т. т., т. с. қорғау желеуімен пролетариаттың бөлшектеніп, ыдырауын уағыздайды.

Саналы жұмысшылар ұлтшылдықтың *қандайына болса да,* дөрекі, зорлықшыл, қаражүздік ұлтшылдыққа да, сондай-ақ жұмысшы ісін, жұмысшы ұйымдарын, жұмысшы қозғалысын ұлт-ұлтқа *бөлшектеумен бірге...*

ұлттардың тең праволы болуын уағыздайтын ең жымысқы ұлтшылдыққа да тойтарыс беруге бар күштерін салуда. Саналы жұмысшылар, марксистердің соңғы (1913 жылдың жазындағы) кеңесінің[77] шешімдерін жүзеге асыра отырып,— ұлтшыл буржуазияның барлық түрлерінен өзгеше — ұлттар мен тілдердің ең толық, дәйекті, ақырына дейін жеткізілген *тең праволылығын* ғана емес, сонымен қатар әр түрлі ұлттардың жұмысшыларының *біртұтас* әр алуан пролетарлық ұйымдарға *бірігуіне* де күш салады.

Марксизмнің ұлттық программасы мен қандай да болсын буржуазияның, тіпті ең «алдыңғы қатарлы» буржуазияның болса да, ұлттық программасы арасындағы түбегейлі айырма — міне осында.

Ұлттар мен тілдерді тең праволы деп танудың марксистер үшін қымбат болатын себебі олардың ең дәйекті демократтар екендігінде ғана емес. Пролетарлық ынтымақтың, жұмысшылардың тап күресінің жолдастық бірлігінің мүдделері ұлттық сенбестіктің, оқшауланудың, күмәнданудың, өшпенділіктің зәрредейін болса да қалдырмай құрту үшін ұлттардың барынша толық тең праволы болуын талап етеді. Ал толық тең праволылыққа тілдердің біреуіне қандай болса да пұрсаттылық берілуін бекерге шығару да кіреді, барлық ұлттардың өзін өзі билеуге *правосы бар* деп тану да кіреді.

Бірақ ұлттар тең праволы болсын деген талап буржуазия үшін іс жүзінде көбіне-көп бір ұлтты ерекше ұлт деп уағыздаумен және шовинизмді уағыздаумен бірдей болады, көбіне-көп ұлттарды бір-бірінен бөлшектеуді және оқшаулауды *уағыздаумен* үйлесіп отырады. Ұлттардың *жақындасуын* ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мемлекеттің барлық ұлттары жұмысшыларының *біртұтас* пролетарлық ұйымдарға *бірігуін* уағыздайтын пролетарлық *интернационализм* мұнымен *сөзсіз* келіспейді. Сондықтан марксистер «мәдени-ұлттық автономия» дейтінді, яғни мектеп ісін мемлекет қарауынан *алып, жеке* ұлттардың қолына беруді үзілді-кесілді теріс деп табады. Бұл жоспар «ұлттық мәдениет» мәселелерінде мектеп ісін белгілі бір мемлекеттік одақтың ұлттарына қарай, әрқайсысының *ерекше* өз

сеймдері, мектеп қаржылары, мектеп советтері, мектеп мекемелері бар *ұлттық одақтарға* бөлу болып табылады.

Бұл — жұмысшы табын аздырып, болшектейтін жымысқы ұлтшылдықтың жоспары. Бұл жоспарға (бундшылдардың, жойымпаздардың, халықшылдардың, яғни әр түрлі ұсақ буржуазиялық топтардың жоспарына) марксистердің қарсы қоятын принципі: мемлекеттік тілді қажетсіз деп тануға дейін барып, ұлттар мен тілдердің барынша толық тең праволы болуы, бірақ сонымен қатар ұлттардың барынша жақындасуына, барлық ұлттар үшін *мемлекеттік* мекемелердің бір болуына, мектеп советтерінің бір болуына, мектеп саясатының бір болуына (азаматтық мектеп!), *қандай ұлт буржуазиясының болса да ұлтшылдығына* қарсы, аңқау адамдарды алдау үшін «ұлт мәдениеті» деген ұран түрінде уағыздалып жүрген ұлтшылдыққа қарсы күресте әр түрлі ұлттар жұмысшыларының бір болуына күш салу.

Мейлі, мещан ұлтшылдар, бундшылдар, жойымпаздар, халықшылдар, «Дзвін»[78] жазушылары өздерінің буржуазиялық жымысқы ұлтшылдығының принциптерін ашық қорғай берсін, бұл олардың правосы. Бірақ олар, мәселен, «Северная Рабочая Газетаның» 35-номерінде В. О. ханымның: «За Правду» газеті ана тілінде сабақ беруді *теріске шығарады-мыс* деп оқушыларды сендірмекші болғаны сияқты, жұмысшыларды алдамасын!!!

Бұл—өрескел жала, өйткені правдистер бұл правоны мойындап қана қоймайды, сонымен қатар оны жұрттың бәрінен де *дәйектірек* мойындайды. Правдистер *міндетті түрдегі мемлекеттік тілдің болмауын* жариялаған марксистер кеңесіне Россияда *бірінші болып* қосылып, ана тілі правосын *толық* мойындады!

Ана тілінде оқытуды «бір мемлекет ішінде мектеп ісін ұлт-ұлтқа бөлумен», «мәдени-ұлттық автономиямен», «мектеп ісін мемлекет қарауынан алумен» шатастыру — нағыз барып тұрған надандық.

Дүние жүзінде ешбір жерде марксистер (тіпті демократтар да) ана тілінде оқытуды бекерге шығарған

емес. Сондықтан *дүние жүзінде ешбір жерде* марксистер «мәдени-ұлттық автономия» программасын қабылдаған емес,— ол *жалғыз* Австрияда ғана *ұсынылған* болатын.

В. О. ханымның Финляндияны мысал етіп келтіруі оның өзіне соққы болып тиеді, өйткені бұл елде *ұлттар мен тілдердің тең праволылығы* танылып, жүзеге асырылған (мұны біз сөзсіз және басқалардың бәрінен де дәйектірек мойындаймыз), бірақ *«мектеп ісін мемлекет қарауынан алу» жайында*, барлық мектеп ісін басқаратын ерекше ұлттық одақтар туралы, бүкіл мемлекеттік мектеп ісін ұлттық дуалдармен қоршап бөлу, т. с. туралы *сөз де болып отырған жоқ*.

«Путь Правды» № 82,
10 май, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

Россиядағы қазіргі саяси жағдай жалпы стачкалық қозғалыстың өсуімен, онан соң саяси стачкалардың (мысалы, бірінші май стачкаларының) өсуімен және жұмысшылар арасында «правдистік» бағыттың күшеюімен сипатталады (астаналық қауіпсіздендіру мекемелерінің және бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесінің сайлаулары мұны тағы да дәлелдеді).

Жұмысшы қозғалысының сипаты мен саналы жұмысшылардың орасан зор көпшілігі *өз бағытымыз* деп тапқан бағыт арасындағы байланыс — анық және ерекше түсіндіріп жатуды керек етпейді.

Сонан соң, қазіргі саяси жағдай «солшыл блоктың», яғни пролетарлық демократия мен буржуазиялық демократияның (трудовиктер мен жойымпаздардың) Пуришкевичтерге де қарсы, буржуазиялық сатқын либерализмге де қарсы бірлескен қимылдарының айрықша айқын да анық бейнеленуімен сипатталады. Думада солшылдардың обструкция жасауы және оңшылдардың, октябристердің, прогрессистердің бір бөлегінің даусымен, кадеттердің *қалыс қалуы* жағдайында, социал-демократтар мен трудовиктердің мәжілістен шығарылуы осы «солшыл блокты» анық көрсетті. Пролетарлық демократия өз дербестігін титтей де әлсіреткен жоқ және өзінің пролетарлық, правдистік бағытынан титтей де шегінген жоқ. Либералдарға қарсы бұл бағытты трудовиктер мен жойымпаздар ғана қолдады, бірақ бұлардың екеуі де либералдардың пайдасына жиі ауытқып отырады.

Ақырында, буржуазиялық таптар арасында қазіргі саяси жағдай ауытқулар мен наразылықтар арқылы сипатталады. Мұның өзі сауда-өнеркәсіптік съезде сөйленген сөздер мен оның қарарынан көрініп отыр. Үкіметке деген көрінеу наразылық, көрінеу оппозициялық пиғылдар байқалады.

Мұның өзі ішкі істер министрлігінің сметасын талқылаған кезде Думада октябристердің — земствошылар мен либералдардың — министрлікке қарсы қарар қабылдауынан көрінді. Октябристер «біздің» көзқарастарымызға көшті деп масайраған кадеттер бұл арада кадеттердің өздерінің де *октябристік* көзқарасқа көшкенін қоса айтуды ұмытып отыр!!

IV Дума қабылдаған қарар әбден айқын контрреволюциялық және империалистік көзқараста болып отыр. Бұл қарарда үкімет саясаты мына төмендегісі үшін айыпталады:

«барлық жерде болып жатқан әкімшілік озбырлық халықтың қалың, сабырлы» (яғни буржуазиялық-реакциялық және помещиктік) «топтарында наразылық пен үнсіз толқу туғызып отыр, сөйтіп мұның өзі мемлекетке қарсы ағымдардың пайда болып, күшеюіне жәрдемдеседі».

Октябрист мырзалар демократия туралы әңгіме етіп отыр. Кадет мырзалар демократиядан жұрт алдында бас тартқан үстіне бас тартып отыр. Осының өзі жақсы, өйткені олар еш уақытта демократ болған емес және бола да алмайды, өйткені олар демократияның өкілі болмақ болғанда, оны тек алдаумен болды. Кадеттердің буржуазиялық либерализмінің алдауларынан құтылмайынша, демократия Россияда бірде-бір адым ілгері баса алмайды.

Қорытынды.

Жұмысшы қозғалысы онан әрі күшейіп отыр. Жұмысшылардың көпшілігі «правдизммен» бұрынғыдан да берік топтасып отыр.

Пролетарлық демократия мен буржуазиялық демократияның (трудовиктер мен жойымпаздардың) оңшылдарға қарсы және кадеттерге қарсы бірлескен қимылдары мағынасында «солшыл блок» анық бейнеленіп отыр.

3 июнь системасы ішінде, помещиктер мен реакцияшыл буржуазия ішінде ыдыраушылық, ауытқулар, өзара сенбеушілік пен наразылық болып отыр. «Олар» бірін-бірі — Пуришкевичтер либералдарды, либералдар Пуришкевичтерді — сендер жаңа революцияны қоздырып, жеделдетіп отырсыңдар деп айыптауда.

Жағдай осындай.

«Путь Правды» № 85,
13 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ «АҒЫМДАРЫ»

Саналы жұмысшылар өз қозғалысын ілгері бастыра отырып, жұмысшы қозғалысының өткен жолына үнемі көз жіберіп отырады, сөйтіп осы жол дұрыс па, оны жақсартудың мүмкіншілігі жоқ па деп қайта-қайта ойланады.

Россияның барлық таптарының ішінен ешбір тап, тіпті білімді және бай буржуазияның өзі, өз тактикасын, яғни өз қозғалысының бағыты мен тәсілдерін жұмысшы табы сияқты тура, анық, мүмкіндігі болғанынша ашық талқыламайды. Тактика туралы жұмысшы баспасөзінде үнемі кездесіп отыратын ашық және қызу таластар тек ақылсыз адамдарға немесе қалың бұқараның саясатқа қатысуынан қорқатын адамдарға ғана орынсыз немесе керексіз болып көрінеді. Шынында, нақ осы қызу таластардың өзі барлық жұмысшылардың өзінің жұмысшы саясатын жан-жақты ойластыруға тартылуына, үйренуіне, қозғалыстың берік, айқын, нақты таптық бағытын саралап белгілеуіне жәрдемдеседі.

Таяуда «Мемлекеттік қағаздарды дайындау экспедициясының» жұмысшылары тактика туралы таластарға саналы жұмысшылардың көзқарасы қандай болып отырғанын және қандай болуға тиіс екенін әбден айқын көрсетті.

«Біз,— деп жазды олар «Путь Правдыдың» 68-номерінде,— экспедициядағы жолдастарға, «Северная Рабочая Газета» жағындағылардың шақыруына қосылып,

екі газетке тепе-тең етіп қаржы жинаған, сөйтіп мұны бірлікті орындауға қарай жасалған адым деп есептеген жолдастарға: бұл адымды теріс адым деп, жұмысшы қозғалысының бірлігіне жеткізбейтін адым, керісінше, бір ғана марксизм туы астына жұмысшылардың бірігу кезеңін алыстата түсетін адым деп есептейтіндігімізді көрсетеміз. Шынында да, мынандай бір мысал алайық. Айталық, біз өзімізге қатысы бар мәселе жөнінде қызбалықпен таласушы екі адамды көрдік дейік, ал бұл талас бізге ұнамады, сондықтан біз оны тоқтатқымыз келеді дейік. Мұндай жағдайда біз не істеуге тиіспіз? Ол айдан анық: кімдікі неғұрлым дұрыс екенін анықтап алып, сол адамды жақтауға тиіспіз, сонда өзінікі теріс адамның өз қатесіне көзі жетеді немесе, егер ол өзінің қатесін түсіне алмаса, онда әлі құрып, таласты тоқтатады. Ал егер біз олардың екеуін де қолдап, қуаттайтын болсақ, онда талас тоқталмайтын болады».

Экспедиция жұмысшылары осылай деп жазды. Ал олардың барлық жұмысшылар үшін мәселені қарапайым түсіндіруін теріске шығару мүлде мүмкін емес.

«Тепе-тең» жәрдем беру немесе *«барлық* ағымдарды біріктіруді» немесе қосуды тілеу (айта кетейік, Думаның жойымпаздыққа іш тартатын депутаттары осы туралы айтып жүр) іс жүзінде жұмысшылардың өздері «анығына жете» алмайды деген үмітпен жұмысшыларға көлденеңнен бұйрық етуге ұмтылудан басқа ештеңе емес. Мәселен, антимарксист философ Богдановтың топсымағы немесе Троцкийдің топсымағы немесе халықшылдар мен марксистердің арасында ауытқушы Н. Н. Гиммердің, т. т. топсымағы сияқты өзін «ағым» деп жариялап, интеллигенттердің әрбір топсымағы кітапсымақ немесе журналсымақ шығара алады.

«Ағымдар» толып жатыр, ал жұмысшыларды: «тепе-тең» жәрдем етіңдер, *«барлық ағымдарды»* мойындаңдар!!!— деп шақырады.

Әлбетте, азды-көпті саналы әрбір жұмысшы былай дейді: талас не туралы болып отыр? *менің* күресім туралы ма? *менің* саясатым мен тактикам туралы ма? *менің* партиям туралы ма?

Олай болса, анығына өзім-ақ жетемін, сүйікті мырзалар, сөйтіп өзім мақұлдап, қосылған тактиканы ғана *өзімдікі* деп жариялаймын.

Мұның өзі құдайдың ашық күніндей айқын нәрсе.

Россияда баспасөз бостандығы жоқ болып отырғандықтан ғана және (әсіресе провинцияда) жұмысшы саясаты мәселелері жөнінде әлі мүлде «анығына жетпей-ақ», белгілі бір жұмысшы газетін тұңғыш рет көріп отырған толып жатқан жұмысшылар әлі де болып отырғандықтан ғана, тек сондықтан ғана Россияда интеллигенттердің жұмысшыларға әлгіндей бұйрық беруі мүмкін болып отыр; бұл бұйрық беру «барлық ағымдарды» мойындап, оларға «тепе-тең» жәрдем беруге шақырудан көрініп отыр.

Базарда әсіресе шірік товарды өткізгісі келген адамның бәрінен де көп айқайлап, ант-су ішетіні жиі болып тұрады.

Интеллигенттік абыр-сабырдың базарында мынадай жағдай жиі болып тұрады: жұмысшыларға бұйрық етушi, антимарксті және антипролетарлық толып жатқан «ағымдарды» жариялаушы интеллигенттердің дәл өздері жұмысшыларға бұйрық етуге қарсы бәрінен де гөрі қатты айқайлайды.

Петербургті алыңыз. Провинциямен салыстырғанда, Питерде жұмысшылардың неғұрлым мәдениетті және саналы екеніне, марксизм ілімі мен жұмысшы қозғалысы практикасының барлық мәселелерінің шынымен өз бетінше «анығына жетуге» неғұрлым дағдыланған, неғұрлым қабілетті екеніне, ақылынан адаспаған бірде-бір адам таласа қоймас.

Сонда ше?

Петербург жұмысшылары *анығына жетті,* сөйтіп *правдистік* ағымды дұрыс деп таныды.

Петербургте жұмысшылардың басым көпшілігі «правдизмді» жақтап, *тек* осы «ағымды» *ғана* олардың *өзіміздің* ағым деп танитынын іспен дәлелдеді.

Провинцияда правдистердің басымдығы онша емес, бірақ дегенмен біз басымдық бар екенін көріп отырмыз. Мұны жұмысшы топтары туралы деректер, «правдизмнің» дұшпандарына «жағымсыз», бірақ бұ-

дан факт болудан қалмайтын деректер екі жыл ішінде дәлелдеді.

Саналы жұмысшылардың көпшілігі анығына жетті, белгілі бір тактиканы жақтаушы дәлелдер мен оған қарсы дәлелдерді тексерді, правдистік тактиканы *өзіміздің* тактика деп тапыды. Интеллигенттік «ағымдардың», жойымпаздықтың, троцкизмнің («Борьба»), халықшылдық пен марксизмнің қосындысының (Гиммер мырзаның «Современнигі»[79]) және басқалардың негізін салушылар енді келіп жұмысшылардың осы көпшілігінің бірлігі мен еркін жүзеге асырмауға, бұзуға тырысады.

Антимаркстік идеяларды немесе осындайларға жеңілдік жасауды уағыздаушы осы интеллигенттік «ағымдардың» бәрін алдыңғы қатарлы марксист жұмысшылардың санасы мен еркі тас-талқан ететініне біз сенеміз. Питердің мысалы біздің сенімімізді дәлелдеп отыр.

Топсымақтар мен «ағымдардың» интеллигенттік негізін салушылардың өздері жұмысшылардың бірлігін бұза отырып, «бірлік» туралы айқайлауы мүлде адам күлерлік нәрсе. Олар жұмысшылардың іс жүзінде қалыптасқан бірлігіне қарсы, ал интеллигенттік ағымдардың сөз жүзінде уәде етілген бірлігін жақтайды.

«Путь Правды» № 85,
13 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДАР ТУРАЛЫ

Солшыл халықшылдар «Стөйкая Мысльдің» 20-номерінде, ал халықшылдар «Русское Богатствоның» 4-номерінде үлесті жерлерді мобилизациялау, яғни сатып алу, сату және кепілге салу бостандығын жақтап шыққандығы үшін халықшылдық «Русские Ведомостиге»[80] шүйлікті.

Бұл мәселенің көңіл қоярлық мәселе болатын себебі, ол халықшылдық теорияның барынша мешеулігі мен реакцияшылдығына берілген марксттік бағаны айрықша айқын дәлелдейді. Оның үстіне, бұл мәселенің практикалық маңызы да оған тоқталуға мәжбүр етіп отыр.

Товар өндірісі үстемдік етіп отырған қоғамда егіншіліктегі әрбір ұсақ қожайынсымақ *айырбасқа,* жергілікті және ұлттық *рынок* былай тұрсын, оның үстіне *дүние жүзілік* рынокқа тәуелді болуға сөзсіз тартылған үстіне тартыла береді. Бүкіл дүние жүзінің экономикалық дамуының әрбір күні, жаңа темір жолдардың әрбір шақырымы, қызметкердің «табыс табуға» деревнядан қалаға немесе жалпы алғанда фабрикаға жаңадан әрбір кетуі, әрбір жаңа ауыл шаруашылық машинасы, бір сөзбен айтқанда, дүние жүзілік шаруашылық тіршіліктің әрбір қадамы дерлік ең меңіреу түкпірлердің өзін де айырбасқа тартады. Күнделікті байқалып отыратын миллиондаған және миллиардтаған құбылыстар айырбас шаруашылығының, товар өндірісінің, капитализмнің осы өсуін дүние жүзінің барлық жерінде және түгелдей барлық елдерде дәлелдеп отыр.

Өйткені айырбас шаруашылығы мен жай товар өндірісінің капитализмге айналуы дегеніміз әрбір деревняда, әрбір қол өнері мен «майдагерлік» кәсіпшілікте болатын миллиондаған және миллиардтаған күнделікті экономикалық зерттеулер арқылы дәлелденіп отыратын құбылыстың нақ өзі.

Дүние жүзілік шаруашылықтың осы жағдайына түскен шаруаның *товар өндіруші* болып табылатыны және оның өз өнімдерін сата отырып, еңбек құралдары мен тұтыну заттарын сатып ала отырып, жұмысшылар жалдап немесе өзі жұмысшы болып жалдана отырып, рынокқа күн санап бірден-бірге тәуелді болып тартыла түсетіні анық. Істің жайы осындай болып отырғанда, жерге жеке меншік болғандықтан, жерді сатып алу — сату—кепілге салу бостандығы капитализм дамуының қажетті шарты болып табылады. Бұл бостандықты тежеу әрекеттері заңды орағытып кетудің мың да бір әдісіне, мың да бір қағаз бастылық пен чиновниктік немқұрайдылыққа, шаруаның жағдайын *нашарлатуға* ғана әкеліп соғады, басқа ештеңеге әкеліп соқпайды. Жерді мобилизациялау бостандығын тежейтін заңдар немесе ережелер арқылы бүкіл дүние жүзілік капитализмді тоқтатуға әрекет жасау — шеттеннің шыбықтарымен поезды тоқтатуға әрекет жасау сияқты топастық нәрсе. Мұндай әрекеттерді қорғау — крепостниктік кіріптарлықты, деревняның тоқырауы мен *іріп-шіруін* қорғау деген сөз.

Саяси экономияны аз-маздап оқыған адамның қай-қайсысы болса да Россияда крепостниктік тәртіптің капитализммен ауысуы болып жатқанын біледі.

Россияда халық шаруашылығының басқа ешқандай, «үшінші» уклады *жоқ*. Крепостниктік тәртіп те, капитализм де еңбекті қанау болып табылады, *осы мағынада* екі құрылыстың *екеуі де* «тұзақ пен кіріптарлық» болып табылады. Бірақ крепостниктік тәртіпке: ғасырлар бойғы тоқырау, еңбекшілердің мешеулігі мен қараңғылығы, еңбек өнімділігінің төмен дәрежеде болуы тән. Ал капитализмге өте жедел экономикалық және қоғамдық даму, еңбек өнімділігінің орасан артуы, еңбекшілердің мешеулігінің жойылып, олардың топтасу-

ға және саналы өмірге деген қабілеттілігінің оянуы тән.

Сондықтан капитализмді тұзақ пен кіріптарлық деп атау, сөйте тұрып—халықшылдардың істеп отырғанындай — капитализмнің дамуын *кідіртуді қорғау іс жүзінде* крепостниктік тәртіптің қалдықтарын, тағылық пен тоқырауды қорғаушыларға айналу деген сөз.

Марксистер мобилизациялау бостандығын тежеушілікті солшыл халықшылдардың қорғағаны үшін оларды әрқашан «социалист-реакционерлер» деп атап келді және бұдан былай да солай атай береді.

Біз саналы жұмысшыларға нақ осы мәселе жөнінде солшыл халықшылдар мен халықшылдар атаулыға «тойтарыс беруге» ақыл қосамыз! Солшыл халықшылдарды жақтаса, алжыған шалдардың жақтайтынына, мобилизация бостандығын тежеушілікпен қатар, шайтанға сенуді, құлшылық етуді, дүре соғуды, келінімен көңілдестікті және «қатындарды» таяқпен «үйретуді» қорғайтын солардың жақтайтынына басымызбен кепіл боламыз.

Ал біздерді барлық жаңа, сауатты, жас, шайтанға сенбейтін ұрпақ жақтайтын болады. Осы ұрпақ мұндай адамдарға лайықты түрде қарайтын болуы үшін Пешехонов мырзадан бір цитат келтірсек те жеткілікті:

> «Мен, деп жазады Пешехонов мырза,— шаруалар ипотекалық кредитті жеткілікті дәрежеде ыждағатты пайдалана білмейді дедім. Ал бұл, әрине, әбден түсінікті — еңбек шаруашылығының құрылысы ондай емес қой...»

Байқайсыз ба, шаруаларда «ыждағаттылық» жоқ! Байқайсыз ба, крепостниктер мен либерал чиновниктер шаруа *үшін* мәселені шеше «біледі»!!

Нақты, жақын, практикалық, кішкентай, бірақ айқын мәселе, міне, осы. Солшыл халықшыл мырзаларды оянған, саналы шаруалар бар әрбір жиналыста, міне, осындай мәселеде күлкі қылу керек.

Ал «еңбек» шаруашылығы дегеніңіз интеллигенттің түк мағынасы жоқ тәтті сөзі. Сатпайынша және сатып алмайынша өмір сүруге болмайтынын әрбір шаруа

жақсы біледі. Осы қарапайым фактінің алдында «еңбек шаруашылығының құрылысы» туралы мылжың сөздің күлі көкке ұшады.

* *
*

Солшыл халықшылдар мобилизациялау бостандығы туралы мәселені «жерді товар айналымынан шығарып, оны жалпы халық игілігіне айналдыруды» («Стойкая Мысль» № 20) қорғаумен шатастырып, «мужиктің» көзіне топырақ шашып отыр.

Біріншіден, «жерді жалпы халық игілігіне айналдыру» дегеніміз жерді товар айналымынан шығару *емес, қайта:* оны осындай айналымға бұдан да гөрі кең, еркін және тез *тарту* болатынын мүлдем надан адамдар ғана білмеуі мүмкін.

Маркстің саяси экономиясын оқып үйренсеңіздерші, «социалист-реакционер» мырзалар!

Екіншіден, *радикал* буржуа, Маркстің дәлелдеп, көрсеткеніндей, «жерді жалпы халық игілігіне айналдыру» талабын қоя алады және талай рет қойып келді. Бұл даусыз. Бірақ мобилизациялау бостандығын *крепостниктік* тұрғыдан тежеулерді қорғау мұндай айналдыруды жеңілдетеді деп ойлау — радикал буржуа болмай, мешеу буржуа болу деген сөз.

Жерге жеке меншік болып отырған кезде, оны мобилизациялауға қысым жасау дегеніңіз зиянды әрі реакциялық шара. Жұмысшы демократиясы мұраттарының жүзеге асуы үшін крепостниктік тәртіп сарқыншақтарының тез жойылып, капитализмнің жедел дамуынан басқа жол жоқ.

* *
*

Марксистер былай деп әрқашан айтып келді және қазір де қайталап айтады: шаруалардың демократиялық көзқарастарын *крепостниктік* тәртіп қалдықтарынан *тазарту* керек. Халықшыл қаншалық дәрежеде крепостниктік тәртіпке қарсы шығып, демократияны жақтайтын болса, оны *соншалық дәрежеде*

ғана қолдауға болады. Ал ол ұсақ буржуаның қараңғылығы мен мешеулігін, тар өрістілігі мен эгоизмін қорғап отырғандықтан,— ол барып тұрған реакционер.

«Путь Правды» № 86,
14 май, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ МАЛИНОВСКИЙДІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Малиновскийдің кетуі[81] жайындағы өздерінің толып жатқан мақалаларында жойымпаздар, басқа да жалалармен қатар, Малиновскийді көрнекті орынға көтерген правдистердің «жікшілдігі» ғана, Малиновский саяси жағынан «флюгер» т. т. және т. с. дейді.

Біз төменде жойымпаздық «Луч» газетінің *редакциялық* мақаласын сөзбе-сөз келтіріп отырмыз; бұл мақаланы жойымпаздар Малиновский Мемлекеттік думаға сайланғаннан кейін екінші күні, яғни олардың өз дұшпанына қарсы күресінде өсектің өтірігіне дейін құлдырауының әлі қажеті жоқ кезде жариялаған болатын.

Міне, түгел келтіргенде бұл мақала мынадай («Луч», 28 октябрь, 1912 ж., № 37):

Р. В. МАЛИНОВСКИЙ

(Москва жұмысшыларынан депутат)

Москва губерниясы бойынша жұмысшылардан депутат болып Петербург металлистері одағының бұрынғы секретары Роман Малиновский сайланды. Думадағы социал-демократиялық фракция ол арқылы реакцияның ең ауыр жылдарында ашық жұмысшы ұйымдарына белсене қатысқан кәсіптік қозғалыстың көрнекті практигіне тұңғыш рет ие болып отыр.

Малиновский 1906 жылғы 1 майда одақ құрылған күннен бастап оның мүшесі болды. Ол 1907 жылдың басында одақтың секретары болып сайланды, сөйтіп, 1909 жылғы ноябрьге дейін осы жауапты қызметті үздіксіз атқарып келді, содан кейін маскүнемдікке қарсы съезге баратын тұңғыш жұмысшы делегациясы-

ның әзірлік жиналысында тұтқынға алынды. С.-Петербургтен жер аударылуы оның одақ жұмысына белсене қатысуын үзді, бірақ ұйыммен идеялық байланысы бұрынғысынша сақталып қалды.

Малиновскийдің секретарьлық қызмет атқарған жылдары одақ өміріндегі сыртқы ауыр жағдайлармен ғана емес, оның үстіне жұмысшылардың өздерінің де енжарлығымен күресуге тура келген кезең еді. Малиновскийдің жеке басының үлгісі осы «ішкі жауға» қарсы өткір құрал болып қызмет ете алды.

Оның қайраты, тегінде, қажуды білмейтін секілді еді. Ол стачкаға басшылық ету сияқты жауапты іспен де, ұйымдық құрылыс жөніндегі әуре-сарсаң жұмыспен де бірдей қызу шұғылданды.

Ал ең бастысы — Малиновский осы күнделікті жұмысты әрқашан жұмысшы қозғалысының жалпы міндеттерімен байланыстыруға тырысты, күнделікті мәселелер төңірегіндегі күресте түпкі мақсатты естен шығармады.

Одақ жұмысы Малиновскийдің көп уақыты мен көп күшін әкетті. Бірақ сонда да ол тек осы жұмыспен ғана шектеліп қалған жоқ: ол белгілі бір дәрежеде жұмысшылардың соңғы жылдардағы бой көрсетулерінің бәріне де қатысып келді. Ол 1908 жылы Москвада болған кооперативтік съезге Петербург жұмысшыларынан делегат болды. 1909 жылғы пасха кезінде ол фабрика дәрігерлерінің 1-съезінде С.-Петербург металлистерінің атынан өкіл болды, ол осы съезде қартайған және мүгедек болып қалған жағдайға қауіпсіздендіру туралы баяндама жасады. Сол металлистер оны маскүнемдікке қарсы съезге де делегат етіп жіберіп еді, бірақ тұтқынға алынуы оның съезге қатысуына мүмкіндік бермеді.

Москвада Малиновскийдің қызмет өрісі еріксіз тарылды. Бірақ мұнда да ол қол қусырып қарап отырған жоқ: ол фабрика дәрігерлерінің екінші съезін әзірлеуге қатысты, бір кезде жұмысшы кооперациясына жақын тұрды, т. т.

Саяси жұмысшы қозғалысы да Москваның жаңа депутатының назарын әрқашан қатты аударып отырды.

Өзінің сенімі жағынан ол большевик. Бірақ бұл оның пікірлестері Лондон съезінен кейін одақтардың басқармаларында партияның өкілдері болуын талап ете бастағанда, кәсіптік қозғалыстың бірлігін сақтау үшін 1908 жылы мұның оларға қарсы шығуына кедергі жасай алмады. Бұл оның фабрика дәрігерлерінің 1-съезінде жұмысшы делегациясының бірлігі үшін Москва большевиктерінің іріткі салу әрекетіне қарсы шығуына да кедергі жасай алған жоқ.

Жаңа жұмысшы депутатының кәсіптік қозғалыс саласындағы сияқты, саяси саладағы қызметі де соншалық жемісті болатындығына батыл сенуге болады.

Осыдан 2 жыл бұрын большевик Малиновский туралы жойымпаздардың өздері осындай құрметті сөздер жазған болатын. Ал Малиновскийдің бүкіл жұмысшы-

лардың көз алдында өткен жұмысынан кейін басқаша болуы мүмкін бе еді? Сол кездің өзінде-ақ оның саяси дұшпандары болған *тіпті* жойымпаздардың өздері де оған зор құрмет көрсетпей отыра алмаған. Олар оны сол кездің өзінде-ақ ілгері шығарған оның бұрынғы жұмысы туралы, Малиновский үшін ең мақтаулы сөздермен әңгіме етеді. Олар оны басқаларға үлгі етіп көрсетеді. «Флюгерлік» туралы бір ауыз сөз жоқ. Думаға ол жойымпаздық «бірліктің» кандидаты ретінде өтіп еді-міс деген ертегі де әлі ойдап шығарылған жоқты.

Екі аптадан кейін Думадағы біріккен социал-демократиялық фракцияның бірінші жиналысы болады. Жойымпаздардың өздері қоғамдық съездерге (мысалы, фабрика-завод дәрігерлерінің съезі), т. т. сайланған жұмысшы делегацияларының председательдігіне Малиновскийдің кандидатурасын бұрын қалай қолдап келген болса, нақ сондай етіп тағы сол жойымпаздар Думадағы фракция председателінің орынбасарлығына Малиновскийді бірауыздан сайлайды. Ең көрнекті «августшыл» (қазіргі «Борьба» журналының батагөйі) Думаның сайлауынан кейін Малиновскийге барынша жарамсақтана хаттар жазып, оны болашақ Бебель деп атауға шақ қалған.

Ал енді Малиновский жойымпаздыққа үзілді-кесілді қарсы шыққан кезде, оның өзі артынан іле-шала өрескел қате деп мойындаған қадамын жасаған кезде,— жойымпаздардың қаражүздік газеттердің үйінді қоқсығынан теріп алып, өздері жер-көкке сыйғызбай мақтап келген бұрынғы депутатқа жаппаған былғаныш жаласы қалған жоқ.

Өзінің саяси өмірбаяны мен таланты осындай болып отырған Малиновскийдің қай фракцияда болса да көрнекті роль атқаратынын, егер ол жойымпаздармен ынтымақтасқан болса, жойымпаздардың оған құдайдай табынатынын жұрттың бәрі біледі. Ал жойымпаздар Малиновский «жікке бөлінудің» арқасында көрінді деп айтудан ұялмайды.

Бір адамның басындағы жеке бақытсыздығын жауласушы саяси бағытпен күресу үшін пайдалануға ты-

рысатын адамдарды көргенде солар үшін *ұяласың*. Біз Малиновскийді Хрусталевпен салыстырғымыз келмейді. Бірақ егер жойымпаздардың саяси қарсыластары Хрусталевтің басында болған жағдайдан кейін осы жеке адамның тағдыры арқылы меньшевизмді масқаралап, Хрусталевтің жағдайын бүкіл меньшевиктік бағытқа қарсы «пайдаланса», жойымпаздар не айтқан болар еді? Ал Хрусталевтің меньшевик болғаны, Лондон конгресінде, баспасөзде, т. т. ол меньшевиктердің көрнекті өкілі ретінде көрінгені белгілі еді ғой, бір кезде Хрусталевті меньшевиктердің мақтан еткені де белгілі еді ғой.

«Правдистердің» саяси дұшпандары аз емес. Бірақ *бірде-бір* жау газет — тек дубровиншілдер мен Пуришкевичтің газеті болмаса—осы күндердегі жойымпаздық газеттей құлдырап, пасықтыққа барған жоқ. Тіпті либералдар да өздерін әлде қайда әдепті ұстады.

Қарсы адам жөнінде адам айтпаған жексұрындықтарды айтып, ал содан кейін сол жала жабылған қарсы адаммен... бірігуге шақырып мүләйімсу. Осынау өңшең Мартов және Дан дегендердің жалған, лайықсыз, жиркенішті тактикасы, міне, осындай.

Малиновскийдің кетуімен байланысты көрінген олардың жексұрын қылығы тіпті соқырлардың да көзін ашуға тиіс.

«Рабочий» № 2,
22 май, 1914 ж.
Қол қойған: Правдист

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ ТҮРЛІ ЖОЛ ТУРАЛЫ

Таяуда Кавказ жойымпаздарының косемі Ан сапалы жұмысшылардың назарын аударған мақаласында өзінің «Лучпен» және оның мирасқорларымен, олардың *оппортунистік* тактикасымен келіспейтінін мәлімдеді. Бұл мәлімдеме «Август блогының» *ыдырауымен* бірдей — бұл фактіні ешқандай жалтарыс және жапжал әрекеттері теріске шығара алмайды.

Бірақ дәл осы сәтте біз оқушылардың назарын басқа бір пікірге, атап айтқанда Анның Россия дамуының екі түрлі жолы жайындағы пікіріне аударғымыз келеді. Ан былай деп жазады:

> «*«Луч»* өзінің тактикасын реформалардың мүмкіндігімен байланыстырып, реформаларға бағыт ұстап отыр. *«Правда»* өз тактикасын «дауылмен» байланыстырып, қирату бағытын ұстап отыр».

Ан осыдан келіп: *екі* тактиканы біріктіру керек деген қорытынды жасайды. Бұл мүлде жарамсыз қорытынды. Маркстік қорытынды емес.

Талдап көрейік.

Россияның *жолы,* оның дамуының сипаты мен шапшаңдығы немен анықталады?

Тап күресімен тепе-тең әрекет ететін қоғамдық күштердің арасалмағымен анықталады.

Бұл айқын.

Россияда қандай қоғамдық күштер әрекет етіп отыр? Тап күресінің бағыты қандай?

Россия — капиталистік ел; ол капиталистік жолмен дамымай тұра алмайды. Қазір Россия буржуазиялық-демократиялық өзгеріс, крепостниктік тәртіптен құтылу, құлдықтан құтылу кезеңін басынан кешіруде. Бүкіл дүние жүзілік капитализм жағдайында Россияның құлдықтан құтылуы сөзсіз. Құлдықтан құтылуға ұмтылатын әлеуметтік күштердің тепе-тең күші қандай болатыны ғана әзір белгісіз. Бұл күштер, ең алдымен, мыналар: 1) буржуазиялық монархиялық либерализм (прогрессистік, кадеттік, ішінара октябристік партиялардың капиталистері және ішінара помещиктері); 2) буржуазиялық демократия (шаруалар, қала мещандары, интеллигенция, т. т.); 3) пролетариат.

Осы таптардың әрқайсысы әрбір таптың экономикалық жағдайына қарай анықталатын бағытпен әрекет етеді — біз, әрине, тек бұқараның ғана әрекеттерін алып отырмыз. Тепе-тең әрекет ететін күш *біреу ғана* болады және біреу ғана бола алады.

Россияның екі түрлі жолы туралы қандай мағынада айтуға болады? Тек мына мағынада айтуға болады: неғұрлым қарапайым, ап-айқын болып, жұрттың бәріне бірден көрініп тұрған *екі* бағыттың *біреуіне* жақынырақ тұрған осы тепе-тең әрекет ететін күшті біз білмейміз және күрес аяқталғанша біле алмаймыз. Бірінші бағыт «реформалар», екіншісі — «дауыл».

Мемлекеттегі өкімет билігін бұрынғы үстем таптың қолынан тартып *алмайтын* өзгерістер реформалар деп аталады. Осыған қарама-қарсы сипаты бар өзгерістер «дауыл» деп аталады. Буржуазиялық либерализмнің таптық мүдделері *тек қана* реформаларды талап етеді, өйткені буржуазия реакциядан гөрі «дауылдан» көбірек қорқады, буржуазия жұмысшыларға қарсы қорғаныс үшін ескі, крепостниктік мекемелерді (бюрократияны, екі палатаны және тағысын-тағы сондайларды) сақтап қалғысы келеді. Шаруалар дүние жүзінің барлық елдерінде бірдей, оның ішінде Россияда да, буржуазиялық-демократиялық өзгеріс кезінде буржуазия мен пролетариат арасында ауытқып отырады. Мұндай ауытқулар болмай қоймайды, өйткені шаруалар — помещиктер мен крепостниктік тәртіптің жауы,

бірақ сонымен қатар олардың өздері де ұсақ қожайыпсымақтар, ұсақ буржуа.

Пролетариатқа келетін болсақ, халықтың орасан зор көпшілігінің, барлық қаналушылардың мүдделеріне сай келетін оның мүдделері реформистік *емес* жолмен, Россияда белгілі «үш китке» сүйенетін жолмен жүреді.

Егер шаруалар мен халықтың көпшілігі либералдардың соңынан еретін болса, онда бұл «жол» жұмысшылар мен қаналушылар үшін ең жаман, ең тиімсіз жол болады, олар үшін ең азапты жол болады. Егер шаруалар мен халықтың көпшілігі жұмысшылардың соңынан еретін болса,— мұның керісінше болады. Белгілі бір тепе-тең әрекет ететін күшті күрестің ақтық нәтижесі ғана толық ашады.

Қазір біз жойымпаздардың оппортунизмін және олардың жұмысшы табына опасыздық жасағанын ақылдан гөрі түйсікпен сезген Анның күңгірт те кібіртік пікірінің шын мағынасы қандай екенін көріп отырмыз.

Жойымпаздар—реформистер. Олар іс жүзінде маркстік емес, *либералдық* жұмысшы саясатын жүргізеді, жұмысшыларды буржуазияға бағындыруға бастайды.

«Правдистер» Россияны өзгертуге құштар жұмысшы табының мүдделерін қорғап, маркстік, пролетарлық саясатты жүргізеді. «Правдистер» реформаларды пайдалану қажеттігін естен шығарып алып отырған жоқ па? Фактілерге сүйене отырып, бұған оп-оңай жауап беруге болады. Ойдан шығарылмаған, шын реформаны, қауіпсіздендіруді алыңызшы. Жойымпаздардан гөрі правдистердің бұл реформаға он есе қатты «жабысқанын» әркім көріп отыр: «Вопросы Страхованияны»[82] және Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру советі сайлауының қорытындыларын қараңыз.

Стачкалар кезіндегі экономикалық күрестің «ішінара талаптарын» алыңызшы. Ойдан шығарылмаған, осынау нағыз науқанды правдистердің 1000 есе артық және жігерлі жүргізіп отырғанын әркім біледі.

Егер реформаларды және ішінара жақсартуларды теріске шығаратын топ болса, онымен бірігуге *болмас* еді: бұл жұмысшылар үшін зиянды, маркстік емес саясат болып шығар еді.

Жойымпаздармен де бірігуге болмайды, өйткені «астыртын жұмысты» теріске шығарып, балағаттау, екі «китті» теріске шығарып, оларды кейінге ысыру, қазіргі Россияда ашық партия үшін күресті және саяси реформалардың мүмкіндігін жариялау — осылардың бәрі жұмысшы табына опасыздық жасағандық, буржуазия жағына шыққандық болады.

Правдистер, Анның айтуы бойынша, «дауылдың немесе қиратудың бағытын ұстап отыр», бірақ шын реформалардың және ішінара жақсартулардың бірде-бір, титтей де мүмкіндігін—мұны фактілер көрсетіп отыр—елеусіз қалдырмастан, реформизмнің жалғандығын бұқараға түсіндіріп отыр. Мұндай тактика — бірден-бір дұрыс, бірден-бір маркстік тактика, сондықтан да оны бүкіл Россияның саналы жұмысшыларының орасан зор, басым көпшілігі қабылдады (мұны фактілер, жұмысшы топтарының саны дәлелдеп берді).

Ұсақ буржуазиялық демократияны жақтаушылар ғана, халықшылдар мен жойымпаздар ғана, жұмысшыларға қарсы, «правдизмге» қарсы босқа күресуде.

«Рабочий» № 1,
22 май, 1914 ж.

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВ ӨЗІНІҢ НЕНІ ТІЛЕЙТІНІН ДЕ БІЛМЕЙДІ

Тактика мен ұйымдастыру мәселелері жөнінде Плехановтың басында бұдан бұрын талай рет кісі қынжылатын оқиғалар болғаны белгілі. Ол бұл мәселелерде соңғы 11 жыл ішінде (ол большевиктерден меньшевиктерге өткен 1903 жылғы күзден бастап) талай рет адам күлерлік түрде шатасты.

Енді ол тағы шатаса бастапты, сондықтан оқушыларды осы көңілсіз жағдаймен таныстыруымызға тура келіп отыр. Әуелі Плехановтың аласапыран жылдар (1909—1911 жылдар) кезінде үлкен еңбек сіңіргенін еске түсірейік. Ол астыртын жұмысты мадақтап, жойымпаздарға қарсы күрес жөніндегі партия шешімдерін үзілді-кесілді қолдады. Ол жойымпаздардың оппортунизмін және олардың «экономизмді» (1894—1902 жылдары марксизмде болған буржуазиялық ағым) қайта туғызып отырғанын көрсетті. Ол жойымпаздардың астыртын жұмысты теріске шығарып, партияға опасыздық жасағанын дәлелдеді. Ол «Потресов мырзаның» Иудамен бірдей екенін және апостолдардың Иудамен *бірге* болғаннан гөрі, *онсыз* күштірек болғанын әділ түсіндірді.

Мұның өзі 1908 және 1910 жылдардағы шешімдерді толық жүзеге асыратын айқын, дәл, сындарлы пікірлер еді.

Енді Плехановтың жаңа «бетбұрысына» қараңыз. Ол қазір «Единство»[83] газетінде правдистерді «фракцияшылдығы» және «узурпациясы» (заңсыз басып алу, жалған атақты пайдалану) үшін қарғап-сілейді, сөйтіп

бізде «жұмысшы баспасөзі біреу емес, түп-тұтас екеу» деп сендірмек болады.

Бұл — онша сауатты айтылмаған, бірақ дегенмен түсінікті. Жойымпаздық газет жұмысшы газеті деп жарияланған!! Мәссаған! Ал нақ осы Плехановтың өзі жойымпаздықты *пролетариатқа буржуазиялық ықпал етушілік* деп жариялаған қарардың дұрыстығын қорғап еді ғой.

Плеханов мұны бекер ұмытқысы келеді. Жұмысшылар мұндай ұмытшақтықты мазақ етіп күледі.

Жойымпаздық баспасөз жұмысшы баспасөзі *емес*, қайта *пролетариатқа буржуазиялық ықпалды* жүзеге асыратын баспасөз. Бұл «тұтас ұйымның» шешімінде[84] дәл және айқын айтылған. Мұны жойымпаздар жұрттың бәріне айқын етіп күні бүгінге дейін дәлелдеп отыр — (мысалы, «Наша Заряның» 1914 жылғы 3-номеріндегі Булкин мен Мартовтың астыртын жұмысқа *қарсы* мағыналас сөздерін қараңыз).

Ал Плехановтың жойымпаздармен бірігуге шақыруында қандай мағына бар? Астыртын жұмысты нағыз Потресовша теріске шығаратын әдебиетшілер тобымен бірлесу ме? Осындай бірлікті қорғау үшін *астыртын жұмыстан безуді қорғау* керек болғаны ғой!

Плехановтың шатасқаны соншалық — оның сөздерінде тіпті жөн жосық болмай отыр!

Жойымпаздар «Наша Заряда» да, «Новая Рабочая Газетада» да (оның көсемдері — Ф. Д. мен Л. М.), Чхеидзе мен К° нің сөздері арқылы да: біздер *өз айтқанымызда тұрамыз*, яғни Потресовты жақтап, астыртын жұмысты мансұқ етуге барамыз деп айдан да анық айтты емес пе. Олар ашық жұмысшы партиясы идеясын қорғайды.

Ал Плеханов бір жағынан жойымпаздықты партияға қарсы қылмыс ретінде кінәлай отырып, сонымен бірге жойымпаздармен «бірігуді» қорғайды.

Бұл мықтан ғана күлетін нәрсе.

Потресов теріске шығарған «форманы» іс жүзінде мойындағысы келетін барлық жұмысшыларды правдистер құшақ жайып қарсы алады, ал астыртын жұмыстың дұшпандарымен «бірігу» туралы бос сөздерді

олар өздері нені тілейтінін білмейтін адамдардың бос сөздері деп есептейді.

Правдистер «узурпация» жөніндегі айыптауға сабырлы түрде былай деп жауап береді: кімде-кім тақылдақ, сылдыр сөздерді жақсы көріп, *фактілерден* қорқатын болса, узурпатор мен жалған атақ жамылушыға ұқсайтын сол емес пе? Плеханов шетелде тұрады; 1912 жылдың августынан 1914 жылдың майына дейін жойымпаздардың шетелде *бірде-бір* номер газет шығармаған фактісі туралы Плехановтың үндемей, момақансып отырған себебі не? Плехановтың өзі де қорғаған «ұйымдар» жөнінде іс жүзінде *бірде-бір* ескертудің болмау себебі не??

Ал жойымпаздыққа қарсыларда Россияның *барлық* жерлері жөнінде, *бірқатар* номерлерде бірқатар *нақты* ескертулер бар.

Плеханов фактілер туралы үндемейді, өйткені фактілер оның бос сөзінің талқанын шығарады.

Россияда жарияланған және ашық тексеруге болатын деректерді алайық. Толық екі жыл ішінде, 1912 және 1913 жылдары, правдистер *2801* жұмысшы тобын *топтастырды* (және мұны топтасып жиналған қаржылар арқылы дәлелдеді), жойымпаздар — *750* жұмысшы тобын топтастырды. 1914 жылды қосқанда, 1 февральдан 6 майға дейін (алдын ала жасалған есеп) *1382* топқа қарсы *5302* тобымыз бар.

Правдистерде көпшілік *бестен төрт бөлікке* жуық!! Фактілерден *қорқатын* адамдарға тек сылдыраған бос сөздер ғана қалатыны түсінікті.

Жұмысшы өкілдері үш рет толықтырып, тексерген (1912 жылғы январьда, 1913 жылғы февраль мен жазда) дәл және айқын шешімдердің төңірегіне правдистер Россияның саналы жұмысшыларының $^{4}/_{5}$ бөлігін *топтастырды.* Бұл шешімдер жүздеген мақалаларда дамытылып, жүзеге асырылған.

Міне, бұл — бөтеке ауруы туралы, жабайылар туралы сылдыр сөз емес, ертегі емес, анекдот емес (Плеханов ескі анекдоттарды әлі күнге мыжып жүр!), *фактілер. Іс жүзіндегі бірлік, өз* тактикасын тәжірибе арқылы тексерген *жұмысшылардың* бірлігі деген осы.

Егер мыңдаған жұмысшы мақұлдаған осы тактиканы менсінбей «лениндік» тактика деп атайтын болса,— онда бұл Ленинге тек абырой ғана болып шығады, ал бұдан *5000* жұмысшы тобы құрып кетпейді, олардың бірлігі де, олардың партиясы да құрып кетпейді.

«Фракцияшылдық», «шашырандылық», «тозғындаушылық» және басқалар жайындағы сөздер нақ Плехановқа және оның қазіргі достарына барып тиеді. Интеллигенттік халықшылдық журналсымақ—«Современник» қызметкерлерінің плехановтық «Единствоның» 1-бетіне басылған тізімін қараңызшы. Біз *антимарекстік* идеяларды уағыздаушы Гиммер мырзаны және К⁰-ні көреміз; Плехановтың бұл идеяларды *«социалист-реакционерлердің»* идеялары деп атағаны дұрыс еді. Біз құдай іздемпаздар мен махистерді: Богдановты, Базаровты, Луначарскийді көреміз. Біз жойымпаздарды: Данды, Мартовты, Череванинді көреміз (неге екені белгісіз, «Северная Рабочая Газетаның» 66-номерінде аты аталған Потресов жоқ болып кетіпті). Либерал Богучарский және т. т. да осылардың ішінде.

Жұмысшының иісі де жоқ осы «Современникте» де Гиммер мырза Плеханов бізбен бірігуді жақтайды деп ашықтан-ашық мақтанады!! *Ал Плехановта үн жоқ.*

Бет пердені түсіретін уақыт жеткен жоқ па, әйтпесе оны жұмысшылардың жұлып алуы мүмкін ғой! Интеллигенттік *антимарекстік* үйірмелер, буржуазиялық демократияның сілімтіктері — Плеханов байғұстың байқаусызда кіріп кеткен жері осы, екі жыл ішінде топтасқан правдистік бағыттағы мыңдаған жұмысшы топтарының бірлігіне қарсы былық, шашырандылық және фракциясымақтар қаптаған жер, міне, осы.

Плехановты мүсіркейік — ол оппортунистерге, халықшылдарға, махистер мен жойымпаздарға қарсы өзінің күресі арқылы бұдан гөрі тәуірірек сый-құрметке лайық. Тәжірибе арқылы тексерілген мінсіз тактикасы бар жұмысшы топтарының қазірдің өзінде $^{4}/_{5}$ бөлігі ұйымдастырылған бірлігін ұйымдастыра берейік.

Жойымпаздықтан безетін барлық жұрттың бәрін де, әрқайсысын да қабылдаймыз, есік жабық тұрған жоқ.

Ал Троцкийдің «Борьбасы» мен Плехановтың «Единствосының» мысалы арқылы бүгін бір жаққа, ертең екінші жаққа, интеллигентсымақ Потресовтан интеллигентсымақ Гиммерге қарай тынымсыз ауытқып жүрген, жұмысшы қозғалысынан қол үзген интеллигенттік топсымақтардың кісі қынжылатын және кісі күлетін ауытқуларын көрсете береміз.

Қынжыларлық оқиға, бірақ буржуазиялық-демократиялық өзгерістер заманында ұсақ буржуазиялық елде сөзсіз болатын оқиға.

«Рабочий» № 4,
25 май, 1914 ж.

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕГІНШІЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ СМЕТАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[85]

Біздің үкімет өзінің жаңа аграрлық саясатын, земство бастықтарының көмегімен қауымды бастырмалап, жедел қирату саясатын, отрубтарды көтермелеу саясатын өзінің революцияға қарсы күресіндегі ерекше үлкен табысы деп есептейді. 1906 жылдың өзінде, революциядан кейін іле-шала, Біріккен дворяндар советі[86] шаруаларға қарсы помещиктердің жағына шығатын бай шаруалар тобын тезірек құру үшін үкіметті шаруалардың жеке жер меншігін өрістетуге шақырды. Столыпин Біріккен дворяндар советі көрсеткен жолға дереу түсті. III Думадағы помещиктік партиялар, оңшылдар мен октябристер, осы жаңа жер саясатын барлық күшін сала қолдады, олар мұны революцияға қарсы күрестің жақсы құралы деп қана танып коймай, оның үстіне европалық экономикалық құрылысқа қарай жасалған ұлы прогресс деп, крепостниктік правоның қалдықтарын жоюға қарай ілгері басқан қадам деп таныды.

Жаңа аграрлық саясатты, «құлдықтан құтқару» ісі ретінде, мұндай мақтаудың үкіметтік, оңшыл және октябристік баспасөзде мың саққа жүгіртіліп қайталанып келгені және қайталанып отырғаны белгілі.

Мен өзімнің сөзімде жер мәселесіндегі үкіметтік саясаттың *негіздеріне* баға беруге нақ осы жағынан қарағым келеді. Бізге жұрттың бәрі жерді жеке меншік етіп «нығайтудың» саны қалай өсіп келе жатқандығы туралы, отрубтардың саны қалай көбейіп келе жатқан-

дығы туралы айтады. Бірақ бізге деревнямызда кіріптарлық және крепостниктік қатынастардың қазірдің өзінде қандай мөлшерлерге жетіп отырғандығы жөнінде бір ауыз сөз айтпайды. Ал мәселенің түйіні осында жатыр ғой. Крепостниктер — Пуришкевичтер табының экономикалық және саяси өктемдігін сақтай отырып, біздің артта қалған егіпшілікті «европалық түрде» өзгертуге уәде етеді. Уәде уәде күйінде қала береді ғой, ал сонда үкіметтің мақтанып отырған барлық прогрестерінен *кейін*, деревняда істің жағдайы *қазір* қандай? *Қазір,* осы уақытта, шаруалар бұқарасының кіріптарлығы мен крепостниктік езілгендігінің етек алуы қандай??

Бұл мәселені түсіндіру үшін мен мынадай журналды куәлікке алмақпын: бұл журналдың басшысы таяуда — және әбден әділетті түрде — *Антоний Волынскийдің өзінің,* ал онымен бірге, әрине, «Новое Времядағы» Розанов сияқты өзінің реакцияшылдығымен (және үкіметтің малайы бола кетуге құштарлығымен) әйгілі болған жазушылардың таң-тамаша мақтау сөздеріне ие болды. Бұл өзі қайдағы бір «солшыл» журнал емес, құдай сақтасын! Бұл — реакционерлердің революцияға қарсы *барлық* шабуылдары мен балағат сөздерін қайталаған адамдардың журналы. Бұл — поппылдық атаулыны және помещиктік меншікке ешкімнің қол сұқпауын жан сала қорғайтын журнал. Сіздер менің «Русская Мысль» туралы айтып отырғанымды, сірә, аңғарған боларсыздар.

Бұл журнал, дәстүрінен жаңылып, шындықты айтты және *жарма-жарылық пен қысқы жалдау* сияқты құбылыстардың Россияда етек алуы туралы деректерді, дәл деректерді келтірді. Бұл — біздің деревняда ең дағдылы, күнделікті нәрселер екенін жұрттың бәрі біледі. Бірақ «жұрттың бәрі» тек қана осы күнделікті нәрселер туралы әңгіме етпей, кез келген басқа нәрсе туралы әңгіме етуді тәуір көреді.

«Қысқы жалдаулар,— деп жазады аталған журнал,— міне, бұл біздің ғасырда, электр мен аэропландар ғасырында, сорақылық емес пе? Ал құлдық пен кіріптарлықтың осы формасы халықтың денесін сүліктей сорып, күні бүгінге дейін қаулап келеді...

Қысқы жалдаулар «міндетті» шаруалар деген крепостниктік терминді тап-таза күйінде сақтап қалды».

Қысқы жалдауға бұл бағаны берген мен емеспін, өзінің революцияға өшпенділігімен әйгілі болған журнал. Құлдық, кіріптарлық, крепостниктік тәртіп — біздің деревнядағы «тәртіптерді» мейлінше «ізгі ниетті» адамдар, міне, осылай деп атауға *мәжбүр* болып отыр.

Қысқы жалдау кезінде:

«шаруа ең кіріптар жағдайға, еңбектің көктемгі және жазғы ақысына қарағанда екі-үш есе арзан бағаға көнеді. Қыстыгүні шамамен алғанда бір десятинаға — үш рет жыртып, сеуіп, құлатып (шауып немесе орып) беруге, баулап, қырманға тасып беруге,—жаздыгүні бір ғана жинап (құлатып, баулап) беруге не төленсе,— соны ғана төлейді».

Ал енді осы крепостниктік, кіріптарлық, құлдық жагдайда отырған шаруалар қанша?

«Жергілікті мәліметтер бойынша, оңтүстік-батыс ауданда кейбір деревнялар бойынша «міндетті» үйлер **1913** *жылдың көктеміне қарай* 48 процентке дейін, Могилев губерниясы бойынша 52 процентке дейін, Чернигов губерниясы бойынша 56 процентке дейін болған».

Есіңізде болсын: бұл 1913 жылдың көктемі туралы айтылып отыр!! Бұл — 1912 жылғы егіннен кейінгі сөз!! Бұл — үкімет бүкіл дүние жүзіне соншалық шу көтеріп, жар салған «жерге орналастыру» дейтіннің бейне бір құлақ естіп көрмеген табыстарға жеткен кезінде болып отыр!!

Осыдан кейін атышулы «жерге орналастыруды» бәзбаяғы, бұрынғы, ескі, крепостниктік тәртіптің бетін жасыратын боямалы табыт демей, басқаша атауға бола ма?

Шаруа үйлерінің жартысы —«міндетті» үйлер, шексіз мұқтаждықпен кіріптар болған үйлер. Аштық, тіпті егін ең бітік шыққан жылдың өзінде де соңдарынан қалмайтын аштық, оларды қыстыгүні өз еңбегін помещикке үш есе арзан бағамен кіріптарлыққа беруге мәжбүр етеді. Мұның өзі іс жүзінде барщинаның, крепостниктік правоның жалғасына түгелдей пара-пар келеді, өйткені сол крепостниктік тәртіптің шын мәні сақталып қалды: өзінің болымсыз құрал-сайманымен,

өзінің көтерем малымен помещик жерін «қысқы жалдау» шарттары негізінде өңдеуге тіпті жақсы жылдардың өзінде мәжбүр болатын қайыршы, аш-жалаңаш, күйзелген мужик сақталып қалды.

Жеке меншікке бекітілген жердің мөлшері мейлі арта берсін. Мұның өзі маталудан құтылып, бостандық жолында және социализм жолында күресу үшін неғұрлым еркін болатын пролетарлар жөнінде тіпті өте пайдалы шара болуы мүмкін.

Бірақ деревнядан басқа баратын *жері жоқ*, сондықтан қыстыгүні помещиктердің кіріптарлығына баруға мәжбүр миллиондаған үйлерге, ондаған миллион шаруаларға ешқандай «бекітудің», ешқандай жеке меншік «игіліктерінің» пайдасы жоқ екендігі айқын.

Бұл шаруалар барлық помещиктік жердің өз қолдарына тегін көшуіне сөзсіз ұмтылуға тиіс, өйткені олар үшін шарасыз кіріптарлықтан құтылудың *бірден-бір* жолы осындай. Бұл арада қауымдық жер иелігінің түк те қатысы жоқ. Егер өздері өз астығын *«Микола күнінен»* әрі асыра алмай, өсімқорлық шартымен помещиктерден қарыз алуға мәжбүр болатын болса, үйлі-жайлылар да, ең толық «жеке меншікші» де, қауым мүшесі сияқты, мәңгі езілген құл болып қала береді.

Осы ондаған миллион шаруалар үшін шаруашылықтың «прогресі» туралы, «егіншілік мәдениетін көтеру» туралы, жерді өңдеуді жетілдіру туралы және сондайларды сөз етудің өзі адам күлерлік нәрсе! Шектен асқан мұқтаждық помещикке үш есе арзан бағамен жалдануға мәжбүр етіп отырса, ал жаздыгүні — жаздыгүні өз астығы төгіліп жатқанда, полицейлер мен стражниктер жұмыспен өтеу үшін алдын ала астық немесе ақша алып қойған *«барине»* оларды сүйреп апарып жатса, бұл арада қандай жақсарту болмақшы!!

Жұмыс істеу үшін қыстыгүні астық немесе ақша берген помещик жалпы алғанда «европалық» қожайынға да, кәсіпкер-капиталиске де мүлде ұқсамайды. Бұл кәсіпкер емес, өсімқор немесе крепостник барин. «Шаруашылық системасы» осындай болып отырғанда өндірісті жетілдірудің керексіздігі былай тұрсын, тіпті

бұл системаның тұрғысынан қарағанда ол тура *қажетсіз*, бұл үшін *керексіз* және *зиянды*. Малы көтерем және құрал-сайманы болымсыз, өзі күйзелген, қайыршы, аш мужик — Россияның мешеулігі мен шаруалардың езілгендігін *мәңгілік ететін* мұндай помещиктік шаруашылық үшін *керегі*, міне, осы. Егер шаруа халқының көпшілігі крепостниктік тәуелділіктің осындай жағдайларына душар болса, онда шаруалар өздерін осындай бұғаудан құтқармайынша, бұл жағдайлар әлі де тұтас ондаған жылдар бойы өмір сүруі мүмкін,— өйткені «отрубшы»-байлардың шамалы азшылығын бөліп шығару немесе жерді бекіту және оны пролетарлардың сатуы шаруалар бұқарасының кіріптарлық жағдайын ешбір өзгертпейді.

Жаңа, столыпиндік, жер саясатын мақтаушылардың ұмытып отырған нәрсесі осы немесе дұрысырағы: ұмытуға, көлегейлеуге, күңгірттеуге тырысып отырған нәрсесі осы. Олар бұл саясат «прогресс» болып табылады деп қосыла шулайды, бірақ олар прогрестің өте болмашы ғана азшылықты қамтып, тым мардымсыз жүріп жатқаны, ал *көпшіліктің* әлі де ескі, кіріптарлық, крепостниктік жағдайда қалып отырғаны жөнінде *үндемейді*.

Отрубшылардың саны өсуде, Россияға машиналар көп әкелінуде, шөп егісі өрістеп, деревняда кооперативтер көбеюде. Мұның бәрі дұрыс, үкіметті қорғаушы мырзалар! Бірақ медальдың екінші беті, сіздер жасырып отырған беті бар. Шаруалардың көпшілігі, атышулы прогрестердің бәріне қарамастан, крепостниктік құлдықта қалып отыр. Осыдан келіп барлық «прогрестің» *өрісі тар, табаны тайғақ* болып отыр, осыдан келіп аштықтың болуы сөзсіз, осыдан келіп бүкіл ішкі рынок нашар және жұпыны, осыдан келіп правосыздық пен озбырлық соншалық берік сақталып отыр, осыдан келіп жаңа аграрлық революцияның сөзсіз болатындығы *бұрынғыдан да күшті*. Өйткені аэропландар, электр, автомобильдер және «қысқы жалдау» немесе «жарма-жарылық» заманының қайшылығы күштірек.

Ал енді нақ сол Антоний Волынский мақұлдаған журналдың Россиядағы жарма-жарылық туралы *ең жаңа* деректерін қарап көріңізші. Шаруалардың жарма-жарылық егісі, олардың өз жеріндегі егістерімен салыстырғанда, орталық губернияларда 21%, көл маңайындағы губернияларда 42%, солтүстік-батыс губернияларда 68% болады!! Ал жарма-жарылық шабындықтар орталық губернияларда 50%, көл маңайындағы, заволжьелік және солтүстік-батыс губернияларда 110—185%!!

Демек, Россияның орасан зор *үш* ауданында жарма-жарылық шабындықтар өз шабындықтарынан *басым!!*

Ал «жарма-жарылық» дегеніміз не?

«Помещиктік жерді пайдаланатын шаруа, тұқымды өзінен шығарып, жерді толық өңдеп, бауларды қырманға тасуға дейін түгелдей өзі жинай отырып, шыққан астықтың тек жартысын ғана алады. Ал пішен шабушылар «үштің біріне» істейді — жарма-жарышы өзіне әрбір үш шөменің біреуін алады, ал екі шөмелені помещик алады».

Ал мұның өзі де әлі аз.

«Кейбір жағдайларда (әсіресе Минск және Чернигов губернияларында) шыққан астықтың жартысын жердің ақысына төлеп, ал шабындыққа үштің екісін берумен қатар, жарма-жарышы *экономияда 1—2 апта тегін жұмыс істеуге, көбінесе өз атымен немесе жас өспірім баласымен келіп істеуге міндетті болады».*

Мұның өзі барып тұрған барщина емес пе? Мұның өзі ескі крепостниктік әдіспен қожайындық ету емес пе?

Бұл деректерде тіпті ешқандай жаңалық жоқ. Керісінше, бұл — «жаңа» жер саясатымен *қатар* өзінің бүкіл сорақылығын сақтап қалған ежелгі ескілік. Деревня өмірімен араласы бар әрбір адам осы ежелгі ескілікті баяғыдан бері біледі. Деревняның статистиктері мен бақылаушылары осы ежелгі ескілік туралы ондаған, жүздеген кітаптар жазды. Ал осы ежелгі ескілік Россияның барып тұрған мешеулігі мен барып тұрған правосыздығын нығайта түсіп, осы кезге дейін үстемдік етуде.

Жердің көпшілігі өктем помещиктердің қолында болып отырғанда бұл крепостниктік тәртіпті ешқандай заңдармен тоқтатуға болмайды; езілген шаруалардың «қауымын» «жеке жер иелігімен» алмастырудың ешқайсысы бұл арада жәрдем ете алмайды.

1905 жылғы ішкі істер министрлігі басып шығарған үкіметтік жер иелену статистикасы бойынша Европалық Россияда *30 000-ға жетпейтін* помещиктің *70 миллион* десятина жері болған...*

1914 ж. 28 майға (10 июньге) дейін жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде қысқартылып басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы жерден үзіледі. *Ред.*

БІРЛІК ТУРАЛЫ

«Жұмысшылар жікке бөлінуден шаршады. Жұмысшылар бірлікті тілейді. Жұмысшылар жікке бөлінудің кейде төбелеске дейін баратынына ызалы...»

Осындай және осы тектес хабарларды кейде қайсыбір жұмысшылардан еситуге тура келеді.

Шынында да, жұмысшыларға бірлік қажет. Ал бәрінен бұрын қажеттірегі — жұмысшыларға бірлікті олардың өздерінен басқа *ешкімнің* «бермейтінін», олардың бірлігіне ешкімнің жәрдем *ете алмайтынын* түсіну. Бірлікті бір жақтан әкеліп беремін деп «уәде етуге» болмайды — мұның өзі бос мақтану, өзінді-өзің алдау болады; бірлікті интеллигенттік топсымақтардың «келісімінен» шығарып «қолдан жасауға» болмайды — мұның өзі өте қайғылы, өте аңғал және өте надандық түріндегі адасу болады.

Бірлікті *жеңіп алу* керек, сондықтан тек жұмысшылардың өздері ғана, саналы жұмысшылардың өздері ғана бұған қажырлы, табанды еңбек арқылы қол жеткізе алады.

«Бірлік» деген сөзді бармақтай қылып бадырайтып жазудан, оны уәде етуден, мен бірлікті жақтаймын деп «жариялаудан» оңай нәрсе жоқ. Алайда, іс жүзіне келгенде, бірлікті еңбектену арқылы, алдыңғы қатарлы жұмысшыларды, *барлық* саналы жұмысшыларды ұйымдастыру арқылы ғана ілгері жылжытуға болады.

Ұйымсыз бірліктің болуы мүмкін емес. Азшылықты көпшілікке бағындырмайынша ұйымның болуы мүмкін емес.

Бұл — даусыз ақиқаттар. Бұларға ешкім шүбә келтірмейді. Ендігі қалатыны — тек — тек қана!—соларды жүзеге асыру. Бұл оңай шаруа емес. Бұл еңбекті, табандылықты, барлық саналы жұмысшыларды топтастыруды талап етеді. Ал бұлай еңбектенбейінше жұмысшы бірлігі туралы сөз етуге де болмайды.

Интернационалдың Амстердам қарары әрбір елдің жұмысшы партиясының бірлігін талап етеді[87]. Бұл қарар дұрыс. Ол *жұмысшылардың бірлігін* талап етеді, ал бізде оның орнына *жұмысшылар көпшілігінің еркін мойындағысы келмейтін интеллигенттік топсымақтардың бірлігі* туралы сөз болып жүр!

Егер, артында зілі болмаса, бұл күлетін-ақ нәрсе.

Бүкіл Россияның саналы жұмысшыларының көпшілігі 1912 жылғы январьда, 1913 жылғы февральда және 1913 жылғы жазда қабылданған правдистік шешімдердің төңірегіне іс жүзінде $2^1/_2$ жыл ішінде (1912 ж. 1 январынан бастап) бірігіп болды. Бұл әр түрлі газеттерге жарна берген жұмысшы топтары туралы анық деректер арқылы дәлелденді. Егер жұмысшы бұқарасынан өз жақтастарын таба алмай жүрген түрлі интеллигенттік топсымақтар бұл деректерді көргісі келмесе, олар туралы үндемесе, бәрібір одан бұл деректер құрып кетпейді: қайта бұл арқылы әр түрлі интеллигенттік топсымақтардың жұмысшы бұқарасынан қол үзгендігі және олардың *шындықтан қорқатындығы* дәлелденеді.

С.-Петербургте газеттерге жарна берген жұмысшы топтарының саны:

	Правдистік топтар	Жойымпаздық топтар
Толық екі жыл ішінде, 1912 және 1913 жылдары	2 801	750
1914 ж. жартысында (1 январьдан 13 майға дейін)	2 873	671
Барлығы	5 674	1 421

Талай рет басылған және ешкім түзету енгізбеген, дау айтпаған осы деректерден жойымпаздар саналы жұмысшылардың *не бары бестен бір бөлігіне* ғана ие болғанын көреміз (және бұл арада жойымпаздардың *барлық* одақтастары, кавказдықтар, троцкистер, бундистер, латыштар соларға қоса есептелген, ал қазір одақтастары олардан *бөлініп шығуда;* латыштар *қазірдің өзінде бөлініп кетті).*

Сонымен, жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігі правдистік шешімдерді *өзіміздің* шешім деп таныды, правдизмді мақұлдады, *іс жүзінде* правдизм төңірегіне бірікті.

Міне бұл — интеллигенттік топсымақтардың бірлігі емес, *жұмысшылардың* бірлігі, сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі бірлік, уәде жүзіндегі бірлік емес, бүкіл Россияның жұмысшы қозғалысының $2^1/_2$ жылының қорытындысында болған бірлік.

Міне, бұдан былай да осы бірлік үшін, жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігі болып отырған осы көпшілігіне бағындыру үшін күресу керек. Басқа жол *жоқ* және *болуы да мүмкін емес.* Жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігі болып отырған көпшілігі $^1/_5$ бөлігі болып отырған азшылықтың немесе мүлде жұмысшылары жоқ интеллигенттердің жұмысшылар көпшілігінің *еркін іске асыртпау әрекетіне* жол береді дегенге сене қоятындай жұмысшылардың бала болғаны ма?? Бұлай ойлаудың өзі адам күлерлік әрі өрескел нәрсе.

Правдистерді «узурпаторлар» (басқыншылар, жалған атақ жамылушылар) деп балағаттағысы келген адамның өзі білсін. Мейлі жойымпаздар, Плеханов, Троцкий, впередшілдер, бундистер және басқа кімдер болса да осы балағат төңірегінде біріге берсін. Осының бәрі—өздерінің дәрменсіздігіне ызаланған дәрменсіз топсымақтардың балағаты. «Бірлік» деп айқай салып, жұмысшы бұқарасынан қол үзген осынау дәрменсіз, топсымақтар екіжүзділікке салынады, өйткені бірлікті бұзып жүрген *нақ солар, жікшілдікке салынып көпшіліктің еркін жүзеге асырмай жүрген* нақ солар.

Бұл топсымақтардың тыраштануы дәрменсіз. Олардың балағаты көңіл бөлуге тұрмайды. Ал правдист жұ-

мысшылар ашулы, бірақ дәрменсіз интеллигенттік топсымақтардың қандай болса да балағат сөздеріне қарамастан, *жұмысшылардың бірлігін* жасап жатыр және әлі де жасай бермек.

«Трудовая Правда» № 2,
30 май, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

АСЫҚҚАН ҚАЛАР ҰЯТҚА

Таяуда Австрияның социал-демократиялық әрайлығы «Борьбада»[88] Ф. А. деп қол қойылған сенсациялық заметка шықты, онда неміс оппортунистерінің белгілі көсемі Эдуард Бернштейн өзінің ревизионистік, оппортунистік көзқарастарынан бас тартып, марксизмге қайта оралды-мыс деліпіпті.

Ревизионизм немесе марксизмді «қайта қарау» қазіргі уақытта пролетариатқа буржуазиялық ықпал етудің және пролетарларды буржуазиялық жолмен аздырудың ең басты көрінісінің бірі, не болмаса сол басты көріністің нағыз өзі болып табылады. Нақ сондықтан да оппортунистердің көсемі Эдуард Бернштейн осындай (қайғылы) бүкіл дүние жүзілік атаққа ие болды.

Енді сол Эдуард Бернштейн марксизмге қайта оралыпты дей ме? Бұл хабар неміс социал-демократиялық әдебиетімен азды-көпті таныс адамдардың бәріне таңданарлық болып көрінуге тиіс еді: оппортунистердің басты органы «Социалистік Әрайлық» (неміс тілінде) әлі шығып жатыр, шын мәніне келгенде социализмге толық опасыздық жасауға апарып саятын таза буржуазиялық көзқарастарды бұрынғысынша әлі уағыздап жатыр. Бернштейн осы журналдың ең көрнекті қызметкері болып қалып отыр. Ал ендеше не боп қалды?

Бақсақ, Бернштейн Будапештте реферат оқыған және жергілікті газеттің баяндауы бойынша, ол осы рефератында ревизионизмнен бас тартыпты-мыс.

Бернштейн көзқарастарында жаңадан өзгеріс болды деп бүкіл дүние жүзіне асығыс жариялаған австриялық Ф. А. өте аңқау, тым дегбірсіз адам болып шықты. Ал оппортунистік «Наша Заря» журналының (меньшевик Плеханов бұл журналды *орыстың* «Социалистік Әрайлығы» деп жариялаған болатын) аса көрнекті оппортунист қызметкерлерінің бірі жойымпаз В. Левицкий Ф. А. *сөзінен ғана алып* «Северная Рабочая Газетада» (3 апрель, № 46) «Ревизионизмнен марксизмге» деген даурықпа атпен тұп-тұтас көлемді фельетон жазып, одан он есе пайымсыз адам болып шықты.

Левицкий мырза тіпті Бернштейн баяндамасының баспасөзге шығуын да күтпепті. Асыққан қалар ұятқа,— деген осы.

Өзінің Будапештте оқыған рефераты жөнінде бүкіл дүние жүзіне қандай «лақап» тарап кеткенін естіген Эд. Бернштейн Брюссельдегі социал-демократиялық «Халық»[89] газетіне 11 апрельде (жаңаша) хат жазып, бұл хатта тура былай деп мәлімдеді: ««Борьбаның» хабары мүлде теріс, мен Будапештте ешқандай жаңалық айтқаным жоқ, «Социализмнің алғышарттарындағы» (Бернштейннің басты оппортунистік еңбегі) көзқарастардан ешқандай ауытқығаным жоқ, ал менің рефератым жайындағы Будапешт газетінің есебінде менің сөздерім есепті жазған адамның ескертпелерімен шатасып кеткен!!».

Барлық айқай-шу газеттің кәдімгі өтірігі болып шықты.

Бұл арада тек кейбір австриялық социал-демократтардың (бір ғана австриялықтар ма екен-ау?) оппортунизмді *бүркемелеп,* оны құрыды деп жарияламақ болған қайғылы дәрменсіздігі ғана ашылып қалып отыр.

Ақылынан асып пысықсынған Левицкий мырза турадан-тура маңдайын жарды. Ол «Северная Рабочая Газетада» былай деп жазды: «Ревизионизмнің негізін салушы (?) Бернштейн марксизмге бет бұрғаннан (?) кейін герман социал-демократиясы ішіндегі ревизионизм біржола (!!?) құрыды».

Бұл арада қай сөзді алсаң да — қаны сорғалап тұр. Бет бұрыс болған жоқ. Бернштейн негіз салушы емес. Ревизионизм құрыған жоқ.

«... Россияда,— деп жазады пысықсынған Левицкий мырза,— ревизионизм тіпті солшыл халықшылдардың арасында да теориялық сәнге айналудан қалды, солшыл халықшылдар марксизмге қарсы күресте бір кезде осы ілімге сүйенуден қашпайтын. Жекелеген жазушылардың ревизионизмді орыс топырағына көшіруге тырысқанына қарамастан, орыс социал-демократиясының өз ішінде ревизионизмнің ешқандай ықпалы болған жоқ...».

Тағы да, қай сөзді алсаң да өтірік. Солшыл халықшылдар қазірде де аса маңызы *барлық* мәселелер жөнінде ревизионистік «ілімге» «сүйенеді»; бұл «Русское Богатство» мен «Заветыдың» әрбір кітабынан, «Стойкая Мысльдың» әрбір номерінен көрініп отыр. Солшыл халықшылдардың оппортунизмін боямалау — зиянды нәрсе.

Орыс социал-демократиясында бұқаралық жұмысшы және бұқаралық социал-демократиялық қозғалыстың *ең басынан бастап,* 1895—1896 жылдардан бастап, ревизионизмнің *ықпалы болды.* Левицкий мырза дәйекті марксистердің және ескі «Искраны» жақтаушылардың «экономистерге» қарсы көп жылдық күресі туралы қалайша естімеді екен? Сол замандағы «экономизм» ревизионизмнің, оппортунизмнің орыстық формасы екенін растаған, дәлелдеп, түсіндірген партия қарарлары мен көптеген мақалалар туралы ол қалайша естімеді екен? Левицкий мырза бүгінгі көрнекті жойымпаз, кешегі көрнекті «экономист» А. Мартынов мырзаны қалайша ұмыта қойды екен?

Левицкий мырза *өз* ревизионизмін бүркемелеу үшін ревизионизмнен безеді. Оған ең болмағанда мынадай төрт нәрсені ғана ескерте кетейік: 1) меньшевик Плеханов меньшевиктер толып жатқан оппортунистік элементтерді өз бойына жинап алды деп 1909—1910 жылдары баспасөзде мәлімдеген жоқ па еді? 2) нақ сол Плеханов «жариялылық үшін күрес» деген жойымпаздық ұранның оппортунистік сипатын дәлелдеген жоқ па еді? 3) жойымпаздарға қарсы *бірнеше* меньшевик

жойымпаздықтың «экономизммен» *байланысын* дәлелдеген жоқ па еді? 4) үгіт үшін жарамдылығы тұрғысынан қарап, «екі китті» (үшеудің екеуін) Кольцовтың теріске шығаруы оппортунизм емес пе еді?

Тіпті осы төрт фактінің өзі де — ал олардың қырық төртін келтіруге болар еді — 1895—1902 жылдардағы «экономизмнің», 1903—1908 жылдардағы «меньшевизмнің», 1908—1914 жылдардағы жойымпаздықтың оппортунизм мен ревизионизмнің нақ орыстық бір формасынан немесе бір түрінен басқа ештеңе де емес екенін айқын көрсетеді.

«Просвещение» № 5,
май, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

БІРЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАЙБАЛАМДЫ БҮРКЕНІП, БІРЛІКТІ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

1914 ж. майда «Просвещение» журналының 5-номерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

Қазіргі жұмысшы қозғалысының мәселелері — әсіресе бұл қозғалыстың кешегі күнінің (яғни тарих жүзінде жаңа ғана бастан өткен кезеңнің) өкілдері үшін көп реттерде шатақ мәселелер болып табылады. Бұлар —ең алдымен фракцияшылдық, жікшілдік дейтін, т. с. мәселелер. Жұмысшы қозғалысына қатысып жүрген интеллигенттерден мұндай шатақ мәселелерді қозғамау керек деп елеуреп, күйгелектеп, тіпті долдана айтылған өтініштерді жиі естуге болады. Марксистердің арасындағы түрлі ағымдардың ұзаққа созылған күрес жылдарын, мысалы, 1900—1901 жылдардан бастап, бастан кешірген адамдар үшін бұл шатақ мәселелер төңірегіндегі пайымдаулардың көбі орынсыз қайталау болуы табиғи нәрсе.

Бірақ марксистердің арасында 14 жылдық күреске қатысқандар (егер «экономизмнің» алғашқы белгілері біліне бастаған кезден есептесек, әсіресе 18—19 жылдық күреске қатысқандар) қазіргі уақытта онша көп емес. Қазіргі кезде марксистердің қатарын көбейтіп отырған жұмысшылардың орасан көпшілігі ескі күресті не ұмытқан, не оны мүлдем білмейді. Осы орасан көпшілік үшін (айтпақшы, біздің журналдың[90] анкетасы да осыны көрсетеді) бұл шатақ мәселелер ерекше назар аударарлық. Сондықтан біз Троцкийдің «фракциялық емес жұмысшы журналы» «Борьба» тыңнан (ал жұмысшылардың жас ұрпағы үшін шынында да тыңнан) көтерген *сияқты* болып отырған осы мәселелерге тоқтап өтпекшіміз.

I. «ФРАКЦИЯШЫЛДЫҚ» ТУРАЛЫ

Троцкий өзінің жаңа журналын «фракциялық емес» журнал деп атайды. Бұл сөзді хабарландыруларда ол бірінші орынға қояды, «Борьбаның» өзінің де, «Борьба» шықпай тұрғанда ол жайында Троцкийдің мақаласы шыққан жойымпаздық «Северная Рабочая Газетаның» да редакциялық мақалаларында сол сөзді сан саққа жүгіртіп баса көрсетеді.

Ал «фракцияшылдық емес» дегеннің өзі не нәрсе?

Троцкийдің «жұмысшы журналы» — Троцкийдің жұмысшыларға *арналған* журналы, өйткені журналда жұмысшылар бастамасының да, жұмысшы ұйымдарымен байланыстың да, өзі түгіл, ізі де жоқ. Көпке танымал болғысы келген Троцкий өзінің жұмысшыларға арнаған журналында оқушыларға «территория», «фактор» деген және т. с. сөздерді түсіндіреді.

Өте жақсы. Ендеше жұмысшыларға «фракцияшылдық емес» деген сөзді де неге түсіндірмеске? Бұл сөз территория, фактор деген сөздерден *гөрі* түсініктірек болғаны ма?

Жоқ. Әңгіме онда емес. Әңгіме мынада: «фракцияшылдық емес» деген айдар тағып, фракцияшылдықтың ең жаман қалдықтарының ең нашар өкілдері жұмысшылардың жас ұрпағын *алдап отыр.* Мұны түсіндіру үшін әдейі тоқталып өтуге болады.

Фракцияшылдық дегеніміз белгілі бір тарихи дәуірдегі социал-демократиялық партияның басты ерекше белгісі. Атап айтқанда, қай дәуір? 1903 жылдан 1911 жылға дейінгі дәуір.

Фракцияшылдықтың мәні неде болғандығын неғұрлым айқын түсіндіру үшін, ең болмағанда, 1906—1907 жылдардың нақты жағдайларын еске түсіру керек. Ол кезде партия біртұтас еді, жік жоқ еді, бірақ фракцияшылдық болған еді, яғни *іс жүзінде* біртұтас партияның ішінде *екі* фракция болды, іс жүзінде жеке екі ұйым болды. Төменгі жұмысшы ұйымдары біртұтас болды, бірақ әрбір елеулі мәселе жөнінде екі фракция екі түрлі тактика жасап отырды; оларды жақтаушылар біртұтас жұмысшы ұйымдарында өзара дауласып отыр-

ды (мәселен, 1906 жылы думалық — немесе кадеттік — министрлік ұранын талқылағанда немесе 1907 жылы Лондон съезіне делегаттар сайлағанда осылай болды). ал мәселелер *көпшілік дауыспен* шешіліп отырды: фракциялардың біреуі Стокгольмде болған біртұтас съезде (1906), екіншісі Лондонда болған біртұтас съезде[91] (1907) жеңіліс тапты.

Бұлар — Россиядағы ұйымдасқан марксизм тарихының жалпыға мәлім фактілері.

Троцкийдің таратып жүрген сорақы өтірігіне көз жеткізу үшін осы жалпыға мәлім фактілерді еске түсірудің өзі жеткілікті.

1912 жылдан бері, екі жылдан астам уақыт бойы, Россияда ұйымдасқан марксистер арасында фракцияшылдық *жоқ, біртұтас* ұйымдарда, *біртұтас* конференциялар мен съездерде тактика туралы таластар жоқ. Жойымпаздар біздің партияға *жатпайды* деп, 1912 жылғы январьда ресми түрде мәлімдеген партия мен жойымпаздар арасында *толық* ажырасушылық бар. Троцкий бұл жағдайды көбіне «жік» деп атайды, ал бұлай деп ат тағу туралы біз төменде арнайы сөз қыламыз. Бірақ «фракцияшылдық» деген сөздің *шындыққа жуыспайтындығы* даусыз факт болып қалып отыр.

Бұл сөз, жоғарыда айтқанымыздай, *кешегі күні,* яғни өтіп кеткен дәуірде *дұрыс болған нәрсені* қайталаушылық, сын көзбен қарамай, ақылға салмай, мағынасыз қайталаушылық болып табылады. Ал Троцкий бізге «фракциялық күрестің былығы» дегенде (1-номердің 5, 6 және басқа да көптеген беттерін қараңыз), оның аузынан күні озған *нақ қандай* ескіліктің сарыны естіліп отырғандығы бірден ап-айқын болады.

Істің қазіргі жағдайына Россияның ұйымдасқан марксистері арасында қазір $^9/_{10}$ болып отырған орыстың жас жұмысшысының көзқарасы тұрғысынан қарап көріңіздерші. Ол өзінің көз алдында жұмысшы қозғалысындағы түрлі көзқарастардың немесе ағымдардың бұқаралық *үш* көрінісін: 40 000 дана тиражы бар газет төңірегіндегі «правдистерді», «жойымпаздарды» (15 000 дана) және солшыл халықшылдарды (10 000 дана) көріп отыр. Тираж жайындағы деректер оқушыға

белгілі бір уағыздың *бұқаралық* сипатын анықтап береді.

Мынадай сұрақ туады: бұл жерде «былықтың» қандай қатысы бар? Троцкийдің сылдыраған, бос сөзге жаны құмар — бұл мәлім нәрсе, бірақ «былық» деген сөзсымақ *тек жел сөз ғана емес, сонымен қатар* ол *шетелдерде кешегі* дәуірде болған қатынастарды қазіргі дәуірдегі орыс топырағына әкеп телу (дұрысырақ айтқанда, телімек болып босқа әрекеттену) болады. Істің мәні, міне, осында.

Марксистердің халықшылдарға қарсы күресінде ешқандай «былық» жоқ. Бұлай деуге, біздің ойымызша, *тіпті* Троцкийдің де батылы бара қоймас. Марксистердің халықшылдарға қарсы күресі 30 жылдан астам уақыт бойы, марксизмнің туған кезінен бастап-ақ жүргізіліп келеді. Бұл күрестің себебі — әр түрлі екі таптың, пролетариат пен шаруалардың мүдделері мен көзқарастарының мүлде екі басқа болуында. Егер бір жерде «былық» болса, ол мұны түсінбейтін есалаңдардың басында ғана.

Ендігі қалған не? Марксистердің жойымпаздарға қарсы күресінің «былығы» ма? Бұл тағы да өтірік, өйткені бүкіл партия ағым деп танып, 1908 жылдан бастап айыпталған *ағымға* қарсы күресті «былық» деп атауға болмайды. Кімде-кім Россиядағы марксизмнің тарихы жөнінде парықсыз болмаса, ол жойымпаздықтың, тіпті көсемдері мен қатысушыларының құрамы жағынан алғанда да, «меньшевизммен» (1903—1908) және «экономизммен» (1894—1903) ажырамастай, барынша тығыз байланысты екендігін біледі. Демек, бұл жерде де біздің алдымыздан жиырма жылдай тарих келіп шығады. Өз партиясының тарихына «былық» деп қарау — баста бұйырмасынға ми жоқ деген сөз.

Ал қазіргі жағдайға Париждің немесе Венаның *тұрғысынан* қарап көріңізші. Бірден-ақ бәрі де басқаша болып шығады. «Правдистер» мен «жойымпаздардан» *басқа орыстың кемінде бес* «фракциясы», яғни өздерін белгілі бір социал-демократиялық партияға жатқызғысы келетін жеке топтар бар, олар: Троцкийдің тобы, «Впередтің» екі тобы, «партияшыл-большевиктер» жә-

не «партияшыл-меньшевиктер»[92]. Париж бен Венада (мысалға өте-мөте ірі екі орталықты алып отырмын) мұны марксистердің бәрі де жақсы біледі.

Бұл арада да белгілі мағынада Троцкийдікі дұрыс: бұл нағыз фракцияшылдық, бұл шынында да былық!

«Фракцияшылдық», яғни жалаң бірлік (*сөз жүзінде* бәрі бір партияда) пен нақты бытырандылық (іс жүзінде барлық топтар дербес және бір-бірімен суверенді державалар сияқты келіс сөздер жүргізіп, келісімдер жасасып отырады).

«Былық», яғни (1) бұл фракциялардың Россиядағы жұмысшы қозғалысымен байланысы туралы тексеруге болатын объективтік деректердің жоқтығы және (2) бұл фракциялардың нағыз идеялық және саяси кескін-келбеті жөнінде пікір айту үшін материалдың жоқтығы. Толық екі жылдың — 1912 және 1913 жылдардың кезеңін алыңыз. Жұртқа мәлім, бұл — жұмысшы қозғалысының жанданып, өрлеген жылдары; бұл кезеңде азын-аулақ *бұқаралық* сипаты бар (ал саясатта тек бұқаралық ағым ғана есепке алынады) ағымның немесе бағыттың қандайы болса да IV Дума сайлауына, стачкалық қозғалысқа, жария газеттерге, кәсіптік одақтарға, қауіпсіздендіру науқанына және т. т. әсерін тигізбей *қойған жоқ*. Осы шетелдік бес фракцияның бірде-біреуі, ешқайсысы бүкіл осы екі жылдық кезеңнің ішінде Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының әлгі аталған көріністерінің *бірде-біреуінде* өздерін елеулі еш нәрсе арқылы мүлде көрсете алған жоқ!

Бұл — әркімнің оңай тексеріп білуіне болатын факт.

Ал бұл факт біздің Троцкийді «фракцияшылдықтың ең жаман қалдықтарының» өкілі деген пікіріміздің дұрыс екендігін дәлелдейді.

Сөз жүзінде фракцияшыл болмағанмен, Троцкий — Россиядағы жұмысшы қозғалысымен азын-аулақ таныс адамдардың бәріне әйгілі — «Троцкий *фракциясының*» өкілі — бұл жерде фракцияшылдық бар, өйткені фракцияшылдықтың басты екі белгісінің екеуі де: (1) бірлікті жалаң сөз жүзінде танушылық, (2) іс жүзінде топтасып оқшаулапушылық та анық бар. Бұл жерде фракцияшылдықтың қалдығы бар, өйткені Россияның

бұқаралық жұмысшы қозғалысымен байланысы мағынасында бұдан елеулі еш нәрсе табу мүмкін емес.

Ақырында, бұл жерде фракцияшылдықтың ең жаман түрі бар, өйткені ешқандай идеялық-саяси айқындық *жоқ*. Айқындық жағынан правдистерде де олқылық жоқ (барлық мәселелер жөнінде жұрттың бәріне мәлім ресми шешімдерге келгенде бізде «топтасқандық және тәртіп» бар екенін тіпті біздің барып тұрған дұшпанымыз Л. Мартов та мойындап отыр), жойымпаздарда да олқылық жоқ (олардың, ең болмағанда, аса көрнектілерінің өте айқын кескін-келбеті бар, маркстік емес, нақ либералдық кескін-келбеті бар).

Троцкийдің фракциясы сияқты, орыс тұрғысынан емес, тек веналық-париждік тұрғыдан қарағанда ғана нақты өмір сүріп отырған фракциялардың кейбіреуінде де кейбір айқындылық жоқ емес. Мысалы, махистік «Вперед» тобының *махистік* теориялары айқын; «партияшыл-меньшевиктердің», жойымпаздарды теория жүзінде айыптауымен қатар, махистік теорияларды батыл теріске шығарып, марксизмді қорғайтыны айқын.

Ал Троцкийде ешқандай идеялық-саяси айқындық жоқ, өйткені оның «фракцияшыл еместік» патенті — бір фракциядан екінші фракцияға және одан кері қарай *ұшып-қонып жүруге* толық еркті болудың ғана патенті (қазір біз мұны толығырақ көреміз).

Қорытынды:

1) марксизмнің ішіндегі ағымдар мен фракциялар арасындағы *идеялық* пікір алалықтары социал-демократияның жиырма жылдық тарихында ұдайы болып отырса да және қазіргі заманның негізгі мәселелеріне қатысты болып отырса да, Троцкий бұл пікір алалықтарының тарихи маңызын түсіндірмейді және өзі де түсінбейді (оны біз әлі көрсетеміз);

2) сөз жүзіндегі жалаң бірлік пен нақты бытырандылық түріндегі *фракцияшылдықтың* негізгі ерекшеліктерін Троцкий түсінбеген;

3) Троцкий «фракцияшыл еместік» жалауын бүркеніп, шетелдік фракциялардың, өте-мөте идеясыз және

Россиядағы жұмысшы қозғалысында сүйенерлік негізі жоқ фракциялардың біреуін жақтап отыр.

Жылтырағанның бәрі алтын емес. Троцкийдің сөздерінде жылтырақ пен даурықпа көп-ақ, бірақ оларында мазмұн жоқ.

II. ЖІК ТУРАЛЫ

«Егер сіздерде, правдистерде, фракцияшылдық жоқ болса, яғни іс жүзінде бытырандылық бола тұрып, бірлікті жалаң сөз жүзінде танушылық жоқ болса, онда сіздерде онан да жаман нәрсе — жікшілдік бар»,—деп бізге дау айтады. Троцкий нақ осылай деп отыр; ол өз пікірлерін ойға салып қорыта білмегендіктен, сөздерінің бас-аяғын байланыстыра алмай, біресе фракцияшылдыққа қарсы байбалам салады, біресе: «жікшілдік бір жеңістен екінші жеңіске ие болып, өзінің түбіне жететін болады» деп айқайлайды (№ 1, 6-бет).

Бұл мәлімдеменің тек бір ғана мағынасы болуы мүмкін: *«правдистер* бір жеңістен екінші жеңіске ие болып отыр» (бұл тексеруге болатын, объективтік факт, тіпті 1912 және 1913 жылдардағы Россияның бұқаралық жұмысшы қозғалысын зерттеуден де көрініп отырған факт), *бірақ мен, Троцкий,* правдистерді (1) жікшілдер деп және (2) өзінің түбіне өзі жететін саясатшылар деп айыптаймын дегендік.

Осыны талдап көрейік.

Ең алдымен Троцкийге алғыс айтайық: жақында (1912 жылғы августан 1914 жылғы февральға дейін) ол Ф. Данның соңынан ерген еді, ал Данның жойымпаздарға қарсыларды *«құртамын»* деп қорқытқаны, соған шақырғаны жұртқа мәлім. Қазір Троцкий біздің бағытымызды (және біздің партиямызды — бұған ашуланбаңыз, азамат Троцкий, бұл шын ғой!) «құртамын» деп қорқытпайды, тек ол бағыт өзінің түбіне *өзі* жетеді деп сәуегейлік айтады!

Бұл — әлде қайда биязы ғой, рас емес пе? Бұл — тіпті «фракцияшыл емес» дерлік қой, солай емес пе?

Бірақ әзілді қоя тұралық (әйтсе де әзіл — Троцкийдің адам төзгісіз сөзуарлығына сыпайы жауап берудің бірден-бір әдісі).

«Өзінің түбіне өзі жетеді» деу — құрғақ сөз, бос сөз, тек қана «троцкизм».

Жікшілдік деген елеулі саяси айып. Жойымпаздар да, жоғарыда көрсетілген, Париж бен Венаның көзқарасы тұрғысынан алғанда күмәнсыз өмір сүріп отырған топтардың бәрі де бізге қарсы осы айыпты мың құбылтып қайталап жүр.

Ал олардың бәрі де осындай елеулі саяси айыпты таңғажайып жеңілтектікпен қайталайды. Троцкийге қараңызшы. Ол: «жікшілдік бір жеңістен екінші жеңіске ие болып, өзінің түбіне өзі жететін болады» (ие болып отырған правдистер деп оқыңыз) деп түйеді. Бұған ол мынаны қосады:

«Нағыз саяси әрі-сәрі жағдайда сансыз көп алдыңғы қатарлы жұмысшылардың өздері де көп реттерде жіктің белсенді агенттеріне айнала бастайды» (№ 1, 6-бет).

Мәселеге жеңілтек қараушылықтың осы сөздерден байқалатын үлгісінен асқан сорақылықты іздеп табуға бола ма?

Біз Россиядағы жұмысшы қозғалысы аренасында жойымпаздықтан басқа ештеңені көре алмай отырғанда, сіз бізді жікшіл деп айыптайсыз. Демек, сіз біздің жойымпаздық жөніндегі көзқарасымызды теріс деп табасыз ғой? Шынында да, жоғарыда аталған шетелдегі топтардың *бәрі де,* бірінен бірінің айырмашылығы қаншама күшті болғанымен, нақ мынадай пікірге келіп тоғысады: біздің жойымпаздық жөніндегі көзқарасымызды теріс деп, «жікшілдік» деп табады. Осы топтардың *бәрінің* жойымпаздарға ұқсастығы да (және саяси жағынан едәуір жақындығы да) осында.

Егер жойымпаздар жөніндегі біздің көзқарасымыз теория жүзінде, принцип жүзінде теріс болса, бұл туралы Троцкий *тура* айтып, *нақты* мәлімдеп, бұл терістікті неден байқап отырғандығын бүкпесіз көрсетуі керек еді. Бірақ осы елеулі пунктке Троцкий *жылдар бойы* жоламай келеді.

Егер жойымпаздар жөніндегі біздің көзқарасымыз практика жүзінде, қозғалыстың тәжірибесінде теріске

шығарылып отырса, онда сол тәжірибені талдау керек қой, ал Троцкий мұны да істемейді. «Толып жатқан алдыңғы қатарлы жұмысшылар,— деп мойындайды ол,— жікшілдіктің *белсенді агенттеріне»* (правдистік бағыттың, тактиканың, ұйым жүйесінің белсенді агенттері деп оқыңыз) «айнала бастайды».

Осындай қайғылы құбылыстың, Троцкийдің мойындауынша, тәжірибеде расталған құбылыстың болатын себебі, *алдыңғы қатарлы* және оның үстіне *толып жатқан* жұмысшылардың «Правданы» жақтап отырған себебі неліктен?

Осы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың «нағыз саяси әрі-сәрі» болуының салдарынан деп жауап береді Троцкий.

Бұлай түсіндіру, сөз жоқ, Троцкий үшін, шетелдегі бес фракцияның бәрі үшін және жойымпаздар үшін өте ұнамды. Троцкий тарихи құбылыстарға түсінік бергенде, «оқымысты адамша білгішсінген түрмен», көпірме, даурықпа сөздермен, Троцкийдің өзіне ұнамды түсініктер беруді өте ұнатады. Егер «толып жатқан алдыңғы қатарлы жұмысшылар» Троцкийдің бағытымен үйлеспейтін саяси және партиялық бағыттың «белсенді агенттеріне» айнала бастаса, онда Троцкий мәселені, ұялмай-қызармай, бірден тұп-тура шешеді: осы алдыңғы қатарлы жұмысшылар «нағыз саяси әрі-сәрі жағдайда» екен де, ал ол, Троцкий, сірә, саяси берік, айқын да дұрыс бағыт «жағдайында» болса керек!.. Және нақ сол Троцкийдің өзі, кеудесін қағып, фракцияшылдықты, үйірмешілдікті, интеллигенттердің жұмысшыларға өз еркін таңуын талқандамақ болады!..

Шынында да, осындай нәрселерді оқығаныңда: мұндай дауыстар жындыханадан шығып жатқан жоқ па?— деп өзіңнен-өзің еріксіз сұрайсың.

«Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың» алдына жойымпаздық туралы және оны айыптау туралы мәселені партия 1908 жылдан бастап қойған болатын, ал жойымпаздардың анық айқындалған тобынан (атап айтқанда: «Наша Заря» тобынан) «жікке бөліну» туралы, яғни партияны осы топтан *бөлек* және соған қарсы бағыттап құрмай болмайтындығы туралы мәселе, осы

соңғы мәселе 1912 жылғы январьда, бұдан 2 жылдан астам уақыт бұрын қойылды. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың орасан көпшілігі нақ сол «январь (1912 ж.) бағытын» қолдауды *жақтап* пікір айтты. «Жеңістер» және «толып жатқан алдыңғы қатарлы жұмысшылар» деген сөздері арқылы бұл фактіні Троцкийдің өзі де мойындап отыр. Ал Троцкий бұдан жалтармақ болып, осы алдыңғы қатарлы жұмысшыларды «жікшілдер» және «саяси әрі-сәрі болғандар» деп құр *балағаттайды!*

Ақылынан алжаспаган адамдар бұл фактілерден басқаша қорытынды жасайды. Саналы жұмысшылардың *көпшілігі* дәл және айқын шешімдердің төңірегіне топтасқан жерде, ондай жерде пікір мен қимыл *бірлігі* болады, ондай жерде партиялылық пен партия болады.

Жұмысшылар «орнынан алып тастаған» жойымпаздар немесе Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысымен байланысы бар екенін екі жылдың ішінде *еш нәрсемен* көрсете алмаган бес-алты шетелдік топ бар жерде, нақ сол жерде әрі-сәрілік пен *жікшілдік* өріс алып отыр. Енді жұмысшыларды правдист-марксистер мойындап отырған «тұтас партия» *шешімдерін орындамауға* көндірмек болғанда, Троцкий қозғалысқа іріткі салып, жік туғызуга *әрекеттенеді.*

Бұл әрекеттерден ештеңе шықпайды, бірақ өздері жік туғыза отырып, жікшілдік туралы айқай салып жүрген, екі жылдың және одан да артық уақыттың ішінде «алдыңғы қатарлы жұмысшылар» алдында *толық жеңіліс* тапқаннан кейін, осы алдыңғы қатарлы жұмысшыларды «саяси әрі-сәрі болғандар» деп, *олардың* шығарған шешімдері мен еркіне адам айтқысыз арсыздықпен *түкіріп отырған* интеллигенттік топсымақтардың мен-мендікке салынып, шектен шыққан көсемдерін әшкерелеу керек қой. Бұл түп-түгел Ноздревтің немесе Иудушка Головлевтің тәсілдері ғой.

Ал біз, публицистің міндетіне бағып, жікшілдік жайында қайта-қайта естіліп жүрген айқайларға жауап ретінде бұлтартпайтын, даусыз *дәл* деректерді қайталай беруден жалықпаймыз. II Думада жұмысшы ку-

риясынан сайланған большевик депутаттар 47%, III Думада — 50%, IV Думада — 67% болды.

«Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың» көпшілігі, міне, осында, партия дегеніңіз, міне, осында, саналы жұмысшылар көпшілігінің пікір мен қимыл бірлігі, міне, осында.

Жойымпаздар бізге қарсы дау айтып («Наша Заряның» 3-номеріндегі Булкинді, Л. М.-ді қараңыз), столыпиндік куриялардың дәлелдерін пайдаланып отырсыңдар дейді. Бұл — ақылға сыймсыз, адалдыққа жатпайтын дау. Немістер өз табыстарын әйелдерді қатыстырмайтын Бисмарктің сайлау заңы бойынша өткізілетін сайлау арқылы бағалайды. *Осы бір* сайлау заңының тұсында, оның реакциялық шектеушіліктерін ешбір ақтамай-ақ, қол жеткен өз табыстарын салмақтайтын неміс марксистерін мұнысы үшін тек ақылынан алжасқандар ғана кінәлай алар еді.

Сол сияқты біз де, курияларды да, куриялылықты да жақтамастан, *белгілі бір* сайлау заңы тұсындағы өз табыстарымызды бағаладық. Куриялар барлық үш (II, III, IV) Думаның үшеуінде де болды, ал бір ғана жұмысшы куриясының *ішінде*, социал-демократияның *ішінде* жойымпаздарға қарсы *толық* қайта іріктелушілік болды. Кімде-кім өзін де, өзгені де алдағысы келмесе, ол жойымпаздарға *қарсы жұмысшы бірлігінің* жеңіске жеткендігінің осы объективтік фактісін мойындауға тиіс.

Екінші даудың «қисындылығы» да одан кем соқпайды: «пәлендей, түгендей большевиктерді жақтап меньшевиктер мен жойымпаздар дауыс берді (немесе сайлауға қатысты)» дейді. Тамаша-ақ! Ал II Думадағы 53%, III Думадағы 50%, IV Думадағы 33% большевик *емес* депутаттар жөнінде де осыны айтуға болмас па екен?

Егер депутаттар жайындағы деректердің орнына сайламшылар немесе жұмысшылардың уәкілдері, т. т. жайында деректер алуға мүмкін болса, біз оларды қуана-қуана алған болар едік. Бірақ ондай неғұрлым толық деректер *жоқ*, ендеше «дау айтушылар» жай әншейін жұрттың көзіне топырақ шашып жүр.

Ал әр түрлі бағыттағы газеттерге жәрдем беріп жүрген жұмысшы топтары туралы деректер ше? *Екі* жыл ішінде (1912 және 1913) 2801 топ «Правданы» жақтады да, 750 топ «Лучты» жақтады*. Бұл цифрларды әркімнің-ақ тексеруіне болады, бірақ әзір ешкім бұларды теріске шығаруға әрекеттенген емес.

Ендеше бұл арадағы «алдыңғы қатарлы жұмысшылар» *көпшілігінің қимыл бірлігі мен ерік бірлігі* қайсы және көпшіліктің еркін *бұзушылық* қайсы?

Троцкийдің «фракцияшыл еместігі» жұмысшылар көпшілігінің еркін нағыз арсыздықпен бұзушылық мағынасындағы жікшілдіктің нақ өзі болып шығады.

III. АВГУСТ БЛОГЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ ТУРАЛЫ

Бірақ Троцкийдің жікшілдік жөнінде таққан айыптарының дұрыстығы мен ақиқаттығын тексерудің тағы бір және өте маңызды әдісі бар.

Сіз нақ «лениншілдерді» жікшілдер деп білесіз ғой? Жақсы. Сіздікі дұрыс екен дейік.

Ал егер сіздікі дұрыс болса, басқа фракциялар мен топтардың бәрі «лениншілдерден» *бөлек* және «жікшілдерге» *қарсы* жойымпаздармен бірігу мүмкіндігін неге дәлелдеп көрсетпеді?.. Егер біз жікшіл болсақ, онда сіздер, біріктірушілер, өзара және жойымпаздармен неге бірікпедіңіздер? Осы арқылы сіздер бірігудің мүмкіндігі мен пайдалылығын жұмысшыларға *іс жүзінде* көрсеткен болар едіңіздер ғой!..

Хронологияны еске түсірейік.

1912 жылғы январьда «жікшіл» «лениншілдер» біз — жойымпаздардан *бөлек* және оларға *қарсы* партиямыз деп жариялайды.

1912 жылғы мартта *барлық* топтар мен «фракциялар»: жойымпаздар, троцкистер, впередшілдер, «партияшыл-большевиктер», «партияшыл-меньшевиктер» өздерінің орыс листоктарында және немістің социал-демократиялық «Vorwärts» газетінің бетінде осы «жік-

* 1914 жылғы 1 апрельге дейінгі алдын ала жасалған есеп бойынша 4000 топ «Правданы» (1912 жылғы 1 январьдан бастап) жақтады да, 1000 топ жойымпаздарды және олардың барлық одақтастарын жақтады.

шілдерге» қарсы *бірігеді.* Бәрі бірге ынтымақпен, бір ауыздан, келісе отырып, бірлесе отырып бізді «узурпаторлар», «мистификаторлар» деп және басқа дәл сондай биязы да сүйкімді атақтар тағып сөгеді.

Өте жақсы, мырзалар! Бірақ сіздердің «узурпаторларға» *қарсы* бірігіп, «алдыңғы қатарлы жұмысшыларға» *бірлік* үлгісін көрсетулеріңізден оңай не бар еді? Егер алдыңғы қатарлы жұмысшылар, бір жағынан, узурпаторларға қарсы барша жұрттың бірлігін, жойымпаздардың да, жойымпаз *еместердің* де бірлігін көрген болса, ал екінші жағынан, *кілең* «узурпаторларды», «жікшілдерді», т. т. көрген болса, онда сол алдыңғы қатарлы жұмысшылар алғашқыларды қолдамас па еді??

Егер алауыздық дегендер «лениншілдердің» ойдан шығарған немесе көптіре айтып жүрген, т. т. нәрселері ғана болса, ал іс жүзінде жойымпаздардың, плехановшылдардың, впередшілдердің, троцкистердің және басқалардың бірігуі *мүмкін* болса, онда сіздер мұны екі жылдың ішінде неге *өздеріңіз* өнеге көрсетіп дәлелдемедіңіздер?

1912 жылы августа «біріктірушілердің» конференциясы жиналды. Бірден-ақ *ажырасу* басталды: плехановшылдар оған барудан мүлде бас тартты, впередшілдер баруын барса да, наразылық білдіріп және бүкіл осы әрекеттің жалғандығын әшкерелеп кетіп қалды.

Жойымпаздар, латыштар, троцкистер (Троцкий мен Семковский), кавказдықтар, жетеу «бірікті». Біріге алды ма? Біріге алған жоқ деп, бұл тек жойымпаздықты бүркеушілік қана деп біз сол кезде-ақ айтқанбыз. Болған оқиғалар біздің айтқанымызды теріске шығарды ма?

Дәл бір жарым жылдан кейін, 1914 жылы февральда, былай болып шықты:

1) Жетеу ыдырайды — Бурьянов одан кетіп қалады.

2) Қалған жаңа «алтаудағы» Чхеидзе мен Туляков әлде басқа біреуі ме — Плехановқа қайтаратын жауап жөнінде келісе алмайды. Олар баспасөзде Плехановқа жауап қайтарамыз десе де, *қайтара алмайды.*

3) Іс жүзінде «Лучта» көп айлар бойы көрінбей кеткен Троцкий *бөлініп шығады да,* «Борьба» деген «өз» журналын шығара бастайды. Троцкий бұл журналды «фракциялық емес» деп атап, осы арқылы мынаны айқын (істің жайымен азды-көпті таныс адамдардың бәріне айқын) білдіреді: оның, Троцкийдің, пікірінше, «Наша Заря» мен «Луч» «фракциялық», яғни нашар біріктірушілер *болып шыққан.*

Егер сіз, мархабатты Троцкий, біріктіруші болсаңыз, егер сіз жойымпаздармен бірігуге болады деп жариялайтын болсаңыз, егер сіз солармен бірге «1912 жылы августа тұжырымдалған негізгі идеялардың» («Борьба» № 1, 6-бет, «Редакциядан») позициясында тұрған болсаңыз, онда *сіз өзіңіз* «Наша Заря» мен «Лучтағы» жойымпаздармен неге *бірікпедіңіз?*

Троцкийдің журналы шықпай тұрып-ақ «Северная Рабочая Газетада» журналдың «анықталмаған» кескін-кейпі туралы және ол жөнінде «марксистер арасында тым көп әңгіме болғандығы» туралы зілді мақала басылған кезде, «Путь Правды» (№ 37) *, әрине, бұл өтірікті әшкерелеуге тиіс болды: Троцкийдің лучистерге *қарсы* жасырын хаты туралы «марксистер арасында әңгіме болған»; Троцкийдің кескін-кейпі және оның Август блогынан бөлініп кеткендігі әбден «анықталған».

4) Л. Седовқа қарсы шыға жаздаған (және сонысы үшін Ф. Дан мен К^0 тарапынан жұрт алдында сөгіс естіген), кавказдық жойымпаздардың белгілі көсемі Ан енді «Борьбада» көрініп жүр. «Анықталмай» қалып отырғаны — ендігі жерде кавказдықтар Троцкиймен бірге болмақ па әлде Данмен бірге болмақ па?

5) «Август блогындағы» әбден даусыз бірден-бір ұйым болған латыш марксистері *формальды түрде* одан шығып, өздерінің соңғы конгресінің қарарында (1914 ж.) былай деп мәлімдеді:

«***ымыраластырушылардың жойымпаздармен қалай да бірігу керек деген әрекеті (1912 жылғы август конференциясы) пайдасыз бо-***

---

* Қараңыз: осы том, 1—4-беттер. *Ред.*

лып шықты, сөйтіп біріктірушілердің өздері идеялық-саяси жағынан жойымпаздарға тәуелді болып қалды».

Мұны бір жарым жылдық тәжірибеден кейін мәлімдеп отырған—екі орталықтың *ешқайсысымен де* байланыс жасағысы келмей, өзі *бейтарап* позицияда тұрған ұйым. *Бейтарап* адамдардың бұл шешімі Троцкий үшін әсіресе көзге түрткендей анық болуға тиіс!

Жеткілікті шығар деймін?

Бізді жікшіл деп, жойымпаздармен сыйысқысы келмеді немесе сыйыса білмеді деп айыптаған адамдардың *өздері* олармен сыйыса алмады. Август блогы жалған болып шықты да, ыдырап кетті.

Троцкий бұл ыдырауды өз оқушыларынан жасырып, оларды алдап отыр.

Бізге қарсылардың тәжірибесі біздің ісіміздің дұрыстығын дәлелдеді, жойымпаздармен жұмыс істесуге болмайтындығын дәлелдеді.

IV. ЫМЫРАШЫЛДЫҢ «ЖЕТЕУГЕ» БЕРГЕН КЕҢЕСІ

«Борьбаның» 1-номеріндегі: «Думадағы фракцияның жікке бөлінуі» деген редакциялық мақалада Мемлекеттік Думаның жойымпаздыққа салынған (немесе жойымпаздар жағына ауытқыған) жеті депутатына ымырашылдың берген кеңестері бар. Бұл кеңестердің түйіні — мына сөз:

«басқа фракциялармен келісім жасасу қажет болған реттердің бәрінде де ең алдымен алтаудың пікірін білу керек» (29-бет).

Міне — бұл келелі кеңес, Троцкийдің лучист-жойымпаздармен келісе алмай жүргені де, сірә, бір есептен, осы болса керек. Думадағы екі фракцияның күресі басталғаннан бері, жазғы (1913) кеңестің қарарынан бері правдистер нақ осы көзқараста болып келді. Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы «жетеудің» тағы да бас тартқандығына қарамастан, әлі сол позицияда тұрғандығын жік туғаннан кейін де *баспасөз бетінде* талай рет айтқан болатын.

Әуел бастан-ақ, жазғы кеңестің қарарынан бері-ақ, біз *Думадағы* жұмыс мәселелері жөнінде *келісім жаса-*

су қажет әрі ықтимал деп ойлағанбыз және әлі де солай ойлаймыз: егер ондай келісімдер ұсақ буржуазиялық шаруа демократтарымен (трудовиктермен) талай рет жасалған болса, онда ұсақ буржуазияшыл, либерал жұмысшы саясатшыларымен сондай келісімдер жасасу, әлбетте, онан да гөрі ықтимал әрі қажет.

Алауыздықты асырып көрсетпей, шындықтың бетіне тура қарау керек: «жетеу» дегеніміз жойымпаздар жағына ауытқып жүрген адамдар, кешегі күні олар түгелдей Данның соңынан ерген, ал бүгінгі күні көздерін мөлитіп Даннан Троцкийге және одан қайта кері қарай жалтақтап жүрген адамдар. Жойымпаздар — партиядан бөлініп шыққан, либералдық жұмысшы саясатын жүргізуші жарияшылдар тобы. Олар «астыртын жұмысқа» қарсы, сондықтан партия құрылысының және жұмысшы қозғалысының істері жөнінде бұл топпен ешқандай бірігу туралы сөз болуы мүмкін емес. Кімде-кім бұдан басқаша ойласа, ол 1908 жылдан кейінгі болған өзгерістің түпкі мәнін ескермей, мықтап адасады.

Бірақ партиядан тыс немесе партияны төңіректеген бұл топпен жеке мәселелер жөнінде, әрине, *келісім жасасуға* болады: біз трудовиктерге істегеніміздей, бұл топты да жұмысшы (правдистік) саясаты мен либералдық саясаттың біреуін таңдап алуға әрқашан да мәжбүр етіп отыруға *тиіспіз.* Мысалы, баспасөз бостандығы жолындағы күрес мәселесіне келгенде жойымпаздарда цензурасыз баспасөзді мойындамайтын немесе ескермейтін либералдардың мәселе қойысы мен бұған қарама-қарсы жұмысшылар саясатының арасында ауытқушылық бар екендігі айқын аңғарылды.

Думалық саясат шеңберінде, ең маңызды, *Думадан тысқары,* мәселелер тікелей қойылмайтын жерде, либералдық жұмысшы депутаттарының жетеуімен келісім жасасу мүмкін де, қажетті де. Бұл пункт жөнінде Троцкий жойымпаздар *жағынан* партиялық жазғы (1913) кеңестің позициясы *жағына* шықты.

Тек мынаны ғана естен шығармаған жөн: партиядан тыс топтар келісім жасасу дегенді әдетте партияда бар адамдардың түсінгеніндей түсінбейді олар келісім жа-

сасуды мүлдем басқаша түсінеді. Партияда жоқ адамдар үшін Думаның ішінде «келісім жасасу» — «тактикалық қарар немесе бағыт *белгілеу*» деген сөз. Партияда бар адамдар үшін келісім жасасу — партия бағытын жүзеге асыру жұмысына басқаларды *қатыстыруға* әрекет жасау деген сөз.

Мысалы, трудовиктерде партия жоқ. Олар келісім дегенді бүгін кадеттермен, ертең социал-демократтармен бірге бағытты, былайша айтқанда, «еркін» «белгілеу» деп түсінеді. Ал біз трудовиктермен жасалатын келісімді мүлде басқаша түсінеміз: бізде тактиканың барлық маңызды мәселелері жөнінде партия шешімдері бар, сондықтан біз бұл шешімдерден ешқашан ауытқымаймыз; біз үшін трудовиктермен келісімге келу — оларды өз жағымызға *тарту*, біздің жолымыздың дұрыстығына олардың *көзін жеткізу*, қаражүздіктерге қарсы және либералдарға қарсы бірлескен қимылдан *бас тартпау* деген сөз.

Келісім жөніндегі партиялық көзқарас пен бейпартиялық көзқарастың арасындағы осындай қарапайым айырмашылықты Троцкийдің қаншалық ұмытып кеткендігі (дегенмен ол жойымпаздар ішінде текке жүрмеген ғой!) оның мынадай пайымдауынан көрінеді:

> «Интернационалдың сенім білдірілген адамдары біздің парламенттегі екіге бөлінген өкілдігіміздің екі бөлігінің басын қосып, солармен бірге оларды не нәрсе біріктіріп, не нәрсе ажыратып отырғанын талқылауы қажет... Парламенттік тактиканың негіздерін тұжырымдайтын егжей-тегжейлі тактикалық қарар шығарылуы да мүмкін ғой...» (№ 1, 29—30-беттер).

Мәселені жойымпазша қоюдың ерекше және ең дағдылы үлгісі, міне, осы! Троцкийдің журналы партияны ұмытып кетіп отыр: рас-ау, бұл сияқты ұсақ-түйекті есте сақтаудың қажеті бар ма?

Европада (европеизм туралы жөн-жосықсыз айта беруге Троцкийдің жаны құмар) әр түрлі партиялар келісім жасасқанда немесе біріккенде мәселе былай болады: олардың өкілдері бас қосады да, ең алдымен араларындағы келіспеушіліктің пункттерін анықтайды (атап айтқанда, Интернационалдың Россия үшін күн тәртібіне қойып, ал Каутскийдің «ескі партия жоқ»[93] де-

ген шалағай пікірін қарарға мүлдем кіргізбей тастағаны осы болатын). Араларындағы келіспеушілік пункттерін анықтағаннан кейін, өкілдер тактика, ұйымдастыру және т. б. мәселелер жөнінде *екі партияның съездеріне қандай шешімдер* (қарарлар, шарттар және т. т.) *ұсынылуға тиіс екендігін* белгілейді. Егер сәті түсіп, бірыңғай шешімдер жобасы белгіленсе, онда съездер оны қабылдау-қабылдамау мәселесін шешеді; егер *әр түрлі* ұсыныстар туатын болса, онда оларды екі партияның съездері бір дәрежеде түбегейлі талқыға салады.

Жойымпаздар мен Троцкий үшін әсте европалық партиялылықтың үлгісі емес, оппортунизмнің *европалық* үлгілері ғана «ұнамды».

«Егжей-тегжейлі тактикалық қарарды» Дума депутаттары жасайды екен!! Россияда «партия жоқ» деп тіпті Каутскийді де сендіріп қойған шетелдік топсымақтардың кісі күлерлік сәуегейлігінің Вена мен Парижде қандай шекке жетіп отырғанын орыстың «алдыңғы қатарлы жұмысшылары» осы мысалдан айқын көре алады; ал Троцкийдің осы «алдыңғы қатарлы жұмысшыларға» соншалықты наразы екендігі тегін емес қой. Бірақ, бұл жөнінде шетелдіктерді кейде алдау мүмкін болса да, орыстың «алдыңғы қатарлы жұмысшылары» (тағы да қаһарлы Троцкийдің наразылығын туғызып аламыз ба деп қорықса да) әлгі сәуегейлерді көрер көзге мазақ етіп күледі.

«Егжей-тегжейлі тактикалық қарарлар,— дейді олар бұл сәуегейлерге,— бізде, мысалы, 1907, 1908, 1910, 1912 және 1913 жылдардағы сияқты, съездер мен конференцияларда жасалады (ал сіздерде, бейпартиялықтарда, қалай екенін білмейміз). Біз мәселемен таныс емес шетелдіктерді, сонымен бірге ұмытшақ орыстарды да, біздің партия шешімдерімен қуана-қуана таныстырамыз және «жетеудің» немесе «августшылдардың», не болмаса «солшылдардың» немесе кімнің болса да өкілдеріне: бізді өз съездеріңнің немесе конференцияларыңның қарарларымен таныстырыңдар, өздеріңнің болашақ съезінде біздің қарарларымызға немесе 1914 жылғы бейтарап латыш съезінің қарарына, т. т.

қалай қарайтындарың туралы нақты мәселе қойыңдар деп одан бетер қуана-қуана өтініш білдіреміз».

Россияның «алдыңғы қатарлы жұмысшылары» әр алуан сәуегейлерге, міне, осыны айтады, мысалы, Петербургтің ұйымдасқан марксистері маркстік баспасөзде осыны *айтып та отыр.* Жойымпаздарға қою үшін жарияланып отырған бұл шарттарды Троцкий елеусіз қалдырмақ па? Онда Троцкийдің өзіне жаман. Біздің борышымыз —Россиядағы саналы жұмысшылар көпшілігінің еркімен санасқысы келмейтін «біріктіру» мақсатындағы (августағы «бірігу» типтес пе?) сәуегейліктің қандай ерсі екендігін оқушыларға ескерту.

V. ТРОЦКИЙДІҢ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Троцкий шын мәнінде өз көзқарастары туралы өзінің жаңа журналында негұрлым аз айтуға тырысты. Астыртын жұмыс туралы мәселе жөнінде де, ашық партия үшін күресу ұраны және т. т. туралы да Троцкийдің дыбыс шығармағанын «Путь Правды» (№ 37) көрсеткен болатын*. Міне сондықтан да, оқшау ұйымның *ешқандай* идеялық-саяси кескін-кейпін білдірмей пайда болғысы келіп отырған бұл ретте, біз, бір есептен, фракцияшылдықтың *ең жаман* түрі туралы әңгіме етіп отырмыз.

Бірақ Троцкий өзінің көзқарасын тура айтқысы келмесе де, оның бұқпантайлап, жасырып қандай идеяларды жүргізіп отырғандығы журналының көп-көп жерінен көрініп отыр.

Бірінші номердегі алғашқы редакциялық мақаланың өзінен-ақ біз мынаны оқимыз:

> «Біздегі революцияға дейінгі социал-демократия тек өзінің идеясы, өзінің мақсаттары жағынан ғана *жұмысшы* партиясы болды. Шындығында, ол ояна бастаған жұмысшы табын өз соңынан ерткен маркстік интеллигенцияның ұйымы еді» (5).

Бұл — ежелден белгілі либералдық және жойымпаздық әуен, іс жүзінде партияны *теріске шығарудың* кіріспесі болып табылатын әуен. Бұл әуен тарихи факті-

* Қараңыз: осы том, 1—4-беттер. *Ред.*

лерді бұрмалауға негізделген. 1895—1896 жылдардағы стачкалардың өздері-ақ идея жағынан да, ұйымдық жағынан да социал-демократиямен байланысты *бұқаралық* жұмысшы қозғалысын туғызды. Сонда осы стачкаларға, экономикалық және экономикалық емес үгіттерге «жұмысшы табын интеллигенция *өз соңынан ерткен»* екен ғой!!?

Немесе 1901—1903 жылдардағы мемлекеттік қылмыстар жайындағы дәл деректер одан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда мынадай болып шығады:

Азаттық қозғалысына қатысушы әрбір 100 адамды (мемлекеттік қылмысы үшін жауапқа тартылғандарды) кәсібіне қарай бөлгенде былай болып шығады:

Дәуірлер:	Ауыл шаруашылығындағылар	Өнеркәсіп пен саудадағылар	Либерал кәсіптегілер мен оқушылар	Кәсіптері тұрақсыздар мен кәсіпсіздер
1884—1890	7,1	15,1	53,3	19,9
1901—1903	9,0	46,1	28,7	8,0

Біз бұдан 80-жылдарда, Россияда социал-демократиялық партия әлі *жоқ* кезде, қозғалыс «халықшылдық» қозғалыс болып тұрған кезде, интеллигенция басым болғанын: қатысушылардың жартысынан астамы интеллигенция екенін көреміз.

1901—1903 жылдарда, социал-демократиялық партия бар кезде, ескі «Искра» жұмыс істеп тұрған кезде бұл көрініс мүлдем өзгерді. Сол кездің өзінде-ақ қозғалысқа қатысушылардың ішінде интеллигенция *азшылық* болып қалды, *жұмысшылар* («өнеркәсіп пен саудадағылар») интеллигенциядан анағұрлым көп болды, ал жұмысшылар мен шаруаларды қоса есептегенде, барлығының жартысынан асып кетті.

Атап айтқанда марксизмнің ішіндегі ағымдар күресіне социал-демократияның ұсақ буржуазиялық-интеллигенттік *қанаты* әсер етті; ол «экономизмнен» (1895—1903) басталды да, «меньшевизмге» (1903—1908) және «жойымпаздыққа» (1908—1914) жалғасты. Партияның ішіндегі ағымдар күресінің жиырма жылдық тарихын қозғауға қорқып, Троцкий жойымпаз-

дардың партияға жауып жүрген жалаларын қайталап отыр.

Екінші мысал мынадай:

«Өзінің парламентаризмге көзқарасы жөнінен орыс социал-демократиясы да... (басқа елдердегі сияқты)... сол үш сатыны басынан өткізді... әуелі «бойкотизм»... онан кейін парламенттік тактиканы принцип жүзінде тану, бірақ... (өте жақсы айтылған «бірақ», бұл «бірақты» Щедрин: құлақ маңдайдан жоғары бітпейді, бітпек те емес! — деп аударған болатын)... таза үгіт мақсатымен ғана тану... және, ақырында, кезектегі талаптарды... Дума трибунасына көшіру...» (№ 1, 34-бет).

Тағы да тарихты жойымпаздық бұрмалау. Екінші саты мен үшінші сатының арасындағы айырмашылық — реформизм мен оппортунизмді білдірмей қорғау үшін әдейі ойдан шығарылған нәрсе. «Социал-демократияның парламентаризмге көзқарасын» білдіретін саты ретіндегі бойкотизм Европада *да* болған жоқ (онда анархизм болған және ол қазір де бар), Россияда *да* болған емес; мысалы, Россияда Булыгин Думасына жасалған бойкот *тек* белгілі бір мекемеге ғана қатысты нәрсе, ол *ешқашан да* «парламентаризммен» байланысты болған емес және либерализм мен марксизмнің тегеурін жасай беру жолындағы ерекше күресінен туды. Бұл күрестің марксизмнің ішіндегі екі ағымның күресіне қандай әсер еткендігі жөнінде Троцкий жұмған аузын ашпайды!

Егер тарихты қозғайтын болсаң, нақты мәселелерді және әр түрлі ағымдардың таптық түп-тамырларын түсіндіру керек; кімде-кім Булыгин Думасына қатысу жөніндегі таптардың күресі мен ағымдардың күресін марксисше зерттеймін десе, ол бұдан либералдық жұмысшы саясатының түп-тамырларын көрер еді. Бірақ Троцкий тарихты «қозғағанда», нақты мәселелерге *соқпай,* қазіргі оппортунистерді ақтарлық дәлелді немесе дәлел сияқты бірдеңені *ойлап табу* үшін «қозғайды»!

«...Іс жүзінде,— деп жазады ол,— барлық ағымдардың қолданып отырған күрес әдістері мен құрылыс әдістері біркелкі».— «Біздің жұмысшы қозғалысында либерализм қаупі бар деген айқайлар өмір шындығын кәдімгі өрескел сектанттықпен келемеждеу болады» (№ 1, 5 және 35-беттер).

Мұның өзі — жойымпаздарды өте айқын түрде, тым ашулы түрде қорғағандық. Ал біз қайткенмен де жаңарақ фактілердің ішінен бір кішкентайын болса да алып көрейік,— Троцкийдің айтып жүргені жалаң сөздер ғана, біз жұмысшылардың өздері фактілерді ақылға салып көрсе дейміз.

«Северная Рабочая Газетаның» 13-марттағы номерінде былай деп жазғаны — факт:

«Жұмысшы табының алдында тұрған айқын, нақты міндетті,—Думаға заң жобасын (баспасөз туралы) қабылдатпай тастау міндетін баса көрсетудің орнына, «шұнтитылмаған ұрандар» үшін күресу керек деген тұрлаусыз формула ұсынылып отыр; сонымен қатар құпия баспасөзге жарнама жасалып отыр; ал мұның өзі жұмысшылардың өз жария баспа сөзі жолындағы күресін тек қана әлсірете түседі».

Жойымпаздық саясатты документ жүзінде, айқын, дәл қорғау және правдистік саясатты сынау дегенің, міне, осы. Сонда не? екі ағымның да бұл мәселеде қолданып отырған «күрес әдістері мен құрылыс әдістері біркелкі» дейтін сауатты адам табыла қояр ма екен? Бұл жерде жойымпаздар *либералдық* жұмысшы саясатын жүргізіп отырған *жоқ* дейтін сауатты адам табыла қояр ма екен? жұмысшы қозғалысындағы либералдық қауіп бұл арада ойдан шығарылған нәрсе дейтін сауатты адам табыла қояр ма екен?

Троцкийдің фактілер мен нақты нұсқауларға жоламайтын себебі, олар оның барлық ашулы айқайлары мен көпірме сөздерін аяусыз теріске шығарады. Әрине, қоқиланып тұрып: «өрескел сектанттық келемеж» дей салу—өте оңай. «Кертартпа фракцияшылдықтан құтылу» жайында одан бетер қаттырақ, одан бетер көпірме сөздерді үстемелей түсу де қиын емес.

Бірақ мұның өзі тым арзан нәрсе емес пе? Бұл Троцкийдің гимназистер алдында паңданып жүрген кезіндегі арсеналдан алынған қаруы емес пе?

Троцкийді ашуландырып жүрген «алдыңғы қатарлы жұмысшылар» қайткенмен де өздеріне мына мәселе жөнінде туралап айқын айтқанды жөн көреді: жоғары-

дағы нақты саяси науқанға берілген бағада дәл көрсетілген «күрес әдісі мен құрылыс әдісін» сіз мақұлдайсыз ба? солай ма, жоқ па? егер мақұлдайтын болсаңыз, онда бұл — либералдық жұмысшы саясаты, бұл — марксизм мен партияға опасыздық еткендік, ал *ондай* саясатпен, *соны* жүргізіп отырған топтармен «татуласу» туралы немесе «бірігу» туралы сөз қылу — өзіңді де, өзгелерді де алдау деген сөз.

Мақұлдамайсыз ба?— онда тура айтыңыз. Ал бос сөзбен қазіргі жұмысшыны таңдандыра да, қанағаттандыра да, қорқыта да алмайсыз.

Айтпақшы: әлгі келтірілген цитатта жойымпаздардың уағыздап отырған саясаты тіпті либералдық көзқарас тұрғысынан алғанда да ақымақтық болады, өйткені заңды Думадан өткізу-өткізбеу жағы қазірдің өзінде комиссияда өзінің ішкі сырын ашып отырған Беннигсен типтес «октябрист-земствошыларға» байланысты.

Россиядағы маркстік қозғалысқа көптен қатысып келе жатқан адамдар Троцкийдің тұлғасын жақсы біледі, сондықтан оларға мұны айтып жатудың қажеті жоқ. Бірақ жұмысшылардың жас ұрпағы Троцкийдің тұлғасы қандай екенін білмейді, сондықтан оны айтуға тура келеді, өйткені бұл іс жүзінде жойымпаздар мен партияның арасында ауытқып жүрген шетелдік бес топтың бесеуіне де ортақ тұлға.

Ескі «Искра» заманында (1901—1903) «экономистерден» «искрашылдарға» қарай және одан кері қарай ауытқып, қашып кетіп жүргендерге: «Тушино қашқындары» деген ат тағылған-ды (Русьтегі Аласапыран заманда бір лагерьден екінші лагерьге қашып кеткен жауынгерлерді осылай атаған).

Жойымпаздық туралы сөз қылғанда, біз жылдар бойы өсіп келген, марксизмнің 20 жылдық тарихында «меньшевизммен» және «экономизммен» біте қайнасқан, солармен түп-тамырымен байланысты, белгілі бір таптың, либерал буржуазияның саясатымен және идео-

логиясымен байланысты болған белгілі бір идеялық ағымды ашамыз.

«Тушино қашқындары» өздерін фракциялардан жоғарымыз деп жариялайды, ондағы бір ғана дәлелі— олар бүгін бір фракцияның, ертең екінші фракцияның идеяларын «иемденеді». Троцкий 1901—1903 жылдары барып тұрған «искрашыл» еді, ал Рязанов оның 1903 жылғы съездегі ролін «Лениннің қолшоқпарының» ролі деп атаған. 1903 жылдың аягында Троцкий — барып тұрган меньшевик болды, ягни искрашылдардан «экономистерге» қашып кетті; ол «ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында тұңғиық жатыр» деп жариялады. 1904—1905 жылдарда ол меньшевиктерден кетіп, ауытқу жағдайында болды, біресе Мартыновпен («экономиспен») істес болды, біресе қисынсыз-солшыл «перманенттік революцияны» жариялады. 1906—1907 жылдары большевиктерге жақындап, 1907 жылы көктемде Роза Люксембургпен ынтымақтаспын деп мәлімдеді.

Ыдырау дәуірінде, көп уақыт «фракциялық емес» ауытқулардан кейін, ол тагы да оңга қарай ойысып, 1912 жылгы августа жойымпаздармен блок жасайды. Қазір олардан тагы да алыстап барады, бірақ *шын мәнінде* нақ солардың идеясымақтарын қайталап отыр.

Мұндай типтер—Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысы әлі оянбаган кездегі және әрбір топсымақ өзін ағым, топ, фракция,—бір сөзбен айтқанда, басқалармен бірігу туралы әңгіме көтере алатын «держава» етіп көрсетуге «кеңшілік» болып тұрған кездегі, кешегі өтіп кеткен тарихи құрылымдар мен формациялардың қалдықтары ретінде айрықша көзге түсетін типтер.

1908 жылдан бері жойымпаздыққа көзқарасын анықтап, белгілеп алган партия шешімдерімен *де,* Россияда осы шешімдерді толық тану негізінде коншіліктің *бірлігін* іс жүзінде орнатқан қазіргі жұмысшы қозғалысының тәжірибесімен *де* мүлде сапасқысы келмейтін адамдар сорақы талаптар ұсынып отырғанда, өзінің кіммен істес болып отырғанын жұмысшылардың жас ұрпағы жақсы білетін болуы керек.

РЕЦЕНЗИЯ

И. Дроздов, **1905—1906 жылдардағы аграрлық қозғалысқа байланысты Россиядағы егінші жұмысшылардың жалақысы.** *СПБ. (М. И. Семенов баспасы.) 1914 ж. 68 бет. Бағасы 50 т.*

Өзінің кітапшасында өте қызғылықты және маңызды мәселе көтерген Дроздов мырзаның бастамасын құттықтамасқа болмайды. Автор 1902—1904 жылдардағы күндік жалақы (ақшалай және астықтай төленетіні) туралы және иелікке жататын егістердегі қара бидайдың түсімі туралы деректерді, онан соң 1905—1910 жылдардағы жылма-жылғы деректерді алған да, ол деректерді Европалық Россияның аудандары бойынша салыстырған.

1905 жылғы жалақының өте-мөте көп өскен жерін автор оңтүстік-батыс ауданнан тапқан (1902—1904 жылдармен салыстырғанда 10% өскен). Орта есеппен Россия бойынша жалақының көбеюі 1905 жылы 1,2% және 1906 жылы 12,5% болып шыққан. Осыдан келіп автор: ауыл шаруашылық капитализмі неғұрлым өркендеген аудандар мен күрестің стачкалық формасының («талқандап-шабу» дейтін формадан өзгеше) өте-мөте кең тараған аудандарында ақы неғұрлым көп өскен деп қорытынды жасайды. Қаттырақ айтқанда, мұндай қорытынды жасау үшін деректер әлі жеткіліксіз. Мәселен, 1905 жылғы ақының өсуі жағынан Урал маңындағы аудан басқа аудандар арасында екінші орын алады (мұнда жалақының өсуі 9,68%, ал оңтүстік-батыс ауданда 10,35%). Егер революциядан кейінгі *бүкіл* кезеңде, яғни 1905—1910 жылдарда төленген орташа ақыны алсақ, онда оңтүстік-батыс ауданда (1902—1904 жылдармен салыстырғанда)

110,3%, Урал маңындағы ауданда 121,7% болып шығады. Автор, менің «Капитализмнің дамуы» деген кітабыма сүйене отырып, Урал маңындағы ауданды, былайша айтқанда, «шығарып» тастайды. Бірақ онда мен Урал маңындағы ауданды жалпы жалақының дәрежесін емес, жұмысшылардың жаппай *қоныс аударуын* зерттеген кезде шығарып тастағанмын*, сондықтан автордың сілтемесі дұрыс емес. Сондай-ақ Уралдағы иелікке жататын егістер проценті мардымсыз дегенді тілге тиек ету де қанағаттандыра алмайды**. Автордың губерниялар бойынша жасалған неғұрлым толық деректерді алып, жалақының өсуін жалпы аграрлық қозғалыстың, оның стачкалық формасының да, «талқандапшабу» формасының да және басқасының да, салыстырмалы *күші* жайындағы деректермен салғастыруы керек еді.

Жалпы және тұтас алғанда Россия бойынша ауыл шаруашылығы жұмысшыларының ақшалай жалақысы *көбінесе* 1905 жылдан 1906 жылға дейін өскен: 1902—1904 жылдардағы жалақыны 100 деп алғанда, 1905 ж. 101,2%, ал 1906 ж. 112,5% болғанын көреміз. Кейінгі төрт жылда осы цифрлар —114,2%, 113,1% 118,4% және 119,6%. Әлбетте, революция нәтижесінде ақшалай жалақының *жалпы* өсуіне біз 1905—1906 жылдардағы күрестің тікелей және мейлінше күшті әсер еткенін көріп отырмыз.

Мәселенің егжей-тегжейін білу үшін оқушыға Дроздов мырзаның мазмұнды кітапшасын ұсына отырып, мынаны атап көрсетеміз: асылында «помещиктерді қуып шығуды» (30-бет) көздеген шаруалардың талаптарын оның «көрінеу орындалмайтын» талаптар деп жариялауы мүлде орынсыз. Сол сияқты, талқандапшабу ауданында «күрес жерді теңгермелі түрде пайдалану үшін және жалпы алғанда басқа да нақ сондай, ұсақ буржуазиялық, утопиялық талаптар үшін жүргізілді» (38) деуі де негізсіз және ойланбай айтылған

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 641—642-беттер. *Ред.*
** Бұл жөнінде автор солтүстік ауданды Уралға теңейді. Бірақ солтүстік ауданда 1905 ж. жалақы 6% кеміген, ал 1906 жылы не бары 8% өскен.

сөз. Біріншіден, шаруалар жерді пайдалану үшін ғана емес, сонымен қатар жерді иелену («қуып шығу») үшін де күресті; екіншіден, олар теңгермелілік үшін емес, помещиктік жерлердің өздеріне өтуі үшін күресті — мұның екеуі екі басқа нәрсе; үшіншіден, халықшылдардың «теңгермелілік», «социализация», «жерді сауда айналымынан айыру» жөніндегі субъективтік *армандары* (және *«теориялары»)*, осы сияқты басқа да сандырақтары утопиялық нәрселер еді, әлі де сол күйінде қалып отыр, бірақ ұсақ буржуазиялық бұқараның крепостниктерді «қуып шығуында» «утопиялық» ештеңе де жоқ. Автор шаруалардың жер үшін күресінің, прогрестік буржуазиялық және радикалдық-буржуазиялық сипаты болған күрестің объективтік-тарихи маңызын халықшылдардың субъективтік теорияларымен, армандарымен шатастырып отыр; ал бұлар утопиялық және реакциялық нәрселер еді, әлі де сол күйінде қалып отыр. Бұлай шатастыру — мейлінше қате, диалектикаға жат, тарихқа жат нәрсе.

Автордың 1891—1900 жылдардағы және 1901—1910 жылдардағы орташа мөлшерді салыстыра келіп жасаған жалпы қорытындысы мынадай: күндік *ақшалай* ақы Россия бойынша 25,5% өскен, ал астыққа шаққандағы *нақты* ақы *не бары* 3,9% өскен, яғни өзгеріссіз қалған деуге болады. Ескерте кетейік, жоғарыда көрсетілген он жылдықтар ішінде ақшалай ақының өсу дәрежесі жағынан аудандар былайша орналасады: Литва ауданы + 39%, Волга бойы + 33%, Урал маңы + 30%, Малороссия + 28%, орталық-егіншілік аудан + 26%, т. т.

Қорытындысында автор соңғы екі он жылдық ішінде (1891—1900 және 1901—1910 жылдар) село жұмысшылары жалақысының өсуін жер рентасының өсуімен салыстырады. Бақсақ, Россия бойынша орташа жалақы күніне 52,2 тиыннан 66,3 тиынға дейін, ягни 27% өскен. Ал жердің бағасы — жұртқа мәлім, жердің бағасы дегеніміз капиталға айналған рента,— 1 десятина үшін 69,1 сомнан 132,4 сомға дейін, *яғни* 91% өскен. Басқаша айтқанда, жалақы ширек есе өскен, ал жер рентасы *екі есеге жуық артқан!!*

«Ал бұл жағдай,— деп дұрыс қорытады автор,— тек бір ғана нәрсені, атап айтқанда: Россиядағы егінші жұмысшылардың салыстырмалы тұрмыс дәрежесінің төмендегенін, сонымен қатар жер иеленуші таптың нақ сол салыстырмалы дәрежесінің жоғарылағандығын көрсетеді... Помещиктік тап пен жалдама жұмысшылар табының әлеуметтік алшақтығы бірден бірге арта түсіп отыр».

«Просвещение» № 5, май, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ[94]

***И. М. Козьминых-Ланин.* Москва губерниясының фабрикалары мен заводтарындағы мерзімнен тыс жұмыстар.**
Москва. 1914 ж. Бағасы 1 сом

Козьминых-Ланин мырзаның таяуда шыққан статистикалық жаңа кітапшасында орыс жұмысшылары үшін мейлінше толғағы жеткен мерзімнен тыс жұмыстар туралы мәселе қарастырылады.

Атап айта кеткен жөн, Козьминых-Ланин келтірген статистикалық деректер бір ғана 1908 жылды қамтиды және тек Москва губерниясының жұмысшыларына ғана қатысты. Оның үстіне 1908 жылдың цифрлары дәл қазір мүлде ескірсе керек, әсіресе, мына жайттарды да еске алу керек; 1908 жыл өнеркәсіптің тоқырау жылы болды, ал одан кейінгі орыс өнеркәсібінің дамуы өнеркәсіптік өрлеу жылы болып сипатталады, мұның үстіне жұмыс күшін өте қажет еткен жыл болды. Ал мұның өзі, өз орайында, өнеркәсіптің толып жатқан салаларында мерзімнен тыс жұмыс істеуді күшейте түсуге көмектесетін болуға тиіс.

Козьминых-Ланин (Москва губерниясының фабрика инспекторы) деректерінің жартылай ресми сипаты бар екені күмәнсыз — бұл деректер қожайындарға сұрау салу арқылы жинастырылған, демек, бұған белгілі бір дәрежеде сақтықпен қараған жөн, солай бола тұрса да, бұларға мықтап назар аудармасқа болмайды. Ең алдымен — осы мәселе жайындағы әдебиет Россияда өте тапшы, мұнда әрбір еңбек пайдаланылуға тиіс, бұған қоса тіпті осынау жартылай ресми статистиканың өзі де бізге едәуір қызықты мағлұмат бере алады.

Козьминых-Ланин мырза жалпы алғанда Москва губерниясының негізінен 152 ірі кәсіпорнындағы 112 380 жұмысшыны зерттеген; сонымен қатар зерттеуде тоқыма өнеркәсібі басым көпшілік орын алады.

Кітапшада келтірілген цифрларға қарағанда, мерзімнен тыс жұмыс істеу Москва ауданының тоқыма өнеркәсібінде кең тарамаған. Мысалы, мақта оңдеу ісіндегі зерттелген 59 мың жұмысшыдан тек 767 адам мейрам күндерінде мерзімнен тыс жұмыс істесе керек. Мерзімнен тыс жұмыс істелген уақыттың едәуір көпшілігі жай күндер (1717 адам), тіпті бұл ретте де мерзімнен тыс жұмыс істеушілер проценті жұмысшылардың жалпы санына шаққанда 1—2% мөлшерінде ауытқып отырады. Мұның өзі түсінікті де, өйткені тоқыма өнеркәсібі техникалық жағынан әрбір кезеңге белгілі бір жұмысшы күші мөлшерін шамамен алдын ала керек етеді; ал ең бастысы — 1908 жыл тоқыма өнеркәсібі үшін аса қолайсыз жыл еді. Кәсіпкерлер мерзімнен тыс жұмыс істету арқылы кәсіпорынның өнімділігін арттырудан горі көбіне өндірісті қысқартуға мүдделі болды.

Өнеркәсіптің тағы бір басты саласы — металл өңдеудегі көрініс мүлде басқаша. Бұл салада мерзімнен тыс жұмыс істеу кең қолданылады, кейде жұмысшылардың жалпы санының 20 процентін қамтиды.

Мерзімнен тыс жұмыс істеудің ұзақтығына келетін болсақ, мұның өзі, Козьминых-Ланинның деректері бойынша, жалпы алғанда металлистер үшін де, тоқымашылар үшін де мерзімнен тыс жұмыс істеген бір жұмысшыға (жай күндер мен мереке күндеріндегі жұмысты қоса есептегенде) 25 сағаттан 35 сағатқа дейін ауытқып отырады. Өте үлкен цифр. Бос уақыттың орта есеппен мерзімнен тыс жұмысқа кеткен осынау 30 сағаты жұмысшының мәдениеті мен ақыл-ойының дамуына түгелдей нұқсан келтіреді.

Жұмысшы бұлшық етін қалжыратып, жүйкесін құртып, ақыл-ойын жегізіп, өз еңбегін талан-таражға салғанда, сол үшін не алатынын қарап көрелік... Козьминых-Ланин мырза мерзімнен тыс жұмыс істегені үшін әр түрлі сала бойынша берілетін сағаттық сыйлықтарды өте-мөте мұқият есептеп шығарыпты. Сонда

біз мынаны көреміз: бұл жұмыстар үшін тоқымашыларға орта есеппен сағатына 15—16 тиын төленеді, одан артық болуы өте сирек. Бұл нарық апрель мен сентябрьде сәл-пәл артады да, декабрь—февральда қайтадан 13 тиынға дейін құлдырайды. Әсіресе жүн мата тоқитын фабрикалардағы табыс тіпті мардымсыз; мысалы, март айында жексенбі және мереке күндеріндегі жұмыс үшін орта есеппен алғанда сағатына төленетін ақы мұнда не бары 6,75 тиын болған. Мұндай нарық тұсында дағдылы ақы қандай болмақ!

Кестеден көрініп отырғанындай, металлистің еңбегіне төленетін ақы тоқымашыға төленетін ақыдан сәл ғана артық; металлистің орташа табысы мерзімнен тыс сағат үшін 13 тиыннан 20 тиынға дейін ауытқып отырады. Жалпы алғанда Москва металлистерінің мерзімнен тыс істеген жұмыстары нарқының өзгеруі мен мөлшері — ондағы еңбек жағдайының тіпті Петербургпен салыстырғанның өзінде де мүлде қолайсыз екенін айқын көрсетіп отыр.

Бүкіл мерзімнен тыс істелген жұмыстың нәтижесінде Москва жұмысшыларының алатыны мардымсыз тиын-тебен ғана.

Мысалы, мерзімнен тыс жұмыс істегені үшін орташа айлық табыс мынадай болған:

Тоқымашылар

(тиын есебімен)

Жексенбі және мереке күндері	міндетті	408
	міндетті емес	221
Жай күндері	міндетті	353
	міндетті емес	235

Металлистер

Жексенбі және мереке күндері	міндетті	337
	міндетті емес	184
Жай күндері	міндетті	325
	міндетті емес	231

Қорытындыда мынаны атап көрсеткен жөн: Козьминых-Ланин мырзаның зерттеуі мерзімнен тыс жұмыс істеудің ең басты ошағы — ұсақ өнеркәсіпті мүлдем

қамтымаған деуге болады (зерттелген жұмысшылардың не бары 1,45 проценті адам саны 100-ге жетпейтін кәсіп орындарында жұмыс істейді). Ал шынында ұсақ өнеркәсіптегі еңбек жағдайларын қарастырғанда, сөз жоқ, таң қаларлық нәтижелер алуға болатын еді.

«Просвещение» № 5,
май, 1914 ж.
Қол қойған: И. В.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

МӘСЕЛЕ АЙҚЫНДАЛДЫ

САНАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

Россия социал-демократиялық фракциясы «Путь Правды» газетінің 63-номерінде 6 депутаттың (Чхеидзе фракциясы) қазір — саналы жұмысшылардың орасан зор көпшілігі олардың жойымпаздармен жасаған одағын айыптағаннан кейін РСДЖ фракциясымен[95] келісімге келетін ойы бар-жоғын білуге ақырғы рет әрекет жасады.

Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы «социал-демократиялық фракцияға»: маркстік тұтас ұйымның 1903 жылғы (программа) және 1908—1910 жылдардағы (жойымпаздықты айыптау) шешімдерін қазір оның *ешбір ескертусіз* мойындайтын ойы бар ма деген сұрақ қойды. РСДЖ фракциясының ең алдымен нақ осы сұрақты не себепті қойғаны түсінікті: 1903, 1908 және 1910 жылдардағы шешімдер марксистердің жойымпаздармен *ешқандай жікке бөлінбей тұрғанында-ақ* қабылданған; бұл шешімдер барлық марксистердің туы болып табылады; егер РСДЖ фракциясының «социал-демократиялық фракциямен» нендей бір келісімге келуі мүмкін болса, онда, әрине, жікке бөлінгенге дейін қабылданған осы шешімдерді сөзсіз мойындау негізінде ғана болуы мүмкін.

Чхеидзе фракциясы «Наша Рабочая Газетаның» 2-номерінде «Ашық жауап» жазды, сөйтіп мәселені біржолата айқындады, сондықтан алауыздықтарды дұрыс түсінуге ұмтылатын және нағыз бірлікті тілейтін барлық жұмысшылардың бұған мейлінше шындап көңіл бөлуі керек.

1. ПРОГРАММА ЖӘНЕ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Программаны жасаған (1903 ж.) маркстік *конгрссте* бундистер (еврей жойымпаздары) «өздеріне мәдени дамудың толық бостандығы болуына кепілдік беретін мекемелерді құру» талабын программаға енгізуді ұсынды. Қазіргі жойымпаздар Мартынов, Мартов, Кольцов бұған қарсы шықты. Олар бұл талаптың социал-демократияның халықаралық принциптеріне қайшы келетінін әбден дұрыс дәлелдеді. Бундистерге барлық дауыс қарсы шығып, съезд бұл талапты *қабылдамай тастады* (протоколдарды қараңыз).

Марксистер «мекемелер құру» дегеніміз социал-демократия теріске шығарып отырған «мәдени-ұлттық автономияның» дәл өзі болып табылады деп пайымдайды.

«Ашық жауапта» алты депутат бұған керісінше пайымдап отыр. Олар былай дейді: біз «мекемелер құруды» жарияладық, бірақ біз мәдени-ұлттық автономияны жариялағанымыз жоқ.

— Жақсы, дейміз біз оларға. Бір минутке *солай-ақ делік,* шынында бұл екеуі бір нәрсе емес делік. *Бірақ съезд «мекемелер құруды» да теріске шығарды ғой.* Сіздер мұны өте жақсы білесіздер. Сіздер ұлтшылдарға жарамсақтанып, *программадан бас тартқандарыңызды* білесіздер. Ұсыныстарын съезд қабылдамай тастаған бундистер программаны осылай бұзғандықтарыңыз үшін де сіздерді құттықтады.

Социал-демократиялық фракцияның декларациясынан кейін IV Думаның бас кезінде олар былай деп жазды:

— «Социал-демократтардың (яғни жойымпаздардың) формуласы онша айқын болмағанын атап көрсетуге болады. Өте дұрыс. *Бірақ бір маңызды жері, жұмысшы депутаттары* (яғни Чхеидзе жағындағылар) ұлт мәселесі жөнінде ресми теорияның *сірескен көзқарасынан жылжыды»* («Цайт» № 9, бас мақала, 3-бағана).

«Ресми теория» дегеніміз — *программаның* дәл өзі. Бундистер Чхеидзе мен оның достарын *программаны бұзғаны* үшін мақтайды. РСДЖ фракциясы: «социал-

демократиялық фракция» программаны осы бұзуып кері қайтып алуға келісе ме деп сұрау салды.

Бұған мынадай айқын жауап алынды: «бұл формулада (яғни «мекемелер құруда») социал-демократиялық фракция бас тартарлықтай тіпті ештеме жоқ» («Ашық жауапты» қараңыз).

Программаны бұзудан бас тартқымыз келмейді — «социал-демократиялық фракцияның» жауабы осындай.

2. 1908 ЖЫЛҒЫ ШЕШІМ

РСДЖ фракциясы сонан соң «социал-демократиялық фракциядан»: марксистердің 1908 жылғы, таяуда ымырашыл-латыштар да мақұлдаған шешімін мойындауға келісесіздер ме деп сұрады.

Бұл шешімде былай делінген:

«Жойымпаздық дегеніміз партиялық интеллигенцияның кейбір бөлігінің осы күнгі партия ұйымын жойып» (яғни таратып, талқандап, құртып, тоқтатып), «оның орнына қайткен күнде де, тіпті партия программасынан, тактикасы мен дәстүрлерінен» (яғни бұрынғы тәжірибесінен) «көріне бас тарту арқылы қол жететін болса да, жариялылық» (яғни заңдылық, «ашық» өмір сүру) «шеңберінде бейнесіз бір бірігушілік құруға тырысуы».

Сөйтіп бұл шешім: *«жойымпаздық әрекеттерге қарсы нағыз үзілді-кесілді идеялық және ұйымдық күрес жүргізу қажет»* деп мойындайды (есепті қараңыз, 38-бет)[96].

Бұл шешімді барлық фракциялар өкілдерінің, оның ішінде жойымпаздардың (Дан, Аксельрод және басқалар), бундистердің және басқалардың қатысуымен марқстік тұтас ұйым қабылдаған. Ол 1908 жылғы декабрьде, ешқандай жікке бөліну *болмай тұрғанда* қабылданған.

РСДЖ фракциясы Чхеидзе фракциясынан: жойымпаздықты айыптайтын 1908 жылғы *осы* шешімді мойындайсыздар ма деп сұрады.

Ал Чхеидзе фракциясы не деп жауап берді?

Ү н қ а т қ а н ж о қ!! Дыбыс шығарған жоқ! 1908 жылғы бұл шешім мүлде болмағандай, оны орағытып

отті. Бұл адам сенгісіз нәрсе, бірақ факт. Ал осы үнсіздік қандай сөздерден болса да айқын. Ол шешім жөніндегі адам айтқысыз *дөрекі* көзқарасты көрсетеді. Маған ұнамайтын шешімдер мен үшін мүлде жоқ — жойымпаздыққа салынған депутаттардың моралы осындай.

Депутат Ягеллоны фракцияға қабылдау туралы мәселе жөнінде де бұл депутаттар осылай істеді. 1908 жылғы шешім Ягеллоның социал-демократиялық *емес* партиясымен «бірігуді» қабылдамай тастағаны оларға айтылады. Ал олар: 1907 жылы, яғни бұл шешімнен бір жыл бұрын, екінші Думадағы фракция даусыз социал-демократтар — литвандарды өз қатарына алған болатын деп қарсылық білдіреді. Мұның аты — шешімдерді көріне қорлағандық.

3. 1910 ЖЫЛҒЫ ШЕШІМ

Бұл шешімде былай делінген:

«Буржуазиялық контрреволюция заманындағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихи жағдайы, *пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі ретінде,* бір жағынан, құпия социал-демократиялық партияны бекерге шығаруды, оның ролі мен маңызын төмендетуді, дәйекті социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын шұнтитып тастауға тырысуды, т. т. сөзсіз туғызады; екінші жағынан, социал-демократияның Думадағы жұмысын және жария мүмкіншіліктерді пайдалану ісін теріске шығаруды, мұның екеуінің де маңызын түсінбеуді, дәйекті социал-демократиялық тактиканы қазіргі кезеңнің ерекше тарихи жағдайларына бейімдей білмеушілікті, т. т. сөзсіз туғызады.

Бұл жағдайда социал-демократиялық тактиканың біртұтас элементі — пролетариаттың таптық күресінің барлық салаларында социал-демократиялық жұмысты кеңейтіп, тереңдете түсу арқылы ауытқулардың екеуін де жеңу және осы ауытқулардың қауіптілігін түсіндіру болып табылады».

Бұл шешім жік атаулы болмай тұрып, *барлық* фракциялар өкілдерінің қатысуымен, *бір ауыздан* қабылданған. Бұл шешім жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптайды.

РСДЖ фракциясы «социал-демократиялық фракциядан»: сіздер бұл шешімді мойындайсыздар ма? — деп сұрайды. Социал-демократиялық фракция: «1910 жылғы шешімде тіпті жойымпаздық деген *сөз* жоқ» қой деп жауап береді.

Мұндай «сөз» жоқ! Бірақ «құпия социал-демократиялық партияны теріске шығаруды, оның ролі мен маңызын төмендетуді» айыптағанда маркстік тұтас ұйым *кімді* айтты екен?? Жойымпаздарды айтпағанда, кімді айтты.

Ақырында, бізде ең дәл документ, осыдан үш жыл бұрын жарияланған және ешкім теріске шығармаған, барлық «ұлттық» (латыштардан, бундистерден, поляктардан) марксистерден және Троцкийден (бұлардан артық куәны жойымпаздар іздесе де таба алмайды) шыққан документ бар; бұл документ тұп-тура былай дейді: «қарарда көрсетілген, оған қарсы күрес жүргізу қажет... деп көрсетілген ағымды, шындығына келгенде, жойымпаздық деп атаған дұрыс болатын еді...»

Жұмысшыларды бүйтіп... дөрекі адастыруға... депутаттардың қалайша батылы барады?

«Социал-демократиялық фракция» 1910 жылғы шешімдерді мойындағысы келмейді! Мұның орнына ол жойымпаздық «Наша Рабочая Газетамен» өзінің «толық ынтымақтастығы» туралы мәлімдеп отыр.

Жойымпаздыққа салынушы депутаттар үшін маркстік тұтас ұйымның 1903, 1908, 1910 жылдардағы шешімдері жоқ. Олар үшін жойымпаздық газеттің «шешімдері» ғана бар.

4. «АҒЫМДАР»

Тура шешімдерді теріске шығарып, жұмысшылардың еркімен санаспай, «социал-демократиялық фракция» барлық «марксизм ағымдарының» пайдасы туралы ұзақ-сонар сөз қылады.

Бүкіл дүние жүзінде марксистер *жұмысшы ұйымдарына* сүйенеді, ал біздегілер тұрлаусыз «ағымдарға» сүйенгісі келеді. Германияда, тіпті бүкіл дүние жүзінде, социал-демократия *жұмысшыларды,* олардың ұяларын, ұйымдарын, топтарын біріктіреді. Біздегілер қайдағы бір «ағымдарды» біріктіргісі келеді.

«Марксистер арасындағы барлық ағымдар»! Қазір бір ғана жойымпаздардың арасында кемінде екі «ағым» бар ғой, булар: «август осиеттерін» кімнің дұрыс сақтап келе жатқандығы туралы таласып жүрген «Борьба» мен «Наша Рабочая Газета».

Бұқарадан қол үзген 10 «ағымды» біріктіру — үмітсіз іс. Маркстік тұтас ұйымды құрғысы келетін *барлық жұмысшыларды* біріктіру — РСДЖ фракциясының қызу қолдауымен біздің көз алдымызда жүзеге асып жатқан ұлы іс.

* *

Мәселе айқындалды. Жұмысшылардың басым көпшілігі (қауіпсіздендіру сайлауы, топтасып қаржы жинау; жұмысшы топтарының Думадағы екі фракциямен қарым-қатынасы туралы деректерді қараңыз) жойымпаздарға қарсы, марксистерді, РСДЖ фракциясын жақтап шықты. Август блогы ыдырады: латыш социал-демократтары кетіп қалды, Бурьянов кетті, Ан мен «Борьба» жағындағылар да кетіп жатыр. Чхеидзе төңірегіне топталған 6 депутат Август блогының *ең жаман,* ең жойымпаздық сарқыншағына барып қосылды.

Жұмысшылар өз қорытындыларын жасауға тиіс.

«Трудовая Правда» № 7,
5 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АВАНТЮРИЗМ ТУРАЛЫ

Марксистер белгілі бір топтардың авантюристігі туралы айтқанда, олар бұл арада әрбір саналы жұмысшы таныс болуға тиісті мұндай құбылыстың әбден белгілі қоғамдық-тарихи ерекшеліктерін айтады.

Россия социал-демократиясының тарихында бұқара ішінде ешқандай негіздері болмай (ал бұқарасыз саясат — авантюристік саясат), ешқандай елеулі және берік идеялары болмай, «бір сағатқа», бірнеше айға пайда болған топсымақтар бықып жүр. Ұсақ буржуазиялық елде, буржуазиялық қайта құрылыстардың тарихи кезеңдерінде алуан түрлі интеллигенцияның жұмысшыларға келіп қосылуы *сөзсіз,* оның алуан түрлі топтарды — сөздің көрсетілген мағынасында авантюристік топтарды ұйымдастыруға әрекеттенуі сөзсіз.

Алдап соғылғысы келмейтін жұмысшылар топсымақ атаулыны оның идеяларының байсалдылығы тұрғысынан да, бұқара ішіндегі негіздері тұрғысынан да қатаң тексеруге тиіс. Сөзге сенбей, өте қатаң тексеру керек — марксист-жұмысшылардың ұраны осы.

«Искрашылдық» пен «экономизмнің» күресін, 1895—1902 жылдарды еске түсірейікші. Мұның өзі социал-демократиялық ой-пікірдің екі түрлі ағымы еді, бірі — пролетарлық, маркстік ағым, «Искраның» үш жылдық науқаны арқылы тексерілген, «искралық» тактика мен ұйым туралы дәл, айқын, қалыптасқан шешімдерді өз шешімдеріміз деп мойындаған барлық алдыңғы қатарлы жұмысшылар тексерген ағым. «Экономизм» *буржуа-*

зиялық ағым, жұмысшыларды либералдарға бағындырған оппортунистік ағым болды.

Елеулі осы екі ағымнан басқа, толып жатқан негізсіз топсымақтар болды («Свобода», «Борьба»[97], Берлин листоктары тобы, т. т.), бұл топсымақтар әлдеқашан ұмытылды. Бұл топтарда адал және ақ жүрек социал-демократтар көп болды, бірақ олардың берік, байсалды идеялары, программасы, тактикасы, ұйымы да, бұқара ішінде негіздері де *болмады,* осы мағынада олар авантюристік топсымақтар *болып шықты.*

Байсалды адамдар қазіргі ағымдар мен топтарға баға бергенде осылайша, тек осылайша ғана, тарихты зерттей отырып, белгілі бір уағыздың идеялық маңызын ойластыра отырып, сөзді фактілер арқылы тексере отырып баға беруге тиіс.

Сөзге тек ақымақтар ғана сенеді.

«Правдизм» дегеніміз тактика мен ұйымның және программаның барлық мәселелері жөнінде дәл маркстік жауаптар, қарарлар берген (1908, 1910, 1912, 1913— февраль мен жаз) ағым. Бұл шешімдердің сабақтастығы, Лондон (1907) съезі туралы айтпағанның өзінде, ескі «Искраның» кезінен (1901—1903) бері аса қатаң сақталған. Бұл шешімдердің дұрыстығы оларды *өз* шешімдеріміз деп таныған барлық алдыңғы қатарлы жұмысшылардың 5—6 жылдық (1908—1914) тәжірибесі арқылы тексерілген. «Правдизм» Россияның саналы жұмысшыларының іс жүзінде $^{4}/_{5}$ бөлігін ($2^{1}/_{2}$ жыл ішінде жұмысшы социал-демократтардың 6700 тобынан 5300 тобын) біріктірді.

Жойымпаздық дегеніміз ағым. Оның 20 жылдай тарихы бар, өйткені ол — «экономизмнің» (1895—1902) тікелей жалғасы және меньшевизмнің жемісі (1903—1908). Бұл ағымның либералдық-буржуазиялық негіздері мен либералдық-буржуазиялық мазмұны бар екені шешімдерде танылды (1908 және 1910; жойымпаздар ол шешімдерді толық жариялаудан тіпті де босқа қорқып жүрген жоқ!!). Жойымпаздардың либералдық идеялары бір-бірімен байланысты және тұтас идеялар: астыртын жұмыс жойылсын, киттер жойылсын, ашық

партияны жақтайық, «стачкалық қызбалыққа» қарсы шығайық, күрестің жоғары формаларына қарсы шығайық, т. т. дейді. Либералдық-буржуазиялық «қоғамда» кадеттердің де, бейпартиялық (және партия төңірегіндегі) интеллигенцияның да жойымпаздарға іш тартуы әлдеқашанпан бар және орныққан нәрсе. Жойымпаздық — елеулі ағым, бірақ ол маркстік емес, пролетарлық емес, либералдық-буржуазиялық ағым. Жойымпаздармен «татуласу» туралы тек бассыз адамдар ғана айта алады.

Енді өздері де «ағым» болғысы келетін барлық басқа топсымақтарды алыңыз. Оларды атап өтейік: 1) Алексинскиймен біріккен впередшілдер; 2) Богдановпен біріккен впередшілдер; 3) Воиновпен біріккен впередшілдер; 4) плехановшылдар; 5) «партияшыл-большевиктер» (іс жүзінде ымырашылдар: үй ішімен бірге Марк Зоммер); 6) троцкистер (яғни Троцкий, қасында тіпті Семковский де жоқ); 7) «кавказдықтар» (яғни Кавказсыз — Ан).

Біз *баспасөзде* айтылып жүрген топсымақтарды атап өттік; Россия мен шетелде олардың *ерекше* «ағымдар» мен топтар болғысы келетіні мәлімделді. Біз орыстық емес топтарды былай қоя тұрып, барлық орыстық топсымақтарды атап өтуге тырыстық.

Бұл топсымақтардың бірі қалмастан бәрі — бастаппаяқ түгелдей авантюризм.

Неге? Дәлел қайда? — деп сұрар оқушы.

Дәлел — оқиғаларға мейлінше бай және мейлінше маңызды соңғы он жылдың (1904—1914) тарихы. Аты аталған барлық топсымақтардың қайраткерлері тактика мен ұйымның елеулі мәселелері жөнінде осы 10 жылдың ішінде нағыз дәрменсіздік, нағыз бейшаралық, нағыз күлкілі ауытқулар көрсетті, бұқара ішінде негізі бар ағымдар құруға *мүлде қабілетсіз екендігін* көрсетті.

Бұлардың ішіндегі ең тәуірі Плехановты алайық. Оның жеке басының өткендегі сіңірген еңбектері өте зор. 20 жыл ішінде, 1883—1903 жылдары, ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді.

Бірақ 1903 жылдан бастап, тактика мен ұйым мәселелері жөнінде Плеханов нағыз кісі күлерлік түрде ауытқып жүр: 1) 1903, август —большевик; 2) 1903, ноябрь («Искра» № 52) —*«оппортунист»*-меньшевиктермен татуласуды жақтайды; 3) 1903, декабрь — меньшевик және де барып тұрған сорақысы; 4) 1905, көктем, большевиктер жеңіске жеткеннен кейін,—«жауласушы ағайындардың» «бірлігін» жақтайды; 5) 1905, бұл жылдың аяғынан 1906 жылдың жартысына дейін— меньшевик; 6) 1906 жылдың жартысынан — кейде меньшевиктерден аулақтай бастайды, ал Лондонда, 1907, оларды «ұйымдық анархизм» үшін кінәлайды (Череваниннің мойындауы); 7) 1908—жойымпаздардан қол үзеді; 8) 1914—жойымпаздарга қарай қайтадан бет бұрады. Плеханов жойымпаздармен «бірігуді» уағыздайды, бірақ мынадай екі ауыз айқын сөзді айта алмайды: бірліктің *шарттары* қандай? Потресов *мырзамен* бірігу неліктен мүмкін болып отыр? Белгілі бір шарттарды орындаудың кепілі қайда?

Осындай он жылдың тәжірибесінен кейін біз Плехановтың суды шашырата алатынына, ал бірақ мұнда ешқандай «ағым» жоқ екеніне және болмайтынына кепілдік бере аламыз.

Біз Плехановтың жойымпаздарға қарсы мақалаларын қуана-қуана басқан правдистерді әбден түсінеміз: жойымпаздарға қарсы 1908 және 1910 жылдардағы шешімдерді толығынан жүзеге асыратын мақалаларды правдистердің қабылдамай тастауына бола ма? Плеханов қазір жойымпаздарға еріп, Богдановқа және басқаларга еріп, «барлық ағымдардың» бірлігі туралы бос сөздерді қайталауга кірісті. Біз бұл тәсілді үзілді-кесілді айыптаймыз, бұл тәсілге қарсы аяусыз күрес жүргізу керек.

Дүние жүзінің еңбір жерінде де жұмысшы партиялары интеллигенттік топсымақтар мен «ағымдарды» біріктіріп отырған жоқ, қайта: 1) тактика мен ұйымдық мәселелер жөніндегі белгілі бір маркстік шешімдерді мойындап, жүзеге асыру, 2) саналы жұмысшылардың азшылығын олардың көпшілігіне бағындыру шарттарымен *жұмысшыларды* біріктіріп отыр.

Астыртын жұмысқа қарсылардан сөзсіз безу негізінде, правдистер $2^1/_2$ жыл ішінде (1912—1914) бұл бірліктің $^4/_5$ бөлігін жүзеге асырды. Құр кеуде қаққан адамдар правдистерге фракционерлер, жікшілдер, тағы басқа деп қаншалық ұрысса да, бұл бос сөздер мен ұрсудан жұмысшылар бірлігінің фактісі жойылмайды...

Плеханов қазір көпшіліктің осы бірлігін күйретемін деп қорқытып отыр. Біз сабырмен және берік сеніммен жұмысшыларға былай дейміз: сөзге сенбеңіздер, оларды фактілер арқылы тексеріңіздер, сонда сіздер жоғарыда аталған әрбір авантюристік топсымақтардың әрбір адымы олардың дәрменсіз және бейшаралық ауытқуларын неғұрлым айқын аңғарта түсетінін көресіздер.

«Рабочий» № 7,
9 июнь, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин.

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛАТЫШ МАРКСИСТЕРІНІҢ ШЕШІМДЕРІ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР

Біз газеттің арнаулы номерінде оқушыларды латыш марксистерінің соңғы шешімдерімен таныстырып, ол шешімдер жөнінде: латыштар ымырашылдықты артық көрді, бірақ сонымен бірге жойымпаздық Август блогына өлтіре соққы берді дегенімізде*, жойымпаздардың қандай шу көтергені қай жұмысшының болса да есінде.

Жойымпаздар бұл қорытындыға дау туғызу үшін қолынан келгеннің бәрін пайдаланды. Мартовтың барлық айлакерлігі, Данның барлық... шыншылдығы, Семковский мен Ионовтың бүкіл ақылы мен тамаша әдеби таланты,— осының бәрі әлгі мақсатқа жұмылдырылды. Жойымпаздар латыш съезі жойымпаздықты мүлде айыптаған жоқ, Август блогына қарсы шыққан жоқ, т. т. және т. с. деп қалай болғанда да «дәлелдегісі» келді. Бір сөзбен айтқанда: мен — мен емес, ат менікі емес дегеннің кері болды.

Бірақ, міне, не бары 2—3 ай ғана өтті. Біз қазір жойымпаздардың өздерінің журналынан («Наша Заря» № 4) ең «корректі» латыш жойымпазы Ф. Вейс мырзаның мақаласын кездестіреміз, ол біздің оқиғаларға берген сол нақты бағамызды *түгелдей растап* отыр.

Вейс мырза біздің ең қасарысқан қарсыласымыз. Ол орыс «лениншілдері» мен латыш көпшілігіне мейлінше ашулы «сынды» боратып отыр. Бірақ ол өзінің жойымпаздық көзқарастары үшін әлі де күреспек ниетте бол-

---

* Қараңыз: осы том, 23—28, 29—32-беттер. *Ред.*

са да, өзінің жеңіліп қалғанын ашық мойындауға батылы жетіп отыр. Ол мәймөңкелемейді, қипақтамайды, Семковскийлерге ұқсап ақты қараға, қараны аққа айналдыруға тырыспайды. Мұндай қарсыласпен қатты дауласуға болады, бірақ ол Семковскийлердің... өте болымсыз әдістеріне бармайтындығы үшін, дегенмен құрметтеуге тұратын адам.

Вейс мырза былай деп жазады:

— «Онда (съезде) «Ленин үйірмесіне» іш тартатын... латыш марксистері арасындағы ағым шынында тек бір дауыстың көпшілігімен, кейбір мәселелер жөнінде екі дауыстың көпшілігімен ғана басым болды.

— Латыш марксистерінің IV съезі ескі... большевиктік идеологияға қайтып оралуға әрекет ету болып табылады.

— Фракция (Думадағы фракция) туралы қарар бір ауыздан қабылданды. Бұл қарар съездің *азшылығы тарапынан* үлкен кеңшілік (яғни «ленинишілдерге» кеңшілік) жасау болып табылады.

— Ленин үйірмесі латыштардың ресми қолдауына қол арта алады» және т. т.

Автор «лениншілдердің салтанатын азшылық аздап болса да бұзды» деп ескерту жасайды, ол көпшіліктің ымырашылдарға жасаған кеңшіліктерін «сөкеттік» деп атайды (онысы орынды-ақ!).

Бірақ ол фактіні бүкпесіз айқын мойындайды: съезд «жойымпаздыққа қарсы күрес» жолына түсті, съезд басты нәрседе правдистердің соңынан ерді.

Ескі оқиға қайталанып отыр. Жойымпаздар 2—3 ай шулайды, ал сонан соң фактілерді дұрыс баяндаған нақ біздер екенімізді мойындауға өздері мәжбүр болады.

Партияның өздеріне жағымсыз шешімдерін «түсіндіруге» ұмтылғанда жойымпаздардың кейде неге болса да баратыны мынадан көрінеді. Жұртқа мәлім, 1908 жылғы декабрьде, марксистердің жалпы россиялық кеңесі Ягелло партиясымен (ППС) бірігуді *қабылдамай тастады.* Мұның өзі ең қатаң формада істелді: депутат Ягеллоның социал-демократиялық емес партиясымен бірігу туралы ұсыныстың өзін аттап өтіп, кезекті істерге көшу формасында істелді. Латыштар 1914 жылғы өз конгресінде 1908 жылғы шешімдердің бәрін

жақтап шықты, сөйтіп сол арқылы өздерінің социал-демократиялық фракцияға социал-демократ емес Ягеллоны қабылдауды айыптайтынын білдірді. Бұл шешім жойымпаздарға өте-мөте жағымсыз.

Ал сонда ше? Еврей жойымпаздарының «Цайт» газетінде бұл шешім былайша «түсіндіріледі»:

— «Кезекті істерге көшу дегеніміз не? Мұның мәнісі былай: жиналыстың ұсынысты дауысқа қойғысы келмейді, оны қабылдамағысы да, қабылдағысы да келмейді. Сонан соң басқа мәселеге көшеді. 1908 жылғы жиналыс Ягеллоның бағытымен бірігу туралы мәселені ашық (!!) қалдырды» («Цайт» № 17).

Партиялық шешімдерді бұлай «түсіндіру» барып тұрған ар... сыздық емес пе?

Ягеллоның бағытымен бірігу туралы жойымпаздардың ұсынысы қабылданбағанда, Ф. Дан сол кездегі өзінің баспасөзде басылған ресми есебінде 1908 жылы былай деп жазды:

— «Поляк делегациясының (поляк социал-демократтарының) ұсынысы бойынша, конференция біздің қарарымызды тіпті талқылағысы да келмеді, қайта оны аттап өтіп, кезектегі істерге көшті. Осы кішкентай фактіде үйірмелік ымырасыздық пен үйірмелік ойлау дағдылары, сірә, өзінің ең жоғарғы шегіне жеткен болуы керек» (Ф. Данның есебі, 45-бет).

Ф. Данның жанжалдасқан себебі де сол, ол: кезектегі істерге көшу — Ягеллоның социал-демократиялық емес партиясымен бірігуден *мейлінше қатаң* бас тарту болып табылатынын білді. Ал енді келіп бізге осы мейлінше қатаң бас тартуды: мәселе «ашық қалдырылды», әрбір адам оны өзінше шешуге ерікті деген мағынада түсіндіріп отыр! Маркстік шешімдерді мазақ етуде бұдан әрі баратын жер жоқ.

Жойымпаздар қанша бұлталақтаса да, өмір өз дегенін істейді. Өмір — маркстік бағытты жақтайды. Бүкіл Россиядағы жұмысшы қозғалысының күллі аяқ алысы сияқты, латыш социал-демократиясындағы оқиғалар да мұны анық дәлелдеп отыр.

«Рабочий» № 7,
9 июнь, 1914 ж.

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІ

Саналы жұмысшыларға өз қозғалысының *маңызын түсініп*, оны *дәлме-дәл білуден* артық маңызды міндет жоқ. Жұмысшы қозғалысы күшінің бірден-бір,— бірақ оның есесіне жеңілмейтін,— қайнар бұлағы — жұмысшылардың *саналылығы* және олардың күресінің ауқымдылығы, яғни оған жалдама жұмысшылар *бұқарасының* қатысуы.

С.-Петербургтегі маркстік баспасөз қазірдің өзінде жылдар бойы өмір сүріп, жұмысшы қозғалысының ауқымдылығы туралы және ондағы әр түрлі бағыттардың үстемдігі туралы әрбір кез келген адамның тексеруіне мүмкіндік беретін бірден-бір, тамаша, бірегей материал береді. Тек шындықты жасырғысы келетін адамдар ғана, либералдар мен жойымпаздардың істеп отырғанындай, бұл материалдан орағытып өте алады.

С.-Петербургтегі «правдистік» (маркстік) және жойымпаздық газеттерге 1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін жиналған қаржылар туралы толық деректерді В. А. Т. жолдас жасап шығарды. Біз оның жасаған кестесін толық басып отырмыз, цифрлармен оқушының тым басын қатырмау үшін, мақаланың текстінде кейде дөңгелетілген деректер келтіреміз.

В. А. Т. жолдастың кестесі мынадай. [250—251-беттерді қараңыз. *Ред.*]

Ең алдымен жұмысшы топтарының *саны* туралы деректерге тоқталайық. Бұл деректер — «правдистік» газеттердің де, «жойымпаздық» газеттердің де барлық

өмір сүрген уақытының деректері. *Жұмысшы* топтарының саны мынадай болған:

	Правд. газ.	Жойымп. газ.
Бүкіл 1912 жыл ішінде	620	89
Бүкіл 1913 жыл ішінде	2 181	661
1914 ж., 1 январьдан 13 майға дейін	2 873	671
Барлығы	5 674	1 421

С.-Петербургтегі маркстік («правдистік»)

1914 жылғы 1 январьдан 13 майға

Қаржылар кімдерден түсті	С.-Петербург						Мос		
	Правд.			Жойымпаз.			Правд.		
	Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома	
		С.	Т.		С.	Т.		С.	Т.
Жұмысшы топтары	*2 024*	*13 943*	*24*	*308*	*2 231*	*98*	*130*	*865*	—
Барлық жұмысшы еместерден	*325*	*1 256*	*92*	*165*	*1 799*	*40*	*46*	*260*	*51*
Оның ішінде:									
Оқушылар мен жастар топтары	26	369	49	19	292	13	8	119	30
«Жақтастардың», «достардың» және т. т. топтары	8	164	—	14	429	25	6	42	10
Қалған топтар	2	8	—	6	72	60	1	2	—
Жеке адамдар	281	650	96	120	966	72	29	63	61
Кімнен екені көрсетілмеген	8	64	47	6	38	70	2	33	50
Шетелден	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Жиыны	*2 349*	*15 200*	*16*	*473*	*4 031*	*38*	*176*	*1 125*	*51*

Топтардың жалпы саны 7095. Әрине, бірнеше рет қаржы жинаған топтар бар, бірақ мұндай топтардың саны туралы деректер жоқ.

Біз жұмысшы топтарының жалпы санының *не бары* $^1/_5$ (бестен бір) бөлігі жойымпаздарға іш тартатынын көріп отырмыз. «Правдизм», правдистік шешімдер,

правдистік тактика $2^1/_2$ жылдың ішінде Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігін *біріктірді.* Жұмысшылар бірлігінің осы фактісін әр түрлі интеллигенттік топсымақтардың, «впередшілдердің», «плехановшылдардың», «троцкистердің» және тағы сондайлардың тарапынан «бірлік» туралы айтылып жүрген сылдыр сөздермен салыстырған жөн.

1913 және 1914 жылдардың деректерін салыстыра-

және жойымпаздық газеттерге

дейін жиналған қаржылар

ква			Провинция						Барлығы					
Жойымпаз.			Правд.			Жойымпаз.			Правд.			Жойымпаз.		
Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома		Қаржы жинау саны	Жиналған сома	
	С.	Т.		С.	Т.		С.	Т.		С.	Т.		С.	Т.
25	*263*	*52*	*719*	*4 125*	*86*	*338*	*2 800*	*62*	*2 873*	*18 934*	*10*	*671*	*5 296*	*12*
24	*1 137*	*30*	*832*	*1 082*	*79*	*230*	*2 113*	*90*	*713*	*2 650*	*01*	*453*	*6 759*	*77*
3	21	—	20	162	13	23	317	09	54	650	92	45	630	22
5	892	—	28	252	72	35	1 129	35	42	458	82	54	2 450	60
—	—	—	30	115	29	24	113	52	33	125	29	30	186	12
14	197	80	221	332	05	132	443	80	531	1 046	62	266	1 608	32
2	26	50	33	220	60	16	110	14	43	318	57	24	175	34
—	—	—	—	—	—	—	—	—	10	49	79	34	1 709	17
49	*1 400*	*82*	*1 051*	*5 208*	*65*	*568*	*4 914*	*52*	*3 586*	*21 584*	*11*	*1 124*	*12 055*	*89*

йық (1912 жылдың деректері салыстыруға келмейді, өйткені «Правда» апрельде, ал «Луч» 5 ай кейін шықты). Біз правдистік топтардың саны 692 топқа көбейгенін, *яғни 31,7 процентке* көбейгенін, ал жойымпаздық топтардың саны 10 топқа көбейгенін, *яғни 1,5 процентке* көбейгенін көреміз. Демек, жұмысшылардың прав-

дистік газеттерді қолдауға әзірлігі олардың жойымпаздық газеттерді қолдауға әзірлігінен *20 есе шапшаң* өскен.

Екі бағыттағы жұмысшылардың бүкіл Россия бойынша бөлінуін қарап көрейік:

	Жұмысшы топтарының проценті	
	Правдистік топтар	Жойымпаздық топтар
С.-Петербургте	86%	14%
Москвада	83%	17%
Провинцияда	68%	32%

Қорытынды айқын: жұмысшы бұқарасының неғұрлым көзі ашық болса, олардың саналылығы мен саяси белсенділігі неғұрлым жоғары болса, жұмысшылар арасында правдистердің басымдығы *соғұрлым күштірек.* Питерде жойымпаздар түгелдей дерлік ығыстырып шығарылған (100-дің 14-і); олар бұқара саясатты нашарлау түсінетін провинцияда әлі де болса әрең-әрең қалып отыр (100-дің 32-сі).

Мүлде басқа деректеме деректерінің, атап айтқанда: қауіпсіздендіру мекемелерінің сайлауы бойынша жұмысшылар уәкілдерінің құрамы туралы деректердің жұмысшы топтары туралы деректермен тамаша сәйкес келетінін көрсету өте-мөте сабақ боларлық нәрсе. Астаналық мекеменің сайлауында 37 уәкіл правдист және 7 жойымпаз болды, яғни 84% және 16%. Уәкілдердің барлық санының 70 проценті (53-тің 37-сі) правдистер болды, ал *бүкіл россиялық* қауіпсіздендіру мекемесінің сайлауында 57-нің 47-сі, яғни 82% болды. Жойымпаздар, партияда жоқтар және халықшылдар — жұмысшылардың әлі де буржуазиялық ықпалда қалып отырған шамалы азшылығы.

Сонан соң. Жұмысшы топтарынан жиналған қаржылардың орташа мөлшері туралы қызықты деректер мынадай [253-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Правдистік топтар бізге табиғи, түсінікті, былайша айтқанда, дұрыс құбылысты көрсетіп отыр: жұмысшы бұқарасының орташа табысының өсуіне қарай орташа жұмысшы тобының орташа жарнасы да өседі.

	Жұмысшы топтарынан жиналған қаржының орташа сомасы	
	Правдистік топтар	Жойымпаздық топтар
С.-Петербургте	6 с. 88 т.	7 с. 24 т.
Москвада	6 » 65 »	10 » 54 »
Провинцияда	5 » 74 »	8 » 28 »
Россия бойынша	6 » 58 »	7 » 89 »

Ал жойымпаздарда, москвалық топтардың (олар бар болғаны 25!) ерекше секірмелілігін былай қойғанда, питерлік топтардан гөрі провинциялық топтардың жарнасы *неғұрлым жоғары* екенін көреміз!!! Бұл оғаш құбылысты немен түсіндіруге болады?

Деректерді көп еңбек жұмсап неғұрлым толық зерттегенде ғана, бұл сұраққа дәлме-дәл жауап алуға болады. Біздің алдын ала болжап айтатын жауабымыз мынадай: жойымпаздар өнеркәсіптің кейбір жіктеріндегі неғұрлым жақсы ақы төленетін жұмысшылардың азшылығын біріктіреді. Мұндай жұмысшылардың либералдық және оппортунистік идеяларды басқалардан берігірек ұстайтындығы бүкіл дүние жүзінде байқалған. Біздің Питерде жойымпаздарға бәрінен де ұзақ төзген баспашылар болды, ал олардың одағының соңғы сайлауында ғана, 1914 жылғы 27 апрельде, правдистер басқарма мүшелерінің тізімінде жартысын және оларға кандидаттар тізімінде көпшілігін жеңіп алды. Ал баспашылар барлық елдерде оппортунизмге неғұрлым бейім, өйткені олардың кейбір разрядтарына неғұрлым жақсы ақы төленеді.

Егер жұмысшы аристократиясы азшылығының жойымпаздарға іш тартатыны туралы біздің қорытындымыз тек алдын ала жасалған қорытынды ғана болса, онда *жеке адамдар* жөнінде мәселе ешқандай күмән туғызбаса керек. Жұмысшылардікінен басқа жарналардың *жартысынан көбі* жеке адамдардан түскен жарналар болып отыр (бізде 713-тің 531-і, жойымпаздарда 453-тің 266-сы). Бізде мұндай жарнаның орташа мөлшері — 1 сом 97 тиын, жойымпаздарда —*6 сом 05 тиын!!*

Бірінші жағдайда төменгі қызметшілер, чиновниктер және сол сияқты жартылай пролетарлық сипаттағы ұсақ буржуазиялық элементтер туралы сөз болып отырғаны айқын. Ал біз жойымпаздардың буржуазиядан шыққан бай достары бар екенін көріп отырмыз.

Буржуазиядан шыққан осы бай достар біздің алдымызда «жақтаушылардың, достардың, т. с. топтары» түрінде бұдан да анығырақ көрінеді. Бұл топтар бізге 458 сом 82 тиын берді, яғни жиналған қаржылардың жалпы сомасының 2 проценті, оның бер жағында бір топтың жинаған орташа қаржысы — 10 сом 92 тиын, жұмысшы тобының жинаған орташа қаржысынан бар болғаны $1^1/_2$ есе артық. Ал сөз болып отырған топтар жойымпаздарға 2450 сом 60 тиын берді, яғни жиналған қаржылардың жалпы сомасының 20 процентінен *астам,* ал бір топтың жинаған орташа қаржысы = *45 сом 39 тиын,* яғни жұмысшы тобының жинаған орташа қаржысынан *алты есе* көп!!

Бұған шетелді қосайық, мұнда ақша қаржыларын жинаудың басты көзі — буржуазиялық студенттер. Шетел бізге 49 сом 79 тиын берді, яғни $^1/_4$ проценттен кем; жойымпаздарға — 1709 сом 17 тиын берді, яғни *14 процент.*

Жеке адамдарды, «жақтаушыларды, достарды» және шетелді біріктіріп қосқанда, осы көздерден түскен қаржылардың жиынтығы мынадай:

Правдистерде — 1555 сом 23 тиын, яғни барлық қаржылардың *7 проценті.*

Жойымпаздарда — 5768 сом 09 тиын, яғни барлық қаржылардың *48 проценті.*

Бізде бұл көз жұмысшы топтарымен салыстырғанда (18 934 с.) $^1/_{10}$ бөлігінен кемірегін береді. Жойымпаздарда жұмысшы топтарына қарағанда (5296 с.) *артық!!*

Қорытынды айқын: жойымпаздық газет жұмысшы газеті *емес, буржуазиялық* газет. Ол, ең алдымен, *буржуазиядан шыққан бай достарының* қаржысына өмір сүреді.

Жойымпаздардың буржуазияға шын тәуелділігі біздің деректеріміздің көрсетіп отырғанынан гөрі анағұрлым күшті. Мәселе мынада: правдистік газеттер өзінің

финанс есептерін жалпы жұрттың танысуы үшін *әлденеше рет* жариялады. Бұл есептерден, жиналған қаржыларды табысқа қосқанда, газеттің өзін-өзі ақтайтыны көрінді. Конфискеленуге және хабарландырулардың жеткіліксіздігіне қарамастан, тиражы 40 000 (1914 ж. майдағы орташа есеп) болып тұрса, бұл түсінікті. Ал жойымпаздар өз есебін *тек бір рет қана* басып шығарды («Луч», № 101), онда 4000 сом жетпейтіні көрсетілген еді, сонан соң жалпы буржуазиялық әдетке көшіп, есептерін жарияламайтын болды. Олардың газетінің тиражы 15 000 болып тұрғанда қаржының жетпеуі сөзсіз, ал оның орнын, сірә, тағы да сол буржуазиядан шыққан бай достар жабатын болуы керек.

Либералдық жұмысшы саясатшылары *«ашық* жұмысшы партиясына» түспалдауды тәуір көреді, бірақ олар өздерінің буржуазияға шын тәуелділігін шын жұмысшыларға *ашқысы* келмейді! Біздің, астыртын жұмыстағылардың, жойымпаз-либералдарға ашық есеп берудің пайдалы екенін ұғындыруымызға тура келеді...

Жалпы қорытындысында жұмысшы қаржылары мен жұмысшылардікінен өзге қаржылардың арасалмағы мынадай:

Қаржылар мынадан келеді:	Газеттерге жиналған қаржылардың әрбір сомынан правдистерге	Газеттерге жиналған қаржылардың әрбір сомынан жойымпаздарға
жұмысшылардан	87 тиын	44 тиын
жұмысшы *еместерден*	13 тиын	56 тиын
Барлығы	1 с. 00 тиын	1 с. 00 тиын

Правдистердің буржуазиядан алған көмегі $^1/_7$, оның бер жағында, өзіміз көрдік, бұл көмек буржуазияның неғұрлым демократияшыл және онша дәулетті емес топтарынан алынды. Жойымпаздық кәсіп *негізінен* буржуазиялық кәсіп, бұған жұмысшылардың азшылығы әлі де еріп отыр.

Қаржылардың түсетін көзі туралы деректер бізге газеттерді сатып алып оқитын адамдардың таптық жағдайын да көрсетіп отыр.

Ерікті жарналар газеттің бағытына неғұрлым саналы түрде тілектес тұрақты оқушылардан ғана түседі.

Сондықтан, осыған орай, газеттің бағыты қалай болғанда да газет аудиториясының неғұрлым «ықпалды» тобына қарай «бейімделеді».

Біздің деректерімізден туатын қорытындылар, біріншіден, теориялық қорытындылар, яғни өз қозғалысының жағдайларын жұмысшы табының білуіне қызмет ететін қорытындылар, екіншіден, біздің жұмысымыз үшін тікелей нұсқаулар беретін практикалық қорытындылар.

Кейде Россияда екі түрлі жұмысшы баспасөзі бар деседі. Таяуда мұны тіпті Плеханов та қайталады. Бірақ бұл дұрыс емес. Бұлай деушілер не өзінің мейлінше надандығын, не жұмысшыларға буржуазиялық ықпал ету жөнінде жойымпаздарға көмектескісі келетін жасырын тілегін аңғартады. Партиялық шешімдер жойымпаздықтың буржуазиялық сипатын әлдеқашан және бірнеше рет (мысалы, 1908 және 1910 жылдары) дәл, айқын етіп және тікелей көрсетті. Маркстік баспасөздің мақалаларында бұл ақиқат жүздеген рет түсіндірілді.

Бұқараның пікіріне ашықтан-ашық жүгінетін күнделікті газеттің тәжірибесі жойымпаздық *ағымның* шын *таптық* сипатын сөзсіз *ашуға* тиіс еді. Тәжірибе оны ашты да. Жойымпаздық газет іс жүзінде, өз соңынан жұмысшылардың азшылығын ертетін, буржуазиялық кәсіп болып шықты.

Оның үстіне, жойымпаздық газеттің 1914 жылдың көктеміне дейін дерлік Август блогының органы болғанын ұмытпайық. Август блогынан тек қазір ғана латыштар бөлініп шықты, жойымпаздардан Троцкий, Эм-Эль, Ан, Бурьянов, Егоров кетті және кетіп жатыр; блок ыдырай түсуде. Таяудағы болашақ жойымпаздық *ағымның* буржуазиялық сипатын да, интеллигенттік *топтардың:* впередшілдердің, плехановшылдардың, троцкистердің және т. т. өмірге қабілетсіздігін де бұдан гөрі айқынырақ аша түсетіні сөзсіз.

Практикалық қорытындыларды мына пункттерге жинақтауға болады:

1) Правдистердің $2^1/_2$ жылдан гөрі азырақ уақыт ішінде біріктірген 5674 жұмысшы тобының саны, орыс-

тың ауыр жағдайларын еске алғанда, барқадарынша әжептәуір. Бірақ бұл істің бастамасы ғана. Бізге мыңдаған топтар емес, он мыңдаған жұмысшы топтары керек. Жұмысты он есе үдету керек. Жүздеген жұмысшылардан тиындап жиналған 10 сом буржуазиядан шыққан бай достардан жиналған 100 сомнан гөрі идеялық маңызы жағынан да, ұйымдық маңызы жағынан да маңыздырақ және бағалырақ. Жұмысшылардың тиындаған ақшасына негізі берік жұмысшы газетін ұйымдастыруға болатындығын, ал буржуазияның сомдаған ақшасына ондай газет ұйымдастыру мүмкін еместігін тәжірибе тіпті финанс жағынан алғанда да мойындауға мәжбүр етеді. Жойымпаздық кәсіп — сабынның көбігі, ол ұшып кетуге тиіс және ұшып кетеді де.

2) Бізде провинция ерекше артта қалған, мұнда жұмысшы топтарының тұтас 32 проценті жойымпаздардың соңынан еріп отыр!! Әрбір саналы жұмысшы осы күйінішті және ұят жағдайды жоюға бар күш-жігерін салуға тиіс. Провинцияға бар күшті жұмсау керек.

3) Село жұмысшыларын, сірә, қозғалыс әлі мүлде дерлік қамтымаған болуы керек. Мұнда жұмыс қаншалық қиын болғанымен, оны мейлінше қажырлы және табанды түрде жүргізу керек.

4) Ауру баланы анасы қандай аялап күтіп, қалай тамақтандыратын болса, жұмысшылары жойымпаздық ауруға шалдыққан аудандар мен фабрикаларды саналы жұмысшылар да дәл сондай аялап күтуге тиіс. Буржуазиядан шығып отырған бұл аурудың жас жұмысшы қозғалысында болуы сөзсіз, бірақ дұрыс күтіп, қажымай емдесе, ол ауру жұмысшыларға пәлендей зиянды өмірлік із қалдырмай, жазылып кетеді. Ауру жұмысшыларды маркстік әдебиетпен молырақ қоректендіру керек,— партияның тарихы мен тактикасын, жойымпаздықтың буржуазиялық сипаты туралы партиялық шешімдердің мәнін қамқорлықпен, ұғымдырақ етіп түсіндіру керек,— пролетарлық бірліктің, яғни жұмысшылардың азшылығын көпшілікке бағындырудың, яғни Россияның саналы жұмысшыларының бестен бірін

бестен төртіне бағындырудың сөзсіз қажеттігіне толырақ тоқталу керек. Біздің аса маңызды міндеттеріміздің бірі осындай.

1914 ж. 13 және 14 июньде «Трудовая Правда» газетінің 14 және 15-номерлерінде, 1914 ж. июльде мына жинақта басылған: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, «Прибой» баспасы, С.-Петербург. Қол қойған: В. Ильин

Жинақтың газет текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ МАРКСИЗМ

Марксистер шаруа жерін еркін мобилизациялау (яғни сатып алу-сату және кепілге салу) туралы мәселенің маңызын талай рет көрсеткен болатын. Біздің халықшылдардың ұсақ буржуазияшылдығы және тіпті *тіке реакцияшылдығы* нақ осы, мейлінше нақты және практикалық, мәселеден бәрінен де айқын көрініп отыр.

Барлық халықшылдар, «Русское Богатстводағы» жартылай кадеттерден («социал-кадеттерден» — Чернов, Вихляев мырзалар, т. с. бір кездерде оларды осылай деп дұрыс атаған еді) бастап «Стойкая Мысльдің» ең «солшыл» халықшылдарына дейін, шаруа жерлерін, әсіресе үлесті жерлерді, мобилизациялаудың толық еркіндігіне қарсы.

Ал марксистер өз *программасында:* біздер *«экономикалық дамудың барысын бөгеу әрекеттерінің қандайына болса да әрдайым, үнемі қарсы қимыл жасаймыз»* деп тура айтып отыр.

Бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, Россияның экономикалық дамуы да крепостниктік тәртіптен капитализмге және ірі, машиналы капитализм арқылы социализмге қарай бара жатыр.

Социализмге капитализмнің *онан әрі* дамуы арқылы, *капиталистік* машиналы ірі өндіріс арқылы бармай, «өзге» жолмен бару жөнінде «арман ету» Россияда не либерал бекзадаларға, не артта қалған ұсақ қожайынсымақтарға (ұсақ буржуаға) тән қасиет. Солшыл

халықшылдар күні бүгінге дейін өздерінің басын қатырып жүрген бұл арман етуде ұсақ буржуазияның артта қалғандығы (реакцияшылдығы) мен дәрменсіздігі ғана бейнеленіп отыр.

Марксизмнің дұрыстығына бүкіл дүние жүзіндегі, соның ішінде Россиядағы саналы жұмысшылардың барған сайын көзі жетіп келеді, өйткені өмірдің өзі бұларға тек машиналы ірі өндіріс қана жұмысшыларды оятатынын, олардың көзін ашып, топтастыратынын, *бұқаралық* қозғалыс үшін *объективті* жағдайлар жасайтынын көрсетіп отыр.

Крепостниктік тәртіпке қарағанда капитализм прогресті нәрсе*, капитализмнің дамуын бөгеу — еңбекшілер үшін ең мағынасыз, ең реакцияшыл, ең зиянды утопия деген жұртқа мәлім маркстік ақиқатты «Путь Правды» қайталап айтқан кезде, солшыл халықшыл Н. Ракитников мырза («Смелая Мысльдің» 7-нөмерінде) «Путь Правды» «капиталистік бұғауды боямалап көрсетудің абыройсыз міндетін алып отыр» деп кінәлады.

Марксизмге және бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының тәжірибесіне көңіл қоюшы әрбір адамның, міне, осыны ойластырғаны артық болмайды!! Буржуазиялық экономистерде ғана болмаса—Н. Ракитников мырза мен солшыл халықшылдардың марксизмді білмейтініндей масқара білмеушілік сирек кездесетін шығар.

Ракитников мырзаның «Капиталды» да, «Философия кайыршылығын» да, «Коммунистік манифесті» де шынымен-ақ оқымағаны ма? Егер оқымаған болса, онда социализм туралы әңгімелеудің тіпті қажеті де жоқ, бұған уақыт өткізудің өзі кісі күлерлік нәрсе.

Ал егер оқыған болса, онда Маркстің өзінің *барлық* шығармаларындағы *негізгі* идеясы (пікірі), Маркстен кейін барлық елдердің тәжірибесі растаған пікірі — крепостниктік тәртіпке қарағанда капитализмнің *прогресшілдігі* туралы пікір екенін білуге тиіс. Осы мағынада алғанда нақ Маркс және барлық марксистер «капи-

* Қараңыз: осы том, 167—171-беттер. *Ред.*

талистік бұғауды боямалап көрсетіп отыр» (Ракитниковтың қолапайсыз, ақылсыз сөзімен айтқанда)!!

Тарихи дамудың шарттарын түсінбейтін анархистер немесе ұсақ буржуа ғана: крепостниктік бұғау ма әлде капиталистік бұғау ма, бәрібір, екеуі де бұғау!! — дей алады. Мұның аты — *айыптаумен* тыну, сөйтіп экономикалық дамудың *объективтік* барысын түсінбеу деген сөз.

Айыптау — біздің субъективтік наразылығымыз деген сөз. Ал крепостниктік тәртіптің капитализмге дамуының объективтік барысының істейтіні сол — қалалардың, темір жолдардың, ірі фабрикалардың өсуі себепті, жұмысшылардың бір орыннан екінші орынға ауысуы себепті *миллиондаған* еңбекшілер крепостниктік ұйқы жағдайларынан *құтылады,* бұларды капитализмнің өзі оятып, өзі топтастырады.

Крепостниктік тәртіп те, капитализм де жұмысшыны езгіге салады, оны қараңғылықта ұстауға тырысады. Бірақ крепостниктік тәртіп миллиондаған шаруаларды қорлықта ұстап тұра *алады* және *ғасырлар бойы* қорлықта ұстайды (мәселен, Россияда IX ғасырдан XIX ғасырға дейін; Қытайда бұдан да көп ғасырлар бойы). Ал капитализм жұмысшыларды тырп етпейтін, самарқау қалыпта, қорлықта, қараңғылықта ұстап *отыра алмайды.*

Крепостниктік тәртіп ғасырлары еңбекшілер ұйқыға шомған ғасырлар болды.

Капитализмнің ондаған жылы миллиондаған жалдама жұмысшыларды оятты.

Солшыл халықшыл мырзалар, мұны түсінбеу деген — социализмнен тіпті дәнеңе түсінбеу деген сөз немесе социализмді объективті жағдайлардан туатын миллиондар күресінен рақымды бекзаданың ертегісіне айналдыру деген сөз!

Үлесті жерлерді мобилизациялаудың қандай да болсын, тіпті аз болса да *еркін болмауын* қорғау — *іс жүзінде* реакционерге, крепостниктердің жәрдемшісіне айналу деген сөз.

Үлесті жерлерді мобилизациялау еркіндігін шектеу экономикалық дамуды *бөгейді,* жалдама жұмысшылар

табының құрылуын, өсуін, оянуын, топтасуын *қиындатады,* жұмысшылардың да, шаруалардың да жағдайын *нашарлатады,* крепостниктердің ықпалын *күшейтеді.*

Пешехонов және Ракитников мырзалар шаруа жерлерін мобилизациялау еркіндігіне шек қоюды қорғағанда *іс жүзінде* нақ осы «разрядтардың» жәрдемшілері болып шығып отыр.

«Трудовая Правда» № 19,
19 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Россиядағы жер мәселесінің қазіргі кезде орасан зор маңызы бар. Жалпыға мәлім, халықтың қалың бұқарасы былай тұрсын, тіпті үкімет те бұл мәселені ең негізгі орындардың біріне қойды.

1905 жылғы қозғалыс тарихи жағынан Россия халқының орасан көпшілігінің, атап айтқанда шаруалардың, жер мәселесін ең бірінші орынға қоюымен, нақ осымен сипатталады. Либерал-буржуазиялық партия да, жұмысшы партиясы да бұл фактіні өз программаларында ескерді. Екінші жағынан, үкімет те, 3 июнь системасы арқылы помещиктер мен буржуазияның жоғарғы топтарының одағын жүзеге асыра отырып, нақ жер мәселесін өз саясатының өзегі етті (қауымдық жер иелігін күшпен бұзу және көбінесе хуторлық жүйе арқылы үлесті жерге жеке меншік орнату).

Ал Россиядағы жер мәселесінің экономикалық мәні неде? Оның мәні Россияны буржуазиялық-демократиялық жолмен өзгертуде. Россия капиталистік, буржуазиялық елге айналды. Ал жер иелігі: помещиктік жер иелігі де, үлесті, шаруалық жер иелігі де бізде әлі өте көп мөлшерде крепостниктік жер иелігі болып қалып отыр. Шаруашылық жүйесі өте көп реттерде крепостниктік жүйе болып қала берді: жұмыспен өтеу, барщина сақталып отыр, мұнда жартылай күйзелген, жоқшылыққа ұшыраған, аш ұсақ қожайынсымақтар помещиктерден жер, шабындық, жайылым, қарызға ақша алып, мұны «бариннің» жерінде «жұмыспен өтеуге» міндеттенеді.

Деревнялық Русь өзінің крепостниктік қалпында өнеркәсіпті, саудасы бар, капиталистік Русьтен неғұрлым көп артта қалса, ескі, крепостниктік, әрі помещиктік, әрі үлесті жер иелігінің сөзсіз қиратылуы соғұрлым шұғыл жүргізілуге тиіс болды.

Помещиктер бұл қиратуды жүргізгенде, өздерінің бүкіл жер иелігін сақтап қала отырып, кулактардың шаруаларды тезірек жерсіз қалдыруына көмектесе отырып, помещиктік жолмен, помещиктердің мүдделерін көздеп жүргізуге тырысты. Шаруалар, олардың көпшілігі, бұл қиратуды шаруа жолымен, шаруалардың мүдделерін көздеп жүргізуге тырысты.

Бұл жағдайлардың екеуінде де өзгеріс *буржуазиялық өзгеріс болып қала береді.* Маркс «Философия қайыршылығында» да, «Капиталда» да, «Қосымша құн теорияларында» да *буржуазияшыл* экономистердің жерді *национализациялауды,* яғни бүкіл жерді қоғамдық меншікке айналдыруды талай рет талап еткенін, ал бұл шараның өзі *әбден буржуазиялық шара* екенін толық дәлелдеп берді. Мұндай шарадан капитализм бұрынғысынан да кең, бұрынғысынан да еркін, бұрынғысынан да тез жетіле түседі. Бұл шара — өте прогресшіл, өте демократиялық шара; ол крепостниктік тәртіпті біржолата құртады, ол жер иелену монополиясын күйретеді, ол *абсолюттік* рентаны күйретеді (жойымпаз П. Маслов буржуазиялық ғалымдардың соңынан еріп, абсолюттік рентаны жоққа шығарып қателесіп жүр). Бұл шара егіншіліктегі өндіргіш күштердің дамуын тездетеді және жалдама жұмысшылардың таптық қозғалысын тазартады.

Бірақ, қайталап айтамыз, мұның өзі — *буржуазиялық*-демократиялық шара. Солшыл халықшылдар, мәселен, В—димов мырза «Смелая Мысльде», жерді *буржуазиялық* национализациялауды *«социализация»* деп қасарыса атап, капитализм тұсында жерді национализациялаудың мәніне Маркстің берген барынша тыңғылықты түсіндірмелерін қасарыса орағытып кетіп жүр.

Солшыл халықшылдар «еңбек шаруашылығы» мен оның «социализация» тұсындағы дамуы туралы нағыз буржуазиялық ілімді қасарыса қайталай береді, ал іс жүзінде жерді национализациялағанда нақ *капиталистік* жер иелігі, және оның үстіне нағыз таза және крепостниктік тәртіптен арылған формада, неғұрлым кең, неғұрлым тез жетілетіні сөзсіз.

«Жерді социализациялау» деген сөзсымақ Маркстің саяси экономиясы негіздерін солшыл халықшылдардың мүлде түсінбейтіндігін ғана және олардың (ара-тұра, жасырын, екінің бірінде санасыз түрде) буржуазиялық саяси экономия жағына шығып отырғанын ғана көрсетеді.

Маркс саналы жұмысшыларға капитализм топырағында жүргізілетін барлық жер реформаларының (соның ішінде национализациялаудың да) буржуазиялық мәнін айқын түсіне отырып, крепостниктер мен крепостниктік тәртіпке қарсы жүргізілетін буржуазиялық-демократиялық өзгерістерді қолдап отыруды ұсынды. Бірақ марксистер буржуазиялық шараларды социализммен шатастыра алмайды.

«Трудовая Правда» № 22, 22 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАЛАҒАТТАУДЫҢ САЯСИ МӘНІ ТУРАЛЫ

(БІРЛІК ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ)

Балағаттаудың саяси мәні болуы мүмкін бе?— деп сұрар оқушы.

Күмән жоқ, мүмкін. Барлық саналы жұмысшылар ден қоятын бір саладан мынадай бір мысал келтірейік.

Біздерді, правдистерді, «узурпаторлар» (заңсыз басып алушылар) деп балағаттайды. Осы балағаттаудың негізінде *1912 жылғы мартта* плехановшылдар, впередшілдер, троцкистер, жойымпаздар және өзге толып жатқан топсымақтар «бірікті».

Енді, *1914 жылғы июньде*, екі жылдан аса уақыттан кейін, осы балағаттаудың негізінде «Бірлік» жағындағылар, жойымпаздар, впередшілдер, троцкистер және өзге топсымақтардың, сірә, тағы да біразы бізге қарсы тағы да *«бірігіп отыр»*.

Бұл балағаттаудың саяси мәніне зер салу үшін біз оқушыны кейбір ап-айқын нәрселерді еске түсіруге шақырамыз; бұларды «Бірлік» жағындағылар және К⁰ шу көтеріп, балағаттау арқылы «басып тастағылары» келеді.

1912 жылғы январь конференциясын «олардың» бәрі де узурпация, заңсыз басып алушылық деп жариялады. Өзін жоғарғы орган, бүкіл тұтас ұйымның мекемесі деп атауға бұл конференцияның правосы жоқ еді деседі.

Өте жақсы, мырзалар! Тек сіздердің бос сөздеріңіздің бүкіл мағынасыздығы мен жалғандығын *саяси фактілердің* қалай әшкерелеп отырғандығына ғана қарап көріңіздерші.

Сіздердікі дұрыс-ақ болсын, 1912 жылғы январь конференциясы «заңсыз басып алушылық» болды делік. Бұдан нендей қорытынды шығады?

Бұдан осы «заңсыз басып алушылықтан» зәбір көрген барлық топтар, ағымдар, үйірмелер, барлық социал-демократтар «заңдылық» *жағына шығуға* тиіс еді деген қорытынды шықпай ма? Солай емес пе? Узурпаторларды балағаттап қана қою үшін емес, сонымен қатар *оларды құлату үшін* де бірігу керек қой.

Сірә, бұл даусыз шығар?

Сірә, батыр Плеханов, жау жүрек Троцкий, батыл впередшілдер, ізгі жойымпаздар *узурпаторларды құлату үшін біріКпейінше,* узурпаторларды ұрсып сөгу үшін біріге *алмайтын* сияқты.

Егер біздің батыр немелер муны істемеген болса, олар құр мылжыңдар болып шығар еді ғой, солай емес пе?

Ал «узурпаторларды» құлату үшін не керек еді?

Бұл үшін узурпацияға қарсы наразылық білдіруші ізгі жандар узурпаторларсыз бір жерге бастарын қосып, оларды айыптаса және жұмысшыларға *үлгі, тәжірибе, факт* көрсетсе — құр уәде емес, факт көрсетсе, құрғақ сөз емес, іс көрсетсе — узурпаторлық мекемелерден өзгеше заңды мекемелер көрсетсе болғаны, осының өзі жеткілікті болар еді.

Россияның барлық саналы жұмысшыларын нақұрыс деп санамайтын адам, әрине, мынаған келіседі: бұл жұмысшылар, наразылық білдіруші ізгі адамдардың «узурпаторларға» қарсы бірігіп жүргізген жұмысын көргеннен кейін, осы наразылық білдірушілерді қолдар еді, узурпаторларды аластап шығарар еді, оларды келемеждеп, жазғырар еді!!

Сірә, бұл айқын шығар?

Сірә, марксист қана емес, сонымен қатар өзін қадірлейтін демократтың қай-қайсысы болса да узурпаторларды *құлату* үшін «узурпаторлыққа» қарсылардың бәрімен де бірігуге *міндетті екені* мүлде даусыз шығар деймін?

Ал іс жүзінде ше?

Іс жүзінде не шықты?

Біздің «узурпаторлыққа» қарсы ізгі жандар узурпаторларға қарсы жорыққа аттанғаннан кейін *екі жылдан соң* не болып шықты?

«Узурпаторлар» өз шешімдерінің төңірегіне Россияның барлық саналы жұмысшыларының 4/5 *(бестен төрт)* бөлігін біріктірген болып шықты.

1912 жылғы 1 январьдан 1914 жылғы 13 майға дейінгі 2½ жылдың ішінде правдистердің газеттеріне жұмысшылардың 5674 тобы өздерінің жарналарымен көмек берді, ал «узурпаторлықтың» ізгі қарсыластарына, жойымпаздарға және олардың достарына, жұмысшылардың 1421 тобы көмек берді.

«Узурпаторлар» сөз жүзінде емес, іс жүзінде Россия жұмысшыларының 4/5 бөлігінің *бірлігін* жүзеге асырды.

Ал «узурпаторлықтың» ізгі дұшпандарының күлі көкке ұшты, өйткені олардың Август блогы ыдырап кетті, Троцкий, латыштар, кавказдықтардың көсемдері, т. т. *жеке* топсымақтарға бөлінді, *бұл топсымақтар* жеке алғанда да, бәрін қосып алғанда да *шын қозғалыста ноль болып шықты.*

Бұл неткен кереметʼ?

Узурпаторлықтың сансыз көп, әр алуан, *«көптеген ағымдардың»* өкілі болып отырған ізгі дұшпандарына *қарсы* шығып, жұмысшылардың 4/5 бөлігінің жиіркенішті «узурпаторлықты» *жақтағаны* қалай?

Оқушы, мұның осылай болғаны және осылай болуға тиісті екені мына себептен: саясатта балағаттау екінің бірінде-ақ балағаттаушылардың мейлінше идеясыздығы мен дәрменсіздігін, әлсіздігін, ызалы әлсіздігін бүркемелейді.

Бар болғаны осы.

Ал «правдистерге», «узурпаторларға», «лениншілдерге», т. б., т. с. қарсы айтылған бүкіл балағаттауларға қарамастан, саналы жұмысшылар дәйекті марксизмнің идеялары мен тактикасының төңірегіне бірігіп отыр, біріге береді де. Осы балағаттаудың бәріне де қарамастан, саналы жұмысшылар *тек қана төменнен болатын бірлікті, жұмысшылардың жойымпаздықты айыптауы негізіндегі бірлігін,* «тұтас ұйымның» барлық шешімдерін тану

негізіндегі бірлігін мойындайды. Интеллигенттік топсымақтармен келісімге келу емес, азшылықтың көпшілікке бағынуы ғана жұмысшы қозғалысының принципі бола алады.

«Трудовая Правда» № 23, 24 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ТҮРЛІ АҒЫМДАРДЫҢ КҮШІ ТУРАЛЫ ОБЪЕКТИВТІ ДЕРЕКТЕР[98]

Саналы жұмысшылар үшін өз табының қозғалысын, оның мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, оның жағдайлары мен практикалық формаларын *білу* міндетінен маңызды міндет жоқ. Өйткені жұмысшы қозғалысының барлық күші оның саналы болуында, оның *бұқаралық* сипаты болуында: капитализм өз дамуының әрбір қадамы сайын пролетарлардың, жалдама жұмысшылардың санын көбейте түседі, оларды топтастырады, ұйымдастырады, олардың көзін ашады, сөйтіп өз мақсаттарына сөзсіз баруға тиісті таптық күшті әзірлейді.

Марксистердің программасы және олардың баспасөзде үнемі түсіндіріліп отыратын тактикалық шешімдері жұмысшылар бұқарасының қозғалыстың мәнін, мақсаттарын және міндеттерін ұғынуын жетілдіруге көмектеседі.

Россияның жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдар күресінің таптық терең тамырлары бар. Россияның жұмысшы қозғалысында марксизммен (правдизммен) күресуші және «ағым» деп аталуға лайық (өзінің бұқаралылығы жағынан және тарихтағы түп-тамырлары жағынан лайық) екі «ағымның» екеуі де — халықшылдық пен жойымпаздық — буржуазияның пролетариатқа жасайтын ықпалын көрсетеді. Мұны марксистер талай рет түсіндірген болатын және мұның өзі марксистердің халықшылдар жөніндегі де (олармен күрес 30 жылдан бері болып келеді), жойымпаздар жөніндегі де (жойымпаздықтың 20 жылға жуық тарихы бар, өйткені

жойымпаздық деген «экономизм» мен меньшевизмнің тікелей жалғасы болып табылады) бірқатар шешімдерінде осылай деп танылған болатын.

Қазіргі уақытта Россияның жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы *объективті* деректер барған сайын көбейіп те келеді. Жеке адамдар мен топтардың емес, *бұқараның* мінез-құлқы мен пиғылына қатысты осы объективті деректерді, алуан түрлі, *дұшпан* газеттерден алынған деректерді, әрбір сауатты адам *тексере* алатын деректерді бар күшті салып жинап, тексеріп, зерттеу керек.

Өз табының қозғалысын тек осындай деректер арқылы үйреніп, зерттеуге болады. Халықшылдар мен жойымпаздардың да, түрлі интеллигенттік топсымақтардың, «впередшілдердің», плехановшылдардың, троцкистердің де, басты кемшілігі болмағанымен, басты кемшіліктерінің (немесе жұмысшы табына қарсы қылмысының) бірі — олардың *с у б ъ е к т и в и з м і*. Өздерінің тілектерін, өздерінің «пікірлерін», өздерінің берген бағаларын, өздерінің «ұйғарым-болжамдарын» олар қадам басқан сайын жұмысшылардың еркі, жұмысшы қозғалысының қажеттері деп көрсетеді. Олар, мәселен, «бірлік» туралы сөз қылғанда, олар 1912 жылдың бас кезінен бастап 1914 жылдың ортасына дейінгі $2^1/_2$ жылдың ішінде Россияның саналы жұмысшылары *к ө п ш і л і г і н і ң* шын бірлікті жасаған *т ә ж і р и б е с і н* мұрын шүйіре елемейді.

Ал енді жұмысшы қозғалысындағы түрлі бағыттардың күші туралы қолда бар *о б ъ е к т и в т і* деректерді қорытып көрейік. Мейлі, кейбіреулер субъективті бағалар мен уәделерге сене берсін, «топсымақтарға» бара берсін, ал біз өзімізге объективті фактілерді зерттегісі келетін адамдарды ғана шақырамыз. Фактілер мынадай [272—274-беттердегі кестелерді қараңыз. *Ред.*]:

Келтірілген деректерге алдымен қысқаша түсініктер берейік, ал сонан кейін қорытындылар жасауға көшеміз.

Түсініктерді пункт-пункт бойынша жасау бәрінен де ыңғайлырақ. 1-пункт. Сайлаушылар мен уәкілдер туралы дерек *ж о қ*. Кімде-кім «куриялық» деректерді

	Правдистер	Жойымпаздар	Процент		Солшыл халықшылдар
			Правдистер	Жойымпаздар	
Мемлекеттік дума сайлауы:					
1. Жұмысшы куриясы депутаттарының саны — II Дума, 1907 ж.	11	12	47	53	—
III Дума, 1907—1912	4	4	50	50	бойкот
IV Дума, 1912 ж.	6	3	67	33	
Жарна жиған жұмысшы топтарының саны:					
2. Петербург газеттеріне жұмысшы топтарынан жиналған жарна саны — 1912 жыл	620	89	—	—	—
1913 жыл	2 181	661	76,9	23,1	264
1914 ж. 13 майға дейін	2 873	671	81,1	18,9	524
Қауіпсіздендіру мекемелеріне жұмысшылардан жүргізілген сайлау:					
3. Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесіне сайлау кезіндегі уәкілдердің саны	47	10	82,4	17,6	?1—2?
4. Астаналық қауіпсіздендіру мекемесіне сайлау кезіндегі уәкілдердің саны	37	7	84,1	15,9	4
Қарарларда Думадағы әрбір фракцияны жақтап қойылған қолдар:					
5. Екі газетте «алтауды» (правдистерді) және «жетеуді» (жойымпаздарды) жақтап қойылған қолдар	6 722	2 985	69,2	30,8	—
Жұмысшы топтарымен байланыстар:					
6. Екі фракцияға жұмысшы топтарының түрліше жарналар жинап ұсынған реттері (1913 ж. октябрьден 1914 ж. 6 июньге дейін)	1 295	215	85,7	14,3	—

	Правдистер	Жойымпаздар	Процент: Правдистер	Процент: Жойымпаздар	Солшыл халықшылдар
Петербург газеттерінің тиражы:					
7. Қанша дана басылады (Э. Вандервельде жинап, жариялаған деректер)	40 000	16 000	71,4	28,6	12 000 (аптасына үш рет)
Шетелдегі баспасөз:					
8. Жойымпаздардың август (1912 ж.) конференциясынан кейін 1914 ж. июньге дейін шығып келген жетекші газеттер номерлерінің саны		0	—	—	9
9. Бұл номерлердегі ашық *емес* ұйымдар болсын деген нұсқаулар саны (әрбір орын бір нұсқау деп есептеледі)	44	0	—	—	21
Буржуазияға тәуелділік:					
10. СПБ. газеттеріне жиналған ақшалай қаржылар (1914 ж. 1 январьдан 13 майға дейін). Жұмысшылардан *басқалардан* жиналған қаржылардың проценті	—	—	13	56	50
11. Барлық уақыт ішінде газеттердің ақша жөнінде басып шығарған есептерінің саны	3	1	—	—	? (0?)
12. Бұлардың ішінен беймәлім, яғни буржуазиялық көздерден жабылған дефицит бар есептердің проценті	—	—	0	100	?
13. Думадағы екі фракция арқылы өткен ақша сомалары (1913 ж. октябрьден 1914 ж. 6 июньге дейін). Жұмысшылардан *басқалардан* жиналған сомалардың проценті	—	—	6	46	—

	Правдистер	Жойымпаздар	Процент: Правдистер	Процент: Жойымпаздар	Солшыл халықшылдар
14. Үн-түнсіз жұмысшылардікі деп көрсетілін, ал іс жүзінде түп нетізі көрсетілмей, буржуазиялық газеттерден алынған корреспонденциялар саны	—	5 («Наша Рабочая Газетаның» екі: 17 және 19-номерлерінде)			0
Кәсіптік одақтар:					
15. Мүшелерінің көпшілігі (басқарма мүшелерінің көпшілігі жөнінде айтқанда) белгілі бір бағытқа тілектес болған СПБ. кәсіптік одақтарының саны	14½*	3½*	—	—	2

пайдаланғанға разы болмаса, ондай адам тек күлкі болатын адам, өйткені өзге деректер жоқ. Неміс социал-демократтары өз табыстарын бисмарктік сайлау заңы бойынша өлшейді, бұл заң әйелдерді есепке алмай, «еркектер» куриясын құрады!

2-пункт. Тек «қарарларға қол қоя салмай», қайта қаржы да беретін жұмысшы топтарының саны,— тек ағымның күшінің ғана емес, сонымен қатар ұйымшылдықтың, партиялықтың да ең сенімді және ең дұрыс белгісі.

Сондықтан жойымпаздар мен «топсымақтар» бұл белгіге субъективтік үнатпаушылығын байқатып отыр.

Жойымпаздар: бізде тағы да еврей, грузин газеттері бар, ал «Правда» — біреу деп қарсы шықты. Дұрыс емес. Біріншіден, эстон және литван газеттері — правдистік газеттер[99]. Екіншіден, егер провинцияны алатын болсақ, онда Москваны ұмытуға бола ма? Москваның жұмысшы газеті[100] 1913 жылдың ішінде жұмысшылар-

* Бір одақта правдистерді жақтаушылар мен жойымпаздарды жақтаушылардың саны тең болып бөлінген.

дың *3 9 0* тобын ұйымдастырып, біріктірді («Рабочий» № 1, 19-бет), ал еврейлердің «Цайт» газеті 2-номерінен бастап (29 декабрь, 1912 ж.) 1914 жылғы 1 июньге дейін жұмысшылардың *2 9 6* тобын біріктірді (бұлардың 190 тобы 1914 ж. 20 мартқа дейін, 106 тобы 1914 ж. 20 марттан 1 июньге дейін). Демек, Москваның бір өзі жойымпаздардың субъективті түрде «Цайтты» дәлелге алуын артығымен «жауып кетті»!

Грузин мен армян жолдастарды жойымпаздардың Кавказдағы газеттері жөнінде деректер жинауға шақырамыз. Ондағы жұмысшы топтары қанша? Жан-жақты объективті деректер қажет.

Топтарды есептегенде қателер болуы мүмкін, бірақ ішінара қателер болар. Тексеруге, түзетуге жұрттың бәрін шақырамыз.

3 және 4 пункттер түсіндіруді керек етпейді. Провинциялық *жаңа* деректерді жинау үшін анкет жасалғаны жөн болар еді.

5-пункт. Жойымпаздарды жақтап қойылған 2985 қолға 1086 бундшыл мен 719 кавказдықтың қойған қолдары *е н г е н*. Бұл цифрларды жергілікті жердегі жолдастардың тексергені жөн болар еді.

6-пункт. Екі фракцияның екеуінің де казначейлері түрлі мақсаттарға арналып фракцияға түсіп жататын *барлық* сомалар *жөніндегі* есептерді басып шығарып отырады. Бұл — жұмысшылармен жасалатын байланыстың дәлме-дәл, объективті корсеткіші.

7-пункт. Газеттердің тиражы. Э. Вандервельде жинап, жариялаған, бірақ жойымпаздар мен либералдар жасырып отырған («Киевская Мысль») деректер. «Субъективизм». Тым болмаса бір айдың ішіндегі неғұрлым толық деректерді жинаған жөн болар еді.

8 және 9-пункттер. Жойымпаздардың «астыртын жұмыстан», яғни партиядан безуінің объективті мысалдарының бірі. Ал шетел 1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін правдистерге 49 сом 79 тиын ($^{1}/_{4}$%), ал жойымпаздарға 1709 сом 17 тиын (14%) берді. «Істей алмаймын» деме, «істегім келмейді» де!

10—14-пункттер. Жойымпаздар мен халықшылдардың буржуазияға тәуелділігінің, олардың буржуазия-

шылдығының объективті белгілері. *Субъективті* жағынан алғанда, жойымпаздар мен халықшылдар— «социалистер» және «социал-демократтар». *Объективті* жағынан алғанда, олардың *идеяларының* мазмұны жағынан да, бұқаралық қозғалыстың *тәжірибесі* жағынан да бұлар — жұмысшы партиясынан жұмысшылардың азшылығын жырып әкететін буржуазиялық интеллигенттік топтар.

Жұмысшылардың корреспонденцияларын жойымпаздардың қолдан жасап отырғанына оқушылардың ерекше назарын аударамыз. Құлақ естімеген, өрескел алдау! Жергілікті жерлердегі барлық марксистер бұл алдауды әшкерелеп, объективті деректер жинасын («Трудовая Правданың» 1914 жылғы 11 июньдегі 12-номерін қараңыз[101]).

15-пункт. Ерекше маңызды деректер, бұл деректерді толықтырып, ерекше анкет арқылы тексерген жөн болар еді. Біз деректерді мынадан алдық: «Жұмысшы Серігі», «Прибой» баспасы, СПБ., 1914 ж.[102] Жойымпаздық одақтарға конторшылар, чертежшілер және фармацевтер жатқызылған (баспашылар басқармасының 1914 жылғы 27 апрельдегі соңғы сайлауында правдистердің $^1/_2$ басқарма мүшелігіне және жартысынан көбі басқарма мүшелігіне кандидаттыққа сайланған болатын). Халықшылдық одақтарға наубайшылар мен қорап жасаушылар жатқызылған. Мүшелерінің жалпы саны 22 мыңға жуық.

Москвада 13 одақтан 10 одақ правдистік, 3 одақ белгісіз, бірақ правдистерге бір табан жақын одақтар. Жойымпаздық және халықшылдық бір одақ та жоқ.

Объективті деректерден шығатын қорытындылар мынаны көрсетіп отыр: тек правдизм ғана буржуазияға шын мәнінде тәуелсіз, маркстік, пролетарлық ағым екенін, жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігінен *астамын* (жойымпаздармен салыстырғанда 1914 жылы жұмысшы топтарының 81,1 процентін) ұйымдастырып, біріктіріп отырған ағым екенін көреміз. Дау жоқ, жойымпаздық пен халықшылдық та ағымдар, бірақ жұмысшы ағымдары емес, буржуазиялық-демократиялық ағымдар.

В. И. Лениннің «Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер» деген мақаласына арналған кестенің нобайы келтірілген қолжазбасының беті.— Июнь, 1914 ж.

Кішірейтілген

Объективные данные о силе течений в рабочем движении России.

	Правдисты	Ликвидаторы	Процент правд. %	Процент ликв. %	Левонародники
1. Выборы в Г. Думу. Число депутатов рабочей курии: II Дума, 1907	11	12	47	53	—
III Дума, 1907-1912	4	4	50	50	} бойкот
IV Дума, 1912	6	3	67	33	
2. Число рабочих групп, дававших денежные взносы в газеты (в Спб.): 1912	620	89	—	—	—
1913	2181	661	76,9	23,1	264
1914 (по 13 мая)	2873	671	81,1	18,9	524
3. Денежные сборы на газеты. Процент сборов не от рабочих (с 1 янв. по 13 мая 1914 г.)	—	—	13	56	50
4. Тираж с.-петерб. газет (данные, сообщ. и напеч. т. Вандервельдом)	40.000	16000	71,4	28,6	12.000 (2-3 раза в неделю)
5. Число рабочих групп, обращавшихся с разными взносами в ту и другую думскую фракцию (с окт. 1913 по 6 июня 1914 г.)	1295	215	85,7	14,3	—
6. Денежные суммы, прошедшие через ту и другую думскую фракцию. Процент сумм не от рабочих (с окт. 1913 г. по 6 июня 1914 г.)	—	—	6	46	—
7. Выборы в всероссийские страховые учреждения. Число уполномоченных	47	10	82,4	17,6	? 1-2 ?
8. Выборы в столичное страховое учреждение. Число уполномоченных	37	7	84,1	15,9	4
9. Число денежных отчетов, напечатанных газетами за все время	3	1	—	—	?
10. Из них процент отчетов с дефицитами, покрытыми из неизвестных, т. е. буржуазных, источников	—	—	0	100	?
11. Число подписей, заявленных в обеих газетах, за ту и другую думскую фракцию (за „6-ку" и „7-ку")	6722	2985	69,2	31,8	—
12. Зарубежная печать. Число номеров руководящей газеты, вышедших после августовской (1912 г.) конференции ликвидаторов по июнь 1914 г.	5	0	—	—	9
13. Число указаний в этих номерах на нелегальную организацию (каждое место считается за 1 указание)	44	0	—	—	21
14. Число корреспонденций, выданных лживо за рабочие, а на деле взятых из буржуазных газет, без указ. источника	0	5 (в 2-х мес.)	—	—	0
15. Профессиональных союзов, в которых большинство членов (судя по большинству членов правления) сочувствует направлению (в Спб.)	14	4	77,8	22,2	2

1912, 1913 жылдардағы және 1914 жылдың жартысындағы бұқаралық қозғалыстың тәжірибесі правдистердің программалық та, тактикалық та, ұйымдық та идеяларын, шешімдерін, бағытын бүтіндей және тамаша растап шықты. Біз өзіміздің дұрыс жолда екендігімізге кәміл сене отырып, жұмысты мұнан да гөрі күшейту үшін жігерлене түсуге тиістіміз.

«Трудовая Правда» № 25, 26 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ АҒЫМ ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДА ҚАНШАЛЫҚТЫ КҮШТІ

Бүкіл дүние жүзінде жұмысшылардың бір бөлегі әлі де болса белгілі бір буржуазиялық партиялардың соңынан еріп отырғаны мәлім. Россияда, буржуазиялық-демократиялық өзгерістер дәуірінде, саналы жұмысшылардың азшылығы жойымпаз-әдебиетшілердің буржуазиялық тобының соңынан және буржуазиялық-демократиялық халықшылдық ағымның соңынан әлі де болса еріп отыр.

Халықшылдық бағыттың бәрі, соның ішінде солшыл халықшылдар да, Россиядағы буржуазиялық (шаруалық) демократия болып табылатыны туралы марксистердің барынша дәл, айқын, ресми *шешімдерінде* (1903, 1907, 1913 жылдары)[103] талай рет айтылған. *Шаруалардың* батыл талаптарын (шын мәнінде толығынан және сөзсіз *буржуазиялық* талаптарды) «социализм» деп атайтын солшыл халықшылдардың соңынан жұмысшылардың бір бөлегі еріп отыр, мұның өзі крепостниктік тәртіпке қарсы қозғалыстың шиеленіскен дәуіріндегі капиталистік елде әбден түсінікті нәрсе.

Бірақ саналы жұмысшылардың атап айтқанда қай бөлегі солшыл халықшылдардың соңынан еріп отыр?

Солшыл халықшылдарды, Плехановты, Потресов мырзаны және К⁰ «біріктіруші» (жалған сөздер негізінде) ең принципсіз интеллигенттік журналсымақтардың бірі «Современник» жуырда жұмысшылардың «$^1/_3$ бөлігіне жуығы» солшыл халықшылдардың соңынан еріп отыр деп мәлімдеді.

Мұның өзі жойымпаздардың әдеттегі өтірігі сияқты арсыз, ұятсыз өтіріктің дәл өзі.

Солшыл халықшылдардың жұмысшылар арасында қаншалықты ықпалы бар екені жөнінде, біздің білуімізше, тек үш түрлі объективті деректер бар. Біріншіден, газеттердің тиражы туралы деректер. Екіншіден, жарна жиып берген жұмысшы топтарының саны туралы деректер. Үшіншіден, астаналық қауіпсіздендіру мекемесіне сайлау кезіндегі уәкілдердің саны туралы деректер.

Осы деректерді салыстырып көрейік; бұл деректердің Мартов, Гиммер мырзалар мен К⁰-нің ұятсыз өтірігінен айырмашылығы сол — бұл деректерді ашық, жұртшылыққа мәлім, *түрлі* партияларға жататын деректемелерден *әрбір адам* таба алады және тексере алады.

	Правдистер	Жойымпаздар	Солшыл халықшылдар	Проценттер Правдистер	Жойымпаздар	Солшыл халықшылдар
Петербург газетінің аптасына шығарылатын данасы	240 000	96 000	36 000	64,5	25,8	9,7
Бүкіл 1913 жылдың ішінде жұмысшы топтарынан түскен ақшалай жарналардың саны	2 181	661	264	70,2	21,3	8,5
1914 жылдың ішінде (13 майға дейін)	2 873	671	524	70,6	16,6	12,8
Астаналық қауіпсіздендіру мекемесіне сайлаудағы уәкілдердің саны	37	7	4	77,1	14,6	8,3

Буржуазиялық топтар (жойымпаздар мен солшыл халықшылдар) үшін ең «тиімді» дерек — газеттердің тиражы туралы деректер. Бірақ жойымпаздар мен солшыл халықшылдардың газеттері жұмысшы газеттері *емес,* буржуазиялық газеттер! Мұны жиналған (1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейінгі) қаржылар туралы деректер дәлелдеп отыр. Жойымпаздарда *барлық*

қаржының 56 процентіне тең жұмысшылардан *басқалардан* жиналған қаржы басып шығарылған («Трудовая Правда» № 15)*. Солшыл халықшылдарда бұл цифр=50 процент. Мұның үстіне солшыл халықшылдар, біздің білуімізше, өз газетінің есептерін эсте баспаған; олардың газетін, сірэ, жойымпаздардағы сияқты, *буржуазиядан шыққан бай достары* қаржыландыратын болса керек.

Тек правдистік газет қана — жұмысшы газеті. Жойымпаздық газет те, солшыл халықшылдық газет те *буржуазиялық газеттер*. Бұл *объективті фактіні* ешбір өтірікпен теріске шығаруға болмайды.

Жұмысшы топтары туралы деректер партия мүшелерінің саны туралы европалық деректерге бәрінен гөрі дәл, бәрінен жақын келеді.

Солшыл халықшылдар өте тез өсіп келеді (бір жыл ішінде екі есе өсті), барлық газеттердің 12,8 процентіне жетті, Бұлар *жойымпаздардың есебінен* өсіп отыр, өйткені жойымпаздарда топтар саны жағынан мүлде дерлік тоқыраушылық орын алған (1914 жылдың 1/2-інде — жұмысшы қозғалысы жалпы орасан зор өсіп отырғанда не бары 10 топ қосылған), ал жұмысшы топтарының үлесі біршама *кеміген:* 21,3 проценттен 16,6 процентке түсті.

Жойымпаз мырзалардың оппортунизмі мен партиядан безушілігі жұмысшыларды *өзге* буржуазиялық топқа, неғұрлым «радикал» (сөз жүзінде) топқа итермелейді.

Правдистер 1913 жылдан 1914 жылға дейін 692 топ, жойымпаздар 10 топ, солшыл халықшылдар 260 топ қосты. Процентке шаққанда: правдистер+31,7%, жойымпаздар+1,5%, солшыл халықшылдар+100% (кішкене цифрлар үлкен цифрлардан әрдайым да тезірек өседі; мәселен, егер Плехановта 9 жұмысшы тобы болып отырса, ал Вена қарсаңында — және Вена үшін[104] —27 немесе 45 болады, процентке шаққанда бұл былай болады:+200% +400%).

---

* Қараңыз: осы том, 249—258-беттер. *Ред.*

Қауіпсіздендіру мекемелеріне сайлау туралы деректер тек қана Питерге қатысты. Ескерте кету керек, С.-Петербургте 1914 жылы жұмысшы топтарынан түскен жарналардың саны жағынан солшыл халықшылдар *жойымпаздардан алда* болып шықты.

Атап айтқанда, С.-Петербургте жұмысшы топтарынан түскен жарналардың саны 1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін правдистерде — 2024, жойымпаздарда — 308, ал солшыл халықшылдарда — *391* болды. Процентке шаққанда: правдистер — 74,3%, жойымпаздар — 11,4%, солшыл халықшылдар — 14,3%.

Нағыз оппортунистер болғандықтан, біздің жойымпаздар солшыл халықшылдардың осылай күшеюінің себебінен марксизм жолында күшейе түскен принципті күреске көшпей, қайта марксистерге (правдистерге) қарсы солшыл халықшылдармен блок (одақ) жасасуға көшті!!

Оның үстіне солшыл халықшылдар мұндай одақты өздерінің барлық көсемдері атынан «Современникте» ашықтан-ашық уағыздап отыр. Ал жойымпаздар істің мәні неде екенін жұмысшыларға турадан-тура, ашып *айта алмай,* қорғалақтап отыр. Нағыз кадеттер.

Мәселен, жуырда солшыл халықшылдардың газетінде («Живая Мысль Труда» № 3, 15 июнь, 1914 ж.): ««Айваз» заводында ауруларға жәрдем кассасына уәкілдер сайлау жөнінде» деген мақала басылды. Бұл мақаладан мынаны оқимыз: «...айваздықтардың төрелік беруіне қажет болғандықтан екі тізім ұсынылатын болады: *біреуі меньшевиктер мен солшыл халықшылдардың бірлесіп жасаған тізімі...* екіншісі правдистік тізім...» (астын сызған біз).

Жойымпаздармен одақтасуды солшыл халықшылдар дәл сол мақалада турадан-тура барлық *«социалистік»* бағыттардың ынтымақтасу принципі деп көрсетеді, яғни солшыл халықшылдар бағытының буржуазияшылдығы туралы 1907 жылғы қарардан ғана емес, сонымен қатар Аксельрод ұсынған 1903 жылғы қарардан да безу турадан-тура жойымпаздарға таңылып отыр.

Марксистер үшін солшыл халықшылдардың күшеюі шаруалар ішіндегі өрлеу белгілерінің немесе хабаршы-

сының бірі болып табылады; бұл өрлеу санасы жетілмеген пролетарлар мен ұсақ буржуазияшыл интеллигенттердің «басын айналдыра» алатыны табиғи нәрсе. Бұл жағдай біздерге, марксистерге, мещандық халықшылдықтан өзгеше, марксизмді жігерлі түрде уағыздауға ғана мәжбүр етеді.

Жұмысшы жолдастар! Сендіруге—ертегілерге көп сене бермеңдер! Өздеріңнің жұмысшы қозғалыстарың туралы да, жұмысшылардың азшылығына жойымпаздар мен солшыл халықшылдардың буржуазиялық идеялары мен буржуазиялық практикасының қалай әсер етіп отырғаны туралы да *объективті* деректерді мұқият зерттеңдер.

«Трудовая Правда» № 27, 28 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ

1914 ж. февраль—майда жазылған

1914 ж. апрель—июньде «Просвещение» журналының 4, 5 және 6-номерлерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

Россия марксистері программасының ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы айтатын тоғызыншы параграфы соңғы кезде (біздің «Просвещениеде» атап көрсеткеніміздей)* оппортунистердің тұтас бір жорығын туғызды. Петербургтің жойымпаздық газетінде орыс жойымпазы Семковский де, бундшыл Либман да, украиндық национал-социал Юркевич те — өз органдарында бұл параграфты тіптен жаратпай, келеке қылып, оған мықтап шүйлікті. Біздің маркстік программамызға оппортунизмнің осы «түс-түстан анталаған жорығының» жалпы алғанда қазіргі ұлтшылдық ауытқулармен тығыз байланысты екенінде күмән жоқ. Сондықтан көтерілген мәселені егжей-тегжейлі талдаудың кезі келген сияқты. Тек мынаны ескертіп өтеміз, жоғарыда аталған оппортунистердің ешқайсысы өз бетімен бірде-бір дәлел келтірмеген: олардың бәрі Роза Люксембургтің 1908—1909 жылы поляк тілінде жазған: «Ұлт мәселесі және автономия» деген ұзақ мақаласында айтылған нәрсені ғана қайталайды. Біз өз баяндауымызда осы соңғы автордың «бірегей» дәлелдерімен бәрінен де көбірек санасатын боламыз.

1. ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУІ ДЕГЕН НЕ?

Өзін өзі билеу дегенді марксише талдауға әрекет жасағанда, бұл сұрақтың ең алдымен ауызға ілігетіні

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 127—166-беттер. *Ред.*

табиғи нәрсе. Мұны не деп ұғу керек? Бұған жауапты правоның түрліше «жалпы ұғымдарынан» шығарылған заң дефиницияларынан (анықтамаларынан) іздеу керек пе? Әлде жауапты іздегенде ұлттық қозғалыстарды тарихи-экономикалық жағынан алып зерттеуден іздеу керек пе?

Семковский, Либман, Юркевич мырзалардың, маркстік программаның «айқын еместігі» жайында әншейін мысқылмен құтылып және ұлттардың өзін өзі билеуі туралы тек 1903 жылғы россиялық программада ғана емес, сонымен қатар 1896 жылғы Лондон халықаралық конгресінің шешімінде де айтылатынын (бұл туралы тиісті жерінде толық айтамыз) олар, сірә, өздерінің қара дүрсіндігінен білмей, керек десе бұл мәселені қоюға да ойларының жетпегені таңданарлық емес. Осы параграфтың бейне бір абстрактылығы мен метафизикалылығы жайында көбіне-көп жар салып жүрген Роза Люксембургтің өзі осы абстрактылық пен метафизикалық күнәға батты — жаңағыдан әлде қайда таңданарлық нәрсе осы. Істің мәпісі зақ жүзіндегі анықтамаларда ма, әлде бүкіл дүние жүзі ұлттық қозғалыстарының тәжірибесінде ме? — деген мәселені ешбір жерде айқын және дәлме-дәл қоймастан, нақ сол Роза Люксембург өзін өзі билеу туралы әрқашан да жалпылама пайымдауларға салынып кете береді (тіпті ұлттың еркін қалай білу керек деген мүлде күлкілі ақылгөйлікке дейін барады).

Марксист үшін сөзсіз туатын бұл мәселенің нақты қойылуы Роза Люксембург дәлелдерінің оннан тоғызын бірден-ақ жоққа шығарар еді. Ұлттық қозғалыстар Россияда бірінші рет пайда болып отырған жоқ және жалғыз оған ғана тән нәрсе емес. Капитализмнің феодализмді түпкілікті жеңіп шығу заманы бүкіл дүние жүзінде ұлттық қозғалыстармен байланысты болды. Бұл қозғалыстардың экономикалық негізі мынада: товар өндірісінің толық жеңуі үшін буржуазияның ішкі рынокты өз қолына қаратып алуы керек, бір тілде сөйлейтін халқы бар жерлердің мемлекет болып бірігуі керек, бұл тілдің дамуына және оның әдебиетте берік орнығуына бөгет болатын кедергілердің бәрін құрту

қажет. Тіл — адамдардың қарым-қатынасының аса маңызды құралы; тілдің бірлігі мен кедергісіз дамуы осы заманғы капитализмге сай келетін нағыз еркін және кең сауда айналымының, халықтың барлық жеке таптарға еркін әрі кең түрде жіктелуінің аса маңызды шарттарының бірі, ақырында — рыноктың қожайын немесе қожайынсымақ, сатушы мен сатып алушы атаулының қай-қайсысымен болса да тығыз байланысының шарты болып табылады.

Сондықтан осы заманғы капитализмнің бұл талаптарын неғұрлым қанағаттандыратын *ұлттық мемлекеттер* құру қандай да болсын ұлттық қозғалыстың тенденциясы (талпынысы) болып табылады. Нағыз терең экономикалық факторлар осыған итермелейді, сондықтан бүкіл Батыс Европа үшін — ол ол ма: бүкіл цивилизациялы дүние үшін — капиталистік дәуірге *тән*, дағдылы нәрсе — ұлттық мемлекет болып табылады.

Олай болса, заң дефинициясын желеу етпей, абстракт анықтамаларды «ойдан шығармай», ұлттық қозғалыстардың тарихи-экономикалық жағдайларын талдап, ұлттардың өзін өзі билеуінің мәнін түсінгіміз келсе, онда біз қалайда мына қорытындыға келеміз: ұлттардың өзін өзі билеуі дегеніміз — олардың бөтен ұлттық коллективтерден мемлекеттік жағынан бөлінуі деген сөз, дербес ұлттық мемлекет құруы деген сөз.

Өзін өзі билеу правосы дегенді бөлек мемлекет болып өмір сүру правосынан басқа бірдеңе деп түсінудің неліктен қате болатынының біз төменде өзге себептерін де көреміз. Ал енді біз ұлттық мемлекет болуға ұмтылудың экономикалық терең негіздері туралы сөзсіз қорытындыдан Роза Люксембургтің қалай «құтылмақ» болғанына тоқталуымыз керек.

Роза Люксембургке Каутскийдің «Ұлт және интернационалдық» деген кітапшасы әбден мәлім («Neue Zeit»-ке[105] қосымша, № 1, 1907—1908; орысша аудармасы «Научная Мысль» журналында, Рига, 1908[106]). Каутский* бұл кітапшасының 4-параграфында ұлттық мемлекет туралы мәселені егжей-тегжейлі талдай келіп,

* 1916 жылы мақаланы қайта басуға әзірлегенде В. И. Ленин бұл араға мынадай ескертпе жасаған: «Оқушыдан мынаны ұмытпауды сұ-

Отто Бауэр «ұлттық мемлекет құруға ұмтылудың күшін *жете бағаламайды»* деген қорытындыға келгені Роза Люксембургке мәлім (цитат келтіріліп отырған кітапшаның 23-беті). Роза Люксембургтің өзі Каутскийдің мына сөздерін цитатқа келтіріп отыр: «Ұлттық мемлекет дегеніміз осы заманғы» (орта ғасырлық заманға, капитализмнен бұрынғыға, т. б. қарағанда, экономика жағынан прогресшіл, капиталистік, цивилизациялы) «жағдайларға *неғұрлым сай келетін* мемлекеттің формасы, сол мемлекет өз міндеттерін» (яғни капитализмді неғұрлым еркін, кең және тез дамыту міндеттерін) «бәрінен де оңай орындай алатын формасы». Бұған Каутскийдің: ұлт жағынан ала-құла мемлекеттер (ұлттық мемлекеттерден өзгеше, ұлттар мемлекеттері деп аталатын мемлекеттер) «белгілі бір себептермен ішкі құрылымы әрқашан да қалыпты емес немесе жетілмеген» (мешеу қалған) «мемлекеттер» болып табылады деген одан да дәл қорытынды ескертпесін қосу керек. Каутский қалыпты емес дегенде, дамып келе жатқан капитализмнің талаптарына анағұрлым бейімделген нәрселерге үйлесеу мағынасында ғана айтып отырғаны өзінен-өзі түсінікті.

Енді мынадай сұрақ туады: Каутскийдің осы тарихи-экономикалық қорытындыларына Роза Люксембург қалай қарады. Бұл қорытындылар дұрыс па әлде теріс пе? Каутскийдің тарихи-экономикалық теориясы дұрыс па әлде негізінен психологиялық теория болып табылатын Бауэрдікі дұрыс па? Бауэрдің басында бар сөзсіз «ұлттық оппортунизмнің», оның мәдени-ұлттық автономияны жақтауының, оның ұлтшылдық әуестенулерінің (Каутский айтқандай, «кей жерлерде ұлттық моментті күшейтуінің»), оның «ұлттық моментті мейлінше әсірелеп, интернационалдық моментті мүлде ұмытуының» (Каутский) және оның ұлттық мемлекет құруға ұмтылу күшін жете бағаламауы арасындағы байланыс неде?

раймыз: Каутский 1909 жылға дейін, оның «Өкімет билігіне жеткізетін жол» атты тамаша кітапшасын жазғанға дейін оппортунизмнің жауы болды, оның оппортунизмді қорғауға бет бұруы 1910—1911 жылдары ғана, ал одан гөрі үзілді-кесілді бет бұруы 1914—1916 жылдары ғана болды».

Роза Люксембург тіпті бұл мәселені көтерген де жоқ. Ол бұл байланысты байқамады. Ол Бауэрдің теориялық көзқарастарының *тұтастығына* ой жүгіртпеді. Ол тіпті ұлт мәселесіндегі тарихи-экономикалық және психологиялық теорияларды бір-біріне қарама-қарсы қойған да жоқ. Ол Каутскийге қарсы мынадай ескертпелер айтумен тынды.

«...Бұл «ең жақсы» ұлттық мемлекет — теориялық жағынан дамытуға және теориялық жағынан жақтауға оңай келетін, бірақ шындыққа сай келмейтін абстракция ғана» («Przegląd Socjaldemokratyczny»*, 1908, № 6, 499-бет).

Сойтіп, осы үзілді-кесілді мәлімдемені дәлелдеу үшін: капиталистік ұлы державалардың дамуы мен империализм ұсақ халықтардың «өзін өзі билеу правосын» алдамшы нәрсе етеді деген пікірлер айтылады. «Тәуелсіздіктерінің өзі «европалық концерттің» саяси күресі мен дипломатиялық ойынының жемісі болып табылатын, формальды түрде тәуелсіз черногорлықтардың, болгарлардың, румындардың, сербтердің, гректердің, тіпті ішінара швейцариялықтардың «өзін өзі билеуі» туралы шындап сөз етуге бола ма?»! — деп өзеурейді Роза Люксембург (500-бет). Жағдайға «Каутскийдің пайымдағанындай, ұлттық мемлекет емес, жыртқыш мемлекет» бәрінен гөрі сай келеді. Англияға, Францияға және басқаларға қарайтын отарлардың көлемі туралы бірнеше ондаған цифрлар келтіріледі.

Осы секілді пайымдауларды оқығанда, автордың *ненің немеге* айтылғанын түсіне алмайтындығына таңданбасқа болмайды! Ұсақ мемлекеттер экономика жағынан ірі мемлекеттерге тәуелді, басқа ұлттарды жыртқыштықпен басып-жаншу үшін буржуазиялық мемлекеттер арасында күрес болып жатыр, империализм мен отарлар бар деп, әлдеқандай болып, Каутскийді үйрету,— мұның өзі кісі күлерлік, балаша ақылгөйсігендік, өйткені мұның бәрінің іске титтей де қатысы жоқ. Ұсақ мемлекеттер түгіл, мысалы, Россия да буржуазиялық «бай» елдердің империалистік финанс

* — «Социал-Демократиялық Шолу». *Ред.*

капиталының қуатына экономика жағынан толық тәуелді. Балқандағы кішкене мемлекеттер түгіл, Америка да XIX ғасырда, экономика жағынан, Европаның отары болды, мұны Маркс «Капиталда-ақ»[107] атап көрсеткен болатын. Мұның бәрі Каутскийге және әрбір марксиске, әрине, әбден мәлім, бірақ мұның ұлттық қозғалыстар мен ұлттық мемлекет туралы мәселеге ешбір қатысы жоқ.

Роза Люксембург буржуазиялық қоғамда ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі туралы, олардың мемлекеттік дербестігі туралы мәселені олардың экономикалық дербестігі мен тәуелсіздігі туралы мәселемен ауыстырып отыр. Буржуазиялық мемлекетте парламенттің, яғни халық өкілдері жиналысының үстем болуы туралы программалық талапты талқылап отырған адамның буржуазиялық елдегі тәртіп қандай болса да ірі капиталдың үстемдік ететіні жөніндегі өзінің әбден дұрыс көзқарасын баяндай бастауы қандай ақылдылық болса, бұл да сондай ақылдылық.

Дүние жүзінің халық неғұрлым көп мекендеген бөлегі — Азияның басым көпшілік жерінің, не «ұлы державалардың» отарлары күйінде, не ұлттық жағынан барынша тәуелді және езілген мемлекеттер күйінде болып отырғаны күмәнсыз. Бірақ бұл жалпыға мәлім жағдай сол Азияның өзінде товар өндірісінің неғұрлым толық дамуына, капитализмнің неғұрлым еркін, кең көлемде және шапшаң өсуіне керекті жағдайлар тек Жапонияда ғана, яғни дербес ұлттық мемлекетте ғана жасалғаны сияқты даусыз фактіге сәл де болса күмән туғыза ала ма? Бұл мемлекет — буржуазиялық мемлекет, сондықтан оның өзі басқа ұлттарды езе бастады және отарларды құлдыққа сала бастады; капитализм күйрегенге дейін, Европа сияқты, Азия дербес ұлттық мемлекеттер системасына қалыптасып үлгіре ала ма, жоқ па, оны біз білмейміз. Бірақ талассыз нәрсе мынау: капитализм Азияны оятып, онда да барлық жерде ұлттық қозғалыс туғызды, бұл қозғалыстардың тенденциясы Азияда ұлттық мемлекеттер құру болып табылады, нақ осындай мемлекеттер капитализмнің дамуына неғұрлым жақсы жағдайлар жасалуын қамтама-

сыз етеді. Азияның мысалы Каутскийді *жақтайды,* Роза Люксембургке *қарсы.*

Балқан мемлекеттерінің мысалы да Роза Люксембургке қарсы, өйткені Балқан елдерінде капитализмнің дамуына неғұрлым қолайлы жағдайлар осы түбекте дербес ұлттық мемлекеттердің құрылуына қарай жасалып жатқанын қазір жұрттың бәрі көріп отыр.

Олай болса, бүкіл алдыңғы қатарлы цивилизациялы адамзаттың мысалы да, Балқанның мысалы да, Азияның мысалы да, Роза Люксембургтің айтқанына қарамастан, Каутскийдің мына қағидасының сөзсіз дұрыстығын дәлелдейді: ұлттық мемлекет — капитализмнің ережесі және «нормасы», ұлт жағынан ала-құла мемлекет — мешеу қалған немесе ілуде бір ғана кездесетін мемлекет. Ұлттық қатынастар тұрғысынан қарағанда, ұлттық мемлекет капитализмнің дамуы үшін неғұрлым жақсы жағдайлар жасайтыны күмәнсыз. Мұның мәнісі, әрине, мұндай мемлекет буржуазиялық қатынастар негізінде ұлттарды қанау мен езуді жоққа шығара алады деген сөз емес. Мұның мәнісі мынау ғана: ұлттық мемлекеттер құруға ұмтылуды тудыратын қуатты *экономикалық* факторларды марксистер есінен шығара алмайды. Мұның мәнісі мынау: тарихи-экономикалық тұрғыдан қарағанда, марксистердің программасында «ұлттардың өзін өзі билеуінің» саяси жағынан өзін өзі билеуден, мемлекеттік дербестіктен, ұлттық мемлекет құрудан басқаша мәні болуы *мүмкін емес.*

Маркстік, яғни таптық пролетарлық тұрғыдан қарағанда, «ұлттық мемлекет» деген буржуазиялық-демократиялық талапты қолдауға қандай шарттар қойылатыны жайында, бұл туралы төменде толық сөз болмақшы. Қазір біз «өзін өзі билеу» деген *ұғымды* анықтаумен шектелеміз және тағы да мынаны ғана атап өтуіміз керек: Роза Люксембург бұл ұғымның мазмұнын *біледі* («ұлттық мемлекет»), ал оның оппортунист жақтастары, Либмандар, Семковскийлер, Юркевичтер, *тіпті мұны да білмейді!*

2. МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХИ ЖАҒЫНАН НАҚТЫ ҚОЙЫЛУЫ

Әлеуметтік мәселенің қандайын болса да талдағанда маркстік теорияның қоятын сөзсіз талабы — оны *белгілі бір* тарихи шеңберде қою, ал сонан кейін, егер бір ел туралы (мәселен, осы елге арналған ұлттық программа туралы) сөз болып отырса, бұл елді белгілі бір тарихи заман шеңберінде басқа елдерден айрықша ететін нақтылы өзгешеліктерді еске алу болып табылады.

Біздің мәселемізге қолданғанда марксизмнің бұл сөзсіз талабы нені білдіреді?

Бәрінен бұрын ол, ұлттық қозғалыстар тұрғысынан қарағанда, капитализмнің түбегейлі айырмашылығы бар екі заманын бір-бірінен қатаң ажырату қажеттігін білдіреді. Бір жағынан, бұл — феодализм мен абсолютизмнің күйреу заманы, буржуазиялық-демократиялық қоғам мен мемлекеттің қалыптасу заманы, бұл кезде ұлттық қозғалыстар тұңғыш рет бұқаралық қозғалыстарға айналады, баспасөз арқылы, өкілдік мекемелерге қатыстыру, т. т. арқылы халықтың *барлық* таптарын қалай да саясатқа тартады. Екінші жағынан, әлдеқашан орныққан конституциялық құрылысы бар, пролетариат пен буржуазияның антагонизмі мықтап дамыған, әбден қалыптасып біткен капиталистік мемлекеттер заманын көріп отырмыз,— бұл заманды капитализмнің күйреу қарсаңы деп атауға болады.

Бірінші заманға тән нәрсе — ұлттық қозғалыстардың оянуы, жалпы алғанда, саяси бостандық жолындағы, жекелеп алғанда, ұлт праволары жолындағы күреске байланысты, бұл қозғалыстарға халықтың сан жағынан анағұрлым көп жігі және ең «ауыр қозғалатын» жігі болып табылатын шаруалардың тартылуы. Екінші заманға тән нәрсе—бұқаралық буржуазиялық-демократиялық қозғалыстардың болмауы, бұл тұста кемелденген капитализм сауда айналымына әбден тартылған ұлттарды барған сайын жақындастырып, араластырып жібереді, сөйтіп интернационалды түрде жымдасқан капиталдың интернационалдық жұмысшы қозғалысымен антагонизмін бірінші кезекке қояды.

Әрине, бұл екі заманның арасын дуал бөліп тұрған жоқ, қайта, толып жатқан өтпелі буындар арқылы олар бір-бірімен байланысып жатыр, соның өзінде, әр түрлі елдердің ұлттық дамуының жылдамдығы жағынан, халқының ұлттық құрамы жағынан, оның орналасуы жағынан, т. б., т. с. жағынан айырмалары да болады. Осы жалпы тарихи және нақтылы-мемлекеттік жағдайларды түгел есепке алмайынша, белгілі бір елдің марксистерінің ұлттық программасына кірісуі туралы сөз де болуы мүмкін емес.

Міне, нақ осы араға келгенде біз Роза Люксембургтің пайымдауларының ең осал жеріне тап боламыз. Ол өз мақаласын біздің программаның 9-параграфына қарсы «қатты» айтылған сөзсымақтардың тізбегімен адам таңқаларлық шта қоя безендіріп, оны «үстірт», «шаблон», «метафизикалық бос сөз», тағысын-тағы шексіз бірдеңелер деп жариялайды. Метафизиканы (маркстік мағынада, яғни антидиалектиканы) және бос абстракцияларды соншалықты керемет соккен жазушы бізге мәселені нақты-тарихи тұрғыдан қарастырудың үлгісін көрсетер деп күту табиғи нәрсе болар еді. Әңгіме белгілі бір елдің, Россияның, белгілі бір замандағы, XX ғасырдың басындағы марксистерінің ұлттық программасы туралы болып отыр. Бәлкім, Роза Люксембург Россия *қандай тарихи* заманды басынан кешіріп отыр, *бұл* елдің *осы* замандағы ұлт мәселесі мен ұлттық қозғалыстарының *нақтылы* өзгешеліктері *қандай* деген мәселені қойып та отырған шығар?

Бұл туралы Роза Люксембург бұйырмасынға дәнеңе айтпайды! Бұл кісінің жазғандарынан қазіргі тарихи заманда *Россияда* ұлт мәселесі қалай қойылып отыр, *Россияның* бұл жөніндегі ерекшеліктері қандай деген мәселені талдаудың көлеңкесін де таба алмайсыз!

Бізге былай дейді: Ирландияға қарағанда, Балқан елдерінде ұлт мәселесі өзгеше қойылып отыр, 1848 жылдың нақты жағдайларында поляктар мен чехтардың ұлттық қозғалысын Маркс міне былай бағалаған (Маркстен алынған бір бет көшірме келтіріледі), Швейцарияның орманды кантондарының Австрияға қарсы күресін және Моргартен түбінде 1315 жылы болған

шайқасты Энгельс міне былай бағалаған (Каутскийдің тиісті түсіндірмелерімен қоса Энгельстен шағын бір бет цитат келтіріледі), XVI ғасырда Германияда болған шаруалар соғысын Лассаль реакциялық соғыс деп санаған және т. с.

Бұл ескертпелер мен цитаттарда жарқыраған жаңалық көрініп тұр деп айтуға болмайды, бірақ қалай дегенмен де, Маркс, Энгельс және Лассаль жекелеген елдердің нақтылы-тарихи мәселелерін талдауға қалайша қарағанын оқушылардың тағы бір рет есіне түсіруі көңіл қоярлық нәрсе. Сөйтіп, Маркс пен Энгельстен келтірілген ғибратты цитаттарды қайталап оқығанда, Роза Люксембургтің өзін өзі қандай күлкілі жағдайға қойғанын ерекше айқын сезесің. Ол әр түрлі кезеңде түрліше елдердегі ұлт мәселесіне нақтылы-тарихи талдау жасау қажеттігін тілін безеп, қатулана уағыздайды,— сөйте отырып, ол XX ғасырдың басында *Россия* капитализм дамуының *қандай* тарихи сатысын басынан кешіріп отырғанын, бұл елдегі ұлт мәселесінің *ерекшеліктері* қандай екенін анықтауға *титтей де* әрекет жасамайды. Роза Люксембург *басқалардың* мәселені қалай марксистерше талдағанының мысалдарын келтіреді, сөйтіп дозақтың көбіне ізгі ниеттермен салынатынын, қайсы біреулердің бұл ниеттерді іс жүзінде пайдаланғысы келмеуін немесе пайдалана білмеуін жақсы кеңестер берумен бүркейтінін осы мысалдармен әдейі көрсеткендей болады.

Сабақ боларлықтай салыстырулардың бірі мынадай. Польшаның тәуелсіздігі ұранына қарсы шығып, Роза Люксембург өзінің 1898 жылғы еңбегіне сүйенеді, оның бұл еңбегі фабрика өнімдерін Россияға өткізу арқасында «Польша өнеркәсібінің өркендеуі» тездегенін дәлелдеген болатын. Бұдан өзін өзі билеу *правосы* туралы мәселе жөнінде ешқандай қорытынды шықпайтынын, мұнымен шляхталық ескі Польшаның жойылғаны, т. б. ғана дәлелденгенін айтып жатудың керегі де жоқ. Ал Роза Люксембург болса Россияны Польшамен жалғастыратын факторлардың ішінде осы замандағы капиталистік қатынастардың таза экономикалық факторлары

бейне бір қазірдің өзінде-ақ басым болып отыр деген қорытындыға аңдаусыз түрде ұдайы ойыса береді.

Бірақ біздің Роза автономия туралы мәселеге көшкенде — оның мақаласы *жалпы алғанда* «Ұлт мәселесі және автономия» деп аталса да — Польша корольдігінің автономия алуға *ерекше* правосы бар екенін дәлелдей бастайды (бұл туралы «Просвещениенің» 1913 жылғы 12-номерін қараңыз*). Польшаның автономия алуға правосы бар екенін дәлелдеу үшін Роза Люксембург Россияның мемлекеттік құрылысын, сірә, әрі экономикалық, әрі саяси, әрі тұрмыстық, әрі социологиялық белгілері бойынша — бәрі жиналып келгенде, «азиаттық деспотизм» ұғымын беретін белгілердің жиынтығымен сипаттайды («Przegląd»-тың[108] 12-номері, 137-бет).

Белгілі бір елдің экономикасында мүлде патриархтық, капитализмге дейінгі белгілер басым болып, товар шаруашылығы мен таптық жіктелу шамалы ғана дамыған реттерде бұл сияқты мемлекеттік құрылыстың өте берік болатыны баршаға мәлім. Егерде мемлекеттік құрылысының капитализмге *дейінгі* сипаты бадырайып көрініп тұрған елде капитализм *шапшаң* дамыған, ұлттық шегі айырылған аймақ бар болса, онда бұл капиталистік даму неғұрлым жылдамдаған сайын, оны мен капитализмге *дейінгі* мемлекеттік құрылыстың арасындағы қайшылық соғұрлым күшейе түседі, алдыңғы қатарлы аймақтың,— тұтас елмен «осы замандағы-капиталистік» дәнекерлер арқылы емес, «азиаттық-деспоттық» дәнекерлер арқылы байланысып отырған аймақтың тұтас елден бөлініп шығуы соғұрлым ықтимал болады.

Сонымен, Роза Люксембург буржуазиялық Польша жөнінде Россиядағы өкіметтің әлеуметтік құрылымы туралы мәселе жайында да мүлде ештеңе тындырмады, ал Россиядағы ұлттық қозғалыстардың нақтылы-тарихи ерекшеліктері туралы мәселені ол тіпті қойған да жоқ.

Бұл мәселеге біздің тоқталып өтуіміз керек.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 159—166-беттер. *Ред.*

3. РОССИЯДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНІҢ НАҚТЫЛЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ РОССИЯНЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ҚАЙТА ҚҰРУ

«...Анығында, Россияда тұратын халықтарға ғана емес, сондай-ақ Германия мен Австрияда, Швейцария мен Швецияда, Америка мен Австралияда тұратын ұлттарға да бірдей қолданыларлық болғандықтан, нағыз жалпы пайымдау болып табылатын «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» принципінің кең өрістілігіне қарамастан, біз оны қазіргі социалистік партиялардың бірде-бір программасынан таба алмаймыз...» («Przegląd»-тың 6-номері, 483-бет).

Маркстік программаның 9-параграфына қарсы жорығының басында Роза Люксембург осылай деп жазады. Бізге программаның бұл пунктін «нағыз жалпы пайымдау» ретінде түсінуді тықпалап, Роза Люксембургтің өзі осы күнәға батып отыр, сөйтіп ол адам күлерлік батылдықпен: бұл пункт Россияға, Германияға, т. т. «анығында, бірдей қолданыларлық» деп мәлімдейді.

Бұған біздің беретін жауабымыз мынау: Роза Люксембург өз мақаласында гимназистердің оқу сабақтарына жарайтын логикалық қателердің жинағын беруге ұйғарса керек. Өйткені Роза Люксембургтің лепірме сөздері — басынан аяғына дейін мағынасыз нәрсе және мәселенің тарихи-нақтылы қойылысын келемеж еткендік.

Егер маркстік программаны балаша түсіндірмей, марксистерше түсіндіретін болсақ, онда бұл программаның буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстарға қатысты екенін байқау эсте қиын емес. Олай болса,— бұл, күмән жоқ, солай,— бұл программаның «жалпы пайымдау», т. т. ретінде буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстардың *барлық* реттеріне «үстірт» қатысты болатыны осыдан «анық» көрінеді. Сәл ғана ой жүгірткен болса, Роза Люксембургке біздің программамыз осындай қозғалыс болып жатқан реттерге *ғана* қатысты деген қорытынды да дәл сондай анық болар еді.

Осы анық пікірлерді ойлап қараса, Роза Люксембург өзінің қандай мағынасыз нәрселерді айтқанын тіпті қиналмастан-ақ, байқар еді. «Жалпы пайымдауды»

ұсынады деп *бізді* айыптай отырып, ол буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстар *жоқ* елдердің программасында ұлттардың өзін өзі билеуі туралы айтылмағанын *бізге қарсы* дәлелге келтіреді. Мұндай ақылды дәлел болар ма!

Әр түрлі елдердің саяси және экономикалық дамуын, сондай-ақ олардың маркстік программаларын салыстырудың, марксизм тұрғысынан қарағанда, орасан зор маңызы бар, өйткені қазіргі мемлекеттердің капиталистік жаратылысының ортақтығы да, олардың даму заңының ортақтығы да күмәнсыз нәрсе. Бірақ бұл сияқты салыстыруды біліп істеу керек. Бұл арада салыстырылып отырған елдердің дамуының тарихи замандары *салыстыруға* келе ме деген мәселені анықтап алу ең айқын шарт болып табылады. Мәселен, Россия маркс-истерінің аграрлық программасын батыс европалық программалармен нағыз надандар ғана «салыстыра» алады («Русская Мысльдағы» князь Е. Трубецкой сияқты), өйткені біздің программа *буржуазиялық-демократиялық* аграрлық қайта өзгерістер жасау туралы мәселеге жауап береді, ал батыс елдерінде бұл туралы тіпті әңгіме де болып отырған жоқ.

Ұлт мәселесінде де нақ осылай. Батыс елдерінің көпшілігінде ол әлдеқашан-ақ шешілген. Батыс программаларынан оларда жоқ мәселелерге жауап іздеудің өзі күлкі. Роза Люксембург бұл арада нақ ең басты нәрсені: буржуазиялық-демократиялық қайта өзгерістер әлдеқашан аяқталған елдер мен аяқталмаған елдердің арасындағы айырманы есінен шығарып алған.

Істің бар түйіні осы айырмада. Бұл айырманы мүлдем елемеудің өзі Роза Люксембургтің салақұлаш мақаласын мазмұнсыз, жалпылама бос сөздердің тізбегіне айналдырады.

Батыс, континенттік, Европада буржуазиялық-демократиялық революциялар заманы белгілі бір әжептәуір уақыт аралығын, шамамен, 1789 жылдан 1871 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Дәл осы заман ұлттық қозғалыстар заманы және ұлттық мемлекеттердің құрылу заманы болды. Осы заманның аяқталуымен Батыс Европа буржуазиялық мемлекеттердің, соның өзінде

жалпы ереже бойынша ұлттық-біртұтас мемлекеттердің қалыптасқан системасына айналды. Сондықтан қазір батыс европалық социалистердің программаларынан ұлттардың өзін өзі билеу правосын іздеу марксизмнің әліппесін түсінбегендік болады.

Шығыс Европа мен Азияда буржуазиялық-демократиялық революциялар заманы 1905 жылы ғана басталды. Россияда, Персияда, Түркияда, Қытайда болған революциялар, Балқандағы соғыстар,— біздің «шығыстың» *біздің* заманымыздағы дүние жүзілік оқиғаларының тізбегі, міне, осы. Ал оқиғалардың осы тізбегінен *бірсыпыра* буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстардың оянуын, ұлттық-тәуелсіз және ұлттық-біртұтас мемлекеттер құруға талпынушылықты тек соқыр адамның ғана көрмеуі мүмкін. Көршілес елдермен бірге Россия осы заманды басынан кешіріп отыр, нақ сондықтан және тек сондықтан ғана бізге өз программамызда ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пункт болуы керек.

Әйтседе Роза Люксембургтің мақаласынан жоғарыда келтірілген цитатты тағы да біраз жалғастыра түсейік:

> «...Әсіресе,— деп жазады ол,— ұлттық құрамы мейлінше алақұла мемлекетте жұмыс істеп отырған және өзі үшін ұлт мәселесі бірінші дәрежелі роль атқаратын партияның программасында,— Австрия социал-демократиясының программасында ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы принцип жоқ» (бұл да сонда).

Сонымен, оқушыны «әсіресе» Австрияның мысалымен сендірмекші болады. Бұл мысалда ақылға қонымды нәрсенің аз-көбін нақтылы-тарихи тұрғыдан алып қарап көрейік.

1-ден, буржуазиялық-демократиялық революцияның аяқталуы туралы негізгі мәселені қояйық. Австрияда ол 1848 жылы басталып, 1867 жылы аяқталды. Содан бері жарты ғасыр бойына дерлік онда, жалпы және тұтас алғанда, орнығып алған буржуазиялық конституция үстемдік етіп келеді, соның негізінде жария жұмысшы партиясы жария жағдайда жұмыс істеп отыр.

Сондықтан Австрияның дамуының ішкі жағдайла-

рында (яғни, жалпы алғанда, Австрияда, жекелен алғанда, оның жеке ұлттарында капитализмнің дамуы тұрғысынан қарағанда) күрт өзгерістер туғызатын факторлар *жоқ,* ұлттық-дербес мемлекеттердің құрылуы сол күрт өзгерістермен бірге болуы мүмкін. Өзінің бұл салыстыруы арқылы Россия, бұл пункт бойынша, дәл сондай жағдайда отыр деп ойлап, Роза Люксембург түбірімен теріс, тарихқа қарсы келетін пікір айтатыны былай тұрсын, сонымен бірге еріксіз жойымпаздыққа қарай ойысып отыр.

2-ден, біз шұғылданып отырған мәселе жөнінде Австриядағы және Россиядағы ұлттардың арақатынасы мүлде өр басқа екендігінің ерекше зор мәні бар. Көп уақыт бойына Австрия немістер басым мемлекет болып қана қойған жоқ, сонымен бірге австриялық немістер жалпы алғанда неміс ұлтының ішінде гегемон болуға дәмеленді. Бұл «дәмені» 1866 жылғы соғыстың талқандағанын есіне түсіруге (жалпы пайымдауды, шаблонды, абстракцияны... сонщалық жаратпағансытын) Роза Люксембург, мүмкін, қарсы да болмас. Австрияда үстем болған неміс ұлты 1871 жылдың қарсаңында түпкілікті құрылған дербес неміс мемлекетінің *сыртында* қалды. Екінші жағынан, венгрлердің дербес ұлттық мемлекет құрмақ болған әрекеті орыстың крепостниктік әскерінің соққысынан 1849 жылдың өзінде-ақ күйреген болатын.

Сөйтіп, тым өзгеше бір жағдай туды: венгрлер, ал онан соң чехтар да Австриядан бөлінуге емес, қайта, нақ ұлттық тәуелсіздік мүддесін көздеп, Австрияның тұтастығын сақтауға ұмтылды, өйткені анағұрлым жыртқыш және күшті көршілер бұлардың тәуелсіздігін мүлде құртып жіберуі мүмкін еді! Осы өзгеше жағдайдың әсерімен Австрия екі орталықты (дуалистік) мемлекет болып қалыптасты, ал қазір үш орталықты (триалистік: немістер, венгрлер, славяндар) мемлекетке айналып отыр.

Россияда осыған ұқсас бір нәрсе бар ма? Бізде «бұратаналар» *мұнан да жаман* ұлттық езгіден қорқып великорустармен қосылуға ұмтылып отыр ма?

Ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселеде Россияны

Австриямен теңеудің қаншалықты мағынасыз, шаблон жəне надандық екенін көру үшін осы сұрақты қойса, жетіп жатыр.

Россияның ұлт мəселесі жөніндегі өзгеше жағдайы біздің Австриядан көргенімізге түп-тура қарама-қарсы. Россия — бірыңғай ұлттық, великорустық орталығы бар мемлекет. Великорустар сан жағынан шамамен 70 миллион адамға жетіп, орасан зор территорияны түгел алып жатыр. Бұл ұлттық мемлекеттің өзгешелігі, 1-ден, «бұратаналар» (бəрін қосқанда халықтың көпшілігі болып отырғандар — 57 %) нақ шет аймақтарды мекендейді; 2-ден, бұл бұратаналардың езілуі көршілес мемлекеттердегіден (тіпті европалық мемлекеттердегіден ғана емес) анағұрлым күшті; 3-ден, бірқатар жағдайларда шет аймақтарда тұратын езілген халықтардың шекараның арғы жағында отырған, ұлттық тəуелсіздігі молырақ туыстары бар (мемлекеттің батыс жəне оңтүстік шекараларындағыларды — финдерді, шведтерді, поляктарды, украиндарды, румындарды еске алса да жеткілікті); 4-ден, «бұратаналық» шет аймақтарда капитализмнің дамуы мен мəдениеттің жалпы дəрежесі екінің бірінде мемлекеттің орталығындағыдан жоғары. Ақырында, нақ сол көршілес отырған азиялық мемлекеттерде буржуазиялық революциялар мен ұлттық қозғалыстар дəуірінің басталғанын көреміз, мұның өзі Россияның қарамағындағы туыстас халықтардың бір бөлегін қамтып отыр.

Сонымен, Россиядағы ұлт мəселесінің тарихи нақтылы өзгешеліктерінің өзі бізде қазір бастан кешіп отырған заманда ұлттардың өзін өзі билеу правосын тануымызды айрықша қажет етеді.

Сөз арасында айта кетелік, таза-таза нақты жағдай жағынан алып қарағанда да, Роза Люксембургтің Австрия социал-демократтарының программасында ұлттардың өзін өзі билеу правосын танығандық жоқ деуі дұрыс емес. Ұлттық программаны қабылдаған Брюнн съезінің[109] протоколдарын алып қарасақ болғаны, біз одан русин социал-демократы Ганкевичтің бүкіл украин (русин) делегациясы атынан (протоколдардың 85-беті) жəне поляк социал-демократы Регердің бүкіл

поляк делегациясы атынан (108-бет) мәлімдеме жасағанын көреміз, онда: осы айтылған екі ұлттың австриялық социал-демократтары өз тілектерінің ішіне өз халықтарының ұлттық бірігу, бостандық алу және дербес болу тілегін қосады делінген. Демек, Австрия социал-демократиясы ұлттардың өзін өзі билеу правосын өз программасында тікелей қоймағанымен, соның өзінде партия *бөліктерінің* ұлттық дербестік туралы талап қоюына толық көнген. Іс жүзінде мұның өзі, әлбетте, ұлттардың өзін өзі билеу правосын танығандық болады! Роза Люксембургтің Австрияны дәлел етуі, сонымен, *барлық* жағынан алғанда да Роза Люксембургке *қарсы* келетін дәлел болып шығады.

4. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ «ПРАКТИЦИЗМ»

Оппортунистер Роза Люксембургтің: біздің программаның 9-параграфында «практикалық» еш нәрсе жоқ деген дәлелін айрықша ынтамен іліп әкетті. Роза Люксембургтің бұл дәлелге көңілі толғаны соншалық, тіпті кейде біз оның бұл «ұранды» өз мақаласының әр бетінде сегіз реттен қайталап айтқанын көреміз.

9-параграф «пролетариаттың күнделікті саясаты үшін ешбір нақты нұсқау бермейді, ұлттық проблемаларды шешудің ешбір нақты жолдарын көрсетпейді»,— деп жазады ол.

Бұл дәлел тағы былай деп те тұжырымдалады: 9-параграф не ештеңе айтпайды, не ұлттық тілектердің бәрін қолдауға міндеттейді, бұл дәлелді де қарастырып көрелік.

Ұлт мәселесінде «практикашыл» болу талабының мәнісі неде?

Оның мәнісі — не ұлттық тілектердің бәрін бірдей қолдау; не әр ұлттың бөлініп шығуы туралы мәселе жөнінде «иә немесе жоқ» деп жауап беру; не ұлттық талаптардың, жалпы алғанда, тікелей «жүзеге асыруға келетіндігі».

«Практикашылдық» талабының болуы ықтимал осы үш мағынасының бәрін де қарастырып көрелік.

Қандай да болсын ұлттық қозғалыстың бастапқы ке-

зінде әдетте оның гегемоны (басшысы) болып қимыл жасайтын буржуазия ұлттық талпыныстардың бәрін де қолдауды практикалық іс деп атайды. Бірақ пролетариаттың ұлт мәселесіндегі (басқа мәселелердегі сияқты) саясаты буржуазияны белгілі бір бағытта ғана қолдайды, бірақ оның саясаты буржуазияның саясатымен еш уақытта қабыспайды. Жұмысшы табы буржуазияны қолдағанда, ұлт татулығының мүдделері үшін ғана (бұл татулықты буржуазия толық орната алмайды, ол *толық* демократия болғанда ғана жүзеге асырылады), тең праволылық мүдделері үшін ғана, тап күресіне неғұрлым қолайлы жағдай туғызу мүдделері үшін ғана қолдайды. Сондықтан пролетарлар өздерінің ұлт мәселесі жөніндегі *принципті* саясатын буржуазияның нақ осы *практицизміне қарсы* қояды, буржуазияны әрдайым *шартты түрде ғана* қолдайды. Буржуазия атаулының бәрі ұлт ісінде не *өз* ұлты үшін пұрсаттылықтар алғысы келеді, немесе оған мейлінше тиімді жағдайлар жасағысы келеді; міне бұл «практикашылдық» деп аталады. Пролетариат қандай пұрсаттылықтарға болсын, қандай ерекше жағдайға қоюға болсын қарсы. Одан «практицизмді» талап ету буржуазияның жетегінде кету, оппортунизмге ұрыну болады.

Әр ұлттың бөлініп шығуы туралы мәселе жөнінде «иә немесе жоқ» деп жауап беру керек пе? Мұның өзі барынша «практикашылдық» талап сияқты болып көрінеді. Ал іс жүзінде ол қисынсыз, теориялық жағынан метафизикалық, ал практикада пролетариатты буржуазияның саясатына бағындыруға бастайтын талап. Буржуазия өзінің ұлттық талаптарын әрдайым бірінші орынға қояды. Ол мұны сөзсіз етіп қояды. Пролетариат үшін бұл талаптар тап күресінің мүдделеріне бағынуы керек. Буржуазиялық-демократиялық революция сол ұлттың бөлініп шығуымен аяқтала ма, әлде оның өзге ұлтпен тең праволы жағдайда болуымен аяқтала ма,— бұған теориялық тұрғыдан күн ілгері кепілдік беруге болмайды; пролетариат үшін *бұл реттің ексуінде де* өз табының дамуын қамтамасыз ету маңызды; буржуазия үшін бұл дамуды қиындатып, оның міндеттерін «өз» ұлтының міндеттерінен кейінірек сырғыту маңызды.

Сондықтан пролетариат басқа ұлттың *есебінен бірдеңе* беремін деп ешбір ұлтқа кепілдік берместен, оны міндетіне алмастан, өзін өзі билеу *правосын* мойындау жөніндегі, былайша айтқанда, теріс талап қоюмен тынады.

Мейлі, бұл «практикашылдық» болмай-ақ қойсын, бірақ мұның өзі мәселенің шешілуі мүмкін жолдарының ішінде неғұрлым демократиялық жолмен шешілуіне іс жүзінде бәрінен де сенімдірек кепілдік береді; пролетариатқа *тек қана* осы кепілдік керек, ал әр ұлттың буржуазиясына өзге ұлттардың жағдайына (болуы мүмкін кемістіктеріне) қарамастан, *өзінің* тиімді жағдайда болуына кепілдік керек.

Буржуазияға бәрінен гөрі осы талаптың «жүзеге асатындығы» керек,— оның пролетариатқа зиян істеп, үнемі өзге ұлттардың буржуазиясымен ауыз жаласу саясатын жүргізетіні осыдан. Ал пролетариат үшін маңызды нәрсе — буржуазияға қарсы өз табын нығайту, бұқараны дәйекті демократия мен социализм рухында тәрбиелеу.

Мейлі, оппортунистер үшін бұл «практикашылдық» болмай-ақ қойсын, бірақ мұның өзі іс жүзіндегі бірденбір кепілдік, феодалдардың да, *ұлтшыл* буржуазияның да дегеніне қарамастан, ұлттардың барынша тең праволылығы мен татулығының кепілдігі болып табылады.

Әр ұлттың *ұлтшыл* буржуазиясы тұрғысынан қарағанда, пролетарлардың ұлт мәселесіндегі бүкіл міндеті «практикашылдық емес», өйткені пролетарлар ұлтшылдық атаулының бәріне қас бола отырып, «абстрактылы» тең праволылықты, принципінде титтей де пұрсаттылықтың болмауын талап етеді. Осыны түсінбеген Роза Люксембург өзінің практицизмді гөнсіз мадақтауы арқылы нақ оппортунистер үшін, әсіресе великорус ұлтшылдығына оппортунистік жеңілдіктер жасау үшін кең жол ашып берді.

Неге великорус ұлтшылдығына? Неге десеңіз, великорустар Россияда езуші ұлт, ал ұлттық жағынан алып қарағанда, оппортунизмнің езілген ұлттар арасында басқаша, езуші ұлттар арасында басқаша байқалатыны табиғи нәрсе.

Езілген ұлттардың буржуазиясы өз талаптарының «практикашылдық» болуы үшін пролетариатты өз талпыныстарын сөзсіз қолдауға шақырады. Барлық ұлттардың бірдей бөлініп шығу *правосын* қолдап емес, *пәлендей бір* ұлттың бөлініп шығуын қолдап, турадан-тура «иә» деп айту бәрінен де практикашылдық болады!

Пролетариат мұндай практицизмге қарсы: тең праволылықты және ұлттық мемлекет құруға тең праволы болуды тани отырып, ол барлық ұлттардың пролетарлары одағын бәрінен де жоғары бағалайды және жоғары қояды, сөйтіп ұлттық талаптың қандайына болса да, ұлттың бөлініп шығуының қандайына болса да жұмысшылардың тап күресі *тұрғысынан* баға береді. Практицизм ұраны — іс жүзінде буржуазиялық талпыныстарды сын көзімен қарамай, талғаусыз қабылдай беру ұраны ғана.

Бізге: бөлініп шығу правосын қолдай отырып, сіздер езілген ұлттардың буржуазиялық ұлтшылдығын қолдайсыздар дегенді айтады. Роза Люксембург осылай дейді, оның ізінше оппортунист Семковский осыны қайталайды, реті келгенде айта кетелік, Семковский осы мәселе жөніндегі жойымпаздық идеялардың жойымпаздық газеттегі бірден-бір өкілі!

Біздің жауабымыз: жоқ, бұл арада «практикашылдық» шешім нақ буржуазияға маңызды, ал жұмысшыларға екі тенденцияны *принципті түрде* ажыратып алу маңызды. Езілген ұлттың буржуазиясы езуші ұлттың буржуазиясына қарсы күресіп *жатқандықтан, сондықтан* біз әрқашан да және қандай ретте болсын, бәрінен де батыл түрде соны *жақтаймыз,* өйткені біз езушіліктің ең батыл және ең дәйекті жауымыз. Езілген ұлттың буржуазиясы *өзінің* буржуазиялық ұлтшылдығын жақтап отырғандықтан, біз оған қарсымыз. Езуші ұлттың пұрсаттылықтары мен зорлықтарына қарсы күресеміз және де езілген ұлттың да пұрсаттылыққа ұмтылуына ешқандай жол бермейміз.

Егер біз бөлініп шығуға *право* беру ұранын көтермесек және үгіт жұмысымызда таратпасақ, біз *езуші* ұлттың буржуазиясының ғана емес, сонымен қатар фео-

далдары мен абсолютизмінің де сойылын соққан боламыз. Каутский осы дәлелді Роза Люксембургке қарсы әлдеқашан айтқан болатын және бұл дәлел даусыз да. Польшаның ұлтшыл буржуазиясына «көмектесуден» қорқып, Роза Люксембург *российлық* марксистердің программасындағы бөлініп шығу *правосын* теріске шығаруымен *іс жүзінде* великорус қаражүздіктеріне көмектеседі. Ол іс жүзінде великорустардың пұрсаттылықтарымен (пұрсаттылықтарынан да гөрі жаманымен) оппортунистерше ымыраласуға жәрдемдеседі.

Польшадағы ұлтшылдыққа қарсы күреспен әуестенген Роза Люксембург великорустардың ұлтшылдығы туралы ұмытып кеткен, әйтсе де қазіргі күнде дәл *осы* ұлтшылдық бәрінен де қауіпті, дәл осы ұлтшылдықтың буржуазиялығы кемірек, бірақ феодалдығы анағұрлым басым, дәл осы ұлтшылдық демократия мен пролетарлық күреске басты кедергі болып отыр. Езілген ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығының *әрқайсысында* езушілікке *қарсы* жалпы демократиялық мазмұн бар, біз міне осы мазмұнды *сөзсіз* қолдаймыз, өз ұлтын ерекше ұлт етіп көрсетуге ұмтылушылықты қатаң аластап отырамыз, поляк буржуасының еврейді жаныштауға тырысуына, т. т. және т. с. қарсы күресеміз.

Буржуа мен мещанның тұрғысынан қарағанда, бұл — «практикашылдық» емес. Мұның өзі — ұлт мәселесіндегі бірден-бір практикалық, принципті саясат, демократияға, бостандыққа, пролетарлық одаққа шын көмектесетін саясат.

Барлық ұлттардың бөлініп шығуға правосын тану; бөлініп шығу туралы әрбір нақтылы мәселеге қандай да болсын тең правосыздықты, қандай да болсын пұрсаттылықтарды, қандай да болсын ерекшеленушілікті болғызбайтын тұрғыдан баға беру.

Езуші ұлттың позициясын алайық. Өзге халықтарды езіп отырған халық ерікті бола ала ма? Жоқ. Великорус халқының бостандық мүдделері* мұндай езушілік-

* Париждегі Л. Вл. деген біреуге бұл сөз маркстік сөз емес болып көрінеді. Бұл Л. Вл. бір қызық «superklug» (кекесін түрде орысшаға аударғанда: «ғақылды») адам. «Ғақылды» Л. Вл., сірә, біздің програм-

ке қарсы күресуді талап етеді. Езілген ұлттардың қозғалыстарын басып-жаншудың ұзақ тарихы, ғасырлар бойындағы тарихы, «жоғарғы» таптар тарапынан мұндай басып-жаншудың үздіксіз насихатталуы великорус халқының соқыр сенімдеріне, т. т. сіңіп, оның өз бостандығына орасан зор кедергілер жасады.

Великорус қаражүздіктері осы соқыр сенімдерді әдейі қолдап, соларды қоздыра түседі. Великорус буржуазиясы сол соқыр сенімдерге көнеді немесе соларға икемделеді. Великорус пролетариаты осы соқыр сенімдерге қарсы күреспейінше, *өз* мақсаттарын жүзеге асыра алмайды, бостандыққа жетер жолын арши алмайды.

Дербес және тәуелсіз ұлттық мемлекет құру Россияда әзірше бір ғана великорус ұлтының қолы жеткен пұрсаттылығы болып қалып отыр. Біз, великорус пролетарлары, ешқандай пұрсаттылықтарды жақтамаймыз, бұл пұрсаттылықты да жақтамаймыз. Біз осы мемлекеттің топырағында күрес жүргізіп жатырмыз, осы мемлекеттің барлық ұлттарының жұмысшыларын біріктірудеміз, ұлттық дамудың белгілі бір жолы үшін біз кепілдік бере алмаймыз, біз мүмкін болған *барлық* жолдар арқылы өзіміздің таптық мақсатымызға қарай алға басамыз.

Бірақ ұлтшылдықтың қандайына болса да қарсы күреспейінше және әр түрлі ұлттардың теңдігін қорғамайынша, бұл мақсатқа қарай алға басуға болмайды. Дербес мемлекет құру, мәселен, Украинаның маңдайына жазылған ба, бұл күні бұрын белгісіз 1000 факторға байланысты. Сондықтан құр бекер *«бал ашуға»* әрекеттенбестен, біз күмәнсыз нәрсені: Украинаның мұндай мемлекет құруға правосы барын батыл жақтаймыз. Біз бұл правоны қадірлейміз, біз великоростың украиндардан артық болуын қолдамаймыз, біз бұқараны осы правоны мойындау рухында, қандай ұлттың болса да *мемлекеттік* пұрсаттылықтарын теріске шығару рухында *тәрбиелейміз*...

ма-минимумымыздан (тап күресі тұрғысынан алып қарағанда!) «ел», «халық» деген сөздерді, т. с. аластау жөнінде зерттеу жазбақшы болып жүрсе керек.

Буржуазиялық революциялар заманында барлық елдер басынан кешірген күрт өзгерістерде ұлттық мемлекет құру правосы үшін соқтығыстар мен күрес болуы мүмкін және ықтимал. Біз, пролетарлар, өзімізді великорус пұрсаттылықтарының *жауымыз* деп күні бұрын жариялаймыз және өзіміздің бүкіл насихатымыз бен үгітімізді осы бағытта жүргіземіз.

«Практицизмнің» соңына түсіп алған Роза Люксембург великорус пролетариатының да, өзге ұлт пролетариатының да *басты* практикалық міндетін көрмей қалған: қандай да болсын мемлекеттік-ұлттық пұрсаттылықтарға қарсы, барлық ұлттардың өз ұлттық мемлекетін құруга праволы, бірдей праволы болуы үшін күнбе-күн үгіт және насихат жүргізу міндетін көрмеген; мұндай міндет ұлт мәселесіндегі біздің (қазіргі) басты міндетіміз, өйткені біз демократияның және әр алуан ұлттардың барлық пролетарларының тең праволы одағының мүдделерін осындай жолмен ғана қорғаймыз.

Мейлі, езуші-великорустардың көзқарасынша да, езілген ұлттар буржуазиясының көзқарасынша да бұл насихат «практикашылдық» болмай-ақ қойсын (бұлардың екеуі де, социал-демократтарды «белгілі бір бағыты жоқ» деп айыптап, иә немесе жоқ деп *ашық* жауап беруді талап етеді). Іс жүзінде нақ осы насихат, тек сол ғана бұқараға шын демократиялық, шын социалистік тәрбие беруді қамтамасыз етеді. Егер Россия ұлт құрамы ала-құла мемлекет болып қалатын болса, мұнда ұлт татулығының неғұрлым зор мүмкіншіліктері болуына тек осындай насихат қана кепілдік береді, егер әр түрлі ұлттық мемлекеттерге бөліну туралы мәселе көтерілетін болса, онда бұлай бөлінудің неғұрлым бейбіт (және пролетарлық тап күресіне зиянсыз) жолмен болуына да тек осындай насихат қана кепілдік береді.

Ұлт мәселесіндегі осы, бірден-бір пролетарлық саясатты неғұрлым нақты түсіндіру үшін біз «ұлттардың өзін өзі билеуіне» великорус либерализмінің көзқарасын және Норвегияның Швециядан бөліну мысалын қарастырамыз.

5. ЛИБЕРАЛ БУРЖУАЗИЯ МЕН СОЦИАЛИСТІК ОППОРТУНИСТЕР ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Россия марксистерінің программасына қарсы күресінде Роза Люксембургтің мынадай дәлелді: өзін өзі билеу правосын мойындау езілген ұлттардың буржуазиялық ұлтшылдығын қолдағандықпен тең деген дәлелді өзінің басты «қаруларының» бірі деп санайтынын біз жоғарыда көрдік. Екінші жағынан, дейді Роза Люксембург, ұлттарға зорлық жасау атаулының қандайына болса да қарсы жүргізілетін күресті ғана өзін өзі билеу правосы деп түсінетін болсақ, онда программаның ерекше пункті болуының керегі жоқ, өйткені социал-демократтар, жалпы алғанда, ұлттық зорлық пен ұлт теңсіздігінің қандайына болса да қарсы.

Бұдан 20 жыл бұрын дерлік Каутский айқын атап көрсеткендей, бірінші дәлел ауру бастың сақинасын сау басқа теліп, ұлтшылдықты басқаға аудара салады, өйткені езілген ұлттар буржуазиясының ұлтшылдығынан қорқып, Роза Люксембург *іс жүзінде* великорустардың қаражүздік ұлтшылдығының сойылын соғушы болып отыр! Екінші дәлел, асылында, ұлттардың тең праволылығын мойындауға бөлініп шығу правосын мойындау кіре ме әлде кірмей ме? деген мәселеден қорғаншақтап жалтарғандық болып табылады. Егер кіретін болса, онда Роза Люксембург біздің программамыздың 9-параграфының принцип жүзінде дұрыстығын мойындайды деген сөз. Егер кірмесе, онда ол ұлттардың тең праволылығын мойындамайды. Бұл арада жалтарып, бұлтарумен ештеңе бітіре алмайсың!

Алайда жоғарыда көрсетілген дәлелдер мен бұл сияқты дәлелдердің бәрін жақсылап тексеретін нәрсе қоғамның *түрліше таптарының* осы мәселеге көзқарасын зерттеу болып табылады. Марксист үшін мұндай тексеру міндетті шарт. Объективті нәрсені негізге алу керек, таптардың осы пункт жөніндегі өзара қарым-қатынасын алып қарау керек. Роза Люксембург мұны істемей, өз қарсыластарын айыптамақ болып босқа тырысқан нақ сол өзі айтқан метафизикалық, абстрак-

тылық, жалпы пайымдаушылық, үстірттік, т. с. күнәға өзі батып отыр.

Әңгіме *российлық* марксистердің, яғни Россияның барлық ұлттары марксистерінің программасы туралы болып отыр. Россияның *үстемдік етуші* таптарының позициясына көз жіберу керек емес пе екен?

«Бюрократияның» (дәл емес сөз қолданғанымыз үшін кешірім сұраймыз) және біріккен дворяндар типіндегі феодалдық помещиктердің позициясы жалпыға мәлім. Олар ұлттардың тең праволы болуын да, өзін өзі билеу правосын да сөзсіз теріске шығарады. Ескі, крепостниктік право заманынан алынған ұран: самодержавие, православие, халық ұраны, соның өзінде халық дегенде тек великорус халқы ғана айтылып отыр. Тіпті украиндар да «бұратапалар» деп жарияланды, олардың ана тілі де қудаланып отыр.

«3 июньнің» заң шығару және басқару системасында өкімет билігіне қатысуға—рас, тым шамалы болса да, дегенмен оған қатысуға «міндеттелген» Россия буржуазиясына қарап көрелік. Октябристер бұл мәселеде іс жүзінде оңшылдардың соңынан еріп отыр, бұл жөнінде көп айтып жатудың реті жоқ. Амал не, кейбір марксистер либералдық великорус буржуазиясының, прогрессистер мен кадеттердің, позициясына әлдеқайда кемірек назар аударып отыр. Ал оның бер жағында, кімде-кім бұл позицияны зерттемесе және оны ойластырып қарамаса, ол ұлттардың өзін өзі билеу правосын талқылағанда абстрактылыққа, дәлелсіз құрғақ сөзге салынушылыққа ұрынбай қоймайды.

Өткен жылы «Правданың» «Речьпен» айтысы конституциялық-демократиялық партияның «қолайсыз» мәселелерге тура жауап беруден дипломаттық жасап, жалтара кетуге соншама шебер осы басты органын дегенмен кейбір бағалы мойындауларға баруға мәжбүр етті. Дау 1913 жылдың жазында Львовта болған студенттердің бүкіл украиндық съезіне[110] байланысты туды. Машықтанған «украин маманы» немесе «Речьтің» украиндық қызметкері Могилянский мырза мақала бастырып, онда Украинаның сепарация (бөлініп шығу) идеясын мүлде жер-жебіріне жеткізе балағаттады

(«сандырақ», «авантюризм», т. т. деді), бұл идеяны национал-социал Донцов қатты жақтаған және әлгі аталған съезд мақұлдаған болатын.

«Рабочая Правда» газеті Донцов мырзаның пікіріне ешбір қосылмастан, оның национал-социал екенін, көптеген украин марксистерінің онымен келіспейтінін тура көрсетіп, алайда «Речьтің» *сарыны*, дұрысырақ айтқанда: «Речьтің» *мәселені принципті қойысы* мүлде келісімсіз, великорус демократы үшін немесе демократ атангысы келетін адам үшін мүлде жөнсіз екенін мәлімдеді*. «Речь» Донцов мырзалардың пікірлерін турадан-тура теріске шығара берсін-ақ, бірақ бөлініп шығу *бостандығын*, бөлініп шығу *правосын* ұмыту жалған демократияның великорустық органына *принципінде* лайық іс емес.

Бірнеше ай өткеннен кейін Львовтың «Шляхи»[111] деген украин газетінен Донцов мырзаның қарсы пікірлері туралы біліп алып, Могилянский мырза «Речьтің» 331-номерінде «түсіндірме» берді, ал оның бер жағында Донцов мырза: ««Речьтің» шовинистік әрекетін орыстың социал-демократиялық баспасөзі ғапа тиісінше масқаралады (бетіне басты?)» деп көрсеткен болатын. Могилянский мырзаның «түсіндірмелері» мынау еді: ол «Донцов мырзаның рецептерін сынау» «ұлттардың өзін өзі билеу правосын бекерге шығарумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды» дегенді үш рет қайталады.

«Айта кету керек,— деп жазды Могилянский мырза,— «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» да сынауға болмайтын пәленденей бір фетиш емес (тыңдаңыз!!): ұлт өмірінің кесапатты жағдайлары ұлттың өзін өзі билеуі ісінде кесапатты тенденциялар туғызуы мүмкін, ал бұларды ашып көрсету ұлттардың өзін өзі билеу правосын теріске шығарғандық бола бермейді».

Көріп отырсыздар, либералдың «фетиш» жөнінде айтқандары Роза Люксембург сөздерінің рухына әбден сай келіп отыр. Саяси жағынан өзін өзі билеу, яғни бөлініп шығу правосын ол мойындай ма, әлде мойындамай ма?— деген сұраққа тура жауап беруден Могилянский мырзаның жалтарғысы келгені анық болды.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 370—371-беттер. *Ред.*

Ал «Пролетарская Правда» (№ 4, 11 декабрь, 1913 ж.) Могилянский мырзаға да, конституциялық-демократиялық *партияға* да бұл сұрақты *тікесінен* қойды*.

Сол кезде «Речь» газеті (№ 340) осы сұраққа жауап беретін, қол қойылмаған, яғни ресми-редакциялық, мәлімдеме басып шығарды. Бұл жауап мынадай үш пунктке келіп саяды:

1) Конституциялық-демократиялық партия программасының 11-параграфында ұлттардың *«мәдени жағынан* өзін өзі еркті түрде билеу правосы» туралы тіке, дәлме-дәл және анық айтылған.

2) «Речьтің» сендіруіне қарағанда, «Пролетарская Правда» өзін өзі билеуді сепаратизммен, белгілі бір ұлттың бөлініп шығуымен «мүлде шатастырып отыр».

3) *«Шынында, орыс мемлекетінен «ұлттардың бөлініп шығу» правосын кадеттер еш уақытта қорғап көрген де емес».* («Пролетарская Правданың» 1913 ж. 20 декабрьдегі 12-номерінде басылған «Национал-либерализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақаланы қараңыз**).

Алдымен «Речь» мәлімдемесінің екінші пунктіне назар аударайық. «Өзін өзі билеудің» мағынасы бейне бір «күңгірт» немесе «анық емес» екені жөніндегі өздерінің айқай-шуы мен лақаптарының *іс жүзінде*, яғни Россиядағы таптар мен тап күресінің объективті арақатынасы тұрғысынан қарағанда, либерал-монархиялық буржуазияның сөздерін *жай әншейін қайталап айтқандық* екенін бұл пункт Семковский, Либман, Юркевич мырзаларға және басқа оппортунистерге қалайша айқын көрсетіп отыр десеңізші!

«Пролетарская Правда» «Речьтегі» көзі ашық «конституционалист-демократ» мырзаларға мынадай *үш* сұрақ қойған кезде: 1) халықаралық демократияның бүкіл тарихында, әсіресе XIX ғасырдың ортасынан бастап, ұлттардың өзін өзі билеуі дегенде нақ саяси жағынан өзін өзі билеуі, өз алдына ұлттық мемлекет құруға праволы болуы айтылатынын олар бекерге шығара ма? 2) 1896 жылы Лондонда болған халықаралық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 227—229-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: бұл да сонда, 268—270-беттер. *Ред.*

социалистік конгрестің жұртқа мәлім шешімінің мағынасы да сол екенін олар бекерге шығара ма? және 3) сонау 1902 жылы өзін өзі билеу туралы жазған Плеханов мұны нақ саяси жағынан өзін өзі билеу деп түсінгенін олар бекерге шығара ма?—«Пролетарская Правда» міне осы үш сұрақты қойғанда, *кадет мырзалардың үні өшті!!*

Олар тіс жарып жауап қатпады, өйткені олардың беретін жауабы да жоқ еді. Олар «Пролетарская Правданыкі» сөзсіз дұрыс екенін үн-түнсіз мойындауға тиіс болды.

«Өзін өзі билеу» ұғымының күңгірттігі туралы, оны социал-демократтардың сепаратизммен «мүлде шатастыруы» туралы либералдардың көтеріп жүрген айқайшуы мәселені *шатастыруға,* демократия арқылы жалпы орныққан принципті мойындаудан жалтаруға ұмтылушылықтың дәл өзі, одан басқа түк те емес. Егер Семковский, Либман және Юркевич мырзалар соншалықты надан болмаса, олар жұмысшылардың алдында *либералдық* рухта пікір айтуға ұялар еді.

Бірақ ілгері баралық. «Пролетарская Правда» «мәдени жағынан» өзін өзі билеу деген сөздердің кадеттердің программасындағы мағынасы, атап айтқанда, *саяси жағынан* өзін өзі билеуді *теріске шығару* екенін «Речьке» мойындатпай қоймады.

«Шынында, орыс мемлекетінен «ұлттардың бөлініп шығу» правосын кадеттер еш уақытта қорғап көрген де емес»—«Речьтің» бұл сөздерін «Пролетарская Правда», біздің кадеттердің «адал ниеттілігінің» үлгісі ретінде, «Новое Время» мен «Земщинаға»[112] текке ұсынған жоқ. «Новое Время» газеті өзінің 13563-номерінде «жөйтті» еске салу, кадеттерге әрқилы шымшыма сөздер айту ретін, әрине, құр жібермей, дегенмен былай деді:

> «Эсдектер үшін саяси даналықтың аксиомасы болып табылатын нәрселер» (яғни ұлттардың өзін өзі билеу, бөлініп шығу правосын мойындау) «қазіргі кезде тіпті кадеттер арасында да пікір алалығын туғыза бастады».

Біз «орыс мемлекетінен ұлттардың бөлініп шығу правосын еш уақытта қорғап көрген де емеспіз» деген-

ді мәлімдеп, кадеттер «Новое Времямен» принципті түрде әбден бірдей позиция ұстады. Кадеттердің *национал-либерализмінің,* олардың Пуришкевичтерге жақындығының, олардың осы соңғыларға идеялық-саяси және практикалық-саяси тәуелділігінің бір негізінің өзі де міне осында. «Кадет мырзалар тарихты оқыған,— деп жазды «Пролетарская Правда»,— сондықтан олар Пуришкевичтердің «қамту, жібермеу»[113] деген ежелгі правосын қолдану көп реттерде іс жүзінде қаншалықты, жұмсағырақ айтқанда, «ойран тәрізді» әрекеттерге әкеліп соққанын әбден жақсы біледі». Пуришкевичтердің өктемдік жүргізуінің феодалдық негізі мен сипатын әбден жақсы біле тұрып, кадеттер сонда да нақ осы тап орнатқан қарым-қатынастар мен шектер *жағына* толық шығып отыр. Осы тап орнатқан немесе белгілеп берген қарым-қатынастар мен шектерде европалық емес, европалық дегенге қарсы (біз азиялық деген болар едік, егер мұның өзі жапондар мен қытайларды лайықсыз кемсіту сияқты болып естілмесе) нәрселердің соншалықты көп екенін тамаша біле тұрып, кадет мырзалар бұларды онан әрі аттап өтуге болмайтын шек деп таниды.

Міне, мұның өзі Пуришкевичтерге бейімделгендік, олардың алдында құрдай жорғалаушылық, олардың жағдайына нұқсан келтіріп алмайық деп қорыққандық, оларды халық қозғалысынан, демократиядан қорғағандық болып табылады. «Мұның өзі,—деп жазды «Пролетарская Правда»,— іс жүзінде крепостниктердің мүдделеріне бейімделгендік және үстем ұлттың ең жаман ұлтшылдық соқыр сенімдеріне қарсы ұдайы күрес жүргізу орнына, сол соқыр сенімдерге бейімделгендік болып табылады».

Біздің заманымызда Шығыс Европаны да, Азияны да сипаттайтын, бұл екеуін де цивилизациялы, капиталистік елдердің үлгісімен қайта өзгертуді көздейтін демократиялық қозғалыс,—міне, бұл қозғалыс феодалдық заман, Пуришкевичтер өктемдігінің заманы және буржуазия мен ұсақ буржуазия қалың топтарының правосыз заманы белгілеген шектерді сөзсіз тұрақты етіп қалдыруға тиіс деп пайымдауға тарихпен таныс

және демократизмнен дəмесі бар адамдар ретінде кадеттер тіпті əрекеттеніп те отырған жоқ.

«Пролетарская Правданың» «Речьпен» айтысында көтерілген мəселенің əсте əдеби мəселе ғана болмағанын, оның бүгінгі таңдағы саяси жағынан шын келелі мəселеге қатысты екенін, мұны, соз арасында айта кетсек, конституциялық-демократиялық партияның 1914 жылғы 23—25 мартта болып откен соңғы конференциясы дəлелдеді. «Речьтің» бұл конференция туралы берген ресми есебінен (№ 83, 26 март, 1914) мынаны оқимыз:

«Ұлт мəселесі де ерекше қызу талқыланды. Н. В. Некрасов пен А. М. Колюбакин қосылған Киев депутаттары ұлт мəселесі толғағы жетіп келе жатқан ірі фактор, мұны бұрынғыдан анағұрлым батылырақ қолға алу керек дегенді айтты. Алайда» (мұның өзі Щедриннің «бірақ»—«құлақ маңдайдан жоғары бітпейді, бітпек те емес» дегендегі «бірағына» сай келетін «алайданың» дəл өзі), «программа да, өткендегі саяси тəжірибе де «ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі» деген «созылмалы формулаларға» өте сақ болуды талап етеді деді Ф. Ф. Кокошкин».

Кадеттердің конференциясында айтылган бұл өгемоте тамаша пікір барлық марксистер мен барлық демократтар барынша назар аударуға тұрарлық пікір. (Жақшаның ішінде айта кетелік, сірə, өте жақсы хабардар жəне Кокошкин мырзаның ойындағы пікірін, күмəнсыз, дұрыс жеткізіп отырған «Киевская Мысль» өзінен мынаны қосты: Кокошкин, əрине, өз оппоненттерін сақтандыру түрінде, мемлекеттің «ыдырау» қаупі бар дегенді əдейі алға тартты).

Пердені мүмкін-қадарынша азырақ көтеру үшін, мүмкін-қадарынша көбірек жасыру үшін «Речьтің» ресми есебі асқан дипломаттықпен шебер жазылған. Бірақ, дегенмен де, кадеттер конференциясында не болғаны негізінен алғанда айқын. Делегаттар — Украинадағы істің жайымен таныс либерал буржуа жəне «солшыл» кадеттер, *атап айтқанда,* ұлттардың *саяси жағынан* өзін өзі билеуі *туралы* мəселе қойды. Олай болмаған күнде Кокошкин мырзаның бұл «формулаға» «сақ болуға» шақыруының қажеті де болмас еді.

Кадеттердің программасында, атап айтқанда, саяси

жағынан өзін өзі билеу *емес*, қайта «мәдени жағынан» өзін өзі билеу қойылып отыр, бұл программа кадеттер конференциясының делегаттарына, әлбетте, мәлім еді. Олай болса, Кокошкин мырза программаны Украина делегаттары*нан*, солшыл кадеттер*ден қорғады*, «саяси жағынан» өзін өзі билеуге *қарсы шығып*, «мәдени жағынан» өзін өзі билеуді жақтады. «Саяси жағынан» өзін өзі билеуге қарсы шыға отырып, «мемлекеттің ыдырау» қаупі бар дегенді алға тарта отырып, «саяси жағынан өзін өзі билеу» формуласын *«созылмалы»* формула деп атай отырып (нағыз Роза Люксембург рухында!), Кокошкин мырза конституциялық-демократиялық партияның негұрлым «солшыл» немесе негұрлым демократияшыл элементтеріне қарсы шығып, украин буржуазиясына қарсы шығып, великорус национал-либерализмін жақтады.

Кокошкин мырза кадеттер конференциясында жеңіп шықты, мұның өзі «Речьтің» есебіндегі «алайда» деген сатқындық сөзсымақтан көрініп тұр. Кадеттер арасында великорус национал-либерализмінің мерейі үстем болды. Бұл жеңіс Россия марксистерінің арасындағы жалғыз-жарым ақылсыз адамдардың ақылын серпілтуге көмектеспес пе екен, бұлар да кадеттердің ізінше «ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуінің созылмалы формулаларынан» қорқа бастады ғой?

«Алайда», істің шын мәні жағынан алып, Кокошкин мырзаның ой өрісіне қарап көрелік. «Өткендегі саяси тәжірибені» (яғни, тегінде, великорус буржуазиясы өзінің ұлттық пұрсаттылықтары үшін қорқып, өз қорқынышымен кадет партиясын қорқытқан кездегі бесінші жылдың тәжірибесін болар) дәлел етіп, «мемлекеттің ыдырау» қаупі бар дегенді алға тартып, Кокошкин мырза саяси жағынан өзін өзі билеудің бөлініп шығып, дербес ұлттық мемлекет құру правосынан басқа ештеңе де емес екенін тамаша түсінетіндігін байқатты. Мынадай сұрақ туады: Кокошкин мырзаның осы қауіптенулеріне, жалпы алғанда, демократия тұрғысынан және әсіресе пролетарлық тап күресі тұрғысынан алғанда, қалай қарау керек?

Кокошкин мырза бізді бөлініп шығу правосын мойындау «мемлекеттің ыдырау» қаупін арттыра түседі деп сендірмек болады. Мұның өзі — «қамту, жібермеу» деген ұраны бар будочник Мымрецовтың көзқарасы. Жалпы алғанда, демократия тұрғысынан дәл мұның керісінше: бөлініп шығу правосын мойындау «мемлекеттің ыдырау» қаупін *кеміте түседі*.

Кокошкин мырза нағыз ұлтшылдар рухында пайымдап отыр. Өздерінің соңғы съезінде ұлтшылдар «мазепашыл»-украиндардың жер-жебіріне жетті. Украин қозғалысы—деп лепірді Савенко мырза мен К°—Украинаның Россиямен байланысын әлсірету қаупін туғызып отыр, өйткені Австрия өзінің украинофильдігі арқылы украиндардың Австриямен байланысын нығайтады!! Бір түсініксіз қалған нәрсе — Россияның Савенко сияқты мырзалар Австрияға кінә етіп тағып отырған *әдістің дәл өзімен*, яғни украиндарға ана тілі бостандығын, өзін өзі басқару, автономиялы сейм, т. т. беру арқылы украиндардың Россиямен байланысын «нығайтып» көрмейтінінің себебі не?

Савенко мырзалар мен Кокошкин мырзалардың пайымдаулары толық біртектес және таза логикалық жағынан бірдей күлкілі, қисынсыз. Белгілі бір елде украин ұлтының бостандығы неғұрлым көбірек болса, бұл ұлттың сол елмен байланысының соғұрлым берігірек болатыны айқын емес пе? Демократизмнің барлық қағидаларынан біржола қол үзбейік десек, бұл ап-айқын ақиқатқа қарсы таласуға болмайтын сияқты. Ал бөлініп шығу бостандығынан, дербес ұлттық мемлекет құру бостандығынан артық, былайша айтқанда, ұлт бостандығы болуы мүмкін бе?

Либералдар (және жете түсінбегендіктен олардың жырын жырлап жүрген адамдар) шатастырып отырған бұл мәселені мұнан да гөрі түсіндіре түсу үшін ең қарапайым мысал келтірейік. Ажырасу туралы мәселені алайық. Роза Люксембург өз мақаласында: орталықтанған демократиялық мемлекет жеке бөліктерінің автономиясына барынша көне отырып, заң шығару ісінің барлық маңызды салаларын, айтқандайын, ажырасу туралы заң шығаруды да орталық парламенттің қара-

уында қалдыруға тиіс деп жазады. Демократиялық мемлекеттің орталық өкіметінің ажырасу бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі бұл қамқорлығы әбден түсінікті нәрсе. Реакционерлер, ажырасу бостандығына «сақ болуға» шақырып, оның өзі «семьяның ыдырауы» деген сөз деп шу көтеріп, ажырасу бостандығына қарсы шығады. Ал демократияның шамалауынша, реакционерлер іс жүзінде полиция мен бюрократияның өктемдік жүргізуін, жыныстың бірінің пұрсаттылығын, әйелді барынша езгіде ұстауды жақтап, екіжүзділік жасайды; — іс жүзіне келгенде, ажырасу бостандығы семьялық байланыстардың «ыдырауын» емес, қайта, бұл байланыстардың цивилизациялы қоғамда бірден-бір мүмкін және орнықты демократиялық негіздерде нығаюын көрсетеді.

Ажырасу бостандығын жақтаушыларды семьялық байланыстардың ыдырауын мадақтайды деп айыптау қандай ақымақтық, қандай екіжүзділік болса, өзін өзі билеу бостандығын, яғни бөлініп шығу бостандығын жақтаушыларды сепаратизмді мадақтайды деп айыптау да нақ сондай ақымақтық, нақ сондай екіжүзділік болады. Буржуазиялық қоғамда буржуазиялық неке негізделетін пұрсаттылықтар мен сатылғыштықты қорғаушылар ажырасу бостандығына қарсы шығатыны сияқты, капиталистік мемлекетте өзін өзі билеу, яғни ұлттардың бөлініп шығу бостандығын теріске шығару — үстем ұлттың пұрсаттылықтарын және басқарудың демократиялық тәсілдеріне кесел келтіріп, оның полицейлік тәсілдерін қорғауды ғана көрсетеді.

Капиталистік қоғамның барлық қатынастарынан туатын саясатқұмарлықтың кейде парламентарийлердің немесе публицистердің белгілі бір ұлттың бөлініп шығуы жөніндегі барып тұрған ұшқалақ, керек десе, тіптен өрескел мылжыңын туғызатыны күмәнсыз. Бірақ тек реакционерлер ғана осындай мылжыңнан қорқуы мүмкін (немесе өздері қорқып қалғандай болып көлгірсуі мүмкін). Кімде-кім демократиялық көзқараста болса, яғни мемлекеттік мәселелерді халық бұқарасының шешуі жағында болса, ол саясатқұмарлардың мылжыңынан бұқараның шешіміне дейінгі «екі ара жер

мен коктей»[114] екенін жақсы біледі. Халық бұқарасы географиялық және экономикалық байланыстардың маңызын, ірі рынок пен ірі мемлекеттің артықшылығын күнделікті тәжірибеден өте жақсы біледі, сондықтан бірге өмір сүруді ұлттық езгі мен ұлттық егестер мүлде адам төзгісіз етіп, қандай да болсын барлық шаруашылық қатынастарына бөгет жасаған кезде ғана халық бұқарасы бөлініп шығуға барады. Ал мұндай ретте капиталистік дамудың және тап күресі бостандығының мүдделері нақ сол бөлініп шығушылар жағында болады.

Сонымен, Кокошкин мырзаның пікірлеріне қай жағынан келсең де, бұл пікірлер шектен шыққан өрескелдік, демократия принциптерін келекелегендік болып шығып отыр. Бірақ бұл пікірлерде белгілі бір логика бар; ол — великорус буржуазиясының таптық мүдделерінің логикасы. Конституциялық-демократиялық партияның көпшілігі сияқты, Кокошкин мырза да — осы буржуазияның ақшалы қапшығының малайы. Ол, жалпы алғанда, осы буржуазияның пұрсаттылықтарын, әсіресе оның *мемлекеттік* пұрсаттылықтарын қорғайды, бұларды қорғағанда Пуришкевичпен бірге, сонымен қатар жүріп қорғайды,— тек Пуришкевич крепостниктік шоқпарға көбірек сенеді, ал Кокошкин мен К[0] бұл шоқпарды бесінші жылдың қаусатып кеткенін көріп отыр, сондықтан бұқараны ақымақ етудің буржуазиялық амалдарына, мәселен, мещандар мен шаруаларды «мемлекеттің ыдырауы» елесімен қорқытуға, «халық бостандығының» тарихи негіздермен жалғасуы туралы құрғақ сөздермен, т. б. алдауға көбірек үміт артады.

Ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі принципіне либералдық дұшпандықтың нақтылы таптық мәні — біреу, тек қана біреу: национал-либерализм, великорус буржуазиясының мемлекеттік пұрсаттылықтарын жақтау. Ал марксистер арасында дәл қазір, үшінші июнь системасының заманында ұлттардың өзін өзі билеу правосына жабыла қарсы шығып отырған россиялық оппортунистер, барлық осы: жойымпаз Семковский, бундист Либман, украин ұсақ буржуасы Юркевич, *іс жүзінде* тек әншейін национал-либерализмнің соңын-

да сүйретіліп жүр, жұмысшы табын национал-либералдық идеяларменаздырып жүр.

Жұмысшы табының және оның капитализмге қарсы күресінің мүдделері барлық ұлттар жұмысшыларының толық ынтымақтастығы мен тығыз бірлігін талап етеді, қай ұлттың болса да буржуазиясының ұлтшылдық саясатына тойтарыс беруді талап етеді. Сондықтан, егер социал-демократтар езілген ұлттардың өзін өзі билеу правосын, яғни бөлініп шығу правосын теріске шығара бастайтын болса да, сондай-ақ егер социал-демократтар езілген ұлттар буржуазиясының барлық ұлттық талаптарын қолдай бастайтын болса да, мұның екеуі де пролетарлық саясаттың міндеттерінен жалтарғандық, жұмысшыларды буржуазиялық саясатқа бағындырғандық болар еді. Жалдама жұмысшының басым қанаушысы великорус буржуазиясы болғаны өзге ұлт буржуазиясының болғанынан тәуір ме, әлде еврей буржуазиясына қарағанда поляк буржуазиясының болғаны, т. б. тәуір ме,— жалдама жұмысшыға мұның бәрі бір. Өз табының мүдделерін ұғынған жалдама жұмысшы великорус капиталистерінің мемлекеттік пұрсаттылықтарын да, өздері мемлекеттік пұрсаттылықтарға ие болған кезде жер бетінде жұмақ орнайды дейтін поляк немесе украин капиталистерінің уәделерін де елең қылмайды. Біртұтас ала-құла мемлекетте де, жеке ұлттық мемлекеттерде де капитализм дамып келеді, ол бұдан былайғы жерде де қалай да дами береді.

Қалай дегенмен де жалдама жұмысшы қанау объектісі болып қала береді, сондықтан сол қанауға қарсы ойдағыдай күрес жүргізу ісі пролетариаттың ұлтшылдықтан тәуелсіз болуын талап етеді, түрлі ұлттар буржуазиясының бірінен бірі озып шығу үшін жүргізетін күресінде пролетарлардың, былайша айтқанда, толық бейтарап болуын талап етеді. Қайсыбір ұлт пролетариатының «өз» ұлттық буржуазиясының пұрсаттылықтарын аз да болса қолдауы екінші бір ұлт пролетариатының сенбеуін сөзсіз туғызады, жұмысшылардың интернационалдық таптық ынтымақтастығын әлсіретеді, олардың арасын ашып, буржуазияны шаттандырады. Ал өзін өзі билеу немесе бөлініп шығу правосын

теріске шығару іс жүзінде үстем ұлттың пұрсаттылықтарын қолдағандық болмай қоймайды.

Норвегияның Швециядан бөлініп шығуының нақтылы мысалын алып қарайтып болсақ, бұған біздің онан да гөрі айқынырақ көзіміз жетеді.

6. НОРВЕГИЯНЫҢ ШВЕЦИЯДАН БӨЛІНІП ШЫҒУЫ

Роза Люксембург нақ осы мысалды алып, бұл жөнінде былайша пікір айтады:

«Федерациялық қатынастардың тарихындағы соңғы оқиға, Норвегияның Швециядан бөлініп шығуы,— мемлекеттік бөлінуге ұмтылушылықтың күші мен прогресшілдігінің сүйсінерлік көрінісі деп социал-патриоттық поляк баспасөзі кезінде асыға іліп әкеткен (Краковтың «Напшуд» газетін қараңыз) оқиға,— салған жерден федерализм мен осыдан туатын мемлекеттік бөліну әсте де прогресшілдіктің немесе демократизмнің көрінісі емес екендігінің ғажап дәлеліне айналды. Швед королін орнынан түсіріп, Норвегиядан қуған норвег «революциясы» деп аталатынпан кейін норвегтер республика құру жобасын халықтың дауыс беруімен формальды түрде қабылдамай тастады да, тыптыныш өздеріне басқа король сайлап алды. Әр алуан ұлттық қозғалыстар мен тәуелсіздік сияқтылардың бәрін үстіртін жақтаушылардың «революция» деп жариялаған нәрсесі шаруалық және ұсақ буржуазиялық партикуляризмнің, швед аристократиясы еріксіз таңған корольдің орнына өз ақшасына «меншікті» өз королі болуын тілеушіліктің жай көрінісі еді, ал олай болса, революцияшылдықпен тіптен ешқандай қатысы жоқ қозғалыс еді. Мұнымен бірге швед-норвег униясының ажырауының осы тарихы бұған дейін өмір сүрген федерацияның бұл ретте де қаншалықты дәрежеде нағыз династиялық мүдделердің көрінісі ғана болғанын, демек, монархизм мен реакцияның формасы ғана болғанын тағы да дәлелдеді» («Пшеглонд»).

Роза Люксембургтің бұл пункт жөнінде бар айтатыны міне осы!! Өз позициясының дәрменсіздігін Роза Люксембургтің осы мысалда байқатқанынан айқынырақ байқатуы қиып-ақ болар еді, мұны мойындау керек.

Ұлттық құрамы ала-құла мемлекетте социал-демократтар үшін өзін өзі билеу немесе бөлініп шығу правосын мойындайтын программа қажет пе, жоқ па—мәселе осы туралы болды және осы туралы болып отыр.

Ал енді Роза Люксембургтің өзі келтірген Норвегияның мысалы осы мәселе жөнінде бізге нені көрсетеді?

Біздің автор әрлі-берлі орағытып, бұлтақтайды, өткір создер айтып, «Напшудқа»[115] қарсы шу көтереді, бірақ сұраққа жауап бермейді!! Роза Люксембург мәселенің шын мәнісі жөнінде *бірде-бір сөз айтпау* үшін не болса соны сөз қылады!!

Норвегияның ұсақ буржуасы өз ақшасына өз королі болуын тілеп және республика құру жобасын халықтың дауыс беруімен өткізбей тастап, тым нашар мещандық қулқын байқатқаны күмәнсыз. «Напшуд», егер өзі мұны аңғармаса, оның дәл сондай нашар, дәл сондай мещандық қулқын байқатқаны күмәнсыз.

Бірақ мұның бәрінің мәселеге қандай қатысы бар??

Әңгіме ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және социалистік пролетариаттың осы правоға көзқарасы туралы болып отыр ғой! Роза Люксембургтің сұраққа жауап бермей, айналсоқтап орағыта беретіні несі?

Тышқанға мысықтан күшті аң жоқ деген сөз бар. Роза Люксембург үшін, сірә, «фрактан» күшті аң болмаса керек. «Поляк социалистік партиясын», революцияшыл фракция дейтінді қарапайым тілде «фрактар» деп атайды, ал Краковтың «Напшуд» деген газетсымағы осы «фракцияның» идеяларына қосылады. Роза Люксембургтің осы «фракцияның» ұлтшылдығымен жүргізген күресі біздің авторды адастырғаны сонша, тіпті оның көзіне «Напшудтан» басқа дәнеңе ілінбейді.

Егер «Напшуд»: «иә» десе, Роза Люксембург дереу: «жоқ» деп жариялауды өзінің қасиетті борышы деп есептейді, мұндай тәсілмен ол өзінің «Напшудтан» тәуелсіздігін емес, қайта, нақ мұның керісінше, өзінің «фрактарға» кісі күлерліктей тәуелді екенін көрсететінін, мәселеге Краковтағы құмырсқа илеуінің тұрғысынан гөрі біраз тереңірек, кеңірек тұрғыдан қарауға өзінің қабілетсіз екенін көрсететінін мүлде ойламайды. Әрине, «Напшуд» өте нашар орган, әсте маркстік орган емес, бірақ бұл жағдай Норвегияны мысалға алған соң біздің оны шын мәнісінде талдап тексеруімізге бөгет жасамасқа тиіс.

Бұл мысалды марксисше талдап тексеру үшін біз

керемет қорқынышты «фрактардың» жаман құлықтарына тоқталуға тиіс емеспіз, қайта 1-ден, Норвегияның Швециядан бөлініп шығуының нақтылы тарихи ерекшеліктеріне тоқталуға тиіспіз, 2-ден, осы бөлініп шығуда екі ел *пролетариатының* міндеттері қандай болғанына тоқталуға тиіспіз.

Норвегияны Швециямен жақындастыратын географиялық, экономикалық және тіл жөнінен тығыз байланыстар великорус емес бірсыпыра славян ұлттары мен великорустар арасындағы сондай байланыстардан кем емес. Бірақ Норвегияның Швециямен одағы ерікті одақ болған жоқ, демек, «федерация» туралы Роза Люксембург тіптен босқа әңгіме қылып отыр, тек әншейін не айтарын білмегендіктен әңгіме қылып отыр. Наполеон соғыстары кезінде монархтар норвегтердің еркіне қарамастан Норвегияны Швецияға *беріп жіберді,* сөйтіп шведтер Норвегияны өздеріне бағындыру үшін оған әскер кіргізуге тиіс болды.

Осыдан кейін талай ондаған жылдар бойына, Норвегия пайдаланған мейлінше кең автономияға (өзінің сеймі, т. б.) қарамастан, Норвегия мен Швеция арасында үздіксіз егес болып тұрды, сөйтіп норвегтер швед аристократиясының бұғауынан құтылуға бар күшін сала тырысты. 1905 жылғы августа олар, ақыр аяғында, одан құтылды да: Норвегия сеймі швед королі Норвегияның королі болудан қалды деп қаулы етті, ал сонан кейін жүргізілген референдум, норвег халқының пікірін сұрастыру, Швециядан толық бөлініп шығуды жақтаған басым көпшілік дауысын берді (бірнеше жүз дауысқа қарсы 200 мыңдай дауыс). Біраз дағдарып барып шведтер бұл бөлініп шығу фактісіне көнді.

Бұл мысал бізге қазіргі экономикалық және саяси қатынастар тұсында ұлттардың бөлініп шығуы қандай негізде болуы мүмкін екенін және болатынын, бөлініп шығудың кейде саяси бостандық пен демократизм жағдайында қандай *форма* алатынын көрсетеді.

Бірде-бір социал-демократ, егер ол саяси бостандық пен демократизм мәселелеріне немқұрайды қарайтынын жариялауға бел байламаса (ал бұлай болғанда ол, әлбетте, социал-демократ болудан қалар еді), мына

жайды теріске шығара алмайды: бұл мысал ұлттардың бөлініп шығуы жолында болуы ықтимал соқтығыстар «орысша» шешілмей, 1905 жылы Норвегия мен Швеция арасында қалай шешілген болса, олардың *тек солай* шешілуін үнемі насихаттап, әзірлеп отыру саналы жұмысшылар үшін *міндетті* іс екенін *іс жүзінде* дәлелдеп отыр. Дәл осының өзі ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындау жөніндегі программалық талаптан көрініп отыр да. Сондықтан норвег мещандарының мещандығы мен Краков «Напшудына» кәрін тігіп тису арқылы Роза Люксембургтің өз теориясы үшін ұнамсыз фактіден сылтауратып жалтаруына тура келді, өйткені бұл тарихи факті оның: ұлттардың өзін өзі билеу правосы «утопия» дейтін, бұл право «алтын табақтан ас ішу» правосымен бір дейтін, т. с. сөздерін қаншалықты *үзілді-кесілді теріске шығаратынын* Роза Люксембург жақсы түсінді. Мұндай сөздер Шығыс Европа ұлттары арасындағы күштердің қазіргі арасалмағының өзгермейтіндігіне бейшаралық-паңдықпен, оппортунистікпен сенушілікті ғана көрсетеді.

Ілгері барайық. Қандай да болсын өзге мәселедегі сияқты, ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселеде де біздің ең алдымен және бәрінен гөрі білгіміз келетіні ұлттар ішінде пролетариаттың өзін өзі билеуі. Роза Люксембург сыпайыгерлікпен бұл мәселеге де соқпай өте шыққан, өзі алған Норвегияның мысалы арқылы бұл мәселені талдап тексеру өз «теориясы» үшін тиімсіз нәрсе екенін сезген.

Бөлініп шығу жолындағы жанжалда норвег пролетариаты мен швед пролетариатының позициясы қандай болды және қандай болуға тиіс еді? Норвегияның сапалы жұмысшылары, әрине, бөлініп шыққаннан *кейін* республиканы жақтап дауыс берер еді*, ал егер мұнан басқаша дауыс берген социалистер болған болса, онда мұның өзі европалық социализмде топас, мещандық оппортунизмнің кейде соншалықты көп екенін ғана

* Егер норвег ұлтының көпшілігі монархия жағында болып, ал пролетариат республика жағында болған болса, онда норвег пролетариаты алдында, жалпы айтқанда, екі жол ашылар еді: не революция, егер революция үшін жағдай пісіп жеткен болса, не көпшілікке бағынып, ұзақ уақыт бойына насихат пен үгіт жұмысын жүргізу жолы.

дәлелдейді. Бұл жөнінде екі түрлі пікір болуы мүмкін емес, ал біз болсақ бұл пунктке Роза Люксембург істің мәнін *тақырыпқа байланысты емес* сөздермен бүркегісі келетіндіктен ғана тоқталып отырмыз. Бөлініп шығу мәселесі жөнінде социалистік норвег программасы норвег социал-демократтарын белгілі бір пікірде болуға міндеттеді ме, жоқ па,— біз мұны білмейміз. Міндеттеген жоқ делік, еркін тап күресі үшін Норвегияның автономиясы қаншалықты жеткілікті еді және швед аристократиясымен таусылмайтын егестер мен жанжалдар шаруашылық өмірдің еркіндігін қаншалықты бөгеді деген мәселені норвег социалистері ашық қалдырды делік. Бірақ норвег пролетариаты норвег шаруа демократиясын жақтап (бұл соңғының барлық мещандық тар өрістілігіне қарамастан), әлгі аристократияға қарсы шығуға тиіс болды, бұл даусыз.

Ал швед пролетариаты ше? Жұртқа мәлім, швед поптары дем берген швед помещиктері Норвегияға қарсы соғыс ашуды уағыздады, ал Норвегия Швециядан әлдеқайда әлсіз болғандықтан, ол шведтердің басқыншылығын басынан да кешіріп көргендіктен, швед аристократиясының өз елінде ықпалы өте күшті болып отырғандықтан, бұл уағыз өте зор қауіп болды. Швед Кокошкиндері «ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі жөніндегі созылмалы формулаларға» «сақ болуға» шақыруымен, «мемлекеттің ыдырауы» қаупін адам шошырлық қылып көрсетуімен, «халық бостандығы» швед аристократиясының негіздерімен сыйыса алады деп сендіруімен швед бұқарасын ұзақ уақыт бойы, жанын сала аздырып келді, бұған кепіл болуға болады. Егер швед социал-демократиясы бар күшін салып әрі помещиктік, әрі «кокошкиндік» идеология мен саясатқа қарсы күреспеген болса, егер ол жалпы алғанда ұлттардың тең праволы болуына (мұны Кокошкиндер де мойындайды) *қоса* ұлттардың өзін өзі билеу правосын, Норвегияның бөлініп шығу бостандығын жақтамаған болса, онда ол социализм ісі мен демократия ісіне опасыздық жасаған болар еді, бұған ешқандай күмән болмасқа тиіс.

Норвегтердің бөлініп шығуға праволылығын швед жұ-

мысшыларының осы мойындауынан норвег жұмысшылары мен швед жұмысшыларының тығыз одағы, олардың толық жолдастық таптық ынтымақтастығы *ұтып шықты.* Өйткені швед жұмысшыларының швед ұлтшылдығына шалдықпағанына, норвег пролетарларымен туысқандықты олардың швед буржуазиясы мен аристократиясының пұрсаттылығынан гөрі жоғары санайтынына норвег жұмысшыларының көзі жетті. Европа монархтары мен швед аристократтарының Норвегияға әкеп таңған байланыстарының бұзылуы норвег жұмысшылары мен швед жұмысшыларының арасындағы байланысты күшейтті. Швед жұмысшылары мынаны дәлелдеп шықты: бұлар буржуазиялық саясаттың *барлық* құйтырқылықтарына қарамастан — буржуазиялық қатынастар негізінде норвегтерді шведтерге зорлап бағындырудың қайта жаңғыруы әбден мүмкін!— швед буржуазиясына қарсы күресте де, норвег буржуазиясына қарсы күресте де екі ұлт жұмысшыларының толық тең праволылығы мен таптық ынтымақтастығын сақтап, қорғап қала алады.

Оның бер жағында, бұдан біздің Роза Люксембургпен пікір алалығымызды кейде «фрактардың» поляк социал-демократиясына қарсы «пайдаланбақ» болатын әрекеттерінің қандай дәлелсіз, тіптен мүлде келіссіз әрекеттер екені көрініп отыр. «Фрактар» — пролетарлық, социалистік партия емес, ұсақ буржуазиялық ұлтшыл партия, поляк социал-революционерлері тәрізді бірдеңе. Россия социал-демократтарының бұл партиямен ешқандай бірлігі туралы ешқашан әңгіме болған емес және болуы да мүмкін емес. Керісінше, поляк социал-демократтарымен жақындасқанға, біріккенге бірде-бір россиялық социал-демократ ешқашан «өкінген» емес. Ұлтшылдық ниеттер мен елігулер өн бойына сіңген Польшада тұңғыш рет шын маркстік, шын пролетарлық партияны құруға поляк социал-демократиясы орасан зор тарихи еңбек сіңірді. Бірақ поляк социал-демократтарының сіңірген бұл еңбегі, россиялық маркстік программаның 9-параграфына қарсы Роза Люксембург көп өрескелдік айтқан жағдайдың арқасында емес,

қайта, осы өкінішті жағдайға қарамастан, ұлы еңбек болып табылады.

Поляк социал-демократтары үшін «өзін өзі билеу правосының», әрине, орыс социал-демократтары үшін болып отырғанындай елеулі маңызы жоқ. Польшаның ұлтшылдық бойын билеген ұсақ буржуазиясымен күресу социал-демократ поляктарды ерекше (кейде, бәлки, сәл-пәл шектен тыс) ынтамен «асыра сілтеп жіберуге» мәжбүр етті, бұл әбден түсінікті. Поляк социал-демократтары Польшаның бөлініп шығуына қарсы болды деп Россияның бірде-бір марксисі оларға ешқашан да кінә тақпақшы болған емес. Бұл социал-демократтар Роза Люксембургке ұқсап, *россиялық* марксистердің программасында өзін өзі билеу правосын мойындау қажеттігін теріске шығармақшы болып әрекет жасаған кезде ғана қателік жасайды.

Мұның аты, асылында, краковтық ой-өріс тұрғысынан қарағанда түсінікті қатынастарды Россияның барлық халықтары мен ұлттарының, соның ішінде великорустардың өлшеміне қолдану деген сөз. Мұның аты россиялық, интернационалдық социал-демократтар болмай, «өңін айналдырған поляк ұлтшылдары» болу деген сөз. Өйткені интернационалдық социал-демократия ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауды — дәл осыны жақтайды. Біз енді осыған көшеміз де.

7. 1896 ЖЫЛҒЫ ЛОНДОН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСІНІҢ ШЕШІМІ

Бұл шешімде былай делінген:

«Конгресс барлық ұлттардың өзін өзі билеуге (Selbstbestimmungsrecht) толық праволы болуын жақтайтынын жариялайды және қазіргі кезде әскери, ұлттық немесе басқалай абсолютизмнің тепкісінде азап шегіп отырған қандай елдің болсын жұмысшыларына өзінің тілектестігін білдіреді; конгресс осындай елдердің бәрінің жұмысшыларын бүкіл дүние жүзінің саналы (Klassenbewusste = өз табының мүдделерін түсінген) жұмысшыларының қатарына енуге, сөйтіп солармен бірігіп, халықаралық капитализмді жеңу үшін және халықаралық социал-демократияның мақсаттарын жүзеге асыру үшін күресуге шақырады»*.

* Лондон конгресі туралы неміс тіліндегі ресми есепті қараңыз: «Verhandlungen und Beschlüsse des internationalen sozialistischen Arbei-

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, біздің оппортунистер Семковский, Либман, Юркевич мырзалар бұл шешім жайында дәнеңе де білмейді. Бірақ Роза Люксембург біледі және оның толық текстін келтіреді, бұл тексте де біздің программамыздағы сияқты «өзін өзі билеу» деген сөз тұр.

Ендеше, Роза Люксембург өзінің «өзгеше» теориясының жолында жатқан бұл кедергіні қалайша жояды? деген сұрау туады.

О, тіптен оңай жояды: ...мұнда істің мәні қарардың екінші бөлімінде... оның декларациялық сипаты... түсінбеушіліктен ғана оны дәлелге алуға болады!!

Біздің автордың дәрменсіздігі мен абыржушылығы тіпті таңқаларлық. Әдетте дәйекті демократиялық және социалистік программалық пункттерде декларациялық сипат бар деп оңкей оппортунистер ғана айтады, олар бұл пункттерге қарсы тура айтыс ашудан қорқып тайсақтайды. Сірә, Роза Люксембург бұл жолы Семковский, Либман және Юркевич мырзалардың өкінішті сыбайласы болып шыққаны тегін болмаса керек. Жоғарыда келтірілген қарарды дұрыс деп біле ме, әлде қате деп біле ме,— мұны тура айтуға Роза Люксембургтің батылы бармайды. Қарардың екінші бөліміне дейін оқи келе бірінші бөлімін ұмытып қалатын немесе Лондон конгресінің *алдында* социалистік баспасөз бетінде болған айтыстар туралы еш уақытта естімеген парықсыз және түк білмейтін оқушы кездесер ме екен дегендей болып, Роза Люксембург бұлталақтап, бұқпантайлай береді.

Бірақ Интернационалдың принциптік маңызды мәселе жөнінде қабылдаған қарарын сын көзімен қарап тексерместен-ақ ол қарарды Россияның саналы жұмысшылары алдында оп-оңай аяққа баса аламын деп ойласа, онда Роза Люксембург қатты қателеседі.

---

ter und Gewerkschafts-Kongresses zu London, vom 27. Juli bis 1. August 1896», Berlin, 1896, S. 18 («Социалистік жұмысшы партиялары мен кәсіптік одақтардың 1896 жылы 27 июльден 1 августқа дейін Лондонда болған халықаралық конгресінің протоколдары мен қаулылары», Берлин, 1896, 18-бет. *Ред.)*. Халықаралық конгрестердің шешімдері басылған орыс тіліндегі кітапша бар, мұнда «өзін өзі билеу» дегеннің орнына «автономия» деп қате аударылған.

Лондон конгресінің алдында болған айтыстарда — негізінен алғанда неміс марксистерінің «Die Neue Zeit» журналының бетінде — Роза Люксембургтің көзқарасы білдірілген болатын, *ал бұл көзқарас, шындығында, Интернационалдың алдында жеңіліске ұшырады!* Міне, істің мәнісі осында, мұны орыс оқушысы ерекше есте ұстауы керек.

Айтыс Польшаның тәуелсіздігі туралы мәселе жөнінде болды. Үш түрлі көзқарас айтылды:

1) «Фрактардың» көзқарасы, олардың атынан Геккер сөйледі. Олар Польшаның тәуелсіздігін талап етуді Интернационал *өзінің* программасымен танитын болсын деді. Бұл ұсыныс қабыл алынбады. Бұл көзқарас Интернационал алдында жеңіліске ұшырады.

2) Роза Люксембургтің көзқарасы: поляк социалистері Польшаның тәуелсіздігін талап етпеуі керек. Бұл көзқарас бойынша ұлттардың өзін өзі билеу правосын жариялау туралы сөз де болуы мүмкін емес еді. Бұл көзқарас та Интернационал алдында жеңіліске ұшырады.

3) Роза Люксембургке қарсы сөйлеп, оның материализмінің тым «бір жақтылығын» дәлелдегенде К. Каутскийдің бәрінен де толық дамытқан көзқарасы. Бұл көзқарас бойынша, Интернационал өз программасында қазір Польшаның тәуелсіздігін қоя алмайды, бірақ поляк социалистері мұндай талапты әбден қоя алады,— деді Каутский. Социалистердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, ұлттық езгі жағдайында ұлт азаттығының міндеттерін елемеушілік, сөз жоқ, қате.

Интернационалдың қарарында бұл көзқарастың нағыз мәнді, негізгі қағидалары айтылды да: бір жағынан, барлық ұлттардың өзін өзі билеуіне толық правосын тұп-тура және еш қандай теріс түсіндіруге жол бермейтін етіп мойындау; екінші жағынан, жұмысшыларды өздерінің тап күресінің *интернационалдық* бірлігіне соншалықты айқын түрде шақыру.

Біздің ойымызша, бұл қарар әбден дұрыс және XX ғасырдың басында Шығыс Европа мен Азия елдері үшін нақ осы қарар және өзінің екі бөлімінің нақ тығыз байланысты түрінде ұлт мәселесіндегі пролетарлық

тап саясатының бірден-бір дұрыс директивасын береді.

Жоғарыда көрсетілген үш көзқарасқа біраз толығырақ тоқталайық.

К. Маркс пен Фр. Энгельс Польша тәуелсіздігі талабын белсене қолдауды бүкіл батыс европалық демократияға, ал одан да гөрі социал-демократияға сөзсіз міндетті нәрсе деп санағаны жұртқа мәлім. Өткен ғасырдың 40 және 60-жылдарындағы заман үшін, Австрия мен Германияның буржуазиялық революциясы заманы үшін, Россиядағы «шаруалар реформасы» заманы үшін бұл көзқарас әбден дұрыс және бірден-бір дәйекті демократиялық, пролетарлық көзқарас болып еді. Россияның және славян елдерінің көпшілігінің халық бұқарасы әлі шырт ұйқыда жатқан кезде, бұл елдерде дербес, бұқаралық, демократиялық қозғалыстар *болмаған* кезде, Польшадағы *шляхталық* азаттық қозғалысының бүкіл россиялық, бүкіл славяндық демократия тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар бүкіл европалық демократия тұрғысынан алып қарағанда да орасан зор, бірінші дәрежелі маңызы болды*[116].

Бірақ Маркстің бұл көзқарасы XIX ғасырдың екінші үштігі немесе үшінші ширегі үшін әбден дұрыс болған болса, XX ғасырға қарай ол дұрыс болудан қалды. Дербес демократиялық қозғалыстар, тіпті дербес пролетарлық қозғалыс славян елдерінің көбінде, тіпті славян елдерінің ең мешеулерінің бірі — Россияда да туды. Шляхталық Польша жоғалды, сөйтіп өз орнын капиталистік Польшаға берді. Мұндай жағдайда Польша өзінің *ерекше* революциялық маңызынан айрылмай қала алмайтын еді.

---

* 1863 жылғы поляк шляхтич-көтерілісшісінің позициясын, өзі (Маркс сияқты) поляк қозғалысының маңызын бағалай білген бүкіл россиялық демократ-революционер Чернышевскийдің позициясын және анағұрлым кейін шыққан украин мещаны Драгомановтың позициясын салыстыру барынша зейін қоярлық тарихи еңбек болар еді; Драгоманов әлі де болса сошалық тағы, ұйқылы-ояу, өзінің бір төбешік көңіне байланып-маталған шаруаның көзқарасын білдірді, сөйтіп поляк панына деген заңды өшпенділігіне бола ол бұл пандар күресінің бүкіл россиялық демократия үшін маңызын түсіне алмады (Драгомановтың «Тарихи Польша және великорустық демократия» деген кітабын салыстырыңыз.) Драгоманов национал-либерал болып алған П. Б. Струве мырзаның кейіннен сүйсіне қошаметтеуіне әбден тұрарлық адам болды.

ППС («Поляк социалистік партиясы», қазіргі «фрактар») 1896 жылы Маркстің *өзге дәуірге қатысты* пікірін «баянды етуге» әрекет еткен болса, онда мұның өзі енді марксизмнің *әріптерін* марксизм *рухына* қарсы пайдаланғандық болды. Сондықтан поляк социал-демократтарының поляк ұсақ буржуазиясының ұлтшылдық елігулеріне қарсы шыққаны, поляк жұмысшылары үшін ұлт мәселесінің екінші дәрежелі маңызы барын көрсеткені, Польшада тұңғыш рет нағыз пролетарлық партия құрғаны, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде барынша тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялағаны әбден дұрыс болды.

Алайда бұдан: XX ғасырдың басында Интернационал ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеу правосын, олардың бөлініп шығу правосын Шығыс Европа үшін, Азия үшін керексіз деп тани алатын еді,— деген ұғым туа ма? Бұлай деушілік адам айтқысыз сөкеттік болар еді, мұның өзі түрік, орыс, қытай мемлекеттерінің буржуазиялық-демократиялық қайта құрылысын аяқталды деп танушылыққа тең болар еді (теория жүзінде);— мұның өзі абсолютизм жөніндегі оппортунизмге (іс жүзінде) тең болар еді.

Жоқ. Басталып отырған буржуазиялық-демократиялық революциялар заманында, ұлттық қозғалыстардың оянған және шиеленіскен заманында, дербес пролетарлық партиялар туған заманда, бұл партиялардың ұлт саясатындағы міндеті Шығыс Европа мен Азия үшін екі жақты болуы керек: барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосы танылсын, өйткені буржуазиялық-демократиялық қайта құрылыс әлі аяқталған жоқ, өйткені жұмысшы демократиясы ұлттардың тең праволылығын либералдарша емес, кокошкинше емес, дәйекті түрде, мықтап және шын ниетімен қорғайды,— және белгілі бір мемлекет тарихының қандай да болсын барлық құбылыстары тұсында, жеке мемлекеттердің шекараларын буржуазияның қандай да болсын өзгертуінің бәрі тұсында сол мемлекеттің барлық ұлттары пролетарларының таптық күресінің мейлінше тығыз, ажырамастай берік одағы болуын көздеу керек.

Интернационалдың 1896 жылғы қарары пролетариаттың нақ осы екі жақты міндетін тұжырымдайды. Россия марксистерінің 1913 жылғы жазғы кеңесінің қарары, өзінің принциптік негізінде, нақ осындай. Кейбір адамдар бар, оларға бұл қарарда «қайшылық» бар сияқты көрінеді: бұл қарар 4-пунктінде өзін өзі билеу, бөлініп шығу правосын танып, максимум ұлтшылдық «береді»-міс (іс жүзінде *барлық* ұлттардың өзін өзі билеу *правосын* тануда максимум *демократизм* бар да, минимум ұлтшылдық бар),— ал 5-пунктте жұмысшыларды тілесе қандай буржуазияның болсын ұлтшылдық ұрандарынан сақтандырады екен және барлық ұлттардың жұмысшыларының бірлігін, олардың бірыңғай-интернационалдық пролетарлық ұйымдарға қосылуын талап етеді екен деседі. Бірақ мүлде саяз ойлайтындар ғана, мәселен, швед жұмысшылары Норвегияның дербес мемлекет болып бөлініп шығу бостандығын қорғағанда, Швеция мен Норвегия пролетариатының бірлігі мен таптық ынтымағының неліктен *ұтып шыққанын* түсіне алмайтындар ғана бұл жерден «қайшылық» таба алады.

8. УТОПИСТ КАРЛ МАРКС ЖӘНЕ ПРАКТИКАШЫЛ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГ

Польшаның тәуелсіздігін «утопия» деп жариялап және осыны жүрек айнитындай етіп қайталап айтып, Роза Люксембург былайша мысқылдайды: Ирландияның тәуелсіздігі талабын неге қоймасқа? — дейді.

Сірә, Ирландияның тәуелсіздігі туралы мәселеге К. Маркстің қалай қарағаны «практикашыл» Роза Люксембургке беймәлім болса керек. Ұлттық тәуелсіздіктің *нақтылы* талабын оппортунистік тұрғыдан емес, шын маркстік тұрғыдан талдап көрсету үшін бұған тоқталып өткен жөн.

Маркстің өзіне таныс социалистердің саналылығын және сенімін сынап, өзі айтқандай, олардан «сөз тартып қарайтын» әдеті бар-ды[117]. Лопатинмен танысқаннан кейін, Маркс 1870 жылғы 5 июльде Энгельске хат

жазып, орыстың бұл жас социалисін өте мақтайды, бірақ мұнымен қатар мынаны қоса айтады:

«...Босаң пункт: *Польша.* Бұл пункт жөнінде Лопатин ағылшынның — айталық, ескі мектептен шыққан ағылшын чартисінің — Ирландия туралы айтқанын бүлжытпай айтады»[118].

Маркс езуші ұлттан шыққан социалистен оның езілген ұлтқа көзқарасын сұрастырады, сөйтіп үстемдік етуші ұлттардың (ағылшын, орыс) социалистеріне *ортақ* кемшілікті: жаншылған ұлттар жөніндегі өздерінің социалистік міндеттерін түсінбеушіліктерін, «ұлы державалық» буржуазиядан жұқтырған соқыр сенімдерді күйсей беретіндіктерін бірден ашады.

Маркстің Ирландия туралы оң пікірлеріне көшпестен бұрын, Маркс пен Энгельстің, жалпы алғанда, ұлт мәселесіне, оның шартты-тарихи маңызын бағалай отырып, қатты сын көзімен қарағандығын ескертіп өтуіміз керек. Мәселен, Энгельс 1851 жылы 23 майда Маркске жазған хатында тарихты зерттеу оны Польша жайында пессимистік қорытындыға келтіретінін: Польшаның маңызы уақытша, Россиядағы аграрлық революцияға дейін ғана деген қорытындыға келтіретінін жазған болатын. Поляктардың тарихтағы ролі — «аңғырт ақымақтық». «Тіпті Россияға ғана қарағанда да, Польша нағыз прогресс болып табылады немесе оның қандай да болсын тарихи маңызы бар деп бір минут те ойлауға болмайды». «Ұйқылы-ояу шляхталық Польшадан» гөрі, Россияда цивилизацияның, білімнің, индустрияның, буржуазияның элементтері көп. «Петербург, Москва, Одессаның қасында Варшава, Краков дегендер немене!»[119]. Энгельс поляк шляхтичтерінің көтерілісі табысты болуына сенбейді.

Бірақ данышпандық-көрегендік сипаттағы көп осы пікірлердің бәрі, 12 жыл өткеннен кейін, Россия әлі де болса шырт ұйқыда жатқанда, ал Польша буырқанып жатқанда, Маркс пен Энгельстің поляк қозғалысына шын ниеттен, қатты тілектес болуына титтей де кедергі болған жоқ.

1864 жылы Интернационалдың адрес-хатын құрастыра отырып, Маркс (1864 жылғы 4 ноябрьде) Энгельске:

Мадзинидің ұлтшылдығымен күресуге тура келеді деп жазады. «Адрес-хатта интернационалдық саясат туралы сөз болғанда, мен ұлттар туралы емес, елдер туралы айтамын да, маңызы аз мемлекеттерді емес, Россияны әшкерелеймін» — деп жазады Маркс. «Жұмысшы мәселесімен» салыстырғанда ұлт мәселесінің бағыныңқы маңызы бар екені Маркс үшін күмәнды емес. Бірақ ұлттық қозғалыстарды елемеушіліктен оның теориясы жер мен көктей алыс жатыр.

1866 жыл келеді. Маркс Энгельске Париждегі «прудондық алаяқтар тобы» жайында жазады, бұл топ «ұлттықты — сандырақ деп жариялап жүр, Бисмарк пен Гарибальдиге тиісуде. Шовинизммен айтыс есебінде бұл тактика пайдалы және түсінікті. Бірақ Прудонға сенетіндер (бұған сондай-ақ менің мұндағы ізгі достарым Лафарг пен Лонге де жатады), (Франциядағы мырзалар қайыршылық пен надандықты жойғанға дейін,— бүкіл Европа өз орнында тыныш және жайбарақат отыра алады және отыруға тиіс деп ойлайтын болса... онда олардың өздерін-өздері күлкі еткені» (1866 жылдың 7 июніндегі хат).

«Кеше Интернационалдың Советінде,— деп жазады Маркс 1866 ж. 20 июньде,—қазіргі соғыс туралы жарыс сөздер болды... Жарыс сөздер, күткеніміздей-ақ, «ұлттар» туралы мәселеге және оған біздің көзқарасымыз туралы мәселеге келіп тірелді... «Жас Францияның» өкілдері *(жұмысшы еместер)* ұлттық атаулы және ұлттың өзі — ескірген наным,— деген көзқарасты ұсынды. Прудондық штирнершілдік... французлар әлеуметтік революция жасауға жетілгенге дейін бүкіл дүние жүзі күте тұруға тиіс... Ұлттықты жоюшы біздің досымыз Лафарг және басқалары бізге французша тіл қатып отыр, яғни жиналыстағылардың $^{9}/_{10}$ бөлігіне түсініксіз тілде тіл қатып отыр деп мен сөзімді бастағанымда ағылшындар ішек-сілесі қатып күлді. Одан соң мен Лафарг, өзі мұны сезбей, ұлттарды теріске шығару дегенді, сірә, оларды үлгілі француз ұлтының өзіне сіңіруі мағынасында түсінеді білем,— дегенді аңғарттым»[120].

Маркстің бұл сын пікірлерінен шығатын қорытынды айқын: жұмысшы табы ұлт мәселесіне басқаның бәрінен де кем табынады, өйткені капитализм дамуының *барлық* ұлттарды дербес өмір сүруге ұмтылдыруы міндетті нәрсе емес. Бірақ бұқаралық ұлттық қозғалыстар туып қалған соң, олардан бой сақтау, олардағы прогресшіл нәрсені қолдаудан бас тарту — іс жүзінде *ұлтшылдық* соқыр сенімдерге бой ұрғандық болады, атап айтқанда: «өз» ұлтын «үлгілі ұлт» (немесе, өз тарапымыздан қосалық, мемлекет құру жөнінде ерекше пұрсаттылығы бар ұлт) деп танығандық болады*.

Бірақ Ирландия туралы мәселеге қайта оралайық.

Маркстің бұл мәселе жөніндегі позициясы оның хатының мына үзінділерінде бәрінен де гөрі айқын айтылған:

«Ағылшын жұмысшыларының фенианизм пайдасына қыр көрсетуіне мен бар амал-айланы қолданып тырыстым... Бұрын мен Ирландияның Англиядан бөлініп шығуын мүмкін емес деп санаған едім. Қазір мен бөлініп шыққаннан кейін іс федерацияға әкеліп соқса да, оның бөлінетінін лажсыз нәрсе деп санаймын». 1867 жылғы 2 ноябрьде Энгельске жазған хатында Маркс осылай деген.

Сол жылдың 30 ноябріндегі хатында ол былай деп қосқан:

«*Ағылшын* жұмысшыларына біз қандай кеңес беруге тиістіміз? Меніңше, олар өз программасының бір пункті етіп одақпен Repeal (ажырасу) талабын» (Ирландияның Англиямен одағын бұзуды, яғни Ирландияның Англиядан бөлінуін) — «қысқасын айтқанда, тек демократияландырылған және қазіргі жағдайларға бейімделген 1783 жылғы талапты қоюы керек. Бұл — Ирландияны азат етудің бірден-бір жария формасы және сондықтан да *ағылшын* партиясының программасына қабылдауға болатын бірден-бір мүмкін де форма. Екі елдің арасындағы жай жеке уния ұзақ уақыт

* Мұнан басқа Маркстің 1867 ж. 3 июньде Энгельске жазған хатын салыстыр. «...Париждіктердің Россияға қарсы полонофильдік айқайлары туралы «Таймстың»[121] Париждеп жазылған хабарынан біліп, шынымен риза болып қалдым... Прудон мырза мен оның кішкентай доктринерлік тобы — француз халқы емес»[122].

өмір сүре ала ма, оны ақырында тәжірибе көрсетуге тиіс...

...Ирландықтарға керегі:

1. Өзін өзі басқару және Англияға тәуелді болмау.

2. Аграрлық революция...»

Ирландия туралы мәселеге зор маңыз беріп, Маркс неміс жұмысшы одағында осы тақырыпқа бір жарым сағаттық баяндамалар жасаған (1867 ж. 17 декабрьдегі хат)[123].

Энгельс 1868 жылы 20 ноябрьдегі хатында «ағылшын жұмысшыларының арасында ирландтарды жек көрушілік» бар екенін айтады, ал бұдан бір жылға таяу уақыттан кейін (1869 ж. 24 октябрьде) осы тақырыпқа қайта оралып, ол былай деп жазады:

«Ирландиядан Россияға дейін il n'y a qu'un pas (бір адым)... Егер бір халық өзге бір халықты құл еткен болса, онда мұның өзі сол құлданушы халық үшін қандай бақытсыздық екенін Ирландия тарихының мысалынан көруге болады. Ағылшындық арамдықтардың бәрі Ирландия саласынан тарап отыр. Кромвель заманын мен әлі зерттеуім керек, бірақ не дегенмен маған күдіксіз жері мынау: егер Ирландияда әскери тәртіп бойынша үстемдік етудің және жаңа аристократия жасаудың қажеттігі болмаған болса, Англияда да істің беталысы басқаша болар еді».

Маркстің 1869 жылы 18 августа Энгельске жазған хатын жол-жөнекей атап көрсетейік:

«Берлиндегі жолдастарының жәрдемі арқасында поляк жұмысшылары Познаньдағы стачкасын жеңіске жеткізді. «Капитал Мырзаға» қарсы бұл күрес — тіпті өзінің ең төменгі формасында, стачка формасында болса да — ұлтшылдық соқыр сенімдерді буржуа мырзалардың татулық туралы ділмарсуларынан гөрі әлде қайда қаттырақ құртады»[124].

Маркстің Интернационалда ирланд мәселесі жөнінде жүргізген саясаты мынадан көрінеді:

Маркс 1869 жылғы 18 ноябрьде Энгельске британ министрлігінің ирланд амнистиясына көзқарасы туралы мәселе жөнінде Интернационал Советінде $1^1/_4$

сағат сөз сөйлеп, мынадай қарар ұсынғанын жазады:

«Қаулы етілді:

Ирландия патриоттарын босату жөніндегі ирланд талаптарына берген өзінің жауабында Гладстон мырза ирланд ұлтын қасақана қорлап отыр;

ол саяси амнистияны делқұлы үкіметтің құрбандықтарын да, сол үкіметті өкіл еткен халықты да бірдей қорлайтын шарттармен байланыстырып отыр;

өзінің ресми жағдайымен матаулы Гладстон американ құл иеленушілерінің бүлігін жұрт алдында және салтанатты түрде құттықтаған болатын, ал енді ирланд халқына енжар бағынушылық ілімін уағыздауға кірісіп отыр;

Ирланд амнистиясы жөніндегі оның бүкіл саясаты *«жаулап алу саясатының»* нағыз көрінісі болып табылады, ал Гладстон мырза өз дұшпандарының — торилердің министрлігін осы саясатты әшкерелеу арқылы құлатқан болатын;

жұмысшылардың Интернационалдық ассоциациясының Бас Советі ирланд халқының амнистия алу жолындағы өз науқанын осынша батыл, табанды түрде және шабытпен жүргізіп жатқанына өзінің сүйсінгендігін білдіреді;

бұл қарар жұмысшылардың Интернационалдық ассоциациясының барлық секцияларына және Европа мен Американың осы ассоциациямен байланысты барлық жұмысшы ұйымдарына хабарлануы керек»[125].

1869 жылғы 10 декабрьде Маркс ирланд мәселесі жөнінде Интернационал Советінде жасайтын өз баяндамасының мынадай болып құрылатынын жазады:

«...«Ирландияға әділ қарау» туралы түрлі «интернационалдық» және «гуманитарлық» сылдыр сөздердің бәрін мүлде былай қойғанда,— өйткені мұның өзі Интернационал Советінде өзінен өзі түсінікті нәрсе ғой,— *ағылшын жұмысшы табының тура абсолюттік мүддесі оның Ирландиямен қазіргі байланысын үзуді талап етеді.* Менің ағылшын жұмысшыларының өздеріне ішінара ашып айта алмай отырған себептеріме негізделген нағыз терең сенімім осындай. Мен ирланд режимін ағылшын жұмысшы табын көтеріп құлатуға мүмкін

болар дегенді көп ойладым. Мен бұл көзқарасты «Нью-Йорк Трибунасында» (американ газеті, оған Маркс ұзақ уақыт ат салысып тұрған)[126] әрқашан қорғап отырдым. Мәселені неғұрлым терең зерттеу мұның керісінше істелу керегіне көзімді жеткізді. Ағылшын жұмысшы табы Ирландиядан құтылмай тұрып *ештеңе істей алмайды*... Англиядағы ағылшын реакциясының тамыры Ирландияны құлдыққа салуында жатыр» (курсив Маркстікі)[127].

Маркстің ирланд мәселесі жөніндегі саясаты оқушыларға енді әбден айқын болуы керек.

«Утопист» Маркстің «практикашыл еместігі» сондай, ол жарты ғасыр өткеннен кейін де іске асырылмаған Ирландияның бөлініп шығуын жақтайды.

Маркстің бұл саясаты неден туған және ол қате емес пе еді?

Маркс әуелде Ирландияны езілген ұлттың ұлттық қозғалысы азат етпейді, езуші ұлттың ішіндегі жұмысшы қозғалысы азат етеді деп ойлады. Маркс ұлттық қозғалыстардан ешбір абсолют жасамайды, өйткені жұмысшы табының жеңіп шығуы ғана барлық ұлттарға толық азаттық бере алатынын біледі. Езілген ұлттардың буржуазиялық азаттық қозғалыстары мен езуші ұлттың ішіндегі пролетарлық азаттық қозғалысының арасындағы мүмкін болатын арасалмақтың бәрін күні-гері есептеп қою (қазіргі Россияда ұлт мәселесін сонша қиындатып отырған проблема да нақ осы) — мүмкін емес нәрсе.

Бірақ жағдай мынадай болып қалыптасты: ағылшын жұмысшы табы либералдардың құйыршығы болып, өзін либералдық жұмысшы саясатына шырматты да, едәуір көп уақыт бойына либералдардың ықпалына түсті. Ирландияда буржуазиялық азаттық қозғалысы күшейіп, революциялық формаға көшті. Маркс өзінің көзқарасын қайта қарайды да, оны түзейді. «Басқа халықты құлдыққа салған халықтың өзі де бақытсыз халық». Ирландия ағылшын езгісінен құтылмайынша, Англиядағы жұмысшы табына азаттық жоқ. Ирландияны құлдыққа салу Англиядағы реакцияны нығайтады, қоректендіреді (Россиядағы реакцияны оның бірсыпыра

ұлттарды құлдыққа салуының қоректендіретіні сияқты!).

Сөйтіп Маркс Интернационалда «ирланд ұлтына», «ирланд халқына» тілектестік білдіру қарарын өткізіп (ақылды Л. Вл. тап күресін ұмыттың деп Маркс байғұсты тілдер еді-ау!), «бөлініп шыққаннан кейін іс федерацияға әкеліп соқса да», Ирландияның Англиядан *бөлініп шығуын* уағыздайды.

Маркстің бұл қорытындысының теориялық қағидалары қандай? Англияда буржуазиялық революция, жалпы алғанда, әлдеқашан аяқталған. Бірақ Ирландияда ол аяқталған жоқ; оны енді ғана, жарты ғасырдан кейін, ағылшын либералдарының реформасы аяқтап келеді. Егер Англиядағы капитализм, Маркстің әуелде күткеніндей, тез құлатылған болса, онда Ирландияда буржуазиялық-демократиялық, жалпы ұлттық қозғалыс та болмаған болар еді. Бірақ бұл қозғалыс басталып қалған соң, Маркс ағылшын жұмысшыларына *өз* бостандықтарыңның мүддесі үшін ол қозғалысты қолдаңдар, оған революциялық екпін беріңдер, оны ақырына дейін жеткізіңдер деп ақыл береді.

Ирландияның Англиямен өткен ғасырдың 60-жылдарындағы экономикалық байланысы Россияның Польшамен, Украинамен, т. с. байланысынан гөрі, әрине, тығызырақ болып еді. Ирландияның бөлініп шығуының «практикалық еместігі» және «іске аспайтындығы» (географиялық жағдайлары және Англияның шексіз отарлық қуаты барлығы себепті болса да) айқын көрініп тұратын еді. Федерализмге принципінде дұшпан бола тұрып, Маркс бұл ретте федерацияға* да жол бер-

---

* Айтқандайын, социал-демократиялық көзқарас тұрғысынан алғанда, ұлттардың «өзін өзі билеу» правосын неліктен федерация мағынасында *да*, автономия мағынасында *да* (абстрактылы түрде айтқанда, мұның екеуі де «өзін өзі билеу» дегенге үйлесе тұрса да) түсінуге болмайтынын байқау қиын емес. Федерацияға право алу деген жалпы алғанда ақылға қонбайтын нәрсе, өйткені федерация дегеніміз — екі жақты шарт. Марксистер федерализмді жақтауды өзінің программасына жалпы ешбір қоя алмайды, мұны тіпті сөз қылатын да дәнеңе жоқ. Ал автономияға келсек, онда марксистер автономияға «право алуды» емес, автономияның *өзін* жақтайды, оны ұлттық құрамы ала-құла, географиялық және басқа жағдайларының ерекше айырмашылықтары бар демократиялық мемлекеттің ортақ, универсалдық принципі ретінде жақтайды. Сондықтан «ұлттардың федерацияға правосын» тану қандай ақылға сыймайтын нәрсе болса, «ұлттардың автономияға правосын» тану да сондай ақылға сыймайтын нәрсе.

ді, *тек әйтеуір* Ирландияның азаттығы реформистік жолмен емес, революциялық жолмен, Англияның жұмысшы табы қолдаған Ирландиядағы халық бұқарасының қозғалысы нәтижесінде жүзеге ассын деді. Пролетариаттың мүдделеріне және қоғамдық дамудың тездеуіне тарихи міндеттің осылай шешілуі ғана анағұрлым қолайлы болатын еді, бұған ешбір күмән болмауға тиіс.

Бірақ басқаша болды. Ирланд халқы да, ағылшын пролетариаты да әлсіз болып шықты. Енді ғана, ағылшын либералдарының ирланд буржуазиясымен жасасқан бейшаралық келісімі бойынша, ирланд мәселесі жер реформасы (жерді төлемін беріп алумен) және автономия (әзірше әлі енгізілмеген автономия) арқылы *шешілуде* (Ольстердің мысалы қаншалық қиын шешіліп жатқанын көрсетеді). Сонда қалай? Мұнан Маркс пен Энгельс «утопистер» болды, олар «іске аспайтын» ұлттық талаптарды қойды, олар ирланд ұлтшылдарының — ұсақ буржуаның («фенилер» қозғалысының ұсақ буржуазиялық сипаты болғаны күмәнсыз) ықпалына түсіп кетті деген, т. с. ұғым туа ма?

Жоқ. Маркс пен Энгельс ирланд мәселесінде де дәйекті-пролетарлық саясат жүргізді, бұқараны демократизм мен социализм рухында шындап тәрбиелеген саясат жүргізді. Ирландияны да, Англияны да қажетті қайта өзгерістерді жарты ғасыр бойы созбалаудан және реакцияның пайдасын көздеп, либералдардың бұл қайта өзгерістерді іске алғысыз етіп тастауынан тек осы саясат қана құтқара алатын еді.

Маркс пен Энгельстің ирланд мәселесіндегі саясаты ұлттық қозғалыстарға езуші ұлттар пролетариатының қалай қарауы керектігінің осы күнге дейін орасан зор *практикалық* маңызын сақтаған асқан тамаша үлгісін берді;— бір ұлттың помещиктері мен буржуазиясының зорлығы және пұрсаттылығы арқылы жасалған мемлекеттердің шекараларын өзгертуді «утопия» деп тануға асығатын барлық елдердің барлық нәсілдегі, барлық тілдегі мещандарының «малайлық асығыстығынан» күні бұрын сақтандырды.

Егер ирланд пролетариаты мен ағылшын пролетариаты Маркстің саясатын қабыл алмаған болса, Ирландияның бөлініп шығуын өзінің ұраны етіп қоймаған болса, мұның өзі олардың тарапынан нағыз қаскөй оппортунизм болар еді, демократ пен социалистің міндеттерін ұмытқандық, *ағылшын* реакциясы мен буржуазиясына икемделгендік болар еді.

9. 1903 ЖЫЛҒЫ ПРОГРАММА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОЙЫМПАЗДАРЫ

Россия марксистерінің программасын қабылдаған 1903 жылғы съездің протоколдары қолға мүлде сирек түсетін болып кетті, ал жұмысшы қозғалысының қазіргі кездегі қайраткерлерінің орасан көпшілігі программаның жекелеген пункттерінің дәлелдерімен таныс емес (оның үстіне бұған қатысты әдебиеттің көбі жария түрде тарайды деуге мүлде келмейді...). Сондықтан назарымызды аударып отырған мәселенің 1903 жылғы съездегі талдануына тоқталып өту керек болады.

Ең алдымен мынаны айтып өтелік: «ұлттардың өзін өзі билеу правосына» қатысты орыс социал-демократиялық әдебиеті қаншама аз болса да, соның өзінен де бұл право әрқашанда бөлініп шығу правосы мағынасында түсінілгені осы әдебиеттен өте айқын көрінеді. Бұған күмәнданушы, 9-параграфты «айқын емес», т. с. деп жариялаушы Семковский, Либман, Юркевич мырзалар «айқын емес» дегенді тек барып тұрған надандығынан немесе бейқамдығынан айтады. 1902 жылдың өзінде-ақ «Заряда» Плеханов* программа жобасындағы «өзін өзі билеу правосын» қорғай келіп, буржуазиялық демократтар үшін міндетті емес бұл талап «социал-демократтар үшін міндетті» деп жазған болатын. «Егер біз ол туралы ұмытқан болсақ немесе великорус ұрпағы болып табылатын біздің отандастарымыздың ұлттық соқыр сенімдерін қозғаудан қауіптеніп, оны

---

* 1916 жылы В. И. Ленин бұл араға мынадай ескерту жасаған: «1903 ж. Плеханов оппортунизмнің басты жауларының бірі болғанын, өзінің оппортунизмге және кейіннен шовинизмге қарай жасаған өкінішті де әйгілі бет бұрысынан алыс тұрғанын оқушының ұмытпауын сұраймыз».

алға қоюға бата алмаған болсақ,— деп жазды Плеханов,— онда: «барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран... біздің аузымыздан шыққан... масқара өтірік болар еді!»[128].

Мұның өзі — талданып отырған пункттің негізгі дәлелін өте дәл сипаттағандық, дәлдігі сонша, тіпті біздің программаны сынаушы «төркінін ұмытқан» сыншылардың қорқақтап, бұған соқпай өтуі және соқпай отырғаны тегін емес. Бұл пункттен бас тарту, оған қандай дәлелдер келтірсе де мейлі, *іс жүзінде великорус* ұлтшылдығына «масқара түрде» жол бергендік болады. *Барлық* ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы айтылып отырғанда, не себепті великорус ұлтшылдығына жол бергендік болады? Себебі, мұнда әңгіме *великорустардан* бөлініп шығу туралы болып отыр. *Пролетарлардың қосылу* мүддесі, олардың таптық ынтымақтастығының мүддесі *ұлттардың бөлініп шығу* правосын тануды талап етеді — бұдан 12 жыл бұрын Плеханов әлгі цитатқа келтірілген сөздерінде міне осыны мойындаған-ды; осыны ойланса, біздің оппортунистер өзін өзі билеу туралы, сірә, осыншама көп сөкет нәрселерді айтпаған болар еді.

Программаның осы, Плеханов қорғаған жобасы бекітілген 1903 жылғы съезде негізгі жұмыс *программалық комиссияда* шоғырланды. Амал не, оның протоколдары жазылмаған. Ал ол протоколдар нақ осы пункт жөнінде айрықша қызықты болған болар еді, өйткені поляк социал-демократтарының өкілдері Варшавский мен Ганецкий комиссияда *ғана* өздерінің көзқарастарын қорғауға және «өзін өзі билеу правосын тану» жайлы дауласуға әрекеттеніп бақты. Олардың дәлелдерін (Варшавскийдің сөзінде, оның және Ганецкийдің мәлімдемелерінде баяндалған дәлелдерін, протоколдардың 134—136 және 388—390-беттерінде) Роза Люксембургтің біз талдаған поляк газетіндегі мақаласында айтқан дәлелдерімен салыстырғысы келген оқушы, бұл дәлелдердің толық ұқсастығын көрер еді.

Поляк марксистеріне бәрінен де көп Плеханов қарсы шығып сөйлеген II съездің программалық комиссиясы бұл дәлелдерге қалай қарады? Бұл дәлелдерді қатты

келемеж қылды! *Россия* марксистеріне ұлттардың өзін өзі билеу правосын тануды программадан шығарып тастаңдар деген ұсыныстың сөкеттігі айқын және бадырайтып көрсетілгендігі сондай, поляк марксистерінің *өз дәлелдерін съездің толық жиналысында қайталап айтуға да тіпті батылы бармады!!* Великорустардың да, еврейлердің де, грузиндердің де, армяндардың да марксистерінің мәртебелі жиналысы алдында өздерінің позициясынан түк шықпайтындығына көздері жетті де, олар съезді тастап шығып кетті.

Өз программасына шындап көңіл бөлетіндердің бәріне де бұл тарихи оқиғаның өте зор маңызы бар екені өзінен өзі түсінікті. Съездің программалық комиссиясында поляк марксистері айтқан дәлелдердің толық талқандалуы және съездің жиналысында олардың өз көзқарасын қорғауға әрекеттенуден бас тартуы — айта қаларлықтай тамаша факт. Өзінің 1908 жылғы мақаласында Роза Люксембургтің бұл туралы «сыпайылықпен» үндемей қалуы тегін емес — съезді еске түсіру, сірә, оған өте қолайсыз нәрсе болған болуы керек! Барлық поляк марксистері атынан Варшавский мен Ганецкийдің 1903 жылы жасаған адам күлерлік қисынсыз ұсынысы — программаның 9-параграфын «түзету керек» деген ұсынысы, Роза Люксембургтің де, басқа поляк социал-демократтарының да қайта айтуға батылдары бармаған (батылы бармайды да) ұсыныс туралы да ол үндемеді.

Бірақ Роза Люксембург 1903 жылы өзінің жеңілгенін жасырып, бұл фактілер туралы үндемесе де, өз партиясының тарихына зейін қойған адамдар бұл фактілерді білуге және олардың маңызын ойлануға қам жасайды.

«...Программа жобасындағы жетінші (қазіргі 9) пунктті мынадай етіп тұжырымдауды ұсынамыз: § 7. *Мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың мәдени жағынан толық еркін дамуына кепіл болатын мекемелер»*—Роза Люксембургтің достары 1903 жылы съезден шығып кетіп бара жатып осылай деп жазған болатын (протоколдардың 390-беті).

Сонымен, поляк марксистерінің ұлт мәселесі жөніндегі ол кездегі көзқарастарының тиянақсыз болғаны сонша, олар өзін өзі билеудің *орнына,* шындығына кел-

генде, басқаны емес, кәдімгі атышулы «мәдени-ұлттық автономияның» бүркеншік атын ұсынды!

Бұл естір құлаққа ұят сияқты, бірақ, амал не, бұл факт. Съездің өзінде, Костровтың кеңесші даусын есептемегенде, онда 5 дауысқа ие 5 бундшыл және 6 дауысқа ие 3 кавказдық болғанымен, өзін өзі билеу туралы пунктті *алып тастауды* жақтаған *бірде-бір* дауыс табылған жоқ. Бұл пунктке «мәдени-ұлттық автономияны» қосуды жақтап (Гольдблаттың «ұлттардың мәдени дамуына толық еркіндік болуына кепілдік беретін мекемелер құру» деген формуласын жақтап) үш дауыс берілді және Либердің формуласын («олардың—ұлттардың — мәдени дамуына еркіндігі болу правосын») жақтап төрт дауыс берілді.

Енді, орыстың либералдық партиясы, конституциялық-демократиялық партия шыққан соң, біз *оның* программасында ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі «мәдени жағынан өзін өзі билеуімен» алмастырылғанын көріп отырмыз. Олай болса, Роза Люксембургтің поляк достары Поляк социалистік партиясының ұлтшылдығымен *«күресе отырып»*, мұны табысты жүргізгені сонша, тіпті маркстік программаны *либералдық* программамен алмастыруды ұсынған! Сөйте тұрып, солардың өзі біздің программаны оппортунизм деп айыптады — ендеше II съездің программалық комиссиясында бұл айыптаудың күлкімен қарсы алынғаны таңданарлық па еді!

Жоғарыда көргеніміздей, *бір де біреуі* «ұлттардың өзін өзі билеуіне» қарсы болмаған II съездің делегаттары «өзін өзі билеуді» қандай мағынада түсінді?

Делегаттардың қандай мағынада түсінгенін протоколдардан алынған мына үш үзінді көрсетеді:

«Мартыновтың ойынша, «өзін өзі билеу» деген сөздерге кең мағына беруге болмайды; мұның өзі ұлттың саяси жағынан бөлек біртұтас ел болып, оқшаулануына правосы бар деген сөз ғана, әсте де облыстық көлемде өзін өзі басқару деген сөз емес» (171-бет). Роза Люксембургтің достары айтқан дәлелдер теріске шығарылып, келемеж етілген программалық комиссияға Мартынов мүше болды. Өзінің көзқарасы жағынан Мартынов ол кезде «экономист» еді, «Искраның» нағыз

жауы еді, егер ол программалық комиссияның көпшілігі мақұлдамаған пікірді айтса, ол пікір, әрине, қабыл алынбаған болар еді.

Комиссияның жұмысынан кейін съезде программаның 8-параграфы (қазіргі 9-параграф) талқыға салынғанда бундшыл Гольдблат бірінші болып сөз алды.

««Өзін өзі билеу правосына» қарсы еш нәрсе айтуға болмайды,— деді Гольдблат.— Егер қайсыбір ұлт дербес ел болу үшін күресіп жатса, онда бұған қарсылық етуге болмайды. Егер Польша Россиямен заңды түрде некелескісі келмесе, Плеханов жолдас айтқандай, онда оған кедергі болмау керек. Мен мұндай пікірге осы шеңберде қосыламын» (175—176-беттер).

Плеханов съездің толық жиналысында бұл пункт жөнінде тіпті сөз алып сөйлеген де жоқ. Гольдблат «өзін өзі билеу правосы» бөлініп шығуға праволылық мағынасында егжей-тегжейлі және жақсылап түсіндірілген программалық комиссиядағы Плехановтың сөзіне сүйенеді. Гольдблаттан кейін сөйлеген Либер былай деп ескертті:

«Әрине, егер қайсыбір ұлт Россияның құрамында тұра алмайтын болса, онда партия оған кедергі жасамайды» (176-бет).

Программаны қабылдаған партияның II съезінде: өзін өзі билеу дегеніміз бөлініп шығу правосы «ғана» екені туралы мәселе жөнінде екі түрлі пікір болмағанын оқушы көріп отыр. Тіпті бундшылдар да ол кезде бұл ақиқатты ұғынып алған еді, тек контрреволюция мен түрліше «безушілік» тыйылмай отырған біздің бейшаралық дәуірімізде, өзінің надандығынан программаны «айқын емес» деп жариялауға батылдығы жетіп отырған адамдар табылып отыр. Бірақ бұл бейшара «социал-демократсымақтарға» уақыт бөлместен бұрын, әуелі поляктардың программаға көзқарастарын қарастырып бітірейік.

Екінші съезге (1903 ж.) поляктар бірігудің қажеттігі және мұның талап етіліп отырғандығы туралы мәлімдемемен келді. Бірақ олар программалық комиссиядағы «сәтсіздіктен» кейін съезден кетіп қалды, олардың *соңғы сөзі* съезд протоколдарында басылған және өзін өзі билеудің *орнына* мәдени-ұлттық автономия болсын

деген жоғарыда келтірілген ұсыныс жасалған жазбаша мәлімдеме болды.

1906 жылы поляк марксистері партияға кірді, оның бер жағында, партияға енбей тұрғанда да, одан соң да *бірде-бір рет* (1907 жылғы съезде де, 1907 және 1908 жылдардағы конференцияларда да, 1910 жылғы пленумда да) олар россиялық программаның 9-параграфын өзгерту туралы бірде-бір ұсыныс *енгізген жоқ*!!

Бұл — факт.

Ал бұл факт, әр түрлі бос сөздер мен сендірулерге қарамастан, Роза Люксембургтің достары II съездің программалық комиссиясындағы жарыс сөздер мен осы съездің шешімі мәселені тындырды деп тапқанын, 1903 жылы съезден кеткеннен кейін программаның 9-параграфын қайта қарау туралы *партиялық* жолмен мәселе көтеруге бір де рет әрекет жасамастан, олар 1906 жылы партияға енгенде өздерінің қатесін үндемей мойындағанын және оны түзегендігін айқын дәлелдеп отыр.

Роза Люксембургтің мақаласы оның қолы қойылып 1908 жылы шықты — әлбетте, партия әдебиетшілерінің программаны сынауға праволы екенін бекерге шығару ешқашан бірде-бір адамның ойына да кіріп шыққан емес — ал осы мақаладан *кейін* поляк марксистерінің тым болмаса *бір* ресми мекемесі де 9-параграфты қайта қарау туралы мәселе котерген жоқ.

Сондықтан Троцкий «Борьбаның» 2-номерінде (1914 жылдың март айында) редакцияның атынан былай деп жазғанда, Роза Люксембургтің кейбір бас июшілеріне жақсылық жасаймын деп әбден бүлдіріп алды:

> «...Поляк марксистері «ұлттық өзін өзі билеу правосын» мүлде саяси мазмұны жоқ және программадан шығарып тастауға жататын нәрсе деп санайды» (25-бет).

Жарамсақ Троцкий жаудан да қауіпті! Жалпы алғанда, «поляк марксистерін» Роза Люксембургтің әрбір мақаласын жақтаушылар қатарына қосуға керек дәлелді Троцкий «жеке әңгімелерден» (яғни Троцкий қашан да құлақ қоятын жай өсектерден) басқа ешқайдан да *ала алған жоқ*. Троцкий «поляк марксистерін» тіпті өздерінің сенімдері мен өз партиясының программасын

да қадірлей білмейтін ар-ұяты жоқ адамдар етін көрсетті. Әй, жарамсақ Троцкий-ай!

1903 жылы поляк марксистерінің өкілдері өзін өзі билеу правосына *бола* II съезден кетіп қалғанда, *сонда* Троцкий олар бұл правоны мазмұны жоқ және программадан шығарып тастауға жататын нәрсе деп санады деуіне болатын еді.

Бірақ бұдан кейін поляк марксистері осындай программасы бар партияға *енді,* бірақ программаны қайта қарау туралы бір рет те ұсыныс жасаған жоқ*.

Өз журналының оқушылары алдында Троцкий бұл фактілер туралы неге үндемеді? Оған жойымпаздықтың поляк және орыс дұшпандары арасында алауыздықты қоздыра беру және программа туралы мәселеде орыс жұмысшыларын алдау пайдалы, ол соның үшін ғана үндеді..

Марксизмнің бірде-бір елеулі мәселесі жөнінде Троцкийдің ешқашан да табанды пікірі болған емес, ол әрдайым белгілі бір алауыздықтардың «саңылауына бас сұғып», бір жақтан екінші жаққа ауытқи берумен келеді. Қазіргі кезде ол бундшылдар мен жойымпаздардың сыбайласы болып жүр. Ал бұл мырзалар партиямен санасып тұрмайды.

Міне сізге бундшыл Либманның сөзі:

«Россиялық социал-демократия,— деп жазады бұл джентльмен,— бұдан 15 жыл бұрын өзінің программасына әр ұлттың «өзін өзі билеу» правосы туралы пунктті енгізгенде әркім-ақ (!!) өзіне-өзі: бұл сәнге айналған (!!) сөздің мәні не? — деп сұрақ қойған болатын. Бұған жауап болған жоқ-ты (!!). Бұл сөз күңгірт күйі қалды (!!). Шынында ол кезде бұл күңгірттікті сейілту қиын еді. Бұл пунктті нақтылайтын уақыт әлі жеткен жоқ — дейтін ол кезде— мейлі, ол қазір күңгірт күйі қала берсін (!!), бұл пунктке қандай мазмұн беруді өмірдің өзі көрсете жатар».

---

* Бізге келген хабарда: Россия марксистерінің 1913 жылдың жазындағы кеңесінде поляк марксистері *тек* кеңесші дауыспен қатысты және өзін өзі билеу (бөлініп шығу) правосы туралы мәселе жөнінде мүлде дауыс берген жоқ, жалпы алғанда, мұндай правоға қарсы пікірлерін айтты делінген. Әлбетте, олардың осылай етуге және Польшада оның бөлініп шығуына қарсы бұрынғыша үгіт жүргізуге толық правосы бар еді. Бірақ Троцкийдің айтып отырғаны мұның маңына да жоламайды, өйткені поляк марксистері 9-параграфты «программадан шығарып тастауды» талап еткен жоқ.

Партияның программасын қорлаушы бұл «жалаңбұт бала»[129], шынында да, керемет емес пе?

Ал ол неге қорлап отыр?

Ол еш нәрсені үйренбеген, тіпті партия тарихы жөнінде де ештеңені оқымаған, партия және партиялылық туралы мәселеге келгенде жадағай-жайдақ жүру «әдет» болып кеткен жойымпаздардың арасына қосылып кеткен нағыз надан болғандықтан ғана қорлап отыр.

Помяловскийдің шығармасындағы бурсак «капуста тұздалған кеспекке қалай түкіргенін» айтып мақтанады[130]. Бундист мырзалар онан да асып түсті. Олар Либман сияқты джентльмендерді жұрттың көзінше өз кеспегіне түкіруге айдап салады. Халықаралық конгрестің бір шешімі болған екен, өз партиясының съезінде Бундтың өзінің екі өкілі («Искраның» «қатал» сыншылары және батыл жаулары болғанына қарамастан) «өзін өзі билеудің» мағынасын түсінуге әбден қабілетті екендігін көрсеткен екен және оны тіпті мақұлдаған да екен, бірақ Либман мырзалардың мұның бәрінде не шаруасы бар? Егер «партияның публицистері» (ойнамаңыз!) партияның тарихына, программасына бурсакша қарайтын болса, онда партияны жою оңай болмас па екен?

Міне, сізге екінші «жалаңбұт бала» — «Дзвіндегі» Юркевич мырза. Юркевич мырзаның қолында, сірә, II съездің протоколдары болса керек, себебі ол Гольдблат қайталап айтып берген Плехановтың сөздерін цитатқа алады және өзін өзі билеу дегеннің мағынасы бөлініп шығу правосы ғана бола алатындығымен өзінің таныстығын көрсетеді. Бірақ бұл оның украин ұсақ буржуазиясының арасында: орыс марксистері Россияның «мемлекеттік біртұтастығын» (1913, № 7—8, 83 және басқа беттер) жақтайды-мыс деп орыс марксистері жайлы өсек таратуына кедергі болмайды. Әрине, украин демократиясын великорус демократиясынан айыру үшін Юркевич мырзалар бұл жаладан артық әдісті ойлап таба алмаған. Ал украин жұмысшыларын *ерекше* ұлттық ұйымға *бөліп шығаруды* уағыздап жүрген «Дзвіннің» әдебиетшілер тобының бүкіл саясатының

бағыт-бағдарында осындай айырушылық орын алып отыр!*

Пролетариатты жікке бөлуші ұлтшыл мещандар тобына — «Дзвіннің» объективтік ролі нақ осындай—ұлт мәселесі жөнінде нағыз барып тұрған былықты тарату, әрине, әбден лайық. Өздерін «партия төңірегіндегілер» деп атағанда, «қатты» ренжитін Юркевич пен Либман мырзалардың бөлініп шығу правосы туралы мәселені программада *өздерінің* қалай шешкілері келетіні туралы тіпті тіс жарып бір ауыз сөз айтпауы өзінен-өзі түсінікті.

Міне, сізге үшінші және басты «жалаңбұт бала»— Семковский мырза, ол жойымпаздық газеттің бетінде великорус жұртшылығы алдында программаның 9-параграфын «жерден алып жерден салады», сөйте тұра өзінің бұл параграфты программадан шығарып тастау туралы «ұсынысты кейбір себептермен қостамайтынын» мәлімдейді!!

Ақылға сыймайды, бірақ факт.

1912 жылдың августа жойымпаздардың конференциясы ұлт мәселесін ресми түрде көтерді. Бір жарым жыл бойына 9-параграф туралы мәселе жөнінде Семковский мырзаның мақаласынан басқа бір де мақала болған жоқ. Бұл мақалада да автор, программаны түзету керек деген ұсынысты «*кейбір* (құпия сырқат па екен?) себептермен қостамай», программаны *теріске* шығарады!! Бұл сияқты оппортунизмнің, оппортунизмнен де жаман нәрсенің мысалын, партиядан безудің, партияны жоюдың мысалын бүкіл дүние жүзінен іздеп табудың оңай еместігіне кепіл болуға болады.

Семковскийдің дәлелдері қандай екенін бір мысалмен көрсетсе де жетіп жатыр:

«Егер,— деп жазады ол,— поляк пролетариаты бір мемлекет шеңберінде бүкіл россиялық пролетариатпен бірлесіп күрес жүргізгісі келсе, ал поляк қоғамының реакциялық таптары, мұның керісінше, Польшаны Россиядан бөліп алғылары келсе

* Әсіресе Левинский мырзаның «Нарис розвитку українського робітничого руху в Галичині», Київ, 1914 («Галициядағы украин жұмысшы қозғалысы дамуының очеркі», Киев, 1914, *Ред.*) деген кітабына Юркевич мырзаның жазған алғы сөзін қараңыз.

және референдум (жалпы халықтың пікірін сұрау) кезінде осының пайдасына көпшілік дауыс жинап алса, қалай ету керек: біз, орыс социал-демократтары, орталық парламентте өзіміздің поляк жолдастарымызбен бірге бөлінуге *қарсы* дауыс беруіміз керек пе, әлде «өзін өзі билеу правосын» бұзбау үшін бөлініп шығуды *жақтап* дауыс беруіміз керек пе?» («Новая Рабочая Газета» № 71).

Бұдан көрініп отырған нәрсе — Семковский мырза тіпті *не туралы сөз* болып отырғанын да түсінбейді! Бөлініп шығу правосы мәселені орталық парламент *емес, бөлінуші* облыстың парламенті (сеймі, референдумы, т. с.) ғана шешуін көздейтінін ол ойлаған жоқ.

Пуришкевичтер *де,* Кокошкиндер *де* бөліну туралы ойдың өзін қылмыс санап отырғанда, нақтылы, нағыз, жанды саясаттың мәселесі, егер демократия тұсында көпшілік реакцияны жақтаса «қалай ету керек» деген балаға тән таңданумен бүркемеленеді! Сірә, *бүкіл* Россияның пролетарлары бүгінгі таңда Пуришкевичтермен, Кокошкиндермен күресу керек емес, қайта оларға соқпастан, Польшаның реакциялық таптарымен күресуі керек болғаны ғой!!

Ал мұндай өрескел сөкеттік жойымпаздардың Л. Мартов мырза идеялық басшыларының бірі саналатын органында жазылып отыр. Бұл — 1903 жылы программа жобасын әзірлеген және оны өткізген Л. Мартовтың нақ өзі, ол кейіннен де бөлініп шығу бостандығын қорғап мақала жазған болатын. Енді Л. Мартов, сірә, мынадай ереже бойынша пайымдайтын болса керек:

Онда ақылдының керегі жоқ,
Сіз Реадты жіберіңізші,
Ал мен қарап тұрайын[131].

Ол Реад-Семковскийді жібереді де, оның күнделікті газет бетінде, біздің программамызды білмейтін оқушылардың жаңа тобы алдында, программаны бұрмалауына, былықтыра беруіне жол береді!

Иә, иә, жойымпаздық тым насырға шауып кетті,— тіпті корнекті деген бұрынғы социал-демократтардың көбісінде партиялылықтың ізі де қалған жоқ.

Роза Люксембургті, әрине, Либмандарға, Юркевичтерге, Семковскийлерге теңестіруге болмайды, бірақ

оның қатесіне нақ солар секілді адамдардың жармаса кету фактісі оның қандай оппортунизмге ұрынғанын ерекше айқын көрсетеді.

10. ҚОРЫТЫНДЫ

Енді қорыталық.

Марксизм теориясы тұрғысынан қарағанда, өзін өзі билеу правосы туралы мәселе, жалпы алғанда, қиын мәселе емес. 1896 жылғы Лондон шешіміне дау айту туралы болсын, өзін өзі билеу дегеннен тек бөлініп шығу правосы ғана ұғынылатыны туралы болсын, дербес ұлттық мемлекеттердің құрылуы буржуазиялық-демократиялық төңкерістердің бәріне тән тенденция екені туралы болсын,— бұлар жөнінде шындап сөз болуы да мүмкін емес.

Белгілі бір дәрежеде қиындық туғызатын нәрсе мынау: Россияда езілген ұлттардың пролетариаты мен езуші ұлттың пролетариаты бірлесе күресіп отыр және күресуі керек те. Пролетариаттың социализм жолындағы тап күресінің бірлігін сақтау, ұлтшылдықтың барлық буржуазиялық және қаражүздік ықпалдарына соққы беру — міндет міне осында. Езілген ұлттар арасында пролетариаттың дербес партия болып бөлінуі кейде сол ұлттың ұлтшылдығымен кескілескен күреске әкеліп соғатыны соншалық, тіпті перспектива бұрмаланады да езуші ұлттың ұлтшылдығы ұмытылады.

Бірақ перспективаның мұндай бұрмалануы аз уақытқа ғана созылуы мүмкін. Біз саяси мәселелерді «краковтық» тұрғыдан емес, жалпы россиялық тұрғыдан қарап қоюымыз керек екенін түрлі ұлттардың пролетарларының бірлесе жүргізген күресінің тәжірибесі өте айқын көрсетіп отыр. Ал жалпы россиялық саясатта Пуришкевичтер мен Кокошкиндер үстемдік етеді. Олардың идеялары үстемдік алып отыр, олардың бұратаналарды «сепаратизм» үшін, бөліну туралы *пікірлері* үшін қудалауы Думада, мектептерде, шіркеулерде, казармаларда, жүздеген, мыңдаған газеттерде уағыздалып, жүргізіліп отыр. Ұлтшылдықтың міне осы, велико-

рустық, уы бүкіл жалпы российлық саяси жағдайды уландырып отыр. Өзге халықтарды құлданушы халықтың бүкіл Россияда реакцияны нығайтып отырғандығы оның бақытсыздығы. 1849 және 1863 жылдарды еске алу нақты саяси дәстүр болып отыр, егер өте үлкен көлемде дауыл шықпаса, ол дәстүр әлі талай-талай ондаған жылдар бойына демократиялық қозғалыстың қандайын болса да, *әсіресе* социал-демократиялық қозғалысты қиындату қаупін туғызады.

Езілген ұлттардың кейбір марксистерінің көзқарасы көбінесе қаншама табиғи болып көрінгенімен (бұлардың «бақытсыздығы» кейде халық бұқарасын «өзінің» ұлттық азаттық алу идеясымен алдандырып отырғандығы), Россиядағы таптық күштердің объективтік арасалмағы бойынша, өзін өзі билеу правосын қорғаудан бас тарту *іс жүзінде* нағыз қаской оппортунизммен, пролетариатқа Кокошкиндердің идеяларын жұқтырғандықпен тең болатынында күмән жоқ. Ал бұл идеялар, асылында, Пуришкевичтердің идеялары мен саясаты.

Сондықтан, егер Роза Люксембургтің көзқарасын бастапқы кезде, тек поляктарға тән, «краковтық» тар өрістілік* ретінде ақтауға болатын болса, енді қазіргі кезде, барлық жерде ұлтшылдық күшейіп отырғанда және бәрінен бұрын үкіметтік, великорустық, ұлтшылдық күшейіп отырғанда, *осы* ұлтшылдық саясатқа бағыт беріп отырғанда,— мұндай тар өрістілік енді кешірілмес іс бола бастайды. Іс жүзінде, оған жармасатындар — *барлық* ұлттардың оппортунистері, «дауылдар» мен «күрт өзгерістер» идеясын жатсынатын, буржуазиялық-демократиялық төңкерісті аяқталды деп танитын, Кокошкиндер либерализмінің соңына еретін оппортунистер.

---

* *Бүкіл Россия* марксистерінің, ең алдымен великоростардың ұлттардың бөлініп шығу *правосын* мойындауы қай *езілген* ұлттың болсын марксистерінің бөлінуге қарсы *үгіт* жүргізуін тыймайтынын түсіну қиын емес, мұның өзі ажырасу правосын мойындау қай реттерде болсын ажырасуға қарсы үгіт жүргізуді тыймайтындығы сияқты. Сондықтан, осы күні Семковский мен Троцкий «қоздырып» жүрген кайдағы жоқ «қайшылыққа» күлетін поляк марксистерінің саны өсетіндігі даусыз деп ойлаймыз

Ұлтшылдық атаулының қай-қайсысы сияқты, великорус ұлтшылдығы да, буржуазиялық елде белгілі бір таптың үстем болуына қарай, түрлі сатыларды басынан кешіреді. 1905 жылға дейін біз национал-реакционерлерді ғана білетін едік деуге болады. Революциядан кейін бізде *национал-либералдар* шықты.

Бізде октябристер де, кадеттер де (Кокошкин), яғни қазіргі бүкіл буржуазия іс жүзінде осы позицияда.

Ал бұдан әрі великорустық национал-демократтардың туатындығы *сөзсіз*. «Халықтық-социалистік» партияның негізін қалаушылардың бірі Пешехонов мырза мужиктің ұлтшылдық соқыр сенімдеріне сақ болуға шақырғанда («Русское Богатствоның» 1906 жылғы августа шыққан кітапшасында) бұл көзқарасты айтып салған болатын. Мужикті «дәріптейді» деп бізге, большевиктерге, қаншама жала жапқанмен, біз мужиктің естілігін мужиктің соқыр сенімдерінен, мужиктің Пуришкевичке қарсы демократизмін және мужиктің поппен, помещикпен келісуге ұмтылуын қашан да қатаң ажырата білдік және ажырата береміз де.

Великорус шаруаларының ұлтшылдығымен пролетарлық демократия қазірдің өзінде-ақ (жол беру мағынасында емес, күресу мағынасында) санасуы керек және, тегі, әлі едәуір ұзақ уақыт санасатын да болар*. Езілген ұлттардағы 1905 жылдан кейін сонша күшті сезілген ұлтшылдықтың оянуы (I Думадағы «автономист-федералистер» тобын, украин қозғалысының, мұсылмандар қозғалысының өсуін, т. т. еске түсірсек те болады),— қалалар мен деревнялардағы великорус

* Мысалы, Польшадағы ұлтшылдық шляхталық ұлтшылдықтан буржуазиялық ұлтшылдыққа, содан кейін шаруалық ұлтшылдыққа айналып, қалайша өзгеріп отырғанына зер салу қызықты болар еді. Людвиг Бернгард өзінің «Das polnische Gemeinwesen im preussischen Staat» («Пруссиядағы поляктар»; орысша аудармасы бар) деген кітабында өзі неміс Кокошкинінің көзқарасында бола отырып, өте бір ерекше құбылысты суреттеп көрсетеді: ұлт үшін, дін үшін, «поляк» жері үшін күресте *поляк* шаруаларының түрліше кооперативтерінің және басқа одақтарының тығыз бірігуі түрінде Германиядағы поляктардың өзінше бір «шаруалық республикасы» құрылғанын суреттейді. Немістердің езгісі поляктарды біріктірді, оларды бөлектеді, сөйтіп әуелі шляхтаның, онан кейін буржуаның, ақырында, шаруалар бұқарасының ұлтшылдығын оятты (әсіресе мектептерде поляк тілін қолдануға қарсы немістердің 1873 жылы бастаған жорығынан кейін). Россияда да, бір ғана Польша жөнінде емес, жалпы істің жайы осыған бет алып барады.

ұсақ буржуазиясы ұлтшылдығының сөзсіз күшеюін туғызады. Россияның демократиялық қайта құрылысы неғұрлым баяу ілгерілеген сайын, түрлі ұлттар буржуазиясының ұлттарды бір-біріне айдап салуы, қырқыстыруы соғұрлым күшті, соғұрлым өрескел, соғұрлым қатты болады. Мұның өзінде орыс Пуришкевичтерінің ерекше реакцияшылдығы кейде көршілес мемлекеттерде анағұрлым көбірек бостандықпен пайдаланып отырған белгілі бір езілген ұлттардың арасында «сепаратистік» ниет тудыратын (және күшейтетін) болады.

Істің мұндай жайы Россия пролетариатына екі түрлі, немесе, дұрысырағы, екі жақты міндет жүктейді: ұлтшылдық атаулымен және ең алдымен великорус ұлтшылдығымен күресу; жалпы алғанда барлық ұлттардың толық тең праволылығын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік құрылыс жөніндегі тең праволылығын да, яғни ұлттардың өзін өзі билеу, бөлініп шығу правосын да тану;—мұнымен қатар және барлық ұлттардың ұлтшылдығы атаулымен ойдағыдай күресу мүддесінің нақ өзі үшін, буржуазияның ұлттарды оқшаулауға тырысуына қарамастан, пролетарлық күрес пен пролетарлық ұйымдардың бірлігін, олардың интернационалдық бірлестік құрып, тығыз топтасуын қорғау міндетін жүктейді.

Ұлттардың толық тең праволылығы; ұлттардың өзін өзі билеу правосы; барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіру — марксизм жұмысшыларға осы ұлттық программаны үйретеді, бүкіл дүние жүзінің тәжірибесі мен Россияның тәжірибесі осыны үйретеді.

Мен «Наша Рабочая Газетаның» 3-номерін алған кезде бұл мақала теріліп қойған еді, бұл номерде Вл. Косовский мырза барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын тану туралы былай деп жазыпты:

«Партияның I съезі (1898 ж.) өзін өзі билеу правосын халықаралық социалистік конгрестердің шешімдерінен алған болатын; осы съездің қарарынан жай алына салған осы өзін өзі билеу правосын, жарыс сөздерден көрініп отырғанындай, 1903 жылғы съезд социалистік Интернационалдың берген мағына-

сында: саяси жағынан өзін өзі билеу, яғни саяси дербес болу бағытында ұлттың өзін өзі билеуі мағынасында түсінді. Сонымен, ұлттың өзін өзі билеу формуласы территория жағынан оқшаулану правосын білдіре отырып, қазіргі бар мемлекеттен кете алмайтын немесе кеткісі келмейтін ұлттар үшін осы мемлекеттік организмнің *ішіндегі* ұлттық қатынастарды қалай ретке келтіру мәселесіне мүлдем соқпайды».

Бұдан Вл. Косовский мырзаның қолында 1903 жылғы II съездің протоколдары болғаны және өзін өзі билеу ұғымының шын (және бірден-бір) мағынасын оның жақсы білетіні көрініп отыр. Мұнымен мына фактіні —бундтық «Цайт» газеті редакциясының программаны қорлау үшін және оны айқын емес деп жариялау үшін Либман мырзаны айдап салып отырғанын салыстырып қараңыз!! Бундшыл мырзалардың «партиялық» құлықтары таң қаларлық... Съездің өзін өзі билеуді қабылдауын Косовскийдің неліктен *жай* алына салынған нәрсе деп жариялап отырғанын «бір алланың өзі білсін». «Қарсы шыққысы келетін» адамдар бола береді, бірақ неге, қалайша, не себепті, неліктен,— бұған олардың өресі жетпейді.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТӘСІЛДЕРІ

Бүкіл дүние жүзінің барлық капиталистік елдерінде буржуазия жұмысшы қозғалысымен, жұмысшы партияларымен күресудің екі түрлі тәсілін қолданады. Біріншi тәсілі — зорлау, қуғындау, тыйым салу, басып-жаншу. Бұл — түп негізінде крепостниктік, орта ғасырлық тәсіл. Барлық жерде — алдыңғы қатарлы елдерде кемірек, артта қалған елдерде көбірек—осындай тәсілдерді ұнататын буржуазия жіктері мен топтары бар, сөйтіп жұмысшылардың жалдама құлдыққа қарсы күресінің белгілі бір кезеңінде, әсіресе қысылшаң кезеңінде, бұл тәсілдер *бүкіл* және қандай болса да буржуазия атаулыны біріктіреді. Мұндай тарихи кезеңдердің мысалдарын бізге Англиядағы чартизм, Франциядағы 1849 және 1871 жылдар[132] көрсетіп береді.

Буржуазияның қозғалысқа қарсы күресінің екінші бір тәсілі — жұмысшыларды бөлшектеу, олардың арасына іріткі салу, пролетариаттың жеке өкілдерін немесе жеке топтарын буржуазия жағына тарту мақсатымен оларды сатып алу. Бұл сияқты тәсілдер крепостниктік тәсілдер емес, капитализмнің дамыған және цивилизациялы тәртіптеріне сай келетін, демократиялық құрылысқа сай келетін осы заманғы, *таза* буржуазиялық тәсілдер.

Өйткені демократиялық құрылыс дегеніміз буржуазиялық тәртіптердің бірі, анағұрлым таза әрі жетілдірілген буржуазиялық тәртіп, мұнда барынша еркін, кең, айқын тап күресімен қатар айлакерлік, қулық-сұм-

дық, айла-шарғы барынша байқалып отырады, жалдама құлдардың назарын жалдама құлдыққа қарсы күресте басқа жаққа аударып жіберу мақсатымен буржуазияның оларға жасайтын «идеялық» ықпалы байқалып отырады.

Россияда, оның шексіз мешеулігіне сәйкес, жұмысшы қозғалысымен күресудің крепостниктік әдістері сұмдық басым болып отыр. Бірақ бесінші жылдан кейін жұмысшыларды алдап соғудың, аздырудың либералдық және демократиялық әдістері жөнінде өте үлкен «прогресс» бар екені байқалып-ақ қалды. Либералдық әдістердің қатарына, мәселен, ұлтшылдықтың өсуін, «халық үшін» дінді жаңғыртуға, жандандыруға ұмтылушылықтың күшеюін (әрі тікелей, әрі жанама түрде идеалистік, кантшылдық және махистік философияны дамыту арқылы), саяси экономияның буржуазиялық теорияларының «табыстарын» (еңбек теориясымен ұштастыру немесе алғашқысын соңғысымен ауыстыру), т. т., т. с. қосуға болады.

Жұмысшыларды ақымақ етудің және оларды буржуазиялық идеологияға бағындырудың демократиялық тәсілдерінің қатарына жойымпаздық-халықшылдық-кадеттік тәсілдер жатады. Жұмысшы қозғалысының *төңірегінде* болып жатқан күнделікті маңызы бар кейбір оқиғалар жөніндегі осы мақалада біз әлгі тәсілдерге оқушының назарын аудармақшымыз.

1. ЖОЙЫМПАЗДАР МЕН ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ҚАРСЫ ОДАҒЫ

Тарих мысқылды сүйеді, адамды сықақ қылуды сүйеді деушілер бар. Бір бөлмеге бара жатып — басқа бір бөлмеге тап боласың. Өзінің шын мәнін, яғни өздерінің *шынында* (өздерінің қиялдауынша емес) *қандай таптарға* бейім тұрғанын түсінбеген, сезінбеген адамдар, топтар, бағыттар тарихта үнемі осындай жағдайға кездесіп отырады. Мұны шынымен түсінбей ме әлде екіжүзділікпен түсінбей ме, мұның өзі — белгілі бір жеке адам өмірбаяншысының көңіл қоюы мүмкін мәселе, бірақ саясатшы үшін мұның өзі — қалай болғанда да екінші дәрежелі мәселе.

Мәнді нәрсе—«социалистік-сымақ» немесе «маркстік-сымақ» құрғақ сөздің тасасында буржуазиялық мән жатқанын аша отырып, тарих пен саясаттың топсымақтар мен бағыттарды қалай *әшкерелеп отырғандығы.* Буржуазиялық-демократиялық революциялар заманында барлық жерде, бүкіл дүние жүзінде ондаған топсымақтар мен бағыттар өздерін «социалистік» деп ойлап, «социалистік» деп көрсетіп келді (мәселен, бұлардың кейбіреулерінің тізімін Маркс пен Энгельстің «Коммунистік манифесінің» 3-тарауынан қараңыз[133]). Тарих тез арада-ақ, бар-жоғы 10—20 жылда, әйтпесе одан да аз уақытта әлгі топсымақтар мен бағыттарды әшкерелеп берді.

Россия дәл осындай заманды басынан кешіріп отыр. Бізде «экономистердің», одан кейін олардың мирасқорлары «меньшевиктердің», одан соң меньшевиктердің мирасқорлары «жойымпаздардың» жұмысшы қозғалысынан жырылып кете бастағанынан бері 10 жылдан астам уақыт өтті.

Большевиктер халықшылдармен «жақындасты» деп меньшевиктер ерекше қатты айқайлап, шу көтерісті...

Міне, сонымен, қазір біз жұмысшы табына және бұл тапқа адал болып қалған большевиктерге қарсы жойымпаздар мен халықшылдардың толық айқындалған *одағы* бар екенін көріп отырмыз.

Ұсақ буржуазиялық, жойымпаздық және халықшылдық, интеллигенцияның жұмысшыларга қарсы одақтасуы стихиялы түрде өскеп болатын және өсіп келеді. Алдымен бұлай одақтасуға «практика» итермеледі — теорияға қарағанда практика алда болады (әсіресе жалған теорияны басшылыққа алатын адамдарда) деп тегін айтылмаса керек. Петербургте жұмысшылар жойымпаздарды «орындарынан алып», буржуазиялық ықпалдың бұл өкілдерін кәсіптік одақтардың басқармаларынан, қауіпсіздендіру мекемелерінің жауапты қызметтерінен қуған кезде, жойымпаздар *өздерінен-өздері* халықшылдармен одақтаса қалды.

«Стойкая Мысльдің» 5-номерінде бір шыншыл әрі аңқау халықшыл былай деп жазды: «Біз үйге кірісімен-ақ (Қауіпсіздендіру советін сайлау үшін) правдистердің тар өрісті-фрак-

циялық позициясы бірден айқын бола кетті, бірақ біз үмітімізді үзбейміз. Жойымпаздармен бірігіп фракциялық емес ортақ тізім жасаймыз, бұл тізім бойынша бізге Совет мүшелерінің арасынан бір орын, ал олардың орынбасарлары арасынан екі орын беріледі» (қараңыз: «Путь Правды», 1914 ж. 16 марттағы 38-номері).

Бейшара жойымпаздар-ай, тарих оларды қалай масқара келемеж етті десеңізші! Оларды өздерінің жаңа «досы әрі одақтасы», солшыл халықшыл, қалай аяусыз өшкереледі десеңізші!

Солшыл халықшылдарды буржуазиялық демократия деп жариялаған 1903 және басқа жылдардағы өздерінің нағыз ресми мәлімдемелері мен қарарларынан жойымпаздар безіп те үлгіре алмай қалды.

Тарих құрғақ сөзді ысырып тастады, жалған үміттерді серпіп тастады, топсымақтардың таптық мәнін айқындап берді. Халықшылдар да, жойымпаздар да маркстік жұмысшы қозғалысы ығыстырған және алдау арқылы оған кіріп кеткісі келетін ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның топсымақтары.

Алдау үшін «фракцияшылдық» деген сөзсымақ қолданылады — мұның өзі «экономистердің» көсемі, атышулы Акимовтың 1903 жылы партияның екінші съезінде искрашылдарға қарсы күрескенде қолданған сөзсымағы. Акимовтың сөзсымағы, әсіре оппортунистің сөзсымағы, жойымпаздар мен халықшылдардың бірденбір қаруы болып қалды. Барлық сауатты адамдарға бұл қарудың шіріктігін, жарамсыздығын, тот басқандығын айқын көрсету үшін «Современник» деген журналсымақ жалғанның жарығына әдейі пайда бола кеткен сияқты.

Бұл «Современник»— біздің демократиялық журналдар дүниесінде болып көрмеген құбылыс. Қызметкерлерінің кездейсоқ есімдерімен қатар (бізде табыс табу үшін *жат* журналдарға мұқтаждық кімді қуып тықпады десеңізші!) біз бағыттардың тоғысқандығын көрсетуге тиісті есімдердің *көрінеу қыр көрсете* тоғысқандығын көреміз.

Либерал Богучарский, халықшылдар Суханов, Ракитников, Б. Воронов, В. Чернов және басқалары, жойым-

паздар Дан, Мартов, Троцкий, Шер (Потресов «Северная Рабочая Газетаның» 66-номерінде Плехановпен қатар жарияланған еді, бірақ, неге екені белгісіз, жоқ болып кетті...), махистер Базаров, Луначарский, ақырында, «бірліктің» (кіші әріппен де, бас әріппен де жазылатын) басты тұлғасы Г. В. Плеханов — «Современник» қызметкерлерінің тізімін ажарлап отырған *қыр көрсетуші* есімдер міне осылар. Міне, осыған толық сәйкес, халықшылдар мен «марксистердің» (ойнамаңыз!) одағын уағыздау (халықшылдардың уағыздауы) журнал бағытының *түйіні* болып табылады.

Бұл уағыздың қандай екендігіне оқушы журналдың басшысы Суханов мырзаның мақалаларына қарап төрелік берсін. Бұл мырзаның *мәнді деген* бірнеше «пікірлері» мынадай:

«...Ескі топтар қалай болған күнде де жойылды. Марксизмнің қай жерде аяқталып, халықшылдықтың қай жерден басталатынын енді анықтауға болмайды. Бұлардың екі жағында да — халықшылдық та бар, марксизм де бар. Екі жақтың екеуі де — маркстік те емес, «халықшылдық» та емес. Иә, басқаша бола алды ма, басқаша болуы мүмкін бе? XX ғасырда әрбір коллективист марксише ойламай тұра ала ма? Және де Россиядағы әрбір социалист халықшыл болмай тұра ала ма?

...Қазіргі маркстік аграрлық программа туралы өткен жолы халықшылдық программа туралы не айтылған болса, дәл соның өзін айтуға тура келеді: бұл — өзінің дәлелдену әдістері жағынан маркстік программа да, ал өзінің практикалық міндеттері жағынан халықшылдық программа. Бұл программа «істің тарихи барысына» жүгінеді, сондықтан бұл программа: жер және ерік деген ұранды жүзеге асыруға тырысады» (№ 7, 75—76-беттер).

Сірә, жететін болар?

Бұл Суханов мырза өзімен Плеханов келісіп отыр деп жұрт алдында мақтанады. Ал Плеханов үндемейді!

Бірақ Суханов мырзаның пайымдауына қарап көріңізші.

Өздерінің практикалық міндеттері жағынан екі ағымның екеуі де: жер және ерік деген ұранды жүзеге асырады дегенге сүйеніп, Плеханов пен жойымпаздардың жаңа одақтасы марксизм мен халықшылдықтың арасындағы айырмашылықты «жойып жіберді».

Бүтіндей және дәл мағынасында алғанда, мұның өзі — жұмысшылар мен буржуазияның *«бірлігін»* қорғайтын дәлел. Мәселен, «өзінің практикалық» міндеттері жағынан жұмысшы табы мен либерал буржуазия: конституция деген ұранды «жүзеге асыруға тырысады» деуге болады. Ақылды Суханов мырза бұдан: пролетариат және буржуазия болып жіктелу «жойылды», пролетарлық демократияның «қай жерде аяқталып», буржуазиялық демократияның қай жерден басталатынын «анықтауға болмайды» деген қорытынды жасауға тиіс.

Маркстік аграрлық программаның текстін алып қараңыз. «Практикалық» ұранды («конституция»!) қағып алатын, дүниеге социалистік көзқарас пен буржуазиялық көзқарастың айырмашылығын «абстракт-теориялық» нәрсе деп жариялайтын барлық либерал буржуа қалай істесе, Суханов та солай істейді!! Бірақ біз былайша ойлауға еріктіміз: әрбір саналы саясатшы сияқты, саналы жұмысшы да практикалық ұрандардың маңызы мен мәніне көңіл бөлмей тұра алмайды, бұл ұрандардың қай тапқа және дәл қалай қызмет ететіндігіне көңіл бөлмей тұра алмайды.

Маркстік аграрлық программаны (бұл программаны арсыздықпен бұрмалау үшін Суханов мырза мұны әдейі еске алып отыр) ашамыз да, марксистер арасында талас туғызып отырған практикалық пункттермен қатар (мәселен, муниципализация) мынадай *талассыз* пункттерді де бірден кездестіреміз:

«Крепостниктік тәртіптің тікелей шаруаларға ауыр езгі болып тиетін қалдықтарын жою мақсатын көздеп және деревняда тап күресінің еркін даму мүдделерін көздеп...»,— маркстік аграрлық программа осылай басталады. Суханов мырза үшін бұл — маңызы жоқ «абстракт теория»! Біз конституцияны пролетариат пен буржуазияның таптық күресін еркін дамыту үшін керек етеміз бе әлде жұмысшылар мен капиталистерді «әлеуметтік тұрғыдан ымыраластыру» үшін керек етеміз бе,— мұның өзі маңызды нәрсе емес қой, мұның өзі—«абстракт теория» ғой, барлық буржуа осылай деп сендірмек болады.

Жұмысшыларды осыған сендірмек болғанда, буржуалар өздерінің таптық мүдделерін дұрыс білдіреді. Бізге аграрлық өзгерістер *не үшін* керек: жалдама жұмысшының қожайындар мен қожайынсымақтарға қарсы жүргізетін таптық күресін еркін дамыту үшін керек пе әлде оларды «еңбек» шаруашылығы деген буржуазиялық сөзсымақтар арқылы «әлеуметтік тұрғыдан ымыраластыру» үшін керек пе деген мәселені *бір жаққа жылжытып,* Суханов мырза бүтіндей буржуаша істеп отыр.

Маркстік аграрлық программаны біраз әрірек оқып көрейік: марксистер «...экономикалық дамудың барысына қандай да болсын кедергі жасау әрекеттеріне әрқашан және сөзсіз қарсы шығып отырады». Жұртқа мәлім, марксистер дәл осы себептен де шаруалардың жерлерін мобилизациялау (сатып алу-сату, кепілге беру, т. б.) еркіндігін қандай да болсын, тіпті сәл де болсын бөгеуді жұмысшылар үшін және бүкіл қоғамдық даму үшін аса зиянды *реакциялық* шара деп жариялайды.

Халықшылдар, «социал-кадет» Пешехоновтан бастап «Смелая Мысльдің» солшыл халықшылдарына дейін, жерді мобилизациялау еркіндігіне белгілі бір шек қоюды *жақтайды.* Бұл мәселе жөнінде ең зиянды *реакционерлер* — халықшылдар дейді марксистер.

Суханов мырза мұны орағытып өте шығады! Ол Плеханов осы үшін халықшылдарды «социалист-реакционерлер» деп атағанын еске алғысы келмейді. Суханов мырза «практиканы» дәлелге алып, «абстракт теориядан» бойын аулақ салады,— ал жалпы алғанда «жер және ерік» деген ұранды дәлелге алып, «практикадан» (шаруалардың жерлерін мобилизациялау еркіндігі) бойын аулақ салады.

Бұдан шығатын қорытынды айқын: Суханов мырза жұмысшылар мен қожайындардың таптық араздығын *бүркемелейтін* буржуадан басқа ешкім де емес.

Ал маркстік аграрлық программа былай дегенде, ол нақ осындай буржуаны айтып отыр:

«... Демократиялық аграрлық қайта өзгерістердің қандай ретінде және қандай жағдайында болса да...» (байқап қойыңыз: қандай ретінде және қандай жағдайында болса да, яғни муниципализация тұсында да, жерді бөліп беру тұсында да, қандай да болсын басқа мүмкіндіктер тұсында да) ... марксистер «село пролетариатының дербес таптық ұйымы болуына үнемі ұмтылуды, оның мүдделерінің шаруа буржуазиясының мүдделерімен *ымыраға келмейтін* қарама-қарсылығын оған түсіндіріп отыруды, *товар өндірісі* өмір сүріп тұрғанда бұқараның қайыршылығын *ешқашан* жоя алмайтын *ұсақ шаруашылық системасына елігіп кетуден оны сақтандыруды* өзінің міндеті етіп қояды», т. т.

Маркстік аграрлық программа осылай дейді. Оның дәл мына пункті — Стокгольм съезінде *большевиктердің жобасынан* меньшевиктер қабылдаған пункті, *яғни* марксистер арасында анағұрлым даусыз, анағұрлым жалпы жұрт таныған пункті осылай дейді.

Халықшылдық туралы мәселедегі ең мәнді пункт, нақ осы «*ұсақ* шаруашылық системасын» сөз қылатын пункт осылай дейді.

Ал Суханов мырза бұл пункт жөнінде мүлде үндемей өте шығады!!

Суханов мырза «маркстік аграрлық программаның» халықшылдыққа *қарсы* айтылған айқын да дәл сөздері жөнінде *үндемеуі арқылы* бағыттардың «ескі жіктелуін», олардың марксизм және халықшылдық болып бөлінуін жойып жіберді!!

Күмән болуы мүмкін емес: Суханов мырза — барып тұрған мылжың, мұндай мылжыңдар марксизм туралы түсінігі жоқ және марксизм, халықшылдық деген қайдағы бір социалистік жіктерді бар ынтасын сала «жоятын» біздің либералдық «қоғамның» салондарында көп-ақ.

Ал іс жүзінде марксизм мен халықшылдықты теория жағынан да, практика жағынан да шыңырау бөліп тұр. Маркстің теориясы дегеніміз — капитализмнің және жалдама жұмысшылардың қожайындарға қарсы таптық күресінің даму теориясы. Халықшылдық теориясы дегеніміз — «еңбек шаруашылығы» деген сөзсымақтар

арқылы капитализмді буржуазиялық тұрғыдан бояма-лағандық, дәл сол сөздер арқылы, мобилизацияны бөгеуді қоргау арқылы тап күресін көлегейлеу, күңгірттеу, кідірту теориясы, т. т.

Тарихи жағынан алғанда Россияда марксизм мен халықшылдықтың арасындағы шиыраудың тереңдігін, әрине, ұрандар... *практикасы* ашқан жоқ, өйткені тек қуыс кеуде адамдар ғана «ұрандарды» «практика» деп есептей алады... ал оны ашқан *миллиондардың* 1905—1907 жылдардағы *бұқаралық ашық күресінің* практикасы. Бұл практика марксизмнің жұмысшы табы қозғалысымен қосылып кеткенін, халықшылдықтың ұсақ буржуазиялық шаруалар қозғалысымен қосылып кеткенін (немесе қосыла бастағанын) көрсетті (шаруалар одағы,[134] I және II Мемлекеттік думалардың сайлаулары, шаруалар қозғалысы және басқалары).

Халықшылдық дегеніміз — Россиядағы буржуазиялық демократия.

Мұны осы бағыттың жарты ғасырлық эволюциясы мен миллиондардың 1905—1907 жылдардағы ашық бой көрсетуі дәлелдеді. Мұны маркстік «тұтас ұйымның» жоғарғы мекемелері 1903 жылдан 1907 жылға дейін және 1913 жылғы жазғы кеңеске дейін талай рет барынша үзілді-кесілді әрі ресми түрде мойындаған болатын.

Егер біз қазір халықшылдықтың *көсемдері* (Чернов, Ракитников, Суханов) мен социал-демократияның әр түрлі интеллигенттік фракцияларының, не астыртын жұмысқа, яғни жұмысшы партиясына тура қарсы барушы топсымақтардың (жойымпаздар* Дан, Мартов, Череванин), не дәл сол жойымпаздарға көмектесуші *жұмысшыларсыз топсымақтардың* (Троцкий мен Шер, Базаров, Луначарский, Плеханов) әдебиетшілер одағын көріп отырған болсақ,— онда біз мұның *іс жүзінде буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы одағынан* басқа еш нәрсе емес екенін көріп отырмыз.

Астыртын жұмысты және бұрынғы шешімнің рухында тактиканы біріктіріп, бағыттап отырған дәл шешімдерді (1912 жылдың январындағы, 1913 жылдың фев-

* Воронов мырза «Современникте» жойымпаздарды қалай мұқият қорғаған десеңізші!!

ралі мен жазындағы шешімдер) шын мойындау негізіндегі жұмысшылардың бірлігін біз правдизмнен көріп отырмыз. Правдизм іс жүзінде 1912 жылғы 1 январьдан 1914 жылғы 13 майға дейін жұмысшылардың 5674 тобын біріктірді, ал жойымпаздарда 1421 топ бар, впередшілдердің, Плехановтың, Троцкий мен Шердің, т. т. топсымақтарында ноль немесе ноль дерлік, бұл — факт (қараңыз: «Рабочий» газеті № 1, «Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихынан», 19-бет және «Трудовая Правда» № 2, 30 май, 1914 ж.*).

Жұмысшылардың бұл бірлігі марксист-жұмысшылар өмірінің *барлық* мәселелері жөнінде принцип жағынан ұстамды, сындарлы, толық шешімдердің берік негізіне сүйеніп отыр, бұл—факт. Міне, *тұтастық* осында, өйткені $^4/_5$-тің «тұтас ұйымның» атынан пікір айтуға, қимыл жасауға, сөз сөйлеуге мейлінше сөзсіз правосы бар.

Ал халықшылдардың лидерлері мен жұмысшыларсыз әр түрлі социал-демократиялық топсымақтардың (дәл тактикасы жоқ, дәл шешімдері жоқ, бір жағынан, правдизм ағымы мен тұтас ұйымының, екінші жағынан, правдизм ағымы мен жойымпаздардың арасында тек қана ауытқып отыратын топсымақтардың) «Современниктегі» одағы, бұл одақ *стихиялы* түрде құрылды. «Жұмысшыларсыз социал-демократиялық топсымақтардың» *бірде-біреуі* мұндай одақты тура, айқын, *ашық жақтауға* бел байлай алмады, өйткені 1913 жылғы жазғы кеңес халықшылдармен одақ жасауға қарсы шықты! Бірде-бір топсымақ—жойымпаздар да, впередшілдер де, Плеханов пен К° де, Троцкий мен К° де мұндай одақты жақтауға бел байлай алмады! Олардың барлығы да ағыспен әншейін ыға берді, бұлар правдизмге оппозицияда болды, оны қиратуды немесе әлсіретуді тіледі, жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігіне *қарсы* инстинкті түрде біріне бірі көмек іздеді, жойымпаздар Суханов пен Черновтан көмек іздеді, Суханов пен Чернов Плехановтан көмек іздеді, Плеханов алдыңғылардан көмек іздеді, Троцкий де солардан көмек іздеді, т. т. Мұндай топсымақтардың бәрінде бірыңғай саясат

* Қараңыз: осы том, 192—195-беттер. *Ред.*

та, азды-көпті айқындалған тактика да, халықшылдармен одақ жасасуды қорғап жұмысшылар алдында ашық пікір айтушылық та — мұндай дәнеңе де болған жоқ.

Мұның өзі буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы нағыз принципсіз одағы. Мұндай күйінішті қоғамға тап болғаны үшін біз Плехановты аяймыз, бірақ шындықтың бетіне тура қарайтын боламыз. Бұл топсымақтардың одағын «бірлік» деп атайтындар атай берсін,— біз оны жұмысшы тұтас ұйымынан *жырылып шыққандық* деп атаймыз, ал біздің көзқарасымыздың дұрыстығын *фактілер* дәлелдеп отыр.

2. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖОЙЫМПАЗДАРМЕН «БІРЛІГІН» ЛИБЕРАЛДАР ҚАЛАЙ ҚОРҒАП ОТЫР

Халықаралық социалистік бюроның председателі Эмиль Вандервельдтің Россияға келуі бірлік туралы мәселені талқылауды табиғи түрде қыздыра түсті. Бұл мәселе жөнінде мәліметтер жинау, алдын-ала барлау жүргізу, сөйтіп бірліктің пайдасына мүмкін болатын қадамдар жасау Э. Вандервельдтің тікелей міндеті еді. Оның екі газеттің, маркстік газет пен жойымпаздық газеттің, редакцияларында болғаны және «банкетте» бұл газеттердің өкілдерімен пікір алысқаны газеттерден белгілі.

Э. Вандервельд Россиядан үйіне, яғни Брюссельге қайтып келісімен-ақ, социализмнің француз тіліндегі күнделікті басты екі органында — Париждің «L'Humanité» («Адамзат»)[135] және Брюссельдің «Le Peuple» («Халық») деген органдарында жаңаша 21 июнь күнгі жексенбіде Халықаралық социалистік бюроның председателімен интервью басылды. Онда орыс социал-демократтарының арасындағы алауыздықтарды Вандервельд дәл тұжырымдамаған. Біреулері, деді ол, «жария түрде ұйымдасқылары келеді, коалициялар жасауға право берілуін талап етеді, екіншілері тікелей... «китті» жариялауға... және жерді экспроприациялауға қол жеткізгісі келеді». *Бұл* алауыздықты Вандервельд «тым балалық» алауыздық деп атады.

Россияның саналы жұмысшылары Вандервельдтің осындай пікірін оқығаннан кейін «тым зілсіз» күлер еді деп жорысақ, біз қателесе қоймаспыз. Егер «біреулері» «жария түрде ұйымдасқылары келсе», яғни ашық, жария партия жағында болғылары келсе, онда, анығында, екіншілері *бұл пункт жөнінде* «китті» немесе «киттерді» көрсетіп қарсы болып отырған жоқ, қайта астыртын жұмысты қорғап және «ашық партия жолындағы күреске» қатысудан мүлде бас тартып қарсы болып отыр. Мұндай алауыздық партияның болу-болмауы туралы мәселе жөніндегі келіспеушілік, сондықтан бұл арада, құрметті Э. Вандервельд жолдас ашуланбай-ақ қойсын, ешқандай «ымыраға келу» мүмкін емес. Астыртын жұмысты ептеп жерлеу, оны жария партиямен ептеп ауыстыру болмайтын іс...

Бірақ Вандервельд алауыздықтар туралы ғана сұрап қойған жоқ: бұл мәселе жөнінде Халықаралық социалистік бюроның председателі мен секретарының портфелінде қандай да болсын шын және жалған «басшы мекемелердің» бәрінің өкілдерінен алынған толып жатқан қағаздар, баяндамалар мен хаттар жатыр. Вандервельд Петербургте болуын, сірә, Россияда социализмнің (және «социализм-сымақтың») әр түрлі ағымдары мен топтарының *жаппай* әсер етуінің дәрежесі туралы кейбір *нақтылы* деректерді жинап алу үшін пайдалануға тырысқан болуы керек. Вандервельд бірсыпыра саяси тәжірибесі бар адам, сондықтан, әрине, жалпы алғанда саясатта, жеке алғанда жұмысшы қозғалысында тек жаппай көп тараған бағыттарды ғана шынымен елеуге болатыны оған жақсы мәлім.

Бұл мәселе жөнінде француздың жоғарыда аталған социалистік екі газетінің екеуінен де біз Вандервельдтің мынадай мәлімдемесін кездестіреміз: «Россияда социалистердің күнделікті үш газеті бар. Революционерлер» (әңгіме, сірә, солшыл халықшылдар туралы болып отырса керек) «газеттерін 10 мыңнан 12 мың данаға дейін басып шығарады; ленинистер 35 мыңнан 40 мың данаға дейін; баяулар» (modérés) (әңгіме, сірә, жойымпаздар туралы болып отырса керек) — «16 мыңға жуық дана етіп басып шығарады».

Э. Вандервельд бұл арада бір кішкентай қателік жіберген: солшыл халықшылдардың газеті, жұртқа мәлім, күнде шықпайды, аптасына үш рет шығады. Оның үстіне правдистік газеттің ең көп тиражы, біздің мәліметтерімізге қарағанда, кемітіліп көрсетілген: оның тиражы 48 мыңға жеткен-ді. Бұл маңызды (жұмысшы қозғалысының өзін өзі тануы үшін) мәселе жөнінде бір жыл ішіндегі дәл деректерді жинап алу мүмкін болмаса, мәселен, тұтас бір ай ішіндегі дәл деректерді жинап алған жөн болар еді.

Бірақ азиялық «сөзге сенуге» немесе «көзбен бағалауға» маңыз бермей, *фактілерді* жинай беретін Вандервельд сияқты нағыз европалық пен өздерін «европалықтар» деп көрсетпекші болатын жойымпаз, либералбуржуазиялық орыс мылжыңдарының арасында қандай зор айырмашылық бар дессеңізші! «Речь» газетінде кадеттердің ресми өкілдері «Э. Вандервельде және орыс социалистері» деген мақалада (№ 152, 7 (20) июнь, Париж бен Брюссельде Вандервельдтен дәл интервью алу қарсаңында), мәселен, былай деп жазған:

«Қонақ асы кезінде большевиктердің біреуі оларға бірігерлік ешкім қалған жоқ, өйткені «шеберханаларда, жұмысшы табында жұрттың бәрі қазірдің өзінде-ақ тек бір ғана правдистік тудың төңірегіне бірігіп қойған, мұның сыртында бір топ интеллигенттер ғана қалып отыр» деп Вандервельдені сендірмек болған кезде ол, әрине, пікір таласы ретінде тым асыра айтып жіберген».

Біз жатық, биязы айтылған құрғақ сөздермен көмкерілген жойымпаздық және либералдық өтіріктің үлгісін көріп отырмыз.

«Пікір таласы ретінде тым асыра айтып жіберген»! Тым асыра айтпаушылық болатын сияқты... Бірақ ресми кадеттер сауатсыз жазғанымен қоймай, сонымен қатар оқушыларды тура алдап отыр. Егер большевиктер «пікір таласы ретінде асыра айтып жіберген» болса, ендеше, кадет мырзалар, өздеріңіз көтерген мәселе жөнінде өздеріңіз баспасөзде пікір айтпақшы болып отырып, сіздер асыра айтылмаған және пікір таласын тудырмайтын *деректерді* неліктен келтірмейсіздер?

Орысша білмейтін Вандервельд Россияда 3—4 күн болғанда *объективті* деректер жинап алған екен. Ал питерлік кадет мырзалар, дәл питерлік жойымпаздар* сияқты, правдистерді «асыра айтып жіберді» деп бостан-босқа екіжүзділікпен кінәлап, газеттерде *бір рет те ешқандай* объективті деректер келтірген жоқ!

Вандервельдтің деректерін алып қарайық. Маркстік, жойымпаздық және халықшылдық газеттердің бір аптадағы тиражы бұл деректер бойынша мынадай болып шығады:

			%	%
маркстік газет	240 000	64,5	71,4	100%
жойымпаздық »	96 000	25,8	28,6	
халықшылдық »	36 000	9,7		
Барлығы	372 000	100		

Халықаралық социалистік бюроның председателі жинаған объективтік деректер, міне, осындай. Тіпті халықшылдарды қосқанның өзінде, біз правдистерде $^2/_3$ дерлік көпшілік бар екенін көреміз, ал халықшылдармен *тек қана* жойымпаздардың, махистердің және Плехановтың «біріккісі» келеді, бірақ мұны тура айтудан олар қорқады. Ал егер халықшылдарды есепке алмайтын болсақ, онда правдистердің жойымпаздардан көпшілік алуы 71,4% болады, яғни *7 ондықтан астам* болады!

Бірақ газеттерді оқитын және қаржыландыратын тек жұмысшылар ғана емес. Жиналған қаржылар туралы маркстік газеттерде де, жойымпаздық газеттерде де басылған объективті деректер правдистерде жұмысшылар топтарының 80 проценті бар екенін (1914 ж. 1 январьдан 13 майға дейінгі уақыттың ішінде), оның бер жағында Питерде бұл % 86 процентке дейін көтеріліп отырғанын көрсетті. Правдистер жинаған 21 мың сомның $^8/_{10}$ бөлігінен астамын жұмысшылар жинады, ал жойымпаздардағы қаржының *жартысынан көбін бур-*

* Толып жатқан жойымпаздар жазып тұратын либералдық «Киевская Мысль» Вандервельдпен интервьюді «Le Peuple»-ден көшіріп басқан, бірақ тираждың цифрларын жасырып қалған!! («Киевская Мысль» № 159).

*жуазия берді**. Демек, газеттердің тиражы жөніндегі мәліметтер правдистердің басым екендігін *кемітіп көрсетіп отырғаны* толық және сөзсіз дәлелденді, өйткені жойымпаздық газетке буржуазия *қаржы беріп тұрады.* Ал қауіпсіздендіру мекемелерінің сайлауы жөніндегі объективтілігі мұнан кем емес деректер: бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесінің сайлауы кезінде 57 уәкілден правдистердің 47 уәкілі, яғни 82,4% уәкілі болғанын көрсетіп отыр.

Правдистерге таққан «асыра айтып жіберді» (және тіпті «тым асыра айтып жіберді») деген айыбын өз баспасөзі арқылы бұқараға тарата отырып, сонымен бірге газеттердің тиражы туралы да, жұмысшы топтары туралы да, қауіпсіздендіру мекемелерінің сайлауы туралы да ешқандай объективті деректер келтірмей, кадеттер арсыздыққа салынып, өтірік айтып отыр, *жойымпаздарды мадақтап отыр.*

Әрине, Россияның либерал буржуазиясының таптық мүдделері оны жойымпаздарды қорғауға мәжбүр етіп отыр, бұл жойымпаздарды марксистер бір ауыздан *«пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізушілер»* деп таныған болатын (1910 ж. шешім). Бірақ соның өзінде либералдар өздерін «ешкімге бұрмайтын» адамдар сияқты көрсетсе, онда олардың өтірігі өте-мөте екіжүзді әрі жиреніштi өтірік болады.

Кадеттердің сөйлеген сөздерінің саяси мәні біреу, тек қана біреу, ол: жойымпаздар арқылы жұмысшыларға буржуазиялық ықпал жүргізуге тырысушылық.

«Күмән жоқ,— дейді мұнан әрі «Речь»,— нағыз (!!) жұмысшы интеллигенциясы, ең ауыр жылдары социал-демократиялық» (!! кадеттердің, социал-демократизмді жақсы білетіндердің бағасы бойынша) «жұмысты өз мойнымен көтерген жұмысшылар большевиктерге тілектес емес, қайта олардың қарсыластарына (жойымпаздарға, меньшевиктерге) тілектес. Бұл элементтерді орыс жұмысшы партиясынан бөліп тастау интеллектуалды түрде бұл партияның маңызын кеміткендік болатыны сонша, тіпті большевиктердің өздерінің де өз істерінің нәтижелерінен зәрессі кеткен болар еді».

---

* 14 июньдегі «Трудовая Правдадан» «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі» деген мақаланы қараңыз. (Қараңыз: осы том, 249—258-беттер. *Ред.*)

«Речьтің» редакциялық мақаласында кадеттер осылай деп жазады.

Ал енді салыстыру үшін жойымпаздардың идеялық көсемі Л. М. мырзаның «Наша Заряның» 3-номерінде (1914 ж., 68-бет) не жазып отырғанын қарап көріңіз:

«Мұның өзі—орыс жұмысшы қозғалысының жас-романтикалық сатысын «жоюға» тырысқан және тырысып отырған марксист-жұмысшылардың, астаналарда мейлінше жиі орналасқан тұтас ұйымының өкілдері болып табылатын Дементьевтерге, Гвоздевтерге, Чиркиндерге, Романовтарға, Булкиндерге, Кабцандарға, т. т. қарсы бүлік» (правдист-жұмысшылардың бүлігі).

Әбден ұқсас екендігін көріп отырсыздар, Л. М. «Наша Заряда» нені жырласа, кадеттер өз атынан, «Речьтің» редакциялық мақалаларында, соны түгелдей қайта жырлап отыр. «Наша Заря» мен «Наша Ликвидаторская Газетаның» тиражының кем жерін кадеттік газеттер *толықтырып отыр*, толықтырғанда, Булкиндердің, Чиркиндердің және К^0-нің социал-демократизмі үшін жұрт алдында кепіл болып отыр.

Л. М. мырза азғантай ғана жойымпаз жұмысшылардың аттарын тізбектеп шығады. Бұл есімдерді ықыласымызбен қайталап көрейік. Астыртын жұмысқа қарсы, яғни партияға қарсы жүргізген күресімен жұртқа көптен мәлім *либерал жұмысшыларды* Россияның барлық саналы жұмысшылары бірден-ақ біледі. Нақ сол «Наша Заряда» Л. М.-мен қатар Булкиннің жазғанын оқып қараңыздар, сонда сіздер бұлардың екеуінің де астыртын жұмыстан қалай безіп отырғанын және либералдарды разы етіп, оны қалай ұрсып отырғанын көресіздер.

Л. М. мырза атап өткен «Дементьевтер, Гвоздевтер, Чиркиндер, Романовтар, Булкиндер, Кабцандар» *кадеттердің сендіруі* бойынша «нағыз жұмысшы интеллигенциясы» деп жазып та қояйық, біліп те қояйық. Шынында да, бұлар нағыз либерал жұмысшылар! Булкиннің мақаласы мұны толық дәлелдеді. Жоғарыда аталған либерал пролетарлардың сөйлеген сөздерін әлі өз құлағымен естімеген саналы жұмысшыларға бұл мақаланы оқып шығуға қатты кеңес береміз.

Либералдық «Речь» осы («Речьтің» сендіруіне қарағанда) социал-демократтарды, «Речь» мадақтаған осы

социал-демократтарды «жұмысшы партиясынан бөліп тастау» перспективасымен бізді қорқытады.

Бірақ біз бұған тек күліп қана жауап береміз, өйткені жұрттың бәріне мәлім, жоғарыда аталған азғантай ғана адамдар либерал-жойымпаздар жағына кету арқылы өздерін өздері бөліп тастады, сөйтіп бұл «бөліп тастау» шын *жұмысшы* партиясының (либерал-жұмысшы партиясының емес) құрылуының кепілі және негізі болды.

«Речь» дәл сол редакциялық мақаласында жойымпаздар мен либерал жұмысшылардың *«сабырлы, кейде бейқамдыққа түсіретін сөздерінің азаматтық ерлігін»* мақтайды. «Речь» пен либералдар оларды қалайша мақтамасын! Россияда либералдар, әсіресе бесінші жылдан кейін, жұмысшыларға тікелей ықпал жасай алмай отыр. Социал-демократизм деген жамылғыны жамылып, нақ сол либералдардың «бейқамдыққа түсіретін» жұмысын жүргізіп отырған, нақ сол «пролетариатқа буржуазияның ықпалын» жүргізіп отырған (1910 жылғы шешімді қараңыз!) жойымпаздарды ол қалай бағаламасын.

«Олардың арасындағы» (социал-демократиялық фракциялардың арасындағы) «алауыздықтар тез жойыла қоймайды,—деп жазады «Речь»,—бірақ мұнымен қатар өздерінің бейнесін сақтай отырып, олар бірігуге тиіс және саналы саяси өмірге тек енді ғана оянып келе жатқан жұмысшы бұқарасына өздерінің дау-жанжалдарын енгізбеуге тиіс. Жұмысшылар арасында жік тууы реакция үшін үлкен қуаныш болып табылады. Екі фракцияның екеуіндегі адал адамдарды шын ниетімен, дұрыстап бірігуге ұмтылдыру үшін қазір осының өзі-ақ жеткілікті болып отыр».

«Речь» осылай деп жазады.

Өзіміз «адал» адамдардың либералдық сыбайластығының қатарында *болмай* отырғанымызға және бұл сыбайластықтың «адал» деп есептеп отырған адамдарының қатарына қосылмай отырғанымызға біз өте қуаныштымыз. Біз осы адамдардың қатарында болуды өзіміз үшін *масқаралық* деп есептер едік. Біздің пікірімізше, әсіресе әңгіме жұмысшы табының азаттық қозғалысы туралы, яғни оның буржуазияға қарсы қозғалысы туралы болып отырғанда, либерал буржуаның «әділдігіне» тек мүлде аңғал немесе ақылсыз адамдар ғана сене алады.

Орыс жұмысшылары жас балаша аңғал деп, олар либерал буржуазияның «адалдыққа» берген «әділ» бағасына сене алады деп кадеттер текке ойлайды. Пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізе отырып, жойымпаздар буржуазияға саяси қызмет көрсетеді, либерал буржуа жойымпаздар мен олардың қорғаушыларын *осы себептен, тек қана осы себептен* «адал» деп есептейді.

Россияның біріккен марксистері турасынан, ашықтан-ашық, Россияның барлық жұмысшылары алдында, өз істеріне бүтіндей өздері жауапты бола отырып, жойымпаздардың белгілі тобын, «Наша Заря» мен «Лучтың» тобын, т. т. *партиядан тысқары* тұрған топтар деп таныды. Бұл 1912 жылы январьда мәлімделді. Содан бері $2^1/_2$ жылдың ішінде — жойымпаздар мен олардың барлық қорғаушыларының 1421 тобына қарсы жұмысшылардың 5674 тобы, яғни Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігі «правдизмге» қосылды, яғни январь шешімін *мақұлдады.* Жойымпаздар іс жүзінде өздерін дұрыс ұстай алмағаны сонша, жұмысшылар олардан *безіп кетті.* Біздің шешіміміздің дұрыстығын өмір, жұмысшылардың орасан көпшілігінің тәжірибесі растады.

Либералдар «бірлікті» (жұмысшылардың жойымпаздармен бірлігін) қорғағанда өздерінің *құлқынқұмартаптық* мүдделері үшін қорғап отыр. Жойымпаздарды жұмысшы партиясынан бөліп тастаудың тек бір өзі ғана бұл партияның қиын-қыстау заман дәуірінен *абыроймен* — бұл сөзді біз басқаша түсінеміз, «Речьтегі» мырзалар! — шығуына мүмкіндік берді. Жойымпаздардың жұмысшы партиясынан бөлініп шығуы реакцияға «қуаныш» болған жоқ, *қайта* қайғы болды, өйткені жойымпаздар ескі формаларды, ескі «иерархияны», бұрынғы шешімдерді, т. т. мойындауға бөгет жасады, өздері, $2^1/_2$ жылдың ішінде, қандай да болсын әйтеуір бір ұйым құруға мүлде қабілетсіз болып шықты. Жойымпаздар мен олардың достарының «август» (1912) блогы ыдырап кетті.

Тек қана жойымпаздарға *қарама-қарсы,* тек қана *оларсыз* және оларға *қарсы барып,* жұмысшылар стачка, қауіпсіздендіру қозғалысының, газет құру ісінің тама-

ша науқанын жүргізді және жүргізе алды, бұл науқан қазір барлық жерде жойымпаздықтың қарсыластарына 4/5 көпшілік әперді.

Астыртын жұмыстың дұшпандарын, азғантай ғана интеллигент-жойымпаздарды жұмысшылардың қатарынан шеттетуді либералдар «жік» деп түсініп жүр. Жойымпаздардың жұмысшыларға *ықпалын сақтауды* либералдар «бірлік» деп түсінеді.

Біз басқаша қараймыз: жұмысшылардың 4/5 бөлігінің бұрынғы тудың төңірегіне топтасуын біз «бірлік» деп атаймыз; жойымпаздар топсымағының жұмысшылар көпшілігінің еркін танығысы келмеуін, оған бағынғысы келмеуін, олардың осы ерікке кесел келтіруін біз бөлініп шығу деп атаймыз. Правдизм $2^1/_2$ жыл ішінде жұмысшылардың 4/5 бөлігін топтастырып отырғанына тәжірибе жүзінде көзіміз жеткеннен кейін, біз одан әрі, бұрынғыдан да толық бірлікке қарай, жұмысшылардың 4/5-нің бірлігінен 9/10-ның, ал одан кейін 10/10-ның бірлігіне қарай, *сол жолмен* жүре беру қажет деп есептейміз.

Жойымпаздар жөніндегі бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарас, біздің көзқарасымыз бен либералдардың көзқарасы, пролетариат пен буржуазия жағдайының және олардың көзқарастарының бөлектігінен туады.

Плехановтың жағдайын немен түсіндіруге болады? Оның 1908 жылы жойымпаздардан үзілді-кесілді қол үзгені сонша және бір кезде баспасөз бетінде жойымпаздарға қарсы партияның шешімдерін берік қорғағаны сонша — кейбіреулер енді Плехановтың ауытқулары бітетін шығар деп үміттенді. Қазір, правдизмнің төңірегіне жұмысшылардың 4/5 бөлігі топтасып отырғанда, Плеханов тағы да ауытқи бастады. Қазір либералдық «Речьтің» позициясымен шындап келгенде *толық* бір жерден шығып отырған Плехановтың «позициясын» оның жеке басының ауытқуларынан басқа,— оның 1903 жылдан басталған дертінен басқа,— дәнеңемен де түсіндіруге болмайды.

«Речь» сияқты, Плеханов та қазір, жұмысшылардың еркіне қарамастан, партияның шешімдеріне қарамастан, бұл шешімдерді жойымпаздардың бұзып отырғанына қарамастан, жойымпаздардың жұмысшыларға ықпал

жүргізуін қамтамасыз етуді «бірлік» деп атап отыр. Күні кеше Потресов мырзаны Иудамен салыстырған, Иудамен *бірге* болғаннан гөрі Иуда*сыз* апостолдар күштірек еді деп дұрыс пікір айтқан Плеханов бүгінгі күні, жойымпаздар Потресовпен толық пікірлес екенін және партияның шешімдеріне түкіріп отырғанын *фактілер* біржолата дәлелдеп отырған осы бүгінгі күні Плеханов жойымпаздарға бет бұрып, правдистерге олармен «жеңушілердің тілімен» сөйлеспеңдер деп кеңес беріп жүр!!! Ягни, турасынан, қарапайым тілмен айтқанда, партия шешімдерін тікелей бұзушылардың соңынан еріп отырған азшылықтан жұмысшылардың көпшілігі өз еркін тануды және өз шешімдерін мойындауды талап етуге тиіс *емес* деп кеңес беріп жүр!!!

Саналы жұмысшылар Плехановтың әрі-сәрі болу, ауытқу сияқты бұдан он жыл бұрын басталған саяси дерті қайта қозды деп өкінішпен мойындауға тиіс болады да, одан аулақ кете барады.

Дегенмен, Плехановтың басындағы ауытқулардың басқа да себебі бар, мұны біз екінші орынға қоямыз, өйткені бұл себеп Плеханов үшін әлдеқайда жаман. Күресуші *ағымдардың* арасында: жойымпаздық ағым (өзінің қоғамдық күшін либерал буржуазияның ниеттестігінен алатын ағым) мен «правдистік» ағымның (өзінің күшін Россияның қараңғыдан жарыққа көзін ашып келе жатқан жұмысшыларының көпшілігінің санасы мен ұйымшылдығынан алатын ағымның) арасында ауытқып отыратын интеллигенттік топсымақтар сөзсіз туып отырады. Бұл топсымақтардың соңынан ерген қоғамдық күш жоқ, бұлар жұмысшыларға жаппай ықпал ете алмайды, бұлар саяси жағынан — нольдер. Жұмысшыларды тартатын және өмір тәжірибесі растап отырған берік, айқын жолдың орнына, бұл топсымақтарда *үйірмелік дипломатия* етек алып отыр. Бұқарамен байланыстың болмауы, Россиядағы социал-демократияның бұқаралық бағыттарында тарихи тамырларының болмауы (Россияда социал-демократия 1895 жылғы стачкалар кезінен бастап бұқаралық болды), ұс-

тамды, сындарлы, айқын, барынша анық, көп жылғы тәжірибемен тексерілген жолдың болмауы, яғни тактика, ұйым, программа мәселелеріне берілген жауаптардың болмауы,— үйірмелік дипломатия пайда болатын негіз, міне, осы, оның белгілері, міне, осы.

Плехановтың «Единство» деген газеті, саяси коллектив ретінде, осы белгілерге әбден дәл келеді (Троцкийдің «Борьбасы» сияқты: реті келгенде айта кетейік, «біріктіруші» сияқты болып көрінген осынау «Борьба» мен «Единствоның» ажырасу *себептері* туралы оқушылар ойланып көрсін...). Россияның мүлде ұзаққа бармайтын саясатшылары арасындағы біршама «ұзаққа баратын» әрбір депутат сияқты, депутат Бурьянов та ұзақ уақыт жойымпаз болып келіп еді, енді Плехановқа қарай «ауытқыды». Қанша уақытқа және атап айтқанда қалай қарай ауытқығанын ол өзі де білмейді. Бірақ үйірмелік дипломатия үшін, әрине, партияны жоюшылардың жұмысшылар көпшілігінің еркін *орындамауына* көмектесуді арман ететін алтаудың осы ерікті жүзеге асыруды тілейтін алтаумен «бірігуін» арман ететін осындай «ауытқушы» депутат болғанынан артық бақыт жоқ.

Осы екі алтаудың жұмысшылар көпшілігінің еркіне *тәуелсіз* «бірлігін» көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші. Сіздер мұның өзі—сұмдық нәрсе ғой деп қарсы шығар едіңіздер, өйткені депутаттар көпшіліктің еркін жүзеге асыруға тиіс! Бірақ пролетариат үшін сұмдық болып отырған нәрсенің дәл өзін *либералдар* қайырымдылық, игілік, пайда, адалдық, тіпті, сірә, қасиеттілік деп атап жүр (Струве «Русская Мысльде», сірә, ертеңгі күні Бердяевтің, Изгоевтің, Мережковскийдің және К°-нің көмегімен «лениншілдер» — күнәкар «жікшілдер», ал жойымпаздар мен қазір оларды «жеңімпаз» жұмысшылардан қорғап отырған Плеханов — құдайдың еркін қастерлеп орындаушылар деп дәлелдейтін болар).

Думадағы екі алтаудың жұмысшылар көпшілігіне *тәуелсіз* «бірлігінің» осы (іс жүзінде либералдық) көзқарасында бір минут болып көріңіздерші. Осы көзқараста болғанда сіз Бурьяновтың және «Единство» әдебиетшілері топсымағының екі алтаудың пікір ала-

лығын *желеу еткісі* келетін, мәңгі-бақи... «ымыраластырушы» ролін атқару үшін олардың алауыздықтарын пайдаланып қалғысы келетін үйірмелік мүддесін бірден-ақ түсіне қоясыз!

Бір жағынан, мұндай ымыраластырушы былай деуі мүмкін: Бурьянов, Троцкий, Плеханов, Шер, Чернов, Суханов немесе кім болса ол болсын бәрібір,— бір жағынан, жойымпаз алтаудың ісі дұрыс емес, өйткені олар партияның шешімдерін жойып отыр. Екінші жағынан, правдист алтаудың ісі дұрыс емес, өйткені олар өз әріптестерімен сойлескенде қайдағы бір көпшілік атынан «жеңімпаздардың» орынсыз, лайықсыз, күнәкарлық «әуенімен» сөйлеседі. Бәлкім, тіпті мұндай «ымыраластырушы» өзінің эклектикалық және әзәзілдік қылығын «диалектикалық» деп атап, «біріктіруші» атанудан дәмеленетін болар... Мұндай жағдай біздің партияда болды ғой: тым болмаса бундшылдар мен Тышканың Стокгольм және Лондон съездерінде және жалпы алғанда 1906—1911 жылдары атқарған ролін еске түсіріп көріңіздерші!

Буржуазиялық ықпалды жүргізушілерге—«экономистер» мен «меньшевиктерге» қарсы саналы жұмысшылардың топтасуы әлі берік болмай тұрған кезде үйірмелік дипломаттар үшін мұндай бақытты уақыт, жұмысшы партиясы үшін мұндай қасіретті уақыт болған-ды.

Енді ондай уақыт өтіп барады. Кадет мырзалардың «Речь» газеті «жұмысшы бұқарасының арасына дау-жанжал енгізуді» *қайғырып жоқтауда.* Мұның өзі либерал бариннің көзқарасы. Біз «жұмысшы бұқарасының арасына дау-жанжал енгізуді» *құттықтаймыз,* өйткені нақ осы бұқара, тек қана осы бұқара «дау-жанжалды» шын мәнісіндегі алауыздықтардан *ажыратады,* алауыздықтарды *өзі* саралайды, *өз* пікірін түйіндейді, «кіммен бару емес, қайда бару»* мәселесін, ягни өзінің, анық, айқын, өздері ойластырған және тексерген жолы туралы мәселені шешеді.

---

* Плехановтың «Единствосының» бүкіл жалғандығын бірден аңқан Москва жұмысшыларының тамаша айтқанындай («Рабочийдің» 1914 ж. 29 майдағы 6-номерін қараңыз).

Бұл кез қазірдің өзінде туды, туып та келеді. Правдист-жұмысшылар бұқарасы *қазірдің өзінде* «дау-жанжалды» ажырата біледі, ол қазірдің өзінде алауыздықтарды саралады, ол қазірдің өзінде өз жолын өзі анықтап алды. Ашық күрестің екі жылынан (1912 және 1913) *кейінгі* жерде жұмысшы топтары туралы деректер мұны *іс жүзінде* дәлелдеп отыр.

Үйірмелік дипломатияның күні бітіп келеді*.

3. ЖҰМЫСШЫ ҰЙЫМДАРЫ ЖОЙЫМПАЗДАРДЫ ЖАЛАҚОРЛАР ДЕП АЙЫПТАП, ЖҰРТ АЛДЫНДА АЙЫБЫН БЕТІНЕ БАСҚАН СЕБЕБІ НЕ?

«Путь Правды» газетінің 1914 ж. 21 майдағы 92-номерінде *Москва қаласының 10 кәсіптік қоғамы өкілдерінің* қарары басылған. Бұл қарарда Малиновскийдің іріткі туғызатын кетуі «қылмыс» ретінде мейлінше батыл, қатаң түрде айыпталған, мұнан кейін Мемлекеттік Думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясына толық сенім білдірілген («өз жолдарыңыздан таймаңыздар,— жұмысшы табы сіздермен бірге!») және, ақырында, *«кетіп қалған депутатқа соңынан қалмай жүріп лас жала жапқан»* адамдар деп жұрт алдында «Наша Рабочая Газета» жойымпаздарының айыбы бетіне басылған; бұл адамдардың қылығы «жұмысшылардың қатарына абыржу енгізу мақсатында оңшыл баспасөздің жалақорлық лақаптар таратуымен» қатар қойылған.

Москва қаласының 10 кәсіптік қоғамының өкілдері өздерінің қарарында былай деп жазады: «Жұмысшы ісін қымбат тұтатын барлық адамдардың ардақты борышы — ұйымдасып, жалақорларға жабыла соққы беру». «Жұмысшы табы бұған жауап ретінде өз өкілдерінің төңірегіне» (яғни РСД жұмысшы фракциясының төңірегіне) «өз қатарын берік топтай түседі және *жалақорларға жирене қарап өте шығады»*.

* Әр түрлі топтар лидерлерінің, жойымпаздар тобының (Дан мен Мартов), Плехановтың, Троцкийдің, Луначарскийдің халықшылдармен («Современник») одақтасуға қатысуы да үйірмелік дипломатия үлгісымақтарының бірі, өйткені: бұл одаққа мына себептен, мынадай іс үшін кіремін деп *ешкім де* күні ілгері жұмысшыларға тура және айқын айтуға бата алмады. Үйірмелік дипломатияның жемісі ретінде алғанда «Современник» — өлі туған нәрсе.

Бізге жұмысшылардың осы мазмұндағы өзге де толып жатқан қарарларын, латыш жұмысшы газетінің пікірін*, т. т. келтіріп жатудың қажеті жоқ. Мұның өзі бір нәрсені қайталай бергендік болар еді.

Не болғанын қарастырып өтейік.

Москваның 10 кәсіптік қоғамының өкілдері арқылы Россияның саналы жұмысшылары және басқа көптеген адамдар неліктен «Наша Рабочая Газета» жойымпаздарын пасық жалақорлар деп жұрт алдында айыптап, жұмысшы табын оларға жиренe қарап өте шығуға шақырды?

«Наша Рабочая Газета» не істеді?

Бұл газет Малиновский арандату әрекетін жасамақ болыпты-мыс деп аноним (аты-жөнін жазбай) лақаптар таратып, күдікті тұспалдар айтқан.

Бірде-бір айыптаушының аты аталмаған. Бірде-бір дәл факт келтірілмеген. Бірде-бір, анық тұжырымдалған, тым болмаса аты-жөнін, сәтсіздікке ұшыраған жерлерін, ай-күнін көрсету арқылы бекітілген дәлел, бірде-бір осындай дәлел көрсетілмеген.

Күдікті лақаптан басқа, Думадан кетудің «түсініксіздігін» баса айтудан басқа дәнеңе жоқ. Ал ұйымдасқан жұмысшылар, жұмысшы партиясының мүшелері Малиновскийді кетуінің дәл осы түсініксіздігі үшін, жасырынып қашқаны үшін аяусыз айыптаған болатын.

Ұйымдасқан марксист-жұмысшылар дереу өздерінің барлық, әр түрлі, жергілікті, кәсіптік, думалық, бүкіл россиялық, басшы мекемелерінің жиналысын өткізіп, пролетариат пен бүкіл дүние жүзіне тура, ашықтан-ашық, бүкіл жұртшылыққа естірте: Малиновский өзінің не себепті кеткенін бізге түсіндірген жоқ, бұл туралы бізді ескерткен жоқ деп мәлімдеді. Бұл түсініксіздік, бұл құлақ естіп, көз көрмеген өз бетімен кетушілік оның қадамын дезертирдің қадамы етіп отыр, ал біз болсақ елеулі, ауыр, жауапты таптық шайқас жүргізіп

* «Баспасөзде таратылған лақаптарға және Малиновскийге, бүкіл фракция мен оның ұстамды бағытына жабылып жүрген жай жалаға біз тоқталып жатудың қажеті жоқ деп табамыз, өйткені мұндай лақаптар *әрдайым арсыздық мақсатпен таратылып,* әрдайым өтірік болып шығып отырады» («Трудовая Правда» № 1, 23 май, 1914 ж.).

жатырмыз. Біз дезертирді соттадық, оны аяусыз айыптап отырмыз және айыптадық та. Осымен болды. Іс бітті.

«Бір адам — түк емес. Барлығын шешетін — тап. Өздеріңіздің ұстаған позицияларыңызды табандылықпен қорғаңыздар. Біз сіздермен біргеміз» (Москваның қырық адам сауда қызметшілерінің Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясына берген телеграммасы. «Путь Правды» газетінің 1914 ж. 14 майдағы 86-номерін қараңыз).

Іс бітті. Ұйымдасқан жұмысшылар *ұйымдасқан түрде* істі ақырына дейін жеткізді, бұдан былайғы жұмысқа кірісу үшін өз қатарларын топтастырды. Алға басып, жұмысқа кірісейік!

Бірақ интеллигенттік үйірмелер іске басқаша қарайды. «Түсініксіздік» оларда іске *ұйымдасқан түрде* қарауды туғызбайды (жойымпаздардың немесе олардың достарының *бірде-бір* басшы мекемесі *істі шын мәні жағынан* ашық, тура, *толық бағалап* көрген емес!!!),— қайта *өсектеу* ниетін туғызады. А-а, «түсініксіз бе екен»? — интеллигенттік қоғамның өсек-аяңшылары әзәзілдікке басты.

Өсекшілердің ешқандай фактілері жоқ. Мартов үйірмесінің өсек-аяңшылары *ұйымдасқан түрде* қимыл жасауға *қабілетсіз:* қайсыбір коллегияны шақыруға, саяси мәні немесе маңызы бар мәліметтер жинауға, пролетариатқа нұсқау беретін ресми, жауапты шешімді тексеруге, талдауға, бірлесіп ойластыруға, мұндай шешімді шығаруға қабілетсіз. Өсек-аяңшылар бұған қабілетсіз.

Оның есесіне ауызға келгенді айтуға, өсектеуге, Мартовқа (немесе сол сияқты пасық жалақорларға) немесе Мартовтан барғыштай беруге, күдікті лақаптарды қоздыруға, жұрттың тұспалдарын қағып алып, әрмен қарай тарата беруге,— несін айтасың, интеллигент өсек-аяңшылар бұған шебер-ақ! Өсектеуші интеллигент өсек-аяңшылардың осындай ортасын кімде-кім өз өмірінде тым болмаса бір рет болса да көрген болса, ол адам (егер оның өзі өсек-аяңшы болмаса) бүкіл өмір бойы мұндай пасық жандарға жиреніп қарайтын болар еді.

Әркімнің өз ісі болады. Әрбір қоғамдық жіктің өзінің «өмір сүру мәнерлері», өзінің әдеттері, өзінің икемділіктері болады. Әрбір жәндіктің өзінің күрес құралы болады: денесінен иісі жаман сұйық зат шығару арқылы күресетін жәндіктер бар.

Ұйымдасқан марксист-жұмысшылар ұйымдасқан түрде іс істеді. Бұрынғы әріптестің өз бетімен кетіп қалуына ұйымдасқан түрде тыйым салды, бұдан былайғы жұмысқа, бұдан былайғы күреске ұйымдасқан түрде кірісті. Жойымпаздардың интеллигенттік өсек-аяңшылары лас өсек пен жаладан әрі бара алмады және бармады.

Ұйымдасқан марксист-жұмысшылар «Наша Рабочая Газетаның» алғашқы мақалалары шығысымен-ақ бұл өсек-аяңшыларды бірден танып, «пасық жалақорлар», «жирене қарап өте шығу керек» деп оларға мейлінше дұрыс баға берді. Мартов пен Данның таратқан «лақаптарына» ешбір сенушілік болған жоқ, оларға назар аудармауға, оларға маңыз бермеуге берік бел байласты.

Айта кетелік. Жойымпаздарға ызаланған жұмысшылардың қарарларында жалпы жойымпаздар туралы сөз болды. Меніңше, Мартов пен Дан мырзалар туралы айту әлдеқайда дұрысырақ болар еді, Лениннің телеграммасында[136] және кейбір мақалалар мен қарарларда осылай істелді де. Жалпы алғанда жойымпаздардың *бәрін* бірдей айыптауға, лас жала жапты деп жұрт алдында олардың айыбын бетіне басуға біздің негізіміз жоқ, бірақ атап айтқанда, Мартов пен Дан 10 жыл бойы, олардың партияның екінші (1903 жылғы) съезінің еркін орындатпау әрекетінен бастап, өздерінің өсек тарату және лас жала жабу арқылы күресу «мәнерін» талай рет дәлелдеді. Біреу «Новая Рабочая Газетаның» іс жүзіндегі редакторларын әшкерелеп отыр дегеннің тасасына бұл екі субъект босқа жасырынған. Редакторлық туралы да, іс жүзіндегі редакторлық туралы да еш жерде бірде-бір сөз айтылып, бірде-бір үн шыққан емес.

Бірақ жұмысшы партиясының 10 жылдық тарихынан оған мәлім жалақорларды аттарымен атау керек еді, олар аттарымен аталды да.

Мүлде тәжірибесіз немесе мүлде ойлай білмейтін адамдарды жалақорлар «мүләйімсіп» «ресми емес» сот құрылуын талап ету арқылы шатастырмақ болды; біздер айқын еш нәрсе білмейміз, біздер ешкімді айыптап отырған жоқпыз, айыптау үшін лақаптар «жеткіліксіз», бұл лақаптар «тергеу жүргізу» үшін ғана жеткілікті десті!

Бірақ лас жаланың, заң тілімен айтқанда, бүкіл «құрамы» дәл мынада болып отыр: бірде-бір адал азаматтан, бірде-бір елеулі, жауапты демократиялық мекемеден бұл лақаптардың *шын екендігіне* бірде-бір кепілдік әпере алмайтын адамдар баспасөзде күдікті, аноним лақаптар таратып жүр!

Мәселенің күллі түйіні дәл осында жатыр.

Мартов пен Дан — жұртқа көптен мәлім, сан рет әшкереленген жалақорлар. Бұл жөнінде шетел баспасөзінде ондаған рет айтылған-ды. Данның қатысуымен және жауапкершілігімен Мартов «Құтқарушылар ма әлде жоюшылар ма» деген жалақорлық кітапшаны әдейілеп жазған кезде, *тіпті* жұмсақ, сақ, соңғы кезде жойымпаздарға «кеңшілік жасауға» әсіресе бейім болған Каутский де бұл кітапшаны *«жиреніштi»* деп атады.

Бұл — факт. Бұл жөнінде шетел баспасөзінде баяғыда жарияланды.

Осыдан кейін де Мартов пен Дан, *өздерінің* бастамасы бойынша, *өздерінің* жалақорлық пікірі бойынша, Мартов пен Данның ізін жасырып отырған топсымақтардың *қатысуымен* тергеу жүргізуге біздің келісуімізді қалайды!!!

Мұның өзі жалақорлар тарапынан болып отырған асқан арсыздық, асқан оғаштық.

Біз Дан мен Мартовтың бірде-бір сөзіне *сенбейміз*. Жойымпаздардың және оларға көмектесуші топсымақтардың *қатысуымен* күдікті лақаптарды ешбір *«тергеуге» біз ешқашан бармаймыз*. Өйткені мұның өзі Мартов пен Данның қылмысын бүркегендік болар еді, ал біз бұл қылмысты жұмысшы табының алдында ақырына дейін ашып әйгілейміз.

Мартов пен Дан және оларды жасырушылар, бундшылдар, Чхеидзе мен К°, «августшылдар», т. т. бізді

оздерімен бірігіп «тергеу жүргізуге» тікелей немесе жанамалап шақырып отырғанда, біз оларға былай деп жауап береміз: Мартов пен Данға біз сенбейміз. Біз оларды адал азаматтар деп санамаймыз. Біз оларды басқаша емес, тек қана сұмпайы жалақорлар деп санаймыз.

Дан мен Мартовты жасырушылар немесе осы мырзалардың «лақаптарына» сенетін күйгелек интеллигенттер буржуазиялық сот туралы ойлағанда күрсініп, аһ ұра берсін. Бізді мұнымен қорқыта алмайсыңдар. Біз бопсашыларға қарсы шыға отырып, *әрқашан және сөзсіз* буржуазиялық соттың буржуазиялық жариялығын жақтаймыз.

Біреу: 100 сом беріңіз, әйтпесе мен сізді әшкерелеймін, сіз әйеліңізді алдап, NN-мен тұрасыз десе,— бұл қылмыстық бопса болады. Біз бұл ретте буржуазиялық сот болуы жағындамыз.

Ал егер біреу: маған саяси кеңшілік беріңдер, мені маркстік тұтас ұйымның тең праволы жолдасы деп таныңдар, әйтпесе мен Малиновскийдің арандатуы жөніндегі лақаптар туралы шу көтеремін десе,— бұл саяси бопса болады.

Біз бұл ретте буржуазиялық сот болуы жағындамыз.

Жұмысшылардың *өздері* де Дан мен Мартовтың алғашқы мақалаларына сүйеніп, оларға сенімсіздікпен қараған кезде, өздеріне: Мартов пен Дан бұл лақаптар туралы жазып отыр екен, ендеше бұл «лақаптар», сірә, шынында да дұрыс болмас па екен? — деп сұрақ қоймаған кезде, нақ осы көзқараста болды.— Жоқ, жұмысшылар істің мәнін *бірден* түсініп, «жұмысшы табы лас жаланы елемей өте шығады» деп жариялады.

Не буржуазиялық сот сіздерді әшкерелеп, жазалай алуы үшін сіздер тікелей айыптауға өз қолдарыңызды қойыңыздар (бопсамен күресудің басқа амалдары жоқ), не жұмысшылардың 10 кәсіптік қоғамының өкілдері жұрт алдында жалақорлар деп атаған адамдардың атағымен қала беріңіздер. Мартов пен Дан мырзалар, сіздердің таңдайтындарыңыз, міне, осы.

Басшы мекеме лақаптарға тергеу жүргізіп, оларды бос былшыл деп жариялады. Россияның жұмысшылары

бұл мекемеге сенеді, сондықтан да бұл мекеме өсек таратушыларды *ақырына дейін* әшкерелейді. Мартов *өзін* әшкереленбей қалады деп ойламай-ақ қойсын.

Бірақ жойымпаздарды қорғайтын немесе оларға тым болмаса ішінара іш тартатын саяси топсымақтар біздің басшы мекемеге сенбей отыр ма? Әрине, сенбей отыр! Біз олардың сеніміне зәру емеспіз, біз оларға титтей де болсын сенім білдірілетін *ешқандай* қадам жасамаймыз.

Біз былай дейміз: Мартов пен Данға *сенетін,* олармен «бірігуді» тілейтін топсымақтарға мүше мырзалар, августшылдар, троцкистер, впередшілдер, бундистер, тағысын-тағылар, мархабат, барлықтарыңыз да сөйлей беріңіздер, өздеріңізді көрсетіп қалыңыздар! Екінің бірі, мырзалар.

Егер сіздер Мартовпен, Данмен «бірігуді» өздеріңіз тілеп, жұмысшыларды да осыған шақырады екенсіздер, онда мұның өзі — сіздерде оларға, жойымпаздардың идеялық-саяси бағытының әйгілі көсемдеріне, жай сенушілік бар (бізде сенушілік жоқ) деген сөз. Ал сіздерде мұндай сенім бар екен, сіздер олармен «бірігу» мүмкін дейді екенсіздер, мұны мойындап, уағыздайды екенсіздер, онда *іске* көшсеңіздерші, *сөзбен* шектеліп қалмасаңыздаршы!

Не сіздер Мартов пен Даннан (сіздер оларға сенесіздер, олар сіздерге сенеді) «лақаптардың» шыққан жерін көрсетуді талап етесіздер, мұны өздеріңіз тексеріп қарайсыздар, сөйтіп жұмысшы табының алдында ашықтан-ашық: мұнда өсек-аяңшылардың ақымақтық өсегі емес, ашуға булыққан жойымпаздардың қасақана ушықтыруы емес, қайта *мойын бұрғызбайтын, елеулі* дәлел бар екеніне кепіл боламыз деп мәлімдейсіздер. Сіздер мұны істеген кезде және лақаптар пайда болысымен-ақ жойымпаздық, плехановтық, т. т. басшы мекемелер бұларды тексеріп, бұлар жөнінде дереу нравдистік басшы мекемеге хабарлағаны дәлелденген кезде, біз: мырзалар, сіздердің қателескендеріңізге көзіміз жетті және сіздерге қателескендеріңізді дәлелдейміз, бірақ сіздердің адал демократтарша іс істегендеріңізді мойындаймыз деп жауап берген болар едік.

Не сіздер, жұмысшыларды жойымпаздармен бірігуге шақырушы «ағымдар» мен топсымақтардың көсемі мырзалар, бой тасалайсыздар,— Дан мен Мартовтың қалқасына бой тасалайсыздар, оларға тілегенінше өсектей беруге жол бересіздер, олардан өсектің қайдан шығып отырғандығын көрсетуді талап етпейсіздер, лақаптардың дұрыс-бұрыстығын тексеруге еңбектенбейсіздер *(және бұған саяси жауапкершілік алмайсыздар).*

Бұлай болғанда біз жұмысшыларға ашықтан-ашық: жолдастар, топсымақтардың осы көсемдерінің бәрі пасық жалақорлардың ісіне *қатысушылар* және солардың *көмекшілері* екендігін сіздер көрмей отырсыздар ма?— деп мәлімдейміз.

Жұмысшылардың қалай шешетінін қарап көрейік.

Мәселені түсіндіру үшін нақты бір жағдайды алайық. Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігі танып отырған басшы мекеме: біз бұл лақаптарға тергеу жүргізіп, бұлардың барып тұрған бос былшыл екендігіне (егер одан да жаман болмаса) сөзсіз көзіміз жетті деген кезде, баспасөз бетінде *екі* топ пікір білдірді: 1) Чхеидзе, Чхенкели, Скобелев, Хаустов, Туляков, Маньков және Ягелло тобы; 2) «августшылдар», яғни жойымпаздардың августық басшы мекемесі.

Ал олар не айтты?

Олардың бар айтқаны *тек* мынау *ғана:* біздер правдистердің басшы мекемесінің лақаптарға тергеу жүргізуіне *қатыспадық!!* Тек осы ғана!

Осы жағдайды талдап көрейік.

1-ден, біз Чхеидзе мен К° тобының орнында адал демократтар бар екен делік. Бұл адамдар Малиновскийді *өздерінің* Думадағы фракциясы председателінің орынбасары етіп сайлады дейік. Ал енді ойламаған жерден Малиновский туралы баспасөзде, өздері саяси жағынан жауап беретін органда, Малиновский арандатушы екен дейтін лақап таратылып отыр!

Мұндай жағдайда қандай да болсын адал демократтардың ең қарапайым, тіпті сөзсіз борышының қандай екендігі жөнінде екі түрлі пікір болуы мүмкін бе?

Өз араларынан немесе кімдерден болса да дереу коллегия құрып, лақаптардың қайдан тарап жүргенді-

гіне, оларды кімнің және қай кезде таратқандығына тергеу жүргізу керек, бұл лақаптардың *негізділігін* және елеулілігін тексеру керек, сөйтіп жұмысшы табына: жолдастар, біз біраз жұмыс істедік, *біз тергеу жүргіздік,* бұл арада істің елеулі екендігіне сіздердің алдарыңызда кепіл бола аламыз деп ашықтан-ашық, тура, адал мәлімдеу керек.

Адал демократтар осылай істеген болар еді. Үндемеу, тергеу жүргізбеу, күдікті лақаптарды таратушы баспасөз органы үшін жауапты бола беру адал азаматтарға лайық емес, барып тұрған пасықтық, азғындық болып табылады.

2-ден, Чхеидзе мен К^{0}-нің орнында лас жалақорлықтың жәрдемшілері мен бүркеушілері бар екен делік, бұлар Мартовтан немесе оның достарынан күдікті лақаптарды *не өздері естіді,* бірақ бұл лақаптарды еш уақытта да елеулі деп ойлаған жоқ (өйткені назар аударуға тұрмайтын ақымақтық, көрнеу қисынсыз «лақаптарды» социал-демократиялық жұмысқа қатысы болған адамдардың ішінен ондаған рет кім есітпеді?), немесе еш нәрсе есітпеген, бірақ Дан мен Мартовтың «мәнерін» жақсы білген бұлар «қиын және толғағы жеткен мәселеге келгенде жанап өте шығуды»[137] жөн көреді, Мартов пен Данның баспасөзде таратып жүрген лақаптарының елеулілігіне тікелей сенумен өздеріне кір келтіреміз, бүкіл өмір бойына өзімізді масқара етеміз деп қорқады, ал сонымен бірге Мартов пен Данды *астыртын* бүркегілері келеді.

Біздің осы екінші жорамалымызға сай келетін бұл сияқты адамдар, *Чхеидзе мен К^{0} қалай істесе, дәл солай істеген болар еді.*

Бұл айтылғандардың түгелімен «авгусшылдарға» да қатысы бар.

Осы екі жорамалдың бірін жұмысшылардың өздері таңдап алсын, Чхеидзе мен К^{0}-нің қылығын өздері талқылап, ойластырып қарасын.

Енді Плехановтың қылығын талдап көрейік. «Единствоның» 2-номерінде ол жойымпаздардың Малиновский туралы жазған мақалаларын «өрескел» және «жиреніштті» деп атап отыр, сөйте тұра правдистерге

көрнеу айып тағып, тағы да былай дейді: *сіздердің* жікке бөлулеріңіздің жемісі, міне, осы, «басын алдырған шашына жыламас болар!» деген.

Плехановтың бұл қылығының мағынасы қандай?

Егер ол: біз лақаптарды елеулі, негізді деп есептейміз деп Дан мен Мартовтың тікелей мәлімдеуіне қарамастан (өйткені бұлай болмаған күнде олар тергеу жүргізуді талап етпеген болар еді),— егер Плеханов, осыған қарамастан, жойымпаздардың мақалаларын орескел және жиреніпті деп жариялап отырса, онда мұның өзі — оның Дан мен Мартовқа титтей де сенімі жоқ деген сөз!! Демек, Плеханов *та* оларды пасық жалақорлар деп есептейді!!

Өйткені бұлай болмаған күнде елеулі және сұмдық пәлені, арандатуды, әшкерелеу арқылы демократия мен пролетариатқа пайда келтіргісі келетін адамдардың (олардың айтуы бойынша) мақалаларын не себептен, қандай ақылға сыйымды негізге сүйеніп, жұрт алдында «жиреніпті» деп жариялауға болады??

Бірақ, егер Плеханов Мартов пен Данның бірде-бір сөзіне сенбейді екен, оларды пасық жалақорлар деп есептейді екен, онда ол партиядан шығарылған жойымпаздардың мұндай күрес тәсілдерін *бізге*, правдистерге, қалайша айып етіп қояды? «Басын алдырған шашына жыламас болар» деп ол *қалай* жаза алады. Мұның өзі ол *«жікке бөліну»* деген желеумен Дан мен Мартовты *ақтап отыр* деген сөз ғой!!

Бұл — сұмдық, бірақ бұл — факт.

Плеханов өзі ешбір сенбейтін пасық жалақорларды *ақтап отыр,*— ақтағанда, бұларды партиядан шығарып, правдистер кінәлы болып отыр деп ақтап отыр.

Плехановтың мұндай қылығы — «дипломатиялық» қылық (мұны Плехановқа сенуге әзір тұрған, бірақ тез көңілдері қайтқан «марксистердің бір тобы» оған жұрт алдында айтқан болатын) — дипломатиялық қылық, яғни үйірмелік дипломатиядан туған қылық, бопсашыларды қорғағандық, әділіне келгенде, бопсашыларды өздерінің батырлықтарын көрсете беруге итермелеумен барабар қылық.

Егер бізге сенбейтін «жойымпаздыққа қарсы» Плехановтың «жікке бөліну» арқылы бізді осындай жанкиярлық күреске дейін жеткізді деп правдистерді жанамалап болса да, аздап болса да *айыптауына* біздің бірден қолымыз жеткен екен,— деп пайымдауға тиіс Мартов пен Дан — демек... демек, әрі қарай бара беріңіз! сол рухта сөйлей беріңіз! Өзіміздің бопсалағанымыз үшін бізге *кеңшілік беріледі* деп Плеханов бізді *дәмелендіріп отыр!!**

Плехановтың үйірмелік дипломатиясы жұмысшылар алдында өзін бірден-ақ әшкереледі. Мұны «Единствоның» 1-номері туралы москвалықтардың айтқан пікірі және Плехановқа сенуге дайын тұрған, Плехановты «дипломат»[138] деп атаған «марксистердің бір тобының» жауабы дәлелдеді. Плехановтың үйірмелік дипломатиясы өзін ақырына дейін тез арада-ақ әшкерелейді.

Жұмысшылардың өкілдері Мартов пен Дан бастаған жойымпаздардың белгілі тобын 1912 жылы январьда ашықтан-ашық және ресми түрде партиядан шығарды. Содан бері, $2^1/_2$ жыл ішінде, Россия жұмысшыларының $^4/_5$ көпшілігі бұл шешімді мақұлдап, оны *өз* шешіміміз деп таныды. Мартов пен Данның бопсасы мен жаласы жұмысшыларды «кеңшілік жасауға» итермелемейді, қайта тек қана жойымпаздар*сыз* және оларға *қарсы шығу* арқылы жұмысшылардың қазірдің өзінде $^4/_5$ бөлігі құрылып қойған маркстік «тұтас ұйымын» құруға болады деген бұрынғыдан да берік сенімге бастап әкеледі.

Қазір барша жұрт, әрбір адам орыс жұмысшыларының саяси саналылығының өскендігі туралы, жұмысшы

---

* Плехановтың бопсаны жақтауына әбден ұқсас, бірақ одан да гөрі бүркемеленген жалтақ қорғауды оқушы Троцкийден кездестіре алады. Ол, «Наша Рабочая Газетаның» *қызметкері* Троцкий, «Борьбаның» 6-номерінде Дан мен Мартовтың «науқанын» ешбір сөкпейді, қайта «өшпенділік пен жіктелістің улы ұрығын» егіп отыр деп правдистерді кінәлайды (44-бет)!! Сойтіп, жалақорлықты емес, әсте де мұны емес, қайта буржуазиялық ықпалды жүргізушілер туралы, астыртын жұмысты жамандаушылар туралы партияның шешімін орындағандықты «улы» деп білу керек екен. Солай деп жазып қояйық.

партиясы істерінің түгелімен және бірыңғай солардың қолына көшкендігі туралы, революциядан кейін олардың есейгендігі мен дербестігінің орасан зор артқандығы туралы айтып жүр. «Интеллигенттік үйірмелерге» немесе «интеллигенттік фракцияшылдыққа» қарсы Плеханов та, Троцкий де жұмысшыларға шағынып отыр. Бірақ — бір тамаша жағдай!— Россияның *қазіргі* саналы жұмысшылары қандай саяси бағытты таңдап алатынына, мақұлдайтынына, жасайтынына қатысты *объективтік* деректер жөнінде әңгіме көтерілісімен-ақ, Плеханов та, Троцкий де, жойымпаздар да алған бағыттарын өзгертіп: Россияның саналы жұмысшылары арасында, көпшілік болып отырған бұл жұмысшылар, правдист-жұмысшылар, тек «абыржушылықтан» ғана («Борьба» № 1, 6-бет) правдизмнің соңынан еріп жүр, олар тек қана «демагогияға» немесе фракцияшылдыққа *беріліп кетіп жүр,* т. т., т. с. деп айқайға басады.

Демек, жойымпаздар, Плеханов пен Троцкий саналы жұмысшылар көпшілігінің еркін қазір *емес,* болашақта, атап айтқанда сол, тек қана сол болашақта — жұмысшылар олармен, жойымпаздармен, Плехановпен, Троцкиймен келісетін болашақта мойындайды екен!!

Күлкілі субъективизм! Объективтік деректерден кісі күлерлік қорқушылық! Ал егер бір-біріне құр әншейін интеллигенттік үйірмешілдік деген айып тағумен болғысы келмейді екен, онда нақ *қазіргі* және нақ *объективті* деректерді алу керек қой.

Жұмысшылардың саяси сауатының, жалпы жұрттың мойындауы бойынша, алға басып бара жатқан саяси сауатының ашылуы туралы, біздің ымырашылдар, Плеханов, Троцкий және К^0, тағы да кісі күлерлік субъективизммен пайымдап отыр. Плеханов пен Троцкий социал-демократиялық таптық қозғалыстың ішіндегі бір-бірімен күресіп жатқан екі ағымның арасында *ауытқып жүр,* сөйтіп өздерінің субъективтік ауытқуларын жұмысшыларға таңып: жұмысшылардың ағымдар күресіне қатысуы жұмысшылардың санасыздығы болып табылады, ал енді жұмысшылар саналырақ болған кезде, олар күресуді қояды, олар «фракцияшыл» болмайды дегенді айтады (правдистер 1912 жылдың январынан

бастап, яғни бұдан $2^1/_2$ жыл бұрын, жойымпаздарды тура, ашықтан-ашық партиядан шығарып, «фракцияшылдықты» құртса да, Троцкий сияқты, Плеханов та «бұрынғы есінде қалғаны бойынша» «фракцияшылдық» деген жаттап алған сөзсымағын қайталап отыр).

Плеханов пен Троцкийдің іске мұндай баға беруінің субъективизмі бірден көзге түсіп отыр. Тарихты алып қараңыз — қозғалыстың тарихын алып қарау марксист үшін күнә емес қой! —бұл тарих сіздерге буржуазиялық ағымдар болып табылатын «экономизмге» (1895—1902), меньшевизмге (1903—1908) және жойымпаздыққа (1908—1914) қарсы жүргізілген *жиырма жылдық дерлік* күресті көрсетеді. «Пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізудің» осы үш түрінің тығыз байланысты және сабақтас екендігінде ешбір күмән жоқ. Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшылары әр уақыт осы күреске қатысып, «экономистерге» қарсы шығып, «искрашылдар» жағында болғандығы,— меньшевиктерге қарсы шығып, большевиктер жағында болғандығы (Левицкийдің *өзінің* толып жатқан объективтік фактілер мәжбүр еткен мойындаулары),— ақырында, жойымпаздыққа қарсы шығып, «правдизм» жағында болғандығы,— тарихи факт.

Мынадай сұрақ туады: жұмысшылардың *бұқаралық* социал-демократиялық қозғалысына қатысты осы тарихи факт бізге жұмысшылардың бұқаралық социал-демократиялық бағытының сарынына ешбір түсе алмай отырғандығын, міне, табандатқан 10 жыл бойына өздерінің сіңірген еңбегі деп біліп жүрген Плеханов пен Троцкийдің субъективтік ізгі тілектерінен гөрі неғұрлым елеулірек бір нәрсені көрсетіп отырған жоқ па?

Қазіргі заманның жойымпаздық және правдистік екі деректемесінің екеуінен де алынған объективтік фактілері,— ал мұнан кейін 20 жылдық тарих та, осылардың бәрі мынаны айқын дәлелдеп отыр: жойымпаздыққа қарсы жүргізілген күрестің *нақ өзінен* және оны жеңуден орыс жұмысшыларының саяси сауатының ашылғандығы және ұсақ буржуазиялық елдегі ұсақ буржуазиялық ықпалдар алдында тізе *бүкпейтін шын мәнінде* жұмысшы партиясының құрылғандығы көрініп отыр.

Плеханов пен Троцкий, күрестен аулақ болу керек деген өздерінің субъективтік (тарихпен де, социал-демократтар арасындағы бұқаралық бағыттармен де санаспайтын) ізгі тілектерін жұмысшылардың алдына тарта отырып, жұмысшылардың саяси сауатын ашу ісіне ең қарапайым ақиқат тұрғысынан қарайды. Прудонға қарсы Маркстің мысқылмен айтқанындай: бұл уақытқа дейін тарих болған еді, ал енді мұнан былай ол жоқ болып кетті![139] Осы уақытқа дейін 20 жыл бойына жұмысшылардың саяси сауаты буржуазиялық ағым болған «экономизмге» қарсы және осы тектес бағыттың соңғы кездердегі көріністеріне қарсы жүргізілген күресте, тек қана осындай күресте ашылып отырған еді,— ал қазір, күрестің зияндылығы туралы Плеханов пен Троцкий алға тартып отырған бір-екі «ең қарапайым» ақиқаттан кейін, тарих өзінің ағысын тоқтатады екен, буржуазияның қолдауы арқасында жойымпаздықтың бұқаралық тамыры жойылады екен, бұқаралық (жұмысшылардың «абыржушылығы» арқасында ғана бұқаралық болған!) «правдизм» жоғалады екен, сөйтіп «нағыз жаңа» бірдеме пайда болады екен... Плеханов пен Троцкийдің пайымдаулары кісі күлерлік-ақ емес пе!

Жұмысшылардың шын саяси сауаты пролетарлық ықпалдардың, талпыныстардың, бағыттардың буржуазиялық ықпалдарға, талпыныстарға, бағыттарға қарсы ұстамды, дәйекті, ақырына дейін жеткізілетін күресінде, тек қана осындай күресте ашылады. Ал жойымпаздықтың (1895—1902 жылдардағы экономизм сияқты) пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізудің көрінісі екенін, мұны *тіпті* Троцкий де теріске шығара алмайды, ал Плехановтың *өзі* сонау ертеректе, бұдан табандатқан 1½—2½ жыл бұрын, партияның осы ақиқатты анықтаған шешімін қорғаған болатын.

Бірақ жұмысшыларға буржуазияның жүргізген ықпалдары еш уақытта және дүние жүзінің ешбір жерінде тек идеялық ықпалдар ғана болған жоқ. Буржуазияның жұмысшыларға идеялық ықпалы төмендеп, бұзылып, нашарлаған кезде, буржуазия *барлық жерде және әрдайым* нағыз жанталасқан өтірік пен жаланы

қолданды және қолданатын болады. Мартов пен Дан ұйымдасқан марксистердің көпшілігінің еркін өздері бұзған кезде, нақ сол кезде, өздерінің идеялық күрес жүргізетін құралы жеткіліксіз болған кезде, нақ сол кезде, олар үнемі өсек таратып, жала жабу құралына жармасып отырды.

Тек бұл уақытқа дейін олар мұны эмиграниттық жағдайда, «тыңдаушылардың» біршама шағын тобы алдында істеді, сөйтіп олардың көп қылықтары еленбей кетіп жүрді. Енді олар он мыңдаған орыс жұмысшыларының алдында пікір айтты — бұл арада олардың бірден жолы болмай қалды. Эмиграниттық өсек пен жала «номерінен» түк шықпады. Жұмысшылардың саяси саналы болып шыққаны соншалық — Мартов пен Дан пікірлерінің адал еместігін, әділ еместігін осы пікірлердің *сипатына қарап* бірден аңғара қойды, сөйтіп жалақорлар деп бүкіл Россия алдында ашықтан-ашық олардың айыбын бетіне басты.

Россияның саналы жұмысшылары буржуазиялық бір топтың (жойымпаздардың) жалақорлық құралын қолдарынан *қағып түсіріп,* өздерінің саяси сауатын ашу жолында тағы да бір адым алға басты.

Жойымпаздар көсемдерінің, Плеханов пен Троцкийдің, халықшылдармен жасаған буржуазиялық одағы да,— жұмысшыларды жұмысшы партиясын жоюшылармен біріктіру «адал» адамдардың міндеті деп жарияламақшы болған либералдық баспасөздің әрекеті де,— Мартов пен Данның жалақорлық науқаны да «правдизм» идеяларының, программасының, тактикасының және ұйымының төңірегіне пролетарлық топтасудың өсуін, өркендеуін тоқтата алмайды.

«Просвещение» № 6,
июнь, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

«ВПЕРЕДШІЛДЕР» ТУРАЛЫ ЖӘНЕ «ВПЕРЕД» ТОБЫ ТУРАЛЫ

Петербург жойымпаздарының газетінде А. Богданов «Правда» мен «правдизмді» барынша қатты айыптады. Күні кеше жойымпаздармен әбден дос болған, ал бүгінгі күні олардан іргесін жартылай аулақ салған Троцкийдің журналында енді идеялық және маркстік «Вперед» тобының Париж бен Женевадағы үйірмесінің хаты басылып отыр (№ 4, 56-бет).

1909 жылдан бері, яғни 5 жылға жуық, өмір сүріп келе жатқан осы Париж-Женева тобын жақтаған бір топ Россияда тек Кавказдан ғана табылды. Осы себепті, «Путь Правды» газетіндегі түсініктерден соң, тағы да қосымша түсінік беріп жатуға, бәлкім, уақыт жібермесе де болар ма еді?*

Бірақ жойымпаздардың және олардың кешегі досы Троцкийдің «впередшілдерді» қорғаудағы табандылығы бізді осы соңғыларға тағы бір рет жауап беруге итермелеп отыр, оның үстіне жойымпаздардың, Троцкийдің және впередшілдердің тағы да көзге бадырайып көрінген іс жүзіндегі одағы бұл одақтың принциптік және саяси маңызының қандай екенін Россия жұмысшыларына түсіндіруге мүмкіндік беріп отыр.

«Вперед» тобы большевиктерден шетелде 1909 жылы бөлініп кетті. Сол жылдың аяғында бұл топ «Қазіргі жағдай және партияның міндеттері» деген кітапша

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 362—365-беттер. *Ред.*

басып шығарды, онда ол өзінің «платформасын» баяндаған болатын.

Осы кітапшаның 32-бетінен мынаны оқимыз: «Платформаны әзірлеу жұмысына партияның 15 мүшесі қатысты: 7 жұмысшы, 8 интеллигент. Платформаның көпшілік бөлегі бір ауыздан қабылданды. Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде ғана үш адам қалыс қалды (екі «шақырымпаз» және бір «антибойкотист»)».

Платформада (17-бетте және басқа беттерінде) «пролетарлық философия» қорғалды.

«Впередшілдердің» ішінен баспасөзде олардың өздері атаған мына адамдарды: Н. Максимовты, Воиновты, Алексинскийді, Луначарскийді, Лядовты, Ст. А. Вольскийді, Домовты, А. Богдановты атап өтейік.

Бұл «впередшілдердің» жайы не болды?

Н. Максимов «Вперед» тобынан кетіп қалды.

Воинов пен Алексинский бұл топта қалды, бірақ жікке бөлінді, қазір «Впередтің» *екі* түрлі тобына жатады, бұл туралы Парижде ресми түрде жарияланды.

А. Луначарский Алексинскиймен арасын ашты.

Лядов, сірә, кеткен болуы керек; «Впередтің» жаңадан жікке бөлінуінде оның ұстаған позициясы жөнінде ештеңе мәлім емес.

Солшыл халықшылдардың органдарына үнемі жазып жүргеніне қарап пікір айтатын болсақ, Ст. А. Вольский солшыл халықшылдарға қосылған («Заветыды» қараңыз).

Домов «Вперед» жинағының 3-номерінде (май, 1911 ж.) «мен «Вперед» тобының басылымдарына бұдан былай ешбір қатыспаймын» деген мәлімдемесін бастыртты (78-бет).

А. Богданов баспасөзде өзінің «Вперед» тобынан кеткенін мәлімдеді.

Фактілер осындай.

Ал енді осы фактілермен Троцкий басып шығарған Париж бен Женева «впередшілдерінің» мәлімдемесін салыстырып көріңіз:

««Вперед» тобы өзінің өмір сүре бастаған кезінен әртекті антимарксттік элементтерден құрастырылған еді, ол жұмысшы қоз-

ғалысының жандануына байланысты ыдырап кетті деген «Путь Правдыдың» пікірі шындыққа жатпайды».

Жоғарыда аталған есімдердің бәрін және өзі талай рет көмектескен «Вперед» тобының бүкіл тарихын жақсы білетін Троцкий «впередшілдердің» өрескел, шектен шыққан өтірігін басып шығарғанын, «Путь Правдыдың» нағыз шындықты айтқанын оқушы бұдан көріп отыр.

Тағы да мынадай бір фактіні еске салайық: «Современный Мирде», ұмытпасам 1910 немесе 1911 жылғысында болар деймін, А. А. Богдановтың шығармасы туралы Г. А. Алексинскийдің рецензиясы басылған болатын, айта кетейік, автор Богдановты марксизмге ешбір қатысы жоқ «мырза» деп сипаттаған-ды.

Мәселе неде?

Мәселе мынада: впередшілдер шынында да әртекті антимарксттік элементтерден құрастырылған болатын. Бұл элементтер, идеялық ағымдар мағынасында алғанда, *екеу* еді: «махизм» мен «шақырымпаздық», мұның өзі, шындығында, жоғарыда келтірілген цитаттардан-ақ көрініп отыр.

«Махизм» — Мах пен Авенариустің философиясы, Богданов түзетулер енгізіп, оның өзі, Луначарский, Вольский қорғаған және «Впередтің» платформасында «пролетарлық философия» деген бүркеншік атпен *жасырылып* жүрген философия. Іс жүзінде бұл философия — философиялық идеализмнің, яғни дінді жымысқы түрде қорғаудың бір түрі, ендеше Луначарскийдің бұл философиядан ғылыми социализмді дінмен біріктіруді уағыздауға дейін құлдилауы кездейсоқ нәрсе емес. Осы нағыз антимарксттік, нағыз реакциялық философияны А. Богданов қазір де бірсыпыра «жаңа» кітаптарда қорғап жүр, бұл философияға меньшевик Г. В. Плеханов та, большевик В. Ильин де үзілді-кесілді қарсы шығып күрескен болатын.

Жойымпаздар, А. Богданов, Троцкий және Париж-Женева впередшілдері, «Впередтің» мәлімдемелері мен «Вперед» туралы мәлімдемелерді басып шығара отырып, орыс жұмысшыларынан төмендегі мына жайттарды:

1) «Вперед» тобы өзінің платформасына «пролетарлық философияны», яғни «махизмді» өзі қойып отырғанын,

2) әр түрлі фракцияға жататын марксистер арасында нағыз реакциялық философия саналатын «махизмге» қарсы ұзақ уақыт бойы табанды күрес жүргізілгенін,

3) тіпті жалынды впередшіл Алексинский, махистермен бірге платформаға өзі қол қойса да, біраз уақыт өткеннен кейін махизмге қарсы барынша қатты күрес ашуға мәжбүр болғанын *жасырғанда* адал істеп отыр ма деп біз барша жұрттан және әрбір адамнан сұраймыз.

Шақырымпаздыққа көшейік.

«Шақырымпаздардың» «Вперед» тобына қатысқанын жоғарыда көрдік. Бұл топтың платформасында бүркемеленген шақырымпаздық бар екендігі, мәселен, платформаның 16-бетіндегі d) пунктінде шақырымпаздарға жол беруге болмайтын кеңшіліктер жасалғандығы платформа шетел баспасөзінде жарияланысымен-ақ көрсетілген болатын; әлгі пунктте былай делінген: (белгілі бір уақытқа дейін)

> «жұмысшы табы күресінің жартылай жария және жария әдістері мен жолдарының бәрінің де, соның ішінде Мемлекеттік думаға қатысудың да, дербес және шешуші маңызы бола алмайды».

Бұл да дәл сол «шақырымпаздық», тек қана бүркемеленген, көмескі, шатастырылған шақырымпаздық. Партиялық, яғни жойымпаздыққа қас большевиктер де, партиялық меньшевиктер де мұндай платформа социал-демократия үшін лайықсыз нәрсе, мұның өзі «шақырымпаздықты» қорғағандық, мейлінше қате, мейлінше зиянды қорғағандық деп үнемі және талай рет түсіндірді.

Шақырымпаздар III Думаға қатысуға қарсы болды, ал оқиғалар олардың қателескендігін, *іс жүзінде* олардың көзқарасы анархизмге әкеліп соқтырғандығын айқын көрсетіп берді.

Жоғарыда өзіміз келтірген, «шақырымпаздықты»

бүркемеленген, әлсіреген түрде қорғаушылық *іс жүзінде* «Правданың» жеңіске жеткен жолын, жария және ең жария жұмысшы ұйымдарының орасан зор көпшілігінде правдистердің партияны қиратушыларды, жойымпаздарды жеңіп шығуына жеткізген жолды жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген болар еді.

Міне, сондықтан да, «впередшілдер» «тежеусіз-солшыл марксизм» туралы осы күнге дейін айтып отырғанда, біз соз алып, жұмысшыларды сақтандыруға міндеттіміз, бұл лепірме создерде антимарксстік, марксизмге қарсы ілім, жұмысшы қозғалысына орасан көп зиян келтіретін, онымен мүлде ымыраға келмейтін ілім жатқанын мәлімдеуге міндеттіміз.

«Тежеусіз-солшыл марксизмнің» осы впередшілдік түрі большевизмге карикатура болып табылады, мұны большевиктер баяғыда-ақ, бұдан 5 жылдан астам уақыт бұрын, көрсеткен болатын; впередшілдер мұны мойындамаса да, іс жүзінде біз бұл арада марксизмнен анархизмге қарай ауытқушылықты көріп отырмыз.

1910 жылғы январьдағы пленум,— өздерінің тобын осы пленум бекітті деп впередшілдер Троцкийдің журналында тілге тиек етіп отырған пленум,— осы пленум жойымпаздық ауытқушылық қандай зиянды болса, нақ сондай зиянды *осы ауытқушылықты бір ауыздан айыптады.* Бүкіл 1910 жыл бойы шешімдерді жүзеге асыру үшін пленум ұйымдастырған оның басшы мекемелері, мәселен, Орталық Органның редакциясы[140] өз басылымдарының бетінде впередшілдер, жойымпаздар сияқты, пленумның шешімдерін *бұзды*;— бұлар, жойымпаздар сияқты, іс жүзінде *пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізушілер* деп *әлденеше рет*, байыпты түрде корсетіп отырды.

Егер впередшілдер Троцкийдің журналында енді «впередшілдердің бірінші және екінші мектебіне» сілтеме жасап отырса, онда біз фактілерді жұрттың есіне салып өтуге міндеттіміз: бірінші мектептен оның антимарксстік, іріткі салушылық мәніне тәжірибеде көздері жеткеннен кейін жұмысшылардың жарым-жартысы *кетіп қалды.* Пленум шешімдерін жүзеге асырушы Орталық Орган екінші мектеп жөнінде бұл мектептің дәл

әлгі көрсетілген мәнін түсіндіріп, жұмысшыларды әдейі сақтандырды.

Ал осы екінші мектепке кімдер көмектесті?

Партияның ресми органының ресми түрде сақтандырғанына *қарамастан*, тек жойымпаздар мен Троцкий ғана көмектесті.

Бұл екінші мектептен, Петербургтегі жойымпаздық газет пен Троцкийдің «Борьбасы» беттерінен дәл қазір көріп отырғанымыздай, біз жойымпаздардың, впередшілдердің және Троцкий топсымағының іс жүзіндегі блогын, одағын барынша айқын көріп отырмыз.

Бұл — антимаркстік, іріткі салушы топтардың одағы, бұл топтар «Правданың» марксизмін және Россияның саналы жұмысшыларының орасан зор көпшілігін «Правданың» төңірегіне біріктіріп отырған тәртіпті, жолдастық тәртіпті — партиялық тәртіпті жек көреді.

Бұл одақты, сол сияқты «Вперед» тобының өзі мен бүкіл «впередшілдікті» біз мына мағынада: «впередшілдіктен» және оның Троцкиймен, жойымпаздармен жасаған «блогынан» принципсіздіктен басқа, антимаркстік идеяларды қуаттаудан (оларды тура қорғамай) және жұмысшы қозғалысына іріткі салудан басқа еш нәрсе шығуы мүмкін емес деген мағынада «авантюризм» деп *атамай* тұра алмаймыз.

Бірақ, «Вперед» пен впередшілдікке принципті түрде және барынша қас бола отырып, біз осы топтан қол үзетін («Впередтің» негізін қалаушылардың көпшілігі сияқты) және Россияның саналы жұмысшыларының «правдизм» топтастырып, біріктірген көпшілігіне көмектесуге ниеті бар «впередшілдер» үшін ешқашан да есікті жапқан емеспіз және жаппаймыз да. «Махизмді» (амал не, Богданов осы махизмде «қасарысып» біржола тұрып алды) немесе «впередшілдікті» қорғаушылыққа ешқандай кешірім болмасын—және «Впередтің» қателіктерін адал ниетпен түсініп, «Вперед*тен*» партия*ға* қайтып келуші жолдастарға ешқандай бөгет болмасын.

Жойымпаздардың газетінде Богдановтың, Троцкийдің журналында впередшілдердің «әдебиетшілер Ильинге, Зиновьевке және Каменевке» тиісуі және оларды балағаттауы жөнінде қысқаша мынаны көрсетеміз: аталған

әдебиетшілер топтасқан марксист-жұмысшылардың *шешімдерін* әрқашан жүзеге асырып отырды, бұл марксист-жұмысшылар өздерінің «правдизм» төңірегіне топтасуы арқылы немесе астаналық және бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесіне жүргізген сайлаулары арқылы өздері Россияның ұйымдасқан және саналы жұмысшыларының басым көпшілігі болып табылатындығын бүкіл дүние жүзі алдында ашықтан-ашық дәлелдеп шықты.

Осы шешімдерге сәйкес және осы шешімдердің рухында қимыл жасай отырып, жоғарыда аталған әдебиетшілердің өз қызметін марксист-жұмысшылар көпшілігінің еркіне сәйкес деп санауға барлық негіздері бар және, әрине, впередшілдердің, Троцкийдің, жойымпаздардың содырлы қылықтары бұл әдебиетшілерді өздерінің қызметінен тайдыра алмайды.

«Вперед» тобының тарихы, оның ыдырауының, оның Троцкиймен және жойымпаздармен үнемі блок жасасуының тарихы белгілі бір дәрежеде жұмысшылар үшін жалпы көңіл қоярлық нәрсе, тіпті белгілі бір дәрежеде қоғам үшін көңіл қоярлық нәрсе, өйткені біз бұл арада бүліну, ыдырау заманында интеллигенттерден ерекше топсымақтар құрылуының кәдуілгі құбылысын көріп отырмыз. Ерекше идеялық топ құрып, пролетариатқа ерекше жол көрсетуге кімнің де болсын еркі бар,— бірақ жаңа топ құрушы әрбір адамнан «көп нәрсе талап етіледі». Қателіктер жалғандық деп есептелмейді, бұған сөз жоқ, бірақ бес жылдан асқан қозғалыстың теориясымен де, практикасымен де түсіндірілген қателіктерді *қуаттай беру*—марксизмге қарсы, жұмысшылардың топтасқан, біріккен көпшілігіне қарсы тура соғыс ашу деген сөз.

Жойымпаздар мен впередшілдердің бұлталақтауы немесе ауытқуы кездейсоқ нәрсе емес, қайта бүліну, ыдырау заманының туындысы болып табылады. Марксист-жұмысшылардың таптық күресі жолының екі жағының екеуінен де біз осы буржуазиялық ауытқушылықты көріп отырмыз, бұл ауытқушылық әрбір саналы жұмысшыны сақтандыруға тиіс.

P. S. Біз ««Впередтің» Женевадағы, Париждегі, Тифлистегі маркстік үйірмелерінің және олардың С.-Петербургтік пікірлестерінің» жаңа хаты басылған Троцкийдің «Борьбасының» номерін алған кезімізде жоғарыда баяндалған жайттар жазылып та қойған еді.

Хатта қойылған қолдан мынаны көреміз: 1909 жылдың ең аяқ кезінде *«өз»* платформасын ұсынған впередшілдердің $4^1/_2$ жыл ішінде Россияда *бір* «Тифлис үйірмесіне» және, сірә, оның *екі* «петербургтік пікірлесіне» ие болғанын көреміз (өйткені үшеу болса, бәлкім, петербургтік немесе астаналық, немесе бүкіл россиялық маркстік идеялық үйірме болар еді!). Саясат туралы аз да болса байсалды түрде пайымдайтын адамдар үшін бұл топқа баға беруге «Впередтің» төрт жылдық «қызметінің» осы нәтижесінің бір өзі-ақ жеткілікті. Троцкий *«өз»* журналсымағының беттерінде бұл топпен бірігуді ермек қыла берсін, впередшілдер мен троцкистер «держава», «ағым» ойындарын ойнай берсін, бірбірімен келісе берсін! Мұның өзі өз «топсымақтарының» құрдымдығын, мазмұнсыздығын келелі сөздермен жасырғысы келетін адамдардың балалық ермегі ғана.

Бұл топсымақтардың бірлік және жікке бөлінушілік туралы айқайын оқып көру күлкілі-ақ нәрсе! Жарқындарым-ау, түсінсеңіздерші, жұмысшылардың бұқаралық қозғалысының бірлігі туралы, жұмысшы партиясының бірлігі туралы ғана әңгіме болуы мүмкін, ал 4 жыл ішінде Россия жұмысшыларының арасында өздеріне тілектестік таппаған интеллигенттік үйірмелермен бірігу туралы сіздер Троцкиймен бірге қалай көкісеңіздер де еріктерің! Бұл жөнінде таласып жатудың да қажеті жоқ.

«Просвещение» № 6, июнь, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

ОКСЕН ЛОЛАНЫҢ «УКРАИН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУІНЕ» «РЕДАКЦИЯДАН» ЕСКЕРТУ[141]

Біз жолдасымыздың, украин марксисінің, Украинаның саналы жұмысшыларына жазған үндеуін шын ықыласпен басып отырмыз. Ұлттардың айырмашылығына қарамастан бірігу. Бұл ұран қазір Россияда өте-мөте маңызды. Жұмысшылардың жаман ақылшылары, «Дзвіндегі» ұсақ буржуазиялық интеллигенттер, украин социал-демократ жұмысшыларын великорус социал-демократ жұмысшыларынан бөліп тастауга тырысып, жанталасуда. «Дзвін» ұлтшыл мещандардың ісін істеп отыр.

Ал біздер интернационалдық жұмысшылардың ісін істейміз: бірігіп бірыңғай жұмыс істеу үшін барлық ұлттардың жұмысшыларын топтастырып, біріктіріп, олардың басын қосамыз.

Украин, великорус жұмысшылары мен Россияның өзге де әр түрлі ұлттары жұмысшыларының туысқандық тығыз одағы жасасын!

«Трудовая Правда» № 28,
29 июнь, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

БРЮССЕЛЬ КЕҢЕСІНДЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАСАЙТЫН БАЯНДАМАСЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕТЕКШІ НҰСҚАУЛАР[142]

1914 ж. 23—30 июньде (6—13 июльде) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XVII том

Қолжазба бойынша басылып отыр

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті атынан баяндама жасауға кірісе отырып, мен ең алдымен осынау көңіл сүйсінерлік борышты атқарамын және осы мекеменің атынан Халықаралық социалистік бюро Атқару комитетінің председателі Вандервельд жолдасқа оның біздің елімізге келіп, Петербургтегі жұмысшы қозғалысының қайраткерлерімен жүзбе-жүз танысқаны үшін шын жүректен алғыс айтамын. Интернационалдың көрнекті мүшелерінің Россияның саналы және басшы жұмысшыларымен тікелей танысуына, сол сияқты шетелдегі социалистік баспасөзде (біздің айтып отырғанымыз *«Le Peuple»* мен *L'Humanité»*) Россияның жұмысшы қозғалысы туралы объективтік деректерді, жергілікті жерде үш ағымның: «правдистік» (яғни біздің партиямыздың), «жойымназдық», «эсерлер» ағымының газеттері редакцияларынан жиналған деректерді жариялауға бірінші болып негіз салғаны үшін Вандервельд жолдасқа біз одан бетер ризалық білдіреміз.

Россия социал-демократиясының бірлігі туралы мәселе жөніндегі баяндамамды мен мына төрт бөлімнен құрмақшымын: 1) әуелі мен социал-демократтар арасындағы ең басты алауыздықтардың *мәнін* баяндаймын; 2) одан кейін мен Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысына қатысты және *осы қозғалыстың тәжірибесі арқылы* біздің партиялық бағытымыздың *тексерілуін* анықтайтын деректерді баяндаймын, 3-ден, мен нақ сол

жұмыс тәжірибесі арқылы біздің қарсыластарымыздың бағыты мен позициясын тексеруді баяндаймын. Ақырында, 4) мен Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті атынан бірлік жөнінде нақты, дұрыс деп санаған *практикалық* ұсыныстарды тұжырымдаймын.

I

Қазіргі уақытта Россия социал-демократиясында болып жатқан істер жөнінде негізгі екі көзқарас бар.

Роза Люксембург өткен жылы (декабрь, 1913 ж.) Халықаралық социалистік бюроға жасаған ұсынысында баяндаған және жойымпаздар да, оларды қорғаушы топтар да қостап отырған бір көзқарас мынау: Россияны толып жатқан фракциялардың фракцияшылдық күресінің «былығы» жайлады, олардың ішіндегі нашары, «лениндік» фракция, жікке бөлінуді барынша өршітіп отыр. Ал іс жүзінде алауыздықтардың болуы бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін әсте жоймайды. Бірлікке жету жолы барлық ағымдар мен фракциялардың келісімге немесе ымыраға келуі арқылы өтеді.

Біз қостайтын екінші көзқарас мынау: Россияда «фракцияшылдық күрестің былығы» дейтіндей ештеңе болып жатқан жоқ. Онда *тек* жойымпаздарға қарсы күрес *қана* болып жатыр және *тек* осы күресте *ғана нағыз* жұмысшы социал-демократиялық партиясы қалыптасуда, ол қазірдің өзінде-ақ Россияның саналы жұмысшыларының *басым көпшілігін*, $^4/_5$ бөлігін біріктіріп отыр. Россия жұмысшыларының көпшілігі біріккен құпия партияның өкілдері 1912 ж. январьдағы, 1913 ж. февральдағы және 1913 жылғы жаздағы конференциялар мен кеңестерге қатысты. «Правда» («Vérité») газеті — оның жария органы; правдистер деген ат осыдан шыққан. Бұл көзқарасты, айта кету керек, С.-Петербургте Вандервельд жолдас қатысқан банкетте Петербург жұмысшысы білдірді, ол: СПБ. фабрикалары мен заводтарында жұмысшылар біріккен, жұмысшылардың бұл бірлігінен «армиясыз бас штабтар» ғана тыс қалып отыр деді.

Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің
жасайтын баяндамасының жоспары
мен тезистерінің В. И. Ленин жазған қолжазбасы.— Июнь, 1914 ж.

Кішірейтілген

Мен өз баяндамамның екінші бөлімінде біздің көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдейтін объективтік деректерді баяндауға көшемін. Ал енді жойымпаздықтың мәні туралы мәселеге тоқталайын.

РСДРП-ның 1912 жылғы январь конференциясында жойымпаздар тобы партиядан ресми түрде шығарылған болатын. Оның бер жағында, жойымпаздық туралы мәселені біздің партия бұдан едәуір көп бұрын көтерген-ді. *1908* жылы декабрьде өткен РСДРП Бүкіл россиялық конференциясының өзі-ақ бүкіл партия үшін міндетті және жойымпаздықты сөзсіз айыптайтын дәл, ресми қарар қабылдады. Бұл қарар жойымпаздыққа мынадай анықтама береді:

(жойымпаздық дегеніміз) «партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жойып, оны қайткен күнде де, жариялылыққа тіпті партияның программасынан, тактикасынан, дәстүрлерінен корінеу бас тарту арқылы қол жетсе де, жариялылық шеңберінде бейнесіз бірлестікпен ауыстыруға тырысу әрекеті».

Бұдан жойымпаздық *1908* жылдың өзінде-ақ *интеллигенттік* ағым болып ресми түрде жарияланғаны және танылғаны, ал оның мәнісі — құпия партиядан *безуде,* оны жария партиямен *ауыстыруда* немесе ауыстыруды уағыздауда екені көрінеді.

1910 жылы январьда Орталық Комитеттің пленум жиналысы жойымпаздықты *«буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі»* деп тағы да *бір ауыздан* айыптады.

Бұдан біздің жойымпаздармен екі арадағы алауыздықтарымыз Батыс Европадағы радикалдар мен баяулар дейтіндер арасындағы алауыздықтардан терең емес, қайта одан кемірек деген пікірдің қандай қате пікір екені көрінеді. Партияны *таратып жіберуді,* сөйтіп оны жаңа партиямен *ауыстыруды* тілейтін адамдарға қарсы бірде-бір жалпы партиялық шешімді Батыс Европаның бірде-бір, мүлдем бірде-бір партиясынан таба алмайсыз!!

Партия мүшелері деген атақты пайдалана отырып, *сонымен бірге* бұл партияны таратып жіберуді, оның

жарамсыздығы мен керексіздігін, оны басқа партиямен ауыстыруды уағыздауға бола ма деген мәселе Батыс Европада ешбір жерде қойылған жоқ, қойылып отырған жоқ және қойыла да алмайды. Батыс Европада ешбір жерде мәселе біздегідей қойылып отырған жоқ, партияның өзінің *өмір сүруі* туралы, партияның *болу-болмауы* туралы қойылып отырған жоқ.

Бұл — партияны *қалай* құру керектігі туралы ұйымдық алауыздық емес, қайта партияның *болу-болмауы* туралы мәселе жөніндегі қайшылық. Бұл арада ешқандай мәмлеге келу туралы, ешқандай келісу туралы, ешқандай ымыраласу туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Біз жария баспасөзде «астыртын жұмысқа» (яғни құпия партияға) қарсы күресіп отырған, оны *«қырсық»* деп жариялап отырған, одан қашуды ақтап және мадақтап отырған, «ашық партияны» уағыздап отырған әдебиетшілерге қарсы батыл күреспейінше өз партиямызды ($^4/_5$ бөлігін) құра алмаған болар едік және бұдан әрі де құра алмаймыз.

Тіпті ең баяу либералдар партиясы да жариялылыққа жете алмай отырған қазіргі Россияда біздің партиямыз тек құпия партия болып қана өмір сүре алады. Неміс социал-демократтарының ерекше заң тұсындағы жағдайына (немістерде жариялылық сол кездің өзінде Россиядағыдан 100 есе көбірек бола тұрса да)[143] біршама ұқсастау біздің жағдайымыздың өз ерекшелігі, өз өзгешелігі бар,— бұл өзгешелік мынада. Біздің құпия социал-демократиялық жұмысшы партиямыз жұмысшылардың *құпия* (көбінесе «ұялар» деп аталатын) ұйымдарынан құралған, бұлар *жария* жұмысшы қоғамдарының (кәуіпсіздендіру кассаларының, кәсіптік одақтардың, ағарту қоғамдарының, спорт қоғамдарының, ішкілікке қарсылар қоғамдарының және басқаларының) азды-көпті қалың жүйесімен қоршалған. Астанада жария қоғамдар көбірек, провинцияларда олар көбінесе мүлдем жоқ.

Кейде құпия ұйымдар едәуір кең, кейде олар мүлдем шағын, тіпті «сенім білдірілген адамдармен»[144] ғана шектеледі.

Жария қоғамдар арқылы құпия ұйымдарды белгілі бір дәрежеде *бүркеу* және бұқара арасында жұмысшылардың топтасу идеясын кең, жария түрде уағыздау қамтамасыз етіліп отырады. Жұмысшы табының басшы ұйымдарының жалпы россиялық көлемде бірігуі, орталықтың (Орталық Комитеттің) құрылуы, барлық мәселелер бойынша дәлме-дәл партиялық қарарлар шығарылуы — осының бәрі, әрине, бүтіндей құпия нәрсе және мейлінше жасырын жағдайда ұстауды әрі сыналған, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың сенім білдіруін керек етеді.

Кімде-кім жария баспасөзде «астыртын жұмысқа» *қарсы* шықса немесе «ашық партияны» жақтаса, ол біздің партияға тура *іріткі салады,* сондықтан ондай адамдарды біз партиямыздың *бітіспес жаулары* деп санамай отыра алмаймыз.

Әрине, «астыртын жұмысты» теріске шығару революциялық тактиканы теріске шығарумен, реформизмді қорғаумен байланысты. Россия буржуазиялық революциялар заманын басынан кешіруде. Россияда қазір тіпті ең баяу буржуа да, «кадеттер» мен «октябристер» де үкіметке қатты наразы. Бірақ олардың бәрі — революцияның жаулары, «демагогия» үшін, бұқараны 1905 жылдағыдай баррикадаларға тағы да бастап апаруға ұмтылып отырғанымыз үшін бізді жек көреді. Олардың бәрі, буржуа, тек «реформаларды» ғана уағыздайды және реформалар қазіргі патшалық монархиямен *сыйысады* деген бұқараны мейлінше аздыратын сенімді олардың арасына таратады.

Біздің тактикамыз өзгеше. Біз қандай реформаны болса да (мәселен, қауіпсіздендіруді) және жария қоғамдардың қандайын болса да пайдаланамыз. Бірақ біз оларды бұқараның революциялық санасы мен бұқараның революциялық күресін дамыту үшін пайдаланамыз. Россияда, ал онда осы уақытқа дейін саяси бостандық жоқ, қазір біз үшін бұл сөздердің Европадағыдан гөрі анағұрлым тікелей маңызы бар. Біздің партиямыз *революциялық стачкалар* жүргізуде, бұлар Россияда дүние жүзінің ешбір жерінде болмаған дәрежеде өрістеуде,— мәселен, тек бір ғана май айын ала-

йықшы. Экономикалық стачкаларда 1912 жылғы майда —64 мың, 1914 ж. майда —99 мың адам ереуіл жасады.

Ал саяси стачкаларда 1912 ж.—364 мың, 1914 ж.—647 мың адам ереуіл жасады. Саяси және экономикалық күрестің біріктірілуі миллиондаған шаруаларды желпіндіріп, оларды революция үшін тәрбиелейтін революциялық стачка тудырады. Біздің партиямыз *революциялық митингілер мен революциялық көше демонстрациялары* науқанын жүргізуде. Біздің партиямыз бұл үшін *революциялық прокламациялар мен құпия газет*, партияның Орталық Органын таратып жүр. Бұқара арасында насихат пен үгіттің бүкіл осы жұмысын идеялық жағынан біріктіруге партиямыздың жоғарғы органдары қабылдаған мына ұрандар: 1) 8 сағаттық жұмыс күні; 2) помещиктік жерлерді конфискелеу және 3) демократиялық республика ұрандары қызмет етеді. Россияның қазіргі жағдайында, толық правосыздық пен озбырлық тұсында, патшалық монархия барлық заңдарды аяққа басып отырған кезде, партияның бүкіл насихаты мен үгітін жұмысшы табының революциялық қозғалысын шын қолдау рухында *тек* осы ұрандар *ғана* шын біріктіріп, бағыттай алады.

Жойымпаздардың, мәселен, бізді «коалициялар бостандығына» қарсы деуі бізге ерсі естіледі,— өйткені біз программамыздың бұл параграфының маңызын 1912 жылғы январь конференциясының арнаулы қарарында баса көрсетіп қана қойған жоқпыз, сонымен қатар коалициялардың (мәселен, қауіпсіздендіру кассаларының) ықшамдалған праволарын іс жүзінде жойымпаздардан он есе нәтижелі пайдаландық. Бірақ біреулер жария баспасөзде жерді конфискелеу және республика ұрандары бұқара арасында үгіт жүргізудің тақырыбы бола алмайды деп отырса, біз оларға *мұндай* адамдардың және мұндай әдебиетшілер тобының біздің партиямен *бірлігі* туралы сөз болуы да мүмкін емес деп мәлімдейміз.

Баяндамамның осы, бірінші бөлімінде алауыздықтардың *мәнін* баяндауды өзіме міндет етіп қоя отырып, мен баяндамамның төртінші бөлімінде практикалық

ұсыныстар текстінде партияның программасы мен шешімдерінен жойымпаздардың барлық ауытқулары дәл тізіп көрсетілетіндігін еске саламын да, жоғарыда айтылғанмен шектелемін.

Мен бұл арада жойымпаздардың біздің құпия партиямыздан, РСДРП-дан, *шығып қалу* тарихының егжей-тегжейіне барып жатпаймын. Тек осы тарихтың басты *үш* кезеңін ғана көрсетемін.

I кезең: 1908 жылдың күзінен 1910 жылдың январына дейін. Партия жойымпаздықты айыптай отырып, оған қарсы дәл, ресми, партиялық шешімдер шығару жолымен күресті.

II кезең: 1910 жылғы январьдан 1912 жылғы январьға дейін. Жойымпаздар партияның Орталық Комитетін қалпына келтіруге *кедергі жасады,* жойымпаздар партияның Орталық Комитетін бұзды және оның ең соңғы қалдығын, «Орталық Комитеттің шетелдік *бюросының*»[145] техникалық комиссиясын *таратып жіберді.* Содан соң партияның *Россиядағы* комитеттері партияны қалпына келтіру үшін «Россиялық ұйымдастыру комиссиясын» құрды (1911 жылдың күзі)[146]. Ол 1912 жылғы январь конференциясын шақырды. Бұл конференция партияны қалпына келтірді, Орталық Комитетті сайлады, жойымпаздар тобын партиядан шығарды.

III кезең: 1912 жылдың январынан осы уақытқа дейін. Бұл кезеңнің мәнісі мынада: Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ көпшілігі нақ 1912 жылғы январь конференциясы қабылдаған шешімдер мен құрған мекемелердің төңірегіне топтасты.

Мен енді баяндамамның екінші бөліміне, Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысы тұрғысынан біздің партиямыздың және жойымпаздардың қазіргі жағдайын сипаттауға көшпекпін. Мен біздің партиялық бағытты немесе жойымпаздық бағытты *бұқаралық қозғалыстың тәжірибесі* қаншалықты дәлелдеді деген мәселені түсіндіруге тырысып көремін.

II

Ескіше 1912 жылғы 22 апрельден бері Россияда күнделікті жұмысшы газеті — «Правда» шыға бастады; ол

1912 жылғы январь конференциясында партияның қалпына келтірілуі *арқасында* құрылды және осы конференцияның шешімдерін (көбінесе — тұспалмен, ылғи — ықшам түрде) жүзеге асырып келеді. Партияның 1912 жылғы январьдағы құпия конференциясының және ол құрған Орталық Комитет пен жария газет — «Правданың» арасындағы құпия байланыс туралы біздің еш уақытта *еш қандай баспасөзде* айтпайтынымыз түсінікті. 1912 жылғы сентябрьден жойымпаздардың бәсекелес газеті «Луч» — қазіргі «Наша Рабочая Газета» шыға бастады. Одан соң, 1912 жылдың күзінде IV Мемлекеттік думаның сайлауы болды. 1913 жылдан бастап Россияда жұмысшылардың ауруларға жәрдем беру кассаларын құрған қауіпсіздендіру туралы жаңа заң енгізілді. Ақырында, жария кәсіптік одақтар, оларды үкімет қаншама қатты қудаласа да, ылғи жабылып қалып отырса да, ылғи қайтадан ашылып отырады.

Бұқаралық жұмысшы қозғалысының жоғарыда аталған көріністерінің бәрі — әсіресе екі бағыттың *екеуінің де* күнделікті газеттері — орасан көп ашық, тексеруге болатын, *объективтік* деректер беріп отырғандығын түсіну қиын емес. Жойымпаздар мен олардың шетелдік қорғаушыларының Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының объективтік фактілерін *елемей,* жалаң пікірлермен, сенімдермен, тақпақтармен әрекет ететін дағдылы тәсіліне Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті алдында батыл қарсылық білдіруді біз өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

Біздің бағытымыздың дұрыстығына сенімімізді сөзсіз ныгайтқан да нақ осы фактілер болды.

1912 жылы январьда құпия партияны қалпына келтірген РСДРП конференциясы болды. Жойымпаздар мен шетелдік топсымақтар (Плеханов соның ішінде) оны балағаттаумен қарсы алды. Ал Россиядағы жұмысшылар ше?

Бұған IV Мемлекеттік думаның сайлауы жауап берді.

Бұл сайлау 1912 жылдың күзінде болды. Егер III Думада жұмысшы куриясынан сайланған депутаттардың *50 проценті* (8-дің 4-ті) біздің бағытымыздағылар болса, IV Думада жұмысшы куриясынан сайланған 9 де-

путаттан 6 депутат, яғни 67 проценті партия жағында болды. Мұның өзі жұмысшы бұқарасы партия жағына шығып, жойымпаздықты серпіп тастағандығын дәлелдейді. Егер қазір Думаның жойымпаздыққа қарай бейімделіп отырған алты мүшесі Думадағы *партиялық* фракциямен, Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясымен, бірігуді шын тілеп отырса, біз мынаны: бірліктің шарты депутаттардың жұмысшылар көпшілігінің еркін жүзеге асыратындығын мойындау екенін көрсетуге міндеттіміз.

Содан соң. Күнделікті газеттер жұмысшы табын *ұйымдастырудың* өте маңызды құралы болып қызмет етеді. Газеттерде мұны көрсететін көп материал бар. Мәселен, *жұмысшы топтарынан* түсетін *жарналардың саны туралы* деректер. Екі газеттің екеуі де, правдистік (яғни партиялық) газет те, жойымпаздық газет те, жұмысшы топтарынан түсетін ақша жарналары туралы есептер басып отырады. Бұл есептер жұмысшылар бұқарасының қаншалықты *ұйымдасқандығының* шын жағдайының Россияда болуы мүмкін ең жақсы — ашық және жария — көрсеткіші.

Социалистік партиялар жария жағдайда өмір сүретін Батыс Европада партия мүшелерінің саны жұрттың бәріне мәлім және ұйымдасқан жұмысшы қозғалысы туралы қандай да бір пайымдау жасалғанда әрқашан негізге алынып отырады.

Россияда ашық, жария партия жоқ. Партия ұйымдары құпия, жасырын, бізде айтылатынындай, «астыртын». Бірақ бұл ұйымдар жағдайының *жанама* — сонымен қатар қатесіз — көрсеткіші *жұмысшы топтарынан түскен ақша жарналарының саны* болады.

Бұл деректер 2 жылдан астам уақыт бізде, $1^1/_2$ жылдан астам уақыт жойымпаздарда екі газеттің екеуінде де ашық және үнемі басылып отырғандықтан, оның бер жағында жалғандық немесе қате атаулының қандайы болса да дереу жұмысшылардың өздерінің наразылығын тудыратын болғандықтан, бұл деректер жұмысшы бұқарасы ұйымшылдығының ашық және жария

көрсеткіштерінің ішіндегі *сөзсіз сенімдісі* және ең жақсысы болып табылады.

Егер біздің жойымпаздар және оларды қорғаушы шетелдік топсымақтар бұл деректерді қасарысып елемей отырса, бұл деректер туралы өз баспасөзінде үндемей отырса, біздің жұмысшылар мұны *жұмысшылардың көпшілігінің еркін орындатқысы* келмеушіліктің көрінісі деп қана таниды, мұны арұяттың аздығы деп қана таниды.

Бүкіл 1913 жылдың деректері мынадай. Жұмысшы топтарынан түскен жарналардың саны правдистерде 2181, жойымпаздарда 661 болды. 1914 жылы (13 майға дейін) жұмысшы топтары правдистерде—2873, жойымпаздарда — 671 болды. Бұл — правдистер ұйымдастырған жұмысшы топтарының проценті 1913 жылы 77%, 1914 жылы 81% болды деген сөз.

Правдистер 1912 жылдан бастап бұл деректерді үнемі басып келеді, бұл деректерді тексеруге шақырып, олардың объективтілігін көрсетіп, «бірліктің» *шын* (екіжүзді емес) достарын жұмысшылар көпшілігінің еркін ашық және адал мойындауға шақырып келеді. *Мұнсыз* бірлік туралы әңгімелердің бәрі тек екіжүзділік болады.

Жойымпаздардың партияға қарсы біржарым жылдық күресінен кейін Россияның саналы жұмысшылары $^4/_5$ көпшілік болып, «правдистік» бағытты, «астыртын жұмысқа» және революциялық тактикаға адалдықты *мақұлдады*. Сөйтіп, біз жойымпаздар мен олардың достарынан партияның еркіне *қарсы* «бірлік» туралы айтылған құрғақ сөздерді емес, ал мынаны: Россияның саналы жұмысшыларының басым көпшілігінің осы еркін олар, сайын келгенде, тани ма, әлде танымай ма?— осыны тура мәлімдеуді күтеміз.

Сендіру үшін жай айта салу оп-оңай. Бірақ шын жұмысшы газетін, шын мәнінде жұмысшылар қаржыландырып отырған газетті ұйымдастыру өте қиын. Бізден гөрі тәжірибесі көбірек шетелдегі жолдастардың бәрі мұны біледі. Шын жұмысшы газеті, яғни шын мәнінде жұмысшылардың ақшасына шығарылатын, пар-

тиялық бағыт ұстап отырған газет орасан зор ұйымдастыру аппараты болып табылады.

Сонымен, деректер бізге нені көрсетіп отыр? Объективтік деректер бізге мынаны көрсетеді: «Правда» — шын жұмысшы газеті, ал «астыртын жұмысты», яғни партияны теріске шығаратын жойымпаздық газет — өзінің идеялары жағынан да, өзінің қаржы алатын көздері жағынан да *іс жүзінде буржуазиялық* газет.

1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін екі газеттің екеуі де, әрқашанғыдай, жиналған қаржылар туралы ақша есептерін басып отырды, ал біздің газетімізде бұл есептердің қорытындылары шығарылды. Нәтижелері мынау. «Правда» 21 584 сом 11 тиын жинады, мұның 18 934 сом 10 тиыны жұмысшы топтарынан жиналған. Яғни жиналған қаржының 87 проценті ұйымдасқан жұмысшылардан түсіп, тек 13 проценті ғана буржуазиядан түскен.

Ал жойымпаздарда 12 055 сом 89 тиын жиналған, оның 5296 сом 12 тиыны, яғни *жартысынан азы*, не бары 44 проценті жұмысшы топтарынан түскен. Жойымпаздарға ақшаның *жартысынан көбін* буржуазия беріп отыр.

Мұның үстіне, бүкіл либералдық-буржуазиялық баспасөз жұмысшылар көпшілігінің еркін жойымпаздардың орындатпауына *көмектесіп*, жойымпаздардың реформизмін және олардың астыртын жұмысты теріске шығаруын *мадақтап*, оларды күннен күнге мақтап отыр.

Шетелдік топтар қызметінің мысалы ретінде Плеханов жолдастың, депутат Бурьяновтың және басқалардың «Единство» газетін келтірейін. Менің алдымда бұл газеттің үш номері жатыр, біріншісі үстіміздегі жылы 18 майда, үшіншісі 15 июньде шыққан. Есептерден мынаны көреміз: газетке бір адам шетелдегі Ольгин жолдас арқылы 1000 сом берген және шетелде 207 сом 52 тиын қаржы жиналған. *Алты* (алты!) жұмысшы тобы 60 сом берген.

Россияда алты жұмысшы тобына сүйенетін осы газет сөйте тұра жұмысшыларды партияның шешімдеріне

құлақ аспауға шақырады, бұл партияны «жікшіл» деп жариялайды!! 1912 және 1913 жылғы *үш* құпия конференцияның дәлме-дәл шешімдері төңірегіне $2^1/_2$ жыл ішінде *5600* жұмысшы тобын біріктірген партия «жікшіл» болып шығыпты. Ал Россияда алты жұмысшы тобын біріктірген және орыс жұмысшыларының еркін *орындатпау* үшін шетелде 1200 сом қаржы жинаған Плеханов тобы, байқайсыз ба, «біріктіруші» топ болып табылатын көрінеді!!

Плеханов басқаларды фракцияшыл деп айыптайды,— сонда ерекше топқа ерекше қаржы жинау және жұмысшыларды $^4/_5$ көпшіліктің шешімдерін орындамауға шақыру фракцияшылдық *болмаған* сияқты.

Бізге келетін болсақ, біз үшін Плеханов тобының әрекеті *іріткі салушылықтың* үлгісі болып табылатындығын біз тура мәлімдейміз. Егер Германияда Меринг жұмысшылардың алты тобын жинап алып, ерекше газетте неміс социал-демократтарын, айталық, поляктардан ажырасқан партияға құлақ аспауға шақыратын болса, Плехановтың әрекеті пақ сондай.

Біз Плехановпен мәселені әрқилы бағалап отырмыз. Біз Россияда жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігінің топтасуын сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі бірлік деп атаймыз. Ал шетелдік топтардың шетелде жиналған ақшаға орыс жұмысшыларының көпшілігіне қарсы күрес жүргізуін біз *іріткі салушылық* деп атаймыз.

Вандервельд жолдас СПБ-те жинап алып, жарияланған деректер бойынша, «Правда» 40 000 дана болып басылады, ал жойымпаздардың газеті — 16 000. «Правда» жұмысшылардың қаржысына шығады, оның шығынын солар көтереді, ал жойымпаздардікі *буржуазиядан шыққан бай достардың* — біздің газет оларды осылай атайды — қаржысына шығады.

Біз Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетіне екі газеттің екеуінде де басылған финанс есептерін тапсырып отырмыз — мұның өзі жұмысшы газеті дегеннің қаншалықты елеулі іс екенін білетін шетелдік жолдастар үшін сендіруден, уәде беруден, мәлімдеме жасаудан, «лениншілдерді» сөгуден гөрі жақсырақ болар.

Біз жойымпаздардан былай деп сұраймыз: олардың тобы шығаратын газет астыртын жұмыстан безуді уағыздау үшін және Россияның саналы жұмысшылары көпшілігінің еркін *орындатпау* үшін *іс жүзінде* буржуазиялық әрекет екендігінің *объективтік фактісімен* олардың бұдан былай да санаспағысы келе ме екен?

Егер олай болса, онда біздің жұмысшылар олардың тарапынан айтылған «бірлік» туралы сөздерге бұрынғыша мысқылдап күлетін болады.

Кімде-кім бірлікті шын тілесе, бүкіл жойымпаздық бағыттың толық қателігін, 1908 жылдан бергі партиялық шешімдер арқылы да, *жұмысшылар бұқарасының* $2^1/_2$ жылдық күресінің *тәжірибесі арқылы* да дәлелденген қателігін адал мойындайтын болсын.

Содан соң. Жұмысшылардың қауіпсіздендіру мекемелеріне сайлауы туралы объективтік деректер мынадай. Қазіргі, патшалық Россияда саяси, конституциялық, реформалар туралы сөздердің қандайын болса да біз либералдық сөздер деп қабылдамаймыз, бірақ біз қауіпсіздендіру саласындағы сияқты *нағыз* реформаларды сөз жүзінде емес, *іс жүзінде* пайдаланамыз. Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесінің *бүкіл* жұмысшы тобы *правдистерден*, яғни жойымпаздықты айыптап, қабылдамай тастаған жұмысшылардан құралған. Осы бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесінің сайлауында 57 уәкілдің 47-сі, яғни 82 проценті правдистер болды. Астаналық, санкт-петербургтік, қауіпсіздендіру мекемесінің сайлауында 37 правдистік уәкіл және 7 жойымпаз болды, яғни правдистердің проценті — 84%.

Кәсіптік одақтар да — сондай. Бәлкім, шетелдік жолдастар, Россиядағы «фракцияшылдық күрестің былығы» туралы шетелдегі орыс социал-демократтарының сөздерін естіген соң (Роза Люксембургтің, Плехановтың, Троцкийдің және басқаларының сөздері осындай) бізде кәсіптік қозғалыста жікке бөліну үстем болып отыр деп ойлайтын шығар?

Тіпті де олай емес.

Россияда қосарлас одақтар деген жоқ. Питерде де, Москвада да кәсіптік одақтар *біртұтас*. Бар әңгіме бұл одақтарда *правдистердің толық* басым екендігінде.

Москваның 13 кәсіптік одағының ішінде бірде-бір жойымпаздық одақ жоқ.

Санкт-Петербургте біздің жұмысшы календарымызда мүшелерінің саны көрсетіліп, тізімі берілген 20 кәсіптік одақтың ішінде тек чертежниктер, фармацевтер және конторшылар гана, сондай-ақ баспа жұмысшыларының жартысы — жойымпаздар. Қалған одақтардың бәрінде, металлистерде де, тоқымашыларда да, тігіншілерде де, ағаш өңдеушілерде де, приказчиктерде де және т. б. правдистер *толық* басым.

Сондықтан біз тура былай дейміз: егер жойымпаздар өздерінің бүкіл тактикасын барынша батыл өзгертіп, Россияның саналы жұмысшыларының ұйымдасқан көпшілігіне қарсы іріткі салушылық күресін тоқтатқысы келмесе, онда олар «бірлік» туралы аузын да ашпасын.

«Правда» күн сайын, тіпті тұспалдап болса да, *астыртын жұмысты* мақтап, одан безушілерді сөгеді. Ал жұмысшылар *өз* «Правдасының» соңынан еріп отыр.

Шетелдегі, құпия баспасөз туралы деректердің қорытындылары мынадай. Жойымпаздардың 1912 жылғы август конференциясынан *кейін* біздің партиямыз, 1914 жылғы июньге дейін, құпия, басшы саяси газеттің *бес* номерін шығарды, *жойымпаздардікі — ноль,* социалист-революционерлер *тоғыз* номер шығарды. Россиядағы прокламациялар, стачкаларда, митингілерде, демонстрацияларда революциялық үгітке қызмет ететін прокламациялар, бұл есепке қосылған жоқ.

Біздің партиямыз бұл 5 номерде *44* құпия ұйым жайында айтты, жойымпаздарда *ноль,* социалист-революционерлерде *21* (көбінесе оқушылар мен шаруалар).

Ақырында, 1913 жылы октябрьде Думада Россия социал-демократиялық жұмысшыларының дербес фрак-

циясы құрылды, ол, жойымпаздардан өзгеше, Россияның саналы жұмысшылары көпшілігінің еркін бұзуды емес, олардың еркін *жүзеге асыруды* тілеген кезде екі газеттің *екеуінде де* Россияның барлық жерлерінен алынған жұмысшылардың не ол, не бұл фракцияны, партиялық немесе жойымпаздық фракцияны жақтаған *қарарлары* басылды. Мұның өзінде Думадағы «правдистік», яғни партиялық, фракцияны жақтап *6722* қол қойылғандығы, жойымпаздық фракцияны жақтап *2985* қол қойылғандығы (соның ішінде бунд жұмысшыларынан 1086 және кавказдықтардан 719 қол қойылған) жарияланды. Демек, жойымпаздардың өздерінің барлық одақтастарымен бірге жинай алғаны *үштің бірінен де аз.*

Жойымпаздардың жалаң сөздеріне біздің қарама-қарсы қойып отырған объективтік деректер, қысқаша баяндағанда, міне, осындай. Россияда жұмысшы табының $2^1/_2$ жыл ішіндегі *бұқаралық* қозғалысы туралы бұл объективтік деректер біздің партиялық бағытымыздың дұрыстығын саналы жұмысшылардың тәжірибесі арқылы біржола дәлелдеп отыр.

Бұл арада мен қазіргі жойымпаздардың қазіргі газетімен «бірлік» туралы және тіпті «татулық» туралы сөз болуы да мүмкін еместігінің себебін көрсету үшін шегініс жасап, мына бір нақты мысалға тоқталуым керек.

Бұл — партиямыздың құпия жұмысына жойымпаздардың қалай қарайтынын түсіндіретін аса маңызды мысал, сондықтан мен жолдастардың бұған айрықша назар аударуын өтінемін.

Россияда 1912 жылдан бастап революциялық бұқаралық стачканың өте тамаша дамып келе жатқаны мәлім. Фабриканттар оған қарсы локаут қолдануға тырысты. Күрестің мұндай шарасына партияның көзқарасын белгілеу үшін партиямыздың *1913* жылғы (мезгілін байқаңыздар: *1913* жылғы!) февральда болған кеңесі қарар қабылдап, оны *құпия түрде* жариялады.

Бұл қарарда (құпия басылымның 11-беті) «көшеде революциялық демонстрациялар жасаудың кезекті

міндеті» тікелей алға қойылады. Бұл қарарда «локауттарды тойтару үшін, мәселен, итальян стачкасы сияқты жаңа күрес формаларын іздестіру және саяси стачкаларды революциялық митингілермен және революциялық көше демонстрацияларымен ауыстыру» тікелей ұсынылады (бұл да сонда).

Қайталап айтайық, бұл 1913 жылдың февралында, яғни жойымпаздардың август конференциясынан (1912 ж.), жойымпаздар астыртын жұмысқа қарсы *емес* деп бүкіл дүние жүзін сендірген конференцияның өзінен *жарты жыл* кейін болды. 1912 жылдың августынан 1913 жылдың февралына дейінгі бұл жарты жылдың ішінде де, 1913 жылдың февралынан 1914 жылдың февралына дейінгі *келесі жылдың ішінде де,* бұл мәселе жөнінде Август блогының *ешқандай қарары болған жоқ.* Мүлдем ешқандай қарары болған жоқ!! Енді әрі қарай тыңдап көріңіздерші.

1914 жылы 20 мартта Санкт-Петербург заводшылары стачкаларға локаутпен жауап беруге ұйғарды. Бір күннің ішінде СПБ-те 70 000 адам көшеге шығарылып тасталды.

Партиямыздың СПБ-тегі құпия ұйымы, «РСДРП Петербург комитеті», партияның қарарына сәйкес, 4 апрельде, Лена қырғыны күні локаутқа революциялық демонстрациямен жауап беруге ұйғарды.

Жұмысшыларға арналған құпия прокламация шығарылды, ол қазір менің алдымда жатыр. Оған «РСДРП СПБ. комитеті» деп қол қойылған. Ол партияның ұрандарын (республика және жерді конфискелеу) қайталайды, сөйтіп:

«Жолдастар! 4 апрельде таңертеңгі сағат 11-де Нева проспектіне шығыңдар» — деген сөздермен аяқталады.

Жария газет болған соң «Праваның» бұл прокламацияны көшіріп баса алмайтыны былай тұрсын, ол жайында *өзі* тіпті ештеңе айта да алмайтыны түсінікті.

Не істеу керек? Құпия, революциялық демонстрацияға құпия түрде шақыруды қолдау қажеттігі туралы *ойды* тіпті ең саналы, алдыңғы қатарлы деген жұмысшы-оқушылардың алдында қалай білдіру керек?

Біздің әрқашанғы істейтініміздей, тұспалдап қана айтуға тура келеді.

Сөйтіп, дәл демонстрация болатын жұма күні, 1914 жылы 4 апрельде, біздің газетімізде («Путь Правды» № 54) «Жұмысшы қозғалысының формалары туралы»* деген қарапайым атпен, қол қойылмаған, редакциялық мақала басылып шықты. Бұл мақалада «марксистердің 1913 жылғы февральдағы ресми шешімі» *а ш ы қ а т а л а д ы,* ал революциялық сипаттағы демонстрация мына сөздермен *т ұ с п а л д а п* айтылады:

«Жоғарылатудың» (яғни күрес формаларын жоғарылатудың) «тарихта талай рет сыналған және тек жойымпаздарға ғана «түсініксіз», «жат» көрінетін кейбір нақты формаларын да саналы жұмысшылар өте жақсы біледі» («Путь Правды», 1914, № 54).

Орыс полициясы мен прокурорлар бұл тұспалды түсінбеді. Ал саналы жұмысшылар мұны түсінді.

Демонстрация болды. 4 апрель күні кешке шыққан барлық буржуазиялық газеттер ол туралы айтты. Сонда келесі күні, 5 апрельде, біздің газет («Путь Правдының» 55-номерін қараңыз) буржуазиялық газеттерден алынған үзінділерді *ц и т а т қ а к е л т і р д і,* оларда:

«соңғы күндері жұмысшылар арасында 4 апрельде, Лена оқиғаларының жылдығы күні, демонстрация жасауға шақырған, РСДРП Петербург комитеті қол қойған листоктар көп таратылды» делінген еді.

Буржуазиялық газеттерден алынған *м ұ н д а й* цитат үшін біздің газетімізді сотқа тартуға болмайды. Бізде, сайып келгенде, құпия партияның шешімдері орындалған болып шығады; революциялық демонстрация ұйымдастырылды және бұл жұмысты қырық мың жұмысшы оқитын жария газет *қ о л д а д ы.*

Ал жойымпаздар не істеді?

Осының алдында айтқанымдай, 1912 жылдың августынан 1913 жылдың февралына дейінгі жарты жылдың ішінде де, одан кейінгі тұтас тағы бір жылдың

---

* Қараңыз: осы том, 60—64-беттер. *Ред.*

ішінде де оларда Август блогынан *ешқандай құпия шешімдер* жарық көрген жоқ.

1914 ж. 4 апрельге арнап СПБ-те жойымпаздар шығарған, ешқандай құпия үндеу хаттар туралы ешкім ештеңе естіген жоқ, бұл жайында буржуазиялық газеттер де ештеңе деген жоқ. Ал буржуазиялық газеттердің куәландыруы *өте маңызды* екенін айта кету керек, өйткені прокламациялар шынымен көп таратылған кезде буржуазиялық газеттер мұны әрқашан біледі және бұл туралы айтады да. Керісінше, егер прокламациялар болмашы мөлшерде таратылса, бұқара мұны білмей қалады, сондықтан буржуазиялық газеттер де үндемейді.

Сонымен, 1914 жылғы 4 апрельдегі революциялық демонстрацияны ұйымдастыру үшін жойымпаздар өз қолдарымен ештеңе істеген жоқ. Олар сырт қалып қойды.

Ол ол ма. Жойымпаздардың жария газеті келесі күні демонстрация туралы айта келіп,

партиямыздың СПБ. комитетінің атынан листоктар таратылғандығы туралы буржуазиялық газеттердің хабарларын көшіріп те баспады!!

Бұл сұмдық нәрсе, бірақ факт. Сондықтан мен Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті алдында осы фактіні масқаралау үшін бұл арада жойымпаздық газеттің 1914 жылғы 5 апрельдегі номерін («Северная Рабочая Газета» № 48) баяндамама қоса тапсырамын.

Мұның не екенін ойлап көріңіздерші!! Біздің партиямызбен «бірлікті» тілейтіні туралы даурығып жүрген адамдар, өздерін социал-демократтармыз деп атағысы келетін адамдар партиямыздың құпия ұйымының, РСДРП СПБ. комитетінің *бар екендігін*, оның *революциялық*, құпия, астыртын прокламацияларын және *оның* 1914 жылғы 4 апрельде демонстрациялар ұйымдастырғанын жұмысшылардан *жасырады.*

Біздің партиямызбен «бірлік» туралы даурығып жүрген адамдар партиямыздың СПБ. комитеті қол қой-

ған *астыртын* листоктардың көптеп таратылғандығы туралы буржуазиялық газеттердің хабарын *көшіріп те баспайды!*

Астыртын жұмыс туралы мәселенің біз үшін осындай елеулі, түбегейлі маңызы болып отырғандығының себебін шетелдік партиялардағы жолдастар осыдан түсіне алады.

Бірақ әлгінің өзі де әлі аз көрініпті. Бір аптадан кейін, 1914 жылғы 11 апрельде, жойымпаздық газетте («Северная Рабочая Газета» № 51) мақала басылып, оның авторы күрестің «жоғарғы формалары» туралы «Правдада» 4 апрельде, демонстрация күні, басылған мақаланы *тура мазақ етеді*, «Правда» *«өзінің ойын түсінуге қиын формада білдірді»*—деп *мазақ етеді!!*

Ойлап қана көріңіздерші: жойымпаздардың астыртын жұмысты ылғи сөгіп, балағаттап жүрген жария газеті астыртын жұмысқа *көмектескісі* келетін біздің жария газетіміздің мұны тек тұспал формасында ғана істегендігін *мазақ етеді*!!

«Жоғарғы формаларды», яғни партиямыздың СПБ. комитеті ұйымдастырған революциялық демонстрацияны біздің газетіміздің *тұспалдап айтқаны* үшін жойымпаздар өздерінің газетінде, әлгі мақаланың өзінде, бізді жұрт алдында *«авантюристер»*, «ең принципсіз авантюристер», «жұмысшыларды *арандатушы»* *«анархо-синдикалистер»* деп атайды!!

Менің қолымда барлық документтер, СПБ. комитетінің прокламациясы да, біздің газет те, жойымпаздардың газеті де бар. Білгісі келетін жолдастар бұл документтерді толық аударып беруді өтінсін.

Ал мен партиямыздың Орталық Комитеті атынан және Россияның ұйымдасқан социал-демократиялық жұмысшыларының орасан көпшілігі атынан мынаны мәлімдеймін: *мұндай газет өмір сүріп отырғанда жойымпаздардың мұндай тобымен ешқандай «бірлік» және ешқандай «татулық» болмайды!!*

Біз бұқара арасындағы революциялық жұмысымызды мұндай газетпен «бірігіп» жүргізе *алмаймыз.*

III

Мен енді баяндамамның 3-бөліміне көшемін. Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының біздің бағытымызды растап берген *тәжірибесін* қарастырып болғаннан соң, мен біздің дұшпандарымыздың *тәжірибесіне* тоқталғым келеді.

Біздің дұшпандарымыз, жойымпаздар да, плехановтық топ сияқты шетелдегі топсымақтар да, біздерді «узурпаторлар» деп балағаттағанды ұнатады. 1912 жылы мартта «Vorwärts»-тің бетінде олар бұл балағаттауды тағы қайталады. Біздің жауап беруімізге «Vorwärts» орын бермеді!! «Узурпаторлық» деген бұл айыптаудың саяси мәні қандай болуы мүмкін екендігін қарастырып көрейік.

Жойымпаздар бұрынғы Орталық Комитетті бұзғаннан кейін партия комитеті құрған «Россиялық ұйымдастыру комиссиясы» 1912 жылғы конференцияны шақырғанын мен осының алдында айтып өттім. Құпия партияның бұл қалпына келтірілуін біз өзіміздің сіңірген еңбегіміз деп білеміз, Россия жұмысшыларының көпшілігі мұны мойындады да.

Әйтсе де біздің осыншама көп (шетелдің және интеллигенттік топсымақтардың тұрғысынан қарағанда) дұшпандарымыздікі дұрыс-ақ екен деп бір минут болса да ойлап көрейікші. Айталық, біз «узурпаторлық», «жікшілдік» және т. с. жөнінде айыпты екенбіз. Ендеше, біздің дұшпандарымыз *сөзбен емес,* өз жұмысының және өз бірлігінің *тәжірибесімен* біздің айтқанымызды бекерге шығарады деп күту орынды болмас па еді?

Егер партияны жойымпаздар тобына қарсы шыға отырып құру керек, басқаша құруға болмайды дегенде біздікі теріс болатын болса, бізбен келіспейтін топтар мен ұйымдар жойымпаздармен бірліктің мүмкін екендігін *өз* жұмысының *тәжірибесімен дәлелдейді* деп күту жөн болмас па еді?

Ал оның бер жағында дұшпандарымыздың тәжірибесі бізге мынаны көрсетіп отыр. 1912 жылы январьда

құпия партияны біздің конференция қалпына келтірді, онда Россия ұйымдары көпшілігінің өкілдері болды.

1912 жылдың мартында «Vorwärts»-тің бетінде бізді балағаттауда:

жойымпаздар да
Бунд та
латыштар да
поляктар да
«троцкистер» де
«впередшілдер» де бірікті.

«Ағымдар» мен «топтар» қандай көп сияқты? Өздерінің бірлігі арқылы Россияның жұмысшыларына жақсы үлгі көрсету оларға қандай оңай болған болар еді!!

Бірақ жойымпаздардың «август» конференциясын шақыра бастаған кезде, біздің дұшпандарымыз бірге жүре *алмайтын* болып шықты.

Поляктар да, Плеханов та жойымпаздардың «август» конференциясына тіпті барудан да бас тартты.

Неге?

Неге десеңіз, олар тіпті партияның мүшелігі деген ұғым жөнінде келісе *алмады*!!!

Сөйтіп, егер қазір Плехановтың тобы немесе Роза Люксембург, немесе басқа біреу, өздерін және басқаларды жойымпаздармен бірігуге *болады* деп сендірмек болса, біз былай деп жауап береміз: қымбатты жолдастар, партияның мүшелігін анықтауда жойымпаздармен *сөз жүзінде емес, іс жүзінде* өздеріңіз «бірігіп» көріңіздерші.

Содан соң. «Впередшілдер» август конференциясына барды, бірақ оған наразылық білдіріп, оның жалғандығын әшкерелеп, одан *кетіп қалды*.

Енді, 1914 жылдың февралында, жойымпаздардың «август конференциясынан» кейін бір жарым жыл өткен соң, латыш партиясының конгресі болды. Латыштар әрқашан «бірлікті» жақтап келген-ді. Латыш жұмысшыларының жойымпаздармен бірігіп жұмыс істегілері *келді* және мұны сөзбен емес, іспен, *тәжірибемен* дәлелдеді.

Сөйтіп, $1^1/_2$ жылдың тәжірибесінен кейін, латыштар, *мейлінше бейтарап қала отырып,* өздерінің конгресінде Август блогынан шығатындықтарын мәлімдеді, өйткені

— латыш конгресінің қарары былай дейді:

«Ымыраластырушылардың тарапынан қайткен күнде де жойымпаздармен бірігуге тырысушылық (1912 жылғы август конференциясы) пайдасыз болып шықты, сөйтіп біріктірушілердің өздері жойымпаздарға идеялық-саяси жағынан тәуелді болып қалды».

«Жойымпаздармен бірігу тәжірибесін» қайталағысы келген адам енді мейлі оны қайталай берсін. Ал біз былай деп мәлімдейміз: олар өздерінің жойымпаздық бағытын жүргізуін үзілді-кесілді тоқтатқанға дейін олармен ешқандай бірігу мүмкін емес.

Ақырында, Троцкийдің тобы да, өздерінің көсемі Ан бастаған кавказдықтар да, тағы бірқатар жойымпаздар да (мысалы, «Эм-Эль») Август блогынан іс жүзінде *бөлініп шығып, жеке* «Борьба» журналын құрды. Бұл журналдың жұмысшылармен ешқандай байланысы жоқ, бірақ өзінің өмір сүруімен, жойымпаздардың оппортунизмін сынауымен, жойымпаздардан өзінің бөлініп шығуымен кешегі жойымпаздар тобының бұл журналы жойымпаздармен бірлік болуы мүмкін еместігін *дәлелдеді,* іспен, тәжірибемен дәлелдеді.

Егер жойымпаздар өздерінің бүкіл тактикасынан үзілді-кесілді қол үзуге және жойымпаздығын қоюға әзір болса ғана олармен бірлік болуы мүмкін.

Енді мен осындай «бірліктің» дәлме-дәл, формальды шарттарын баяндауға көшемін.

IV

Біздің партия үшін жойымпаздармен «бірлікті» мүмкін ете алатындай практикалық, нақтылы шарттарды Орталық Комитетіміздің тұжырымдауы мынадай.

Бірінші шарт:

1. Жойымпаздық туралы 1908 жылғы декабрьдегі және 1910 жылғы январьдағы жалпы партиялық қа-

рарлар нақ жойымпаздыққа қолдануда мейлінше батыл және сөзсіз түрде қуатталады.

Бұл қуаттауды Россияның барлық саналы жұмысшылары шын елеулі және түпкілікті нәрсе деп ұғынуы үшін, сол сияқты ешқандай екіұштылыққа орын қалмайтындай болуы үшін былай деп мойындалады: кімде-кім «астыртын жұмысқа», яғни құпия ұйымға қарсы шығатын болса (әсіресе жария баспасөзде), оны «өлексе» деп жариялайтын болса, ол өмірде жоқ, оны қалпына келтіру реакциялық утопия және т. с. деп мәлімдейтін болса,— жалпы қандай түрде болса да «астыртын жұмыстың» рөлі мен маңызын төмендететін болса, ол адамды айыптау керек және оның құпия РСДРП қатарында қалуына төзуге болмайды.

Кімде-кім «құпия баспасөзді мадақтауға» қарсы шығатын болса (әсіресе жария баспасөзде), ол адамды айыптау керек және оның құпия партия қатарында қалуына төзуге болмайды деп мойындалады. Құпия *баспасөзді,* құпия прокламацияларды және басқаларды дамытуға шын жүректен және барлық күшімен көмектесетін адам ғана құпия партияның мүшесі бола алады.

Кімде-кім қандай түрде болса да қазіргі Россияда «ашық» (яғни жария) жұмысшы партиясын уағыздаса,— өйткені мұның өзі шынында патшалық-монархиялық жұмысшы партиясы болар еді,— кімде-кім «ашық партия» ұранын немесе ол үшін «күресу» ұранын көтерсе, оны айыптау керек және оның құпия партия қатарында қалуына төзуге болмайды деп танылады.

Кімде-кім революциялық бұқаралық стачкаларға (яғни экономикалық және саяси күрес пен революциялық үгітті біріктіретін стачкаларға) қандай түрде болса да (әсіресе жария баспасөзде) қарсы шықса,—революциялық митингілер мен көше демонстрацияларына қарсы шықса, оны айыптау керек және оның құпия партия қатарында қалуына төзуге болмайды деп танылады. Мәселен, жұмысшылардың «стачкаға құмарлығын» немесе «күрестің жоғарғы формаларын» (=демонстрациялардың жария бүркеншік аты) жария баспасөзде айыптау стачкалар мен демонстрацияларды өткізіп

отырған партияның революциялық жұмысына тисудің сондай төзуге болмайтын түріне жатады.

Социал-демократиялық бағыттан «буржуазиялық ықпал жасау» жағына қарай осы айтылған шегінушілікті дәл «Наша Заря» журналы мен «Наша Рабочая Газета» газеті жүргізіп отыр деп танылады.

2. Кімде-кім қандай түрде болса да (әсіресе жария баспасөзде) демократиялық республика және помещиктік жерлерді конфискелеу ұрандарын,— партиямыздың программасы қабылдаған және патшаның конституцияны ресми түрде тануын патшалық монархия халықты қорлау құралына айналдырған қазіргі Россияда өте-мөте маңызды болып отырған ұрандарды бұқара арасында үгіт жүргізуге жарамсыз немесе жарамдылығы шамалы деп жарияласа, оны айыптау керек және ол құпия партияның мүшесі бола алмайды деп танылады.

Либералдық баспасөз реформизм идеяларын, саяси бостандықтың патша монархиясымен ымыраласуы идеяларын, патша өкіметін революциялық жолмен құлатудың керексіздігі, зияндылығы және күнә екені туралы идеяларды бұқара арасында жаппай таратып отырғандықтан,— міне осы себепті, коалициялар бостандығы сияқты конституциялық реформаны жақтап үгіт жүргізу керек, жүргізгенде либерал реформистердің уағызына жұмысшы табы дұшпандықпен қарайтынын айқын сезіп-біле отырып және республика ұраны патшалық монархияға бұқараның революциялық тегеурін көрсету ұраны екенін түсіндірумен және оны таратумен тығыз байланыстыра отырып мейлінше кең көлемде жүргізу керек деп танылады.

3. Біздің партияның, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының, қандай да болсын бір бөлегінің *басқа* партиямен блокқа немесе одаққа кіруі мүлде жол берілмейтін және партия қатарында болумен сыйыспайтын нәрсе деп танылады.

Бунд пен жойымпаздардың *поляк* социал-демократиясының еркі мен келісіміне *қарсы* және РСДРП конгресінің шешімінсіз социал-демократиялық *емес*

партиямен, «солшыл P. P. S.»-пен жасасқан блогы осындай жол беруге болмайтын блок деп мойындалады.

Социал-демократиялық *емес* партияның мүшесі болғандықтан, депутат Ягелло біздің партияның Думадағы фракциясына жанасушы ғана бола алады, бірақ əсте бұл фракцияның мүшесі бола алмайды.

4. Əрбір қалада жəне əрбір жерде барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіретін жəне жергілікті пролетариаттың барлық тілдерінде жұмыс жүргізуші тек бір ғана, біртұтас социал-демократиялық ұйым болуға тиіс деп танылады.

РСДРП-ның 1906 жылғы Стокгольм съезінің шешіміне жəне 1908 жылғы декабрь конференциясының бұл шешімді қуаттауына қарамастан, жергілікті жерде социал-демократиялық жұмысшылардың интернационалдық бірлігі принципін, 1898 жылдан бері Кавказда сондай тамаша сыннан өткен принципті[147] жүзеге асырудан осы уақытқа дейін бас тартып отырған Бундтың ұлттық-еврейлік сепаратизмі айыпталады.

5. РСДРП II (1903 ж.) конгресінің ресми шешімі қабылдамай тастаған, жұмысшыларды ұлтқа бөлетін жəне жымысқы ұлтшылдықты уағыздайтын «мəдени-ұлттық автономия» талабы (сол сияқты мəдени-ұлттық автономияның «ұлттық даму бостандығына кепілдік беретін мекемелер құру» дейтін бүркеншік аты да) партияның программасына қайшы келеді деп танылады.

Партиямыздың барлық жергілікті, ұлттық немесе ерекше ұйымдарының (соның ішінде Думадағы фракцияның) мəдени-ұлттық автономия принципіне жол беретін барлық шешімдері бұзылады жəне оларды РСДРП конгресінің шешімінсіз жаңғырту партия қатарында болумен сыйыспайды деп танылады.

6. Барлық сарындағы социал-демократиялық жұмысшыларды партияның барлық ұйымдары, оның барлық басылымдары, барлық тілдерде, *төменнен болатын бірлікті,* яғни жергілікті жерлерде құпия социал-демократиялық ұялар, ұйымдар мен топтар құруды немесе мұндай ұйымдар қазірдің өзінде бар жерлерде оларға кіруді дереу жүзеге асыруға дереу шақырады. Мұның

өзінде федерация немесе барлық «ағымдардың» тең праволы болу принципі сөзсіз қабылданбайды, қайта азшылықтың көпшілікке адал бағыну принципі ғана танылады. Жұмысшы топтарынан түрлі бағыттардағы газеттерге түскен ақшалай жарналар саны 1913 жылдан бастап жария баспасөзде жұмысшы қозғалысындағы әр түрлі ағымдар күші арасалмағының, шамамен алынған болса да, ең дәл корсеткіші болып есептеледі. Сондықтан бұл сан партияның барлық басылымдарында жарияланып отырады және барлық басылымдар жергілікті социал-демократтардың бәріне, РСДРП-ның жаңа конгресіне дейін, барлық практикалық істерінде осы деректерді басшылыққа алуды ұсынады.

Ал партияға мүшелікті анықтау мәселесіне келетін болсақ, партияға мүшелікті анықтау кезінде — құпия ұяға, топқа немесе басқадай ұйымға (жергілікті, заводтық, аудандық ұйымға немесе жария қоғамдардағы социал-демократиялық топқа болса да бәрібір) кіру ғана, жиналыстар шақыру, партия шешімдерін талқылау, құпия әдебиетті тарату жөніндегі құпия жұмыс қана,— *тек* осы *ғана* есепке алынады.

Барлық топтар мен «ағымдар» бұл туралы дереу барынша айқын және тиянақты құпия үндеу хаттар шығаруға міндетті.

7. Бір қаланың немесе бір жердің өзінде бәсекелес екі газеттің болуы әсте жол берілмейтін нәрсе деп танылады. Азшылық ерекше құрылуға тиісті айтыс журналында программалық, тактикалық және ұйымдық алауыздықтарды бүкіл партия алдында талқылауға праволы, бірақ оның бәсекелес газет арқылы көпшіліктің қимылдары мен шешімдеріне іріткі салуға правосы жоқ.

Петербургтегі жойымпаздық газет негізінен пролетарлық ақшаға емес, буржуазиялық ақшаға шығатын болғандықтан, Санкт-Петербургтің саналы социал-демократиялық жұмысшыларының айқын және даусыз*

* Жойымпаздар өздерінің газетінде («Наша Рабочая Газета» № 34, 13. VI. 1914) СПБ-те правдистер 72%, жойымпаздар 28% деп есептейді. Бұл таңданарлық есеп жұмысшы топтарының санын алмайды, қайта

көпшілігінің еркіне қарсы шығып отырғандығы және көпшіліктің еркін елемеуді уағыздауымен өте-мөте іріткі салып отырғандығы еске алынып, бұл газетті дереу жабу керек және сонымен қабат айтыс журналын құру керек деп танылады.

8. Жалпы алғанда халықшылдар, соның ішінде социалист-революционерлер партиясы бағытының буржуазиялық-демократиялық сипаты туралы 1903 жылғы II съездің қарары, сондай-ақ 1907 жылғы Лондон съезінің қарары толық тиянақты түрде және сөзсіз қуатталады.

Социал-демократтардың бір бөлегінің социал-демократтардың екінші бөлегіне қарсы социалист-революционерлермен (және жалпы алғанда халықшылдармен) ешқандай блоктар немесе одақтар немесе уақытша келісімдер жасасуына мүлде жол берілмейді деп танылады.

Тіпті өздерінің маңдайына басқан, «август конференциясында» да, социалист-революционерлерге көзқарас жөнінде ешқандай социал-демократиялық жаңа бағыт жарияламастан, қауіпсіздендіру мекемелерінің сайлауы кезінде Петербургтегі социал-демократ жұмысшылардың басым көпшілігіне қарсы социалист-революционерлермен блоктар мен келісімдер жасасып келген және жасасып отырған Петербург жойымпаздарына тікелей және сөзсіз айып тағылады.

Ең көрнекті жойымпаздардың және жойымпаздықты қорғаушы топсымақтардағы көрнекті социал-демократтардың (Плеханов, Троцкий және басқалар) спб. «Современник» журналында «ескі топтар қалай дегенмен де жойылды», «марксизмнің қай жерде аяқталып, халықшылдықтың қай жерде басталатынын білуге болмайды» («Современник» № 7, 76-бет) деп уағыздаушы социалист-революционерлермен әдеби блок жасасуы жол берілмейтін нәрсе деп танылады.

жұмысшылардан да, буржуазиядан да жиналған ақшаның сомасын алады, сондықтан 10 000 жұмысшы, егер олар 10 тиыннан жинаған болса, 1000 сом берген 1 буржуаға теңестіріледі. Іс жүзінде, 1914 ж. 1 январьдан 13 майға дейін СПБ-те жұмысшы топтарынан жиналған жарна саны правдистерде 2024 және жойымпаздарда 308, яғни 86% және 14% болды.

Социал-демократиялық партияның мүшесі болғысы келетін, осы органда буржуазиялық басылымдарда табыс табу қажеттігінен ғана қызмет етіп отырмаған әдебиетшілер бұл журналдың қызметкерлері қатарынан шығуға және өздерінің шыққандығын жариялауға шақырылады.

9. Россиядағы ешқандай партия ұйымының ешбір мандатынсыз және ондай ұйыммен ешбір келісімсіз жұмыс істеуші жеке және оқшау тұрған шетелдік топсымақтар Россияның жұмысшы қозғалысына қатты іріткі салып отырғандықтан, барлық шетелдік топтар, бірі де қалмастан, Россияда жұмыс істейтін ұйымдармен тек партияның Орталық Комитеті арқылы ғана қатынас жасай алатын болсын деп қаулы алынып, оны жүзеге асыру қажет деп танылады.

Социал-демократиялық жұмыстың орыс орталығына, ягни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынас жасау арқылы іріткі салатын шетелдік топтар РСДРП-ның атымен пайдалана алмайды.

Программа, тактика және ұйым мәселелерін барлық жағынан бірдей цензурасыз талқылау үшін шетелде жиналатын қаржыға шетелде айтыс журналы құрылуы керек.

Партия уставының тек «партияның бекітілген ұйымы ғана партия әдебиетін басып шығаруға праволы» деген қаулысы (§ 3) қуатталып, сөзсіз жүзеге асырылуға тиіс.

10. Лондондық Орталық Комитет бірауыздан қабылдаған (1908 жылғы январьдың басында) қарар барлық социал-демократтар үшін сөзсіз міндетті деп танылады; бұл қарарда былай делінген:

«кәсіптік қозғалыста социал-демократтардың күшті жұмыс жүргізуі,— мұны істің бүкіл қазіргі жайы талап етіп отыр,— Лондон* және Штутгарт** қарарлары рухында іске асырылуға тиіс, ягни кәсіптік одақтардың бейтараптығын немесе бейпартиялығын ешбір

* ягни 1907 жылғы РСДРП Лондон съезінің қарары.

** ягни 1907 жылғы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінің қарары.

ретте принципті түрде тану рухында емес, қайта, керісінше, одақтардың социал-демократиялық партиямен мүмкіндігінше неғұрлым тығыз жақындасуына ұдайы ұмтылу рухында жүргізілуге тиіс».

Одақтарда құпия РСДРП-ға қарсы үгіт жүргізуге тырысушылық партияда болумен сыйыспайды деп танылады.

Жойымпаздар одақтардың басқармаларына бағыну болмасын деп шақырмауға, одақтардың маркстік көпшілігіне адал ниетпен бағынуға және қосарлас жікшілдік одақтарды ешбір ретте құрмауға міндеттенеді.

Әр түрлі жұмысшы қоғамдарындағы — клубтардағы, т. т. жұмыс жөнінде де осылай болуға тиіс.

Әрбір одақтың, мәдени-ағарту қоғамының, т. т. ішіндегі құпия социал-демократиялық ұяларга *барлық* социал-демократтар кіруге міндетті. Құпия партияның шешімдері бұл ұялар үшін міндетті.

Барлық социал-демократтардың кәсіптік одақтарды ұлттық белгісіне қарай бөлуге *қарсы* күресуі міндетті деп танылады.

11. Қауіпсіздендіру мекемелеріндегі (Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру советі, Астаналық мекеме және басқалар) СПБ. жұмысшылары сайлаған өкілдікке газет бетінде қарсы шығу және оның нұсқауларына бағынбауға шақыру, т. с. —*жол берілмейтін* нәрсе деп танылады. Бұл жұмысшы өкілдігі мақұлдаған қауіпсіздендіру программасы *міндетті* деп танылады.

Жұмысшылардың қауіпсіздендіру өкілдігінің ресми органына («Вопросы Страхования») қарсы бәсекелесуші «Страхование Рабочих»[148] журналы жабылады.

12. РСДРП программасы қабылдамай тастаған мәдени-ұлттық автономияны жақтап үгіт жүргізуге жол берілмейтіндігін Кавказ социал-демократтары мойындауға тиіс.

Кавказ социал-демократтары әрбір қалада біртұтас интернационалдық ұйым болуы принциптерін бұзбауға міндеттенуі керек, саяси ұйымда да, кәсіптік ұйымда да ешбір ретте жұмысшыларды ұлтқа бөлмейтін болуға тиіс.

13. Мемлекеттік думаның алты депутаты (Чхеидзенің фракциясы), сондай-ақ депутат Бурьянов жоғарыда айтылған шарттардың бәрін мойындауға тиіс.

Чхеидзенің фракциясы «мәдени-ұлттық автономияны» (және оның бүркеншік аты: «мекемелерді», т. т.) жариялауын, россиялық социал-демократтардың программасына сәйкес, *қайтып алатындығын* Дума трибунасынан мәлімдеуге тиіс.

Чхеидзенің фракциясы партияның 1912 ж. январь конференциясында сайланған Орталық Комитетінің басшылығын, партияның барлық шешімдерінің фракцияға міндеттілігін, сондай-ақ Орталық Комитеттің veto правосын мойындауға тиіс.

Партиямыздың Орталық Комитеті бірлікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шарттар деп есептеп, сол бірліктің пайдасына науқан бастауды өз міндетіне алып отырғанда қоятын шарттары осындай. «Наша Заря» мен «Наша Рабочая Газетаны» шығарып отырған жойымпаздар тобының *қазіргі* тактикасы тұсында, біз ол топпен ешқандай келіс сөз жүргізу және қатынас жасау мүлде мүмкін емес деп санаймыз. Ал жойымпаздарды қорғайтын немесе олармен бірігуді, немесе ымыраға келуді уағыздайтын барлық басқа топтарды, ағымдарды, фракциялар мен мекемелерді біз, Россиядағы жұмысшы қозғалысындағы саяси нақты жағдай тұрғысынан қарағанда, фикция деп есептейміз.

Біз: Россияның жұмысшы табын жойымпаздар тобымен бірігудің мүмкіндігі мен оңайлығы жөнінде сөз жүзінде сендіріп, уәде берумен тойдыру іске тым нашар қызмет еткендік, құрғақ сөзді нақты іс деп көрсеткендік болады деп мәлімдейміз.

Сондықтан біз мынадай практикалық ұсыныс жасаймыз.

Біздің партиямызда бұдан бір жыл бұрын партияның конгресін шақыру туралы мәселе қойылды. Бұл туралы РСДРП Орталық Комитетінде 1913 жылы жазда болған кеңестің қарарларында жарияланды. Қазір

конгресс шақырудың бұл жоспары жүзеге асырылуға таяу. Сірә, ең таяу уақытта, Вена конгресінен кейін іле-шала немесе тіпті сол конгресс кезінде, партиямыздың конгресі болатын шығар. Әрине, біз жолдастардың мұны айтпауын және басып шығармауын сұраймыз. Егер тұтқындау тым көбейіп кетсе, конгрестің орнына конференция болуы ықтимал.

Сөйтіп, *жоғарыда айтылған шарттар орындалмай тұрғанда,* жойымпаздар тобының немесе оны қорғаушылардың тілегін орындауға қандай да болсын қадам жасаудан бас тарта отырып, біз — бізден өзгеше — жойымпаздардың қазіргі тобымен оның қазіргі тактикасы тұсында, дәл сол қалпында, ол топпен бірігуді немесе бітім жасауды, немесе ымыраға келуді мүмкін деп санайтын барлық топтарға, ағымдарға, фракцияларға,— осы топтардың бәріне біздің шарттарымызды бірлесіп ресми түрде талқылауды ұйымдастыру үшін Вена конгресін пайдаланып қалуды ұсынамыз.

Жойымпаздармен бітім жасауды немесе ымыраға келуді уағыздаушылар қазіргі жойымпаздармен бірігудің мүмкін екендігін уағыздаумен тынбай, оны *іспен* дәлелдейтін болсын.

Ал біз, өз тарапымыздан, егер Россия жұмысшыларының $^{4}/_{5}$ бөлігінің өкілдеріне партиямыздың конгресінде немесе конференциясында жойымпаздарды қорғаушы барлық топтардың жойымпаздар тобымен кеңесінің нәтижелері туралы хабарлай алсақ, өте қуанышты болар едік.

14. Қорытындысында мен тағы бір пунктке тоқталуым керек, ол өте ұнамсыз пункт, бірақ Россиядағы социал-демократиялық бірлік туралы мәселе жөнінде адал ниетпен, ашық пікір алысқанда бұған соқпай кетуге болмайды.

Істің жайы мынада.

Біздің дұшпандарымыз, жойымпаздар, өздерінің баспасөзінде партиямыздың бірнеше мүшесінің әрқайсысына қарсы өршеленген науқан жүргізіп, оларды толып жатқан арсыздық, сұрқиялық және қылмысты әрекеттер істеді деп жұрт алдында, бұқара алдында

айыптауда, не болмаса осындай әрекеттер істеді деп өздерінің газеті арқылы «лақаптар» таратуда. Біздің партияның баспасөзі жойымпаздарды — әсіресе олардың екі лидерін, Дан мен Мартовты — жалақорлар деп атап, әлгі шабуылдарға партиямыздың Орталық Комитеті атынан тура, нақты жауап беруде.

Жойымпаздардың мұндай «науқанының» бұқара арасына қандай іріткі салушылық және азғындаушылық енгізетіндігін түсіну қиын емес, бұған біз «à corsaire — corsaire et demi»* деген принцип бойынша жауап беріп келдік және әрқашан солай жауап береміз. Қысқаша төрт мысал келтірейік:

1) 1911 жылы Л. Мартов Парижде негізінен алғанда Ленинді арсыздық және қылмысты әрекеттер істеді деп айыптауға арналған «Құтқарушылар ма әлде жоюшылар ма?» деген кітапша жариялады. Мартов бұл кітапшаның немісше аудармасын Каутскийге жеткізді, бұл кезде Каутский россиялық социал-демократияның бір даулы мәселесі жөнінде аралық төреші еді. Каутский Луначарскийге («Вперед» тобы) жазған хатында Мартовтың бұл кітапшасын «жексұрын» еңбек деп атады, ал Плеханов бұл пікірді орыс социал-демократиялық баспасөзінде әйгіледі. Қазіргі уақытта жойымпаздардың газеті бұл кітапшаның мазмұнын азаздап, тұспалдау түрінде, орыс жұртшылығына тарата бастап отыр.

2) 1913 жылы және тура осы уақытқа дейін жойымпаздардың газеті партиямыздың мүшесі, қауіпсіздендіру мекемелерінің қызметкері Данскийді арсыз деп жұрт алдында айыптап отыр. Айыптауға сылтау болып отырған нәрсе —Данскийдің қожайынның, кәсіпкерлік ұйымында қызмет еткендігі, буржуазияда қызмет еткендігі. Біздің партиямыз бірқатар мекемелерінде («Правданың» және «Просвещение» журналының редакциясы, Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы, бірнеше кәсіптік одақ, т. т.) бұл айыптауларды талдап қарап, Данский қожайындарға қызмет етуден бірте-бірте жұ-

* Еркін аударғанда: «тұмсығы тасқа тиді». *Ред.*

мысшы қозғалысына қызмет етуге көшті, әуелі «Правданың» аноним қызметкері болды деп тауып отыр. Данский біздің партияға біржолата кірген кезде, оған партиямыздың қарарларын орындау үшін қожайынның ұйымынан біржола кету ұсынылды. Данский мұны орындады, қызметтен шығып кетті. Орталық Комитеттің атынан мен қайталап айтамын: біздің партия оны адал ниеттегі жолдас деп санайды және оның арнамысына ешкімнің беталды тиісе беруіне жол бермейді. Біздің баспасөзіміз, жойымпаздарды Данскийге жала жапты деп айыптап, жойымпаздардың бұл жолы қатты қиянат жасап отырғандығын көрсетті, өйткені Мартовтың өзі басқа бүркеншік атпен ылғи буржуазиялық газетке жазып тұрады (мен бұл арада фактіні толық жариялаймын: «Киевская Мысльде» *Егоров*), жойымпаздық газеттің ең жақын қызметкерлерінен *Ежов* қожайындар одағында қызмет еткен, *Ерманский* қызмет еткен немесе қызмет етіп жүр.

3) Думаның мүшесі Малиновский себебін түсіндірместен кенет Думадан кетіп, өзінің өкілдігінен бас тартты. Біздің жұмысшылар жергілікті және орталық басшы мекемелердің жиналыстарын шақырып, жауынгерлік қызмет орнынан күні бұрын коллегияда талқыланбаған, түсінік берілмеген, іріткі салушылық, дезертирлік кетісі үшін Малиновский партиядан шығарылсын деп шешті. Сонда жойымпаздардың газеті Малиновский арандатушы деген аноним лақаптар басуға кірісіп, ол лақаптарға фракция аралық тергеу жүргізуді талап етті. Біздің Орталық Комитет Малиновский үшін кепілдік береді, лақаптарды тексерді және Дан мен Мартовтың арсыздықпен жалақорлық жасап отырғандығына кепілдік береді деп мәлімдеді. Жойымпаздармен ешқандай ортақ комиссия құруға Орталық Комитет бармайды, *коллегиялар* мен жауапты мекемелердің тексеруі үшін лақаптарды не біздің Орталық Комитетке, *не өздерінің* Орталық Комитетіне («Ұйымдастыру Комитетіне»), Бундқа және жойымпаздарға сенетін топтардың коллективтеріне ұйымдық жолмен жеткізудің орнына арандату туралы аноним *«лақаптарды»* баспасөзге жіберуге

батылы барып отырған адамдардың жалақорлығын Москваның 10 кәсіптік одағының өкілдерінен кейін іле-шала айыптайды. Бурцев лақаптарға сенбейтінін мәлімдеді. Біздің Орталық Комитеттің тергеу комиссиясы ол лақаптарды таратушылар туралы деректер жариялайтындығын мәлімдеді. Мен ол лақапты таратушылар *жойымпаздар* екенін ғана қоса аламын.

4) Жақында жойымпаздық газет II Думаның бұрынғы депутаты Алексинскийдің ашық хатын басып шығарды, ол хат біздің партиямыздың мүшесін, каторгада болып қайтқан Антонов жолдасты сатқын деп айыптайды. Оның бер жағында, Антоновтың каторгада бірге болған жолдастарынан құрылған арнаулы комиссия да, 1907—1908 жылы, Финляндияда, Орталық Комитетке меньшевиктер де (яғни қазіргі жойымпаздар), барлық «ұлттық ұйымдар» да кірген кезде, партияның Орталық Комитетінің қаулысы бойынша да Антонов жолдастың мінез-құлқы мінсіз деп танылды. Біздің баспасөздің жауабы Дан мен Мартовты өтірік-өсек таратты деп тағы да айыптаумен бірдей.

Мен Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша, Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті алдында бұл жөнінде практикалық ұсыныс жасауға тиістімін. Біз жойымпаздардың тәсілдерін партиядан шығарылған адамдардың тарапынан қолданылатын саяси күрестегі өзінше бір тәсіл деп қараймыз. Сондықтан біз моральдық ақыл айту жолымен іс «түзеледі» деп үміттенбейміз. Ал жойымпаздарды бүркеп отырған мекемелер (мәселен, «Ұйымдастыру Комитеті» мен Бунд, сол сияқты Троцкий), сондай-ақ көптеген шетелдік топтар (соның ішінде Плеханов) бізге осы жойымпаздармен *«бірігуді»* айтып отырғанда, біз оларға Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті алдында мынадай ұсыныс жасаймыз:

жоғарыда айтылған барлық 4 пункт бойынша (бұларға жойымпаздардың тағы да 44 пункт қосатындығына біздің көзіміз жетеді) жойымпаздардың жүргізіп отырған «науқанын» өздерінің мақұлдайтындығын немесе мақұлдамайтындығын олар тура және жұрт алдында ашық мәлімдесін.

Егер мақұлдамайтын болса, мұны Россияның жұмысшылары білетін болсын.

Егер мақұлдайтын болса, бізге жойымпаздармен «бірігуді» немесе ымыраға келуді ұсынып отырған *барлық* топтар ортақ комиссия құрып, партиямыздың белгілі мүшелеріне арсыздық әрекеттер істедіңдер деп дәлелді, іскерлік, ашық айып тағатын болсын. Бұл айыптауды біз өз партиямыздың конгресіне ұсынамыз, жойымпаздарды қорғаушы барлық топтардан құрылған комиссияның өкілдеріне біздің конгресімізге келіп, өздерінің дәлелдемелерін тапсыруды ұсынамыз.

Егер бұл істелмесе, онда жойымпаздармен «бірігуді» жақтаушы барлық топтар жалақорларды *астыртын* қолдап отыр деп партиямыздың қатарында қазірдің өзінде-ақ айтылып жүрген пікір біздің партиямызда орын тебеді деп мәлімдеуді өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

Россияның саналы жұмысшыларының көпшілігі атынан біз өз партиямыздың ұйымын іріткі салушылардан қорғаймыз және өзіміз қолданған, жоғарыда көрсетілген қорғаудан басқа қорғауды біз танымаймыз (егер буржуазиялық сот туралы айтпайтын болсақ, біз оны мүмкін болған жағдайда-ақ пайдаланамыз).

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті атынан өзіме тапсырылған баяндаманы мен тамамдадым. Енді оны қысқаша екі тезис түрінде қорытып айтпақпын:

Формальды жағынан жағдай мынадай. Жойымпаздар тобының қарсыласуына қарамастан, 1912 жылғы январь конференциясында қалпына келтірілген біздің партиямыз оларды партиядан шығарды. Россияның саналы жұмысшыларының басым көпшілігі осыдан *кейін*, қозғалыстың $2^1/_2$ жылынан соң, біздің партиялық бағытымызды мақұлдады. Сондықтан өз бағытымыздың дұрыстығына бұрынғыдан да гөрі берік сенуімізге біздің толық дәлеліміз бар *және біз ол бағыттан ауытқымаймыз.* Егер жойымпаздар және оларды қорғаушы топтар жойымпаздарды партиядан шығару туралы қарарды біздің бұзуымызды тілесе, біздің Орталық Комитет партиямыздың конгре-

сіне тиісті ұсыныс енгізіп, оны мен атап өткен шарттар негізінде *ғ а н а* қорғауға әзір.

Материалдық жағынан, яғни істің мәнісі жағынан, жағдай мынадай. Россия буржуазиялық революциялар заманын бастан кешіруде, бұл кезеңде интеллигенттердің түрлаусыз топсымақтары өздерін кейде социал-демократтармыз деп санауға немесе социал-демократия ішіндегі оппортунистік ағымды, біздің партиямыз 20 жыл бойы күресіп отырған ағымды (1895—1902 жылдардағы «экономизм», 1903—1908 жылдардағы «меньшевизм» және 1908—1914 жылдардағы «жойымпаздық») қолдауға бейім келеді. Жойымпаздардың Август (1912) блогының және оның ыдырауының тәжірибесі жойымпаздардың және оларды қорғаушылардың өздері ешқандай партияны да, ұйымды да мүлдем құра алмайтындығын көрсетті. Осы топтарға қарсы күресте ғана Россияның шын жұмысшы социал-демократиялық партиясы қалыптасады және қалыптаса алады, ол қазірдің өзінде-ақ, орасан зор қиындықтарға қарамастан, саналы жұмысшылардың $^{8}/_{10}$ (тек социал-демократтарды ғана есепке алғанда) немесе $^{7}/_{10}$ бөлігін (социал-демократтарды да, социалист-революционерлерді де есепке алғанда) біріктіріп отыр.

Қосымшалар

ЖЕТЕКШІ НҰСҚАУЛАР

I. PRIVÉES* ЗАМЕТКАЛАР

Россияда правдистермен бірге болып отырған, дұрысырақ айтқанда, правдистер болып табылатын жұмысшылардың көпшілігі немесе азшылығы туралы деректердің «бірлікке» қандай қатысы бар деген мәселе жөнінде мынаны атап көрсету керек:

1. Егер белгілі партия немесе топ біздің партиямыз принциптік жағынан келісе алмайтын программаны немесе тактиканы айқын және дәл ұсынатын болса, онда көпшілік туралы мәселенің, әрине, маңызы жоқ. Мәселен, егер біздің партиямыздан программасы жағынан да, тактикасы жағынан да өзгеше болып отырған социалист-революционерлер партиясы (солшыл халықшылдар) Россияда жұмысшылардың көпшілігін өз жағына қаратып алса, мұның өзі бізді өз бағытымыздан ауытқуға титтей де мәжбүр ете алмас еді. Мұның қазіргі Россиядағы «астыртын жұмысты» (=құпия партияны) тура және анық жоққа шығарушыларға да қатысы бар.

Бірақ социал-демократияның кейбір топтары мен жойымпаздардың бір бөлегі олардың бізбен келісе алмайтын принциптік алауыздықтары жоқ дегенді айтады. Егер ондай топтар мен адамдар көпшілікке бағынудан бас тартып отырса, біз олардың дәйексіздігін көрсетуге мәжбүр боламыз.

* — жеке. *Ред.*

2. Ең алдымен Россия социал-демократиялық жұмысшы қозғалысымен көп жылдан бері таныстығымыз, оған қатысып отырғандығымыз, сондай-ақ теориялық, маркстік, сенімдеріміз біздің тактикалық және ұйымдық бағытымыздың дұрыстығына көзімізді жеткізді. Бірақ біз *бұқаралық* жұмысшы қозғалысы практикасының маңызы теорияның маңызынан ешбір кем емес және тек осы практика ғана біздің принциптерімізді шын *тексере* алады деген пікірдеміз. «Теория, досым-ау,— қуаң, ал өмірдің мәңгілік ағашы жасаң» (Фауст). Сондықтан жойымпаздыққа және оның одақтастарына қарсы $2^1/_2$ жылдық күрестен кейін саналы жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігінің «правдизмді» жақтап отырғандығы фактісі,— міне бұл факт біздің бағытымыздың дұрыстығына сенімімізді күшейтеді, сөйтіп бұл сенімді бұлжымастай етеді.

3. Бізде Россияда топтың немесе «фракцияның» әрқайсысы дерлік (ескіше аталуы бойынша) бірін бірі жұмысшылардікі *емессің,* буржуазиялық-интеллигенттіксің деп айыптайды. Біз бұл айыптауды, немесе, дұрысырақ айтқанда, бұл пікірді, белгілі бір топтың әлеуметтік маңызын осылай көрсетуді *принциптік жағынан өте маңызды* деп санаймыз. Нақ сондықтан, біз мұны өте маңызды деп санағандықтан, біз басқа топтардың әлеуметтік маңызы жөніндегі *өз* пікірімізді жай айта салмай, қайта оны *объективтік* фактілермен дәлелдеуді өзіміздің борышымыз деп санаймыз. Өйткені объективтік фактілер *тек* правдизмнің *ғана* Россиядағы *жұмысшы* бағыты болып табылатындығын, ал жойымпаздық пен эсерлік *іс жүзінде* буржуазиялық-интеллигенттік бағыт екендігін бұлтарыссыз және даусыз дәлелдеп отыр.

II. PRIVÉES ЗАМЕТКАЛАР

Егер біздің көпшілік туралы деректерді, объективтік деректерді, «қабылдатпауға» немесе *кейін ысыруға* әрекет істелсе (Халықаралық социалистік бюродан немесе дұшпандардан болсын, кім істесе де, бәрібір), онда бүкіл делегацияның атынан мына мазмұнда ресми

қарсылық білдіру үшін ресми мәлімдеме жасауға міндетті түрде сөз сұрау керек:

Россияның саналы жұмысшыларының орасан көпшілігі кіммен бірге болып отырғаны туралы біздің объективтік деректеріміз Атқару комитеті тексермеген (немесе бірлік туралы мәселеге қатысы жоқ) деректер ретінде Атқару комитетінің қарауына жатпайды-мыс деген мәлімдемеге (немесе әрекеттерге, көрсетулерге, т. с.) біз үзілді-кесілді қарсылық білдіреміз. Керісінше, біз бүкіл Интернационалдың күмәнсыз мүддесі, Халықаралық социалистік бюроның Халықаралық социалистік бюро қабылдаған қарарда (1913 ж. .декабрьде) айқын көрсетілген еркі — Россия жұмысшы қозғалысының шын жағдайы туралы мейлінше толық, дәл және документті дерек алуда болып отыр деп санаймыз.

Біз Халықаралық социалистік бюроның декабрьдегі шешімін білген дұшпандарымыз осы уақытқа дейін Россиядағы жұмысшы қозғалысы туралы объективтік деректерді өздігінен жинамағандықтан, олар өз борышын орындамады деп санаймыз.

Біз былай деп мәлімдейміз: Вандервельд жолдастың Россияға келген сәтті сапарынан кейін Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті Вандервельд жолдас арқылы Россиядағы барлық жұмысшы газеттерінің (немесе жұмысшы газеті болғысы келетін газеттердің) барлық редакцияларына және Россиядағы жұмысшылардың барлық жария қоғамдары басқармаларының барлық мүшелеріне Россияның саналы жұмысшыларының правдистерге, жойымпаздарға, эсерлерге (солшыл халықшылдарға) және басқа бағыттарға қалай бөлінетіндігі туралы тікелей орындардан деректер жинау үшін толық жария түрде ашық хат жаза алатындығына ешқандай күмән жоқ.

Мұндай объективтік деректер болмайынша жеке «топтар» өкілдерінің субъективтік мәлімдемелерінің мүлде ешқандай құны жоқ.

III. БАЯНДАМАДАН ТЫС

Жойымпаздардың латыштар съезіндегі кейбір үздіксоздық мәлімдемелеріне және баспасөздегі тұспалдарға қарағанда, олардың «бірігу» жөніндегі айлакерлік жоспарларының бірі «жалпы съездің» жобасы көрінеді.

Сенгіш шетелдіктерді алдап түсіруді әдейі көздеп отырған бұл жобаның мәнісі шамамен айтқанда мынадай: жалпы съезд шақыру жөнінде не «федерациялық» ұйымдастыру комитеті құрылады, не жалпы съезд шақыру үшін біздің партияның Орталық Комитеті қайсыбір жойымпаздық ұйымдардың өкілдерімен «толықтырылады».

Бұл жоспар, қандай формада болса да, біз үшін мүлде қолайсыз, ал егер ол, қайткен күнде де, Брюссельдегі «конференцияда» қалқып шығатын болса, Орталық Комитеттің делегациясы мынаны мәлімдеуі керек:

Жойымпаздар тобы біз қойған шарттарды орындамай тұрғанда, біз жалпы съезд немесе федерация, немесе тіпті титтей дәрежеде болса да жақындасу жағына қарай мүлдем ешқандай қадам баса алмаймыз. Өйткені олар осы шарттарды орындағаннан *к е й і н* болмаса, партиядан шығарылған және өз газетінде іріткі салу әрекетін күн сайын жүргізіп отырған жойымпаздар тобына біздің тарапымыздан *титтей де* сенім корсетілуі мүмкін емес.

Бұл топқа біздің тарапымыздан сенім көрсетілуі — оның іріткі салу әрекетін жүргізе беруіне *ы н т а л а н д ы р у* болар еді. Ал біз съездеріміздің, кеңестеріміздің және Орталық Комитетіміздің шешімдері негізінде, «татулықтың» *conditio sine qua non** ретінде жойымпаздардың мұндай әрекетті *т о қ т а т у ы н* талап етеміз.

Партиядан ресми түрде шығарылмаған топтардың немесе ұйымдардың (мәселен, Бунд немесе Кавказ облыстық бюросы немесе «алты» депутат, т. с.) жойымпаздарды бүркемелеуі істің жайын ешбір өзгертпейді. Орыс жұмысы тұрғысынан қарағанда, Россияда

* — міндетті шарты. *Ред.*

тек бір *ғана* нәрсе, атап айтқанда: көпшіліктің еркін бұзуға шақырушы газеті бар осы жойымпаздар тобы ғана елерлік және нақты нәрсе болып отыр.

Мейлі, Бунд, Чхеидзенің «алты» депутаты және басқалары, немесе Кавказ облыстық комитеті, немесе Троцкий, немесе Ұйымдастыру комитеті, немесе мейлі кім болсын, егер олар бізбен жақындасуды тілесе, әуелі біздің шарттарымызды жойымпаздар тобының қабылдауына *жететін болсын* немесе оны батыл айыптасын, сөйтіп одан қол үзсін. Мүнсыз жойымпаздар тобына біздің сенетінімізді білдіретін *титтей де* болсын қадам басу *туралы* сөз болуы да мүмкін емес.

Кімде-кім россиялық социал-демократияның бірлігін шын тілейтін болса, ол жалған үмітке салынбасын және субъективтік сендірушілікке, дәмелендірушілікке және т. с. ермесін. Бірлікке жетудің бір ғана, тек бір ғана жолы бар, ол: құпия партиядан кеткен, оған іріткі салып отырған және көпшіліктің жұмысына және оның еркінің орындалуына кедергі жасап отырған азшылықты өз практикасынан қол үзуге, сөйтіп көпшіліктің еркін құрметтеуді тілейтінін *іспен дәлелдеуге* көндіру.

Ал жойымпаздар тобы өзінің қазіргі әрекетін *әзірге* тоқтатпай отырғанда, көпшіліктің еркіне бағынуға *іс жүзінде* көшпей отырганда, бұл топтың *қазіргі* мінез-құлқын тікелей немесе жанама түрде мадақтау, немесе «федерация», немесе «ымыраласу», немесе «жалпы съезд», немесе бұл топпен «жақындасу», т. с. мүмкін деген үмітке оны сендіру түк нәтиже бермейді. Россияда саналы жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігін біріктірген социал-демократиялық жұмысшылар партиясы өзінің еркін орындатпауға *жол бермейді.*

Жойымпаздар сондайлық жаман емес деп өздерін де, басқаларды да «сендіріп жүрген» топтар немесе мекемелер (Бунд, Ұйымдастыру комитеті, Кавказ облыстық комитеті) бізге керегі сөз емес, іс екендігін түсінетін болсын. *Олар*, егер жойымпаздарға сенетін болса, солармен бірге *өздерінің* съезін өткізсін, ол съезге *біздің* шарттарымызды ұсынып, жойымпаздар-

дың мақұлдап жауап беруіне және бұл шарттардың іс жүзінде орындалуына жетсін. Біз нәтижесін байқап көреміз, біз не істелетінін күте тұрамыз, ал емексіткенге сенбейміз.

Біздің шарттарымыз іс жүзінде орындалғаннан кейін, тек содан кейін ғана жалпы съезд және оған қарай қадам жасау мүмкін болады.

Шетелдік социалист жолдастар жойымпаздар өз мінез-құлықтарын толық әрі батыл өзгертпей *тұрып*, оларды көпшілік еркіне бағындырмай *тұрып*, олармен біз жұмыс істейді екен деп жойымпаздарды үміттендіру арқылы бірлікке көмектесеміз деп ойлағанда, кейде өте-мөте қатты қателеседі. Мұндай тактика объективтік жағынан алғанда бірлікке көмектесу емес, жікшілдерге көмектесу болып шығады.

Біздің шарттарымыз — «pacte d'unité»-нің (бірлік туралы шарттың) өзіміз жасаған жобасы, ал бұл шартқа жойымпаздар қол қоймай тұрып, оны олар іс жүзінде орындамай тұрып, жақындасуға қарай ешқандай қадам жасау туралы сөз болуы да мүмкін емес.

IV

1914 жылғы 4 апрельдегі демонстрация туралы мәселе жөнінде*. 1) Мен Питерден тағы да (Поповтың атына) «Стойкая Мысльдің» (с.-р.) 18-номерін және 1914 жылғы 4—5 апрельдегі буржуазиялық газеттерді жаздырдым. Егер келе қалса, баяндаманың документтерін толықтыру үшін пайдалану керек.

Біз жойымпаздар еш уақытта листоктар шығармады деп отырғанымыз *жоқ. 1913* жылы май листогы оларда болды (веналық),— 1914 жылы болған жоқ, *дейді питерліктер.* Стачка туралы бір листок болды деседі.

Бірақ құпия жұмысқа бөгет жасаудың үйреншікті оқиғаларының *бірі* — 1914 жылғы 4 апрель.

---

* Қараңыз: осы том, 418—423-беттер. *Ред.*

Егер Плеханов немесе Рубанович: біз олардың қатысуын *жақтап* дауыс береміз бе? — деп сұраса ше. Мен былай деп жауап берер едім: «біз *қарсы* дауыс берер едік, өйткені Рубанович социал-демократ емес, ал Плеханов *Россияда ешкімнің өкілі емес. Бірақ,* баяндамамызда Плехановтың тобына және Рубановичтің бағытына тікелей тиісу бар болғандықтан, біздің қарсы дауыс бергіміз келмейді, сондықтан *қалыс қаламыз»*.

Азшылыққа берілетін кепілдіктер ше? — деп сұрар бізден.

«Жоқ, партиядан шығарылған жойымпаздар тобымен де, бұл топ жөнінде де, қандай да болсын кепілдіктер туралы да сөз етуге біз келіспейміз. Жойымпаздардан және олардың достарынан кепілдіктерді біз өзіміз талап етіп отырмыз».

N.B.: біздің шарттарымыздың жалпы рухы — *ескіден* ауытқушылықтарға қарсы, **жаңа партияға қарай бет бұруға қарсы күресу.** Nous ne marchons pas!* Аксельродтың «партиялық реформа туралы немесе *дұрысында партиялық революция туралы»*** айтқанымен салыстыр.

N.B. ||| Кімде-кім осылай жазып, жікшілдік бар деп шағынып отырса — ол кісі күлерлік!!!

«**Россия** СДРП» ұлт өкілдерінсіз заңды ма?

Заңды, өйткені ол 1898 жылдан 1903 жылға дейін поляктар мен латыштарсыз, 1903 жылдан 1906 жылға дейін поляктарсыз, латыштарсыз және Бундсыз *Россиялық* болып келді!!

Біз ұлт өкілдерін шығарғанымыз жоқ, жойымпаздарға бола олардың өздері кетті. Tant pis pour eux!!***

---

* — Біз келіспейміз! *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 458—471-беттер. *Ред.*

*** — Олар үшін соғұрлым жаман!! *Ред.*

Конференцияның протоколдарын жариялау үшін *бар күшті салып* күресу керек, бас тартқан күнде *жазбаша* наразылық білдіру керек (егер тіпті қабыл алмаса, біздің қарарларымызды — *біз бәрібір жариялаймыз* — және *қарсы қарарларды* жариялауды талап ету керек (бұл арада Атқару комитетінің «жеке адамдарды» былай қоя тұруына болады)).

Бізде мақсат біреу: жойымпаздарды + Бундты + P. P. S.-ты + Плехановты қарсы қарарлар мен қарсы ұсыныстарын *тұжырымдауға* мәжбүр ету. Ал біз *ешбір ретте ешнәрсеге көнбейміз,* сөйтіп, *қымбатты* жолдастардың «қарсы ұсыныстарын» өз конгресімізге енгізуге *уәде етіп,* кетіп қаламыз.

Ең маңыздысы (ең жақсысы жауапта) мынаны баса корсету: біздің «шарттарымыз» — түпкі **негізінде** *жұмысшылар әлдеқашан басып шығарған* шарттар. Поповқа «Правданың» тиісті номерлерін жіберіп отырмын.

Біздің тұрғымыздан қарағанда, Брюссельдегі конференция үшін қандай жұмыс тәртібі болғаны қолайлы?

Әуелі *барлық* ұйымдар мен топтардың баяндамалары,— мұның өзі едәуір уақыт алады. Содан кейін қысқаша репликалар, олардан соң *барлық* ұйымдар мен топтардың *нақты* ұсыныстарды *тұжырымдауы.*

Конференцияға қатысушылардың бәрі өздерінің нақты ұсыныстарын тұжырымдаған кезде әркім мынаны айтсын: ол *осы* ұсыныстардың *негізінде* жақындасуға қарай бұдан былай қадам жасау немесе жақындасу туралы әңгімелесу мүмкін деп санай ма, әлде ол, мұны мүмкін деп санамай, *барлық* ұсыныстарды өзінің ұйымына тапсыра ма.

Әрине, біз, өз тарапымыздан, жойымпаздардың, Бундтың, Розаның және Плехановтың (сондай-ақ Каутский мен Вандервельдтің) ұсыныстарын *қайткен күнде де қабыл алмаймыз,* сөйтіп олар-

дың ұсыныстарын біздің конгреске немесе конференцияға тапсырамыз.

Біздің міндетіміз мынау ғана — өзіміздің шарттарымызды айқынырақ айту, «олардың» шарттарын *ж а з ы п а л ы п,* шығып кету.

Біздің шарттарымыз ультиматумдық шарттар ма?— деп сұрар бізден. Жоқ. Бізге қандай қарсы ұсыныстар жасалатындығын біз байқап көреміз және осы негізде одан әрі әңгімелесу біз үшін мүмкін бе, жоқ па—сонда жауап береміз (*бәрінің* айтып болуын күту, *барлық* мәселелер жөнінде *бәрінің* қарсы ұсыныстар беруін сұрау, сөйтіп кетіп қалу. Voilà notre programme!*).

Поляк істерін орыс істерінен бөлу керек пе? Бөлуге қарсы болуымыз керек деп ойлаймын. Өзіміздің полякпен кеңесіп көреміз.

Біздің «сұмдық» талаптарымыз үшін бізге тиісіп көруге түрлі әрекеттер жасалатыны анық. Біз салмақтылықпен өз конференцияларымыз бен кеңестеріміздің қарарларын, питерліктердің, москвалықтардың, кавказдықтардың etc. бірлік туралы қарарларын дәлелге келтіруіміз керек. Бұл қарарлардың жинағын мен жіберемін. Біз өз ұйымдарымыздың пікірлерін *қ о р ы т а м ы з.* Мұнымен санасқыларың келмейді екен — өздерің біліңдер. Nous n'y pouvons rien**.

Жойымпаздық газеттің сөздеріне қарағанда, Атқару комитетінің *делдал болмай,* қайта *а р б и т р,* яғни біздің алауыздықтарымыздың *т у п к і л і к т і* «төрешісі» болуына бізді көнбес пе екен? деп Вандервельд Питерде қармақ тастап көрген сияқты.

Жауап мынадай: 1905 жылы Бебель мұны ұсынғанда біздің съезд, алғыс айтып, бірақ біз автономиялық партиямыз деп мәлімдеп[149], қабылдамай тастаған-ды. Менің ойымша, біздің съезд қазір де солай жауап береді. (Ең болмағанда, Орталық Комитет осындай пікірде.)

«Жалақорлық» істер бойынша «олар», бәлкім, *барлық айыптауларды жалпы кейін қайтып алуды* ұсынар. Дауысқа салу сұралсын! *Б і з қ а р с ы м ы з.* Ал олар-

---

* — Біздің программамыз осы! *Ред.*
** — Бұл арада біз ештеме істей алмаймыз. *Ред.*

дың ұсынысын өзіміздің съезімізге саламыз. (Егер осындай ұсыныс жасап, оны өткізсе, олар мықтап тұрып батпаққа отырады.) [[Біз жала жабуды таратушылардың айыбын жалақорды жалақор деп атаған адамның қылығымен теңестірмейміз.]]

Жалпы алғанда «олардың» бәрі «орта», «ымыраластырушы» формулаларды іздестіретіні күмәнсыз. Біз бұл әрекеттің 1910 жылы январьда бізге және 1912 жылы августа латыштарға істелгенін атап көрсетеміз, ал *біз оны қайталамаймыз.* Конференция айқын екі лагерьге: *қазірги* жойымпаздармен жақындасуды мүмкін деп санайтындарға,—және жойымпаздар *тактикасы* мен *мінез-құлықтарын түбегейлі өзгертпей* тұрып олармен жақындасуға бармай отырғандарға бөлінсін.

«Ымыраластырушы» формулаларды *мұқияттап жазып алу керек* (бұл—басты нәрсе), содан соң біраз сынау керек және—.—бәрін де қабылдамай тастау керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДА РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНА ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ[150]

Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының дербес құрылуына байланысты жойымпаздарға қарсы *ашық* күрестің өте-моте күшті және айқын түрде қыза түсуге тиіс екендігі түсінікті. Партияны жоюшылардың (және оларды тікелей әрі жасырын түрде қорғаушылардың) «бірлік» туралы айқай-шу көтеруіне бұдан гөрі ыңғайлы да қолайлы сылтауды ойлап табуға болмас еді. Мәселені тоғышарлықпен қоюға Думада бір немесе екі топтың өзін социал-демократиялық топ деп атағысы келетіндігімен бәрі де бітіп жатқан сияқты еді; ал белгілі бір топ кімнің еркін жүзеге асырып жатқандығын, саналы және ұйымдасқан жұмысшылар көпшілігінің шешімдері қайда екендігін, «астыртын жұмыс» дегеннің не екендігін талдап жатуға тоғышар қабілетсіз және мұны талдаудан тіпті қорқады да.

Сондықтан, егер қайдағы бір «партияға» пысқырып та қарамайтын тоғышарлар мен филистерлердің жойымпаздарға әйтеуір бір пункт жөнінде тілектестігі қамтамасыз етілген болса, онда нақ Думадағы социал-демократиялық фракцияның «жікке бөлінуі» дейтін пункт жөнінде қамтамасыз етілді. Социал-демократ атанғысы келетін мещандардың байбаламы ешқашан да мұндай қатты, мұндай аянышты болып көрген жоқ. Бүкіл оқиғаның ашық сипаты жұмысшылар мен жұртшылықтың оған баға беруге қатысуын өте-моте жеңілдетті, ал «Правда» газеті жойымпаздардың газетімен

бірдей үн қатып, саналы пролетариатты өз пікірін білдіруге шақырды.

Екі газет те жұмысшылардың хаттарымен, мәлімдемелерімен және шешімдерімен тола бастады.

Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы дербес құрылғаннан бері (1913 жылы октябрьдің аяғында) талай айлар өтті. Екі газеттің екеуінде де «алтауды» (Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын) жақтаған және «жетеуді» (жойымпаздарды) жақтаған қаралар науқаны аяқталып қалды.

Ал оның нәтижелері қандай?— деген сұрақ туады.

Бұл жөнінде бізде ең алдымен Л. Мартов мырзаның «Наша Заряның» 10—11-номерлеріндегі мынадай мәлімдемесі бар:

«Думадағы фракцияны біртұтас нәрсе деп түсінуге әдеттенген пролетариат,— деп жазады Л. Мартов мырза,—оның жікке бөлінуіне қалай қарады? Бұған баспасөздегі деректерге сүйеніп баға беру қиын (!??). Бұл мәселе жөнінде он мыңнан астам жұмысшы «Новая Рабочая Газета» мен «За Правдуда» өз пікірлерін білдірді. Бұлардың *жартысынан біраз көбірегі* (курсив біздікі) «алтаудың» ісін мақұлдады. Бірақ бұл басымдықтың маңызы мына фактімен кеміткілін жүр (тыңдап көріңіз!): көптеген партия коллективтері, соның ішінде жұмысшылардың біршама көп бөлігін біріктіріп отырған кейбір коллективтер, жікке бөлінуге қарсы, демек, социал-демократиялық фракцияның көпшілігін жақтап пікір білдірді» («Н. З.», 1913 ж., № 10—11, 97-бет).

Мартов мырзаның ақиқатты бұрмалаудағы нағыз бурениндік тәсілдерін[151] бізге мыңыншы рет айқын көрсететін пайымдауы толығынан алғанда міне осы! «Жартысынан біраз көбірегі»!! Бұдан гөрі бұлтара сөйлеуге бола қояр ма екен? 100-дің 51-і де, 99-ы да «жартысынан біраз көбірек» қой.

Көптеген партия коллективтері басымдықты қалайша «кеміте» алады? 1-ден, бұл арада да цифр келтірілмейді; «көптеген» деп әркім қалаған нәрсесін түсіне алады; ақиқатты *жасыру* үшін Мартов мырза бұл тұжырымды әдейі ойлап шығарған тәрізді. 2-ден,—*және бұл басты нәрсе*— егер көптеген партия коллективтері дейтіндердің соңына жұмысшылардың *азғана* бөлегі еріп отырған болса, онда мұның *жалған* коллективтер екендігі анық. Өйткені газет бетінде маңызды әрі кө-

кейкесті мәселе жөнінде өзі жұмысшылардың өкілі бола отырып, солардың *барлық даусын жинай алмаған жалған емес* коллектив болуы мүмкін деп, Л. Мартов мырзаға тек мүлде надан немесе жайбарақат оқушы ғана нанады.

Л. Мартов мырза айласын асырды. Ол тек жұмысшылардың *көпшілігі* социал-демократиялық фракцияның *жойымпаздық* бөлегін, «жетеуді», айыптағандығын ғана мойындап қойған жоқ,—сонымен қатар жойымпаз мырзалар соңынан ерген жұмысшылары *жоқ жалған* коллективтерді мақтаныш көретіндігін де мойындады.

Жеңілісті мойындай отырып, Мартов мырза жалған «коллективтерге» сүйену арқылы жеңілістің *көлемін* бүркемелеп бүркеуге әрекет істеді. Ал мәселенің бүкіл түйіні осында. Бұл көлем туралы *дәл цифрлар әлде қашан* жарияланып, Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылғы 1 (14) декабрьдегі мәжілісінде Мартовтың достарына хабарланған да болатын! Ал жойымпаздардың баспасөз бетінде бұл цифрлар туралы *бір рет те бірде-бір* сөз айтпауы неден? Ары таза болмағандықтан емес пе екен?

Бұл цифрлар 1913 жылғы 20 ноябрьге дейінгі қорытындыны көрсетті. Жұмысшылардың жазғандарына *қойылған қолдары* ғана, яғни ең дәл, бір рет те *мүлде* талас тұғызбаған деректер алынған еді. Қорытынды мынаны көрсетті: «алтауды» жақтап 4850 қол қойылды, жойымпаздарды, яғни «жетеуді» жақтап не бары 2539 қол қойылды (мұның 1086-сы Бунд және 636-сы Кавказ).

Бәрі жиналып бүкіл Россия бойынша жалпы бой көрсеткен жұмысшылардың тек *үштен бірін* жинай алған «көптеген» (жалған) коллективтер жойымпаздыққа қарсылардың басымдылығын «кемітіп» отырмыс деп жұртты сендірмек болған жазушының тәсілдерін қалай сипаттау керек екендігін енді ойлап көріңіздерші!

Бүкіл науқан (январьдың басында аяқталған науқан) бойы екі газетте де басылған, айқын білдірілген

қарарлардағы *қойылған қолдардың* саны туралы деректерді келтірелік:

	Қойылған қолдардың саны көрсетіліп басылған қарарлар мен мәлімдемелер		
	«алтауды» (партияны) жақтағандар	«жетеуді» (жойымпаздарды) жақтағандар	барлығы
С.-Петербург	5 003	621	5 624
Россияның қалған бөлегі	1 511	559	2 070
Кавказ	208	719	927
Бунд	—	1 086	1 086
Барлығы	6 722	2 985	9 707

Жойымпаздардың мүлде дәлелсіз және ешқандай тексеруге келмейтін жалған пікірлерді адам айтқысыз арсыздықпен қайталау арқылы өз шығармаларын оқитын жұртты аздырғандығы сонша, тіпті біз келтірілген цифрлардың мәнін жеткілікті түрде баса көрсете алмаймыз. Бұл цифрлар бәсекелес екі газеттен алынған, сондықтан сауатты адамның қайсысы болса да біздің есебімізді тексере, оның орнына өз есебін қоя алады.

Жалпы бұл цифрлар Россиядағы марксистердің партиялық жағдайының өте-мөте тәлім аларлықтай жай-жапсарын көрсетеді. Россияда бір де, тіпті бірде-бір саяси партия жалпы алғанда бүкіл контрреволюция кезеңі үшін, әсіресе 1913 жыл үшін, партия тұрмысының аса маңызды мәселесі жөнінде *партияның барлық мүшелерінен* мұндай *ашық және жаппай пікір сұралғандығын* атап көрсете алмайды. Жұмысшы табы партиясының, өзінің кішкене газетін болмашы тиынтебенімен шығарып отырған, астыртын жағдайға қуып тығылған жарлы пролетарлар партиясының бергенін Россиядағы жария жағдайдағы партиялардың бірдебірі, бай, толып жатқан интеллигенттік күштері мен әр түрлі баспасөз органдары бар либералдық және демократиялық партиялардың бірде-бірі берген жоқ.

Жұмысшы партиясы Россиядағы партиялардың *бәріне* партияның қатардағы мүшелерінің *көпшілігін*

даулы мәселелерді ашық және жан-жақты талқылауға *қалай* тарту керек екендігінің үлгісін көрсетті. Барлық партиялардың түрліше жастағы және алуан түрлі либералдары мен филистерлері социал-демократияның «жікке бөлінуіне» жылап-сықтағанды ұнатады. Күреспейінше көпшіліктің еркін жүзеге асыруға болмайтындығы, ал көпшіліктің еркін жүзеге асырмайынша партиялылық туралы да, тіпті жалпы ұйымдасқан саяси қимыл туралы да әңгіме болуы мүмкін еместігі жөнінде бұл көңілшектердің ешбір түсінігі жоқ.

Думаның 13 депутаты Россияның ұйымдасқан және саналы марксист жұмысшылары *көпшілігінің* еркіне *қарсы* әрекет істеп отырған кездегі «тәртіпті» ақымақтар «бірлік» деп атайды,— ал Думаның алты депутаты осы жұмысшылар көпшілігінің еркіне *сай* және осы ерікті жүзеге асыру *үшін* Думада дербес фракция құрып жатқан кездегі құбылысты «жікке бөліну» деп балағаттайды.

Бұл ақымақтар қалайша күлкі болмасын? Олар қалайша жек көруге лайық болмасын?

Он үш депутаттың атышулы «бірлігі» (жойымпаздар мен ымырашылдардың мылжыңдап айтып жүрген «бірлігі») партияның еркін *бұзушылық* болғаны, жұмысшылар көпшілігінің еркін *қорлау* болғаны жұмысшыларды алдағысы келетіндерден басқалардың бәріне және әрқайсысына енді айқын болуға тиіс.

Және мұның керісінше. Мәселеге екінші жағынан қарап көріңіздерші. 1913 жылдың жазында марксистердің (тіпті де ашық *емес*) кеңесі болғанына, ол кеңестің партияның басшы мекемесі бекіткен шешімі партияның еркі мен шешімі болғанына ақылынан адаспаған бірде-бір адам күмәнданып көрген емес. Осы шешім «алтаудың» дербес қимыл жасауын талап еткен болатын*. Сіздер осы кеңесті балағаттайсыздар ма, жойымпаз және ымырашыл мырзалар? Сіздер оны үйірме, жиын, фикция, т. с. деп атайсыздар ма? Өте жақсы! Бірақ сіздердің бұл балағаттауларыңыз сіздердің дәрменсіздіктеріңіздің белгісі ғана болып қалады, өйткені

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 61—62-беттер. *Ред.*

объективтік фактілер талассыз: осы «үйірменің» шешімі бойынша Россияның саналы жұмысшыларының $^2/_3$ бөлігі бір кісідей кеңесті *жақтап* отыр, оның еркін жүзеге асыруды *жақтап* отыр.

Партия деп міне осыны айтады, «бірлік» туралы басқа мылжыңдайтын, ал іс жүзінде жойымпаздарға партияның еркін *бұзуға жол беруді* «бірлік» деп атайтын мырзалар.

Естеріңде болсын, бәсекелес, күнделікті 2 орган болып отырған жағдайда пікір айтқысы келетін бірде-бір саналы жұмысшының пікір айтуына біреудің бөгет жасауы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Сөйтіп, жойымпаздарды жақтағандар үштің бірінен кем болып шығып отыр, оның бер жағында жойымпаздардың алған дауыстарының жалпы жиынтығының жартысынан көбі Бунд пен Кавказдан болып отыр. Сонымен бірге *қойылған қолдар* жөніндегі біз келтірген статистикаға латыш жұмысшылары кірмеді деуге болады (олардан алтауды жақтап 98 қол қойылды, жойымпаздарды жақтап 70 қол қойылды, ал енді бұл мәселе жөнінде дауыс беріп, бірақ әлі қол қоймаған латыш жұмысшыларының 863-і «алтауды» жақтап, 347-сі жойымпаздарды жақтап дауыс берді), ал 800-ден астам поляк социал-демократ жұмысшылары мүлде кірген жоқ, олар да «алтауды» жақтап дауыс беріп, бірақ қолдарын қойған жоқ-ты (жойымпаздарды жақтаған 400-ге жуық «солшыл» дәл осындай жағдайда).

ЕКІ ФРАКЦИЯНЫҢ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ НЕНІ КӨРСЕТЕДІ?

Бұл жұмыстың *саяси* мазмұнына біз бұл арада тоқтала алмаймыз. Жұмысшылар *көпшілігінің* сұрауларын, талаптарын, көзқарастарын және еркін Дума трибунасынан жариялау тұрғысынан қарағанда алтаудың жұмысы қазір қалай *ұтып* отырғаны туралы аса қызықты мәселені, амал не, біз келесі жолға дейін қалдыра тұруға тиіспіз. Екі-ақ сөзбен мынаны көрсете кетелік: Мемлекеттік думадағы *алтаудың* өкілдері, Бадаев пен Малиновский, өздерінің 1914 жылы 4 март-

та Мемлекеттік думада сөйлеген сөздерінде *алғаш рет* баспасөз бостандығы туралы мәселені либералдық түрде *емес*, пролетариатқа лайықты түрде қойып берді, ал жойымпаздар әдебиет қоғамында да, өз басылымдарының беттерінде де, өздерінің «жетеуінің» Думада сөйлеген сөздерінде де бұл мәселе жөнінде таза либералдық түрде шатасты; әрі дегенде «Северная Рабочая Газетаның» 13 марттағы номерінің 2-бетінен: «құпия баспасөзді дәріптеу жұмысшылардың өз жария баспасөзі үшін күресін тек қана әлсіретеді» деген пайымдауды оқуға болады. Жаңа ғана келтірілген осы пайымдау сияқты соншалықты масқаралық, ренегаттық мәлімдемелер мен пікірлерге қарсы күресу үшін Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын дербес құрудың қаншалықты *принципті* қажет болғандығын біз кітаптың текстінде талай рет айтқан болатынбыз және әлі де талай рет айтамыз.

Ал қазіргі уақытта біз апағұрлым қарапайым міндетті көздеп отырмыз, ол міндет — жойымпаздардың жетеуінен *өзгеше*, Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы бірден *не* болғандығының, егер осылай деп айтуға болса, «сыртқы» дәлелдеріне оқушының назарын аудару.

Әрбір фракция өз газетінде осы фракцияның қолынан өтетін сомалар туралы өз казначейінің ақша жөніндегі есептерін басып отырады. Қуғынға ұшырағандарға, әр түрлі фабрикалардың және өнеркәсіп салаларының стачкашыларына көмекке, жұмысшы қозғалысының басқа да әр түрлі қажеттеріне арналған бұл сомалар бізге *жұмысшы өмірінің* толып жатқан жақтарын ашып көрсетеді, Мемлекеттік думадағы қай фракцияның жұмысшы қозғалысымен *байланысы* нақ қандай екендігін — дәл, талассыз, қалтқысыз цифрлармен — айқын көрсетеді.

Осындай сипаты бар соңғы есеп екі газетте де, екі фракцияда да 1914 жылғы 21 январьға *дейінгі* кезеңді қамтиды. Демек, біздің бұл есебіміз екі фракцияның бөлек өмір сүрген *үш* айы ішіндегі: октябрьдің аяғынан январьдың аяғына дейінгі есеп. Екі фракцияның жылдың осы ширегіндегі есептерінің жиыны мынадай:

Фракция арқылы өткен қаржы:

	барлық қаржы	соның ішінде: жұмысшы *еместерден*	жұмысшылардан	жұмысшы топтарының саны
1) Росс. с.-д. жұмысшы фр. арқылы	6 173 с. — т.	71 с. 31 т.	6 101 с. 69 т.	719
2) С.-д. фр. арқылы	2 212 » 78 »	765 » 80 »	1 446 » 98 »	94*

Бұл құрғақ цифрлар екі фракцияның *ұйымдық* байланыстары мен бүкіл өмірінің тамаша айқын сипатын көрсетеді. Жылдың бір ширегінде жойымпаздардың фракциясына қаржы ұсынған жұмысшы топтарының саны партиялықтардың фракциясына қаржы ұсынған топтардың санынан *сегіз есе* кем дерлік.

Оның есесіне жойымпаздар фракциясының жұмысшы *еместерден*** жиналған, фракцияның қолынан өткен қаржыларының сомасы *он есе* көп: 71 сомға 765 сом. Ал партиялықтардың жұмысшы *еместерден*** жинаған қаржылары — барлық жиналған қаржы сомасының *бір* проценті (6173 сомнан 71 сом). Жойымпаздар-

* Бұл деректер текстe тек 1914 ж. 21 январьға дейін ғана (Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылған кезінен бастап, яғни 1913 ж. октябрьдің аяғынан бастап) есептелген еді.

Біз бұл арада, В. А. Т. жолдастың есебі бойынша, Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылған кезінен бастап 1914 ж. июньге дейінгі барлық уақыт ішіндегі негұрлым толық деректі келтіруді борышымыз деп санаймыз.

Маркстік және жойымпаздық газеттердің есептері бойынша 1913 ж. октябрьден 1914 ж. 6 июньге дейін Думадағы әрбір фракция арқылы өткен (қуғынға ұшырағандарға, т. т.) ақша сомасының мөлшері:

	барлығы	соның ішінде: жұмысшы *еместерден*	жұмысшылардан	жұмысшы топтарының саны
Росс. с.-д. жұмысшы фр. арқылы	12 891 с. 24 т.	828 с. 63 т.	12 062 с. 61 т.	1295
С.-д. фр. арқылы	6 114 » 87 »	2 828 » 04 »	3 286 » 83 »	215

Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы жұмысшы еместерден барлық соманың 6 процентін алды, ал жойымпаздық («с-д.») фракция барлық соманың 46 процентін алды. Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясына қаржы ұсынған жұмысшы топтарының саны жалпы санның 85,7 проценті (1510-нің 1295-і), ал «с-д.» фракцияға қаржы ұсынған жұмысшы топтарының саны жалпы санның 14,3 проценті.

** Бұған жеке адамдардан, одан соң шетелден және оқушылардан түскен қаржылар жатады.

да — барлық жиналған қаржы сомасының *отыз төрт* проценті (2213 сомнан 765 сом).

Думадағы фракциялардың өміріне жақын тұрған адамдарға күнбе-күнгі тұрмыстың мыңдаған «ұсақ-түйектерінен» белгілі фактілерді Думадағы фракциялардың өмірінен шалғай тұрған қалың жұрттың дәл салмақтап, жақсылап ойлауына бұл цифрлар мүмкіндік береді, бұл фактілер атап айтқанда мынадай:

— Жойымпаздар фракциясының (жетеудің) — жұмысшыларсыз фракция екендігі;

— Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясына қарағанда, жойымпаздар фракциясының жұмысшы *емес* жұртпен отыз есе көп байланысы бар екендігі.

Бұл фактілер әлдеқашан және барлық жағынан көрсетілген болатын. Либералдық «Речь» газеті жойымпаздардың фракциясын «интеллигенттердің» фракциясы деп дұрыс атады, мұны бүкіл либералдық баспасөз талай рет қуаттады да. Жойымпаздар Потресов мырзадан басқа да көптеген ұсақ буржуазиялық-оппортунистік элементтерді өздеріне жиып алды деп Плеханов әлдеқашан атап көрсеткен-ді. Жойымпаздардың арасында либералдық *газеттердің* қызметкерлері көптігін және мұның керісінше болып отырғандығын (Энзис, Егоров, Ст. Нович, Е. Смирнов, Антид Ото, Неведомский, Львов-Рогачевский, Череванин және көптеген басқалар) «Путь Правды» бұрын да атап көрсеткен болатын.

Өзінің шын қоғамдық маңызы жөнінен жойымпаздар — либерал-буржуазиялық партияның пролетарлар арасына либералдық жұмысшы саясатының идеяларын тарату үшін және Россияның ұйымдасқан, саналы жұмысшылары көпшілігінің еркін *бұзу* үшін өмір сүріп отырған бөлімшесі.

1914 ж. март — апрельде жазылған; кестеге қосымша 1914 ж. июньде жазылған

1914 ж. июльде, С.-Петербургте «Прибой» баспасы шығарған мына жинақта басылған: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ЕҢ АЛДЫМЕН АЙҚЫНДЫҚ КЕРЕК!

(БІРЛІК ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ)

1. ЕКІ ТҮРЛІ ПІКІРІ БАР АДАМДАР ТУРАЛЫ

Байыпты мәселелерге көрнеу байыпты қарай білмейтін адамдармен байыпты сөйлесуге бола ма? Қиын, жолдастар, өте қиын! Алайда, кейбір адамдар байыпты сөз ете білмейтін мәселенің, жеке өзін алғанда, байыпты екендігі сонша —тіпті оған берілген көрінеу байыпсыз жауаптарды талдап қарау зиян болмайды.

Байыпты мәселе дегеніміз — орыс жұмысшы қозғалысының бірлігі туралы мәселе. Бұған байыпты қарай білмейтін адамдар —«Единство» газетінің қызметкерлері.

Сіздерге айтатын бірінші мысал мынадай. «Единствоның» 4-номерінде депутат Чхеидземен әңгіме басылды. «Единствоның» редакциясы бұл әңгіме «орыс жұмысшы табының бірігуі мүддесіне» себепші болады деп үміттенеді. Өте жақсы. Ал енді орыс жұмысшылары мүдделі болып отырған ұйымдық және тактикалық мәселелер жөнінде Чхеидзенің не айтқанын көрейікші.

Чхеидзе былай деді: «Мен өзім Ан жолдас соңғы кезде баспасөз бетінде дамытып жүрген тактикалық және ұйымдық козқарастарға толық қосыламын».

Ал соңғы кезде Ан жолдас баспасөзде қандай көзқарастарды дамытты екен?

Ол, мәселен, лучистердің, сондай-ақ жойымпаздардың көзқарастары жөнінде не деді екен?

Ан — көрнекті меньшевик және «правдизмнің» дұшпаны —«соңғы кезде баспасөзде»: «жойымпаздар реформаға бағыт ұстап отыр», олардың астыртын жұмысқа, стачкаларға, «шұнтитылмаған ұрандарға»

және басқаларға көзқарасы олардың жалпы реформизмімен тығыз байланысты, егер жұмысшылар олардың айтқан ақылына құлақ қойған болса, онда провинцияның жұмысшылары ереуілдерді, т. т. қоя тұруға тиіс болар еді деген көзқарасты дамытты.

Анның бұл көзқарастары жойымпаздардың қармағынан оның босана бастағанын көрсетті, ал оның бұл қармақтан босана бастауын біз құттықтаған болатынбыз.

Енді келіп Чхеидзе Анның бұл көзқарастарына өзінің «толық» қосылатындығын мәлімдеп отыр. Естуге жақсы. Жойымпаздықтың мәнін білу және одан тура безу деген ақылдылықтың алды,— солай емес пе? Ал біз ағым болып саналатын жойымпаздықтың ролі жөнінде депутат Чхеидзенің соншалықты ұзақ күтілген көзі ашылуын құттықтауға әзір тұрған болар едік.

Бірақ байыпты мәселеге байыпты қарау керек, сондықтан Чхеидзенің тек «Единстводағы» мәлімдемелерін ғана емес, сонымен бірге оның істерін де анықтап алған жөн.

Бірлік *ісінде* Думадағы социал-демократиялық фракцияның (депутат Чхеидзе сол фракцияның председателі болып есептеледі) РСДЖ фракциясына оның ұсынған бірлік шарттарына қайтарған жауабының орасан зор маңызы бола алатын еді.

Бұл жауап жұмысшыларға арналған үндеу түрінде «Наша Рабочая Газетаның» 2-номерінде жуырда басылып шықты.

Жұмысшыларға арналған осы үндеуде депутат Чхеидзе мен оның пікірлестері жойымпаздардың органы арқылы, ол кезде олардың органы «Северная Рабочая Газета» болатын, өздерінің жойымпаздыққа көзқарастары туралы мәселеге де, былайша айтқанда, жауап бере кетеді.

«Маркстік «Северная Рабочая Газетаға» келсек,— деп жазады депутат Чхеидзе мен оның достары,— біздің оған көзқарасымыз *оның бағытына біздің толық қосылатындығымызбен анықталады»*.

Сонымен. Депутат Чхеидзе жұмысшыларға арнаған ресми үндеуінде жойымпаздық газеттің бағытына өзі-

нің *«толық қосылатындығын»* мәлімдейді, ал «Единстводағы» әңгімесінде қазіргі жұмысшы қозғалысында зиянды бөгет ролін атқарып отырған реформистердің органы ретінде бұл газетті сынаған Анның көзқарастарына *«толық қосылатындығын»* білдіреді.

Бұл жөн бе? Бұл байыпты мәселеге байыпты қарағандықты көрсете ме? Егер депутат Чхеидзенің өзі 2 ай ішінде жойымпаздар туралы бір-біріне тура қарама-қарсы екі түрлі көзқарас айтқан болса, жойымпаздармен бірлік туралы мәселе жөнінде ол байыпты бірдеңе айта ала ма?

Бірақ,— дер бізге,— мүмкін, депутат Чхеидзе «Социал-демократиялық фракцияның ашық жауабы» әзірленген кезде Анның көзқарастарымен таныс бола қоймаған шығар, сондықтан жойымпаздықтың мәнін түсініп бола алмаған шығар.

Амал не, бұл шындыққа жанаспайды,— өйткені Анның мақаласы «Ашық жауаптың» жарыққа шығуынан көп бұрын басылған болатын.

Тағы бір нәрсені еске алыңыз.

Анның мақалалары жарық көргеннен кейін бірнеше күн өткен соң, Л. М. «Северная Рабочая Газетада» жойымпаздарды Анның сынынан жан сала қорғады. Ал Чхеидзе ше? Ол өзінің, енді белгілі болып отырғанындай, «толық қосылатын» көзқарастарын қорғап тым болмаса бір ауыз сөз айтты ма? Жоқ, Чхеидзе үндемеді, ал оның фракциялас жолдасы, депутат Туляков, нақ осы кезде «Наша Рабочая Газетаның» бастырушысы болған еді...

Қайталап айтамыз: жұмысшылардың қалың бұқарасын толғандырып отырған, кеңестерде, конференцияларда, т. т. талай рет қаралған мәселеге социал-демократиялық фракция председателінің осылайша қарауы мүмкін бе? Бірлік туралы мәселеге Чхеидзеден жауап іздеуге бола ма? Бірлік туралы мәселе бұл арада жойымпаздарды қорғаштап қалу жөніндегі дипломаттық-үйірмелік пікірлермен алмастырылып отырған жоқ па?

Ал мұның өзі біздің «біріктірушілеріміздің» жалпы қырсығы: кезекте тұрған мәселелерге олардың берер

айқын жауабы жоқ, өздерінің не тілейтінін олардың өздері білмейді.

Олардың мақалаларындағы бір айқын нәрсе: олар жойымпаздарды сақтап қалуға, ал бұл үшін мәселелерді қою мен шешуде айқындық пен дәлдіктен аулақ болуға бел байлаған.

Қазіргі кезеңде жойымпаздарға айқындық пен дәлдік бәрінен де қауіпті. «Единствоның» басқа мақалаларына көшкенде, біз бұған тағы да көз жеткізе түсеміз.

Бірақ жұмысшылар айқындықты тілейді және олар оған жетеді де, өйткені олар өз ұйымының бірлігін дипломатия мен жалтарыстарға негіздеп құрмай, қайта әр түрлі «бағыттардың» саяси мәнін дәл есепке алуға негіздеп құрғылары келеді. Бұл мәселе жөнінде екі түрлі немесе тіпті одан да көп пікірі бар адамдар бұл арада жаман ақылшы.

«Трудовая Правда» № 30,
2 июль, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІ КҮНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ[152]

«ПУТЬ ПРАВДЫ» ГАЗЕТІНІҢ ЕСЕБІНЕН

Біз 22 апрельдегі «жұмысшы баспасөзі күнінің» кейбір қорытындыларын тек енді ғана шығара аламыз.

«Правда» газетінің 2 жылдық мерекесі күні маркстік күштерді есептеу күні болды.

Бұл күні саналы жұмысшылардың бәрі өздерінің жұмысшы органдарына көмекке келді. Сөйтіп, тиынтебенпен жүздеген, мыңдаған сом ақша құралды.

«Трудовая Правданың» 15-номерінде жұмысшы баспасөзі күнінде түскен сомалар туралы соңғы есеп тек 14 июньде ғана басылды. «Баспасөз күні» екі айға жуық созылды.

Өздерінің үлестерін 22 апрельден кейін жібере отырып, «ештен кеш жақсы»,— деп жазды көптеген жолдастар.

Редакцияға түскен қарарлардың көптігі сонша — олардың бәрін басып шығару былай тұрсын, оларды тіпті тізін атап өтуге де ешбір мүмкіндік болмады.

Бірақ қарарлар өз ісін істеді, олар бізді өзіміздің дұрыс жолда екендігімізге, жұмысшылардың орасан көпшілігі дөйекті марксизмнің ұрандарына қосылатындығына сендірді.

Жұртқа мәлім, «Правданың» бағытындағы газеттердің 2 жылдық мерекесі күнін жойымпаздар да өз газеті үшін «баспасөз күні» деп жариялады. Нақ 22 апрельдегі баспасөз күніне қосылуға өздерінің праволылығын дәлелдеу үшін олар кезінде көп шу көтерді. Жиналған қаржыны тең бөлу керек деп, олар сол кез-

дің өзінде-ақ федерацияны ұсынды. «Федерация» мен «тең праволылық» туралы жойымпаздық газеттің тым ерте сөз көтергендігін 22 апрель күні көрсетіп берді.

Петербург қаласының жұмысшылары «ортақ қаржы жинауды» мүлде қабылдамай тастады. Жойымпаздық газеттің бұл шақыруына тек қана студенттердің бір бөлегі және провинцияның кейбір заводтары біршама үн қосты.

Ортақ қаржы жинаудың бұл сомалары баспасөз күніне түскен жарналардың ақырғы қорытындыларына ешқандай дерлік әсер етпеді. «Наша Рабочая Газета» 13 июньдегі 34-номерінде өз газеті мен «Путь Правды» газетіне түскен қаржыны салыстыруға әрекет жасап та көрді. Біздің мұны әрекет деп отырғап себебіміз: «Наша Рабочая Газетаның» салыстыруларын ақырғы, толық салыстырулар деп мойындауға ешбір болмайды. Егер біз «Наша Рабочая Газетадан» мұндай толық салыстыруды көргіміз келсе, онда біздің ғасыр біткенге дейін күтуімізге тура келген болар еді, өйткені бұл сомаларды толық талдап жатпай-ақ, бұл ақшалардың кімнен түскенін анықтамай-ақ, жалпы цифрларды тілге тиек ету жойымпаздарға өте-мөте тиімді.

Сондықтан жойымпаздардың есептеріне де егжей-тегжейлі талдау жасауды өзімізге алуға тура келеді.

«Наша Рабочая Газета» мынадай аса жұбанышты қорытындыларға келеді: 1-ден), «правдистердің» соңынан ерген Россияның саналы жұмысшылары $^3/_5$-ке толмайды; 2-ден), «правдистердің» басымдығы тек Петербургте ғана күшті, ал провинцияда, керісінше, «Наша Рабочая Газетаны» жақтайтындар басым.

Ең алдымен «Трудовая Правданың» 11 июньдегі номерінен «Наша Рабочая Газета» алып басқан қаржыларымыздың ақырғы сомасына кішкене қосымша енгізуімізге тура келеді.— Онда 1 июньге дейінгі қорытынды болған еді, ал «Наша Рабочая Газета» өзінің жиналған қаржысының 10 июньге дейінгі қорытындысын алып отырғандықтан, біз салыстырудың дұрыс болуы үшін осы жылғы 14 июньдегі 15-номерде басылған июньнің 1-нен 10-на дейінгі сомалар есебін де қосып отырмыз. Ал оның үстіне 10 июньдегі қорытын-

дылар онша дәл емес еді, өйткені Россия бойынша түскен кейбір ұсақ қаржы Петербург жөніндегі қорытындыға қосылған болатын.

Осы түзетулердің бәрін енгізе келіп, біз мынадай ақырғы сомаларды шығарамыз және бұдан былай біз осы сомаларға сүйенетін боламыз:

Петербург бойынша	11 680 с. 96 т.
Россия бойынша	6 325 » 28 »
Шетел	104 » 97 »
Барлығы	*18 111 с. 21 т.*

«Наша Рабочая Газетаға» жиналған қаржының тиісті цифрлары

Петербург	4 446 с. 13 т.
Россия	6 409 с. 12 т.
Шетел	946 с. 55 т.
Жиынтығы	*11 801 с. 80 т.*

Алғаш рет қарағанда айырмашылық онша үлкен емес және саналы жұмысшылардың $^2/_5$-сі «Наша Рабочая Газетаны» шынында да жақтайтынын дәлелдейтін сияқты болып көрінеді. Бірақ бұл цифрларды жұмысшылардан және жұмысшы еместерден түскені деп бөле келсек, істің жайы түбірімен өзгеріп шыға келеді.

«Путь Правды» газетінің «жұмысшы баспасөзі күніне» арнаған шақыруына бүкіл Россия бойынша:

1915 жұмысшы тобы үн қосып, *оның қорына 16 163 с. 71 т. ақша жинады.*

«Северная Рабочая Газетаның» шақыруына:

588 жұмысшы тобы үн қосып, *5651 с. 78 т. ақша жинады.*

Жұмысшы еместерден «Путь Правды» 1842 с. 53 т. алды, ал «Северная Рабочая Газета» 6062 с. 02 т., яғни жұмысшылардан алғанынан көп алды.

Жұмысшы баспасөзі күніне жиналған қаржының бұл цифрлары бізге жиналған қаржы мен топтардың 1914 жылғы 1 январьдан басталатын есебі де көрсеткен жағдайдың өзін ашып көрсетеді. «Жұмысшы бас-

пасөзі күніне» үн қосқан жұмысшы топтарының жалпы санының $^{1}/_{5}$-нен сәл артығырағы ғана жойымпаздық газет жағында болды. Ал оның бер жағында, жұмысшы баспасөзі күніне күштердің арасалмағын өз пайдасына қарай өзгерту үшін жойымпаздар мүмкін болғанның бәрін де істеді ғой. Бірақ олар өзгерте алмады. Саналы жұмысшылардың бестен төрті правдизмнің соңына еріп келеді — жария газеттер өмір сүргеннен бергі бүкіл екі жыл ішіндегі цифрлар негізінде шығарылған бұл факт жұмысшы баспасөзі күні арқылы да *дәлелденіп отыр.*

Петербург пен провинциядағы істің жайына көшелік. Петербургте правдистік газетке қаржы жинағандардың (топтардың) саны *1276* болды, олар 10 762 с. 46 т. берді; жойымпаздық газетке қаржы жинаған топтар *224* болды, олар 2306 с. 27 т. берді. Айырмашылық сондай ғажап, астананың негұрлым алдыңғы қатарлы, жігерлі, ұйымдасқан және саяси тәжірибелі пролетариатының арасында «правдистердің» басым екендігін бекер деуге жойымпаздардың да батылы бармайды.

Бірақ олар провинция жөнінде таласады.

«Біз,— деп жазды «Наша Рабочая Газета»,— провинцияда Петербургке керісінше құбылысты көріп отырмыз, провинцияда «Северная Рабочая Газетаның» бір өзі правдистік органға қарағанда *көп* жинады».

Міне бұл *алдаудың* бір үлгісі, бұған біз жұмысшы жолдастардың зер салып қарауын ерекше ұсынамыз. Дұрысты дұрыс деу керек: правдистер провинцияда 6325 с. 28 т. жинады, ал жойымпаздар 6409 с. 12 т. жинады. Көп! Солай емес пе? Бірақ енді мына цифрларға көз салуға болмас па екен.

Провинция бойынша правдистік газетке *639* жұмысшы тобынан *5401 с. 25 т.* түсті және жұмысшы еместерден 924 с. 03 т. түсті.

Ал жойымпаздық газетке *364* жұмысшы тобынан *3345 с. 51 т.* түсті және 78 жұмысшы еместер тобынан, жеке адамдардан *3004 с. 89 т.* түсті.

Иә, күмән жоқ, провинцияда жойымпаздар ***басым болып отыр,*** бірақ жұмысшылар арасында емес,

дәулетті «достар мен тілектестер» арасында басым болып отыр.

Жойымпаздар бәрін оп-оңай істеді: өздерінің провинциядағы *«басымдығын»* дәлелдеу үшін олар жұмысшылардың тиын-тебеніне өздерінің буржуазиядан шыққан достарының капиталдарын қосты, сөйтіп правдистерден «басым болып шыға келді»!

Мүмкін, мұның өзі ептілік те болар, бірақ — жақсы мырзалар — сіздер мұнымен провинцияда өздеріңіздің басымдылықтарыңызды дәлелдеген жоқсыздар, қайта провинция жұмысшыларынан өздеріңіздің қол үзгендіктеріңізді ғана дәлелдеп отырсыздар және бұл қол үзушілік Петербургтегіден кем болмай отыр.

Жұмысшы баспасөзін құру және *жұмысшы* тұтастығын қамтамасыз ету ісінде бай «достардың» капиталдарымен емес, тек жұмысшылардың өздерінің талапкерлігімен ғана санасу керек, санасуға болады және санасу қажет.

Жұмысшы газеті мен жұмысшы тұтастығы ісінде жойымпаздардың жұмысшылардан қанша алған болса, жұмысшы еместерден де сонша дерлік (5651 с. және 5115 с.) алғандығы жөніндегі факт, біздің көзқарасымызша, плюс емес, қайта минус — жойымпаздықтың буржуазиялық-интеллигенттік ортамен аса тығыз байланысты екендігінің тағы бір дәлелдемесі.

Ал біз өзіміздің «темірдей берік қорымыз» түгелдей дерлік өз газетіне 6 апта ішінде 16 000 сомнан астам ақша жинаған жұмысшылардың тиын-тебенінен құралғандығын, өз тарапымыздан, тек мақтаныш етеміз.

Бұл сома қалай құралды? Ұстамды-маркстік газет шығаруға қандай кәсіптердің және қандай аудандардың жұмысшылары қандай мөлшерде көмектесті?

Бұған қазіргі жұмысшы қозғалысының жайы жөнінде аса елеулі документ те болып табылатын төмендегі кесте жауап береді.

«Путь Правдыға» өндірістер (кәсіптер) бойынша түскен қаржының кестесі мынадай. Ең алдыңғы қатарда, әрине, металлистер келеді. Сіздерге сәлем, жолдастар!

	СПБ.			Провинция		
	Топтар	Сом	Тиын	Топтар	Сом	Тиын
Металлистер	393	5 304	95	108	1 319	02
Ағаш өңдеушілер	116	1 014	73	24	172	10
Баспашылар	113	966	34	37	236	47
Теміржолшылар	24	165	93	34	345	24
Приказчиктер	59	238	11	18	132	76
Трактир қызметшілері	27	107	58	3	68	73
Тігіншілер	49	203	21	28	245	82
Былғарышылар	36	271	50	5	23	89
Электриктер	31	275	35	6	39	76
Тоқымашылар	41	303	88	24	130	32
Қала кәсіпорындары (трамвай және басқалар)	32	340	93	11	132	14
Құрылыс жұмысшылары	12	57	14	4	15	71
Су құбырын тартушылар	10	27	10	1	3	—
Алтын-күміс зергерлері	29	128	45	2	16	50
Бөлкешілер	39	124	06	11	28	60
Шахтерлер		—	—	14	71	44
Жұмысшы ұйымдары	9	79	97	9	112	04
Үй майлаушылар	12	50	20	3	14	60
Колбасашылар	8	31	45	2	5	63
Химия өндірістері	22	92	59	6	32	04
Экипажшылар	16	78	62	1	5	—
Конфетшілер	12	79	76	3	14	25
Картоншылар	5	13	45	—	—	—
Темекішілер	12	83	63	—	—	—
Баку мұнай өнеркәсіп жұмысшылары	—	—	—	12	83	98
Қызметшілер (конторшылар және басқалар)	38	273	11	18	123	65
Жер аударылғандар	—	—	—	23	67	72
Үй қызметшілері (аула сыпырушылар)	12	27	90	—	—	—
Әр түрлі өндірістер және анықталмағандар	99	422	52	232	1 960	84
Жиыны	1 276*	10 762	46	639	5 401	25

* Жиыны дәл емес. Сірә, Петербург бойынша топтардың тізіміндә деректемеде қате кеткен болуы керек. *Ред.*

ПЕТЕРБУРГ БОЙЫНША

Петербург соңғы жылдардағы жұмысшы қозғалысының алдыңғы қатарында келеді. Провинцияның кейбір жерлерінде (енді көп жерінде емес) пролетариат 1907—1911 жылдар кезеңінің қатты ұйқысынан әлі ояна алмай жатқанда, ал басқа жерлерде Петербург пролетариатының қатарына қосылуға тек енді ғана алғашқы қадам жасалып жатқанда, Петербург пролетариаты жұмысшы қозғалысына қатысы бар оқиғалардың бәріне, сезгіш барометрдей, үн қоса отырып, орасан зор белсенділік көрсетті. Петербург пролетариаты бірінші орында — мұны теріске шығаруға тіпті «Северная Рабочая Газетаның» да батылы бара қояр ма екен.

Ал енді Петербург пролетариатының «жұмысшы баспасөзі күніне» қалай үн қосқанын қараңыз.

Мұнда «Путь Правдыға» 1276 топ қаржы жинап, 10 762 с. 46 т. берді, «Северная Рабочая Газетаға» 224 топ қаржы жинап, 2306 с. 27 т. берді.

Петербургтің жұмысшы қозғалысында жойымпаздар топтарының саны жағынан қазір санаулы жұмысшылардың $^1/_5$ бөлігі емес, $^1/_7$ бөлігі болып отыр, ал олардың жинаған қаржысы правдистердің жинаған қаржысы сомасының $^1/_6$ бөлігінен сәл ғана артығырақ.

Бұл деректер жұмысшы қозғалысының алдыңғы қатарында келе жатқан Петербург пролетариатының көпшілігі жойымпаздардан іргесін аулақ салып, бұрынғы шұнтитылмаған ұрандарды қорғап отырғандығын көрсетеді.

Тіпті жойымпаздардың ұйымдасқан жұмысшылар арасындағы бірден-бір бас сауғалайтын жері баспашылардың өзінде де жойымпаздық баспасөзге қарағанда «правдистік» баспасөзге қаржы 5 еседей көп жиналды («Северная Рабочая Газетаға» 201 с. 21 т. жиналса, «Путь Правдыға» 966 с. 34 т. жиналды).

Металлистердің жинаған қаржысы туралы деректер де нақ осыны көрсетеді. Мұнда «Путь Правдыға» 5075 с. 49 т., ал «Северная Рабочая Газетаға» 1283 с. 66 т. жиналды. Тағы да 4 есе көп болып отыр, одақ тұсында

мұның өзі сайлау кезінде, жалпы жиналыстарда сөз сөйлеу кездерінде, т. т. жойымпаздардың үнемі сәтсіздікке ұшырауымен де дәлелденген болатын.

Петербургтің басқа кәсіптері арасында жойымпаздардың халі бұдан да жаман. Ағаш өңдеушілер «Путь Правдыға»—1014 с. 73 т. бергенде, «Северная Рабочая Газетаға» олардан не бары—*38 с. 14 т.* ғана түсті*.

Жойымпаздық басылымдар «Правданың» соңынан неғұрлым қараңғы, қозғалыстың елеулі мәселелерін түсінбейтін бұқара еріп отыр деп талай рет қақсаған болатын. «Наша Заряның» жуырда ғана шыққан июнь кітапшасында тым пысықсынған жойымпаз А. Горев мырза: «Правданы» қолдап жиналған қаржы мен қабылданған қарарлар «социал-демократияның мүдделері мен таластарының шеңберіне орыс жұмысшы қозғалысының тарихында бірінші рет тартылып отырған жұмысшы топтарынан шығып отыр», қараңғы, санасыз жастар мен артта қалған жұмысшылар арасынан шығып отыр,— дейді.

Әрқашан жұмысшы қозғалысының алдыңғы қатарында болған металлистерді де, баспашыларды да осы «топтарға» жойымпаз мырзалар қалайша қоса алар екен. Әрине, Горев мырзаның өз айтқанын растайтын ешқандай дәлелі жоқ, ол субъективтік пайымдауға сүйеніп отыр. Мейлі, ол сол пайымдауында қала берсін. Ал біз Петербургтің баспашылары мен металлистері сияқты алдыңғы қатарлы кәсіптердің арасында да жойымпаздар әрең дегенде $^1/_5$ бөлігі болатынын бұлтартпайтын цифрлармен дәлелдедік.

Біз басқа кәсіптердің бәрі жөнінде жиналған қаржының салыстырмалы цифрларын бұл арада келтіре алмаймыз, өйткені мұның өзі тым көп орын алған болар еді. Сондықтан осы кәсіптердің бәрі жөнінде жалпы деректерді келтіреміз.

Аталған кәсіптерден басқа, жұмысшылардан «Путь Правды» 3700 сом алды, ал «Северная Рабочая Газета»

* Егер «Северная Рабочая Газетаның» есептерін қараған кезде кәсібі көрсетілмеген 1—2 шеберхананы байқамай кеткен болсақ, біз «Северная Рабочая Газетадан» алдын ала кешірім сұраймыз. Егер «Северная Рабочая Газета» өзінің деректерін толығырақ жасаған болса, бұлай болмаған болар еді.

500 сом алды (цифрлар дөңгелентіп алынып отыр). Бұл — приказчиктердің, тігіншілердің, былғарышылардың, тоқымашылардың, бөлкешілердің, т. т., ұсақ өнеркәсіпте істейтін жұмысшылардың бергендері.

Бұл арада да қаржы «Северная Рабочая Газетаға» қарағанда «Путь Правдыға» 7 есе көп жиналды. «Путь Правдыға» қарағанда «Северная Рабочая Газетаға» көбірек берген бірде-бір кәсіп жоқ. Тіпті конторшылар мен қызметшілер де «Путь Правдыга» 273 с. 11 т. жинады, ал «Северная Рабочая Газетага» конторшылар мен приказчиктер («Северная Рабочая Газетаның» деректері) бірігіп 262 сом 32 тиын жинады; приказчиктер «Путь Правдыға» 238 с. 11 т. берді.

Өздерінің жұмысшы газетін неғұрлым белсенді түрде қолдаған кәсіпорындардың тізімін де келтірейік:

1) Новый Айваз заводы — 791 сом 37 тиын («Северная Рабочая Газетаға» 464 с. 67 т.), 2) Путилов заводы—335 сом 46 тиын («Северная Рабочая Газетаға»— 59 с. 38 т.), 3) СПБ. металл заводы — 273 с. 36 т. («Северная Рабочая Газетага»—116 с. 92 т.), 4) Труба заводы — 243 с. 80 т. («Северная Рабочая Газетаға»— 113 с. 41 т.), 5) Сименс-Шукерт — 229 с. 26 т., 6) Эриксон фабрикасы — 228 с. 82 т. («Северная Рабочая Газетаға»— 55 с. 13 т.), 7) Парвиайнен — 183 с. 93 т., 8) Старый Лесснер заводы — 168 с. 30 т., 9) Француз-Орыс заводы — 148 с. 82 т., 10) Новый Лесснер заводы — 116 с. 25 т., 11) Кабель заводы — 112 с. 62 т., 12) Сименс-Гальске—104 с. 30 т., 13) Обухов заводы— 91 с. 02 т., 14) Мемлекеттік қағаздар әзірлеу экспедициясы — 79 с. 12 т. («Северная Рабочая Газетаға»—54 сом)[153].

«Трудовая Правда» №№30 және 31; 2 және 3 июль, 1914 ж.

«Трудовая Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ШЕШІМІ

Орталық Комитет партия жолын іскерлікпен жэне жігерлі түрде қорғағаны үшін Брюссель конференциясындағы Орталық Комитет делегациясына алғыс айтады. Орталық Комитет делегаттардың коллегиясынан РСДРП-ның 1914 жылы августа болатын съезіне немесе конференциясына баяндама жасау үшін бір өкілін белгілеуді сұрайды.

1914 ж. 5 немесе 6 (18 немесе 19) июльде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Исторический Архив» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БРЮССЕЛЬ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ ПОЛЯК ОППОЗИЦИЯСЫ[154]

Малецкий бастаган поляк оппозициясы Брюссель конференциясында жойымпаздар жагына шықты. Бұл адамдардың сөзі мен ісінің арасы алшақ жатыр. Олардың Алексинскиймен, Плехановпен және жойымпаздармен үшінші июль блогының нәтижелерін күте тұрамыз. Тәжірибеде тексеру — ең жақсы тексеріс.

1914 ж. 5 (18) июльден кешірек жазылган

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

ПОЛЯК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ОППОЗИЦИЯСЫ АҢТАРЫЛЫП ҚАЛУДА

Брюссель кеңесінде поляк социал-демократиялық оппозициясының жойымпаздар жағына шығуы көптеген адамдарға күтпеген оқиға болып көрінді және партиялықтардың бәріне өте ауыр тиді. Поляк социал-демократиялық оппозициясының правдистерге жақындығы латыштардың жақындығынан кем емес деп ойлаушы едік. Сөйтіп кенет — латыштар жойымпаздарға қарсы өз орнында қалды да, поляк социал-демократтары айнып кетті!!

Мұның мәнісі не?

Мәнісі мынау — поляк социал-демократтарында екі ағым бар: біреулері Тышканың саясатын өздері жүргізу үшін Тышка мен Роза Люксембургті тайдырғысы келеді. Бұл — большевиктер мен меньшевиктердің арасында, партия мен оны жоюшылардың арасында дипломатияға салыну мен «айла-шарғы жасау» саясаты, Бүгін біреуіне, ертең екіншісіне дауыс беру. «Турашылдықты» желеу етіп, бәріне де кезек-кезек опасыздық істеу, өзіне «пайда мен артықшылық жағдайлар» саудалап алу. Поляк социал-демократтарының Россия социал-демократтарымен Стокгольмде жасаған (1906) шартының[155] федерациялық сипаттағы пункттері — Тышка мен Роза Люксембург өте шебер жүргізген осы оңбағандық саясатқа қолайлы құрал.

Екінші ағым жойымпаздардан, федерализмнен, күресуші екі жақтың арасында «маятник» ролін атқаруда «айла-шарғы жасаудан» толық қол үзуді жақтай-

ды;— правдистермен, партиямен шын, тығыз одақ болуды жақтайды.

Брюссельде поляк социал-демократтарының бірінші ағымы жеңіп шықты. Сондықтан поляк социал-демократтарына біздің тіпті мүлде сенбейтіндігіміздің сөзсіз екені түсінікті. Екінші ағымның топтаса алатын-алмайтынын, дәйекті, принципті саясаттың, тек Тышканың үйірмесіне ғана емес, сонымен қатар Тышканың тәсілдерінің мәніне де қарсы шығатын саясаттың айқын, дәл, белгілі туын көтере алатын-алмайтынын тірі болсақ — көреміз. Поляк социал-демократиялық пролетариатының бірігуі тек осындай саясаттың негізінде ғана мүмкін екендігін айтып жатудың қажеті жоқ.

Осындай бірлікті құру жөнінде жасалатын қадамдар поляк социал-демократиясындағы істің шын жайы туралы ақиқатты біржолата ашады, сөйтіп біздің оған көзқарасымызды анықтап береді.

1914 ж. 7 (20) июльден кешірек жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«LEIPZIGER VOLKSZEITUNG»-тегі[156] МАҚАЛАҒА ЖАУАП

«Leipziger Volkszeitung»-тің 1914 жылғы 11 июльдегі 157-номерінде Z. L.-дің қолы қойылып, «Россиядағы бірлік туралы мәселе жөнінде» деген мақала басылды. Мақала авторының объективтілігінің кемдігі бізді кейбір фактілерге неміс жолдастардың назарын аударуға мәжбүр етіп отыр. Көрнекілік үшін «Правдада» жарияланған кестені келтірелік*. [478-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

1. Қай уақыттан қай уақытқа дейін есептеліп шығарылғандығы (1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін) бізде дәл көрсетілген. Ал жойымпаздарда мерзімі көрсетілмеген. Мұндай жағдайда салыстыруға болмайтын және анықталмаған фактілерді салыстыру адалдық бола ма?

2. 948 топ — оларда бар *барлық* топтардың саны екендігін, яғни тек жұмысшы топтары ғана емес екендігін жойымпаздардың өздері мәлімдеді және баспасөз бетінде («Наша Рабочая Газетаның» 34-номерінде) жариялады. Оның бер жағында, 2873 және 671 деген цифрлар *тек* жұмысшы топтарына *ғана* қатысты екендігі біздің статистикамызда айқын көрсетілді. Біздің кестемізде топтардың жалпы саны *көрсетілді,* ал бұл сан жұмысшы топтарының санымен *тура келмейді.* Бұл туралы үндемеу адалдық па?

3. Біздің газетімізде хабарланғанындай, біз жұмыс-

---

* Қараңыз: осы том, 250—251-беттер. *Ред.*

Маркстік («правдистік») газеттер мен жойымпаздық газеттерге С.-Петербургте 1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін жиналған қаржы

	Правдистер		Жойымпаздар	
	Қаржы жинау саны	Жиналған қаржылар сомасы	Қаржы жинау саны	Жиналған қаржылар сомасы
Жұмысшы топтары	2 873	18 934,10	671	5 296,12
Жұмысшы еместер топтарынан	713	2 650,01	453	6 759,77
Соның ішінде:				
Оқушылар мен жастар топтары	54	650,92	45	630,22
«Жақтаушылардың», «достардың», т. с. топтары	42	458,82	54	2 450,60
Басқа топтар	33	125,29	30	186,12
Жеке адамдар	531	1 046,62	256	1 608,32
Кімнен екені көрсетілмеген	43	318,57	24	175,34
Шетелден	10	49,79	34	1 709,17
Жиыны	3 586	21 584,11	1 124	12 055,89

шы топтарының берген жарналарын екі газет жөнінде де көрсетіп отырмыз және бізде белгілі бір топтардың екінші рет берген жарналары жөнінде деректер жоқ. Мәліметтер екі газет үшін бірдей. Адал сыншының бізден бұл арада қандай да болсын «қатені» қалайша таба алғаны мүлде түсініксіз!

4. Біз *салыстырмалы* деректерді, яғни екі газет бойынша нақ бір мерзім ішіндегі деректерді келтірдік, ал екі газеттің мәліметтері *бірдей әдіс бойынша* өңделген.

Жойымпаздар салыстырмалы деректерді әсте келтірмейді, сөйтіп қандай да болсын статистикалық жұмыстың жалпыға мәлім ең қарапайым ережелерін бұзады. Бұл мәселеге көңіл бөлетін әрбір адам екі газетті оп-

оңай тауып алып, біздің мәліметтерімізді тексере алады.

Бірде-бір объективті адам Z. L.-дің «сынының» тәсілдерін адал деп айта алмайтынына біз сенеміз.

«Leipziger Volkszeitung» № 165,
21 июль, 1914 ж.
Қол қойған: «Правда»
редакциясы

«Leipziger Volkszeitung»
газетінің тексті бойынша
басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1

Европалық басқа программаларда жоқ.
Австрия социал-демократтары P. S. D. және *Ukrainska* S. D. vs*.
«Практикалық» түгі жоқ.
Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның аяқталғандығы.
Австриядағы ұлт мәселесі. (Тартыншақтық. Ыдырау?)
1896 жылғы Лондон конгресі және оның шешімдерінен орағытып өту («жалтару»).
Өзін өзі билеу правосы және великорус «халқы».
Өзін өзі билеу правосы және *бөліну (түсіндіру)*.
Өзін өзі билеу правосы және ажырасу.
Ұлтшылдыққа қарсы рухта тәрбиелеу.
Кадеттер және өзін өзі билеу правосы.
Жалпы алғанда ұлттық езгі және бөліну правосы...
Ұлт мәселесін *буржуазиялық* жолмен шешудің 3 әдісі (*1.* юнкерлік-крепостниктік;—*2*, буржуазиялық-либералдық;—*3*, демократиялық).
Капитализм Россия мен Польшаны біріктіреді «азиаттық деспотизм» vs.
Бос сөз (кім, қалай өзін өзі билейді? Құрылтай жиналысы? және т. т.).
P. S. D.-ның сіңірген еңбегі *минус* Р. Люксембургтің **қателері.**

1903 ж. РСДРП программасы және өзін өзі билеу.

1905 жылғы Норвегия және Р. Люксембург «Naprzód» vs.

* — Versus — ...жөнінде. *Ред.*

Шаруалар ұлт мәселесінде (К. Каутский Р. Люксембург vs.).

Буржуазияның (езілген ұлт буржуазиясының) ұлтшылдығы *қаражүзділіктердің* ұлтшылдығы vs.

Украин қозғалысы және украин мәселесі.

Социалист-революционерлер және олардың «сөзсіз» өзін өзі билеу правосы.

Мемлекеттің бөлініп шығуы экономикалық, мәдени және **таптық** байланыстардың *күшеюі* vs.

Экономика жағынан жақындасу және тіл экономикалық фактор ретінде. «Ұлттық мемлекет»...

Р. Люксембург және оппортунистер К⁰-сі (Либман+ +Юркевич+Семковский).

Утопист Marx және практикашыл Р. Люксембург.

(Ирландия). Marx Lopatin vs.

Россия және «көршілері»: Австрия және Азия мемлекеттері (+Балқан).

«Бәлкім, Финляндиядан басқалары» (Семковский).

Жалпылама метафизикалық сөздер (Р. Люксембург).

Халық — буржуазиялық идеология ұғымы (Р. Люксембург).

Не «піс»*, не ұлтшылдық талаптардың бәрін қолдау (Р. Люксембург).

Мәселінің нақты, тарихи қойылысы (Р. Люксембург)

«халықтың көпшілігі»? (Р. Люксембург).

{ Ұлттық мемлекет жыртқыш мемлекет vs (Р. Люксембург)
отарлар (Р. Люксембург). }

Ұлтшыл-реакционерлер
» -либералдар
» -демократтар (Пешехонов).

2

1. Жалпылама метафизикалық сөздер?
2. «Ұлттық мемлекет».
3. Дәйекті демократтар (vs жойымпаздар).
4. 1896 жылғы Лондон конгресі.

---

* — «ештеңе». *Ред.*

5. Езілген буржуазияның ұлтшылдығы және үстемдік етуші қаражүздіктердің ұлтшылдығы.
6. Marx Ирландия туралы.
7. Норвегия.
8. Р. Люксембург пен $К^0$ оппортунизмі!!
9. Россиядағы 1905 және after * жылдардағы ұлт мәселесі.
10. Австрия, Россия, Балқан, Азия.
11. Арсыздар мен әзәзілдер: Либман+Юркевич+Семковский.
12. Аяқталмаған буржуазиялық-демократиялық революция және ұлт мәселесін шешудің 3 әдісі (1. реакциялық, 2. либералдық, 3. демократиялық).
13. Ұлттық езгі және өзін өзі билеу. Кадеттер өзін өзі билеу туралы.

3

I. A) *Ұғым*
юридикалық-терминологиялық түсіндіру ме әлде тарихи-экономикалық түсіндіру ме?
...бөліну; ұлттық мемлекет...

II. B) Ұлттық мемлекет
=тип, норма.
(Р. Люксембург жыртқыш мемлекет vs).
Экономикалық фактор=тіл.

III. C) «Россиямен қосылу»...
азиаттық деспотизм vs
Германиядағы жағдай.

IV. D) «Метафизикалық сөздер»
халық=буржуазиялық идеология ұғымы (Р. Люксембург).

V. E) Мәселенің нақты және тарихи қойылысы (Р. Люксембург).

VI. Z) Россия — буржуазиялық-демократиялық жолмен қайта құру аяқталған жоқ (шаруалар?).
(1905 және after жылдардағы ұлттық қозғалыс.)

* — кейінгі. *Ред.*

VII. Н) Россия және Австрия (украин мәселесі) (программада жоқ па?).

VIII. Ө) Россия және Азия.

IX. Ніс немесе ұлттық талаптардың бәрін қолдау (Р. Люксембург) — «бәлкім, Финляндиядан басқалары».

X. «Практикалық» ештеңе жоқ
(К. Каутский және Р. Люксембург).
— великорус-шаруаларды бұратаналар vs ұлтшылдыққа қарсы рухта тәрбиелеу
великорус халқы

ұлтшыл-реакционерлер	езілуші буржуазия мен
» -либералдар	езуші қаражүздіктердің
» -демократтар	ұлтшылдығы.

XI. Ұлттық езгі және кадеттер өзін өзі билеу правосы туралы мәселеде.

XII. Ұлт мәселесін шешудің 3 әдісі
((буржуазиялық-демократиялық жолмен қайта өзгерту = жақындасу.))

XIII. Норвегия
(Р. Люксембург және фракцияшылдар).
P. S. D.-ның сіңірген еңбегі — Р. Люксембург.

XIV. Өзін өзі билеу правосы және ажырасу.

XV. 1896 жылғы Лондон қарары
(Р. Люксембургтің софизмдері)
(социалист-революционерлер және олардың «созсіз» правосы).

XVI. 1903 жылғы программа — fiasko P. S. D.

XVII. Оппортунистердің арсыздығы. Роза Люксембург оппортунистер vs.

XVIII. Утопист Marx және «практикашыл» Р. Люксембург (Ирландия).

XIX. Тұжырым.
(Р. Люксембургтің оппортунизмі.)

4

§ I. (I—II)	Өзін өзі билеу *ұғымы* және «ұлттық мемлекет» туралы мәселе.
§ II. (III—V)	Р. Люксембургтің дәлелдері және оның *мәселе қойысы.*
§ III. (VI—VIII)	Россияда *буржуазиялық-демократиялық* революция аяқталды ма? Россиядағы ұлт мәселесінің *нақты ерекшеліктері.*
§ IV. (IX—X)	«Анархистік бос сөз». «Бәрі немесе ештеңе» және ұлт мәселесіндегі *«практицизм».* (Ажырасу правосы (XIV).)
§ V. (XI, XII)	*Кадеттер* мен Р. Люксембург ұлт мәселесінде *(оппортунистер).* Ұлт мәселесін шешудің 3 әдісі.
§ VI. (XIII)	*Норвегия* (Р. Люксембург фракцияшылдар vs).
§ VII. (XV)	1896 жылғы *Лондон* қарары. *(Р. Люксембург* және социалист-революционерлер)
§ VIII. (XVI, XVII)	1903 жылғы *программа.* Fiasko P. S. D. (Қазіргі Оппортунистердің арсыздығы. сәтсіздік.)
§ IX. (XVIII)	*Утопист Marx* және практикашыл *Р. Люксембург.*
X. (XIX)	*Қорытынды.*

5

I. Ұлттардың өзін өзі билеуі деген не?
II. Мәселенің нақты және тарихи қойылысы.
III. Россияны буржуазиялық-демократиялық жолмен қайта құру және біздегі ұлт мәселесінің ерекшеліктері.
IV. Ұлт мәселесіндегі «практицизм».
V. Либерал буржуазия және социал-демократияның ұлт мәселесіндегі оппортунизмі.
VI. Норвегияның үлгісі.
VII. 1896 жылғы Лондон конгресінің шешімі.
VIII. Россия марксистерінің 1903 жылғы программасы.
IX. Утопист К. Marx және практикашыл Р. Люксембург.
X. Қорытынды.
(Тұжырым.)

1914 ж. февраль—мартта жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ВЕНА КОНГРЕСІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЕСЕБІНІҢ ЖОСПАРЫ МЕН КОНСПЕКТ НОБАЙЫ

Вена конгресіне есеп:

I. А. Стачкалық қозғалыс. Демонстрациялар.
Жұмысшы газеттері.
Қауіпсіздендіру науқаны.
Кәсіптік одақтар.
Кооперативтер.
IV Мемлекеттік дума сайлауы.

II. Б. Стачкалар мен революциялық демонстрациялардың болмай қалуы.
Бәсекелесуші газет.
1912—1914 жылдардағы құпия басылымдар (жойымпаздарда — 0).
Құпия жиналыстар мен конференциялар (1912, 1913, 1913).
Август блогының ыдырауы.

III. В. 1) Жұмысшы топтары.
2) Кәсіптік одақтар.
3) Қауіпсіздендіру мекемелері.
4) Жұмысшыларсыз қалған жойымпаздық фракция.
5) *6*-ны жақтап және *7*-ні жақтап дауыс беру.

IV. Г. I. Құпия партияны теріске шығару.

II. Жария баспасөзде құпия ұрандарға шабуыл жасау.
III. Ұлт мәселесі: Бундтың сепаратизмі.
IV. » » Ягелло.
V. » » мәдени-ұлттық автономия.
VI. Көпшіліктің еркін жүзеге асыртпау және оған іріткі салу.
VII. Жалақорлық науқан.
(α) X.
(β) Малиновский.

V. Д. Жиырма жылдық тарих:

«экономизм»	1894—1903
меньшевизм	1903—1908
жойымпаздық	1908—1914.

NB ||| Ортақ съезд бе?

VI. Жойымпаздар мен шетелдік топсымақтар (троцкистер, впередшілдер, плехановшылдар) құлақ есітіп көрмеген арсыз өтіріктер таратып отырғандықтан біз былай деп мәлімдейміз:

1) біздің тездетуді өтінгенімізге *қарамастан барлық* «фракциялар» конференциясының болмай қалғанына өте-мөте өкініштіміз;

2) біз жойымпаздар мен топсымақтардың өтіріктерін **әшкерелеуді** және объективті деректер мен фактілер **жинауды** осындай конференцияның *бірден-бір* мақсаты етіп қоямыз.

Мұндай конференцияның қандайына болсын біздің қатысуымыздың шарты: осындай деректерді жинауға және батыс европалық социалистік партиялардың баспасөзінде **жариялауға** кепілдік берілуі.

Ұйымдасқан жұмысшылар көпшілігінің еркін бұзу бостандығын уағыздау үшін жойымпаздар Интернационалдың қарарын арсыздықпен пайдаланып жүр. Бұған төзуге болмайды!!

Немістер көмегінің үлгісі à «топсымақтарға» 3000 марка:
Ягелло!!

*Etwa**:

1. **Мынаған шақыру**: Aussprache *versus*...**
...«**ескі партияны** теріске шығару»... Klarheit пен «Konfusion»-ге*** мұқтаждықты айқын анықтау.
2. «Die alte Partei verschwunden»****... Жолдастарды аластамау керек etc. etc. ... Сұмдық! Мәселенің «түйініне» бір *бүйірінен* келді...
3. **«Қайырымды адамның көз жасы»**:

   бандиттер
   эмигранттар
   жеке реніш
   бір стол басына жиналу
   оңай etc. etc. P. S. D.
   кеше Roza
   бүгін Варшава мен Лодзь
   Lewica?
4. Салыстырыңыз: «Vorwärts», 1912, 26. III.
5. Ескі партия жоқ па? Көпшілікті анықтауға болмай ма? Massenorganisation***** болуы мүмкін емес пе?
6. Gemeinplätze versus****** фактілер!
7. Сайлау.
8. Газеттер.
9. *6* und *7* науқаны.

---

* — Шамамен, жуық. *Ред.*
** — ...жөнінде пікір алысу. *Ред.*
*** — айқындық пен «шатастыру». *Ред.*
**** — «Ескі партия жойылды». *Ред.*
***** — бұқаралық ұйым. *Ред.*
****** — жалпылама сөздер қарсы. *Ред.*

10. Ал айналадағы не? ыдырау — не шетелдік топсымақтар nil* (2 жыл 1912—1913).

— не *жойымпаздар...* олар партияны теріске шығарады (α),
...немесе Zweifler** (β).

11. Шарттар (I) ескі партияны сөзсіз мойындау (принципті түрде)...
(соның ішінде ұлт мәселесін де)
(соның ішінде Lewica)
(II) көпшілікті сөзсіз мойындау (бірігуге практикалық қадамдар жасау үшін)...

12. Бірлік пе? *Иә!* Құпия партия жөнінде күдік келтіретін интеллигенттік топсымақтардың ыдырауы емес, жұмысшылардың 2500 тобы!!
*Aussprache über die tranchanten Punkte!!****

1914 ж. апрель—майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. «Исторический Архив» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — nihil — ештеңе. *Ред.*
** — күдіктенушілер. *Ред.*
*** — Шешуші пункттер жөнінде пікір алысу!! *Ред.*

«СОВРЕМЕННИК» ЖУРНАЛЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ[157]

«Современник» журналы туралы

1

Либерал Богучарский—бейпартиялық солшыл журнал (өте солшыл, өте пысық, жұмысшыларды өте ұнататын демократ Мартов).

Радикал-буржуазиялық салондағы салондық социал-демократ.

Жойымпаздар мен халықшылдар айтып жүрген «фракцияшылдық»

Халықшылдар «бірлікті» жақтайды:
Сухановтың өрескел мылжыңы.
Және демонстрация... есімдер витринасы, көрмесі:

Плеханов Потресовпен қатар тұр (*«Северная Рабочая Газета»* № 66)???

Бонч-Бруевич — жалғыз (правдист?), көңілсіз және *орынсыз*.

«Тепе-тең жинау»))

«Барлық ағымдар»))

Жойымпаздар — «бәрі де кереметтер».

Солшыл халықшылдар—idem*...

Жойымпаздар мен солшыл халықшылдардың қауіпсіздендіру науқанындағы және жұмысшы ұйымдарындағы блогы

Жаңа типті «солшыл блок». Жоқ, бұл солшыл блок емес, *социал-демократия* мен *буржуазиялық демократияның* блогы емес, қайта *буржуазиялық демократияның екі сарынының,* жойымпаздар мен халықшылдардың қосылуының бастамасы.

«Еңбек тобының социализациясы»

* — соның өзі. *Ред.*

Бұқарамен еш байланысы жоқ интеллигенттік журнал («Русское Богатство» à la)...

Орыс өмірінің жалпы құрылысындағы таптық маңызы ше? Айқынырақ. Либерал-буржуазиялық демократия (трудовиктер; халықтық социалистер; жойымпаздар; солшыл халықшылдар) — пролетарлық демократия...

«Бірлік» пе? (Сынған таяқ)...

2

1. «Современник» журналы — «жаңа лепті» дәлелдейтін құбылыстардың бірі.

2. Басы және жалғасы. Богучарский+Кускова+Прокоповичтен (бейпартиялық журнал) социалист-революционерлер+жойымпаздар блогына дейін (әр алуан бағыттардың ж а л ғ ы з - ж а р ы м д а р ы {Бонч-Бруевич, Стеклов} бар). *Плехановтың* ерекше жағдайы.

{ Новоторжский ол жөнінде, № 5, 81; Стрельцов, № 6, 85; Суханов, № 6, 59-бет.

3. Богучарский *(қалып қойған)*. Оның кадеттер á la мылжың сөздері.

4. Бет бұрыстан кейін: *Суханов*.

Халықшылдар мен марксистер туралы мылжың сөздер.))

5. Халықшылдарда қонақта (Л. Мартов).

6. Бастамалар...

(Петербург жұмысшы қозғалысындағы жойым паздардың халықшылдармен блогы)
фракцияшылдық туралы мылжың создер
«ревизионизм».

7. Партияның көзқарасы (contra *үйірмелер*).

8. Жаңаға баға беру

әр түрлі сапдырақ
((«Марксизм негізінде»))

Струве
«Экономизм»
Кускова, Прокопович etc.
Халықшылдар.

1914 ж. майда жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БРЮССЕЛЬ КЕҢЕСІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ БАЯНДАМАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ МЕН ТЕЗИСТЕРІ

Орталық Комитет баяндамасының тезистері { «Etats-majors sans armée»*

1. Вандервельдке алғыс (келу. *Объективті* деректерді жариялау және жинау).
2. «Points litigieux»**.

Тақырып

Негізгі 2 көзқарас { α. фракциялық күрес (шетелде)
β. Россияда жұмысшыларды топтастыру және *олардың* көпшілігі.

3. Күрестің басталар жері және мәні:

(А)

жойымпаздардың партиядан бөлектенуі (1908—1911) және

(Б)

олардың шығарылуы (1912).

(А)

4. 1908 және 1910 жылдардағы қарар. Орталық Органның күресі.

---

* — «Армиясыз штабтар». *Ред.*
** — «Даулы пункттер». *Ред.*

5. Жойымпаздарға *қарсы* 1912 жылы партияны қалпына келтіру.

(Б)

6. Жойымпаздықтың мәніне теориялық жағынан баға беру
партияның (құпия партияның) *болмысы* және одан безу.
7. Бұл теорияны және осы партиялық шешімдерді ($\alpha\alpha$) біздің партияның және ($\beta\beta$) біздің қарсыластарымыздың тәжірибесімен тексеру...

2 көзқарас: (α) былық; (β) жұмысшы партиясы жойымпаздарға қарсы.

1908 жылғы жойымпаздықтың анықтамасы. Салыстырыңыз: 1910.

Оның мәні: партиядан бөлініп кету.

Астыртын ұйымның маңызы.

Тактикамен байланыс.

Жұмысшы табының революциялық күресі:

{ революциялық стачкалар
» митингілер
» көше демонстрациялары }

1912 ж. январь конференциясы және партияны қалпына келтіру.

{ Жоспар: I. Алауыздықтардың мәні.
II. Біздің партияның тәжірибесі.
III. Біздің қарсыластарымыздың тәжірибесі.
IV. *Татуласудың* практикалық *шарттары* (9 пп. 10??) }

1914 ж. 23—30 июньде (6—13 июльде) жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ СОҒЫС» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ[158]

Революция және соғыс

1

I. α) 1914 ж. VII күндері I. 1905 vs*

1. Жалаулар — баррикадалар
2. Гапон — социал-демократиялық құпия ұйым
3. таран жүрген ұрандар — 3 кит
4. аңғал көзқарас — табанды күрес
5. белгілі бір ұранмен ұйымдасқан түрде аяқтау. {«Киевская Мысль» «Русское Слово»[159].}

II. Стачка мен қарулы көтеріліс ұраны (плехановтық газеттегі ақымақ Л. В.)

III. Европалық соғыс vs алғанда Австрия мен Сербияның соғысы.

IV. Милитаризм, империализм. Мылтықтар өздері атылады.

Соғысқа қарсы күрес
Жорестің қарары Гед vs
Россия жұмысшыларының тәжірибесі.
Соғысқа қарсы ең жақсы соғыс: революция.

* — versus — ...жөнінде. *Ред.*

2

1. Июль күндері 9. I. vs.
2. Саяси дағдарыс { окт. 22. IV. Распутин аштық.
3. Қозғалыстың өсуі және ұрандардың өсуі.
4. Серпіліп тасталған жойымпаздық және шетелдік топсымақтар.
5. Австрияның Сербиямен соғысы.
6. Империализм және милитаризм.
7. Соғысқа қарсы соғыс.
8. Дүние жүзілік жағдай және Россия пролетариатының міндеттері.

1914 ж. 15 және 18 (28 және 31) июль аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Март — июль, 1914)

«УКРАИН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУДІҢ» ЖОБАСЫ

В. И. Ленин бұл жобаны Инесса Армандқа 1914 жылы 19 мартта (1 апрельде) жазған хатында оны көшіріп жазып, қабылдау үшін және украин тіліне аударып, «Шахтерский Листокта» («Путь Правды» газетіне қосымша) жариялау үшін О. Н. Лолаға (Степанюкке) беруді өтініп жіберген. Ленин капиталға қарсы күресу үшін жұмысшыларды ұлт айырмашылықтарына қарамай бірігуге шақырған бұл үндеудің украин социал-демократтары арасынан шығуын ерекше маңызды деп санады (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 110—111-беттер).

О. Н. ЛОЛАҒА ХАТ

В. И. Лениннің украин мәселесі жөнінде бірқатар материалдар жинап, жіберуді сұраған бұл хаты туралы О. Н. Лоланың 1914 жылы 23 мартта (5 апрельде) В. И. Ленинге жазған хатынан белгілі, онда былай делінген: «Сіздің хатыңызға мұнша кешігіп жауап жазып отырғанымды кешіріңіз... Украинадағы қалалар мен қала халқының статистикасы туралы мен Галицынскаядан біліп аламын, өйткені ол Украинаның экономикалық жағдайы жөнінде мақала жазып жүр» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. А. БЕКЗАДЯНҒА ХАТ

А. А. Бекзадянның 1914 жылы 29 мартта (11 апрельде) В. И. Ленинге жазған хатынан мына жағдай белгілі болып отыр: Ленин Халықаралық социалистік бюромен байланыс жасау үшін Бекзадянның адресін пайдалану туралы ұсыныс жасаған. Бекзадян жауап хатында былай деп жазды: «Өкінішке қарай, мен Сізге айқын жауап бере алмаймын, өйткені менің жағдайым белгісіз болып отыр... бәрінен де гөрі, майда Россияға кетіп қалуым ықтимал. Ал аз уақытқа адрес беру, әсіресе

қазіргі жағдайда, Питердегі оқиғаларға байланысты бюромен жиі-жиі хат-хабар алысып тұру қажет болып отырған кезде мағынасыз болар еді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. Р. МЕНЖИНСКИЙГЕ ХАТ

В. Р. Менжинскийдің 1914 жылы 13 мартта (13 апрельде) В. И. Ленинге жазған жауабынан көрініп отырғанындай, В. И. Ленин оның қарындасы Л. Р. Менжинскаяның тұтқынға алыну жағдайын сұрастырған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ф. БУЛКИН МЕН Л. МАРТОВҚА ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН МАҚАЛА

В. И. Ленин бұл мақаланы «Наша Заря» журналының 3-номерінде Ф. Булкин мен Л. Мартовтың большевиктерге қарсы бағытталған мақалалары шығуына байланысты 1914 жылғы 3 (16) апрельден кешірек жазған болатын. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Лениннің осы мақаласы қолжазбасының екінші беті сақтаулы. Булкин мен Мартовтың мақалаларын В. И. Ленин «Жұмысшы қозғалысындағы идеялық күрес», «Плеханов өзінің нені тілейтінін де білмейді», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы», «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» деген мақалаларында (қараңыз: 142—146, 180—184, 201—226, 355—391-беттер) қатты сынға алды.

В. М. ЗАГОРСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Лениннің өзіне партия конференцияларының шешімдері мен партия программасын жіберуді өтініп жазған бұл хаты туралы В. М. Загорскийдің 1914 жылы 4 (17) апрельде В. И. Ленинге жазған хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ҰЛТ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗ ЖОБАСЫ ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ТӨРТ БЕТІ

«Ұлт саясаты туралы мәселе жөнінде» деген сөйленетін сөздің жобасын В. И. Ленин большевик депутат Г. И. Петровскийдің IV Мемлекеттік думада сөйлеуі үшін 1914 жылғы

6 (19) апрельден кешірек жазған. 1914 жылы 22 апрельде (5 майда) солшыл депутаттардың Думадан 15 мәжіліске қуылуына байланысты Петровский бұл сөзді сөйлей алмады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы сөз жобасының қолжазбасы сақтаулы, оның 3, 4, 25 және 26-беттері жоқ.

И. Э. ГЕРМАНҒА ХАТТАР

И. Э. Герман 1914 жылы 9 (22) апрельде В. И. Ленинге оның Жұмысшы баспасөзі күніне, 22 апрельге (5 майға), және 1 Майға арналған листовкалар жөніндегі екі хатын алғаны туралы хабарлады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОСЫНА РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАУАБЫ

Бұл жауапта РСДРП ішіндегі жікке бөліну туралы мәселе жөнінде Халықаралық социалистік бюро шақырған кеңеске қатысуға келісім берілді. Жауапта большевиктер мен жойымпаздар арасындағы принципті пікір алалықтарының мәні туралы Орталық Комитеттің ресми баяндамасы келтірілген, ол баяндаманы В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа 1914 жылы 18—19 январьда (31 январь — 1 февраль) жазған хатында жіберуге уәде берген еді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 318—326-беттер). Орталық Комитеттің жауабы «Халықаралық бюроның іске араласуы туралы ұйымдасқан марксистердің пікірі» деген тақырыппен «Путь Правды» газетінің 1914 жылғы 15 апрельдегі 61-номерінде қысқартылып жарияланды (қараңыз: осы том, 87—90-беттер).

Б. АНТОНОВҚА ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы Б. Антоновтың 1914 жылы 15 (28) апрельде жазған жауап хатынан белгілі, ол өзіне Ленин жүктеген тапсырманың орындалғаны туралы былай деп хабарлайды: «Үндеуді алған бойда дереу аудардым да, жібердім». Сірә, әңгіме Россиядағы Жұмысшы баспасөзі күніне байланысты халықаралық жұмысшы қозғалысы қайраткерлеріне арналған үндеу жайында болып отырса керек, ол үндеуді Антонов аударып, итальян социалистік қозғалысы қайраткерлеріне жіберуге тиіс еді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

О. Н. ЛОЛАҒА ХАТ

В. И. Лениннің В. Винниченконың кітапшасын тауып, жіберуді өтінген бұл хаты туралы О. Н. Лоланың 1914 жылы 30 апрельде (13 майда) В. И. Ленинге жазған жауап хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

В. И. Ленин 1914 жылы апрельде Н. И. Бухаринге IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракция үшін ұлт мәселесі жөнінде сөйленетін сөздің жобасын дайындау жайында жазды, мұны Бухариннің жауап хатының мазмұны дәлелдейді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. И. ЧУДНОВСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Лениннің Г. И. Чудновскийдің «Қор жинаудың жаңа теориясы» деген мақаласына бірқатар толықтырулар енгізу жөнінде ұсынысы айтылған бұл хаты туралы дерек Чудновскийдің 1914 жылы 8 (21) майда жазған жауап хатында бар. Чудновский, Лениннің пікірінше, оның мақаласын көпшілікке түсінікті ете түсетін толықтыруларды енгізгенін хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

Н. И. Бухариннің жауап хатынан көрініп отырғанындай, В. И. Ленин Россиядан жіберілген және Р. Малиновский туралы дерек келтірілген хатқа назар аударған; Малиновский 1914 жылы 8 (21) майда өзінің Дума депутаты уәкілдігінен өз бетімен бас тартып, жауынгерлік қызмет орнынан қашып кеткен еді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. ПОДВОЙСКИЙГЕ ХАТ

Хат 1914 жылы 10 және 18 (23 және 31) май аралығында жазылған. Бұл жөнінде Н. И. Подвойскийдің 10 (23) майда Ленинге статистикалық жұмысына көмек көрсетуін өтініп жазған хатынан және Подвойскийдің 18 (31) майда В. И. Лениннің көрсеткен көмегі үшін оған алғыс айтып жазған екінші хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Л. ШКЛОВСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы Г. Л. Шкловскийдің 1914 жылы 12 және 20 май (25 май және 2 июнь) аралығында жазған хатынан белгілі, онда былай делінген: «Қымбатты Владимир Ильич! Сіздің хатыңызды жаңа ғана алдым, енді Сізге іле жауап бергелі отырмын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. В. БРИТМАНҒА ХАТ

Бұл хат туралы дерек А. В. Британның 1914 жылы 20 майда (2 июньде) В. И. Ленинге жазған хатында бар. Лениннің хаты Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетін шығаруға арналған қаржылар жөнінде жазылған еді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

С. Д. СОКОВНИНГЕ ХАТТАР

Бұл хаттар туралы деректер РСДРП Париж секциясының мүшесі С. Д. Соковниннің 1914 жылы 22 майда (4 июньде) жазған хатында және оның күні көрсетілмей, едәуір кейінірек жазған хатында бар. Бұл хат алысу орыс чиновниктерінің баспасөз органын шығаруды ұйымдастыруға қатысты болды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

В. И. Ленин бұл хатында М. М. Литвиновқа халықаралық социалистік конгреске делегат болып Венаға баруды ұсынған, мұны Литвиновтың 1914 жылы 24 майда (6 июньде) жазған жауап хаты дәлелдейді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. А. ТРОЯНОВСКИЙГЕ ХАТ

Вена конгресіне мандаттар бөлісу жөніндегі бұл хат туралы деректер А. А. Трояновскийдің 1914 жылы 25 майда (7 июньде) жазған жауап хатында бар (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ЕГІНШІЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ СМЕТАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗ ЖОБАСЫ ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ СОҢЫ

«Егіншілік министрлігінің сметасы туралы мәселе жөнінде» сөйленетін сөздің жобасын (қараңыз: осы том, 185—191-беттер) большевик депутат Г. И. Петровскийдің IV Мемлекеттік думада сөйлеуі үшін В. И. Ленин дайындаған еді. Петровский бұл сөзді 1914 жылы 28 майда (10 июньде) Думада мемлекеттік жер мүліктері департаментінің сметасы талқыланған кезде сөйледі. Сөз жобасы қолжазбасының 1—22-беттері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

М. Ф. ВЛАДИМИРСКИЙГЕ ХАТ

М. Ф. Владимирскийдің 1914 жылы 31 майда (13 июньде) және 10 (23) июньде жазған жауап хаттарынан көрініп отырғанындай, В. И. Лениннің хатында әңгіме партия программасын басып шығаруды ұйымдастыру жайында болған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТТАР

В. И. Ленин 1914 жылғы май — июньде «Просвещение» журналының редакциясына бірнеше хат жазды. Бұл хаттардың мазмұны туралы «Просвещение» редакциясының 1914 жылғы 4 (17) майдан 13 (26) июньге дейінгі кезеңде жазылған жауап хаттарынан белгілі. Бұл жазысқан хаттарда журнал редакциясының жұмысы мен оның номерлерінің мазмұнына байланысты мәселелер қозғалған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

МОСКВАҒА БЕЛГІСІЗ БІРЕУГЕ ХАТ

Москвадан жазылған хаттың сақталып қалған конвертіне В. И. Ленин былай деп жазған: «20. VI. 1914 жауап берілді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

О. Н. ЛОЛАҒА ХАТ

В. И. Лениннің бұл хатты жазғанын оның О. Н. Лола хатының конвертіне: «1914 ж. 20 июньде жауап берілді» деп белгі салғаны дәлелдейді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. В. КУЗНЕЦОВҚА ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы Н. В. Кузнецовтың 1914 жылы 8 (21) июньде жазған хатынан белгілі, оған В. И. Ленин: «Жауап берілді» деп жазған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Л. ШКЛОВСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Ленин Г. Л. Шкловскийдің 1914 жылы 8 (21) июньде жазған, сақталып қалған хатына «Жауап берілді» деп белгі салған (КПСС Орталық Комитеті жанындғы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. К. ВЛАДИМИРОВҚА ХАТ

М. К. Владимировтың 1914 жылы 16 (29) июньде жазған хатынан көрініп отырғанындай, В. И. Лениннің хатында әңгіме Парижде партияның программасы мен уставын басып шығару жайында болған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ПРИБОЙ» БАСПАСЫНА ХАТ

«Прибой» баспасының 1914 жылғы 17 (30) июньдегі хатынан мына жағдай белгілі болып отыр: В. И. Лениннің хаты «Трудовая Правда» газетінде «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі» деген мақаланы басуды кідіртуге байланысты жазылған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ПРИБОЙ» БАСПАСЫНА ХАТ

«Прибой» баспасының 1914 жылы 20 июньде (3 июльде) В. И. Ленинге жазған жауап хатынан көрініп отырғанындай, Ленин өзінің хатында «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі» деген мақаланың тағдыры туралы баспаға екінші рет сұрау салып, Брюссель кеңесіне әзірлену үшін қажетті газет комплектілерін іріктеп алу туралы жазған және «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақалаға толықтырулар жібергені жайында хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. А. БЕКЗАДЯНҒА ХАТ

В. И. Лениннің А. А. Бекзадянға Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитеті делегациясының құрамына кіруді ұсынған бұл хаты туралы В. И. Лениннің 1914 жылы 21 июньде (4 июльде) Инесса Армандқа жазған хатында және А. А. Бекзадянның жауап хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. В. КУЗНЕЦОВҚА ХАТ

Н. В. Кузнецовтан РСДРП Орталық Комитеті делегациясының құрамында Брюссель кеңесіне қатысуы жөнінде М. Ф. Владимирскиймен (Камскиймен) келісуін, сондай-ақ делегацияға қажетті газеттерді, партия съездерінің протоколдары мен басқа да материалдарды жинауын өтінген бұл хат туралы Н. В. Кузнецовтың 1914 жылы 24 июньде (7 июльде) жазған жауап хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. МИЦКЕВИЧ-КАПСУКАСҚА ХАТ

В. И. Ленинге 25 июньдегі (8 июльдегі) хатында Мицкевич-Капсукас былай деп жазды: «Сіздің хатыңызға жауап ретінде мыналарды хабарлай аламын...». Осы хаттың бұдан арғы мазмұнынан көрініп отырғанындай, Ленин Литваның «Vilnis» газетінің бағыты мен құрылу тарихы жайында сұрастырған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

М. М. Литвиновтың 1914 жылы 25 июньде (8 июльде) жазған хатынан көрініп отырғанындай, В. И. Лениннің хатында Брюссель кеңесіне большевиктердің қатысуы жөнінде РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа қайтарған жауабының мазмұны баяндалған. Ленин бұл жауапты К. Гюисмансқа жеткізуді Литвиновқа тапсырған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ПРИБОЙ» БАСПАСЫНА ХАТ

«Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың корректурасын жіберуге қатысты жазылған бұл хат туралы «Прибой» баспасының 1914 жылы 27 июньде (10 июльде) В. И. Ленинге жолдаған хатынан белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

Хат 1914 жылы 27 июньде (10 июльде) Брюссель кеңесіне әзірленуге байланысты жазылған. Бұл хат туралы М. М. Литвиновтың В. И. Ленинге жолдаған жауап хатында айтылады, Литвинов бұл хатында өзіне жүктелген тапсырмалардың орындалғаны туралы хабарлайды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА

1914 жылы 5 (18) июльден ертерек жолданған бұл телеграмма туралы Г. И. Петровскийдің естеліктерінен белгілі. Телеграмма II Интернационал басшыларының Ленин Брюссельде жүр, бірақ Халықаралық социалистік бюро шақырған кеңеске қатыспады-мыс деп таратқан жалақорлық сыбыстарына байланысты Брюссель кеңесі өтіп жатқан кезде жіберілген Бұл сыбыстарды әшкерелеу үшін Ленин Поронинnен телеграмма жолдап, Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінің адресіне Э. Вандервельденің 1914 жылы жазда Петербургке барған сапарына байланысты материалдардың жіберілгені туралы хабарлады. Телеграмманың көшірмесі Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитеті делегациясына жіберілді. Телеграммаға В. И. Ленин мен Г. И. Петровский қол қойған (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 543-бет).

И. Э. ГЕРМАНҒА ХАТТАР

Бұл хаттар 1914 жылы 5 және 17 (18 және 30) июль аралығында жазылған. Олар жөнінде И. Э. Германның В. И. Ленинге 17 (30) июльде жазған хатында айтылады, онда Герман былай деп жазған: «Кеше Сізден екі хат, ал бүгін открытка алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

И. Ф. ПОПОВҚА ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитеті делегациясының мүшесі И. Ф. Поповтың 1914 жылы 8 (21) июльде жазған хатынан белгілі, хатта кеңес жұмысының барысы туралы Поповтың жіберіп отыратын хабары жөнінде айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ

№ 3 — март, 1914 ж.
№ 4 — апрель, 1914 ж.
№ 5 — май, 1914 ж.
№ 6 — июнь, 1914 ж.

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ»

Қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысының негізгі мәселелері туралы мақалалар жинағы. II бөлім. С.-Петербург, «Прибой» баспасы, 1914.

«Марксизм және жойымпаздық» деген жинаққа алғы сөзді және қорытындыны, сондай-ақ осы жинақта басылған 14 мақаланы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том және осы том) В. И. Ленин жазған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жинақтың В. И. Ленин жазған жоспары, оған жазылған алғы сөз бен соңғы сөздің жоспары сақтаулы.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ХАЛЫҚШЫЛДАР МЕН ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ ОДАҒЫ ТУРАЛЫ»

1914 жылы 16 (29) мартта «Путь Правды» газетінің 38-номерінде басылған «Халықшылдар мен жойымпаздардың одағы туралы» деген мақалада Қауіпсіздендіру советін сайлауда большевиктерге қарсы эсерлермен блок жасасқан жойымпаздардың әрекеті әшкереленеді.

Мазмұны жағынан бұл мақала В. И. Лениннің «Кәсіптік қозғалыстағы халықшылдар мен жойымпаздар», ««Марксизм және жойымпаздық» деген жинаққа қорытынды», «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» деген мақалаларымен (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 381—385-беттер және осы том, 128—138, 355—391-беттер) байланысты. Соңғы екі мақалада «Халықшылдар мен жойымпаздардың одағы туралы» деген мақаладағы цитат келтірілген. Мұның өзі мақаланы В. И. Ленин жазды деп санауға негіз болады.

«ВАНДЕРВЕЛЬДЕ ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДЫҚ ГАЗЕТ»

1914 жылы 20 июньде (3 июльде) «Трудовая Правда» газетінің 20-номерінде жарияланған «Вандервельде және либералдық газет» деген мақала либералдық-буржуазиялық «Киевская Мысль» газетінің пасық әдістеріне қарсы бағытталған; «Киевская Мысль» Э. Вандервельденің «Le Peuple» газетіндегі мақаласының аудармасын жариялай отырып, осы мақалада келтірілген правдистердің, жойымпаздар мен эсерлердің газеттерінің тиражы туралы деректерді жасырып қалды, ол деректер жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігінің большевиктер жағында екендігін бұлтартпай көрсететін еді.

«Вандервельде және либералдық газет» деген мақаланың В. И. Лениннің «Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер», «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» деген мақалаларымен, сондай-ақ «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасымен» (қараңыз: осы том, 270—277, 355—391, 401—440-беттер) тығыз байланысы бар. Мұның өзі мақаланы В. И. Ленин жазды деп санауға негіз болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Ұйымдастырушысы Троцкий болған антипартиялық *Август блогы* 1912 жылы августа, жойымпаздардың Венада болған конференциясында құрылған-ды. Конференцияға Бундтың, Закавказье облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және шетелдегі жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық топсымақтардың («Голос Социал-Демократа», Троцкийдің Венадағы «Правдасы» редакцияларының және «Вперед» тобының) өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың Петербургтегі және Москвадағы «инициативтік топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық басылымдар «Наша Заря» мен «Невский Голос» редакциялары делегаттар жіберді; сондай-ақ конференцияға «Спилки» шетелдік комитетінің өкілі қатысты. Делегаттардың басым көпшілігі шетелдерде тұратын, Россияның жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті жердегі партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды. Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері бойынша антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты.

Ала-құла элементтерден құралған антибольшевиктік блок конференцияның үстінде-ақ ыдырай бастады, ал мұндай блокты құру конференцияның басты міндеті болған еді. Конференцияның аяқталуын күтпей-ақ впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, одан соң қалған қатысушылар кетті. Август блогы большевиктердің соққысынан бір — бір жарым жылдан кейін іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын да қараңыз: ««Август» өтірігін әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» (осы том, 29—32, 201—226-беттер).— *1.*

[2] *«Луч»* («Сәуле») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті, 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы

5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен либералдардың ақшалай жәрдемі есебінен өмір сүрді. Газетке идеялық басшылық ету П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік ұранды уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға әрекет жасады. Ленин ««Луч» либералдық саясаттың құлдығына түскен» деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады. — *1.*

[3] Ленин бұл арада 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өткен *РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы* туралы айтып отыр. Конференция іс жүзінде съездің ролін атқарды.

Конференцияда 20-дан астам партия ұйымының окілдері болды, сондай-ақ оған Орталық Орган «Социал-Демократ» газеті редакциясының, «Рабочая Газета» редакциясының, Шетелдік ұйым комитетінің, РСДРП Орталық Комитеті транспорт тобының өкілдері қатысты. Партияшыл-меньшевик екі делегатты айтпағанда, делегаттардың құрамы большевиктік болды. Конференция делегаттарының ішінде: Г. К. Орджоникидзе — Тифлис ұйымынан, С. С. Спандарян— Бакуден, Е. П. Онуфриев — Петербургтен, Ф. И. Голощекин — Москвадан болды. Шетелдік ұйым комитетінің өкілі Н. А. Семашко, Орталық Комитеттің транспорт тобынан — И. А. Пятницкий болды.

В. И. Ленин конференцияға Орталық Орган редакциясынан қатысты.

Конференцияға Ленин басшылық етті. Ол конференция ашыларда, оны заңдастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, Орталық Органның жұмысы туралы, ашаршылықпен күресте социал-демократияның міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, шетелдегі партия ұйымының жұмысы туралы және басқа мәселелер жөнінде хабарлама жасады, сондай-ақ жарыс сөзде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіне қойылған барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлар жобаларының авторы болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 133—173-беттер).

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасында және конференцияның қарарында елдегі саяси жағдайға терең талдау жасалды, бұқараның революциялық пиғылының өсіп келе жатқаны корсетілді. Конференция шаруаларды өзінің соңынан ерткен пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндеті бұрынғысынша

Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала беретінін атап көрсетті.

Партияны оппортунистерден тазарту конференцияның аса маңызды ісі болды. Конференция қабылдаған «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қарарлардың орасан зор принциптік және практикалық маңызы болды. Жойымпаздар жария екі журналдың—«Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» төңірегіне топтасты. Конференция ««Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өзінің әрекетімен өзін біржолата партиядан тыс қойды» деп мәлімдеді. Жойымпаздар РСДРП қатарынан шығарылды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың—голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің іс-әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға жәрдемдесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапыды және «социал-демократиялық жұмыстың орыстық орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын «шетелдік топтарды» РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Бұл қарарлар Россиядағы маркстік партияның бірлігін нығайтуда орасан зор роль атқарды.

IV Мемлекеттік дума сайлауы науқанына қатысу туралы мәселе конференцияның жұмысында үлкен орын алды. Конференция партияның сайлаудағы және социал-демократиялық фракцияның Думаның өзіндегі негізгі міндеті социалистік таптық насихат пен жұмысшы табын ұйымдастыру екенін атап көрсетті. Конференция программа-минимумның негізгі талаптарын: демократиялық республиканы, 8 сағаттық жұмыс күнін, бүкіл помещиктік жерді конфискелеуді партияның Дума сайлауы кезіндегі басты сайлау ұрандары етіп ұсынды.

Конференция «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарар қабылдады, партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің Ленин ұсынған жобасын бекітті, партияның Орталық Органы етіп «Социал-Демократ» газетін бекітті, партияның Орталық Комитетін сайлады және Орталық Комитеттің Орыс бюросын құрды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясының, жаңа түрпатты партияның құрылысында аса үздік роль атқарды. Конференция большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңінің қорытындысын шығарды, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жойымпаз-меньшевиктер партиядан қуылды. Конференция шешімдері негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтаса түсті. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Ол жаңа революциялық өрлеу жағдайында партияның саяси бағыты мен тактикасын белгілеп

берді. Оппортунистерден арылған большевиктер партиясы халық бұқарасының революциялық күресінің қуатты жаңа өрлеуін басқарды. Прага конференциясының халықаралық зор маңызы болды. Конференция II Интернационал партияларының революциялық элементтеріне оппортунизмге қарсы батыл күрес жүргізудің үлгісін көрсетіп, бұл күресті оппортунистерден ұйымдық жағынан толық ажырасуға дейін жеткізді. — *1.*

4 *«Северная Рабочая Газета»* («Солтүстік Жұмысшы Газеті») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті, 1914 жылғы 30 январьдан (12 февральдан) 1 (14) майға дейін «Новая Рабочая Газетаның» орнына Петербургте шығып тұрды; 3 (16) майдан бастап газет «Наша Рабочая Газета» деген атпен шықты. В. И. Ленин озінің мақалаларында оны мысқылдап «Северная Ликвидаторская Газета» және «Наша Ликвидаторская Газета» деп атайды. — *2.*

5 *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалар қатысты. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: «Социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп танығап ағымды ашық қорғап шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 166-бет). — *2.*

6 *Екі «китке» қарсы,* яғни партия программасы қабылдаған демократиялық республика және бүкіл помещиктік жерді конфискелеу ұрандарына қарсы. Бұл ұрандар, сондай-ақ 8 сағаттық жұмыс күні ұраны большевиктік партияның бұқара ішіндегі бүкіл насихат және үгіт жұмыстарын идеялық жағынан біріктірудің негізі болды.— *3.*

7 *IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда* 6 большевик-депутат және 7 меньшевик болды. Большевик-депутаттар А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, М. К. Муранов, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов және Р. В. Малиновский (кейін арандатушы ретінде әшкереленді) Думаға негізгі алты өнеркәсіп орталығынан сайланды, Россия жұмысшыларының бестен төрті осы орталықтарда еді. Меньшевиктер өнеркәсіпті емес губерниялардан өтті. Дума жұмыс істей бастаған кезде социал-демократиялық фракция жалпы фракция болды, бірақ большевик-депутаттар фракция ішінде

олардың революциялық жұмысына кедергі жасап отырған меньшевиктік жетеуге қарсы үнемі күрес жүргізіп келді.

1913 жылы 1 (14) октябрьде, Орталық Комитеттің Поронин кеңесі аяқталысымен, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары қатысқан партияның Орталық Комитетінің шағын мәжілісі болды, оны Ленин басқарды. Осы мәжілісте меньшевиктердің әрекетіне байланысты большевик депутаттар тарапынан жасалатын нақты іс-қимылдар талқыланды. Мәселе былай шешілді: большевик-депутаттар Россияға қайтып келісімен фракцияда тең праволылық орнату жөнінде меньшевиктік «жетеудің» алдына ультиматумдық талап қоятын болды. Егер меньшевиктер большевиктердің ультиматумына оң жауап бермеген күнде большевик-депутаттар фракцияға тапсыруға тиіс болатын мәлімдеменің текстін де Ленин жазып берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 91—93-беттер). Бұл мәлімдеме Орталық Комитеттің мәжілісінде талқыланды.

1913 жылы 16 (29) октябрьде Мемлекеттік думаның екінші сессиясы басталысымен, Думадағы социал-демократиялық фракцияның бірінші мәжілісінде-ақ, большевик-депутаттар меньшевик депутаттарға Думадағы социал-демократиялық фракцияда барлық мәселелерді шешу кезінде «алтау» мен «жетеудің» тең праволы болуы жөнінде ультиматумдық талап қойды. Қанағаттанарлық жауап ала алмаған большевик-депутаттар фракция мәжілісінен шығып кетті, сөйтіп Лениннің басшылығымен Орталық Комитеттің мәжілісінде талдап жасалған жазбаша ресми «Мәлімдемені» келесі күні меньшевиктік «жетеуге» тапсырды.

Большевик-депутаттардың қолдары қойылған бұл «Мәлімдеме» 1913 жылы 18 октябрьде «За Правду» газетінде жарияланды, онда жұмысшылардан большевиктік «алтаудың» талаптарын талқылап, жұмысшы депутаттарға Думадағы социал-демократиялық фракцияның бірлігін қалпына келтіруге жәрдемдесу сұралды. Лениннің нұсқауымен «За Правду» газеті меньшевиктік «жетеудің» ірткі салушылық қызметіне қарсы кең науқан ашты. Газет фракция ішіндегі өріс алған күрестің маңызын түсіндірді және жұмысшылардың орасан зор бұқарасы большевик-депутаттар жағында екенін дәлелдейтін цифрлы деректер келтірді. Бұл деректер жұмысшылардың барлық санының оннан тоғызы большевик-депутаттар сайланған аудандарда екенін, ал меньшевик депутаттардың үлесіне не бары оннан бір бөлігі ғана келетінін көрсетіп берді.

25 октябрьде (7 ноябрьде) меньшевиктік «жетеу» өзінің ресми жауабында большевиктік «алтаумен» тең болуды мойындаудан бас тартты. Бұдан кейін большевик-депутаттар «Барлық жұмысшыларға» атты екі үндеу («За Правду» газетінің 20 және 26 октябрьдегі 15 және 20-номерлерінде

басылған) шығарды, оларда жікке бөліну тарихын баяндай келіп, жұмысшыларды большевиктік «алтауды» қолдауға шақырды. Большевик-депутаттар меньшевиктік «жетеуге» берген жауабында өздерінің дербес фракция құратынын мәлімдеді, сонымен қатар Дума трибунасынан сөйленетін сөздердің екеуіне ортақ болуын ұсынды.

Ленин большевиктік «алтаудың» Думада дербес өмір сүруі жолындағы барлық күресіне басшылық жасап отырды. Бөлініп шыққан большевиктік фракцияның *«Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы»* деген атын да Ленин ұсынды. Большевик-депутаттардың IV Мемлекеттік думада дербес фракция болып құрылуы жөніндегі мәлімдемесі («7 депутатқа жауабы») «За Правду» газетінің 29 октябрьдегі 22-номерінде басылды. Газеттің осы номерінде Лениннің «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөнінде материалдар» деген үлкен мақаласы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 105—123-беттер) басылды, онда меньшевиктік «жетеудің» іріткі салушылық әрекеттері әшкереленді.

«Алтау» мен «жетеу» арасындағы күрес әсіресе Петербургте жұмысшы бұқарасын қатты толқытты. Думадағы социал-демократиялық фракциядағы жағдай туралы мәселе бойынша жұмысшылар жиналыстарында әңгімелер, айтыстар өткізілді. Бұл жиналыстар жұмысшылардың ықыласы большевиктер жағында екенін көрсетті. Бұл күндері «За Правду» газеті «Жұмысшылар өздерінің жұмысшы депутаттарын жақтайды» деген жалпы тақырыппен жұмысшылардың көптеген қарарларын жариялады. В. И. Лениннің «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақаласында қарарлардың жалпы қорытындысы берілген (қараңыз: осы том, 451—459-беттер).

Осы өткізілген науқанда В. И. Ленин, большевиктік партия парламентті революциялық мақсатқа жақсы пайдалануға жағдай туғызу үшін жұмысшы депутаттарының қалай іс-әрекет жасауы керек екені жөнінде өнегелі үлгі көрсетті. IV Думадағы большевиктік фракция Орталық Комитеттің тікелей басшылығымен және бақылауымен жұмыс істей отырып, партияның еркін, сапалы жұмысшылар көпшілігінің еркін жүзеге асырды. Большевиктік фракцияның Думадағы жұмысы пролетарлық партияның парламенттік қызметінің үлгісі болды және бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыс үшін орасан зор маңыз алды. — *4.*

«Новое Время» («Жаңа Заман») — күнделікті газет, 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін ол реакциялық дворяндар тобы мен чинов-

никтік-бюрократтық топтың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге оршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. — *5.*

9 *Октябрист* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшесі. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі оперкәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *7.*

10 *«Трудовик»* — Еңбек тобының (трудовиктер) — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобының мүшесі; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың—шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтсе де, трудовиктер шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша өкіметіне және кадеттерге қарсы бірлесе күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын жүргізді. 1917 жылы трудовиктер тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірігіп кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады.

Халықтық социалист — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшесі (энестер), бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар бас-

қарды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *9.*

11 *«Солшыл халықшылдар»— эсерлер (социалист-революционерлер)*— Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет).

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелікті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды, капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының, социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен, белгілі бір жағдайда, уақытша келісім жасасудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздықты, ұйымдық ауа жайылушылықты, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы құрылды. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өзінің ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар жағында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады. — *9.*

12 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шыққан журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен Мемлекеттік думалардағы трудовиктердің көрнекті мүшелері болған публицистер осы «Русское Богатствоның» төңірегіне топталды. 1906 жылы «Русское Богатство» жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестер) органына айналды. — *9.*

13 Ленин бұл арада Нижний Новгородтың жәрменңке және биржа комитетінің председателі миллионер көпес А. С. Салазкиннің премьер-министр Коковцовтың жәрменңкеге келуіне байланысты комитеттің 1913 жылы 16 (29) августа болған төтенше мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы айтып отыр. Бүкіл Россия көпестері атынан Салазкин Коковцовтың алдында 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі негізінде жүзеге асырылатын түбегейлі саяси реформалардың «шұғыл түрде қажет екендігі» туралы өтініш жасады және сауда өнеркәсіпшілерінің «қоғамдық өзін өзі басқару және мемлекеттік құрылыс істеріне неғұрлым жақын араласпақшы» ниеті бар екендігін білдірді.

Ленин өзінің мақалаларында көпес Салазкиннің осы сөзіне талай рет назар аударды (қараңыз: «Россиялық буржуазия және россиялық реформизм», «Көпес Салазкин және жазушы Ф. Д.», «Саясаттың принциптік мәселелері» —Шығармалар толық жинағы, 23-том, 435—438, 451—453, 462—465-беттер).

Бейлис ісі — 1913 жылы Киевте патша үкіметі еврей Бейлиске қарсы арандатушылық ниетпен ұйымдастырған сот процесі; Бейлиске салт жорасын көздеп, христиан бала Ющинскийді өлтірді деп жалған айып тағылды (шынында өлтіруді қаражүздіктер ұйымдастырған). Патша үкіметі бұл процесті әдейі жасап, антисемитизмді өршітуге, еврей ойрандарын туғызуға тырысты, сөйтіп бұқараның назарын елде өріс алған революциялық қозғалыстан басқа жаққа аудару мақсатын көздеді. Процесс жұртшылықтың қатты наразылығын туғызды; бірқатар қалаларда жұмысшылардың наразылық білдірген демонстрациялары болып өтті. Сот үкімімен Бейлис ақталды. — *10.*

14 *Ұлттардың тең праволылығы туралы заң жобасын* (ресми аты —«Еврейлердің праволарына шек қоюдың бәрін және шыққан тегіне немесе қандай да бір ұлтқа жататынына байланысты шек қоюшылық атаулының бәрін жою туралы заң жобасы») Ленин IV Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясына арнап жазған болатын. Заң жобасы Думаға, сірә, ішкі істер министрлігі бюджетінің талқылануына байланысты енгізілуге тиіс болса керек.

Заң жобасын РСДЖ Фракциясы атынан жариялай отырып, Ленин он мыңдап қол қою және мәлімдемелер жасау арқылы бұл жобаны қолдау орыс жұмысшыларының абыройлы ісі болады деп есептеді. «Мұның өзі,— деп атап көрсетті Ленин,— ұлт айырмашылықтарына қарамастан, Россияның барлық жұмысшылары арасындағы *толық* бірлік пен қосылуды бәрінен де гөрі жақсырақ нығайтады» (қараңыз: «Ұлттық тең праволылық» деген мақала—осы том, 91—93-беттер).— *17.*

[15] *«Правда»*— 1912 жылы 22 апрельден (5 майдан) бастап Петербургте шығып тұрған күнделікті большевиктік жария газет.

«Правда» Ленадағы атқылауға байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар толқыны кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. «Жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуі,*— деп жазды В. И. Ленин,— жұмысшы газеті «Правданы» құрды» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 478-бет).

Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржыға шығарылып тұрды; ол 40 мың данаға дейін таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға дейін жетіп жүрді. Күнделікті жұмысшы газетін шығаруды жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшылары жүзеге асырған ұлы тарихи іс деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды, принципті мәселелер бойынша жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны сынап отырды. «Правдада» Лениннің: В. Ильин. В. Фрей, К. Т., В. И., И., Правдист, Статистик, Читатель. М. Н. деген және басқа бүркеншік аттармен қол қойылған 270-ке жуық мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка, А. И. Ульянова-Елизарова және басқалар түрлі уақыттарда «Правда» редакциясының мүшелері және белсенді қызметкерлері болды. IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары газетке белсене қатысып тұрды. А. М. Горький «Правдада» өзінің шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күн сайын байланыстырып отырды. Газет төңірегінде жұмысшы тілшілердің толып жатқан армиясы қалыптасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылып тұрды. Екі жылдан астам уақыт ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан аса корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің правосыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждықтарын көрсететін мысалдар келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысы туралы жазды, өскелең революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі партияның саясатын жүргізді, бұқараны пролетарлық ынтымақ, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Правда» жұмысшылар арасында зор беделге ие болды. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндауға едәуір орын берілді. Газетте

«Шаруалар бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин болашақ революциядағы пролетариаттың гегемондығы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі. IV Мемлекеттік думаның сайлауы науқаны кезінде газет маңызды роль атқарды.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. Газет өмір сүрген алғашқы жылдың өзінде ғана оның редакторларына қарсы 36 рет сот ісі қозғалды. Редакторлар жалпы алғанда 48 айға жуық түрмеде отырды. Газеттің 41 номері конфискеленді. Патша үкіметі газетті сегіз рет жауып тастады, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайларда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правданың» 636 номерін шығарды. 1914 жылы 8 (21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5 (18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің органы ретінде шыға бастады. 5 (18) апрельде, шетелден қайтып келген соң, В. И. Ленин редакция құрамына кіріп, «Правдаға» басшылық етуді өз қолына алды. 1917 жылы июль — октябрьде контрреволюциялық буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап, партияның Орталық Органы өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» он жылдық мерекесіне» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; осы том, 249—258, 401—450, 464—472-беттер; Шығармалар, 33-том, 345—348-беттер). — *23.*

16 Ленин бұл арада 1914 жылы 13—26 январьда (26 январь—8 февральда) Бельгияда, Брюссель қаласында өткен Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезі туралы айтып отыр.

В. И. Ленин съезді әзірлеуге және өткізуге мықтап ат салысты. Ол съезд алдында съезге әзірлік мәселелерін,

съездің құрамын, съездегі күрестің қандай нәтиже беретінін, т. б. анықтап алу үшін Латвия большевиктерімен жиі-жиі хат алысты, олармен жүзбе-жүз кездеспек болып Берлинге, Парижге барды. Съезде Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға және Думадағы фракцияның жікке бөлінуіне көзқарасы туралы баяндама жасады, большевик-делегаттардың кеңестеріне қатысты, оларға қарарлардың жобаларын дайындауға көмектесті. Съезд қарсаңында, 1914 жылы 12 (25) январьдың кешінде, Ленин Брюссельде съезд делегаттарына арнап ұлт мәселесі жөнінде реферат оқыды, онда большевизмнің ұлт мәселесі жөніндегі теориясы мен тактикасын баяндады. Ленин Латвия марксистерін партияның жалған бірлігін емес, шын бірлігін нығайтуға, оның қатарын тұрлаусыздар мен жойымпаздардан, жұмысшы табы ісіне ашықтан-ашық опасыздық жасаушылардан сақтауға шақырды.

В. И. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің қарарларын жойымпаздар мен троцкистерге қарсы күресте кеңінен пайдаланды (осы томдағы мына мақалаларын қараңыз: «Латыш жұмысшылары социал-демократиялық фракциядағы жікке бөліну туралы», ««Август» өтірігін әшкерелеу», «Жойымпаздар және латыш жұмысшы қозғалысы», т. б.). Съезде В. И. Лениннің және латыш большевиктерінің ымырашылдық тенденцияларға қарсы күш сала күресуі нәтижесінде латыш социал-демократтарының Август блогынан шығуына қол жетті. Латыштардың бұл блоктан шығуын Ленин троцкистік бірлестікке «өлтіре соққы беру» деп бағалады.

Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің протоколдары табылған жоқ. Протоколдарды Янсон-Браун баспаға әзірлегені және олардың Брюссельде қалғаны белгілі. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивіндегі Поронин-Краков архивінің материалдары ішінде Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне қатысты және Ленин мен съездің большевиктік бөлегінің жойымпаздарға қарсы күресін сипаттайтын лениндік документтер бар. Документтердің ішінде — Лениннің қолымен жазылған күн тәртібі, съезд мәжілістерінің барысы жөніндегі және шешендердің сөздері жөніндегі жазбалар, сондай-ақ Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы қарардың жобасы, баяндаманың және қорытынды сөздің конспектісі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 313—314, 425—428-беттер) бар. Лениннің шешендердің сөздері жөніндегі жазбасы мен оған берген түсініктемесі аса назар аударарлық материалдар. Мәселен, Браунның 1914 жылы 15 (28) январьда съезде сөйлеген сөзі жөнінде Лениннің жазбасы бар. Браун өзінің ымырашылдығын қорғай келіп, ымырашылдық позиция «тым нәзік» деген жеріне В. И. Ленин: *«Нәзік жерде кәдік бар!»* деп жазды. — *24.*

[17] Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің патша цензурасының шарттарына бейімделген «лажсыз қажет өзгерістері бар» қарарын келтіріп отыр; мәселен: «Латыш өлкесі Социал-демократиясының съезі» деген сөздердің орнына «барлық латыш жұмысшы марксистерінің өкілдері», «РСДРП» деген сөздің орнына —«маркстік тұтас ұйым», «1908 жылғы Жалпы россиялық V конференция және РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы пленумы» дегеннің орнына —«марксистердің 1908 жылғы декабрьдегі және 1910 жылғы январьдағы бүкіл россиялық өкілдігі», «Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті» дегеннің орнына —«өздерінің басшы мекемесі» делінген. — *24*.

[18] Ленин бұл арада 1907 жылғы РСДРП V (Лондон) съезінің, 1908 жылғы РСДРП жалпы россиялық V конференциясының және РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы пленумының шешімдері туралы айтып отыр. — *25*.

[19] *«Бунд»* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы көбінесе еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады; антипартиялық

Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *30.*

20 *ППС-«солшылдар»*— Поляк жұмысшы партиясы, ол 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия — Поляк социалистік партиясының (Polska Partia Socjalistyczna) жікке бөлінуі нәтижесінде пайда болған-ды. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты. Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді. Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясы-

ның бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграпттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *30.*

21 *«Социализмді тағы да бір жою»* деген мақала 1914 жылы мартта «Современный Мир» журналының 3-номерінде басылды.

«Современный Мир» («Қазіргі Дүние»)— ай сайын шыққан әдеби, ғылыми және саяси журнал; 1906 жылғы октябрьден 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға меньшевиктер, олардың ішінде Г. В. Плеханов ат салысты. Плехановшылдармен блок кезеңінде және 1914 жылдың басында журналға большевиктер жазып тұрды. Бірін-

ші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) журнал социал-шовинистердің органына айналды. — *33.*

[22] Л. Н. Толстой бұл туралы Н. Орловтың «Орыс мужиктері» деген картиналар альбомына жазған алғы сөзінде айтады. — *35.*

[23] *«Жизнь»* («Өмір») — әдеби, ғылыми және саяси журнал; 1897 жылдан 1901 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға «жария марксистер» (М. И. Туган-Барановский, П. Б. Струве және басқалар), алдыңғы қатарлы жазушылар мен сыншылар (А. М. Горький, А. П. Чехов, В. В. Вересаев, С. Г. Скиталец, И. А. Бунин, Е. А. Соловьев (Андреевич)) қатысты. «Жизньнің» беттерінде К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегі басылды. Журналда В. И. Лениннің «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы туралы және Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» және «П. Нежданов мырзаға жауап» деген мақалалары да басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 101—162, 167—173-беттер).

«Жизньді» үкімет 1901 жылы июньде жауып тастады; 1902 жылы апрельде «Жизнь» социал-демократиялық тобы (В. Д. Бонч-Бруевич, В. А. Поссе, В. М. Величкина, Г. А. және М. А. Куклиндер және басқалар) бұл журналды шетелде қайта шығара бастады. Шетелде журналдың алты кітабы, «Листок «Жизнидің»» он екі номері және ««Жизнь» кітапханасының» бірнеше жеке басылымдары шықты. «Жизнь» тобы социал-демократиялық көзқарастан және оның тактикасынан христиандық социализм мен анархизмге қарай ауытқыды. 1902 жылы декабрьде «Жизнь» тобы таратылып, баспа жабылды. — *39.*

[24] К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 199-бет. — *41.*

[25] Орталық Комитеттің құпия жұмысқа басшылық жасау жөніндегі Ұйымдастыру бөлімшесін құру туралы қарарды Орталық Комитет 1914 жылы 2—4 (15—17) апрельде Краковта болған мәжілістерінде қабылдады. Мәжілістер В. И. Лениннің басшылығымен, Думадағы большевиктер фракциясының Россиядан келген өкілі Г. И. Петровскийдің қатысуымен өтті. Орталық Комитет РСДРП-ның кезекті съезін шақыруға әзірлік туралы, Жұмысшы баспасөзі күнін өткізу туралы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы, Думадағы істер және Думадағы большевиктік фракцияның есебі туралы, әйелдердің халықаралық конференциясы туралы, II Интернационалдың Вена конгресі туралы, 1 Майға листовкалар әзірлеу туралы және басқа мәселелерді қарады.

Орталық Комитеттің құпия жұмысқа басшылық жасау жөніндегі Ұйымдастыру бөлімшесін құру туралы мәселені

талқылауға және осы мәселе бойынша қарар қабылдауға байланысты Ленин Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бөлімшесіне көрнекті партия қызметкерлерін — М. И. Калининді, А. С. Киселевті және басқаларды, сондай-ақ қауіпсіздендіру қозғалысының активистері болып жүрген жұмысшыларды енгізуді ұсынды.

Жарияланып отырған қарардан басқа Орталық Комитет мәжілістерінің Ленин талдап жасаған күн тәртібінің нобайы сақталған.

II Интернационалдың Вена конгресіне РСДРП Орталық Комитетінің есебі туралы мәселе бойынша Орталық Комитет «есеп жазуды қолға алу Орталық Комитеттің шетелдегі мүшелеріне тапсырылсын» деген шешім шығарды. Орталық Комитеттің бұл тапсырмасын Ленин орындады. Ол 1914 жылы апрель — майда «II Интернационалдың Вена конгресіне РСДРП Орталық Комитеті есебінің жоспары мен конспект нобайын» (қараңыз: осы том, 489—492-беттер) жазды. — *58.*

26 *Партия съезін* шақыруды 1914 жылы августа Венада өткізілмекші болған халықаралық социалистік конгреске ұштастыру ұйғарылған болатын. Съезді әзірлеу үшін Орталық Комитеттің орыс коллегиясы жанынан съезд шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Москвада, Кавказда, Оңтүстік пен Уралда комиссиялар құруға ұйғарылды. Съезд алдында Орталық Комитеттің агенттері ұйымдастыру мәселесімен жергілікті партия ұйымдарына баруға, сондай-ақ Мемлекеттік думаның мүшелері—большевик-депутаттар да жер-жерге баруға тиіс болды. Әрбір депутаттың жұмыс жүргізуге тиіс ауданын В. И. Лениннің өзі бөліп берді. Г. И. Петровский Украинаға және Эстонияға, М. К. Муранов—Уралға, Н. Р. Шагов—Костромадан кейін Владимирге баруға тиіс болды, А. Е. Бадаев Петербургте жұмыс істеумен бірге Поволжьеге және Кавказға баруға тиіс болды.

1914 жылы апрельде Думадағы большевиктер фракциясы партия съезіне әзірлік жұмысын күшейте түсу жөнінде В. И. Лениннен нұсқау алды. Әсіресе 1914 жылдың көктемі мен жазында съезге әзірлік жұмысы мықтап өрістеді. Съездің күн тәртібі, тіпті оның құрамы да белгіленді. Съезде мына мәселелер талқыланбақшы болды: Орталық Комитеттің есебі және жергілікті жерлердің есебі, саяси кезең, партияның ұйымдық міндеттері, стачкалық қозғалыстың міндеттері, қауіпсіздендіру қозғалысының тактикасы, программа-минимумге енгізілетін кейбір толықтырулар, ұлт мәселесі, Халықаралық социалистік бюро жанындағы кеңеске байланысты жойымпаздар туралы, буржуазиялық баспасөзге қатысу және сол кезеңдегі басқа да актуальді мәселелер. 1914 жылы июльдің аяғына таман съезге әзірлік жұмысы және халықаралық социалистік конгреске сайлау аяқталып қалған еді. Делегаттардың көпшілігі сайланды, тапсырмалар талданып жасалды, мандаттар жиналды. Сондай-ақ, техни-

калық жағын ұйымдастыру — құпия кездесетін орындар, маршруттар, паспорттар дайындау да аяқталған еді. Бірақ соғыс жариялау және соның ізінше реакцияның өршеленуі елдегі жағдайды күрт өзгертіп жіберді. Ал соғыс басталысымен шекараның жабылуы басқа елдермен қандай да болсын байланысты үзіп тастады. Партияның кезекті съезі неғұрлым қолайлы кезеңге дейін кейінге қалдырылды. Мұндай жағдайда халықаралық конгресті де өткізуге болмайтын еді. Партия съезі өткізілмегенімен, оған әзірлік партия ұйымдарын күшейтуде және ныгайтуда үлкен роль атқарды. — *58.*

27 *«Жұмысшы қозғалысының формалары туралы (Локаут және маркстік тактика)»* деген мақала 1914 жылы 20 мартта (2 апрельде) Петербург заводшылары жариялаған локаутқа байланысты жазылды.

1914 жылы мартта Петербургте «Треугольник» фабрикасында жұмысшы әйелдер жаппай уланып, мұның өзі астана пролетарларының жалпы ашу-ызасы мен наразылық стачкаларын туғызды. Стачкаларға жауап ретінде Петербург фабриканттары мен заводшылары локаут жариялады. Бір күннің ішінде 70 мың адам көшеде тентіреп қалды. Локаут жариялаушылар жұмысшы қозғалысын оңай жазалау үшін жұмысшыларды бұқаралық стачкаға арандатуды ойлады. Бірақ большевиктер басшылық жасаған жұмысшылар арандатушылыққа берілмеді. Локаут жағдайында бұқаралық стачка жариялау тиімсіз болғандықтан, «Правда» жұмысшыларды күрестің басқа формаларына — кәсіпорындарда бұқаралық митингілер өткізуге, көшелерде революциялық демонстрациялар жасауға шақырды. РСДРП Петербург комитеті прокламация басып шығарды, онда жұмысшыларды Ленадағы атқылаудың екі жылдығына тұстас келтіріп 1914 жылғы 4 апрельде демонстрация жасауға шақырды.

Демонстрация жасалады деп белгіленген күні «Путь Правды» газетінде В. И. Лениннің «Жұмысшы қозғалысының формалары туралы» деген мақаласы редакциялық мақала ретінде жарияланды. Мақала цензура шарттарына неғұрлым бейімделген формада жұмысшыларды РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков кеңесінің шешімдерін жүзеге асыруға шақырды, ал кеңесте «локауттарға тойтарыс беру үшін күрестің жаңа формаларын» іздестіру және саяси стачканы «революциялық митингілермен және революциялық көше демонстрацияларымен» ауыстыру туралы айтылған болатын. В. И. Ленин тарихи жағынан талай рет сыналған күрес формасы болып табылатын революциялық демонстрацияның маңызын ерекше атап көрсетті.

Жұмысшылар партияның шақыруын түсінді — қуатты революциялық демонстрация болып өтті. Ол туралы барлық буржуазиялық газеттер жазды. Жойымпаздық «Северная Рабо-

чая Газета» демонстрацияның болғаны туралы хабар басып, Петербург комитетінің листовкаларын тарату фактісін бүгіп қалды, ол ол ма, газет Лениннің «Жұмысшы қозғалысының формалары туралы» деген мақаласына қарсы шықты. Капиталистерге қарсы шиеленіскен күрес күндерінде жойымпаздар жұмысшыларды «тынышталуға» шақырып, революциялық демонстрация ұйымдастырғаны үшін большевиктерге шабуыл жасады. Ленин жойымпаздардың әрекетін сорақылық деп атап, олардың 4 апрельдегі демонстрацияға көзқарасын құпия жұмысқа бөгет жасаудың нағыз дағдылы жағдайының бірі деп сипаттады. Жойымпаздардың әрекетін әшкерелеуге ол РСДРП Орталық Комитетінің Брюссель кеңесіндегі баяндамасында (қараңыз: осы том, 418—423-беттер) көп орын берді. — *60.*

28 Бұл арада *РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі,* құпиялықты сақтау мақсатымен «февраль» кеңесі деп аталған кеңес туралы айтылып отыр. Ол кеңес 1912 жылғы 26 декабрьде — 1913 жылғы 1 январьда (1913 жылғы 8—14 январьда) Краковта өтті. Оның жұмысына В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, Н. Р. Шагов және басқалар қатысты. Кеңесте Петербургтің, Москва облысының, Оңтүстіктің, Уралдың және Кавказдың құпия партия ұйымдарының өкілдері болды. Краков кеңесі В. И. Лениннің председательдік етуімен өтті. Ол «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері» деген, «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» баяндамалар жасады (баяндамалардың тексті сақталмаған), кеңестің барлық қарарларын әзірледі және редакциялады, РСДРП Орталық Комитетінің кеңес туралы «Хабарын» жазды.

Кеңес жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелері жөнінде: жаңа революциялық өрлеуге және стачкалық қозғалыстың өсуіне байланысты партияның міндеттері туралы, құпия ұйымды құру туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы туралы, қауіпсіздендіру науқаны туралы, партиялық баспасөз туралы, ұлттық социал-демократиялық ұйымдар туралы, жойымпаздыққа қарсы күрес және пролетариат партиясының бірлігі туралы шешімдер қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 277—300-беттер).

Кеңестің шешімдері партияны және оның бірлігін нығайтуда, партияның еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын ұлғайтуда және нығайтуда, жұмысшы қозғалысы өрлеп келе жатқан жағдайда партиялық жұмыстың жаңа формаларын жасауда үлкен роль атқарды.

Краков кеңесінің қарарларын РСДРП Орталық Комитеті бекітті, сөйтіп олар кеңес жұмысы аяқталғаннан кейін көп ұзамай гектографта басылып шығарылды. 1913 жылы фев-

ральдың (жаңаша) бірінші жартысында қарарлар Орталық Комитеттің кеңес туралы «Хабарымен» бірге Парижде жеке кітапша болып басылып шықты. Кеңес аяқталғаннан кейін, сірә, Орталық Комитеттің жабық мәжілісінде талқыланған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар құпиялық сақтау мақсатымен жарияланған жоқ. Қаулының Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған көшірмесі сақталған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 299—300-беттер).

Кеңестің протоколдары сақталмаған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде кейбір мәселелерді талқылаудың барысындағы жарыс сөздер бойынша Лениннің тек қысқаша конспект түріндегі жазбалары мен революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері туралы оның баяндамасының қысқаша жоспары бар. — *62.*

29 Петербургтегі *Қауіпсіздендіру советінің* сайлауы 1914 жылы 2 (15) мартта болды. Сайлауға байланысты, бір жағынан, большевиктердің, екінші жағынан, жойымпаздар мен солшыл халықшылдардың (эсерлердің) арасында шиеленіскен күрес өріс алды. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінің «Жария қоғамдардағы жұмыс туралы» шешімін басшылыққа алған большевиктер қауіпсіздендіру науқанын өздерінің бұқара ішіндегі ықпалын нығайту мүмкіндіктерінің бірі ретінде пайдалана отырып, жария жұмысшы ұйымдары мен жария жұмысшы қоғамдарын өз жағына тарту жолындағы күресті өрістете түсті. Бұл күресте «Правда» газеті зор роль атқарды. Қауіпсіздендіру советінің сайлауына байланысты «Пролетарская Правда» газетінде, «Вопросы Страхования» журналында, содан кейін «Путь Правды» газетінде жұмысшылардың қауіпсіздендіру мекемелері мен Қауіпсіздендіру советіндегі өкілдеріне берілген большевиктік аманат жарияланды. Жойымпаздар «Новая Рабочая Газетада» өз аманатын басты, онда олар жұмысшы өкілдерін партияға тәуелді емес дербес топ етіп бөлуді талап етті.

2(15) мартта Қауіпсіздендіру советіне жұмысшы өкілдерін сайлауға 47 уәкіл келді. Көпшілік дауыспен «Путь Правдының» тізіміндегі кандидаттар сайланды: совет мүшелері болып Г. М. Шкапин (Путилов заводы), С. Д. Чудин (Металл заводы), Г. И. Осипов (соғыс снарядтарын дайындау заводы), Н. И. Ильин (Нева стеарин заводы), С. И. Янкин (Шеге заводы) сайланды; орынбасарлары болып Н. М. Шверник (Эриксон заводы), А. С. Куклин (Новый Лесснер заводы), Ф. . . Амосов (Нева стеарин заводы), В. М. Цаплин (Нева кеме жасау заводы), П. И. Судаков (Металл заводы) және басқалар сайланды. Қауіпсіздендіру советінің сайлауында жойымпаздар толық жеңіліске ұшырады — сайлаушылар жиналысына қатысушылардың төрттен үші большевиктік

аманатты жақтап сөйледі және жойымпаздар мен эсерлер блогы ұсынған аманатты қабылдамай тастады. Бүкіл россиялық қауіпсіздендіру мекемесінің сайлауы да жойымпаздардың жеңіліске ұшырағандығын көрсетті. 57 уәкілдің 82 проценті правдистер болды.— *62.*

30 *«Стойкая Мысль»* («Баянды Ой») — солшыл халықшылдық (эсерлік) жария «Живая Мысль» газетінің басқа бір аты, ол газет 1913 жылғы августан 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрған-ды; газет өзінің атын бірнеше рет өзгертті: «Вольная Мысль», «Верная Мысль», «Мысль Труда», «Северная Мысль» және басқалар.—*65.*

31 *«Ұлт саясаты туралы мәселе жөнінде»* деген қолжазба большевик депутат Г. И. Петровский IV Мемлекеттік думада сөйлеуге тиіс сөздің жобасы болып табылады. 1914 жылы 22 апрельде (5 майда) солшыл депутаттардың 15 мәжіліске Думадан қуылуына байланысты (бұл туралы толығырақ осы томның 139—141-беттерінен қараңыз) бұл сөз сөйленбей қалды. Сөз жобасының қолжазбасы толық сақталмаған, тексте жоқ жерлер бет соңында берілген ескертулерде көрсетілген.—*69.*

32 *«Гражданин»* («Азамат») — реакциялық журнал; Петербургте 1872 жылдан 1914 жылға дейін шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан — нағыз монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, үкімет қаржы беріп тұрды. Көп тараған жоқ, бірақ чиновниктік-бюрократиялық топтарға ықпал жасап отырды.—*69.*

33 *Прогрессистер* — орыс либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы, ол Мемлекеттік думалар сайлауларында және Думаларда әр түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардың элементтерін «бейпартиялықтың» туы астында біріктіруге әрекет жасады.

1912 жылы ноябрьде прогрессистер дербес саяси партия болып қалыптасты, мынадай программасы болды: тар цензді баяу конституция, ұсақ реформалар, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет, революциялық қозғалысты басу. В. И. Ленин прогрессистер өзінің құрамы, өзінің идеологиясы жағынан—*«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп көрсетті, ал прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,—Германияда да біздің көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 364, 272-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер өзінің қызметін жандандыра түсіп, әскери басшыларды ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтаждарын өтеуге жұмылдыруды және орыс буржуазиясы өкілдерінің қатысуымен «жа-

уапты министрлік» құруды талап етті. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Кадеттер — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, америкап-ағылшын-француз империалистеріне жағымды контрреволюциялық саясат жүргізді.Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда жүріп, кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. —*70.*

34 *«Речь»* («Тіл»)—күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен газет «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен (1918 жылғы августқа дейін) шығып келді.— *73.*

35 *«Киевская Мысль»* («Киев Ойы») — буржуазиялық-демократиялық бағыттағы күнделікті газет, 1906 жылдан 1918 жылға дейін Киевте шығарылып тұрды. 1915 жылға дейін апта са-

йынғы суретті қосымшамен шықты; 1917 жылдан — таңертең және кешкісін шығып тұрды.— *74.*

36 *Поляк колосы* — Мемлекеттік думалардағы поляк депутаттарының бірлестігі. I және II Мемлекеттік думаларда бұл бірлестікте поляк помещиктері мен буржуазиясының реакциялық, ұлтшылдық партиясының мүшелері — национал-демократтар негізгі ұйытқы болды. Дума тактикасының барлық негізгі мәселелері бойынша Поляк колосы октябристерді қолдады.— *77.*

37 *Чартизм* (ағылшынша charter — хартия дегеннен шыққан) — ағылшын жұмысшыларының XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы бұқаралық революциялық қозғалысы; бұл қозғалыс олардың экономикалық ауыр жағдайынан және саяси правосыздығынан туды. В. И. Лениннің жазғанындай, бұл «бірінші, кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалыс» болды (Шығармалар, 29-том, 305-бет). Пролетариат қозғалысының ұйымдық орталығы «Жұмысшылардың Лондон ассоциациясы» болды. Ассоциация басшылығы парламентке петиция әзірледі, ол 1838 жылы майда жарияланды. Бұл Халықтық хартия мынадай алты пункттен тұратын программа ұсынды: 21 жасқа толған еркектер үшін жалпыға бірдей сайлау правосының болуы, дауыстың жасырын берілуі, сайлау округтерінің тең болуы, парламентке депутаттыққа кандидаттар үшін мүлік цензін жою, депутаттарға ақша төлеу, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыру. Қозғалыс орасан зор митинг-демонстрациялармен басталып, Халықтық хартияны жүзеге асыру жолындағы күрес ұранымен өтті. 1840 жылы июльде «Ұлттық чартистік ассоциация» құрылды, ол жұмысшы қозғалысы тарихында жұмысшылардың тұңғыш бұқаралық партиясы болды.

1842 жылы 2 майда парламентке чартистердің енді әлеуметтік сипаты бар бірқатар талаптар (жұмыс күнің қысқарту, жалақыны арттыру және басқалар) қосылған екінші петициясы тапсырылды. Петицияны парламент қабылдамай тастады. Чартистер бұған жауап ретінде жаппай ереуіл жасады.

1848 жылы чартистер үшінші петициямен парламентке жаппай шеру тартып бармақшы болды, бірақ үкімет әскер шақырып, бұл шеру тартуды болғызбай тастады. Петиция көп ай өткен соң қаралды, бірақ қабылданбады. 1848 жылдан кейін чартистік қозғалыс құлдырап кетті. Чартистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауының басты себебі оның айқын программасы мен тактикасының және дәйекті революциялық пролетарлық басшылығының жоқтығы болды. Алайда чартистер Англияның саяси тарихына да, сондай-ақ халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына да орасан зор ықпалын тигізді.— *82.*

38 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партиялары өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 ж. сентябрь) қабылданған болатын. Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып сайланды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі ретінде кірді.

Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылғы декабрьдегі сессиясында орыс істері туралы мәселе қойылды және Россия социал-демократтары фракцияларына бірлікті қалпына келтіру жөнінде шаралар қолдануды ұсынған қарар бекітілді. РСДРП-да бірлікті қалпына келтіру мүмкіндігі жөніндегі мәселе бойынша «пікір алысуды» ұйымдастыруда Халықаралық социалистік бюро делдалдықты міндетіне алды және өзінің Атқару комитетіне осы мақсатта «Польшаны қоса, Россиядағы жұмысшы қозғалысының барлық фракцияларымен байланыс» жасауды тапсырды.

Жарияланып отырған мақалада Халықаралық социалистік бюро шақырмақшы кеңеске қатысуға келісім берген партияның Орталық Комитетінің жауабы қысқартылған түрде баяндалған. Бұл жауап Халықаралық социалистік бюроның Атқару комиссиясына Орталық Комитеттің «ресми баяндамасы» болды, оны жолдағаны жөнінде В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа 1914 жылдың 18—19 январында (31 январь—1 февраль) жазған хатында хабарлаған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 318—326-беттер).— *87*.

39 *Екінші Мемлекеттік дума* 1907 жылы 20 февральда (5 марта) жиналды. Дума сайлауы тотс, тең сайлау емес-ті және әскери-дала соттары мен қудалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан солшылдау болды. Мұның себебі мынада еді: бірінші Дума кезіндегіге қарағанда партиялар неғұрлым айқын және күрт ажырасты, бұқараның таптық санасы өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы, бір жағынан, солшыл партиялардың — социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан — кадеттердің есебінен оңшылдардың күшейгенін дәлелдеді. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер —54, кадеттер мен оларға жақындар — 99, ұлттар өкілдері —76, партияда жоқтар —50, казактар топтары—17, «халықтық социалистер»—16, эсерлер—37, трудовиктер—104, социал-демократтар—65. Алайда құрамы жа-

ғынан анағұрлым солшылдау екінші Дума, революция қайтуға айналғандықтан, бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер бойынша самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдап отырды. Екінші Думаға дейін өздерінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок құруды жақтаған және халық ішінде конституциялық жалған үміттерді қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракцияның қызметіне әсер етпей қалған жоқ. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателіктерін қатты сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдерінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті көрсетті.

Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюциялық буржуазияның сатқындық рөлін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан босатып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін трибуна есебінде пайдаланды. Большевиктердің ұстаған бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдерінің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт еді. Ал меньшевиктер Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді.—*88*.

40 *Үшінші Мемлекеттік дума* 1907 жылғы 1 (14) ноябрьден 1912 жылғы 9 (22) июньге дейін жұмыс істеді. Үшінші июньдегі сайлау заңы негізінде сайланған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік болды. Ол патша үкіметінің Россиядағы революциялық күштер жөнінде қолданған контрреволюциялық зорлық және жазалау саясатын жүргізуде оның құлақ кесті құлы болды.

Думада бірінші сессияның басында 11 саяси партия мен топ, оның ішінде: оңшылдар (барып тұрған оңшылдар, ұлтшылдар және баяу оңшылдар) —147 депутат, октябристер — 154 депутат, поляк-литван-белорус тобы —7 депутат, Поляк колосы —11 депутат, прогрестік топ —28 депутат, мұсылмандар тобы —8 депутат, кадеттер —54 депутат, Еңбек тобы —14 депутат, социал-демократтар —19 депутат болды.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жұмыс істеу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аздығына және бірқатар қателер жібергеніне қарамастан, фракцияда большевик депутаттардың болуы арқасында Дума трибунасын пайдалану арқылы да, Думадан тысқары жұмыстар жүргізу арқылы да, III Думаның халыққа қарсы саясатын әшкерелеуде, Россия пролетариаты мен шаруаларына саяси тәрбие беруде үлкен жұмыс атқарды.— *88*.

41 *«Цайт»* («Уақыт») — апталық газет, Бундтың органы, 1912 жылғы 20 декабрьден (1913 ж. 2 январьдан) 1914 жылғы 5 (18) майға дейін Петербургте еврей тілінде шығып тұрды.—*95.*

42 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды (1885 ж. дейін — редакторы В. М. Лавров). 90-жылдары кейде оның беттерінде марксистердің мақалалары жарияланып тұрды. Бұл кездері «Русская Мысльге» прогресшіл жазушылар: А. М. Горький, В. Г. Короленко, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский, А. П. Чехов және басқалар жазып тұрды. 1905 жылғы революциядан кейін — кадеттер партиясы оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. Журнал ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.—*98.*

43 *«Колокол»* («Қоңырау») — саяси журнал, ол «Vivos voco!» («Тірілерді шақырамын!») деген ұранмен шығып тұрды. Оны А. И. Герцен мен Н. П. Огарев Герцен негізін құрған Ерікті орыс баспаханасында 1857 жылғы 1 июльден 1865 жылғы апрельге дейін Лондонда және 1865 жылғы майдан 1867 жылғы июльге дейін Женевада шығарып тұрды; журнал ай сайын, ал біраз уақыт айына екі реттен шығып тұрды. 245 номері шықты. 1868 жылы журнал француз тілінде шықты (15 номері шығып үлгерді), кейбір номерлеріне орыс тілінде қосымшалар басылды. «Колокол» 2500 данаға дейін тиражбен басылып, бүкіл Россияға кең таралды. Самодержавиенің озбырлығын, чиновниктердің айуандығы мен қазынаны ұрлауын, помещиктердің шаруаларды аяусыз қанауын әшкерелей отырып, «Колокол» революциялық ұрандар тастады және бұқараның патша үкіметі мен үстем таптарға қарсы күреске шығуға оянуына көмектесті.

«Колокол» Россияда жұмысшы баспасөзі пайда болғанға дейінгі цензурасыз революциялық баспасөздің жетекшісі болды, жалпы демократиялық және революциялық қозғалысты дамытуда, самодержавие мен крепостниктікке қарсы күресте маңызды роль атқарды.— *101.*

44 *«Гогольге хатты»* В. Г. Белинский 1847 жылы июльде жазды; бірінші рет 1855 жылы А. И. Герцен «Полярная Звездада» жариялады.— *102.*

45 *«Ескі «Искра»»* — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газетті жолға қоюға (астыртын баспахананы ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский, ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен — Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысып тұру ісін жүргізіп отырды. «Искра» Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне баса назар аударып, халықаралық өмірдің, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы әрі басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру және тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезді шақыру қарсаңында Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында «Искраның» партия үшін күресте айрықша роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды.— *103.*

46 Бұл арада 1898 жылғы 1—3 (13—15) мартта Минскіде болған *РСДРП I съезі* туралы айтылып отыр. Съезге 6 ұйымнан: Петербург, Москва, Екатеринослав және Киев «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одақтарынан», Киевтің «Рабочая Газета» тобынан және Бундтан 9 делегат қатысты. Съезд партияның Орталық Комитетін сайлады, «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы етіп бекітті, «Манифест» жариялады және «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағын» партияның шетелдегі өкілі деп жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 11—16-беттер).

РСДРП I съезінің маңызы мынада: ол өзінің шешімдері мен «Манифесте» Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылғанын жариялады және сол арқылы үлкен революциялық-насихатшылық роль атқарды. Алайда съезд программа қабылдаған жоқ, партияның уставын жасай алмады; съезде сайланған Орталық Комитет көп ұзамай тұтқынға алынып, «Рабочая Газетаның» баспаханасы қолға түсті, сондықтан да съезд жекелеген маркстік үйірмелер мен ұйымдарды біріктіріп байланыстыра алмады. Бір орталықтан жасалған басшылық және жергілікті ұйымдардың жұмысында бірыңғай бағыт болмады.— *105.*

47 *«СПБ. Рабочий Листок»* («С.-Петербург Жұмысшы Листогы») — Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» органы. Екі номері шыққан: 1-номері — 1897 жылы февральда (январь деп көрсетілген) 300—400 дана болып Россияда мимеографта басылған және 2-номері — 1897 жылы сентябрьде Женевада баспаханада басылған.

Газет жұмысшы табының экономикалық күресін кең көлемді саяси талаптармен ұштастыру міндетін алға қойып, жұмысшы партиясын құру қажеттігін атап көрсетті.— *105.*

48 *«Работник»* («Қызметкер») — мерзімді емес жинақ, оны 1896—1899 жылдары шетелде «Орыс социал-демократтары одағы» «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен шығарып тұрды. «Работникті» шығарудың инициаторы Ленин болды. Ол 1895 жылы шетелде жүрген кезінде жинақты «Еңбекті азат ету» тобының шығаруы және редакциялауы жөнінде Г. В. Плехановпен және П. Б. Аксельродпен келіскенді. Россияға қайтып келген соң, Ленин осы басылымға материалдық көмек ұйымдастыру, жинақты Россиядан жазылған мақалалармен және корреспонденциялармен қамтамасыз ету жөнінде зор көлемді жұмыс жүргізді. 1895 жылдың декабрінде тұтқындалғанына дейін Ленин өзінің «Фридрих Энгельс» деген мақала-некрологы мен бірнеше корреспонденцияны әзірлеп, «Работниктің» редакциясына жіберді, олардың біразы (А. А. Ванеевтің, М. А. Сильвиннің, С. П. Шес-

терниннің жазғандары) жинақтың 1—2 және 5—6-номерлерінде жарияланды.

«Работниктің» барлығы 6 номері үш кітап болып шықты, «Листок «Работниканың»» 10 номері шықты.— *106.*

49 *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июльден 10 (23) августқа дейін болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қуғындауына байланысты съезд мәжілістері Лондонға ауыстырылды.

Съезді «Искра» әзірледі, ол Лениннің басшылығымен Россия социал-демократтарын революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру жолында орасан зор жұмыс жүргізді.

Съезге 26 ұйым («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) атынан шешуші даусыпен 43 делегат қатысты. Кейбір делегаттардың екі даусы бар еді, сондықтан съезде шешуші дауыстың саны 51 болды. Съездің құрамы әр текті еді. Оған «Искраның» жақтастары ғана емес, оның қарсыластары, сондай-ақ тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездегі ең маңызды мәселелер партияның программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оның жақтастары съезде оппортунистермен батыл күрес жүргізді.

«Искра» редакциясы әзірлеген және съезде талқыланған партия программасының жобасына, әсіресе партияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пунктке және программаның аграрлық бөліміне оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс беріп, партия программасын бірауыздан (бір адам қалыс қалды) бекітті, программада пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяудағы міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңісін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында бірінші рет революциялық программа қабылданды, онда Лениннің табандылығы арқасында пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылды.

Партия уставын талқылаған кезде партия құрылысының ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінен қызу күрес болды. Ленин және оның жақтастары жұмысшы табының жауынгер революциялық партиясын құру үшін күресті және олар барлық тұрақсыз, солқылдақ элементтердің партия-

ға кіруіне кедергі болатындай устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың Ленин ұсынған бірінші параграфының тұжырымында партияға мүше болу программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарының біріне жеке басының тікелей қатысуы да шарт етіліп қойылды. Съездс Мартов бірінші параграф жөнінде өзінің тұжырымын ұсынды, ол партияға мүше болу үшін программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, тек партияның бір ұйымының басшылығымен жеке басының партияға үнемі жәрдемдесуін шарт етіп қойды. Съезде барлық тұрақсыз элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын антиискрашылдар мен «батпақ» («центр») қана емес, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп шамалы көпшілік дауыспен осы тұжырым қабылданды. Съезд негізінен Ленин даярлаған уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде «Искраның» бағытын дәйекті жақтаушылар — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдардың — Мартовты жақтаушылар арасында жік туды. Лениндік бағытты жақтаушылар партияның орталық мекемелерін сайлауда көпшілік дауыс алып, большевиктер деп аталды, ал азшылық дауыс алған оппортунистер — меньшевиктер деп аталды.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагершілдікті, үйірмешілдікті жойды және Россияда маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» деп жазды (Шығармалар, 31-том, 8-бет). РСДРП II съезі барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі-өнеге болған жаңа типті пролетарлық партия құрып, халықаралық жұмысшы қозғалысында жаңа бетбұрыс пункт болды. — *107.*

50 *«Жаңа «Искра»»*—меньшевиктік «Искра». РСДРП II съезінде партияның Орталық Органының редакциясы В. И. Ленин, Г В. Плеханов және Л. Мартов қатысқан құрамда бекітілді. Алайда, съездің шешіміне қарамастан, меньшевик Мартов II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, съезд сайламай қастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылдың 19 октябрінде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптацияланып, Орталық Комитеттен оппортунист-меньше-

виктерге қарсы күрес жүргізді. «Исканың» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына редакцияның бұрынғы меньшевик-редакторларын: Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. Газетті шығару 1905 жылғы октябрьде тоқтатылды.— *107.*

51 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; Женевада 1904 жылдың 22 декабрінен (1905 жылдың 4 январынан) 1905 жылдың 5 (18) майына дейін шығып тұрды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Редакция құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен барлық хат-хабар алысуын Н. К. Крупская жүргізді. Ленин газеттің мазмұнын белгілей келіп: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Вперед» газетіне басшы мақалалар жазып қана қойған жоқ, оның қаламынан сондай-ақ көптеген әр түрлі заметкалар мен өңдеген корреспонденциялар да шықты. Бірқатар мақалаларды Ленин редакцияның өзге мүшелерімен (Воровский, Ольминский және басқалар) бірігіп жазды. Әр түрлі авторлардың бірқатар сақталған қолжазбаларынан Ленин жасаған үлкен түзетулер мен елеулі қосымшалар айқын сезіліп тұрады. Ленин газеттің әрбір номерін беттелген күйінде үнемі қарап отыратын. Тіпті, Лондонда III съезде жұмыс сондайлық басынан асып жатқанының өзінде, Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарауға уақыт тапты. Тек газеттің 18-номері ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты оның редакторлық қарауынсыз шыққан сияқты. «Вперед» газетінде Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары басылды. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9 январь оқиғасына және Россиядағы революцияның басталуына арналған 4, 5-номерлерін түгелдей дерлік Лениннің өзі құрастырды. Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалаларын большевиктік баспасөздің жергілікті органдары жиі-жиі көшіріп басты, жеке листовкалар немесе кітапшалар етіп шығарып отырды.

Партияның үшінші съезі арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру жолындағы күрестегі, революциялық қозғалыс алға тартқан тактика мәселелерін көтере, жаза білудегі, съезді

шақыру жолындағы күрестегі көрнекті ролін атап өтті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына «Пролетарий» газеті шығарыла бастады.— *108.*

52 *«Пролетарий» (женевалық)* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; РСДРП-ның Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылды. Партияның Орталық Комитеті пленумының шешімі бойынша 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет 1905 жылғы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. Барлығы 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» жолын ұстады және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастықты сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, оның идеялық мазмұны мен большевиктік бағытын белгіледі. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс істеді. В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский редакцияның жұмысына үнемі қатысып тұрды. Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский редакцияда үлкен жұмыс атқарды. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары газет бетінде жарияланып тұрды. В. Д. Бонч-Бруевич, С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова жергілікті жерлерден корреспонденциялар жинап, оларды Женеваға жіберуді ұйымдастырып отырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен, оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская және Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россиядағы және халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық елеулі оқиғаларына дереу үн қосты, меньшевиктерге және басқа оппортунистік ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күресті. Газет партияның III съезі шешімдерін насихаттауда үлкен жұмыс жүргізді және большевиктерді ұйымдық, идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» революциялық марксизмді дәйектілікпен қорғады, Россияда өріс алған революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап белгілеп отырды. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты көрсете отырып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасады. Большевиктік жергілікті газеттер Лениннің кейбір мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басты, жеке листовка етіп таратты. 1905 жылы ноябрьдің бас кезінде Ленин Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығуы тоқтатылды. Соңғы екі номері (25

және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ бұларға да Ленин бірнеше мақала жазды, олар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *108.*

53 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) 3 (16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде «Новая Жизнь» газетінің редактор-шығарушысы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушысы болып М. Ф. Андреева есептелді. 1905 жылы ноябрьдің басында В. И. Лениннің эмиграциядан Петербургке қайтып келуімен байланысты газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. В. Д. Бонч-Бруевич, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар газетке жақын араласты. А. М. Горький «Новая Жизньге» белсене қатысты, сондай-ақ газетке үлкен материалдық жәрдем беріп тұрды. Газетке шетелден қатысатындар тізімінде Роза Люксембург, Карл Либкнехт, Марсель Кашен, Поль Лафарг және басқалар бар еді.

«Новая Жизньнің» 10 ноябрьдегі 9-номерінде В. И. Лениннің «Партияны қайта құру туралы» деген бірінші мақаласы жарық көрді. Одан соң оның: «Пролетариат және шаруалар», «Партия ұйымы және партиялық әдебиет», «Әскер және революция», «Таразы басы ауытқуда», «Күні санаулы самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары», «Социализм және дін» деген және тағы басқа мақалалары жарияланды. Газетте В. И. Лениннің 14 мақаласы басылды. Лениннің бұл мақалаларында партияның бірінші орыс революциясы кезіндегі міндеттері мен тактикасы белгіленді.

«Новая Жизнь» РСДРП Орталық Комитетінің барлық шешімдері мен шараларын белсенді түрде жүзеге асырып отырды. Ол бұқараны саяси ағарту және ұйымдастыру ісінде үлкен роль атқарды, бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырды.

Газет партия ұйымдарымен, революцияшыл жұмысшылармен тығыз байланыс жасады, олардың арасында үлкен беделге ие болды. Редакцияға хаттар елдің түкпір-түкпірінен келіп жатты, хаттардың авторы жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, әскери адамдар, студенттер еді. Редакция үйі партиялық кездесулер, жиналыстар, кеңестер өтетін орын болды. Газеттің күнделікті тиражы 80 мың данаға дейін жетті.

1905 жылы октябрьде Ленин «Новая Жизнь» жөнінде былай деп жазды: «Пролетариатқа біздің ықпал жасауымыз үшін *енді* ең кең трибуна Питерде шығатын *күнделікті* газет болып табылады» (Шығармалар, 34-том, 368-бет).

«Новая Жизнь» талай рет қудаланды. Патша үкіметі 27-номері жарыққа шыққаннан кейін 2 декабрьде газетті жауып тастады. Соңғы, 28-номері құпия түрде шықты.— *108.*

54 *«Начало»* («Бастама») — меньшевиктік күнделікті жария газет; 1905 жылы 13 (26) ноябрьден 2 (15) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Газеттің шығарушы-редакторлары Д. М. Герценштейн мен С. Н. Салтыков болды. Газетке П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, Н. И. Иорданский, Л. Мартов, А. Н. Потресов және басқалар қатысты.— *108.*

55 *«Волна»* («Толқын») — большевиктік күнделікті газет; 1906 жылғы 26 апрельден (9 майдан) 24 майға (6 июньге) дейін Петербургте жария шығып тұрды. 25 номері шықты. «Волнаны» 9-номерінен бастап іс жүзінде В. И. Ленин редакциялады. Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар қатысты. Газетте Лениннің 25-ке жуық мақаласы жарияланды, олардың көбі бас мақала ретінде басылды. Бұқараның революциялық күресіне большевиктердің басшылық етуінде, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығын көтеруде «Волна» үлкен роль атқарды.

Патша үкіметі «Волнаны» қуғынға салды: редактор бірнеше рет сотқа тартылды, газеттің көптеген номерлеріне тыйым салынды; 1913 жылғы 26 июньде (9 июльде) Петербург сот палатасы газеттің 10, 18, 19, 22—25-номерлерін басу үшін дайындалып қойған стереотиптерімен бірге жойып жіберуге қаулы алды. 1906 жылғы 24 майда (6 июньде) патша үкіметі газетті жауып тастады. «Волнаның» орнына «Вперед» газеті, ал одан соң «Эхо» шыға бастады.

«Эхо» («Жаңғырық») — большевиктік күнделікті жария газет; 1906 жылғы 22 июньнен (5 июльден) 7 (20) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 14 номері шықты. Газеттің редакторы іс жүзінде В. И. Ленин болды. Әрбір номерінде Лениннің мақалалары басылып тұрды; газетте Лениннің барлығы жиырмадан астам мақалалары мен заметкалары жарық көрді.

«Эхо» газетінің барлық номерлері дерлік қудалауға ұшырады: шығарылған он төрт номерінің он екісіне өкімет орындары тыйым салды.— *108.*

56 *«Народная Дума»* («Халық Думасы») — күнделікті меньшевиктік газет; жабылып қалған «Русская Жизньның» орнына, Петербургте 1907 жылы март — апрельде шығып тұрды. Газеттің 21 номері шықты.— *108.*

57 *Америка социалистік партиясы* 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттарының Социалистік жұмысшы партиясы мен Социал-демократиялық партиясынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде қалыптасты, ал Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі Америка Құрама Штаттарындағы жұ-

мысшы қозғалысының белгілі қайраткері Юджин Дебс болған еді. Ол жаңа партияның негізін салушылар қатарында да болды. Партияның әлеуметтік құрамы әр текті еді: оған американ-жұмысшылардың бір бөлегі, иммигрант-жұмысшылар, сондай-ақ ұсақ фермерлер және ұсақ буржуазиядан шыққандар кірді. Партияның центристік және оңшыл оппортунистік басшылығы (Виктор Л. Бергер, Морис Хиллквит және басқалар) пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, партияның қызметін негізінен сайлау науқандарына қатысумен шектеп, күрестің революциялық әдістерінен бас тартты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік партияда үш ағым болды: социал-шовинистер — үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер — империалистік соғысқа тек сөз жүзінде ғана қарсы шықты; революциялық азшылық — интернационалистік позиция ұстады және соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияның Чарлз Рутенберг, Уильям Фостер, Уильям Хейвуд және басқалар бастаған сол қанаты пролетарлық элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси әрекет жасауы үшін, тап күресі принципі негізінде өндірістік кәсіподақтар құру үшін күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттарының Коммунистік партиясын құрудың инициаторы әрі негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі кезде Социалистік партия саны аз сектанттық ұйым болып қалды.

Жұмысшы табының американ федерациясы немесе Американ еңбек федерациясы (АЕФ) — Америка Құрама Штаттарында 1881 жылы негізі қаланған кәсіподақ бірлестігі. Цехтық принцип бойынша құрылған Американ еңбек федерациясы көбінесе «жұмысшы аристократиясын» біріктірді. Американ еңбек федерациясының реформистік басшылығы социализм және тап күресі принциптерін теріске шығарады, «таптық ынтымақты» уағыздайды және капиталистік тәртіптерді қорғауды жақтайды. Американ еңбек федерациясының басшылығы халықаралық жұмысшы қозғалысын жікке бөлу саясатын жүргізіп, американ империализмінің агрессияшыл сыртқы саясатын белсене қолдап келеді. 1955 жылы Американ еңбек федерациясы екінші бір кәсіподақ бірлестігі — Өндірістік кәсіподақтар конгресімен бірікті. Жаңа бірлестік Американ еңбек федерациясы — Өндірістік кәсіподақтар конгресі (АЕФ — ӨКК) деп аталады.—*115.*

58 Ленин бұл арада 1900 жылы Самара вице-губернаторы Кондоидидің сөзінде «үшінші элемент» деп аталған демократиялық земство қызметшілеріне — дәрігерлерге, техниктерге, статистиктерге, мұғалімдерге, агрономдарға және т. с. жо-

ғары патша бюрократиясының көзқарасы туралы айтып отыр. «Үшінші элемент» деген сөз тіркесі әдебиетте демократиялық земство интеллигенциясын білдіру үшін қолданылатын болды.— *117.*

59 Ленин бұл арада 1907 жылы августа *Штутгартта болған Халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VII конгресі) туралы айтып отыр. Конгресс күн тәртібінің негізгі пункттерінің бірі отар мәселесі еді. Осы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес болды. Конгрестің оппортунистік бөлегі отарлық басқыншылықты ақтаған қарар ұсынды. Голланд «социалисі» Ван-Коль социалистер келешекте де «жабайы халықтарға» машина және мәдениеттің басқа да жетістіктерін апарумен қатар, қолдарына қару алып барулары керек деген мәлімдеме жасады. Қарардың оппортунистік жобасын неміс делегациясының көпшілігі қолдады. Тек қана орыс, поляк социалистерінің, неміс, француз және ағылшын социалистерінің болмашы бөлегінің, сондай-ақ отарлары жоқ барлық шағын елдер социалистерінің күш салуымен бұл қарарды қабылдатпай тастау және қарардың мазмұнын іс жүзінде өзгерткен түзетулерді қабылдау мүмкін болды. Конгресс қабылдаған отар мәселесі жөніндегі қарар отаршылдық саясат атаулының бәрін түп-тура және үзілдікесілді айыптады.— *118.*

60 *«Социалистік Әрайлық»* («Sozialistische Monatshefte») —журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *118.*

61 *«Марксизм және жойымпаздық. Қазіргі жұмысшы қозғалысының негізгі мәселелері туралы мақалалар жинағы. II бөлім»* 1914 жылы июльде партиялық «Прибой» баспасында жарыққа шықты. Бұл жинақтың Ленин жазған жоспарында оның өзі жинаққа енгізу қажет деп санаған мақалалар, сондай-ақ мақалалар көшіріліп алынуға тиісті газет номерлерінің тізімі (жинақта Ленин бірқатар мақалалардың аттарын өзгерткен) көрсетілген. Осы жоспар бойынша жинақ екі бөлімнен құралуға тиіс болды, бұл бөлімдердің мазмұны жөнінде «Путь Правды» газетінің 1914 жылғы 21 марттағы 42-номерінде хабарланды.

Жинақтың бірінші бөлімі шыққан жоқ. Баспа жинақтың екінші бөлімінің баспаханадан дер кезінде әкете алмаған с- даған данасы конфискеленді. Тираждың негізгі бөлегі таратылды.

Жинақтың екінші бөліміне 1914 жылғы февраль деп көрсетілген алғы сөз бен қорытындыдан басқа Лениннің 14 еңбегі енді: «Ашық партия және марксистер» (қараңыз:

«Даулы мәселелер»), «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі», «П. Б. Аксельрод жойымпаздарды қалай әшкерелейді», «Бундтың сепаратизмі туралы» (қараңыз: «Россиядағы сепаратистер мен Австриядағы сепаратистер», ««Правда» бундшылдардың сепаратизмін дәлелдеді ме?»), «Марксизм және реформизм», «Либерал буржуазия және реформизм», «Либералдық соқырлық. Қажетті түсіндіру» (қараңыз: «Публицистің заметкалары»), «Экономикалық және саяси стачка», ««Кадетті құртушылық туралы әңгіме», «Біздің либералдармен айтысымыздың сипаты мен маңызы туралы», «Либерал буржуазия және жойымпаздар», «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылу тарихы жөніндегі материалдар» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том және осы том).

Соңғы еңбек — «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақаламен (қараңыз: осы том, 451—459-беттер) толықтырылған.— *128.*

62 Бұл арада әңгіме үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс бастап берген столыпиндік реакция дәуірі туралы болып отыр.

1907 жылы 3 (16) июньде II Мемлекеттік думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу туралы патша манифесі жарияланды. Жаңа заң помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының Думадағы өкілдігін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсызда аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1 (14) ноябрьде жиналған III Мемлекеттік дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік Дума болды.— *128.*

63 Бұл арада 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде болған *«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі* айтылып отыр. Кеңеске РСДРП V (Лондон) съезінің большевик делегаттары 1907 жылы сайлаған большевиктік фракцияның жоғары мекемесі — Большевиктік орталықтың 9 мүшесі, сондай-ақ Петербург, Москва облыстық және Урал ұйымдарының өкілдері қатысты. Кеңес В. И. Лениннің басшылығымен өтті; күн тәртібіндегі барлық негізгі мәселелер бойынша оның сөйлеген сөздері Кеңестің бүкіл жұмысының сипатын белгіледі. Кеңесте А. Богданов (Максимов) пен В. Л. Шанцер (Марат) шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың өкілі болды, оларды Москва облыстық ұйымының өкілі В. М. Шулятиков (Донат) қолдады. Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев, А. И. Рыков және М. П. Том-

ский бірқатар мәселелер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады.

Кеңес мына мәселелерді талқылады: шақырымпаздық пен ультиматизм туралы; социал-демократиялық ортадағы құдай жасампаздық тенденциялар туралы; партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы; большевиктердің партия ішіндегі міндеттері; Капри аралында құрылып жатқан партия мектебі туралы; фракциялардың бірлігі туралы; партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы; А. Богдановтың бөлінін шығуы туралы және басқа да мәселелер. Бұл мәселелердің бәрі Кеңестің қарсаңында шақырымпаз-ультиматистік оппозиция өкілдері қатыстырылмаған большевиктердің жеке жиналысында алдын ала қаралды, онда В. И. Ленин партиядағы және большевиктік фракциядағы істің жайы жөнінде жан-жақты хабарлама жасады. Ленин ұсынған қағидалар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі қабылдаған шешімдердің негізіне алынды.

Кеңес шақырымпаздықты-ультиматизмді жұмысшы қозғалысы ішіндегі зиянды және қауіпті ағым ретінде үзілдікесілді айыптады. Кеңес осы мәселе жөніндегі қарарда: шақырымпаздық пен ультиматизм теориясы пролетарлық идеологияны ұсақ буржуазиялық анархистік-синдикалистік тенденциялармен ауыстыратынын атап көрсетіп, «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым ретінде большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ортақ ештеңесі жоқ» деп мәлімдеді және барлық большевиктерді «революциялық марксизмнің жолынан бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуге» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 37-бет) шақырды.

Партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы және большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселелерді талқылағанда шақырымпаздар мен ультиматистердің «керенау фракцияшылдығы», РСДРП-ны сақтауда және нығайтуда большевиктердің алдында тұрған міндеттерді олардың түсінбеуі қатты айыпталды. Кеңес большевиктердің міндеті «басқа фракциялардың маркстік және партиялық элементтерімен жақындаса түсу болып табылады; мұны РСДЖ Партиясын сақтау және оны нығайту үшін күрестегі мақсаттардың ортақтығы талап етіп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 40-бет) деп атап көрсетті.

Кеңес Капридегі мектеп туралы мәселені қарап, былай деп тапты: шақырымпаздар мен ультиматистер осы мектепті бетке ұстап, Каприде өздерінің фракциялық орталығын ұйымдастырып жатыр, соның өзінде олар «партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше, топтық идеялық-саяси мақсаттарын» (Шығармалар толық жи-

нағы, 19-том, 42-бет) көздеп отыр. Кеңес бұл мектепті «большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 42-бет) ретінде айыптап, шақырымпаз-ультиматистердің жікшілдік саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

Сонымен қатар Кеңес шақырымпаз-ультиматистердің, әсіресе құдай жасампаздықты уағыздауда айқын білінген философиялық көзқарастарын қатты айыптады. Құдай жасампаздық туралы мәселе бойынша қабылданған қарарда былай деп атап көрсетілді: большевизмнің құдай жасампаздықпен ортақ ештеңесі жоқ, большевиктер құдай жасампаздықты марксизм негіздерінен қол үзуші ағым деп қарайды. Богданов Кеңестің шешімдеріне бағынбайтынын, оларды жүзеге асырмайтынын мәлімдегеннен кейін, ол шақырымпаздардың, ультиматистер мен құдай жасампаздардың лидері, дем берушісі ретінде, большевиктік фракцияның бірлігіне қол сұғып, марксизмді ревизиялау жолына, оны идеалистік, реакциялық философиямен ауыстыру жолына түскендігі үшін большевиктік фракциядан шығарылды. «Партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы» Кеңес қабылдаған қарарда парламенттік трибунаны революциялық жолмен пайдаланудың оппортунистік жолмен пайдаланудан түбегейлі айырмашылығы жөніндегі қағида атап көрсетілді, Думадағы фракцияның жұмысы жөнінде нақты нұсқаулар берілді.

Кеңес шешімдерінің жалпы партиялық зор маңызы болды. Бұл шешімдер, деп атап көрсетті Ленин, реакция жылдарында партия талдап жасаған саяси бағытты мейлінше сындарлы және тыңғылықты жүйеге келтірді. Кеңесте нағыз көкейтесті мәселелер төңірегінде өріс алған идеялық күрес партия кадрларын саяси жағынан тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, нағыз партиялық элементтерді большевиктердің төңірегіне бұрынғыдан да мықтап топтастыруға көмектесті. Кеңес шешімдерін Россияның жергілікті партия ұйымдары мақұлдап, өздерінің қызметіне директива ретінде қабылдады.— *129.*

64 *Вехишілдер* — кадеттердің көрнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяев, С. Н. Булгаков, М. О. Гершензон, А. С. Изгоев, Б. А. Кистяковский, П. Б. Струве және С. Л. Франк, олар Москвада 1909 жылдың көктемінде «Вехи» деген атпен өздерінің мақалалар жинағын шығарды. «Вехишілдер» орыс интеллигенциясына арналған бұл мақалаларында Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Н. Г. Чернышевскийдің, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; олар 1905 жылғы революциялық қозғалысты масқаралады, патша үкіметіне «өз найзасымен және түрмесімен» буржуазияны «халықтың қаһарынан» құтқар-

ғаны үшін алғыс айтты. Кадеттік қаражүздіктердің жинағына В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—189-беттер) сын тұрғысынан талдау жасап, саяси баға берді. «Вехидің» философиядағы және публицистикадағы программасын қаражүздік «Московские Ведомости» газетінің программасымен салыстыра келіп, Ленин жинақты *«либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы»,* «демократияның үстіне лақ еткізіп төге салған реакциялық жуынды» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы.— *130.*

65 *«Почин»* («Бастама») — халықшылдық-жойымпаздық бағыттағы журнал; эсерлер тобының басылымы. 1912 жылы июньде Парижде бір-ақ номері шықты.— *130.*

66 *«Заветы»* («Өсиеттер») — эсерлік бағыттағы ай сайын шыққан жария әдеби-саяси журнал; 1912 жылғы апрельден 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрды. Оған Р. В. Иванов-Разумник, Б. В. Савинков, Н. Суханов, В. М. Чернов және басқалар қатысты.— *130.*

67 1904 жылы күзде меньшевиктік «Искраның» редакциясы хат басын шығарып, онда буржуазиялық либералдар мен земствошылар арқылы үкіметке талаптар қою жолымен «буржуазиялық оппозицияға ұйымдасқан түрде ықпал жасауды» социал-демократияның басты міндеті ретінде ұсынды. Бұл «земство науқанының жоспарында» пролетариаттың күшіне, оның саяси күрес жүргізуге, дербес революциялық бой көрсетуге қабілетіне меньшевиктердің сенбеушілігі барынша айқын көрінді. Меньшевиктер ұйымдық оппортунизмнен тактикалық оппортунизмге қарай бет алды, сөйтіп «земство науқанының жоспары» меньшевиктердің осы жолдағы алғашқы қадамы болды. В. И. Ленин «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 79—103-беттер) меньшевиктердің жоспарын егжей-тегжейлі талдап, сынады.— *133.*

68 *Булыгин Думасы*—кеңесші Мемлекеттік дума, оны шақыру туралы заң жобасын патшаның тапсыруымен ішкі істер министрі А. Г. Булыгин жасады. 1905 жылғы 6 (19) августа патшаның манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Дума сайлауы үшін тек помещиктерге, капиталистерге және бір шоғыр үй иесі-шаруаларға ғана сайлау правосы берілді.

Витте Думасы деп I Мемлекеттік дума аталған-ды, ол Министрлер советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған еді.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде: кадеттер —179, автономистер —63, (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер —16, партияда жоқтар —105, трудовиктер —97 және социал-демократтар —18. Сөйтіп Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

I Мемлекеттік думада аграрлық мәселе негізгі орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы ұсынылды. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер помещиктік жер иелігін сақтауға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-сайманыдарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

1906 жылы 8 (21) июльде патша үкіметі I Мемлекеттік думаны таратып жіберді.— *134.*

69 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (1908 ж. 12 январьға) дейін Петербургте шығып тұрды. Газет формальды түрде ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.— *134.*

70 *«За Партию»* («Партия үшін») — партияшыл-меньшевиктер мен ымырашылдардың листогі; 1912 жылғы 16 (29) апрельден 1914 жылғы февральға дейін Парижде үздік-создық шығып тұрды. Бес номері шықты. Басылымға Г. В. Плеханов, С. А. Лозовский, А. И. Любимов және басқалар жазып тұрды. Листок көбінесе шетелдерде таратылды және, негізінен алғанда, плехановшылдардың Париж тобының козқарасын білдірді.— *135.*

71 *«День»* («Күн») — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет. 1912 жылы Петербургте И. Д. Сытин негізін салды. Банктердің қаржысымен шығарылып тұрды. Газетке жойымпаз-меньшевиктер қатысты, 1917 жылы февральдан кейін газет түтас солардың қолына көшті. Империалистік соғыстың алғашқы кезеңінде қорғампаздық позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясынан кейін газет Совет өкіметіне қарсы ашық күрес жүргізді. Газет контрреволюциялық қызметі үшін Әскери-революциялық комитеттің нұсқауымен 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жабылды.— *136.*

72 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volks-

blatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал одан соң партия жікке бөлінгеннен кейін,— меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *136.*

73 «Вперед» топтары туралы В. И. Лениннің ««Впередшілдер» туралы және «Вперед» тобы туралы» деген мақаласын (осы том, 392—399-беттер) қараңыз.— *137.*

74 1914 жылы 22 апрельде (5 майда) IV Мемлекеттік думаның 24 депутаты (большевиктер, меньшевиктер және трудовиктер) 15 мәжіліске қатыстырылмайтын болды. Мұның өзі Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының (большевиктік «алтаудың»), социал-демократиялық фракцияның (меньшевиктердің) және трудовиктердің депутатқа сөз бостандығын беру туралы заң жобасы қабылданғанға дейін бюджеттің талқылануын күн тәртібінен алып тастау жөнінде Думаға ұсыныс жасауына байланысты болған еді. Бұл ұсынысты Мемлекеттік думаның көпшілігі қабылдамай тастады. Содан кейін большевиктер, меньшевиктер және трудовиктер Министрлер советінің председателі Горемыкин сөз сөйлеп тұрған кезде обструкция ұйымдастырды. Осыған жауап ретінде Дума председателі Родзянконың ұсынысы бойынша барлық социал-демократтар мен трудовиктер 15 мәжіліс бойына Мемлекеттік думадан шығарылды. Петербург пен Москваның жұмысшылары депутаттардың шығарылуына наразылық білдіріп ереуілдер ұйымдастырумен жауап берді.— *139.*

75 *«Пролетарий»* — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциясымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборг-

те баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару жағдайының өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдің» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» газетінің редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнешеден мақалалары басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газеттің 46-номеріне қосымшада 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде болып өткен «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі туралы хабар, сондай-ақ осы кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды.

РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының шешімдеріне сәйкес газетті шығару тоқтатылды.— *144.*

76 *«Ұлттардың тең праволылығы туралы және азшылық ұлттардың праволарын қорғау туралы заң жобасын»* В. И. Ленин большевиктік фракцияның IV Мемлекеттік думаға енгізуі үшін жазған-ды.

1914 жылы 6 (19) майда Ленин С. Г. Шаумянға жазған хатында «Жобаның» жоспарын баяндады. Бұл «Жобаның» Думага енгізілуіне Ленин ерекше маңыз берді. «Менің ойымша,—деп жазды ол,— осы жолмен мәдени-ұлттық автономияның ақымақтығын жұртқа ұғымды етіп түсіндіруге және бұл ақымақтықты жақтаушыларға біржолата *өлтіре* соққы беруге болар еді».

Заң жобасын Думага енгізудің сәті түспеді. — *147.*

77 Ленин бұл арада РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі (құпиялықты сақтау мақсатымен «жазғы» деп аталған кеңесі) туралы айтып отыр.

Кеңес 1913 жылы 23 сентябрь—1 октябрьде (6—14 октябрьде) Поронин деревнясында (Краков маңында) өтті; осы кезде сол деревняда В. И. Ленин тұрды.

Кеңестің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды:

1) Жергілікті жерлердің баяндамалары, Польша мен Литва социал-демократиясының жұмысы туралы баяндама, Прага конференциясында сайланған Орталық Комитеттің жұмысы туралы есеп; 2) Үгіттің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы; 3) Ұйымдық мәселе және партия съезі туралы; 4) Стачкалық қозғалыс туралы; 5) Партия баспасөзі туралы; 6) Социал-демократтардың Думадағы жұмысы туралы; 7) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 8) Жария қоғамдардағы жұмыс туралы; 9) Ұлт мәселесі; 10) Халықшылдар туралы; 11) Жақын арада (Венада) болғалы тұрған халықаралық социалистік конгресс туралы. Кеңесті В. И. Ленин басқарды. Ол кеңесті кіріспе сөзбен ашты, Орталық Комитеттің жұмысы туралы есепті баяндама, ұлт мәселесі жөнінде, Венада өткізілмекші халықаралық социалистік конгресс туралы баяндама жасады. Сонымен қатар Ленин күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дерлік жарыс сөздерде сөйледі, жергілікті партия ұйымдары делегаттарының сөздерін жазып отырды, өз ұсыныстарын енгізді, қарарлардың жобаларын әзірлеп, оларды редакциялады.

В. И. Ленин жасаған Орталық Комитеттің жұмысы туралы есепті баяндаманың тексті табылған жоқ. А. Е. Бадаев өзінің естелігінде Ленин жасаған баяндаманың кейбір жерлерінің қысқаша мазмұнын баяндайды. Ленин есепті баяндамасында былай деп көрсетті: революциялық қозғалыстың дамуы және Россияда партиялық жұмыстың табысты болуы большевиктік партияның 1912 жылғы Прага конференциясы мен РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы Краков кеңесі белгілеген бағытының дұрыс екендігін дәлелдеп берді. IV Дума сайлауында қол жеткен аса көрнекті табыс, жария «Правда» газетін құру. Петербургте металлистер одағы басқармасын сайлаудағы қол жеткен табыс, елдегі стачкалық қозғалыстың жоғары өрлеуі,— осының бәрі Орталық Комитеттің басшылығымен партия жүргізген жұмыстың нәтижесі. «Сөйтіп,— деп мәлімдеді Ленин кеңесте,— біз өзіміздің міндеттерімізді ақырына дейін орындап шықтық деп еркін айта аламыз. Жергілікті жерлердің баяндамалары жұмысшылардың өз ұйымдарын құрып, нығайтуға ынталы, мүдделі екенін көрсетті. Өз ұйымдарын жұмысшылардың өздері ғана құра алады, мұны жұмысшылар білуі керек. Ұйымды олардың өздерінен басқа ешкім де құрмайды» (А. Бадаев. «Большевиктер Мемлекеттік думада», 1939, 186-бет).

Орталық Комитеттің есепті баяндамасы мен жергілікті жерлердің баяндамалары бойынша кеңес Ленин жазған екі қарарды: «Үгіттің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы» жә-

не «ұйымдық мәселе жөнінде және партия съезі туралы» қарарларды қабылдады; бұл қарарларда жаңа тарихи жағдайлардағы партияның міндеттері және партиялық жұмыстың негізгі формалары белгіленді. Кеңес құпия партия ұйымдарын және олардың бұқарамен жария, жартылай жария байланыстарын нығайту арқылы ғана, жойымпаздармен және келісімпаздармен күресте ғана жұмысшы табының нағыз бірлігі жүзеге асырылады деп атап көрсетті.

Үгіт жұмысы туралы қарарда кеңес былай деп көрсетті: партияның негізгі міндеті патша өкіметін құлату жолында, демократиялық республика жолында бұқара арасында кең үгіт жүргізу болып табылады және большевиктік программа-минимумның негізгі революциялық талаптары: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні және помещиктік жерлерді конфискелеу бұрынғысынша басты революциялық ұрандар болып қала береді. Кеңес бүкіл россиялық саяси стачкаға әзірлік жолындағы үгітті дереу және барлық жерде кең өрістету жөнінде қаулы алды, бұл стачканы 1914 жылғы 9 январь күніне ұштастырып өткізу ұйғарылды.

Кеңесте ұлт мәселесі басты мәселелердің бірі болды, ол кезде ұлт мәселесі Россияның қоғамдық өмірінде басқа мәселелердің ішінде маңызды мәселеге айналған еді.

Ұлт мәселесі туралы баяндамасында Ленин былай деп атап айтты: ұлттық езгіге қарсы күрес патша өкіметіне қарсы күреспен, бостандық және демократия жолындағы күреспен тығыз байланысты. Бұл күрес Россияның барлық ұлттары жұмысшыларын бірыңғай пролетарлық ұйымдарға топтастырған жағдайда ғана табысты бола алады. Кеңес партияның программасына сүйене отырып, меньшевиктер мен бундшылдардың «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі оппортунистік талабын үзілді-кесілді қабылдамай тастады да, ұлт мәселесі жөніндегі Ленин талдап жасаған программалық қағиданы қабылдады. Кеңес ұлттың өзін өзі билеу правосы, яғни бөлініп шығуға және дербес мемлекет құруға праволы болуы партияның ұлт мәселесі жөніндегі негізгі ұраны болып қалатынын қуаттады (ұранның екінші бөлегі партиялық документте бірінші рет тұжырымдалды), сонымен қатар белгілі бір ұлттың бөлініп шығуының тиімді-тиімсіздігі туралы мәселе бүкіл қоғамдық даму мүдделері мен пролетариаттың социализм жолындағы таптық күресі мүдделері тұрғысынан қаралып, әрбір жеке жағдайда дербес шешілуі керек. Ұлт мәселесі жөнінде кеңес қабылдаған қарарды Ленин партияның программалық декларациясы деп білді. Кеңес ұлттық программа туралы мәселені алдағы партия съезінің күн тәртібіне енгізу жөнінде шешім қабылдады.

Думадағы социал-демократиялық фракция туралы қарарда кеңес фракцияның большевиктік бөлегі мен меньшевиктік бөлегінің тең праволы болуын талап етті және бір дауыстың кездейсоқ артық болуын пайдаланып, фракция-

ның меньшевиктік бөлегінің Россия жұмысшыларының орасан көпшілігінің өкілдері болып отырған большевик-депутаттардың ең қарапайым праволарын бұзған әрекеттерін үзілді-кесілді айыптады. Лениннің және большевиктік партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша большевик-депутаттар 1913 жылы октябрьде біріккен социал-демократиялық фракциядан шығып, Мемлекеттік думада дербес большевиктік фракция («Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын») құрды.

1914 жылы Венада болатын халықаралық социалистік конгресс туралы баяндамада Ленин конгресспен бір мезгілде партия съезін шақыруды белгілеп, конгреске құпия және жария ұйымдардан делегаттарды мүмкіндігінше көп жіберуді ұсынды.

Кеңес Лениннің қорытынды сөзімен жабылды. Талқыланған мәселелердің және сол мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің маңыздылығы себепті Поронин кеңесі өзінің мәні жағынан партия конференциясына барабар болды. Поронин кеңесінің протоколдары табылған жоқ. Кеңес жөніндегі хабар мен қабылданған қарарларды Орталық Комитет шетелде жеке кітапша («РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы жазғы кеңесінің хабары мен қарарлары») етіп басып шығарды. Құпиялықты сақтау мақсатында кейбір қарарлар толық жарияланған жоқ: стачкалық қозғалыс туралы қарардың 6-пункті мен партия баспасөзі туралы қарардың 1—5 пункттері енгізілмеді. Қарарлардың толық тексті гектографта басылған құпия басылымда жарияланды. Полиция департаментінде Орталық Комитеттің Поронин кеңесі жөнінде материалдар бар, департамент арандатушылар Малиновский мен Лобов арқылы кеңес жөнінде толық хабардар болып отырған. — *157.*

78 *«Дзвін»* («Қоңырау»)— ай сайын шыққан жария буржуазиялық-ұлтшылдық журнал; 1913 жылдың январынан 1914 жылдың орта кезіне дейін Киевте украин тілінде шығарылды. Барлығы 18 номері шықты. Журналға В. Левинский, В. Винниченко, Л. Юркевич (Рыбалка), Д. Донцов, С. Петлюра, Г. Алексинский, П. Аксельрод, Л. Троцкий және басқалар қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918 жж.) басталысымен журналдың шығарылуы тоқтатылды.— *158.*

79 *«Современник»* («Замандас»)—ай сайын шыққан әдеби-саяси журнал; 1911—1915 жылдары Петербургте шығып тұрды. Журналдың төңірегіне жойымпаз-меньшевиктер, эсерлер, «халықтық социалистер» және солшыл либералдар топтасты. Журналдың жұмысшылар бұқарасымен ешқандай байланысы болмады. Журнал шыға бастаған кезде онда А. В. Амфитеатров көрнекті роль атқарды, 1913—1915 жылдары журналға Н. Суханов (Н. Н. Гиммер) басшылық етті. «Современник»

қызметкерлерінің тізімінде Ф. И. Дан, Е. Д. Кускова, Л. Мартов, Г. В. Плеханов, С. Н. Прокопович, В. М. Чернов және басқалары болды. — *166.*

80 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин, «*оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 212-бет) ерекше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды. — *167.*

81 Бұл арада әңгіме Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының мүшесі Р. Малиновскийдің IV Мемлекеттік думадан өз бетімен кетіп қалуы туралы болып отыр. Жауынгерлік қызмет орнынан іріткі салып, дезертирлік жасап кетіп қалғаны үшін Малиновский партия қатарынан шығарылды.

Кейін Малиновскийдің арандатушы екендігі анықталды; ол 1918 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы трибуналының үкімі бойынша атылды. — *172.*

82 *«Вопросы Страхования»* («Қауіпсіздендіру Мәселелері») — большевиктік жария журнал; 1913 жылғы октябрьден 1918 жылғы мартқа дейін Петербургте үзілістермен шығып тұрды. Ол тек жұмысшыны қауіпсіздендіру ісін жүзеге асыру үшін ғана емес, сонымен бірге большевиктік «күзелмеген ұрандар» —8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу және демократиялық республика үшін де күрес жүргізді. Журналға қауіпсіздендіру науқанының көрнекті қайраткерлері—большевиктер Н. А. Скрыпник, П. И. Стучка, А. Н. Винокуров, Н. М. Шверник және басқалар қатысып тұрды. — *178.*

83 *«Единство»* («Бірлік») — жария газет, Г. В. Плеханов бастаған партияшыл-меньшевиктер және Петербургтегі ымырашыл большевиктер тобы 1914 жылғы майдан июньге дейін шығарып тұрды; 4 номері шықты. — *180.*

84 Ленин бұл арада 1912 жылы январьда РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы қабылдаған «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы» қарарды айтып отыр. Бұл қарардың авторы Ленин болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 166—167-беттер). — *181.*

«Егіншілік министрлігінің сметасы туралы мәселе жөнінде»—большевик депутаттың Думада сөйлеуіне арнап Ленин

дайындаған сөз жобасы. 1914 жылы 28 майда (10 июньде) бюджет комиссиясының мемлекеттік жер мүліктері департаментінің 1914 жылға арналған сметасы жөніндегі баяндамасы талқыланған кезде депутат Г. И. Петровский осы сөзді сөйледі.

Сөз жобасы қолжазбасының аяқ жағы табылған жоқ. — *185.*

86 *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иелігін және дворяндардың пұрсаттылығын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын белгілеуге мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді. — *185.*

87 Бұл арада II Интернационалдың Амстердам конгресі 1904 жылы августа қабылдаған «Партия бірлігі» деген қарар туралы айтылып отыр.— *193.*

88 *«Күрес»* («Der Kampf») — ай сайын шығып тұрған журнал, Австрия социал-демократиясының органы; 1907 жылдан 1934 жылға дейін Венада шығып тұрды; оппортунистік, центристік позиция ұстады, оны солшыл лепірме сөздермен бүркемеледі. О. Бауэр, А. Браун, К. Реннер, Ф. Адлер және басқалар журналдың редакторлары болды. — *196.*

89 *«Халық»* («Le Peuple») — күнделікті газет, Бельгия жұмысшы партиясының орталық органы; 1885 жылдан Брюссельде шығады; қазіргі уақытта — Бельгия социалистік партиясының органы. — *197.*

90 Бұл арада сөз болып отырған *«Просвещение»* («Ағарту») — ай сайын шыққан большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті.

Журнал Москвада шығып тұрған, патша үкіметі жауып тастаған большевиктік «Мысль» журналының орнына В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Круп-

ская, В. М. Молотов, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып тұрды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету ісіне А. М. Горькийді тартты. Ленин Париждең, ал кейін Краков пен Поронинпен «Просвещениеге» басшылық етіп отырды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен ұдайы хат жазысып тұрды. Журналда Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» деген және басқа еңбектері жарияланды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін жазып тұрды, IV Мемлекеттік дума сайлауы науқаны тұсында большевиктік ұрандарды насихаттады; ол II Интернационал партиялары ішіндегі ревизионизмге және центризмге қарсы шықты. Журнал Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалдық тәрбие беруде үлкен роль атқарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журналды шығару қайта қолға алынды, бірақ бір ғана (қосарланған) номері шықты, онда Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» және «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген еңбектері басылды. — *203.*

91 *Стокгольм съезі* — РСДРП төртінші (Бірігу) съезі 1906 жылғы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) өтті. Съезге РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат қатысты.

Большевик-делегаттар ішінде В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Съезде меньшевиктер көпшілік еді. Мұның себебі, бұқараның қарулы қимылдарын басқарған көптеген большевиктік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Ал елдің бұқаралық революциялық бой корсетулер болмаған өнеркәсіпті емес аудандарында сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары бар меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезд мынадай мәселелерді талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру

және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және 7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады және сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты. Съезд шешімдерінің сипаты меньшевиктердің сан жағынан басымдығына байланысты болды. Съезд қызу күрестен кейін Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Амстердамда өткен халықаралық конгрестің қарарын растаумен шектелді. Съезд кәсіптік одақтар туралы ымырашыл қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқыламастан қабылдады.

Сонымен бірге партиялық бұқараның талабы бойынша съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым бірінші рет уставқа енгізілді.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган—«Социал-Демократ» газетінің редакциясы тек меньшевиктерден ғана құралды.

Съездегі күрес партия бұқарасы алдында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы принциптік алауыздықтардың мазмұны мен тереңдігін ашып берді. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер).

РСДРП V (Лондон) съезіне (1907 ж.) партияның 147 мыңнан астам мүшелерінің өкілдері болған 336 делегат қатысты. Большевик-делегаттар—105, меньшевиктер—97, бундшылдар — 57, поляк социал-демократтары — 44, Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілдері — 29, «фракциядан тысқарылар»—4 болды. Ірі өнеркәсіп орталықтары съезге большевиктерді жіберді. В. И. Ленин съезге Верхне-Камск ұйымынан сайланды. Съезге В. И. Ленин бастаған большевик-делегаттардың ұйымдасқан тобы қатысты, бұл топта: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, В. П. Ногин, М. Н. Покровский, К. Н. Самойлова, И. В. Сталин, А. М. Стопани, И. А. Теодорович, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалар болды.

Съездің жұмысына кеңесші дауыспен А. М. Горький қатысты.

Съезде большевиктерді Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаттары қолдады. Оларды революциялық платформаға топтастырып, большевиктер съезде көпшілік болды, сөйтіп революциялық маркстік бағыттың жеңісін қамтамасыз етті. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд большевиктік қарарлар қабылдады. РСДРП бесінші съезі Россия жұмысшы қозғалысында большевизмнің жеңісі болды. Съезд шешімдерінде буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі партияның оппортунистік, меньшевиктік қанатын большевизмнің жеңуінің қорытындылары шығарылды. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін бірыңғай тактика есебінде мақұлданды.— *205.*

92 *Партияшыл-большевиктер* — жойымпаздарға қарай ойысқан, А. И. Любимов (М. Зоммер) бастаған ымырашылдар (олар туралы толығырақ В. И. Лениннің «Авантюризм туралы» деген мақаласын қараңыз — осы том, 241—245-беттер).

Г. В. Плеханов бастаған *партияшыл-меньшевиктер* реакция жылдарында жойымпаздарға қарсы шықты. Плехановшылдар меньшевизм позициясында қала тұрып, сонымен бірге құпия партия ұйымын сақтауды, нығайтуды қолдады және осы мақсатты көздеп, большевиктермен блок жасасуға барды. 1911 жылдың аяғында Плеханов большевиктермен блокты бұзды. Ол РСДРП-дағы «фракцияшылдыққа» және жікке бөлінуге қарсы күресті желеу етіп, большевиктерді оппортунистермен ымыраластыруға тырысты. 1912 жылы плехановшылдар троцкистермен, бундшылдармен және жойымпаздармен бірге РСДРП Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. — *207.*

93 Халықаралық социалистік бюроның декабрь сессиясында (1913 ж. 13 және 14 декабрьде Лондонда өтті) «Россиядағы, оған қоса орыс Польшасындағы да, жұмысшы қозғалысының партиялық программаны мойындайтын немесе программалары социал-демократтардың программасына сай келетін барлық фракциялар келісе алмай жүрген мәселелер жөнінде өзара пікір алысу (Aussprache) үшін» олардың өкілдерінің кеңесін шақыруды Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетіне жүктеген қарар қабылданды. Каутский 14 декабрьде сөйлеген сөзінде осы қарарды негіздей келіп былай деді: Россияда ескі социал-демократиялық партия өлді. Орыс жұмысшыларының бірлікке ұмтылған талабына сүйене отырып, оны қалпына келтіру қажет. Ленин «Жақсы қарар және жаман сөз» деген мақаласында қарардың мазмұнын ашты және Каутскийдің сөзін асқан сорақы сөз деп бағалады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 231-бет).— *219.*

94 И. М. Козьминых-Ланиннің статистикалық зерттеулері В. И. Лениннің назарын талай рет аударған болатын. Мәселен, 1912 жылы августа, Козьминых-Ланиннің «Москва губерниясындағы жұмыс күні және жұмыс жылы» деген кітабының шығуына байланысты Владимир Ильич «Москва губерниясының фабрикаларындағы жұмыс күні» және «Москва губерниясындағы жұмыс күні және жұмыс жылы» деген екі рецензия жазды. Біріншісі — «Правда» газетінде, екіншісі —«Невская Звезда» газетінде 1912 жылы августа басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 31—32, 33—43-беттер).

Козьминых-Ланин жинаған статистикалық деректерді Ленин 1913 жылы сентябрьде Москваның «Наш Путь» газетінде жарияланған «Цифрлар тілі» деген мақаласында пайдаланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 470—476-беттер).

Тіпті 1912 жылы августа Ленин алғашқы рецензиясында Козьминых-Ланин Москва губерниясының фабрикаларындағы мерзімнен артық жұмыстар туралы баспаға арнаулы еңбек әзірледі деп жазған болатын. Бұл мақаласы 1914 жылы жарық көрген сол еңбекке арналған рецензия болып табылады. — *231.*

95 1914 жылы 30 мартта (12 апрельде) «Путь Правды» газетінің 50-номерінде Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядағы жікке бөліну туралы мәселе жөніндегі қарары басылды. Қарарда Думадағы социал-демократиялық фракцияның партия программасын, уставын және партия шешімдерін мойындауды шарт етіп қойған бірлігі қажет екендігі атап көрсетілді (қараңыз: осы том, 23—28-беттер).

Латыш съезінің қарарына байланысты «Путь Правдының» нақ сол номерінде меньшевик депутаттарға олардың латыш жұмысшылары ұсынған принциптерге қалай қарайтындығы туралы «Жария сауал» басылды. Большевиктік газеттің сауалын меньшевиктер үнсіз қалдырды. Содан барып «Путь Правдының» 1914 жылғы 17 апрельдегі 63-номерінде Думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы «Ашық хат» жазып, меньшевик депутаттардан қойылған сұраққа дәл де айқын жауап қайтаруды талап етті.

«Ашық хатқа» меньшевиктер «Жария жауап» қайтарды, ол 4 (17) майда «Наша Рабочая Газетада» жарияланды; В. И. Лениннің осы мақаласы сол «Жария жауапты» талдауға арналған. — *235.*

96 В. И. Ленин бұл арада РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының қарарынан цитат келтіріп отыр, ол қарар — «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бүкіл россиялық конференциясы. (1908 жылы декабрьде)». «Пролетарий» газетінің басылымы. Paris, 1909, 38 бет (қара-

ңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269-бет).— *237.*

97 *«Свобода»* тобын 1901 жыл май айында Е. О. Зеленский (Надеждин) құрған болатын; топ өзін «революциялық-социалистік» топ деп атады. Топ Швейцарияда «Свобода» журналын шығарды (екі номері шықты: 1901 ж. № 1; және 1902 ж. № 2). Сонымен қатар топ мыналарды шығарды: «Революция қарсаңы. Теория және тактика мәселелеріне мерзімді емес шолу», № 1; «Отклики» газет-журналы, № 1; «Россияда революционизмнің қайта жандануы» деген программалық кітапша және басқалар. «Свобода» тобы терроризм мен «экономизм» идеяларын уағыздады, Петербург «экономистерімен» одақтасып, «Искраға» және РСДРП Петербург комитетіне қарсы шықты. Топ 1903 жылы өмір сүруін тоқтатты.

«Күрес» тобы 1900 жылы жазда Парижде құрылды, оның құрамында Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов, Э. Л. Гуревич болды. Топ 1901 жылы майда «Күрес» деп аталды. Өзінің басылымдарында «Күрес» тобы марксизмнің революциялық теориясын бұрмалап, оны доктринерлік-схоластикалық рухта түсіндірді, партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне дұшпандық көзбен қарады. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан ауытқығаны, іріткі салушылық әрекеттер жасағаны және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланыс жасамағаны себепті топ II съезге жіберілмеді. РСДРП II съезінің шешімі бойынша «Күрес» тобы таратылды.— *242.*

98 *«Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер»* деген мақаланы В. И. Ленин жұмысшы баспасөзіне арналған ақша қаражаты туралы көлемді, мұқият жиналған және терең талданған цифрлар мен фактілерге сүйеніп жазды, бұл цифрлар мен фактілер Россияның жұмысшы қозғалысындағы әр түрлі ағымдардың күшін объективті түрде көрсетіп берді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің қолжазбалары—«Правда» газеті жинаған ақша қаражаты есептелген, «Цайт» газеті біріктірген жұмысшы топтары және олардың жинаған қаражаты есептелген, мақалада келтірілген кестеге арналған есептер келтірілген (қараңыз: осы том, 272—274-беттер), әр түрлі газеттердің пайдасына қай жерде және қанша қаражат жиналғандығын көрсететін цифрлы деректер жиынтықталған қағаздар сақтаулы. Сондай-ақ «Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер» деген мақала конспектісінің алғашқы нобайы мен конспектісі сақталған. Осы мақалада келтірілген цифрларды Ленин өзінің кейінгі еңбектерінде де пайдаланған. —*270.*

99 Бұл арада әңгіме 1914 жылғы январьдан майға дейін Нарвада аптасына үш рет шығып тұрған, «Правда» бағытындағы эстон газеті — *«Töö Hääl»* («Еңбек Үні») және 1913—1914 жж. Ригада шыққан апталық литван газеті — *«Vilnis»* («Толқын») туралы болып отыр.— *274.*

100 Әңгіме Москвада шығып тұрған жария жұмысшы газеті — *«Наш Путь»* («Біздің Жол») жайында болып отыр. Газеттің бірінші номері 1913 жылы 25 августа (7 сентябрьде) шықты. В. И. Ленин газетке белсене қатысты, ол өзінің мақалаларын «Правдаға» да, «Наш Путьке» де жіберіп отырды. «Наш Путь» газетінде Лениннің бірқатар мақалалары басылды, олар: «Россиялық буржуазия және россиялық реформизм», «Азаттық қозғалысында сословиелер мен таптардың ролі», «Дублиндегі таптық шайқас», «Дублиндегі шайқастан кейін бір апта өткен соң», «Саясаттың принциптік мәселелері», «Гарри Квелч» және басқалар.

«Наш Путь» газеті қызметкерлері ішінде мыналар болды: А. М. Горький, Демьян Бедный, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары — А. Е. Бадаев, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов.

«Наш Путь» газеті жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды, жұмысшылардың 395 тобы өздерінің жинаған ақшасымен газетті қолдап отырды. Газет полиция тарапынан үздіксіз қуғынға ұшырады, сөйтіп 1913 жылы 12 (25) сентябрьде жабылды; барлығы 16 номері шықты. Газеттің жабылуына Москва жұмысшылары ереуіл жасап қарсылық білдірді, бірақ оны қайтадан шығарудың сәті түспеді. —*274.*

101 «Трудовая Правда» газетінің 1914 жылғы 11 июньдегі 12-номерінде «Бұл қалай болып отыр?» деген атпен заметка басылды. Заметкада жойымпаздардың органы—«Наша Рабочая Газетаның» жұмысшылардан түскен корреспонденциялар деген сылтаумен жұмысшы өмірінің шын фактілерін бұрмалап көрсеткен буржуазиялық газеттердің мағлұматтарын көшіріп басуға бірнеше рет жол бергені айтылған.— *276.*

102 *«1914 жылға арналған Жұмысшы серігі»*— 1913 жылы декабрьде партиялық «Прибой» баспасы шығарған қойын календары. Календарьдың басылған даналары бір күнде тарап кетті. 1914 жылы өңделіп, екінші рет басылып шықты.

«Жұмысшы серігінде» Ленин «Россиядағы стачкалар» деген мақаласын бастырды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 234—238-беттер). — *276.*

103 Ленин бұл арада 1903 жылғы РСДРП II съезінің «Социалист-революционерлер туралы» қарарын, РСДРП V (Лондон) съезінің (1907) «Буржуазиялық партияларға көзқарас тура-

лы» қарарын, РСДРП Орталық Комитеті Поронин кеңесінің «Халықшылдар туралы» қарарын айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 77—78, 168—170, 426—427-беттер). — *278.*

104 Бұл арада әңгіме Венада өтуге тиісті халықаралық X конгресс туралы болып отыр. Вена конгресі туралы мәселе 1913 жылы декабрьде Халықаралық социалистік бюроның мәжілісінде талқыланды. Конгресті 1914 жылы августа шақыру, бұл күнге Бірінші Интернационалдың елу жылдығын мерекелеуді тұстас келтіру жөнінде қаулы қабылданды. Конгрестің күн тәртібіне мына мәселелер енгізілді: 1) тұрмыс нарқының қымбаттауы, 2) империализм және милитаризмге қарсы күрес, бұл мәселеге бағыныштм мәселелер ретінде мыналар қосылды: а) шығыс мәселесі; б) ұлттар арасындағы міндетті арбитраж соттар және в) Европа Құрама Штаттары, 3) алкоголизм, 4) жұмыссыздық, 5) Россиядағы саяси тұтқындар мен жер аударылғандардың жағдайы және 6) әр түрлі мәселелер.

Делегаттардың саны елдің дауыстарының санынан әрі кеткенде алты еседен аспауға тиіс болды. Россияның 20 даусы болды, демек, социал-демократтар мен солшыл халықшылдардың екі кіші секциясы мен кәсіподақтарды қосып есептегенде 120 делегаттан аспауға тиіс.

Венада болатын халықаралық социалистік конгресс туралы мәселе Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде талқыланды. Осы мәселе жөнінде баяндама жасаған Ленин Вена конгресінде социал-демократ жұмысшылар көпшілік болуы үшін барлық шараларды қолдануды ұсынды.

1914 жылы июльдің аяғында халықаралық социалистік конгрестің сайлауы аяқталып қалған еді, алайда басталып кеткен бірінші дүние жүзілік соғыс Вена конгресін шақыруға бөгет жасады. — *280.*

105 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман»)—Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. Марксизмнің негізін салушылардың кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол берілгені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықара-

лық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, П. Лафарг және басқалар жазып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *287.*

106 *«Научная Мысль»* («Ғылыми Ой»)— меньшевиктік бағыттағы журнал, 1908 жылы Ригада шығып тұрды. — *287.*

107 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 774-бет). — *290.*

108 *«Przegląd Socjaldemokratyczny»* («Социал-Демократиялық Шолу») — журнал, поляк социал-демократтары 1902 жылдан 1904 жылға дейін және 1908 жылдан 1910 жылға дейін Краковта Р. Люксембургтің белсенді атсалысуымен шығарып тұрды. — *295.*

109 Бұл арада 1899 жылы сентябрьдің 24-інен 29-ына дейін Брюнн қаласында (Австрия) өткен Австрия социал-демократиялық партиясының съезі айтылып отыр. Съездің күн тәртібінде ұлт мәселесі басты мәселе болды. Съезге екі түрлі көзқарасты білдірген екі қарар ұсынылды: 1) партияның Орталық Комитетінің қарары жалпы алғанда ұлттардың территориялық автономиясын жақтады және 2) Оңтүстік-славян социал-демократиялық партиясы комитетінің қарары экстерриториялық мәдени-ұлттық автономияны жақтады.

Съезд мәдени-ұлттық автономия программасын бірауыздан қабылдамай тастап, Австрия мемлекеті ішінде ұлттық автономияны таныған ымырашыл қарар қабылдады (В. И. Лениннің «Австриядағы және Россиядағы ұлттық программаның тарихы жөнінде» деген мақаласын қараңыз, Шығармалар толық жинағы, 24-том, 336—338-беттер).—*300.*

110 Бұл арада әңгіме 1913 жылы 19—22 июньде (2—5 июльде) Львовта болған *Студенттердің бүкіл украиндық екінші съезі* туралы болып отыр; съезд украинның ұлы жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері, революцияшыл демократ Иван Франконың мерекесі құрметіне арналған салтанатқа тұстас келтірілді. Съездің жұмысына Россиядағы украин студенттерінің өкілдері де қатысты. Съезде украин социал-демократы Донцов «Украина жастары және ұлттың қазіргі жағдайы» деген тақырыпта баяндама жасады, ол «дербес» Украина ұранын қорғады.—*309.*

111 *«Шляхи»* («Жолдар») — ұлтшылдық бағыттағы Украин студенттік одағының органы; 1913 жылғы апрельден 1914 жылғы мартқа дейін Львовта шығып тұрды.—*310.*

«Земщина» («Земствошылдық») — қаражүздік күнделікті газет; 1909 жылғы июньнен 1917 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды. Мемлекеттік думаның барып тұрған оңшыл депутаттарының органы.—*312.*

113 Ленин бұл арада Г. И. Успенскийдің «Үйшік» деген очеркінен алынған сөздерді келтіріп отыр.—*313.*

114 Ленин бұл арада А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» деген комедиясынан алынған сөздерді келтіріп отыр.—*317.*

115 *«Напшуд»* — «Naprzód» («Алға») — газет, Галиция мен Силезия социал-демократиялық партиясының орталық органы; 1892 жылдан бастап Краковта шығып тұрды. Газет ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық идеологияны білдіруші болды. Ленин «Напшудты» «өте нашар орган, әсте маркстік орган емес» деп сипаттады.—*321.*

116 Ленин бұл арада патша самодержавиесінің езгісіне қарсы бағытталған 1863—1864 жылдардағы поляк ұлт-азаттық қозғалысы туралы айтып отыр. Патша үкіметі және Польшаның билеуші топтарының революциялық пиғылдағы жастарды қалалардан жаппай кетіру мақсатымен ерекше рекрут жинауға ұйғаруы көтеріліске тікелей түрткі болды. Алғашқы кезде көтеріліске 1862 жылы «қызылдардың» ұсақ шляхталық партиясы құрған Орталық ұлттық комитет басшылық етті. Польшаның ұлттық тәуелсіздігін, діні мен шыққан тегіне қарамастан елдегі барлық еркектердің тең праволы болуын, шаруалар өңдеген жердің олардың толық меншігіне тегін берілуін, барщинаның жойылуын, помещиктерге жер үшін мемлекеттік қаржыдан төлем берілуін және т. б. талап еткен Орталық ұлттық комитеттің программасы поляк халқының мейлінше алуан түрлі топтарын: қолөнершілерді, жұмысшыларды, студенттерді, шляхталық интеллигенцияны, шаруалардың, дін басылардың бір бөлегін көтеріліске тартты.

Көтерілістің барысында оған «ақтар» партиясының (ірі жер аристократиясы мен ірі буржуазия партиясы) төңірегіне біріккен элементтер қосылды, олар көтерілісті өз мүдделеріне пайдалануға және Англия мен Францияның көмегіне сүйеніп патша үкіметімен тиімді келісім жасауға тырысты.

Россияның революциялық демократиясы көтеріліс жасаушыларға барынша тілектес болды. Н. Г. Чернышевскиймен байланыс жасап тұрған құпия «Жер және ерік» қоғамының мүшелері көтерілісшілерге қандай да болсын көмек көрсетуге тырысты. «Жер және еріктің» орталық комитеті «Орыс

офицерлері мен солдаттарына» деген үндеу хат шығарып, ол көтерілісшілерді басуға жіберілген әскерлерге таратылды. А. И. Герцен мен Н. П. Огарев «Колоколда» поляк халқының күресіне арналған бірқатар мақалалар басып, көтерілісшілерге материалдық көмек көрсетті.

Революциялық инициативадан айрылып қалған «қызылдар» партиясының дәйексіздігі салдарынан көтеріліске басшылық ету «ақтар» партиясына көшті, ал ол көтерілісті сатып кетті. 1864 жылдың жазына қарай патша әскерлері көтерілісті аяусыз басып-жаншыты.

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1863—1864 жылдардағы поляк көтерілісін прогресшіл көтеріліс деп бағалап, оған зор тілектестік білдірді, поляк халқының ұлт азаттығы жолындағы күресінде оның жеңіске жетуін тіледі. Лондондағы неміс эмиграциясы атынан Маркс поляктарға көмек көрсету туралы үндеу хат жазды.—*329.*

117 Ленин бұл арада В. Либкнехттің К. Маркс туралы естеліктерін айтып отыр (қараңыз: «Маркс туралы естеліктер» деген жинақ, 1956, 92-бет).—*331.*

118 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 348-бет.—*332.*

119 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 210—211 беттер.—*332.*

120 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 161, 192, 192—193-беттер.—*333.*

121 *«Таймс»*—«The Times» («Замана»)—1785 жылы Лондонда негізі қаланған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консерваторлық газеттерінің бірі.—*334.*

122 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 413—414-беттер.—*334.*

123 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 464, 480, 488-беттер.—*335.*

124 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 133, 240—241, 233-беттер.—*335.*

125 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 250-бет.—*336.*

126 *«Нью-Йорк Трибунасы»* — («The New-York Daily Tribune») 1841 жылдан 1924 жылға дейін шығып тұрған американ газеті. Газет 50-жылдардың орта кезіне дейін американ вигилері сол қанатының органы, одан кейін республикалық пар-

тияның органы болды. 1851 жылдың августынан 1862 жылдың мартына дейін газетке К. Маркс жазып тұрды. Бұл газет үшін көптеген мақалаларды К. Маркстің өтінуі бойынша Ф. Энгельс жазды. Европада басталған реакция кезінде К. Маркс пен Ф. Энгельс кең таралып отырған, сол кездегі прогресшіл газетті капиталистік қоғамның кеселдерін нақты материалдар негізінде әшкерелеу үшін пайдаланды. Америкадағы Азамат соғысы кезінде К. Маркс газетке қатысуын қойды. Құл иеленушілермен ымыраласуды жақтаушылардың редакцияда күшеюі және газеттің прогресшіл позициялардан алшақтауы Маркстің «The New-York Daily Tribune»-ден қол үзуінде елеулі роль атқарды. Бұдан әрі газеттің бағыты барған сайын оңға қарай ойыса берді.—*337*.

127 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 248, 249-беттер.—*337*.

128 Ленин бұл арада «Заряның» 1902 жылғы 4-номерінде жарияланған Г. В. Плехановтың «Россия социал-демократиялық партиясы программасының жобасы» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр.

«Заря» («Таң»)—маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері—1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері —1902 жылдың августында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» және «Заря» редакциясының ішінде алауыздық туып, жанжал шыққан кезде Плеханов («Заряны» өзі редакциялауды көздеп) журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп ол органдардың редакциясы үнемі ортақ қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны куушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім. II. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы рөлінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.—*341*.

129 Бұл сөздер М. Е. Салтыков-Щедриннің «Шетелде» деген очерктерінен алынған.—*347*.

130 В. И. Ленин бұл арада Н. Г. Помяловскийдің «Бурса очерктері» деген шығармасынан алынған сөздерді келтіріп отыр.—*347*.

131 Ленин бұл арада Қырым соғысы кезінде 1855 жылы 4 августа Черная өзенінде болған шайқас туралы Севастополь солдаттарының әнінен алынған сөздерді келтіріп отыр. Әннің сөзін жазған Л. Н. Толстой еді.—*349*.

132 Ленин бұл арада 1849 жылы июньде ұсақ буржуазиялық демократияның бой көрсетуі жеңіліске ұшырағаннан кейін Францияның жұмысшы табы мен демократияшыл ұсақ буржуазиясына буржуазиялық контрреволюцияның шабуыл жасауы туралы айтып отыр.

1871 жыл туралы сөз еткенде Ленин Париж жұмысшыларының 1871 жылғы 18 марттағы көтерілісі туралы айтып отыр, бұл көтерілістің нәтижесінде тарихта тұңғыш рет пролетариат диктатурасының үкіметі — Париж Коммунасы құрылған болатын. Коммуна жеңіліске ұшырады. «Францияның бүкіл буржуазиясы, барлық помещиктер, биржашылар, фабриканттар, үлкенді-кішілі барлық ұрылар, барлық қанаушылар» (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 235-бет) Коммунаға қарсы өршеленген ызамен бірігіп кетті. Бисмарк белсене көмек көрсеткен бұл коалиция көтеріліске шыққан Парижге қарсы соғыс қимылдарын бастады, ал жеңіске жеткеннен кейін қала көшелерін халықтың қанына бояды. Кем дегенде 30 000 коммунар өлтіріліп, 50 000 коммунар тұтқындалды, бұлардың көбі дарға асылды, мыңдаған коммунарлар каторгаға айдалып, жер аударылды.

Париж Коммунасы туралы В. И. Лениннің мына еңбектерінен қараңыз: «Париж Коммунасы туралы баяндаманың үш конспектісі», «Коммуна туралы баяндама жоспары», «Коммунаның сабақтары», «Коммунаны еске түсіру», «Мемлекет және революция», III тарау (Шығармалар толық жинағы, 8-том, 515—526-беттер; 9-том, 358—361-беттер; 16-том, 485—488-беттер; 20-том, 233—238-беттер; Шығармалар, 25-том, 428—450-беттер).—*355*.

133 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 448—457-беттер.—*357*.

134 *Шаруалар одағы* (Бүкіл россиялық шаруалар одағы) — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, оның

өзі, «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын... ұйымы» болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *363*.

135 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет, Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін қалаған. 1905 жылы газет Россияда басталған революцияны құттықтап, «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтастығын білдірді. Газет редакциясы орыс революциясына арнап қаржы жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен газеттің басшысы және оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдарда газет қарулы күштерін Совет республикасына қарсы күресуге жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның Орталық органы болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың басында, 1939 жылғы августа, француз үкіметі газетке тыйым салды, сөйтіп ол құпия жағдайға көшті. Францияны гитлерлік әскерлер оккупациялаған кезеңде (1940—1944) газет құпия шығып тұрды. Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте газет орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігін нығайту жолында, жұмысшы табының қимыл бірлігі жолында, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту жолында, демократия және әлеуметтік прогресс жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді.—*365*.

136 Мартов пен Даннан күдікті лақаптар таратумен айналысуды емес, қол қойып тұрып тікелей айып тағуды талап еткен Лениннің телеграммасы «Рабочий» газетінің 1914 жылғы 25 майдағы 4-номерінде басылды.—*380*.

137 Ленин Н. А. Некрасовтың «Қырқыншы жылдар адамы» деген өлеңінен біраз өзгертіп, цитат алып отыр.—*385*.

[138] Жойымпаздық «Наша Рабочая Газетаның» большевиктерге қарсы жалақорлық шабуылына байланысты бір топ марксистер газетті жол беруге болмайтын әрекеті үшін айыптау жөнінде Г. В. Плехановтан өздерінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болуды өтінді. Жойымпаздық органның әрекетіне ыза білдірген Плеханов, алайда, Халықаралық социалистік бюрода сөз сөйлеуден бас тартты, сөйтіп мұнысы арқылы жалақорларды ақтады. Содан барып «Марксистер тобы» 1914 жылы 5(18) июньде «Трудовая Правда» газетінде «Мәлімдеме» бастырды, онда Плехановтың қылығын «жоғары дипломатиялық қадам» деп сипаттады.— *387.*

[139] Қараңыз: К. Маркс. «Философия қайыршылығы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 142-бет).— *390.*

[140] *РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ»* құпия газеті; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншіктегі баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті шығаруға екінші рет әрекет жасалды. Газеттің басылып қойған тиражының көбісі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909—декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914—январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин еді. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте В. И. Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде В. И. Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асырылуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның мүшелері меньшевиктер—Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясындағы жұмысқа саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресуі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды, социализмнің бастапқыда бірнеше елде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда тарауы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-Демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.— *396.*

141 *«Украин жұмысшыларына үндеу»* «Трудовая Правда» газетінің 1914 жылғы 29 июньдегі 28-номерінде Оксен Лоланың қолы қойылып, украин тілінде басылды, ол жұмысшыларды капиталға қарсы күресу үшін ұлтына қарамай бірігуге және «Трудовая Правданың» жанынан «Украин жұмысшылары листогын» шығаруға шақырды.

«Үндеудің» жобасын Ленин 1914 жылы көктемде орыс тілінде жазып, Инесса Арманд арқылы О. Н. Лолаға жіберді. «Үндеу» «Путь Правды» газетінің қосымшасы—«Шахтерский Листокқа» арналып жазылған еді. Жобаны О. Н. Лолаға жібере отырып, Ленин жұмысшыларды ұлтына қарай бөлуге қарсылық білдіріліп, бірлікті жақтаған үн нақ сол украин социал-демократтарының ортасынан естілуі үшін Лола украин тілінде үндеу жазуы қажет деп санады. «Украин жұмысшылары листогын» шығару іске аспады.— *400.*

142 *РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы* екі (толық емес) қолжазба түрінде сақталған: бірі — Лениннің қолжазбасы, екіншісі — Н. К. Крупскаяның апасы Е. В. Крупскаяның қолымен жасалған көшірме, онда Владимир Ильичтің түзетулері бар. Сондай-ақ Лениннің қолжазбалары — Орталық Комитеттің кеңестегі делегациясына арналған нұсқаулар: «Privées

заметкалар», «Баяндамаға енбейтін» заметкалар және осы мәселе жөніндегі хаттар сақталған. Бұл документтер Лениннің россиялық және халықаралық оппортунизмге қарсы күресін көрсетеді. Баяндамада большевизмнің реакция кезеңіндегі және жаңа революциялық өрлеу жылдарындағы дамуының тұтас бір заманы қорытындыланған.

Россия жұмысшы қозғалысындағы барлық оппортунистік ағымдар мен топтарды большевиктердің жеңуіне абыржыған II Интернационалдың басшылары бұл ағымдар мен топтарға жәрдем беруге асықты. Осы мақсатпен Брюссельде РСДРП-да бірлікті қалпына келтіру мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде бейнебір «пікір алысуға арналған» кеңес шақырылды. Интернационал лидерлері РСДРП-да «татулық» орнатамыз деген желеумен россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы ымырасыз күрес жүргізіп отырған жаңа тұрпатты партияны — дербес большевиктік партияны жоюдың жоспарын белгіледі.

Кеңестен көп бұрын Интернационалдың басшылары большевиктерге қарсы бірлесіп қимыл жасау туралы жойымпаздармен жасырын түрде сөз байласты. Халықаралық социалистік бюроның председателі Э. Вандервельде 1914 жылы жазда Петербургте болғанда жойымпаз-меньшевиктермен алдағы кеңестің сипаты жайында келіс сөз жүргізді. Вандервельде жойымпаздарға тілектес екендігі жөнінде оларды сендірді және Халықаралық социалистік бюро большевиктер мен меньшевиктер арасындағы алауыздықтардың шын мәні жөнінде делдал емес, төреші болады және нақты шешімдер қабылдайды деп олармен келісті. Вандервельде большевиктерді «қыспаққа алғым» келетіндігін олар сезбеуі үшін олармен сөйлеспеймін деп Мартовқа ескертіп қойды. «Мұны,— деді Вандервельде Мартовқа сырын ашып,— ресми әңгімеге дейін қоя тұру керек». Вандервельдемен кездескеннен кейін Мартов Аксельродқа Интернационалдың басшыларын Брюссель кеңесіне «психологиялық жағынан дайындау» мағынасында өзінің біраз жұмыс тындырғандығын хабарлады.

Брюссель «бірігу» кеңесі 1914 жылы 16—18 июльде болды, оны Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылғы декабрь сессиясының шешіміне сәйкес Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті шақырды. Кеңеске мыналардан өкілдер қатысты: РСДРП Орталық Комитеті (большевиктер); Ұйымдастыру комитеті (меньшевиктер) мен оған қосылған ұйымдар (Кавказ облыстық комитеті және «Күрес» тобы (троцкистер)); Думадағы социал-демократиялық фракция (меньшевиктер); Плехановтың «Бірлік» тобы; «Вперед» тобы; Бунд; Латыш өлкесі социал-демократиясы; Литва социал-демократиясы; поляк социал-демократтары; поляк социал-демократиялық оппозициясы; Поляк социалистік партиясы («солшылдар»).

Ленин, большевиктер Брюссель кеңесінің көздеген шын мақсаттарын түсінді, алайда оған қатысудан бас тарту Россиядағы жұмысшыларға түсініксіз болар еді, ал россиялық және халықаралық оппортунистер үшін бірігуге бөгет жасады деп большевиктерге демагогтық айыптар тағуға сылтау болар еді. Сондықтан РСДРП Орталық Комитеті кеңеске өз делегациясын жіберді, оның құрамына Инесса Арманд (Петрова), М. Ф. Владимирский (Камский), И. Ф. Попов (Павлов) кірді. Ленин Орталық Комитеттің делегациясын кеңеске мұқият әзірледі: делегацияға арнап баяндама мен егжей-тегжейлі нұсқаулар жазды, оны россиялық оппортунистер мен олардың дем берушілерінің шын бейнесін әшкерелейтін қажетті материалдармен, документтермен және нақты деректермен қамтамасыз етті.

Поронинде тұрған Ленин Орталық Комитеттің делегациясына басшылық етті, делегация онымен өте тығыз байланыс жасап отырды. Ленинге жиі хат жазумен қатар оған күн сайын кеңестің делегация мүшелері жазған протоколдары, ал төтенше жағдайларда — телеграммалар жіберіліп тұрды. Кеңестің барысын алдын ала болжап отырған Ленин Орталық Комитеттің делегациясын тегеурінді позиция ұстауға, Халықаралық социалистік бюроның декабрь сессиясының шешімінде мәлімделгеніндей, Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті төреші емес, делдал екендігін мықтап еске тұтып, кеңесте осыны қорғауға үйретті. «Бізге бөтеннің еркін күштеп таңуға ешкімнің правосы жоқ»,— деп жазды Ленин Орталық Комитеттің делегациясына.

Кеңес алғашқы сәттен бастап большевиктердің россиялық және халықаралық оппортунистерге қарсы мейлінше шиеленіскен күресі жағдайында өтті. Кеңесті ашқан Гюисманс Халықаралық социалистік бюро Россияда қай топ немесе ағым күштірек немесе әлсіздеу деген мәселеге көңіл бөлмейді деп ескертті. Мұның өзі, деді ол, бірігуге қатысы жоқ статистика. Большевиктер бұған наразылық білдіріп, маркстік, жойымпаздық және басқа ағымдардың шын күші жайындағы объективті статистикалық деректердің ақпарын Халықаралық социалистік бюроға енгізетіні және салыстыру үшін өздерінің цифрлы деректерін енгізуге басқа делегациялардың бәрін шақыратыны туралы мәлімдеме жариялады. Вандервельде, Каутский, Плеханов, Аксельрод және Алексинский большевиктердің наразылығына дүрсе қоя берді. Вандервельде бәрінің де көпшілік туралы цифрлар мен айтыстарға барып тірелуіне Интернационал жол бермейді деп мәлімдеді. Жойымпаздардың шетелдік қорғаушылары олардың Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының объективті деректерін елеусіз қалдыра отырып, кеңесте жалаң сөзге негізделген пайымдаулар жасауына мүмкіндік беруге тырысты.

Каутскийдің ұсынысы бойынша кеңес мынадай күн тәртібін бекітті: 1. Программалық алауыздықтар; 2. Тактикалық алауыздықтар; 3. Ұйымдық мәселе. Кеңес тек пікір алысумен

ғана шектелуге тиіс екендігіне қарамастан, Вандервельде кеңес күн тәртібінің барлық үш пункті бойынша шешімдер қабылдайды деп ескертті. Орталық Комитеттің делегациясы, Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, делегациялардың баяндамаларын және олардың әрқайсысының бірлікті қамтамасыз ету үшін қажет деп санайтын нақты шарттарын тыңдау жөнінде ұсыныс жасады. Большевиктердің табандылығы арқасында қабылданған күн тәртібінен бас тартып, даулы мәселелер жөнінде баяндамалар жасауға және делегациялардың бірігудің нақты шарттарын тұжырымдауына көшу ұйғарылды.

Кеңес жұмысында РСДРП Орталық Комитетінің Ленин жазған баяндамасына басты назар аударылды, оны 17 июльдегі таңертеңгі мәжілісте Инесса Арманд француз тілінде оқып берді. Халықаралық социалистік бюроның басшылары баяндаманың текстін түгел оқып шығуға рұқсат етпеді, сондықтан Арманд оның тек бір бөлегін ғана баяндауға, сөйтіп бірлік шарттарына көшуге мәжбүр болды. Бірігудің лениндік шарттарында мәселенің принципті түрде қойылуын оппортунистер ашу-ызамен қарсы алды. Плеханов бұл бірігу шарттары емес, «жаңа қылмыстық заңдар жинағының статьялары» деп мәлімдеді. Мартов, Алексинский, Ионов, Семковский және басқалар Орталық Комитеттің баяндамасы «ленишілдерге төзуге болмайтындығын», «өздерін «большевиктер» деп атауға лениншілдердің правосы жоқ екендігін», «шарттар» деген «Интернационалды келемеждеу» және т. т. екендігін сипаттайды деп айқай-шу көтерді.

Вандервельде және басқалар большевиктерді қорқытпақ болып, өздері біріктірмек болып отырғандардың атына балағат сөздерді үйіп-төгіп, қоқан-лоққы көрсетті. Істің насырға шапқаны соншалық, тіпті Ленин Брюссельде жасырынып жүр екен-міс деген, Вандервельде мен Каутский қолдаған лақап таратылды. Орталық Комитеттің делегациясы бұл туралы Владимир Ильичке хабарлады, ал Ленин Вандервельденің Петербургке барған сапарына байланысты материалдарды кеңестің басшылары адресіне жібергені туралы дереу оларға телеграмма жіберді. Лениннің Поронинде екендігі осылай куәландырылып, өсек таратушылар масқара болды.

Халықаралық социалистік бюроның лидерлері жойымпаздарды қорғай отырып, большевиктердің бірлік шарттары туралы нақты ұсыныстарын мейлінше ашулы түрде қарсы алды. Каутский мұның өзі «қылмыстық істер кодексі», «жақтан осып жіберу, өзін өзі өлтіруді талап ету» деп мәлімдеді. Вандервельде тіпті бұл шарттар Россияда мақұлданғанымен де, Интернационал оларды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді деп қорқытты.

Халықаралық социалистік бюроның атынан Каутский РСДРП-ны біріктіру туралы қарар ұсынды, онда Россия социал-демократиясында бірлікке бөгет жасайтындай ешқандай елеулі алауыздықтар жоқ деп пайымдалды. Каутскийді

Ұйымдастыру комитеті және Орталық Комитет делегациясы мен Ленинге өршелене шабуыл жасаумен болған Плеханов қолдады. Р. Люксембург қате позиция ұстады, ол Плехановпен, Вандервельдемен, Каутскиймен және басқалармен бірге большевиктердің меньшевиктермен бірігуін қорғады. Қарар енгізу кеңестің өкілдігі шегінен шығып кететіндіктеп большевиктер мен латыш социал-демократтары қарарға дауыс беруге қатысудан бас тартты. Бірақ Халықаралық социалистік бюроның қарары көпшілік дауыспен қабылданды. Кеңесте большевиктермен және латыш социал-демократтарымен бір сапта болған поляк оппозициясы Халықаралық социалистік бюроның қарарын жақтап дауыс берді. (Бұл туралы мыналарды қараңыз: «Брюссель конференциясындағы поляк оппозициясы» және «Поляк социал-демократиялық оппозициясы аңтарылып қалуда» — осы том, 474, 475—476-беттер).

Ленин бастаған большевиктер Брюссель кеңесінің шешімдеріне бағынудан бас тартты. II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің большевиктік партияны жоймақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Бітістірушілер болып көрінгілері келген Интернационал көсемдерінің шын мақсаттарын Ленин, большевиктер халықаралық пролетариат алдында әшкерелеп берді. Брюссель кеңесінде болған Орталық Комитеттің делегациясына партиялық бағытты шебер әрі жігерлі түрде қорғағаны үшін Орталық Комитет алғыс айтты (қараңыз: осы том, 473-бет).

Брюссель кеңесінен кейін болған жойымпаздардың, троцкистердің, впередшілдердің, плехановшылдардың, бундшылдардың және Кавказ облыстық ұйымы өкілдерінің жеке кеңесінде осы топтардың большевиктерге қарсы блогы жасалды. Брюссель («үшінші июль») блогы оған қатысушылардың бәрінің саяси жағынан іріп-шіріген жағдайының екіжүзділік бүркеніші болды; блоктың көп кешікпей ыдырай бастауы РСДРП-ның россиялық және батысеуропалық «біріктірушілері» саясатының жалғандығын дәлелдеді. — *401.*

143 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғынға ұшыратылды, жер аударылды. Алайда қуғындау мен жазалау социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларды құпия Орталық Комитет

басқарды. Партия астыртын жұмыс істей отырып, бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды, оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Бұқаралық қозғалыс пен барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *408.*

144 *«Жұрт сенген адамдар»*—Орталық Комитет пен жергілікті социал-демократиялық топтардың арасында тұрақты жанды байланыс орнату үшін, сонымен қатар жұмысшы қозғалысының ірі-ірі орталықтарында жергілікті жұмысқа басшылық етудің икемді формаларын жасау үшін бөлінген алдыңғы қатарлы жұмысшылар.

Жұрт сенген адамдар жүйесін жасау міндеті РСДРП Орталық Комитетінің 1913 жылғы Краков кеңесінде қойылған болатын (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 393—394-беттер).—*408.*

145 *«Орталық Комитеттің шетелдік бюросының» техникалық комиссиясы* (Шетелдік техникалық комиссия, ТК) РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесі 1911 жылғы 1(14) июньдегі мәжілісте партия баспасына, транспортқа және т. т. байланысты техникалық қызметтер атқару үшін құрған болатын. Орталық Комитеттің пленумына дейін Техникалық комиссия уақытша орган ретінде июнь кеңесіне қатысқан Орталық Комитет мүшелерінің тобына бағынды. Комиссияға большевиктерден, ымырашылдардан және поляк социал-демократиясынан бір-бір өкілден енді. Комиссияның ымырашыл көпшілігі—М. К. Владимиров пен оны қолдаған В. Л. Ледер—Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына берілетін, партия конференциясын шақыру қорына арналған ақшаны, сондай-ақ большевиктік «Звезда» газетін шығаруға қаржы бөлуді кешеуілдетіп келді, партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығаруды кешіктіруге тырысты. Техникалық комиссия өзінің баспасөз органы «Информационный Бюллетеньде» Ленин мен большевиктерге шабуыл жасады. Комиссияның 19 октябрьдегі (1 ноябрьдегі) мәжілісінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының «Хабарламасы» мен қарарларын талқылаған кезде большевиктердің өкілі М. Ф. Владимирский Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шешімдеріне бағыну жөнінде ұсыныс енгізді. Ұсыныс қабылданбады, осыған байланысты Владимирский комиссиядан шықты, сөйтіп большевиктер комиссиямен байланыс атаулының бәрін үзді.— *411.*

146 *Россиялық ұйымдастыру комиссиясы* (РҰК) бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру үшін РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесінің шешімі бойынша құрылған болатын. Ол сентябрьдің аяқ кезінде жергілікті партия ұйымдары өкілдерінің кеңесінде құрылып, РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы ашылғанға дейін жұмыс істеді.—*411.*

147 Кавказдың социал-демократиялық большевиктік ұйымдары интернационализм негіздерінде құрылды, олар өз қатарларында әр түрлі ұлттардың алдыңғы қатарлы пролетарларын біріктірді. Кавказдың большевиктік ұйымдарының қызметін жоғары бағалай отырып, Ленин оларды барлық ұлттар жұмысшылары бірлігінің үлгісі ретінде талай рет атап көрсеткен болатын.—*429.*

148 *«Страхование Рабочих»* («Жұмысшыларды Қауіпсіздендіру») — жойымпаз-меньшевиктердің журналы; 1912—1918 жылдары Петербургте шығып тұрды.— *433.*

149 1905 жылы 3 февральда А. Бебель Герман социал-демократиясының басқармасы атынан В. И. Ленинге хат жазып, онда РСДРП-дағы ішкі партиялық күресті тоқтату үшін өзі председательдік ететін аралық сот ұйымдастыруды ұсынды. В. И. Ленин 1905 жылғы 7 февральдағы жауап хатында Бебельдің ұсынысын қабылдамай тастады, бұл мәселені шешуге праволы емеспін деп, Бебельдің ұсынысы тек партия съезіне ғана хабарлануы мүмкін деп мәлімдеді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 298-бет). Көпшілік Комитеттері Бюросы да Бебельге оның ұсынысын қабылдамайтындығын айтып жауап берді, ол жауап «Вперед» газетінің 1905 ж. 23(10) марттағы 11-номерінде жарияланды, онда былай деп атап көрсетілді: орыс социал-демократиясындағы ішкі партиялық күрестің мәнісі *«жеке бастық* немесе, ең болмағанда, *топтық* сипатта» болмай отыр, бұл сайып келгенде *«саяси идеялардың* қақтығысуы» болып отыр. Сондықтан мәселені сот емес, тек партия съезі ғана шеше алады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Документтер мен материалдар жинағы». М., 1955, 64—66-беттер). Съезде «Вперед» редакциясы А. Бебельдің хатын талқылауды көздесе де, ол хат туралы арнаулы баяндама болған жоқ. Алайда жарыс сөзде сөйлеген делегаттар А. Бебельдің ұсынысын қабылдамай тастады және Көпшілік Комитеттері Бюросының хатында баяндалған көзқарасты қуаттады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 49, 51—52, 57, 58, 312-беттер). Көпшілік Комитеттері Бюросының А. Бебельге қайтарған жауабын жергілікті ұйымдар да қолдады.—*449.*

150 *«Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі»* де-

ген мақала Лениннің «Думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылу тарихы жөніндегі материалдар» деген еңбегіне қосымша ретінде жазылған, бұл еңбек «За Правду» газетінен «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың II томына көшіріліп басылған (қараңыз: Шығармалар, 24-том, 103—121-беттер). Ленин «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақаланы 1914 жылы март — апрельде жазып, июнь айында бұл мақаласына маркстік газеттер мен жойымпаздық газеттерге Думадағы фракциялар арқылы жиналған қаржы туралы жаңа деректер бар қосымша енгізді (қараңыз: осы том, 458-бет). Мақаланың бірқатар дайындық материалдары бар. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің большевиктік «алтауды» және меньшевиктік «жетеуді» жақтап қойылған қолдарды есептеген, 1913 жылғы октябрьден 1914 жылғы 6 (19) июньге дейін Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы мен социал-демократиялық фракция арқылы өткен ақша сомасын есептеген қолжазбасы сақтаулы тұр.—*451.*

151 *«Ақиқатты бұрмалаудың бурениндік тәсілдері»*—қаражүздік-монархиялық «Новое Время» газетінің қызметкері Буренинге тән болған айтыстың арамзалық әдісі.—*452.*

152 *Жұмысшы баспасөзі күні* бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) шыққан «Правда» газетінің екі жылдығына тұстас келтірілді.

1914 жылы 21 мартта (3 апрельде) «Путь Правды» газетінің 42-номерінде «Бір топ правдистер» деп қол қойған, күнделікті большевиктік газеттің шығуы құрметіне 1914 жылғы 22 апрельді (5 майды) Жұмысшы баспасөзі күні деп жариялауға шақырған ашық хат басылды.

Баспасөз күнінің өткізілуіне байланысты РСДРП Орталық Комитеті халықаралық жұмысшы қозғалысы қайраткерлеріне және Россия жұмысшыларына үндеу хаттар жолдау жөнінде шешім қабылдады. Халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткерлерін газеттің мерекелік номеріне қатысуға шақырған үндеу Англиядағы, Франциядағы, Германиядағы, Италиядағы және басқа елдердегі большевиктік секциялар арқылы социалистік партиялардың, кәсіподақтардың және жұмысшы баспасөзі органдарының өкілдеріне таратылды. «Путь Правды» редакциясының тапсыруы бойынша үндеуге Мемлекеттік думаның мүшесі Г. И. Петровский қол қойды.

IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракция «Барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, жұмысшы баспасөзінің достарына» үндеу жолдады. Фракцияның барлық мүшелері өздерінің бір күндік табысын газет қорына бөлді.

«Путь Правды» редакциясы маркстік жұмысшы газеттері мен журналдарын, жұмысшы үйірмелерін, топтарын және

ұйымдарын Баспасөз күніне — жұмысшылардың ынтымағы күніне әзірленуге және оны өткізуге белсене қатысуға, мерекелік номер үшін материалдар жинау арқылы, бір күндік және жарты күндік табысты бөлу арқылы, жаңа жазылушылар тарту арқылы газетті қолдауға номер сайын шақырып отырды. «Путь Правдының» шақыруларын басқа да большевиктік газеттер мен журналдар көшіріп басты.

Россия жұмысшылары партияның шақыруына қызу үн қосты. «Правданың» екі жылдық мейрамын большевиктер оның жұмысшы бұқарасымен байланысын одан әрі нығайту және кеңейту, газеттің ақшалай қорын молайту жағдайында атап өткізді. Ленин газеттің екі жылдық мерекесі күні маркстік күштерді есептеу күніне айналды деп атап айтты. Бұл күнді «Правдадан» басқа маркстік жария газеттер мен журналдар—«Просвещение», «Вопросы страхования», «Металлист», «Работница», «Заря Поволжья» және басқалар мерекеледі. Жұмысшы баспасөзі күніне 2000-ға жуық жұмысшы тобы үн қосып, олар «Правданың» қорына 16 мың сомнан астам қаржы жинады. Ал жойымпаздық газеттің шақыруына 588 топ үн қосып, олар 5650 сом жинады.

1914 жылы 22 апрельде (5 майда) «Путь Правдыда» В. И. Лениннің телеграммасы басылды, онда ол газетті мереке күнімен қызу құттықтай отырып, жұмысшы баспасөзінің бұдан былай да табыстарға жете беруіне тілек білдірді, сондай-ақ өзінің бір күндік табысын газет қорына бөлгені туралы хабарлады.

«Правданың» мерекелік номері 130 мың дана болып шықты. Онда Халықаралық социалистік бюродан, Германия кәсіподақтарының бас комиссиясынан, Англияның, Голландияның, Норвегияның, Швейцарияның, Италияның, Бельгияның социалистік партияларынан және көптеген газеттері мен журналдарының редакцияларынан келіп түскен құттықтаулар басылды. Кейр-Гардидің «Путь Правды» үшін арнайы жазылған «Дүние жүзілік прогресс» деген мақаласы жарияланды. Белгілі ағылшын драматургі Бернард Шоу да газетке құттықтау жіберді. Газеттің мерекелік номері шын мәнінде интернационалдық сипатта болды.

Дәл сол күні «Рабочий» газетінің Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихына арналған 1-номері кітапша формасында шықты, онда В. И. Лениннің «Россиядағы жұмысшы баспасөзінің өткен дәуірінен» және «Біздің міндеттеріміз» деген мақалалары басылды (қараңыз: осы том, 101—110 және 111—114-беттер).

1922 жылы партияның XI съезінде «Правданың» шығуының он жылдығына Бүкіл россиялық баспасөз күнін ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Осы уақыттан бастап 5 майда жыл сайын Баспасөз күні мерекеленеді.—*464.*

153 Мақаланың соңында «Жалғасы бар» деген редакциялық ескерту берілген. Алайда газеттің келесі номерлерінде мақала-

ның уәде етілген жалғасы жарияланбады, ал 1914 жылы 8(21) июльде газет жабылды. Осы мақала жарияланғаннан кейінгі келесі күні 1914 жылы 4 июльде «Трудовая Правда» газетінде «Есепке түзету» беріліп, онда «кешегі номерде «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде» деген мақалада Мемлекеттік қағаздар дайындау экспедициясынан 79 сом 12 тиын деп басылған, дұрысы—133 сом 32 тиын» деп атап көрсетілді.—*472.*

154 *«Брюссель конференциясындағы поляк оппозициясы»* деген заметка «Трудовая Правда» газетіне арналды. Осы заметка жазылған парақтың шетіне Ленин редакцияға арнап мынадай сөздер жазды: «Осы дүниені петитпен беріңіздер және олардың хаттарына ешқандай жауап берілмесін, ештеңе басылмасын: өздеріңнің жаңа «блоктас бауырларыңа» барыңдар дейтін болыңыздар».

1914 жылы 8(21) июльде газеттің жабылуына байланысты заметка жарияланбады.—*474.*

155 Бұл арада әңгіме Польша мен Литва социал-демократиясының РСДРП-мен қосылуының шарттары туралы болып отыр, бұл шарттар 1906 жылы Стокгольмде РСДРП IV (Бірігу) съезінде қабылданған болатын (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 192—194 беттер).—*475.*

156 *«Leipziger Volkszeitung»* («Лейпциг Халық Газеті») — неміс социал-демократиясының күнделікті газеті. 1894 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін герман социал-демократиясы сол қанатының органы болды; бірқатар жылдар бойына газетті Ф. Меринг редакциялады; газетке Р. Люксембург, Ю. Мархлевский және басқалар жазып тұрды.

Лениннің мақаласы газетте «Қарсы пікір. Бізге жазады» деген редакциялық тақырыппен жарияланған еді.—*477.*

157 *««Современник» журналы туралы»* деген мақала сақталмаған. Бәлкім, В. И. Ленин оны жазбақ болып, сол үшін егжейтегжейлі жоспарлар жасаған болар.

Мақаланың жариялапып отырған жоспарларында интеллигенттік халықшылдық тұрғыдағы «Современник» журналының принципсіздігі ашып көрсетіледі; журнал *«буржуазиялық демократияның екі сарынының,* жойымпаздар мен халықшылдардың қосыла бастауын», блогын бейнеледі. Бұл блок большевиктерге қарсы бағытталып, антимарскстік идеяларды уағыздау үшін құрылған еді.

В. И. Ленин 1914 жылдың көктемі мен жазында жазған бірқатар мақалаларында, әсіресе «Солшыл халықшылдық ағым жұмысшылар арасында қаншалықты күшті» және

«Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» деген мақалаларында (қараңыз: осы том, 278—282, 355—391-беттер) «Современник» журналын қатты сынады.—*493*.

158 Жарияланып отырған жоспарлар *«Революция және соғыс»* деген мақаланың мазмұнын ашып көрсетеді, оны В. И. Ленин партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 33-номеріне арнап жазбақ болған еді. Жоспарларды В. И. Ленин 1914 жылы июльде, Австрияның Сербиямен соғысы басталғаннан кейін жазған.

Соғыс қарсаңында Россияда пісіп жетілген революциялық дағдарыс 1914 жылы июль күндерінде өте-мөте күшті байқалды. В. И. Ленин июль күндерін 1905 жылғы январьмен теңеді, бұл ретте құпия пролетарлық партия басшылық еткен бұқараның революциялық қозғалысының өскендігін, партияның насихат және үгіт жұмысын идеялық жағынан біріктіруге қызмет ететін ұрандардың өскендігін атап көрсетті. Революциялық күрес сегіз сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу және демократиялық республика ұрандарымен жүріп жатты.

В. И. Лениннің Россиядағы революциялық қозғалыстың қуатты өрлеуін халықаралық жағдаймен тығыз байланыстыра отырып қарағаны, «Революция және соғыс» деген мақаласында Россия пролетариатының міндеттерін дүние жүзілік жағдаймен байланыстыра отырып баяндамақ болғаны жоспарлардан көрініп тұр.—*498*.

159 *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі»)—күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (байқау ретіндегі бірінші номері 1894 ж. шықты); И. Д. Сытин шығарды. Ресми түрде бейпартиялық делінген газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу-либералдық позициядан қорғады. Газетте хабарға кең орын берілді. Бұл елдің барлық ірі қалаларына және дүние жүзінің көптеген астаналарына меншікті тілшілерін жіберген Россиядағы бірінші газет болды.

1917 жылдың ноябрінде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылдың январынан бастап біраз уақыт газет «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды, ал 1918 жылы июльде біржола жабылды.—*498*.

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрная программа, [принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП].—В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП). — *259, 263, 297, 360—361, 362.*

Адрес Интернационала — қараңыз: Маркс, К. Учредительный манифест Международного Товарищества Рабочих...

Аксельрод, П. Б. На очередные темы. (Из писем П. Б. Аксельрода к друзьям).—«Наша Заря», Спб., 1912, № 6, стр. 8—20.— *447.*

Алексеев, З. О свободе распоряжения землей.—«Стойкая Мысль», Спб., 1914, № 20, 13 апреля, стр. 1—2. — *167, 170—171.*

Алексинский, Г. А. [Рецензия на книгу:] А. Богданов. «Культурные задачи нашего времени». Изд. Дороватовского и Чарушникова. Москва. 1911 г. Ц. 60 коп. —«Современный Мир», [Спб., 1911], № 7, стр. 345—348. — *395.*

— *Уголовные нравы в ленинской организации.* (Открытое письмо).—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 41, 21 июня, стр. 3. — *437—438.*

Ан — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Батрак — қараңыз: Затонский, М. П.

Бебель, А. [Письмо В. И. Ленину]. 21 января (3 февраля) 1905 г. Рукопись[1]. — *449.*

Белинский, В. Г. Письмо к Гоголю.— 102.

Берман, Я. Влияние социально-правового и экономического факторов на государственную преступность. (По данным свода

---

* Бірінші рет Лениннің V жинағында басылған, 1926, 169—170-беттер.

статист. свед. по делам угол.).—«Право», Спб., 1913, № 33, 18 августа, стлб. 1912—1924. — *102—104, 106—107, 222—223.*

Бернгард, Л. Борьба поляков за существование в Пруссии. (Die Polenfrage. Das polnische Gemeinwesen im preussischen Staat). С разрешения авт. пер. со 2-го нем. изд. А. С. Изгоев. С предисл. П. Б. Струве и вступит. статьей А. С. Изгоева. М., Рябушинский, 1911. XXIV, 584 стр. — *352.*

Богданов, А. Краткий курс экономической науки. Изд. 9-е, вновь испр. М., Дороватовский и Чарушников, 1906. 288, 22 стр. — *122.*

— *Письмо в редакцию.* «Новая Рабочая Газета», Спб., 1914, № 16, 21 января, стр. 2—3. — *392, 397—398.*

«Борьба», Спб.,— *1—4, 83, 89, 135—136, 137, 154—155, 166, 171, 184, 203, 204, 215—217, 219, 221, 239—240, 375, 392, 395, 396, 397, 399, 425—426.*

— 1914, №№ 1—3, 22 февраля—12 апреля. — *83.*

— 1914, № 1, 22 февраля. 56 стр. — *2, 204—206, 209—210, 211—212, 213—215, 216—218, 219, 220, 221—222, 223—224, 225, 387—389.*

— 1914, № 2, 18 марта, стр. 24—25. — *345.*

— 1914, № 3, 12 апреля, стр. 30—34, 34—39. — *83—86.*

— 1914, № 4, 28 апреля, стр. 24—33, 56. — *176—179, 392, 393—394, 395—396, 397—398, 460—461, 462.*

— 1914, № 5, 16 мая, стр. 24—25. — *399.*

— 1914, № 6, 6 июня, стр. 44—45. — *387.*

Брайнес, Б. Рига. Ход страховой кампании.—«Северная Мысль», Спб., 1913, № 1, 23 ноября, стр. 3, в отд.: Страхование. — *130—131.*

Булкин, Ф. А. Рабочая самодеятельность и рабочая демагогия.— «Наша Заря», Спб., 1914, № 3, стр. 55—64. — *143, 181, 213, 370.*

Буржуазная и ликвидаторская оценка.—«Путь Правды», Спб., 1914, № 47, 27 марта, стр. 1. — *63.*

В. А. Т.— қараңыз: Тихомирнов, В. А.

В. О. Ухудшение школьного дела.—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 35, 21 марта, стр. 2. — *158—159.*

В—димов, В. Земельный вопрос и левое народничество.—«Смелая Мысль», Спб., 1914, № 9, 6 июня, стр. 1—2. — *264.*

Вандервельде и русские социалисты.—«Речь», Спб., 1914, № 152 (2821), 7 (20) июня, стр. 2. — *367—368, 369—370, 371—372, 376.*

Вейс, Ф. Съезд латышских марксистов.—«Наша Заря», Спб., 1914, № 4, стр. 59—65. — *246—247.*

«Век», М. — *8.*

[*Владимиров, М. К.*] *«Летнее совещание ЦК с партийными работниками».*—«За Партию», [Париж], 1914, № 5, февраль, стр. —5—6. Подпись: Л. Вл. — *305—306.*

«Волна», Спб. — *108.*

Вопросы единства. От редакции.—«Борьба», Спб., 1914, № 3, 12 апреля, стр. 34—39. — *83, 84.*

«Вопросы Страхования», Спб. — *178, 433.*

Воронов, Б. Страховая рабочая группа и левонародники. — «Мысль Труда», Спб., 1914, № 1, 20 апреля, стр. 1—2. — *152, 153, 154—155.*

— *Фракционная рознь и очередные задачи.*—«Современник», Спб., 1914, кн. 9, май, стр. 64—71. — *363.*

«Вперед», Женева. — *108.*

Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. № 3. Изд. группы «Вперед». [Женева, кооп. тип. «Союз»], май 1911. 78 стлб.— *393—394.*

Всероссийская конференция Росс. соц.-дем. рабочей партии. (В декабре 1908 года). Изд. газ. «Пролетарий». Paris, 1909. 47 стр. (РСДРП). — *26—27, 237—239.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904]. 394, II стр. (РСДРП). — *3, 25, 27, 106—107, 235—236, 239—240, 270, 278, 281—282, 285—286, 293—294, 296, 297, 298, 301, 304—305, 308, 309, 325—326, 327, 340—350, 353—354, 357—358, 363, 409—411, 427—429, 430—431, 433, 434, 483, 486, 487, 488.*

Выборы в страховой совет. —«Стойкая Мысль», Спб., 1914, № 5, 7 марта, стр. 3, в отд.: Страховое дело. Подпись: Выборщик.— *331, 357.*

Гёте, И. В. Фауст.— *442.*

Гиммер, Н. Н. — *қараңыз:* Суханов, Н.

---

* В. И. Ленин белгілер салган кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитетi жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивiнде сақтаулы.

Гласный запрос депутатам—Чхеидзе, Чхенкели, Тулякову, Скобелеву, Хаустову и Манькову.—«Путь Правды», Спб., 1914, № 50, 30 марта, стр. 3. — *461.*

Гласный ответ — қараңыз: От социал-демократической думской фракции.

Годовщина ленских событий.—«Путь Правды», Спб., 1914, № 55, 5 апреля, стр. 3. Под общ. загл.: 4-ое апреля. — *421.*

Горев, А. — қараңыз: Горев, Б. И.

Горев, Б. И. Демагогия или марксизм? (Итоги и наблюдения).— «Наша Заря», Спб., 1914, № 6, стр. 30—41. — *470—472.*

Горский, А. В. Локаут и тактика «последовательного марксизма».—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 51, 11 апреля, стр. 1. — *143, 423.*

«Гражданин», Спб., 1914, № 14, 6 апреля, стр. 5—6. — *69.*

Грибоедов, А. С. Горе от ума. — *317, 356.*

Группа марксистов. Заявление [по поводу ухода Малиновского]. —«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 7, 5 июня, стр. 3, в отд.: К уходу Малиновского. — *386, 387.*

[*Дан, Ф. И.*] *Навстречу Интернационалу.*—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 108, 15 декабря, стр. 1; № 109, 17 декабря, стр. 1.Подпись:Ф. Д. — *127.*

— *По пути неправды.*—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 48, 5 апреля, стр. 1. Подпись: Ф. Д. — *94, 95—96.*

«Дело Жизни», Спб., 1911, № 1, стлб. 47—58; № 2, стлб. 10—20. — *83.*

Денежный отчет «Луча» с 18 сентября 1912 по 15 января 1913 г.— «Луч», Спб., 1913, № 15 (101), 19 января, стр. 2.— *255.*

«День», Спб. — *136.*

День рабочей печати. —«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 36, 22 марта, стр. 1. — *464, 466.*

«Дзвін», [Київ]. — *158, 347, 400.*

*— 1913, № 7—8, стр. 83—94.—*285, 286, 291, 311, 312—313, 318—319, 326—327, 339—341, 347—349, 350.*

«Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 4—14. На газ. дата: 24/7 июня.—*238—240.*

«Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 2, август, стр. 37—49. — *243—244.*

— 1911, № 15, октябрь, стр. 7—33. — *436.*

Домов — қараңыз: Покровский, М. Н.

Донцов, Д. Російська преса про останнїй з'їзд. —«Шляхи», Львов, 1913, № 8—9, 1 падолиста. — *310.*

Достоевский, Ф. М. Братья Карамазовы. — *48.*

Драгоманов, М. П. Историческая Польша и великорусская демократия. Женева, тип. «Работника» и «Громади», 1881. 511 [2], VIII стр. На обл. год изд.: 1882. —*329.*

Дроздов, И. Г. Заработная плата земледельческих рабочих в России в связи с аграрным движением—1905—1906 гг. Спб., Семенов, 1914. 68 стр.— *20—22, 227—230.*

«Единство», Спб.— *183—184, 266, 358—359, 375, 376, 415, 460, 462, 494.*

— 1914, № 1, 18 мая, стр. 1, 2—3, 4. — *180—184, 256, 358—359, 387, 415.*

— 1914, № 2, 1 июня, стр. 1—2, 4. — *373—374, 385—386, 415.*

— 1914, № 3, 15 июня, стр. 4. — *415.*

— 1914, № 4, 29 июня, стр. 2. — *460, 461, 462—463.*

Елпатьевский, С. Я. Жизнь идет...—«Русское Богатство», Спб., 1914, № 1, стр. 276—299. — *10—13.*

«Живая Мысль», Спб. — *205.*

«Живая Мысль Труда», Спб., 1914, № 3, 15 июня, стр. 3. — *281—282.*

«Жизнь», Спб., 1900, № 2, стр. 297—306. — *39.*

[*Жордания, Н. Н.*] *Борьба течений и вопросы единства.* — «Борьба», Спб., 1914, № 4, 28 апреля, стр. 24—33. Подпись: Ан. — *176—179, 460—461, 462—463.*

— *Еще о «подполье».*—«Луч», Спб., 1913, № 95 (181), 26 апреля, стр. 2. Подпись: Ан. — *216.*

«За Партию», Париж. — *135, 136—137.*

— 1914, № 5, февраль, стр. 5—6. — *305—306.*

«За Правду», Спб. — *158.*

«Заветы», Спб.— *130, 198, 393.*

Задача момента. —«Стойкая Мысль», Спб., 1914, № 13, 26 марта, стр. 1. — *62—63.*

Закрытие «Пути Правды».—«Борьба», Спб., 1914, № 6, 6 июня, стр. 44—45. — *387.*

«Заря», Stuttgart, 1902, № 4, август, стр. 11—39, в отд.: А. — *311, 340.*

[*Затонский, М. П.*] *Социализм и крестьянство.* —«Стойкая Мысль», Спб., 1914, № 14, 28 марта, стр. 2—3. Подпись: Батрак. — *65—68.*

Заявление представителей Социал-демократии Польши и Литвы. —В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 388—390. (РСДРП). — *342—343, 344, 428—429, 434.*

[*Заявление Троцкого и др., внесенное на заседании пленума ЦК РСДРП в январе 1910 г.*].—«Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 6, в ст.: Ленин, В. И. «Заметки публициста». На газ. дата: 24/7 июня. — *238—239.*

«Земщина», Спб. — *312.*

«Знамя Труда», [Париж], №№ 45—53, сентябрь 1912—апрель 1914. — *417—419.*

Избирательный закон — қараңыз: Положение о выборах в Государственную думу.

Извещение о конференции организаций РСДРП. Изд. ОК. [Wien], сентябрь 1912. 55 стр. (РСДРП). — *420.*

Ионов, П. Запрос о погромной агитации.—«Цайт», Пб., 1914, № 14 (53), 3 (16) апреля, стр. 2. На евр. яз. — *95.*

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева]. — *103, 106—107, 133, 198, 222, 225—226, 241, 242, 343, 347.*

*— [Лейпциг], 1900, № 1, декабрь. 6 стр. — *106.*

— [Женева], 1903, №№ 46—51, 15 августа — 22 октября.— *144.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева]. — *108.*

— 1903, № 52, 7 ноября, стр. 1—2.— *244.*

Итоги дня рабочей печати.—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 34, 13 июня, стр. 2. — *430, 465—466, 467, 478.*

К выборам уполномоченных в больн. кассу на зав. Айваз.— «Живая Мысль Труда», Спб., 1914, № 3, 15 июня, стр. 3. Подпись: Рабочие левонародники. — *281—284.*

К левонароднической позиции в профессиональном движении. —«Северная Мысль», Спб., 1913, № 2, 26 ноября, стр. 2. Подпись: Б. Г-н.— *130.*

К обмену мнений по национальному вопросу. От редакции. — «Борьба», Спб., 1914, № 2, 18 марта, стр. 24—25. — *345.*

Каутский, К. Дорогой тов. Луначарский! [Письмо А. В. Луначарскому]. Mülbrücken, 9 августа 1911 г. [Рукопись. Русск. гект. пер.]. 4 стр. — *381—382, 436.*

— *Национализм и интернационализм.* —«Научная Мысль», Рига, 1908, № 1, стр. 3—42. — *287—288.*

«Киевская Мысль». — *136, 275, 368, 437—438, 498.*

*— 1914, № 86, 27 марта, стр. 5. — *74—75, 314.*

— 1914, № 159, 12 июня, стр. 2. — *368.*

Козьминых-Ланин, И. М. Сверхурочные работы на фабриках и заводах Московской губернии. М., 1914. 31 стр. — *231—234.*

«Колокол», Лондон—Женева. — *101—102.*

[*Кольцов, Д.*] *Рабочие массы и подполье.*—«Луч», Спб., 1913, № 15 (101), 19 января, стр. 1. — *3.*

— *С кем мы.* —«Луч», Спб., 1913, № 108 (194), 12 мая, стр. 1. Подпись: Л.С. — *198—199.*

Конференция октябристов. —«Речь», Спб., 1913, № 307 (2619), 9 (22) ноября, стр. 5—6. — *15.*

Конференция партии народной свободы 23—25 марта 1914 г. — «Речь», Спб., 1914, № 83 (2752), 26 марта (8 апреля), стр. 3—4. — *73—74, 314—315, 316—317, 318, 324.*

Конференция партии народной свободы. (От нашего корреспондента). Петербург, 26 марта.—«Киевская Мысль», 1914, № 86, 27 марта, стр. 5. — *73—74, 314—315.*

Косовский, В. Правдистская легенда.—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 3, 6 мая, стр. 2. — *353.*

Л. Вл. — *қараңыз:* Владимиров, М. К.

Л. М. — *қараңыз:* Мартов, Л.

Л. С. — *қараңыз:* Кольцов, Д.

Ларин, Ю. Направо—и кругом. (К современному положению).— «Дело Жизни», Спб., 1911, № 1, стлб. 47—58; № 2, стлб. 10—20. — *83.*

— *Спор двух направлений и объединение.* —«Борьба», Спб., 1914, № 3, 12 апреля, стр. 30—34, в отд.: Трибуна.— *83—86.*

Латышская рабочая газета об уходе Малиновского.—«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 1, 23 мая, стр. 2, в отд.: К уходу Малиновского. Подпись: С. — *378.*

Левинський, В. Нарис розвитку українського робітничого руху в Галичині. З передмовою Л. Юркевича. Відбитка з жур-

нала «Дзвін» (1913, кн. VI—XII і 1914, кн. I). Київ, 1914. XII, 116 стр. — *347.*

Левицкий, В. Ликвидация или возрождение?—«Наша Заря», Спб., 1910, № 7, стр. 91—103, в отд.: На темы дня. — *145—146, 388—390.*

— *От ревизионизма к марксизму.*—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 46, 3 апреля, стр. 2. — *197—198.*

[*Ленин, В. И.*] *Английские либералы и Ирландия.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 34, 12 марта, стр. 1. — *79.*

— *Законопроект о национальном равноправии* — *қараңыз:* Ленин, В. И. Товарищи!

— *Кадеты и «право народов на самоопределение».*—«Пролетарская Правда», Спб., 1913, № 4, 11 декабря, стр. 2. Подпись: И. — *311.*

— *Кадеты об украинском вопросе.*—«Рабочая Правда», Спб., 1913, № 3, 16 июля, стр. 1. Подпись: М. — *310.*

— *Карикатура на большевизм.*—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 44. Приложение к № 44 газ. «Пролетарий», 4 (17) апреля, стр. 1—2. — *395—396.*

— *Критические заметки по национальному вопросу.*—«Просвещение», Спб., 1913, № 10, стр. 95—105; № 11, стр. 55—59; № 12, стр. 56—64. Подпись: В. Ильин. — *285, 295.*

— *Латышские рабочие о расколе в с.-д. фракции.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 50, 30 марта, стр. 3. — *94, 246.*

*— *Материализм и эмпириокритицизм.* Критические заметки об одной реакционной философии. М., «Звено», [май] 1909. III, 438 стр. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. — *42, 394—395.*

*— *Народничество и ликвидаторство как элементы распада в рабочем движении.*—«Пролетарская Правда», Спб., 1913, № 12, 20 декабря, стр. 1. — *130.*

— *Национал-либерализм и право наций на самоопределение.*—«Пролетарская Правда», Спб., 1913, № 12, 20 декабря, стр. 1. — *311—312, 313—314.*

— *О большевизме.*—В кн.: Рубакин, Н. А. Среди книг. Опыт обзора русских книжных богатств в связи с историей научно-философских и литературно-общественных идей. Справочное пособие для самообразования и для систематизации и комплектования общеобразовательных библиотек, а также книжных магазинов. Т. II. Изд. 2-ое, доп. и перераб. М., «Наука», 1913, стр. 772—773, в ст.: «Предварительные замо-

чания» к подразд. Б. «Социализм научный. Государственный социализм и социал-реформизм». — *123—124.*

— *О думской с.-д. фракции.* [Резолюция, принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].—В кн.: Извещение и резюлоции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 18—19. (РСДРП). — *217—219, 455—456.*

— *О левонародниках.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 86, 14 мая, стр. 1. — *260.*

*— *О ликвидаторстве и о группе ликвидаторов.* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.].— В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 28—29. (РСДРП).— *4, 88, 181, 205, 211—212, 214—215, 372—373, 387—388, 404, 437—438, 496.*

[*Ленин, В. И.*] *О народниках.* [Резолюция, принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].— В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 23—24. (РСДРП). — *278, 363, 364—365.*

— *О «петиционной кампании».* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.].—В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 27. (РСДРП). — *410—411.*

— *О формах рабочего движения.* (Локаут и марксистская тактика).—«Путь Правды», Спб., 1914, № 54, 4 апреля, стр. 1.— *421, 423.*

— *Об А. Богданове.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 21, 25 февраля, стр. 2. — *392, 393.*

— *Об единстве.* —«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 2, 30 мая, стр. 1. — *363—364.*

— [*Пересмотр аграрной программы рабочей партии.* Глава V]. —«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 12. Под общ. загл.: Проекты аграрной программы к предстоящему съезду. — *362.*

— *Рабочий класс и рабочая печать.*—«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 14, 13 июня, стр. 1; № 15, 14 июня, стр. 1. — *280, 369, 477—479.*

— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. 1896—1899 гг. — *227—229.*

— *Разоблачение «августовской» фикции.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 50, 30 марта, стр. 3. — *94, 246.*

— *Распад «Августовского» блока.*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 37, 15 марта, стр. 2. — *215—217, 218, 221.*

— *Революционный подъем, стачки и задачи партии.* [Резолюция, принятая на Краковском совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]. — В кн.: [Ленин, В. И.] Извещение и резолюции совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Февраль 1913. Изд. ЦК РСДРП. [Париж, первая половина февраля 1913], стр. 9—11. (РСДРП). — *62, 63, 418—419, 420—421.*

*— *Резолюции, [принятые на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]*.— В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 12—24. (РСДРП). — *156—157, 182, 193, 220, 242, 363—364, 415—416.*

— *Резолюции, [принятые на Краковском совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]*.—В кн.: [Ленин, В. И.] Извещение и резолюции совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Февраль 1913. изд. ЦК РСДРП. [Париж, первая половина февраля 1913], стр. 9—23. (РСДРП). — *182, 193, 220, 242, 363—364, 415—416.*

— *Резолюция о решении Соц. бюро* — «Пролетарская Правда», Спб., 1913. № 9, 17 декабря, стр. 2. Подпись: Группа организованных марксистов.—*127, 220—221.*

*— *Резолюция по национальному вопросу, [принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]*. — В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 20—23. (РСДРП). — *156—157, 158, 331.*

— *Резолюция по организационному вопросу и о партийном съезде, [принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]*.— Там же, стр. 14. — *434.*

— *Роль сословий и классов в освободительном движении.*— «Северная Правда», Спб., 1913, № 22, 28 августа, стр. 1. Подпись: В. Ильин. — *102—104.*

— *Тактические колебания.*—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 2, 29 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *144—145.*

— [*Телеграмма о расследовании дела Малиновского*].—«Рабочий», Спб., 1914, № 4, 25 мая, стр. 1. — *380—381, 383—384.*

— *Товарищи!*—«Путь Правды», Спб., 1914, № 48, 28 марта, стр. 2, в отд.: Российская с.-д. раб. фракция. — *91, 92.*

[*Ленин, В. И. и Зиновьев, Г. Е.*] *Из истории рабочей печати в России.*—«Рабочий», Спб., 1914, № 1, 22 апреля, стр. 1—32. — *274, 363—364.*

Ленин, В. И. и др. Марксизм и ликвидаторство. Сборник статей об основных вопросах современного рабочего движения. Ч. II. Спб., «Прибой», 1914. IV, 214 стр. — *128, 193, 249—258, 267—268, 456—457, 458, 477—479.*

Лермонтов, М. Ю. А. О. Смирновой. — *193.*

Либман, Ф. Новое издание старой ошибки. (К национальному вопросу). —«Цайт», Пб., 1913, № 28, 17 (30) сентября, стр. 3—4. На евр. яз. — *285, 286, 291, 311, 312, 318, 327, 340—341, 346, 347—348, 349—350, 354.*

Липин, Ф. И. Рабочие депутаты и национальный вопрос. — «Цайт», Пб., 1913, № 9, 21 февраля (6 марта), стр. 1. На евр. яз. — *236.*

Лола, О. Н. Обращение к украинским рабочим.— «Трудовая Правда», Спб., 1914, № 28, 29 июня, стр. 3. Под общ. загл.: Южный район.— *400.*

«Луч», Спб. — *1, 2, 12, 88, 126, 127, 137, 176, 214, 216, 251—252, 372, 412.*

— 1912, № 1, 16 сентября, стр. 1. — *1.*

— 1912, № 37, 28 октября, стр. 2. — *172—175.*

— 1912, № 53, 17 ноября, стр. 1. — *242.*

— 1913, № 15 (101), 19 января, стр. 1, 2.—*3, 255.*

— 1913, № 95 (181), 26 апреля, стр. 2. — *216—217.*

— 1913, № 108 (194), 12 мая, стр. 1. — *198—199.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г. — январь 1848 г.— *65, 260, 357.*

Маркс, К. Капитал. Критика политической экономии, т. I—III. 1867—1894 гг. — *65, 260, 264.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г. — *39, 290.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. III, ч. 1—2. 1894 г. — *39, 40—42.*

— *Нищета философии.* Ответ на «Философию нищеты» г-на Прудона. Первая половина 1847 г.— *260, 264, 390.*

— [*Резолюция Генерального Совета о политике Гладстона по отношению к ирландским заключенным*]. 16 ноября 1869 г. — *335—336, 337—338.*

— *Теории прибавочной стоимости (IV том «Капитала»).* Январь 1862 г. — июль 1863 г. — *264.*

— *Учредительный манифест Международного Товарищества Рабочих, основанного 28 сентября 1864 г. на публичном собрании, состоявшемся в Сент-Мартинс холле, Лонг-Эйкр,* в Лондоне. Между 21—27 октября 1864 г. — *333.*

[*Мартов, Л.*] *Вмешательство Интернационала и с.-д. единство в России.* II.—«Наша Заря», Спб., 1914, № 2, стр. 81—88. Подпись: Л. М. — *127, 133, 136.*

— *Неосновательное торжество.* —«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 44, 1 апреля, стр. 2. Подпись: Л. М. — *94, 95.*

— *Ответ Булкину.*—«Наша Заря», Спб., 1914, № 3, стр. 64—70. Подпись: Л. М. — *143, 181, 213, 370.*

— [*Письмо к Н. А. Рубакину о сущности и истории меньшевизма*]. —В кн.: Рубакин, Н. А. Среди книг. Опыт обзора русских книжных богатств в связи с историей научно-философских и литературно-общественных идей. Справочное пособие для самообразования и для систематизации и комплектования общеобразовательных библиотек, а также книжных магазинов. Т. II. Изд. 2-е, доп. и перераб. М., «Наука», 1913, стр. 771—772, в ст.: «Предварительные замечания» к подразд. Б. «Социализм научный. Государственный социализм и социал-реформизм».— *108—109, 123—124, 125—127.*

— *Под градом ударов.*—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 39, 26 марта, стр. 2. Подпись: Л. М. — *62—63.*

*— *Раскол в социал-демократической фракции.*—«Наша Заря», Спб., 1913, № 10—11, стр. 89—101. — *25—26, 452—453.*

— *Самоубийство четвертой Думы.*—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 61, 23 апреля, стр. 1. Подпись: Л. М.— *140.*

— *Спасители или упразднители?* (Кто и как разрушал РСДРП). Изд. «Голоса Социал-Демократа». Париж, imp. Gnatovsky, 1911. 47 стр. (РСДРП). — *380—382, 436.*

Международные социалистические конгрессы. [Спб.], «Утро», [1906]. 90, [5] стр. — *326.*

[*Мещерский, В. П.*] *Тайновед.*—«Гражданин», Спб., 1914, № 14, 6 апреля, стр. 5—6. Подпись: Лас-Нанас. — *69.*

Могилянский, М. М. «Всеукраинский» съезд студенчества. — «Речь», Спб., 1913, № 174 (2486), 29 июня (12 июля), стр. 2—3. — *309—311.*

— *Самоопределение и сепаратизм.*—«Речь», Спб., 1913, № 331 (2643), 3 (16) декабря, стр. 3. — *310.*

Москва.— «Рабочий», Спб., 1914, № 6, 29 мая, стр. 2, в отд.: К уходу Малиновского. Отклики рабочих. Подпись: Группа (30 чел.). — *376, 387—388.*

Москва. 10 апреля.— «Русские Ведомости», М., 1914, № 82, 10 апреля, стр. 2. — *167.*

«Мысль Труда», Спб. — *154.*

— 1914, № 1, 20 апреля, стр. 1—2. — *152, 153, 154.*

— 1914, № 2, 23 апреля, стр. 3—4. — *154.*

Н. Р. Г.— *қараңыз:* «Наша Рабочая Газета».

«Народная Дума», Спб. — *108.*

«Научная Мысль», Рига, 1908, № 1, стр. 3—42. — *287—288.*

«Начало», Спб. — *108.*

«Наш Путь», М. — *274.*

«Наша Заря», Спб. — *2, 12, 125, 126, 127, 133, 136, 181, 211, 216, 370, 372, 428, 434.*

— 1910, № 7, стр. 91—103. — *145, 388—390.*

— 1912, № 6, стр. 8—20. — *446—447.*

*— 1913, № 10—11, стр. 89—101. — *25, 452—453.*

— 1914, № 2, стр. 81—88. — *127, 133, 136.*

— 1914, № 3, стр. 55—64, 64—70. — *143, 181, 213, 370.*

— 1914, № 4, стр. 59—65. — *246—247.*

— 1914, № 6, стр. 30—41. — *471—472.*

«Наша Рабочая Газета», Спб. — *175, 176, 180, 239, 365—366, 370, 377, 378, 380, 384—385, 387, 399, 412, 413, 414, 428, 430, 434, 435, 436, 437—438, 444—445, 451, 453, 454, 455, 456, 457, 462, 465, 466, 467—468, 477—478.*

— 1914, № 2, 4 мая, стр. 1. — *235, 236—237, 238—239, 240, 244—245, 461, 462.*

— 1914, № 3, 6 мая, стр. 2. — *353.*

— 1914, № 17, 23 мая. 4 стр. — *274.*

— 1914, № 19, 25 мая. 4 стр. — *274.*

— 1914, № 21, 29 мая, стр. 1. — *383—385.*

— 1914, № 22, 30 мая, стр. 3. — *383—384, 385.*

— 1914, № 27, 5 июня, стр. 1. — *365—366, 404, 448—449.*

— 1914, № 34, 13 июня, стр. 2. — *430, 465—466, 467, 468, 477.*

— 1914, № 41, 21 июня, стр. 3. — *437—438.*

Некрасов, Н. А. Человек сороковых годов. — *385.*

Николаевец. К борьбе за печать. (Собрание о печати).—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 28, 13 марта, стр. 2, в отд.: За свободу печати. — *135, 137—138, 143, 224—225, 457.*

«Новая Жизнь», Спб. — *108.*

«Новая Рабочая Газета», Спб. — *12, 23—24, 176, 181, 205—206, 253—254, 255, 380, 457—458.*

— 1913, № 69, 29 октября, стр. 1; № 71, 31 октября, стр. 2. — *285, 286, 291, 304—305, 311—313, 319, 326—327, 339—341, 348—350.*

— 1913, № 108, 15 декабря, стр. 1; № 109, 17 декабря, стр. 1. — *127.*

— 1914, № 16, 21 января, стр. 2—3. — *392, 397—398.*

«Новое Время», Спб. — *5, 6—8, 186, 312—313.*

— 1913, № 13563, 13 (26) декабря, стр. 4. — *312.*

Новоторжский, Г. Нужен ли пересмотр? (О задачах трудовой группы).—«Современник», Спб., 1914, кн. 4, февраль, стр. 78—84. — *278.*

**О социалистах-революционерах.* [Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде РСДРП]. — В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 14—15, 358—359. (РСДРП). — *278, 281—282, 357—358, 363, 431.*

О союзе народников и ликвидаторов. —«Путь Правды», Спб., 1914, № 38, 16 марта, стр. 1. — *131, 358.*

Об объединении национ[альных] орган[изаций] на местах. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)]. — В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 6. (РСДРП). — *35, 429.*

Об объединении с «левицей» ППС. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)]. — В кн.: Всероссийская конференция Росс. соц.-дем. рабочей партии. (В декабре 1908 года). Изд. газ. «Пролетарий». Paris, 1909, стр. 46. (РСДРП). — *26, 237—239.*

Об объединении с «левицей» ППС. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)]. — В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д.

рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 6. (РСДРП). — *96, 247, 248.*

[*Объявление в выходе № 8 журнала «Современник» за 1914 г.*]. —«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 66, 29 апреля, стр. 1. — *182—184, 359, 493.*

[*Объявление о выходе № 10 журнала «Современник» за 1914 г.*]. —«Единство», Спб., 1914, № 1, 18 мая, стр. 1. — *183, 358.*

Организационный устав, [*принятый на V (Лондонском) съезде РСДРП*].—В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 459. (РСДРП). — *25, 432.*

От группы торгов. служащих. (Телеграмма). —«Путь Правды», Спб., 1914, № 86, 14 мая, стр. 2, в отд.: К уходу Малиновского. Подпись: Сорок человек торговых служащих Москвы. — *378—380.*

От редакции. [Ответ на статью Л. Д. Троцкого «Рабочий журнал»].—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 11, 21 февраля, стр. 2. — *2, 3, 216.*

От ред[*акции.* Ответ редакции «Луча» на статью Н. Н. Жордания «Еще о подполье»].—«Луч», Спб., 1913, № 95 (181), 26 апреля, стр. 2. — *216—217.*

От редакции. [Передовая].— «Луч», Спб., 1912, № 1, 16 сентября, стр. 1. — *1.*

От руководящего коллектива Августовского блока. —«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 21, 29 мая, стр. 1, в отд.: К делу Малиновского. — *384, 385.*

От с[*оциал*]*-д*[*емократическ*]*ой думской фракции.* Гласный ответ.—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 2, 4 мая, стр. 1. — *235, 236—237, 238, 239, 240, 244—245, 461, 462.*

От с.-д. фракции.—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 22, 30 мая, стр. 3. Подпись: С.-д. фракция.— *383—385.*

Открытое письмо депутатам: Чхеидзе, Чхенкели, Скобелеву, Хаустову, Манькову и Тулякову. —«Путь Правды», Спб., 1914, № 63, 17 апреля, стр. 2. Подпись: Российская с.-д. рабочая фракция.— *235, 236, 237—239, 461.*

Открытое письмо [*членов парижского и женевского кружков группы «Вперед»*].—«Борьба», Спб., 1914, № 4, 28 апреля, стр. 56. — *392, 393, 394, 395—397, 398.*

Отчет. —«Единство», Спб., 1914, № 3, 15 июня, стр. 4, в отд.: Рабочая жизнь.— *415—416.*

Отчет кавказской делегации об общепартийной конференции. Изд. Центрального бюро заграничных групп РСДРП. Paris, Rédaction du Socialisme, 1909. 53 стр. (РСДРП). — *248.*

Отчет о пожертвованиях, поступивших в фонд «Трудовой Правды» от 1 июня по 10 июня 1914 г. —«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 15, 14 июня, стр. 4. — *464, 465.*

Отчет [*о суммах, поступивших в фонд газеты «Путь Правды» по 1 июня 1914 г.*].—«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 12, 11 июня, стр. 4. — *465—466.*

Отчет Ф. Дана. — *қараңыз:* Отчет кавказской делегации об общепартийной конференции.

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 12. — *362.*

Первое мая. [Листовка. Вена, апрель 1913]. 2 стр. Подпись: Организационный комитет РСДРП.— *446.*

Печать.—«Речь», Спб., 1913, № 340 (2652), 12 (25) декабря, стр. 2. — *311, 312.*

Пешехонов, А. В. На очередные темы. Демократизация кредита. —«Русское Богатство», Спб., 1914, № 4, стр. 335—363. — *167, 169.*

— *На очередные темы.* Наша платформа (ее очертания и размеры). —«Русское Богатство», Спб., 1906, [№ 8], стр. 178—206. — *9, 352.*

«Никри» («Дума»), Тифлис. На груз. яз. — *275.*

Письмо в редакцию.—«Борьба», Спб., 1914, № 5, 16 мая, стр. 24—25, в отд.: Трибуна. — *399.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е. Листовка]. Б. м., [ноябрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии). — *133—134, 144—145.*

Плеханов, Г. В. Враждующие между собою братья.—«Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 2, август, стр. 37—49. — *243—244.*

— *Всем сестрам по серьгам.*— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1911, № 15, октябрь, стр. 7—33. — *436.*

— *О нашей тактике по отношению к борьбе либеральной буржуазии с царизмом.* (Письмо к Центр. Комитету). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП). — *144—145.*

— *«Открытое письмо» и «Гласный ответ».* Письмо второе. — «Единство», Спб., 1914, № 2, 1 июня, стр. 1—2. — *373—374.*

— *Под градом пуль.* Беглые заметки. Заметка № 1. —«Правда», Спб., 1913, № 78 (282), 3 апреля, стр. 1—2. — *180, 244—245, 373—374.*

— *Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии.* —«Заря», Stuttgart, 1902, № 4, август, стр. 11—39, в отд.: А. — *311, 340—341.*

— *Снявши голову, по волосам не плачут.* (Заявление).—«Единство», Спб., 1914, № 2, 1 июня, стр. 2. Под общ. загл.: К уходу Малиновского. — *385—386.*

— *Чего не делать.* —«Искра», [Женева], 1903, № 52, 7 ноября, стр. 1—2. — *244.*

— *Что нужно для того, чтобы стало возможным объединение наших сил?* Письмо первое.—«Единство», Спб., 1914, № 1, 18 мая, стр. 2—3. — *180—184, 256.*

[*Покровский, М. Н. Сообщение об отказе от участия в изданиях группы «Вперед»*]. — В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. № 3. Изд. группы «Вперед». [Женева, кооп, тип. «Союз»], май 1911, стлб. 78. Подпись: Домов.— *393.*

Политические действия [Резолюция, принятая на международном конгрессе в Лондоне в 1896 г.]. —В кн.: Международные социалистические конгрессы. [Спб.], «Утро», [1906], стр. 25—26. — *326—327.*

Положение дел в партии. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии.—*26—27, 87, 95, 96, 125, 129, 142—143, 144—146, 180—182, 235, 238—240, 242, 244—245, 256, 368—369, 371, 387—389, 390—391, 395—397, 407, 410—411, 426—427, 428, 496, 497.*

Положение о выборах в Государственную думу. [3 (16) июня 1907 г.].—«Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1907, отд. 1, № 94, 3 июня, ст. 845, стр. 1303—1380. — *88, 213—214.*

Помяловский, Н. Г. Очерки бурсы. — *347.*

Потресов, А. Н. П. Б. Аксельрод. (Сорок пять лет общественной деятельности). [Спб.], «Накануне», [1914]. 54 стр. — *133—134.*

«Почин» («L'Initiative»). Париж. — *130.*

«Правда», Спб. — *23, 88, 111, 136, 205, 211, 214, 251—252, 253—254, 274, 309, 392, 396, 397, 404, 412, 413, 414—415, 416, 418, 420, 422, 435, 448, 451, 453—454, 455, 456, 457, 458, 464, 471.*

— 1913, № 78 (282), 3 апреля, стр. 1—2. — *180, 244—245, 373—374.*

«Право», Спб., 1913, № 33, 18 августа, стлб. 1912—1924. — *103, 106—107, 222—223.*

Приветствия «Единству».—«Единство», Спб., 1914, № 1, 18 мая, стр. 4. — *415.*

Приветствия «Единству».—«Единство», Спб., 1914, № 2, 1 июня, стр. 4. — *415.*

Программа конституционно-демократической партии, [принятая на II съезде].— В кн.: Конституционно-демократическая партия. (Партия народной свободы). Постановления II-го съезда 5—11 января 1906 г. и программа. Спб., тип. «Общественная Польза», 1906, стр. 21—30. — *311, 312, 314—315, 343.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП). — *3, 25, 26—27, 106—107, 235, 236, 239—240, 270, 285, 286, 293—294, 295, 296, 297, 298, 300—301, 304—305, 308, 309, 325—326, 327, 340—350, 353—354, 409—411, 427—429, 433, 483, 486, 487, 488.*

Проект аграрной программы, выработанный большевиками к IV (Объединительному) съезду РСДРП — қараңыз: Ленин В. И. Пересмотр аграрной программы рабочей партии. Глава V.

«Пролетарий», [Выборг — Женева — Париж]. — *108.*

— [Выборг], 1906, № 2, 29 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *144—145.*

— [Женева], 1908, № 21, 26 (13) февраля, стр. 4. — *432—433.*

— [Париж], 1909, № 44. Приложение к № 44 газ. «Пролетарий», 4 (17) апреля, стр. 1—2. — *395—396.*

«Пролетарская Правда», Спб.— *311, 312, 313—314.*

— 1913, № 4, 11 декабря, стр. 2. — *311.*

— 1913, № 9, 17 декабря, стр. 2. — *127, 220—221.*

*— 1913, № 12, 20 декабря, стр. 1. — *130, 311—313, 314.*

«Просвещение», Спб. — *203, 436.*

— 1913, № 10, стр. 95—105; № 11, стр. 55—59; № 12, стр. 56—64. Подпись: В. Ильин. — *285, 295.*

«Путь правды», Спб.—*84, 113—114, 125, 137—138, 459, 465, 466, 467—468, 470, 471, 472.*

— 1914, № 21, 25 февраля, стр. 2. — *392, 394.*

— 1914, № 34, 12 марта, стр. 1. — *79.*

— 1914, № 37, 15 марта, стр. 2. — *216—217, 221.*

— 1914, № 38, 16 марта, стр. 1. — *131, 358.*

— 1914, № 47, 27 марта, стр. 1. — *63.*

— 1914, № 48, 28 марта, стр. 2. — *91, 92.*

— 1914, № 50, 30 марта, стр. 3. — *94, 246, 461.*

— 1914, № 54, 4 апреля, стр. 1. — *421, 423.*

— 1914, № 55, 5 апреля, стр. 3. — *421.*

— 1914, № 63, 17 апреля, стр. 2. — *235—236, 237—239, 461.*

— 1914, № 68, 23 апреля, стр. 2. — *163—165.*

— 1914, № 86, 14 мая, стр. 1, 2. — *260, 378—380.*

— 1914, № 92, 21 мая, стр. 2. — *377, 378, 379—381, 382—383, 437—438.*

Пушкин, А. С. Герой. — *70.*

— *Евгений Онегин.* — *210—211.*

Р. В. Малиновский. (Депутат от московских рабочих). —«Луч», Спб., 1912, № 37, 28 октября, стр. 2. — *172—175.*

«Работник», Женева. — *106.*

«Рабочая Мысль», [Спб. — Берлин — Варшава — Женева]. — *105, 106.*

«Рабочая Правда», Спб., 1913, № 3, 16 июля, стр. 1. — *310.*

«Рабочее Дело», Женева. — *106—107.*

«Рабочий», Спб., 1885, №№ 1—2, январь—июль. — *103—104.*

«Рабочий», Спб., 1914, № 1, 22 апреля, стр. 1—32.— *275, 364.*

— 1914, № 4, 25 мая, стр. 1. — *380, 384.*

— 1914, № 6, 29 мая, стр. 2. — *376, 387—388.*

Ракитников, Н. И. Крепостничество и капитализм. —«Смелая Мысль», Спб., 1914, № 7, 1 июня, стр. 2. — *260.*

Раскол думской фракции.—«Борьба», Спб., 1914, № 1, 22 февраля, стр. 27—30. — *216—218, 219, 220.*

Резолюции.— «Путь Правды», Спб., 1914, № 92, 21 мая, стр. 2, в отд.: К уходу Малиновского. Подпись: Представители 10-ти профессиональных обществ гор. Москвы. — *377, 378, 379—381, 382—383, 437—438.*

Резолюции декабрьской 1913 г. сессии Международного социалистического бюро — қараңыз: Das Internationale Bureau.

[*Резолюции, принятые на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.*]. —«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13)

февраля, стр. 10—11, в отд.: Из партии. — *25, 26—28, 180, 219, 220, 239, 242, 390.*

[*Резолюции, принятые на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)*]. — В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—7. (РСДРП). — *25, 26, 27, 180, 219—220, 239, 242, 247.*

[*Резолюции, принятые на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшейся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 454—458. (РСДРП).— *25, 219—220, 242.*

Резолюции, [*принятые на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.*].— В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 14—34. (РСДРП). — *88, 89, 182, 193, 220, 242, 363, 411, 415—416.*

Резолюция о профессиональных союзах, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 458. (РСДРП). — *432—433.*

Резолюция о профессион[*альных*] *союзах* [*принятая ЦК РСДРП в январе 1908 г.*].—«Пролетарий», [Женева], 1908, № 21 26 (13) февраля, стр. 4, в отд.: Из партии. — *432—433.*

Резолюция об отношении к непролетарским партиям, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 454—455. (РСДРП). — *278, 281, 363, 431.*

Резолюция по отчетам, [*принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)*].— В кн.: Всероссийская конференция Росс. соц.-дем. рабочей партии. (В декабре 1908 года). Изд. газ. «Пролетарий». Paris, 1909, стр. 38. (РСДРП). — *26—27, 237.*

Резолюция по отчетам, [*принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)*].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4. (РСДРП). — *87, 95, 96, 125, 126, 129, 142, 180, 206—207, 212, 226, 235, 242, 244—245, 256, 407, 411, 416—417, 427—428, 496, 497.*

Резолюция представителей 10-ти профессиональных обществ гор. Москвы — қараңыз: Резолюции.

[*Резолюция, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП в дополнение к проекту условий объединения Бунда с РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 392. — *428—429.*

«Речь», Спб. — *309, 314, 370, 373, 459.*

— 1913, № 174 (2486), 29 июня (12 июля), стр. 2—3. — *309—310.*

— 1913, № 307 (2619), 9 (22) ноября, стр. 5—6. — *15.*

— 1913, № 331 (2643), 3 (16) декабря, стр. 3. — *310.*

— 1913, № 340 (2652), 12 (25) декабря, стр. 2. — *311, 312.*

— 1914, № 83 (2752), 26 марта (8 апреля), стр. 3—4. — *73—74, 314—315, 316, 317, 318, 324—325.*

«Речь», Спб., 1914, № 152 (2821), 7 (20) июня, стр. 2. — *366—368, 369—370, 371—372, 375—376.*

Рига. Общее собрание правленцев больничных касс для намечания кандидатов в губ. страх. присутствие.—«Мысль Труда», Спб., 1914, № 2, 23 апреля, стр. 3—4. Подпись: Инородец. — *154—155.*

Рубакин, Н. А. Предисловие ко второму тому [«Среди книг»].— В кн.: Рубакин, Н. А. Среди книг. Опыт обзора русских книжных богатств в связи с историей научно-философских и литературно-общественных идей. Справочное пособие для самообразования и для систематизации и комплектования общеобразовательных библиотек, а также книжных магазинов. Т. II. Изд. 2-ое, доп. и перераб. М., «Наука», 1913, стр. V—XV.— *121, 122.*

— *Среди книг.* Опыт обзора русских книжных богатств в связи с историей научно-философских и литературно-общественных идей. Справочное пособие для самообразования и для систематизации и комплектования общеобразовательных библиотек, а также книжных магазинов. Т. II. Изд. 2-ое, доп. и перераб. М., «Наука», 1913. XV, 930, 67 стр. — *108—109, 121—124, 125—126.*

«Русская Мысль», М. — Пб. — *98, 186, 375—376.*

— 1913, кн. XII, стр. 1—12. — *297.*

— 1914, кн. III, стр. 10—14. — *98, 186—191.*

«Русские Ведомости», М., 1914, № 82, 10 апреля, стр. 2. — *167.*

«Русское Богатство», Спб. — *12, 198, 259, 494.*

— 1906, [№ 8], стр. 178—206. — *9, 352.*

— 1914, № 1, стр. 276—299. — *10—13.*

— 1914, № 4, стр. 335—363. — *167, 169.*

«Русское Знамя», Спб. — *175.*

«Русское Слово», М. — *498.*

[*Рязанов, Д. Б.*] *Разбитые иллюзии.* К вопросу о причинах кризиса в нашей партии. Изд. автора. Женева, 1904. 117 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Рязанов. — *226.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. За рубежом. — *223, 313—315, 346—347, 348, 349.*

— *Мелочи жизни.* — *340—341.*

«С.-Петербургский Рабочий Листок». — *104.*

«Северная Мысль», Спб., 1913, № 1, 23 ноября, стр. 3. — *130.*

— 1913, № 2, 26 ноября, стр. 2. — *130.*

«Северная Правда», Спб., 1913, № 22, 28 августа, стр. 1. — *102—104.*

«Северная Рабочая Газета», Спб. — *2, 12, 84, 94, 96, 125, 126—127, 134, 135, 155, 176, 204, 256, 423, 461, 462, 465, 466, 470, 471, 472.*

— 1914, № 11, 21 февраля, стр. 2. — *2, 3, 204, 216.*

— 1914, № 28, 13 марта, стр. 2. — *135, 137—138, 143, 224—225, 457.*

— 1914, № 35, 21 марта, стр. 2. — *158—159.*

— 1914, № 36, 22 марта, стр. 1. — *464, 466.*

— 1914, № 39, 26 марта, стр. 2. — *62—63.*

— 1914, № 44, 1 апреля, стр. 2. — *94, 95.*

— 1914, № 46, 3 апреля, стр. 2. — *196—198.*

— 1914, № 48, 5 апреля, стр. 1, 3. — *94, 95, 96, 422.*

— 1914, № 51, 11 апреля, стр. 1. — *143, 423.*

— 1914, № 61, 23 апреля, стр. 1. — *140.*

— 1914, № 66, 29 апреля, стр. 1. — *182—184, 359, 493.*

Седов, Л.— қараңыз: Кольцов, Д.

Семковский, С. Ю. Упрощенный марксизм в национальном вопросе.— «Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 69, 29 октября, стр. 1; № 71, 31 октября, стр. 2. — *285, 286, 291, 304, 311, 312—313, 318, 327, 340—341, 348—350, 351—352, 484.*

«Смелая Мысль», Спб. — *279—280, 361, 366—367.*

— 1914, № 7, 1 июня, стр. 2. — *260.*

— 1914, № 9, 6 июня, стр. 1—2. — *264.*

Снессарев, Н. В. Мираж «Нового Времени». Почти роман. Спб., тип. Пивоварского и Типографа, 1914. 135 стр. — *5—8.*

«Современник», Спб. — *166, 182—183, 278, 281, 359, 364, 377, 493—494.*

— 1914, кн. 4, февраль, стр. 78—84. — *278.*

— 1914, кн. 6, март, стр. 59—69, 83—87. — *494.*

— 1914, кн. 7, апрель, стр. 66—78. — *359—360, 361—362, 431—432.*

«Современник», Спб., 1914, кн. 9, май, стр. 64—71.— *363.*

— 1914, кн. 12, июнь, стр. 69—81 — *183.*

**Современное положение и задачи партии.* Платформа, выработанная группой большевиков. Изд. группы «Вперед» Paris, кооп. тип. «Союз», [1909]. 32 стр. (РСДРП).— *392—393, 394—396, 399.*

«Современный Мир», [Спб., 1911], № 7, стр. 345—348. — *394—395.*

[*Сообщение о взносах, поступивших на газету «Единство»*].— «Единство», Спб., 1914, № 3, 15 июня, стр. 4, в отд.: Рабочая жизнь. — *415.*

«Социал-Демократ», [Вильно — Спб. — Париж — Женева]. — *181, 396, 409—410, 496.*

— [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10—11. — *25, 26—28, 87, 95, 96, 125, 129, 142—143, 144, 145—146, 180, 181, 219—220, 235, 238—240, 242, 244, 256, 369, 371, 387, 388—389, 390—391, 395—397, 407, 410—411, 426—427, 428, 496—497.*

— № 28—29 — № 32, 5 (18) ноября 1912—15 (28) декабря 1913. — *419.*

**Спутник Рабочего на 1914 год.* Спб., «Прибой», [1914]. [8], 190 стр., [90]. — *273—274, 276, 418.*

Среди газет и журналов.—«Новое Время», Спб., 1913, № 13563, 13 (26) декабря, стр. 4. — *312—313.*

Статистика землевладения 1905 г. Свод данных по 50-ти губерниям Европейской России. Спб., тип. Минкова, 1907. 199 стр.; L стр. табл. (Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел). — *190—191.*

Статья 767 [*Свода законов Российской империи*].— В кн.: Свод законов Российской империи. Т. 9. Законы о состояниях. Изд. 1899 года. Спб., гос. тип., [б. г.], стр. 155. — *18.*

Стенографические отчеты [*Государственного совета*]. 1913—1914 годы. Сессия девятая. Заседания 1—59 (1 ноября

1913 г. — 30 июня 1914 г.) и заседание 26 июля 1914 г. Спб., гос. тип., 1914. XLV стр.; 3144, 16 стлб. — *14—15.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1912—1913 гг. Сессия первая. Ч. I. Заседания 1—30 (с 15 ноября 1912 г. по 20 марта 1913 г.). Спб., гос. тип., 1913. XXI стр. 2437 стлб. (Государственная дума. Четвертый созыв).— *236.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1913 г. Сессия первая. Ч. II. Заседания 31—54 (с 22 марта по 24 мая 1913 г.). Спб., гос. тип., 1913. XV стр., 2246 стлб., стр. 2247—2251 прилож. (Государственная дума. Четвертый созыв). — *161.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1914 год. Сессия вторая. Ч. II—III. Спб., гос. тип., 1914. 2 т. (Государственная дума. Четвертый созыв).

— ч. II. Заседания 29—52 (с 22 января по 19 марта). XVIII стр., 1992 стлб. — *456—457.*

— ч. III. Заседания 53—75 (с 21 марта по 5 мая 1914 г.). XIX стр., 2046 стлб. — *61—62, 150.*

«Стойкая Мысль», Спб. — *198, 259.*

— 1914, № 5, 7 марта, стр. 3. — *131, 357.*

— 1914, № 13, 26 марта, стр. 1. — *62—64.*

— 1914, № 14, 28 марта, стр. 2—3. — *65—68.*

— 1914, № 18, 9 апреля. 4 стр. — *446.*

— 1914, № 20, 13 апреля, стр. 1—2. — *167, 169—171.*

«Страхование Рабочих», Спб. — *433.*

Стрельцов, Р. Е. Объединительная политика Интернационала.— «Современник», Спб., 1914, кн. 6, март, стр. 83—87. — *494.*

Струве, П. Б. Основная антиномия теории трудовой ценности.— «Жизнь», Спб., 1900, № 2, стр. 297—306. — *39.*

— *Предисловие к первой части [книги «Хозяйство и цена»].*— В кн.: Струве, П. Б. Хозяйство и цена. Критические исследования по теории и истории хозяйственной жизни. Ч. I. Хозяйство и общество.— Цена-ценность. Спб. — М., [Рябушинский], 1913, стр. IV—V. (Исследования и работы по полит. экономии и обществ. знаниям, изд. под ред. П. Б. Струве. Вып. III). — *36.*

— *Хозяйство и цена.* Критические исследования по теории и истории хозяйственной жизни. Ч. I. Хозяйство и общество.— Цена-ценность. Спб. — М., [Рябушинский], 1913. IV, XXXV, 358 стр. (Исследования и работы по полит. эконо-

мии и обществ. знаниям, изд. под ред. П. Б. Струве. Вып. III). — *36—57.*

— *Экономическая проблема «Великой России».* Заметки экономиста о войне и народном хозяйстве.— В кн.: Великая Россия. Сборник статей по военным и общественным вопросам. Кн. 2. М., Рябушинский, [1911], стр. 143—154. — *36.*

Суханов, Н. Единство.—«Современник», Спб., 1914, кн. 12, июнь, стр. 69—81. — *183.*

— *Несколько слов о марксизме и ревизионизме.* —«Современник», Спб., 1914, кн. 7, апрель, стр. 66—78. — *358—360, 361—362, 430—432.*

Суханов, Н. Несколько слов о народничестве.—«Современник», Спб., 1914, кн. 6, март, стр. 59—69. — *494.*

Терлаич, Г. Краткое руководство к систематическому познанию гражданского частного права России. Ч. I—II. Спб., 1810. 110, 241 стр. — *38—39.*

[*Тихомиров, В. А.*] *Сборы на газеты марксистские «правдистские» (правд.) и ликвидаторские (ликв.) в С.-Петербурге с 1 января по 13 мая 1914 года.* [Таблица].— В кн.: Ленин, В. И. и др. Марксизм и ликвидаторство. Сборник статей об основных вопросах современного рабочего движения. Ч. II. Спб., «Прибой», 1914, стр. 208, в ст.: Ленин, В. И. «Рабочий класс и рабочая печать». — *193—194, 249—258, 267—269, 457—458, 477—478.*

«Товарищ», Спб. — *134.*

Товарищи! Два года прошло с тех пор, как на далекой Лене... [Листовка. Спб., 4 апреля 1914]. 2 стр. Подпись: ПК РСДРП. — *419—421, 422, 423.*

[*Толстой, Л. Н.*] *Предисловие Л. Н. Толстого к альбому «Русские мужики» Н. Орлова.* — В кн.: Русские мужики. Картины художника Н. Орлова. С предисл. Л. Н. Толстого. Спб., Голике и Вильборг, 1909, 8 стр., IX л. илл. — *35.*

— *Севастопольская песня.* — *349.*

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. — *449.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Наши политические задачи.* (Тактические и организационные вопросы). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. XI, 107 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий. — *107, 226.*

— *От редакции.* —«Борьба», Спб., 1914, № 1, 22 февраля, стр. 3—7. — *205—206, 207, 208—210, 211—212, 213—214, 215—216, 220, 221, 223—225, 387—389.*

— *Парламентаризм и рабочий класс.* —«Борьба», Спб., 1914, № 1, 22 февраля, стр. 31—35. Подпись: Н. Троцкий. — *222—224.*

— *Рабочий журнал.* —«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 11, 21 февраля, стр. 2. Подпись: Н. Троцкий. — *3, 204.*

Трубецкой, Е. Н. Новая земская Россия. (Из наблюдений земского деятеля). —«Русская Мысль», М. — Пб., 1913, кн. XII, стр. 1—12. — *297.*

«Трудовая Правда», Спб. — *280, 365—366, 367, 477.*

— 1914, № 1, 23 мая, стр. 2. — *378.*

— 1914, № 2, 30 мая, стр. 1. — *364.*

— 1914, № 4, 1 июня, стр. 1. — *365—366.*

— 1914, № 7, 5 июня, стр. 3. — *386, 387.*

*— 1914, № 12, 11 июня, стр. 1, 4. — *276, 465—466.*

— 1914, № 14, 13 июня, стр. 1; № 15, 14 июня, стр. 1. — *280, 369, 477—478.*

— 1914, № 15, 14 июня, стр. 4. — *464, 465.*

— 1914, № 28, 29 июня, стр. 3. — *400.*

**Уральский, Н. Как это происходит?* (Рабочие корреспонденции в ликвидаторской газете).— «Трудовая Правда», Спб., 1914, № 12, 11 июня, стр. 1. — *276.*

[*Условия слияния СДКПиЛ с РСДРП, принятые на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 345—348. — *475.*

Успенский, Г. И. Будка. — *312—313, 314—315.*

Ф. А.— қараңыз: Adler, F.

Ф. Д.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Фальшивые объяснения.—«Цайт», Пб., 1914, № 17(56), 8 (21) мая, стр. 2. Подпись: А—р. На евр. яз. — *247—248.*

«Цайт», Пб. На евр. яз. — *95, 275.*

— 1913, № 2, 29 декабря. 4 стр. На евр. яз. — *275.*

— 1913, № 9, 21 февраля (6 марта), стр. 1. На евр. яз. — *236.*

— 1913, № 28, 17 (30) сентября, стр. 3—4. На евр. яз. — *285, 286, 291, 311, 312, 318, 327, 340—341, 346, 347—348, 349, 353—354.*

— 1914, № 14 (53), 3 (16) апреля, стр. 2. На евр. яз. — *95.*

— 1914, № 17 (56), 8 (21) мая, стр. 2. На евр. яз. — *247—248.*

**Череванин, Н. Лондонский съезд РСДРП.* 1907 г. С прилож. принятых резолюций и их проектов. [Спб.], «Борьба», [1907]. 102 стр. — *144—145, 244.*

4 апреля в С.-Петербурге.—«Северная Рабочая Газета», Спб., 1914, № 48, 5 апреля, стр. 3. — *422.*

Что думают о политическом положении и об объединении марксистов рабочие депутаты. (Беседа с тт. Петровским и Чхеидзе).—«Единство», Спб., 1914, № 4, 29 июня, стр. 2. — *460, 461, 462—463.*

Что же дальше?—«Луч», Спб., 1912, № 53, 17 ноября, стр. 1. — *242.*

«Шляхи», Львов, 1913, № 8—9, 1 падолиста. — *310.*

Экспедиция заготовления госуд. бумаг.—«Путь Правды», Спб., 1914, № 68, 23 апреля, стр. 2, в отд.: Отклики рабочих. — *163—164.*

Эмиль Вандервельде в Петербурге.—«Наша Рабочая Газета», Спб., 1914, № 27, 5 июня, стр. 1. — *365—366, 404—405.*

Эмиль Вандервельде в редакции газ.« Трудовая Правда».—«Трудовая Правда», Спб., 1914, № 4, 1 июня, стр. 1. — *365—366.*

Эмиль Вандервельде о России.—«Киевская Мысль», 1914, № 159, 12 июня, стр. 2. — *368.*

«Эхо», Спб. — *108.*

Юркевич, Л. Передмова.— В кн.: Левинський, В. Нарис розвитку українського рабітничого руху в Галичині. З передмовою Л. Юркевича. Відбитка з журнала «Дзвін» (1913, кн. VI—XII і 1914, кн. I). Київ, 1914, стр. V—XII. — *347.*

*— *Російські марксісти і український рабітничий рух.* — «Дзвін», [Київ], 1913, № 7—8, стр. 83—94. — *285, 286, 291, 311, 312, 318, 327, 340—341, 347, 348, 349.*

Яковлевич, Я. «Обязанное» хозяйство.—«Русская Мысль», М.—Пб., 1914, кн. III, стр. 10—14, в отд.: В России и за границей. — *98—100, 186—191.*

[*Adler, F.*] *Das Bleibende des Marxismus.*—«Der Kampf», Wien, 1914, Nr. 7, April, S. 334—335. Unterschrift: F. A. — *196.*

Bernhard, L. Das polnische Gemeinwesen im preußischen Staat. Die Polenfrage. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1907. X, 686 S., 2 Karten. — *352—353.*

Bernstein, E. [*Lettre*].—«Le Peuple», Bruxelles, 1914, 11 avril. — *197.*

— *Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie.* Stuttgart, 1902. X, 188 S. — *197—198.*

Die Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Stuttgart].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 50—51. — *432—433.*

*«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, 1913, N 11. Supplément au «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International» N 11. 6 p. — *87.*

Einheit der Partei. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1904, S. 32. — *193—194.*

Engels, F. [*Brief an K. Marx*]. 23. Mai 1851 — In: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 187—191. — *332.*

*— [*Brief an K. Marx*]. 20. November 1868.— Ibidem, Bd. 4, S. 113—114. — *333.*

*— [*Brief an K. Marx*]. 24. Oktober 1869.—Ibidem, S. 197—198. — *335, 337—338.*

Gesetz gegen gemeingefährliche Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.—«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *408—409.*

Häcker, S. Der Sozialismus in Polen.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 37, S. 324—332. — *328.*

«L'Humanité», Paris, 1914, N 3717, 21 juin, p. 3. — *272—273, 275, 365, 366—367, 368, 403, 416—417, 496.*

Das Internationale Bureau.—«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 333, 18. Dezember, S. 3. In der Rubrik: Aus der Partei. — *87, 90, 127, 219—220, 404, 442—444, 491.*

Die internationale Sozialdemokratie und der Nationalitätenstreit in Österreich. [Der Resolutionsentwurf der Exekutive der südslawischen sozialdemokratischen Partei, angetragen dem Gesamtparteitag der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn].— In: Verhandlungen des Gesamtpar-

teitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn vom 24. bis 29. September 1899 im «Arbeiterheim». Nach dem stenographischen Protokolle. Wien, Brand, 1899, S. XV. — *158*.

Die internationale Sozialdemokratie und der Nationalitätenstreit in Österreich. [Die Resolution des Gesamtparteitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn]. — Ibidem, S. XV—XVI. — *299—301*.

[*Interview de M. Emile Vandervelde*].—«Le Peuple», Bruxelles, 1914, 21 juin. — *365—366, 367—368, 403, 416—417, 496*.

«Jauna Balss», Riga. — *23—24, 378*.

«Der Kampf», Wien, 1914, Nr. 7, April, S. 334—335. — *196*.

Kautsky, K. Finis Poloniae?—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 42, S. 484—491; Nr. 43, S. 513—525. — *305, 308, 328*.

— *Nationalität und Internationalität*. Stuttgart, Singer, [1908]. 36 S. (Ergänzungshefte zur «Neuen Zeit». Nr. 1. 1907/1908. Ausgegeben am 18. Januar 1908). — *287—288, 290, 291*.

Die Kolonialfrage. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Stuttgart].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 39—40. — *118*.

The Labour party's attitude.—«The Times», London, 1914, No. 40,479, March 24, p. 14. — *80—81*.

**Landwirtschaftliche Betriebsstatistik*. Hrsg. vom kaiserlichen Statistischen Amte. Teil 2^b. Zusammenfassende Darstellung der Ergebnisse. Verlag des Statistischen Reichsamts. Berlin, [1912]. 100, 189 S.; 6 Kart. (Statistik des Deutschen Reichs. Bd. 212, 2^b. Berufs- und Betriebszählung vom 12. Juni 1907).— *65—66, 67—68*.

**Legien, C. Aus Amerikas Arbeiterbewegung*. Berlin, Singer, 1914. 203 S. — *115—120*.

«Leipziger Volkszeitung», 1914, Nr. 157, 11. Juli. 3. Beilage zu Nr. 157 «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *477, 478*.

Luxemburg, R. Die industrielle Entwicklung Polens. Inaugural — Dissertation zur Erlangung der staatswissenschaftlichen Doktorwürde der hohen staatswissenschaftlichen Fakultät der Universität Zürich. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1898. IV, 95 S. — *294—295*.

— *Kwestja narodowościowa i autonomja*.— «Przegląd Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik — listopad, s.

687—710; N 10, grudzień, s. 795—818; *1909, N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpień—wrzesien, s. 351—376. — *285, 286, 287, 288—289, 290, 291, 292—305, 306—307, 308—309, 310—311, 314—315, 316—317, 320—326, 327—328, 331, 342, 345, 349, 350—352, 483—488.*

— *Neue Strömungen in der polnischen sozialistischen Bewegung in Deutschland und Österreich.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 32, S. 176—181; Nr. 33, S. 206—216. — *328.*

— *Der Sozialpatriotismus in Polen.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 41, S. 459—470. — *328.*

**Marx, K.* [*Brief an F. Engels*]. 4. November 1864. — In: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 3. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 186—192. — *333.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 7. Juni 1866.— Ibidem, S. 323—324. — *333.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 20. Juni 1866.— Ibidem, S. 327—328. — *333.*

— [*Brief an F. Engels*]. 3. Juni 1867.— Ibidem, S. 379—380. — *335.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 2. November 1867. — Ibidem, S. 419—422. — *334, 337—338.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 30. November 1867. — Ibidem, S. 433—436. — *334.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 17. Dezember 1867.—Ibidem, S. 440—441. — *335.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 18. August 1869. — Ibidem, Bd. 4, S. 191—192. — *335.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 18. November 1869. — Ibidem, S. 206 — 208. — *335—336.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 10. Dezember 1869. — Ibidem, S. 224—227.— *336.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 5. Juli 1870. — Ibidem, S. 291—294. — *331.*

Le Mouvement ouvrier et socialiste en Russie. Impressions de Voyage.—«L'Humanité». Paris, 1914, N 3717, 21 juin, p. 3. — *272—273, 275—276, 365, 366—367, 368, 403, 416—417, 496.*

«Naprzód», Kraków. — *321, 323—324, 483.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 32, S. 176—181; Nr. 33, S. 206—216. — *328.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 37, S. 324—332. — *328.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 41, S. 459—470. — *328.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 42, S. 484—491; Nr. 43, S. 513—525. — *304—305, 308, 328.*

«The New York Daily Tribune». — *336.*

«Le Peuple», Bruxelles, 1914, 11 avril. — *197.*

— 1914, 21 juin. — *365, 366—367, 368, 403, 416—417, 496.*

Die politische Aktion. [Die Resolution des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London]. — In: Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin. Expedition der Buchh «Vorwärts», 1896, S. 18.— *75—76, 286, 311, 327, 328, 331, 349—350, 483, 486—488.*

«Przegląd Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik — listopad, s. 687—710; N 10, grudzień, s. 795—818; *1909, N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpień—wrzesień, s. 351—376. — *285, 286, 287, 288—290, 291, 292—305, 306—307, 308, 309, 310, 314—315, 316—317, 320—326, 327—328, 331, 341, 342, 345, 349—350, 351, 352, 483—488.*

«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *408—409.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin. — *118, 119, 141.*

«The Times», London. — *335.*

— 1914, No. 40, 479, March 24, p. 14. — *81—82.*

«Töö Hääl», Narva. — *274—275.*

[*Trozky, L. D.*] *Aus dem russischen Parteileben.*—«Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. — *214, 424—425, 491.*

**Verhandlungen des Gesamtparteitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn vom 24. bis 29. September 1899 im «Arbeiterheim».* Nach dem stenographischen Protokolle. Wien, Brand, 1899. XX, 144 S. — *158, 299—300, 301.*

**Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896* Berlin. Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896. 32 S. — *75—77, 286, 311, 327, 328, 329, 331, 349—350, 483, 486, 487, 488.*

«Vilnis», Riga. — *274.*

«Vorwärts», Berlin. — *136, 214, 424—425.*

— 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1.— *214, 424—425, 491.*

— 1913, Nr. 333, 18. Dezember. S. 3. — *87, 90, 127, 219—220, 401, 442—444, 491.*

Willy, R. Gegen die Schulweisheit. Eine Kritik der Philosophie. München, Langen. Verl. für Literatur u. Kunst, 1905. 219 S.— *42.*

Z. L. Zur Einigungsfrage in Rußland.—«Leipziger Volkszeitung», 1914, Nr. 157, 11. Juli. 3. Beilage zu Nr. 157 «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *477, 478—479.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Авенариус (Avenarius), *Рихард* (1843—1896)—немістің буржуазиялық философы, субъективтік идеалист, 1877 жылдан — Цюрих университетінің профессоры. 1876 жылы «Philosophie als Denken der Welt gemäß dem Prinzip des kleinsten Kraftmaßes» («Философия дегеніміз күшті неғұрлым аз жұмсау принципі бойынша дүние туралы ой толғау») деген еңбегінде Беркли мен Юмның субъективтік идеализмін қайта жандандырған реакциялық философияның — эмпириокритицизмнің негізгі принциптерін тұжырымдады.

Негізгі еңбектері: «Der menschliche Weltbegriff», 1891 («Адамның дүние туралы ұғымы») және «Kritik der reinen Erfahrung», 1888—1890 («Таза тәжірибеге сын»). 1877 жылдан бастап Авенариус «Vierteljahrsschrift für wissenschaftliche Philosophie» («Ғылыми Философия Үш айлығы») журналын шығарып тұрды. — *394.*

Адлер (Adler), *Фридрих,* (Ф. А.) (1879—1960) — Австрия социал-демократы, реформизмнің бір түрі болып табылатын австромарксизм теоретиктерінің бірі. 1907—1911 жылдары — Цюрих университетінің приват-доценті; философияда — эмпириокритицизмді жақтаушы, марксизмді махистік философиямен «толықтыруға» тырысты. 1910—1911 жылдары—Швейцария социал-демократиялық партиясының органы—«Volksrecht» («Халықтық Право») газетінің редакторы, одан кейін — Австрия социал-демократиялық партиясының секретары. 1916 жылы 21 октябрьде Австрияның премьер-министрі граф Штюргкты атып өлтірді; оның бұл әрекетін В. И. Ленин «каутскийшілдің үмітсіздікке салыну актісі» (Шығармалар, 35-том, 216-бет) деп сипаттады. Ол саясатта реформист еді, II ½ Интернационалды ұйымдастырушылардың қатарында (1921—1923), ал одан соң — Социалистік жұмысшы Интернационалы лидерлерінің бірі болды. — *196—197.*

Аквинат Фома — қараңыз: Фома Аквинат.

Акимов (Махновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған оппортунист. «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейін «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде бейпартиялық жұмысшы ұйымын құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, бұл идея бойынша социал-демократия әлгі ұйымның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті. — *106, 358.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан —«Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі. РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздардың басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында—центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады. — *3, 124, 134, 237, 281, 447.*

Алексеев, П. А. (1849—1891) — 70-жылдардағы белгілі революционер, кәсібі жөнінен тоқымашы-жұмысшы. 1873 жылы Петербургте революциялық жұмысшылар үйірмесінде болды; 1874 жылдың ноябрінен бастап Москвада жұмысшылар арасында революциялық насихат жүргізуге белсене қатысты. 1875 жылдың апрелінде тұтқынға алынып, 1877 жылы «50-дің процесі» бойынша сотқа тартылды. Сотта қорғаушыдан бас тартты, 10 (22) мартта өзінің атақты сөзін сөйледі; бұл сөзін патша самодержавиесі сөзсіз құлайды деп сенім білдірумен аяқтады. Алексеевтің сөзі кейіннен көптеген құпия басылымдар арқылы таратылып, Россиядағы революциялық қозғалысқа елеулі әсер етті. В. И. Ленин оны «орыс жұмысшы-революционерінің ұлы көрегендігі» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 407-бет) деп атады. 1877 жылғы 14 (26) мартта Алексеев 10 жыл каторгаға кесілді, 1884 жылы қоныстануға шығып, Якутияда тұрды; сонда 1891 жылдың 16 (28) августында тонаушылардың қолынан қаза тапты. — *102.*

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. Бірінші орыс революциясы дәуірінде большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында—шақырымпаз, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кіріп, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде, әскери контрразведкамен бірігіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды. — *129, 243, 393, 394, 438, 474.*

Аллеман (Allemane), *Жан* (1843—1935) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, кәсібі жөнінен баспахана жұмысшысы. 1871 жылы Париж Коммунасына қатысты, сол үшін өмір бойы каторгаға кесілді. 1879 жылы амнистия алды да, 1882 жылы Франция жұмысшы партиясындағы оппортунистік ағым — поссибилистерге қосылды. 1890 жылы, поссибилистер жікке бөлінгеннен кейін, XIX ғасырдың аяғындағы француз жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік жартылай анархистік топтардың бірі —«Жұмысшы әлеуметтік-революциялық партиясын» («аллеманистерді») басқарды. Аллеманистер 1901—1902 жылдары Француз социалистік партиясына, ал 1905 жылы — Франция Біріккен социалистік партиясына кірді. 1901, 1906 және 1910 жылдары Аллеман парламентке сайланды. 1914 жылы парламент сайлауында жеңіліске ұшырағаннан кейін саяси қызметтен қол үзді. — *89—90.*

Амфитеатров, А. В. (1862—1938) — буржуазияшыл жазушы-фельетонист, либералдық-буржуазиялық баспасөзге де, реакциялық баспасөзге де жазып тұрды. 1905 жылы Францияға барып, онда бірнеше жыл болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, реакциялық ұлтшылдық «Русская Воля» газетінің негізін салушылардың бірі; бұл газет 1917 жылы большевиктер партиясына және «Правда» газетіне қарсы ойран науқанын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *7—8.*

Ан — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Антид, Ото — қараңыз: Троцкий, Л. Д.

Антоний Волынский (Храповицкий, А. П.) (1863—1936) — барып тұрған қаражүздік, орыс православиелік шіркеуіндегі ең оңшыл бағыттың басшысы, патша өкіметінің реакциялық саясатын жүргізушілердің аса көрнектілерінің бірі. 1902 жылдан Волынь епископы, кейініректе Харьков архиепископы болды. Азамат соғысы және шетелдік соғыс интервенциясы жылдарында Деникинмен ауыз жаласты. Контрреволюция талқан-

далғаннан кейін шетелге қашып кетіп, онда монархиялық эмиграция лидерлерінің бірі болды. — *186, 189.*

Антонов — қараңыз: Попов, А. В.

Аристотель (біздің заманымыздан бұрынғы 384—322 жылдар) — ежелгі гректің ұлы ойшылы, көне замандағы құл иеленушілік қоғамның үстем табының идеологы. Аристотель Платонның шәкірті болды, бірақ өз ұстазының идеалистік теориясын қатаң сынай отырып, одан бас тартты. Өзінің философиялық көзқарастарында идеализм мен материализмнің арасында ауытқыды. Аристотель өз заманындағы бүкіл білімді қамтитын жүйені жасады, формальды логиканың негізгі заңдарын тұжырымдады, экономикалық зерттеулермен шұғылданды: Маркс товар, құн, ақша және өсімқорлық пен сауда капиталы сияқты капиталдың алғашқы формалары туралы ілім тарихын баяндауды нақ содан бастаған болатын (қараңыз: «Саяси экономия сыны жөнінде» және «Капиталдың» I томы).— *51.*

Асквит (Asquith), *Герберт Генри* (1852—1928)—ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері, либералдар партиясының лидері. Парламентке тұңғыш рет 1886 жылы сайланды. Бірнеше дүркін министр қызметін атқарды, 1908 жылдан 1916 жылға дейін үкімет басшысы болды. Ағылшын империалистік буржуазиясының көзқарасын және оның аннексионистік пиғылдарын білдіруші болды. Жұмысшы және азаттық қозғалысын басу саясатын жүргізді. 1916 жылы орнынан түскеннен кейін айтарлықтай саяси роль атқарған жоқ.—*80.*

Б

Бабушкин, И. В. (1873—1906) — жұмысшы, профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін В. И. Ленин басшылық еткен жұмысшы үйірмесінде 1893 жылы бастады. Лениннің «Семянников заводының жұмысшыларына» деген тұңғыш социал-демократиялық үгіт листогын әзірлеуге және оны заводта таратуға белсене қатысты. Ленин Петербургте «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрған кезден бастап Бабушкин оның ең белсенді мүшесі және Лениннің өте жақын көмекшісі болады. Лениндік «Искраны» құруға белсене қатысты, оның ең алғашқы агенттерінің бірі және белсенді тілшісі болды. Талай рет тұтқынға алынып, айдауда болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсенді қатысушы, РСДРП Иркутск және Чита комитеттерінің мүшесі. Читадан қару-жарақтар апара жатқан кезінде Бабушкин жазалау отрядының қолына түсіп, ешбір сотсыз, тергеусіз атылды. Бабушкиннің революцияға қалтқысыз берілгендігін Ленин жоғары бағалады, ол туралы «таңдаулы, ең сенімді «искрашыл»-жұмысшылардың бірі, революцияшыл пролетариат көсемдері-

нің бірі» (Шығармалар, 29-том, 504-бет) деп жазды. Вабушкин туралы Ленин некролог жазған болатын — қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 86—90-беттер. — *104.*

Бадаев, А. Е. (1883—1951) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь, көрнекті совет, партия және мемлекет қайраткері. 1904 жылы РСДРП-ға кірді, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. Петербург губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді; Думадағы жұмыстарға қоса Думадан тыс үлкен революциялық жұмыстар жүргізді: большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды, Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков және Поронин кеңестеріне қатысты. 1914 жылы ноябрьде өзге большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстапуға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін айдаудан қайтып келіп, Петроградта большевиктік ұйымның жұмысына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — басшы партия, совет жұмысында және шаруашылық жұмыста болды. 1938—1943 жылдары — РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының председателі және СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1925 жылдан—Орталық Комитеттің мүшесі. «Большевиктер Мемлекеттік думада» деген кітаптың авторы, кітап бірнеше рет қайта басылып шықты. — *456.*

Базаров, В. (Руднев, В. А.) (1874—1939) — философ және экономист, социал-демократиялық қозғалысқа 1896 жылдан бастап қатысты. 1905—1907 жылдары Базаров бірқатар большевиктік басылымдарға қатысты, И. И. Скворцов-Степановпен бірге Маркстің «Капиталын» аударуға қатысты (1—3 томдар, 1907—1909). Реакция дәуірінде большевизмнен қол үзіп, «құдай жасампаздықты» және эмпириокритицизмді насихаттады, марксизмге махистік ревизия жасаушылардың басты өкілдерінің бірі болды. 1917 жылы—интернационалист-меньшевик жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі; Октябрь социалистік революциясына қарсы шықты. 1921 жылдан бастап Базаров СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді; өмірінің соңғы жылдарында көркем және философиялық әдебиетті аударумен шұғылданды.

Негізгі еңбектері: «Анархиялық коммунизм және марксизм», «Екі майданға», «Ғылым және дін» және т. б. — *183, 359, 363.*

Барк, П. Л. (1858 ж. туған) —патшалық Россияның ірі банк еншілі. Волга-Кама банкінің жарлықшы-директоры болды, 1913 жылы сауда және өнеркәсіп министрінің орынбасары, ал 1914 жылы финанс министрі болып тағайындалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін осы қызметте болды, одан соң шетелге эмиграцияға кетті. — *7.*

Батрак — қараңыз: Затонский, М. П.

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, реформизмнің бір түрі болып табылатын «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Бауэр «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі, бұл теорияның оппортунистік мәнін В. И. Ленин бірнеше рет әшкерелеген-ді. Октябрь социалистік революциясы жөнінде Бауэр теріс көзқараста болды; Лениннің атап көрсеткеніндей, ол өзінің «пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін мүлдем түсінбейтіндігін» (Шығармалар, 30-том, 39-бет) байқатты. 1918—1919 жылдары Австрия республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты; ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты және гитлершілдердің «аншлюс» идеясын қолдап отырды. — *288—289.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 90-жылдарда және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «марксстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қала береді» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді. — *174, 449.*

Бейлис, М. Т. (1873 ж. туған) — Киевтегі кірпіш заводының приказчигі, еврей, 1911 жылы салт жорасын көздеп, христиан баланы өлтіріпті-міс деп жалған айыпталды. — *10, 17, 69.*

Белинский, В. Г. (1811—1848) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, әдебиет сыншысы әрі публицист, философ-материалист. Белинский крепостниктікке қарсы күреске көтерілген шаруалар бұқарасының идеологы болды. 1833—1836 жылдары «Телескоп» журналына қатысып жүрді, 1838—1839 жылдары «Московский Наблюдатель» журналын редакциялады, 1839—1846 жылдары «Отечественные Записки» журналының әдебиесын бөлімін басқарды, 1847 жылдан «Современник» журналының қызметкері әрі идеялық басшысы болды. 1847 жылғы 3 июльде шетелде жүріп атақты «Гогольге хатын» жазды. Бе-

линский революциялық-демократиялық эстетика мен әдеби сынның негіздерін қалады. Пушкин, Лермонтов, Гоголь туралы мақалаларында, 1840 жылдан 1847 жылға дейінгі орыс әдебиетіне жасаған шолуларында Белинский орыс әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мен ұлылығын көрсетіп, оның реализмі мен халықтығын ашып берді. Белинскийдің қызметі Россияда қоғамдық ой-пікірдің одан әрі дамуына және азаттық қозғалысының өсуіне орасан зор әсер етті. — *102.*

Беннигсен, Э. П. (1875 ж. туған)—граф, помещик, октябрист. Уездік дворяндар жетекшісі, Старорус уездік земствосы мен Новгород губерниялық земствосының және Петербург қалалық думасының мүшесі болды. Новгород губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. — *225.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл идеалист-философ және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінде «жария марксизм» позициясында болды, одан соң марксизмнің ашық жауына айналды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында діни-философиялық құдай іздемпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасады, бұларды дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы деп білді. Контрреволюциялық қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда ақ эмиграция идеологтарының бірі болды. — *375—376.*

Бернгард (Bernhard), *Людвиг* (1875—1935) — неміс экономисі және публицисі. Берлиннің, Кильдің және басқа қалалардың бірқатар оқу орындарында профессор болды. Біраз уақыт Польша-Пруссия саясатымен айналысты, поляктарды немістендіруді жақтады. Өмірінің соңғы жылдары фашизмнің шаруашылық системасын зерттеді. — *352.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін—Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы —«Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағыттал-

ған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинистік позицияда болды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн империалистік буржуазияның саясатын қолдаумен болды, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *196—197, 198.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті, сөйтіп 20 жыл бойына ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтік программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда Бисмарктің болымсыз садақалармен жұмысшы қозғалысын аздырмақ болған әрекетінен ештеңе шықпады. 1890 жылы отставкаға кетті.— *333.*

Бобринский, В. А. (1868 ж. туған) — граф, реакцияшыл саяси қайраткер, ірі жер иесі және қант заводының иесі. 1895 жылдан 1898 жылға дейін Богородицк уездік земство басқармасының председателі болды. Тула губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думаларда оң қанатқа қосылды. Барып тұрған ұлтшыл болған ол Россияның ұлттық шет аймақтарын күшпен орыстандыруды жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті. — *72, 73—74, 78.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, кәсібі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі болған, «эмпириомонизм» деп аталған өз системасын жасауға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл системаны қатаң сынға алды. 1909 жылы июньде «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының мәжілісінде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік ре-

волюциясынан кейін «Пролеткультты» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1926 жылдан—өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *122, 129, 137, 164, 183, 243, 244, 392, 393, 394, 397.*

Богучарский (Яковлев, В. Я.) (1861—1915) — либерал-буржуазияшыл қайраткер және Россиядағы халықшылдық қозғалыстың тарихшысы. 90-жылдарда «жария марксизмге» қосылды. 1902—1905 жылдарда П. Б. Струве басқарған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылы бұл журналдан шығып, Е. Д. Кусковамен және С. Н. Прокоповичпен бірге «Без Заглавия» журналын және «Товарищ» газетін шығара бастады. 1906—1907 жылдарда В. Л. Бурцевтің қатысуымен «Былое» журналын шығарып тұрды. 1914—1915 жылдарда Ерікті экономикалық қоғамның ғылыми секретары болып істеді. Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы және редакторы. Олардың ішінен неғұрлым ірісі: «XIX ғасырда Россияда болған мемлекеттік қылмыстар» деген ресми материалдар жинағы. — *183, 358, 493, 494.*

Бонч-Бруевич В. Д. (1873—1955) — профессионал революционер, большевик; тарихшы әрі әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты, Россияда марекстік әдебиетті шығару жөнінде үлкен жұмыс жүргізді, 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының қызметіне қатысты, кейін «Искраға» қатысып тұрды. РСДРП II съезінен кейін — большевик; 1904 жылы Орталық Комитеттің экспедициясына басшылық етті, ал кейін большевиктік әдебиетті бастыруды ұйымдастырды («В. Бонч-Бруевич пен Н. Ленин» баспасы). Одан кейінгі жылдарда большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. Россиядағы діни-қоғамдық қозғалысты, әсіресе сектанттықты зерттеді, оның бірқатар еңбектері сектанттық тарихына арналған; 1904 жылы сектанттарға арнап социал-демократиялық «Рассвет» листогын шығарып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін «Известия Петроградского Совета» редакциясының мүшесі (1917 жылғы майға дейін) болды; кейін большевиктік «Рабочий и Солдат» газетін редакциялады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың декабріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы болды. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан — СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры болды. — *493, 494.*

Брайнес, Б. (Косинский, Б.) (1884 ж. туған) — журналист, 1904 жылдан революциялық қозғалысқа қатысты, бастапқыда

социал-демократ, одан соң эсер болды. 1912 жылдан Ригада металлистер кәсіптік одағының қызметіне қатысты, эсерлік баспасөзге жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1918 жылы эсерлерден қол үзді, 1923 жылы большевиктер партиясына қабылданды, шаруашылық жұмысында болды. — *130.*

Бритман, А. В. — *қараңыз:* Попов, А. В.

Бронштейн, С. Ю. — *қараңыз:* Семковский, С.

Булкин (Семенов), Ф. А. (1888 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, 1904 жылдан РСДРП мүшесі болды. Петербургте және Харьковта партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП V съезіне Петербург ұйымынан делегат болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Новгородтың, Самараның және Петербургтің әскери-өнеркәсіп комитеттерінде істеді, кәсіподақ жұмысымен айналысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Оренбург Советінде меньшевиктердің өкілі болып істеді. Одан соң меньшевиктерден қол үзді де, 1920 жылы РКП(б)-ға алынды. 1922 жылы «жұмысшы оппозициясына» қатысқаны үшін партиядан шығарылды; 1927 жылы партияға қайтадан кірді, Ленинградта, Иркутскіде және басқа қалаларда шаруашылық жұмыста болды. — *143, 181, 213, 370.*

Буренин, В. П. (1841—1926) — реакцияшыл публицист әрі әдебиетші. 1876 жылдан бастап «Новое Время» газетінің редакциясына кіріп, «нововремяшылдардың» сатқын әдеби тобын басқарды. В. И. Ленин айтыстың арам пиетті әдістерін көрсету үшін Бурениннің есімін жиі қолданды. — *7, 8.*

Бурцев, В. Л. (1862—1936) — 80-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысты, халық еріктілеріне жақын болды. Тұтқында болғаннан кейін шетелге қашты, онда революциялық қозғалыстың документтерін жинап, жариялаумен шұғылданды. «Свободная Россия», «Будущее» газеттерін, «Былое» журналын шығарды, полиция департаментінің құпия істерін әшкерелеумен айналысты. Бірінші орыс революциясының алдында эсерлерге жақын болды, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін кадеттерді қолдады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — нағыз шовинист, патша өкіметіне қарсы оппозицияның қандайынан болсын бас тартты, Россияға қайтып келіп, большевиктерге қарсы контрреволюция жағында әрекет жасады. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, СССР-ге қарсы күресу үшін ақгвардиялық-монархистік ұйымдарды құруға қатысты. — *438.*

Бурьянов, А. Ф. (1880 ж. туған) — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Таврия

губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракцияға кірді. 1914 жылы жойымпаздардан шеттеп, партияшыл-меньшевиктерге қосылды, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында қорғампаздық жағында болды. — *4, 135, 215, 240, 256, 375, 415, 434.*

В

В. А. Т.— қараңыз: Тихомирнов, В. А.

В. О. —«Северная Рабочая Газетаның» 1914 жылғы 21 марттағы 35-номерінде жарияланған «Мектеп ісінің нашарлауы» деген мақаланың авторы. — *158—159.*

В — димов, В. (Подвицкий, В. В., Вадимов, В.) (1881 ж. шамасында туған) — оңшыл эсер. 1906 жылы «Саналы Россия» деген эсерлік жинақта еңбектері басылды, 1914 жылы «Смелая Мысльге» жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. — *264.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Вандервельде Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті; II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Вандервельде бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы. В. И. Ленин атап көрсеткендей, Вандервельденің еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы шығады» (Шығармалар, 28-том, 327-бет). — *275, 365—367, 368, 403, 404, 416, 443, 448, 496.*

Варский (Warski), *Адольф (Варшавский, А. С.)* (1868—1937) — поляк революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын, одан кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын құруға белсене қатысты. РСДРП-ның IV

(Бірігу) съезіне делегат болды. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына енді. 1909—1910 жылдарда РСДРП-ның Орталық Органы—«Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамында болды. В. И. Ленин осы кезеңде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист. 1917 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына енді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Поляк сейміне депутат болып сайланды, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға кетті; Маркс—Энгельс—Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды.— *341—342.*

Варшавский, А. С. — *қараңыз:* Варский, А.

Вейс (Мендерс), Ф. (1885 ж. туған) — латыш меньшевиктері лидерлерінің бірі. Революциялық қозғалысқа 1904 жылдан бастап қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. 1912—1913 жылдары Латыш өлкесі социал-демократиясының меньшевиктік Шетелдік Комитетінің мүшесі болды, латыш большевиктеріне қарсы күресті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — интернационалист-меньшевик. Буржуазиялық Латвияда II Интернационалдың оппортунистік партиясы — Латвия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің председателі болды. 1932 жылдан — II Интернационал Атқару комитетінің мүшесі. 1934 жылдан 1940 жылға дейін, фашистік диктатура кезінде, құпия Латвия социалистік жұмысшы-шаруа партиясының мүшесі болды; бұл партия өзінің алдына фашизмді құлатуды мақсат етіп қойған болатын. — *246—247.*

Вилли (Willy), *Рудольф* (1855—1920) — немістің махист-философы, Р. Авенариустің шәкірті. Мына еңбектердің авторы: «Die Gesamterfahrung vom Gesichtspunkt des Primärmonismus», 1908 («Бастапқы монизм тұрғысынан қарағандағы жиынтық тәжірибе»); «Ideal und Leben...», 1909 («Мұрат және өмір...») және басқалар. — *42.*

Вихляев, П. А. (1869—1928) — статистик және агроном, либерал халықшыл. Тверь земство басқармасы экономикалық бөлімінің меңгерушісі болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Патшалық Россиядағы шаруа шаруашылығы туралы бірқатар статистикалық еңбектердің авторы; бұл еңбектерде шаруалардың таптық жіктелуі бекерге шығарылып, селолық қауым дәріптелді. Буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революция-

сынан кейін Вихляев Орталық статистика басқармасында істеді және Москвадағы жоғары оқу орындарының профессоры болды. — *259.*

Владимиров, М. К. (Шейнфинкель, М. К., Л. В., Л. Вл.) (1879—1925)—социал-демократ, большевик, 1903 жылдан РСДРП мүшесі. Петербургте, Гомельде, Одессада, Луганскіде және Екатеринославта партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП III съезіне партияның Полесье комитетінен делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияга қатысты. Революциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, Сибирьде өмірбақи қоныстануға жер аударылды, алайда 1908 жылы айдаудан шетелге қашып кетті. 1911 жылы большевиктерден қол үзді, кейіннен «За Партию» газетін шығарып тұрған плехановшылдардың Париж тобына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Троцкийдің Париждегі «Наше Слово» газетіне қатысып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып келді, аудан аралықшылар қатарында болды, солармен бірге VI съезде большевиктер партиясына алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтер атқарды: 1921 жылы—Украинаның азық-түлік халық комиссары, 1922 жылы—РСФСР финанс халық комиссары, 1924 жылғы ноябрьден — СССР Халық Шаруашылығы Жоғары Советі председателінің орынбасары. — *306, 338, 498.*

Воинов — қараңыз: Луначарский, А. В.

Вольский, С. А. (Соколов, А. В.) (1880 ж. туған) — социал-демократ. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — шақырымпаздар лидерлерінің бірі, Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектепті ұйымдастыруға және оның жұмысына қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің әскери секциясында істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, шетелге эмиграцияға кетті, бірақ көп кешікпей Советтік Россияға қайтып келді. Ағаш кооперациясында, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, Сауда халық комиссариатында істеді. 1927 жылдан әдеби жұмыспен шұғылданды. — *129, 393, 394.*

Воронов, Б. (Лебедев, Б. Н.) (1883—1919) — эсер, экономист және публицист. 1909—1910 жылдары эсер партиясының Орталық Комитетіне кірді. 1912 жылдан бірқатар эсерлік басылымдарға белсенді жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917—1918 жылдары эсерлік «Власть Народа» газетінің редакциясына кірді, одан соң кооперация жүйесінде істеді. — *358.*

Г

Ганецкий (Фюрстенберг), Я. С. (1879—1937) — поляк және орыс революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері. 1896 жылдан социал-демократиялық партияның мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар съездеріне, сондай-ақ РСДРП-ның II, IV және V съездеріне қатысқан. РСДРП V съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының VI съезінде (1908) бірқатар партиялық ішкі мәселелер жөніндегі алауыздықтарға байланысты Бас басқармадан шықты, сөйтіп 1912 жылы поляк социал-демократиясындағы жікке бөлінуден кейін, большевиктерге неғұрлым жақындау тұрған «розламов» оппозициясы дегеннің басшыларының бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Циммервальд солшыл тобына» қосылған. Бірнеше рет тұтқынға алынған, жер аударылған. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Шетелдік бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді, дипломатиялық жұмыста болды, Сауда халық комиссариатының және Халық Шаруашылығы Жоғары Советі коллегиясының мүшесі болды. 1935 жылдан—СССР Революция Музейінің директоры. — *341, 342.*

Ганкевич, Н. (1869 ж. туған) — Галициядағы Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі. 1914—1917 жылдары—Львовтағы «Бас Украин радасының» мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украина мен Польшаның СССР-ге қарсы одағын жақтаушы болды. — *300.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — священник; арандатушы, патша охранкасының агенті. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында полиция департаментінің тапсырмасы бойынша зубатовтық ұйымдардың үлгісімен «Петербургтің орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысы» деген ұйым құрды, бұл ұйымға полиция департаменті қаржы бөліп тұрды. 1905 жылы 9 январьда Петербург жұмысшыларын петициямен патшаға шеру жасап баруға арандатты. Шетелге қашып кетіп, онда эсерлерге жақын болды. Россияға қайтып келгеннен кейін әшкереленіп, эсерлердің қолынан өлді. — *498.*

Гарибальди (Garibaldi), *Джузеппе* (1807—1882) — Италияның ұлттық батыры, итальян революциялық демократиясының аса ірі көсемдерінің бірі, аса көрнекті қолбасшы. 1848—1867 жылдарда итальян халқының Италияны біріктіру жолындағы, шетел басқыншыларына, феодалдық-абсолюттік құрылысқа және клерикалдық реакцияға қарсы күресін басқарды. 1860 жылы Сицилияны Неаполь Бурбондарынан азат етуімен

Гарибальди «шын мәнінде Италияны біріктірді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 461-бет). 1870 жылы өзінің балаларымен бірге Францияда оған басып кірген пруссактарға қарсы соғысты. 1871 жылғы Париж Коммунасын құттықтады, ұлттық гвардияның Орталық комитеті құрамына сырттан сайланды. К. Маркс, Ф. Энгельс және В. И. Ленин бостандық жолындағы аса көрнекті күрескер ретінде Гарибальдиді жоғары бағалады. — *333.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922)—француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралып, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті; 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазды, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді; ол бірнеше рет парламент депутаты болып сайланды. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның негұрлым дәйекті және батыл өкілдерінің бірі деген сипаттама берді.

Бірақ, оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді: ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинизм позициясына көшіп, буржуазиялық үкіметке кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа,* бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады. — *498.*

Геккер (Haecker), *Эмиль* (1875—1934) — Поляк социалистік партиясы оң қанатының қайраткері. 1892 жылдан — Галиция мен Силезиядағы Поляк социал-демократиялық партиясының (ПСДП) мүшесі. 1894 жылдан бастап, қырық жыл дерлік уақыт бойы, Краковтағы социалистік газет—«Naprzód»-тің («Алға») редакторы болды. 1906—1919 жылдары — Поляк социал-демократиялық партиясы басшылығының мүшесі. II Интернационалдың бірқатар конгрестеріне қатысушы. Өмірінің

соңғы жылдарында — Поляк социалистік партиясы Бас басқармасының және осы партияның Краковтағы округтік комитетінің мүшесі. — *328.*

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революционер-демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы; «орыс», «шаруа» социализмінің негізін салушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристер дәстүрін жалғастырушы дворян революционері болып аяқ басты. 1829—1833 жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен социалист-утопистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып үйренген алдыңғы қатарлы, революциялық ниеттегі жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, 1835 жылы Пермьге, одан кейін Вяткаға, Владимирге және Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып оралғаннан кейін Москвада тұрды. Оның осы кезде жазған «Ғылымдағы дилетантизм» және «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. 1847 жылғы январьда патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен шетелге эмиграцияға кетті. 1852 жылы Лондонда орыс баспаханасын құрып, шетелде орыстың еркін баспасөзінің негізін салды. Бірнеше революциялық прокламация, кітапшалар және мақалалар шығарғаннан кейін 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылы Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады.

Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихында атқарған роліне В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 284—291-беттер) баға берді. — *101, 102.*

Герш, П. М. — *қараңыз:* Либман, Ф.

Гиммер, Н. Н. — *қараңыз:* Суханов, Н.

Гинзбург, Б. А. — *қараңыз:* Кольцов, Д.

Гладстон (Gladstone), *Уильям Юарт* (1809—1898) — ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері, либералдық партияның лидері. Бірқатар кабинеттерде министр қызметін атқарды; ал 1868—1874, 1880—1885, 1886, 1892—1894 жылдары премьер-министр болды. Халықтың ұсақ буржуазиялық топтарын және жұмысшы табының жоғарғы тобын либералдар жағына тарту үшін әлеуметтік демагогия құралдарын және жартыкеш реформаларды (1884 жылғы сайлау реформасы және басқалар) кеңінен пайдаланды. Басқыншылық отаршылдық саясат жүргізді. Саяси қайраткер ретіндегі Гладстонның — «либерал буржуалар мен топас мещандардың осы батырының» ерекшелігі, В. И. Лениннің баға беруі бойынша, мейлінше принципсіздік, арсыздық және екіжүзділік болды. — *336—337.*

Гольдблат — қараңыз: Медем, В. Д.

Гольдендах — қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдман, Б. И. — қараңыз: Горев, Б. И.

Гольдман, М. И. — қараңыз: Либер, М. И.

Гомперс (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — америкaн кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АЕФ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап үзбестен осы федерацияның председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақ саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандық ниетте болды. — *115.*

Горев, Б. И. (Гольдман, Б. И., Горев, А.) (1874—1937) — социал-демократ. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың орта кезінен қатыса бастады. 1905 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі, большевик. 1907 жылы меньшевиктерге қосылды. Партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланды. Жойымпаз-меньшевиктердің органдары «Голос Социал-Демократа» газеті мен «Наша Заря» журналына жазып тұрды. 1912 жылы Венада антипартиялық август конференциясына қатысты, онда Ұйымдастыру комитетіне сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — меньшевиктік «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің және бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1920 жылы августа меньшевиктік ұйымнан өзінің шығатыны туралы мәлімдеді. Кейіннен жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыста болды. — *471, 472.*

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакцияшыл бюрократияның типтік өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакциялық саясат (контрреформалар саясаты дегенді) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін Министрлер советінің председателі болды. — *141, 150.*

Горский, А. В. (Дюбуа, А. Э.) (1881 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик. «Возрождение» журналына, «Новая Рабочая Газетаға» және басқа да жойымпаздық органдарға жазып тұрды,

жойымпаздық «Наша Заря» журналын бастырып шығарушы болды; III және IV Мемлекеттік думалардағы социал-демократиялық фракциялардың жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында—социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы белсенді күресті, одан соң — ақ эмигрант. — *143.*

Гринберг, В. Д. — қараңыз: Медем, В. Д.

Гурвич, Ф. И. — қараңыз: Дан, Ф. И.

Гуревич, Э. Л. (Смирнов, Е.) (1865 ж. туған) — публицист, 1890 жылға дейін — халық еркшілі, одан соң социал-демократтарға қосылды; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетіне жазып тұрды.— *459.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде үкіметтің жұмысшы табы мен шаруаларды аяусыз жазалау жөніндегі саясатын қолдады. 1910—1911 жылдары—II Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант. — *15.*

Д

Дан, Ф. И. (Гурвич, Ф. И., Ф. Д.) (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. РСДРП IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларға қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *2, 3—4, 94, 95, 96, 127, 135, 155, 175, 181, 183, 209, 216, 218, 237, 246, 248, 359, 363, 377, 380—382, 383—384, 385, 386, 387, 391, 436, 437.*

Данский, Б. Г. (Комаровский, К. А., Х.) (1883 ж. туған) — 1901 жылдан Поляк социалистік партиясының мүшесі. 1911 жылы РСДРП-ға кірді, «Звезда» және «Правда» газеттеріне жазып тұрды. 1913—1914 жылдары—«Вопросы Страхования» журналының редакторы. 1917 жылы — Революциялық әскери советтің әскери инспекциясының әскери комиссары. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Правдада» бөлім меңгерушісі болды, «Сахалиннефть» тресінде істеді. 1923—1926 жылдары —«Вопросы Страхования» журналының бас редакторы, одан соң СССР-дің Венадағы уәкілетті өкілдігінде істеді.— *436, 490.*

Домов — қараңыз: Покровский, М. Н.

Донцов, Д. — ұсақ буржуазиялық Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі, Львовтағы «Шляхи» газетінің және Москвада шыққан «Украинская Жизнь» журналының қызметкері. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық ұйым —«Украинаны азат ету одағын» құрушылардың бірі болды, бұл ұйым Австрия монархиясының көмегімен «дербес» Украина деген ұранды жүзеге асыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — эмигрант. — *310.*

Достоевский, Ф. М. (1821—1881) — орыстың аса көрнекті жазушысы. Әдеби қызметті XIX ғасырдың 40-жылдарында бастады. Оның «Бейшаралар» деген алғашқы повесіне сол кездегі озық сынның өкілі В. Г. Белинский жоғары баға берді. 1847 жылы М. В. Петрашевскийдің революциялық үйірмесіне кірді. 1849 жылы петрашевскийшілдердің ісі бойынша өлім жазасына кесіліп, кейін каторгаға айдалумен ауыстырылды. Омскінің каторгалық түрмесінде тұтқында болу мерзімін өтегеннен кейін, Семейде қатардағы солдат қызметін атқарды. 1859 жылы Петербургке оралып, әдеби қызметін қайта бастады. Достоевскийдің шығармалары («Өлі үйден хаттар», «Қылмыс пен жаза», «Нақұрыс» және басқалар) шындықты, адамның ішкі сезімін, адамның ар-ожданын қорлауға қарсы жеке бастың наразылығын реалистік түрде суреттеуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар Достоевскийдің бірқатар шығармаларында әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылық тәңірінің пендесі болуды уағыздаумен, азапқорлықты дәріптеумен ұштасып жатады. Жазушы «Албастылар» деген романында материализм мен атеизмге, революциялық қозғалысқа ашықтан-ашық қарсы шығады. Достоевский шығармаларында бейнеленген реакциялық көзқарастар революцияшыл демократтар мен бүкіл прогресшіл жұртшылық тарапынан тойтарыс алды. — *48.*

Драгоманов, М. П. (1841—1895) — украин тарихшысы, этнограф және публицист, буржуазиялық либерализм өкілдерінің бірі. Либералдық журналдарға қатысып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады, шетелге эмиграцияға кетті. Эмиграцияда жүріп патша өкіметінің саясатын әшкереледі,

сонымен бірге социализмге және тап күресі теориясына батыл қарсы шықты, халық еріктілері мен социал-демократтарды сынады. Украин ұлт-азаттық қозғалысының баяу қанатының аса көрнекті басшыларының бірі болды, мәдени-ұлттық автономияны жақтады. — *329.*

Дроздов, И. Г. (1865 ж. туған) — әдебиетші-экономист. 1887 жылы студенттік толқуларға қатысқаны үшін тұтқынға алынып, Чернигов губерниясына, ал 1889 жылы Шығыс Сибирьге бес жылға жер аударылды. Айдаудан босағаннан кейін социал-демократтарға қосылды, Черниговта партиялық жұмыс жүргізді, «Искраға» және маркстік бағыттағы бірқатар журналдарға жазып тұрды. Совет өкіметі тұсында әдеби жұмыспен шұғылданды. Аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар кітаптардың авторы. — *20, 21, 227—230.*

Дюбуа, А. Э. — *қараңыз:* Горский, А. В.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияның идеологы. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегі ішінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Дюрингтің негізгі еңбектері: «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы», «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы», «Философия курсы». — *119.*

Е

Егоров — *қараңыз:* Мартов, Л.

Егоров, Н. М. (1871 ж. туған) — жұмысшы, Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Социал-демократиялық фракцияға кірді. Большевиктік жария газет «Звездаға» жазып тұрды, кейін троцкистерге қосылды. 1913 жылы — жойымпаздардың газеті «Лучтың» тұрақты қызметкері. 1917 жылы «аудан аралықшылар» ұйымына кірді. — *256.*

Ежов, В. — *қараңыз:* Цедербаум, Є. О.

Елпатьевский, С. Я. (1854—1933) — орыс жазушысы және публицисі, кәсібі жөнінен дәрігер. «Халық еркі» ұйымында болғаны үшін 80-жылдардың басында 3 жылға Шығыс Сибирь-

ге жер аударылды. Кейін «Русское Богатство» журналы басшыларының бірі болды, «Русские Ведомости» газетіне жазып тұрды. 1906 жылы Халықтық-социалистік еңбек партиясын (эпестер) құрушылардың бірі болды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін — жойымпаз, большевиктік партияға қарсы шықты. — *9, 10, 11, 12.*

Ерманский (Коган), О. А. (1866—1941) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты. 1905 жылы РСДРП-ның Петербург ұйымында, одан кейін Одесса комитетінде жұмыс істеді. Партияның IV (Бірігу) съезіне Одесса ұйымынан делегат болып қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз; меньшевиктік баспасөзге белсене қатысып тұрды. III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы — интернационалист-меньшевик. 1918 жылы меньшевиктердің Орталық Комитетінің мүшесі болды, солардың орталық органы —«Рабочий Интернационал» журналы редакторларының бірі. 1921 жылы меньшевиктер партиясынан шықты, Москвада ғылыми жұмыста болды. — *437.*

Ж

Жордания, Н. Н. (Ан, Костров) (1870—1953) — социал-демократ, кавказдық меньшевиктер лидерлерінің бірі. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның депутаты болды. Партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *176, 179, 216, 240, 243, 256, 343, 426—427, 460—461, 462.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, 1905 жылы бұл партия Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің

негізін қалап, оны өз өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органына айналды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Жорес орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі жолымен емес, «демократиялық идеялардың гүлденуі» арқылы жеңеді деп есептеді. Ленин Жорестің оны оппортунизм жолына қарай итермелеген реформистік көзқарастарын қатал сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.— *498.*

З

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. «Еңбекті азат ету» тобын құруға және оның қызметіне қатысты. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *3.*

Затонский, М. П. (Батрак) (1881 ж. туған) — эсерлер партиясының көрнекті қайраткері. 1905 жылы Петербургтің тұңғыш жұмысшы депутаттары Советіне сайланды. 1911 жылдан бастап Петербург металлистер одағында істеді, одақтың председателі болды. 1917 жылы — эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада қызмет істеді.— *65, 66, 68.*

Зоммер, М.— қараңыз: Любимов, А. И.

И

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына ауып кетті. Кадеттердің органдары: «Речь» газетіне, «Южные Записки» және «Русская Мысль» журналдарына жазып тұрды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан

кейін декадент интеллигенттер тобының «Вестник Литературы» журналына жазып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды.— *142, 375—376.*

Ильин, В.— қараңыз: Ленин, В. И.

Иогихес, Л.— қараңыз: Тышка, Л.

Ионов (Койген, Ф. М.) (1870—1923) — Бунд лидерлерінің бірі, кейіннен — Коммунистік партияның мүшесі. 1893 жылдан бастап Одессада социал-демократиялық үйірмелерде істеді. 1903 жылы Бунд Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Бундтың өкілі болды. Партияның V (Лондон) съезінің делегаты. 1908 жылы декабрьде РСДРП V конференциясына қатысты, негізгі мәселелер жөнінде партияшыл-меньшевиктер платформасында болды; кейіннен жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Бундтың интернационалистік қанатында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін РКП(б)-ға кірді, партияның Вотск облыстық комитетінде істеді.— *95, 246.*

К

Камбиэ (Cambier) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі. 1890 жылы XIX ғасырдың аяғындағы француз жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік жартылай анархистік топтардың бірі — «Жұмысшы әлеуметтік-революциялық партиясына» («аллеманистерге») кірді. 1905 жылы — Франция Біріккен социалистік партиясының мүшесі. Кейіннен партиядан шықты.— *90.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі—центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқаларын жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік

соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.— *220, 287—288, 289—290, 291, 305, 308, 328, 381—382, 436, 448, 484, 486.*

Коган, О. А.— қараңыз: Ерманский, О. А.

Козьминых-Ланин, И. М. (1874 ж. туған) — инженер-механик. 1913—1914 жылдары Москва губерниясының фабрика инспекторы болды, одан кейін Москваның бірқатар жоғары оқу орындарында сабақ берді. Москва губерниясындағы еңбек статистикасы туралы еңбектері бар.— *231—234.*

Койген — қараңыз: Ионов.

Коковцов, В. Н. (1853—1943) — патшалық Россияның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904—1914 жылдары (1905—1906 жылдары азын-аулақ үзіліспен) — финанс министрі, ал 1911 жылдан бастап, Столыпин өлтірілгеннен кейін, сонымен қатар Министрлер советінің председателі болып та істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Коковцов ірі банк епшілі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *7, 15.*

Кокошкин, Ф. Ф. (1871—1918) — буржуазияшыл саяси қайраткер және публицист. Кадеттер партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Москва губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1907 жылдан — либералдық органдар: «Русские Ведомости» газетінің, «Право», «Русская Мысль» журналдарының және басқалардың белсенді қызметкері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты.— *74—75, 76, 314, 315, 316, 318, 324, 349, 350, 351, 352.*

Кольцов, Д. (Гинзбург, Б. А., Л. С., Седов, Л.) (1863—1920) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик, бірқатар меньшевиктік басылымдардың қызметкері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде Петербургте кәсіптік қозғалысқа қатысты. 1908 жылдан бастап Бакуде жұмыс істеді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздық по-

зициясында болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдарда кооперация ұйымдарында жұмыс істеді.— *3, 109, 135, 199, 216, 236.*

Колюбакин, А. М. (1868—1915) — земство қайраткері, буржуазияшыл либерал, кадет. 1905—1906 жылдары — Новгород губерниялық земство басқармасының председателі. 1907 жылы — III Мемлекеттік думаның мүшесі; III және IV Мемлекеттік думаларда кадеттер партиясының парламенттік фракциясы комитетінің секретары, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі.— *74.*

Комаровский, К. А.— қараңыз: Данский, Б. Г.

Косинский, Б.— қараңыз: Брайнес, Б.

Косовский, В. (Левинсон, М. Я.) (1870—1941) — Бунд лидерлерінің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Вильноның социал-демократиялық үйірмелеріне кірді; 1897 жылы Бундтың құрылтай съезіне қатысты, Орталық Комитетке сайланды және Бундтың орталық органы «Die Arbeiter Stimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болып тағайындалды. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл; съезден кейін — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаз-меньшевиктердің органдары — «Наша Заря» журналы мен «Луч» газетіне жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде германофильдік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, революциядан кейін эмиграцияға кетіп, Польшадағы Бунд ұйымдарында жұмыс істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті.— *354.*

Костров — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті. Біраз уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, 1899 жылы — «Одақтың» органы «Рабочее Дело» журналының редакторы, оның беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті.— *106.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *494, 495.*

Л

Л. В.— қараңыз: Владимиров, М. К.

Л. Вл.— қараңыз: Владимиров, М. К.

Л. М.— қараңыз: Мартов, Л.

Л. С.— қараңыз: Кольцов, Д.

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдары — жойымпаздықты белсене уағыздаушы. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарда қызмет істеді. — *83—85.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға салды.

Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру арқылы «еркіті халықтық мемлекет»

құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *133, 294.*

Лафарг (Lafargue), *Поль* (1842—1911)—француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты публицист, Франциядағы ғылыми коммунизмнің алғашқы ізбасарларының бірі, К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын досы әрі серігі. I Интернационалдың мүшесі болды. Ж. Гедпен бірге Франция жұмысшы партиясын құрды, оның органы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің редакторы болды. Лафарг II Интернационалдағы оппортунизмге қарсы белсене күресті, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құттықтады, кейін большевиктерге іш тартып қарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Лафарг саяси экономия, философия, тарих, тіл білімі саласында марксизм идеяларын насихаттады және қорғады; реформизм мен ревизионизмге қарсы күресті. Алайда Лафаргтың еңбектері, атап айтқанда, шаруа және ұлт мәселелері жөнінде, социалистік революцияның міндеттері туралы мәселе жөнінде қате теориялық қағидалардан ада емес еді.

Қартайған шағында адамның революциялық күреске септігі тимейді деп есептеп, Лафарг пен оның әйелі Лаура (К. Маркстің қызы) өздерін өздері өлтірді. Оларды жерлеген кезде РСДРП атынан В. И. Ленин сөз сөйледі.— *333.*

Лебедев, Б. Н.— қараңыз: Воронов, Б.

Левинский, В. П. (1880—1953) — Галициядағы украин социал-демократиясы қайраткерлерінің бірі. 1913—1914 жылдары буржуазиялық-ұлтшылдық жария журнал «Дзвінге» («Қоңырау») белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары лагеріне ауысты.— *348.*

Левинсон, М. Я.— қараңыз: Косовский, В.

Левицкий, В. (Цедербаум, В. О.) (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою туралы «Ашық хатқа» қол қойған меньшевиктердің қатарында болды; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа жойымпаздық-меньшевиктік мерзімді ба-

сылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейіннен әдеби жұмыспен шұғылданды.— *109, 145, 197, 198, 389.*

Легин (Legien), *Карл* (1861—1920) — герман оңшыл социал-демократы, герман кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — герман кәсіподақтары Бас комиссиясының председателі, 1903 жылдан — Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан — председателі. 1893 жылдан 1920 жылға дейін (арасында үзілістер болды) — герман социал-демократиясынан рейхстагқа депутат. 1919—1920 жылдары — Веймар республикасының ұлттық жиналысының мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Буржуазияның мүдделерін көздеген саясатты белсенді жүргізді, пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы күресті.— *115—116, 117, 118, 119.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ильин, В.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *123, 183, 228—229, 287, 340, 380, 394, 410—412, 422, 423, 424, 435, 436, 437—438, 439.*

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы—Троцкий құрған антипартиялық Август блогының белсенді қайраткері. Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды. Кейін шаруашылық жұмыста болды.— *343, 344.*

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері; Вильгельм Либкнехттің баласы, кәсібі жөнінен адвокат.

Социалистік қозғалысқа студент болып жүрген жылдарындаақ қатыса бастады, оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде неміс жұмысшыларын орыс өнегесіне еруге шақырды. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басынан тонаушылық соғыста «өз» үкіметін қолдауға үзілді-кесілді қарсы шықты, бүкіл рейхстагта жалғыз өзі соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді (2 декабрь, 1914 ж.). Революциялық «Спартак одағын» ұйымдастырушы-

лардың және оның басшыларының бірі. 1916 жылы каторгаға кесілді. Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды, «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісін басқарушылардың бірі болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Носке бандалары айуандықпен өлтірді.

К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім—көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет).— *115.*

Либман, Ф. (Герш, П. М.) (1882 ж. туған) — көрнекті бундшыл, 1911 жылы Бунд Орталық Комитетінің құрамына кірді, «Отклики Бунда» редакциясының мүшесі болды, жойымпаздарға қосылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында патша өкіметінің аннексионистік саясатын қолдады; Швейцарияда тұрды.— *285, 286, 291, 311, 312, 318, 327, 340, 346, 347—348, 349—350, 354, 484, 485.*

Лола, О. Н. (Степанюк, В.) (1884—1919) — жұмысшы, украин социал-демократы. 1900 жылдан Революциялық украин партиясының мүшесі. 1906 жылдан РСДРП-ның меньшевиктік фракциясы құрамына кіретін Украин социал-демократиялық одағында («Спилка») болды. Эмиграцияда жүргенінде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі болды. 1914 жылы уақытша большевиктермен жақындасты, РСДРП шетелдік ұйымдарының Париж секциясына кірді. 1917 жылы Украинаға қайтып келіп, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясында қызмет істей берді.— *400.*

Лонге (Longuet), *Шарль* (1839—1903) — француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, прудонист, журналист (К. Маркстің қызы — Женнидің күйеуі). 1866—1867 және 1871—1872 жылдары I Интернационал Бас Советінің мүшесі болды, Интернационалдың бірқатар конгрестеріне қатысты. 1871 жылы — Париж Коммунасының мүшесі. Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін Англияға эмиграцияға кетті, мұнда 1880 жылға дейін тұрды. Францияға қайтып оралғаннан кейін поссибилистерге — Франция Жұмысшы партиясындағы оппортунистік ағымға қосылды.— *333.*

Лопатин, Г. А. (1845—1918) — белгілі халықшыл-революционер. 70-жылдары шетелде жүріп, К. Маркспен және Ф. Энгельспен достық қатынаста болды, I Интернационалдың Бас Советіне сайланды. Лопатин жайында К. Маркс «Менің Лопатиндей сыйлайтын, жақсы көретін адамым аз»,— деп жазды (Шығармалар,

XXVI том, 1935, 260-бет). Лопатин Н. Ф. Даниельсонмен бірге «Капиталдың» I томын орыс тіліне аударды. Революциялық қызметі үшін талай рет тұтқынға алынды. 1887 жылы өлім жазасына кесіліп, ол жаза мәңгілік каторгада болумен ауыстырылды, жазасын Шлиссельбург қамалының жеке камерасында отырып өтеді. 1905 жылы амнистия бойынша босатылды, кейіннен саяси қызметтен қол үзді.— *332, 484.*

Лукомский, М. Я. (Эм-Эль) (1872—1931) — 1916 жылға дейін меньшевик, одан соң — партияда жоқ, кәсібі жөнінен дәрігер. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. 1912—1913 жылдары — жойымпаз-меньшевиктік «Луч» газеті редакциясының мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында майданда дәрігер болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Денсаулық сақтау халық комиссариаты органдарында істеді.— *256, 426.*

Луначарский, А. В. (Воинов) (1875—1933) — профессионал-революционер, көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакциясының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясында болды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін —халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1930 жылдан бастап—академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет саласындағы бірқатар еңбектердің авторы. — *129, 183, 243, 359, 363, 377, 393, 394, 436.*

Лурье, М. А.— қараңыз: Ларин, Ю.

Львов-Рогачевский, В. Л. (1874—1930) — әдебиет зерттеушісі, социал-демократ, меньшевик. 1898—1899 жылдары «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1900 жылдан РСДРП Харьков ұйымында, одан соң РСДРП Киев комитеті жанындағы әдеби топта болды. Партияның II съезінен кейін — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу дәуірінде — жойымпаз. Жойымпаздық және либералдық мерзімді басылымдарға — «Южный Рабочийге», «Наша Заряға», «Лучқа» және басқаларына жазып тұрды. 1917 жылы саяси қызметтен шеттеп, әдеби жұмыспен шұғылданды.— *459.*

Любимов, А. И. (Зоммер, М.) (1879—1919) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты, Моск-

ваның «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мүшелерінің бірі. 1904 жылы РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды. РСДРП III съезіне партия Советінен делегат, ымырашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдары жойымпаздарға жақын болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған қорғампаз, плехановтық «Бірлік» тобына кірді.— *242.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының қатарында болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. 1907 жылы РСДРП-ның V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Алайда реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Люксембург жойымпаздарға ымырашылдық жасады, 1912 жылы поляк социал-демократиясында большевиктерге неғұрлым жақын тұрған «розламовтық» оппозиция дегенді айыптады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның бірқатар мәселелер жөніндегі қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *226, 285, 286, 287, 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300—301, 303, 304—305, 307, 308, 309, 310, 315, 316, 320—321, 322—324, 325—326, 327, 328, 331—340, 342—343, 345, 349, 350, 351—352, 404, 417, 425, 448—449, 475, 483, 484, 485, 486, 487, 488.*

Лядов (Мандельштам), М. Н. (1872—1947) — профессионал революционер. Революциялық қызметін 1891 жылы Москвадағы халықшылдық үйірмелерден бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвадағы маевкаға басшылық етті, тұтқынға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралған соң Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда

және шетелде меньшевиктермен белсене күрес жүргізді. 1904 жылдың августында Женевада 22 большевиктің кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, Капридегі (Италия) фракциялық мектеп лекторларының бірі болды, антипартиялық «Вперед» тобына енді (1911 жылы топтан шығып кетті).

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары, меньшевиктік позицияда болды. 1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, одан соң Халық ағарту комиссариатында қызмет етті; 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; Партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды. — *393.*

М

Мадзини (Mazzini), *Джузеппе* (1805—1872) — көрнекті итальян революционері, буржуазияшыл демократ, итальян ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің және идеологтарының бірі. Мадзини Италияны тәуелсіз буржуазиялық республика ретінде «төменнен» қайта біріктіру программасын ұсынды, күрестің негізгі құралы көтеріліс деп білді. Бірақ Мадзиниге заговорлық тактика және шаруалар мүдделерін ескермеушілік тән болды. Мадзини жұмысшы мәселесін «еңбек пен капиталдың ынтымағы» арқылы шешудің утопиялық ұсақ буржуазиялық жоспарын насихаттады. В. И. Ленин оны Маркстен бұрынғы, пролетарлық емес социализмнің өкілі қатарына қосты (қараңыз: Шығармалар, 21-том, 37-бет).— *333.*

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Партияда және II Интернационалда барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді. Таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы («конструктивтік социализм») жөніндегі реакциялық теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты; жұмысшы табын жікке бөлу саясатын жүргізді. 1924 және 1929—1931 жылдары Макдональд премьер-министр болды. Макдональдтың лейбористік үкіметі ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты аяу-

сыз басып отырды, жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» деп аталатын үкіметті басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *80—81.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант.— *142.*

Маклаков, Н. А. (1871—1918) — помещик, қаражүздік. 1900—1909 жылдары финанс министрлігінде қызмет істеді, 1913—1915 жылдары — ішкі істер министрі, 1915 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *141.*

Максимов, Н.— қараңыз: Богданов, А.

Малецкий, А. М. (1879—1937) — социал-демократ, профессионал революционер. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяқ шенінен қатысты. 1904 жылы Лодзьде, одан кейін Варшавада жұмыс істеді. 1906 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) Бас басқармасының мүшесі болып сайланды. 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінің және II Интернационалдың Штутгарт конгресінің жұмысына қатысты. 1909 жылы, партияның бірқатар ішкі мәселелері жөнінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы басшылығымен келісе алмай, Бас басқармадан шықты. 1912 жылы поляк социал-демократиясындағы жікке бөлінуден кейін, большевиктерге неғұрлым жақындау тұрған «розламовтық» оппозиция дегеннің басшыларының бірі болды, оның органы «Рабочая Газетаның» редакторы. II Интернационалдың Базель конгресіне (1912) және Брюссель кеңесіне (1914) қатысты. 1921—1922 жылдары—Сыртқы істер халық комиссариаты информациялық бюросының меңгерушісі; 1922—1925 жылдары—«Коминтерн» журналы редакциясының секретары; 1926—1935 жылдары — жоғары оқу орындарында оқытушы, одан кейін В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхананың философия бөлімі бойынша ғалым консультанты. — *474.*

Малиновский, А. А. — қараңыз: Богданов, А.

Малиновский, Р. В. (1876—1918) — арандатушы, Москва охранка бөлімінің құпия қызметкері. 1906 жылы арам ниетпен жұмысшы қозғалысына қосылды, металлистер одағы жұмысшылар комитетінің мүшесі, басқарма секретары болды. 1907 жылдан полицияға өз еркімен мәліметтер беріп тұрды, 1910 жылы патша охранкасының құпия агенті болып алынды. 1912

жылы РСДРП Прага конференциясында Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды, охранканың көмегіне сүйеніп, Москва губерниясының жұмысшы куриясынан IV Мемлекеттік думаға депутаттыққа өтті, охранка оған кедергі болатын адамдарды аластап отырды. 1914 жылы ішкі істер министрлігінің талап етуімен Мемлекеттік дума мүшесінің уәкілдігінен бас тартып, шетелге өтіп кетті. 1918 жылы Советтік Россияға келді, сотқа тартылып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы трибуналының үкімі бойынша атылды. — *172—175, 377, 378, 382, 384—386, 437, 456—457, 490.*

Манус, И. П. — ірі банкир, финанс епшілі және аферист. Халықаралық коммерциялық банкте көп акцияға ие болды, бірқатар өнеркәсіп қоғамдары мен банктері басқармаларының мүшесі және директоры болды. Распутин арқылы патша сарайына ықпалын жүргізді; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Россия мен Германияны жақындастыруға және сепараттық бітім жасалуына күш салды. — *7.*

Маньков, И. Н. (1881 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен кеңсе қызметшісі. Думада социал-демократиялық фракцияға кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист; 1915 жылы, фракцияның шешіміне қарамастан, Думада бюджетті жақтап дауыс берді, сол үшін фракциядан шығарылды. — *384.*

Марков, Н. Е. (Марков 2-ші) (1876 ж. туған) — ірі помещик, патшалық Россияның реакцияшыл саяси қайраткері, ойраншыл-қаражүздік «Орыс халқы одағы» мен «Михаил Архангел палатасы» ұйымдары басшыларының бірі. Курск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думада — нағыз оңшылдардың лидерлерінің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *78.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз.— Шығармалар, 21-том, 34—81-беттер).— *35—36, 39—41, 42, 43, 44, 47—48, 51, 52, 55, 65, 119, 170, 261—262, 264—265, 290, 293—294, 329, 330, 331—340, 357, 362, 390, 484, 485, 486, 487, 488.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О., Егоров, Л. М.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңін-

де центристік позицияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *2, 3, 26, 94, 95, 108, 123, 125—126, 127, 133, 135, 140, 143, 175, 181, 183, 208, 213, 236, 246, 279, 349, 359, 363, 370, 377, 379, 380—382, 383—384, 385, 386, 387, 391, 436, 437, 438, 452, 453, 462, 493.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935)—«экономистер» лидерлерінің бірі, корнекті меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаздардың органы «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына енді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан —«Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі. — *106, 107, 144, 198, 226, 236, 343—344.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында —жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — академик. — *264.*

Мах (Mach), *Эрнст* (1838—1916) — Австрия физигі және философ, субъективтік идеалист, эмпириокритицизмнің негізін салушылардың бірі; Грац және Прага университеттерінде математика мен физикадан сабақ берді, 1895 жылдан 1901 жылға дейін — Вена университетінде философия профессоры. Таным теориясында Беркли мен Юмның көзқарастарын жаңғыртты. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында Махтың реакциялық философиясын жан-жақты сынады және оның негізгі шығармаларына талдау жасады. — *394.*

Махновец, В. П. — қараңыз: Акимов, В. П.

Медем, В. Д. (Гринберг, В. Д., Гольдблат) (1879—1923)—Бунд лидерлерінің бірі. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қа-

тысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, онда оцшыл социалистік еврей газеті—«Vorwards»-тың («Алға») беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды. — *343, 344, 347.*

Мендерс, Ф. — қараңыз: Вейс, Ф.

Меньшиков, М. О. (1859—1919) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Новое Время» газетінің қызметкері. В. И. Ленин Меньшиковты «патшалық қаражүздіктің сенімді қарғылы төбеті» деп атады (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 152-бет). Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, контрреволюциялық әрекеті үшін 1919 жылы атылды. — *7.*

Мережковский, Д. С. (1866—1941)—орыс жазушысы және әдебиет сыншысы, декаденттік-символистік бағыт өкілдерінің бірі. Орыс әдебиетіндегі реалистік және демократиялық бағыттарға қарсы күресті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық ниетте болды, 1920 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы әрекетін тоқтатқан жоқ. — *375—376.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919)—Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы—«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды. — *416—417.*

Мещерский, В. П. (1839—1914) — реакцияшыл публицист, князь. Полицияда және ішкі істер министрлігінде қызмет істеді; 1860 жылдан бастап «Русский Вестник» пен «Московские Ведомостиге» жазып жүрді; 1872—1914 жылдары қаражүздік «Гражданин» журналын шығарып тұрды, 1903 жылы реакцияшыл «Добро» және «Дружеские Речи» журналдарының негізін салды. Патша үкіметі қаржыны аямай беріп тұрған өзінің басылымдарында Мещерский үкіметтің жұмысшыларға ғана емес, сонымен бірге либерал буржуазияға да қандай бір жеңілдік жасауына қарсы шықты. — *69.*

Миклашевский, М. П. — *қараңыз:* Неведомский, М.

Милюков, П. Н. (1859—1943) — орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. Либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына 1902 жылдан белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *61, 141.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген және басқа шығармаларында сыналған. — *9.*

Могилянский, М. М. (1873—1942) — адвокат, публицист. 1906 жылы кадеттер партиясына қосылды, осы партияның орталық органы «Речь» газетіне және басқа да орыс, сондай-ақ украин мерзімді басылымдарына жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кадеттер партиясынан шықты. 30-жылдары Украин ССР Ғылым академиясында істеді. — *309—310.*

Морли (Morley), *Джон* (1838—1923) — ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері және жазушы. 1883 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1910 жылдары — Индия істері жөніндегі статс-секретарь, ұлт-азаттық қозғалысты басу саясатын жүргізді; кейіннен —Советтің лорд-председателі. 1914 жылы отставкаға шықты. — *80.*

Н

Неведомский, М. (Миклашевский, М. П.) (1866—1943) — социал-демократ, меньшевик, әдебиет сыншысы және публицист. Реакция жылдарында — жойымпаз, контрреволюциялық «Вехи» жинағының авторларымен ынтымақтас болды, әдебиеттің партиялылығына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін публицистік қызметпен шұғылданды.— *459.*

Некрасов, Н. В. (1879 ж. туған) — Томск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, профессор, кадет.

1917 жылы қатынас жолдары министрі, портфельсіз министр және финанс министрі ретінде Уақытша үкіметтің құрамына кірді. 1917 жылдың жазында кадеттер партиясынан шықты. Совет өкіметі тұсында тұтынушылар қоғамдарының орталық Одағында қызмет істеді. — *73—74.*

Никитский, А. А. — қараңыз: Новоторжский, Г.

Нович, Ст. — қараңыз: Португейс, С. И.

Новоторжский, Г. (Никитский, А. А.) — публицист, «Современник» журналының қызметкері, бұл журналдың төңірегіне жойымпаз-меньшевиктер, «халықтық социалистер» мен солшыл либералдар топтасқан болатын. Сонымен қатар «Русское Богатствоға», «Русские Ведомостиге» және басқа басылымдарға жазып тұрды. — *494.*

О

Ольгин — қараңыз: Фомин, В. П.

Ольденбург, С. Ф. (1863—1934) — шығысты зерттеуші ірі ғалым. 1901 жылдан—академик. 1917 жылы Уақытша үкімет құрамында ағарту министрі, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1904 жылдан 1929 жылға дейін үзбестен Ғылым академиясының секретары болды. 1930 жылдан — Шығысты зерттеу институтының директоры. Қытай, Индия, Индонезия және басқа елдер халықтарының фольклоры, этнографиясы, өнері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *56.*

П

Петти (Petty), *Уильям* (1623—1687) — ағылшынның аса көрнекті экономисі және статистигі, Англиядағы классикалық буржуазиялық саяси экономияның негізін салушы. К. Маркс былай деп жазды: «Уильям Петти саяси экономияның атасы және оны белгілі бір дәрежеде статистиканы ойлап шығарушы деуге болады...» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 282-бет). Өзінің экономикалық еңбектерінде Петти еңбек құн теориясының негізін қалады, сондай-ақ саяси экономияның бірқатар басқа да проблемаларын, соның ішінде дифференциалдық рентаны зерттеді, К. Маркстің бағалауынша, мұны ол А. Смиттен гөрі жақсы баяндады. — *43—44.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл, «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Револю-

ционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап— ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант. — *169, 262, 352, 361, 484.*

Пикер, А. С. — қараңыз: Мартынов, А.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы—«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясын ұстады, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады. — *4, 106, 124, 135, 144, 180—184, 194, 197, 198, 215, 243, 244, 256, 267, 278, 280, 312, 340, 341, 347, 359, 360, 363, 364, 365, 368, 373—374, 375, 376, 377, 385—389, 390, 391, 394, 412, 415, 416, 417, 418, 425, 436, 438, 447, 448, 449, 459, 474, 493, 494.*

Покровский, М. Н. (Домов) (1868—1932) —1905 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, көрнекті тарихшы.

1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V (Лондон) съезінде Орталық Комитет мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, 1911 жылы бұл топтан қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім договорына қол қоюға қарсы шықты. 1918 жылдан — РСФСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсенді қатынасты. Әр жылдарда Коммунистік Академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын және т. б. басқарды. 1929 жылдан — академик. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.

Покровский СССР тарихы бойынша көптеген ғылыми еңбектердің иесі, осы еңбектерінде ол буржуазиялық тарихнаманы сынады. Оның «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» деген еңбегіне В. И. Ленин жақсы баға берді. Алайда еңбектерінің бүкіл маңызына қарамастан, Покровский ақырына дейін дәйекті марксист бола алмады, тарихи процесті баяндауда елеулі қателіктерге жол берді.

Мына еңбектердің авторы: «Ежелгі заманнан бергі орыс тарихы», «Орыс мәдениеті тарихының очеркі», «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» және т. б. — *393.*

Помяловский, Н. Г. (1835—1863) — орыстың демократ-жазушысы. Өзінің шығармаларында самодержавиелік-бюрократиялық Россияның негіздеріне, зорлық-зомбылық пен озбырлыққа қарсы шықты. Помяловскийдің творчествосын Н. Г. Чернышевский және А. М. Горький жоғары бағалады. — *347.*

Попов (Бритман), А. В. (Антонов) (1914 ж. қайтыс болды) — социал-демократ, профессионал-революционер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды; Берндегі партияға жәрдемдесу тобының шетелдегі партия көпшілігінің жақтаушыларына жазған үндеуінің авторларының бірі (1905). 1905—1907 жылдарда Петербургтің және Кронштадттың әскери ұйымының қызметіне белсенді ат салысты. Бірнеше рет тұтқынға алынды. 1908 жылы каторгаға айдалды, көп кешікпей одан қашты, одан әрі шетелде тұрды; РСДРП Париж секциясына және партияның шетелдегі ұйымдарының Комитеті құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен өз еркімен француз ар-

миясына кірді, 1914 жылы ноябрьде майданда қаза тапты. — *438.*

Попов, И. Ф. (1886—1957)—социал-демократ. 1905—1914 жылдары большевиктік партияның мүшесі болды, Москвада және шетелде революциялық жұмыс жүргізді. 1908 жылы Бельгияда эмиграцияда болды, сонда РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюромен байланысын жүзеге асырды. «Правдаға», «Просвещениеге», «Le Peuple» және басқа да басылымдарға қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында немістер оны тұтқынға алды. 1918 жылы Советтік Россияға қайтып келді, Швейцарияда сауда агенті болып қызмет етті, содан кейін Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы Халық Комиссариатының баспасында, баспасөз органдарында және театр ұйымдарында істеді. Россиядағы революциялық оқиғалар туралы шығармалардың авторы, В. И. Лениннің жастық шағы жайында «Семья» деген жұртқа кең тапылған пьеса жазды.— *446, 448.*

Португейс, С. И. (Нович, Ст.) — меньшевик, публицист. РСДРП V (Лондон) съезіне Одесса ұйымынан делегат болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетіне, «Наша Заря» журналына және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, елдің оңтүстігінде ақ гвардиялық баспасөзге жазып тұрды, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті; өзінің мақалаларында және кітаптарында Совет Одағына, Коммунистік партияға жала жапты. — *459.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқа органдарында басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде— социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты. — *3, 131, 134, 135, 181, 182—183, 184, 244, 278, 359, 374, 459, 493.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазиялық экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан

кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *106, 494, 495.*

Прудон (Proudhon), *Пьер-Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономисі және социологы, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі, кәсібі жөнінен әріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, «мемлекетті» бейбіт жолмен «жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық Философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады. — *333, 334—335, 390.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакционер-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құру инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасын» құрды. Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті. — *71, 73, 74, 75, 78, 92, 141, 160, 162, 175, 186, 313—314, 318, 349, 350, 351, 352, 353.*

Р

Райская, Е. Е. (1862 ж. туған) — Петербургтегі Кіші театрдың артисі. — *8.*

Ракитников, Н. И. (1864 ж. туған) — халықшыл, одан соң эсер, журналист. 1901 жылдан — эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Россияның бірқатар қалаларында және шетелде жұмыс жүргізді, эсерлік баспасөз органдарына жазып тұрды. 1916 жылы Россияға қайтып келді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Самарада Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің қызметіне қатысты. 1919 жылы эсерлер партиясының Орталық Комитетінен шықты, Совет өкіметін мойындады. Одан әрі саяси қызметтен қол үзді. — *261, 262, 358—359, 363.*

Распутин (Новых), Г. Е. (1872—1916) — II Николай сарайында үлкен ықпалы болған авантюрист. Тобыл губерниясының шаруа семьясынан шыққан. 1907 жылы «әулие диуана» және «сәуегей» болып келіп, патша семьясының сеніміне кірген. «Распутиншілдіктен» патшалық Россияның билеп-төстеуші жоғарғы тобына тән болған қаратүнек дүниесі, жауыздық, моральдық азғындаушылық мейлінше айқын көрінді. Распутинді Петроградта монархистер тобы өлтірді, олар осы әрекетімен монархияның беделін сақтап қалғысы келді. — *499.*

Регер (Reger), *Тадеуш* (1872—1938) — Галиция мен Силезиядағы Поляк социал-демократиялық партиясының (ПСДП) мүшесі, журналист. 1903—1920 жылдары — социалистік апталық «Robotnik Słąski»-дің («Силезия Жұмысшысы») негізін салушы және редакторы, бірқатар мерзімді басылымдарға жазып тұрды. 1911 жылдан 1917 жылға дейін — Австрия парламентінің мүшесі. 1919—1935 жылдары — поляк сеймінің депутаты, Поляк социалистік партиясының оң қанатына қосылды, партияның Бас басқармасының мүшесі және Тешен қаласындағы Поляк социалистік партиясының округтік комитетінің секретары болды. — *301.*

Ренувье (Renouvier), *Шарль* (1815—1903) — француздың эклектик-философы, неокритицистердің философиялық мектебінің басшысы; білімі жөнінен математик. 1890 жылдан «L'Année Philosophique» («Философиялық Әржылдық») журналына белсене қатысты. Ренувьені реакцияшыл философ ретінде сипаттай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Оның теориялық философиясы — Юмның феноменализмі мен Канттың априоризмінің қосындысы. Өзіндік зат үзілді-кесілді бекерге шығарылады. Құбылыстардың байланысы, тәртіп, заң априорлық деп жарияланады, заң үлкен әріппен жазылып, діннің негізіне айналдырылады. Католик поптар бұл философияға мәз-мейрам» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 236-бет). — *43, 52.*

Родзянко, М. В. (1859—1924) — ірі помещик, октябристер партиясы лидерлерінің бірі, монархист. 1911 жылдың мартынан — III, одан соң IV Мемлекеттік думалардың председателі; революциялық қозғалыспен күресте патша үкіметін қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде контрреволюциялық орталық болған Мемлекеттік думаның Уақытша комитетін, одан соң Мемлекеттік дума мүшелерінің «жекеше кеңесін» ұйымдастырды. Корниловшылдар басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, сонан соң эмиграцияға кетті. — *140, 141.*

Розанов, В. В. (1856—1919) — реакцияшыл философ, публицист және сыншы, «Московские Ведомости», «Новое Время»

газеттері мен «Русский Вестник» журналында қызмет етті. Идеализм мен мистиканы уағыздады, самодержавиені қорғады. — *186.*

Розанов, В. Н. (Энзис) (1876—1939) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдардың орта шенінде Москвада бастады, 1899 жылы Смоленскіге жер аударылды. «Южный рабочий» тобына кірді, 1901—1903 жылдарда Россияның оңтүстігінде жұмыс істеді; РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі болды. Съезде — «Южный рабочий» тобынан делегат, центрдің позициясында болды; съезден кейін — белсенді меньшевик. 1904 жылдың аяғында ымырашыл Орталық Комитетке кооптацияланды; 1905 жылдың февралында тұтқынға алынды. 1905 жылы майда болған меньшевиктік конференцияда меньшевиктік басшы орталық — Ұйымдастыру комиссиясына, РСДРП IV съезінде — меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. 1908 жылы эмиграцияға кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің меньшевиктік фракциясының мүшесі, қорғампаз. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, бірқатар контрреволюциялық ұйымдардың қызметіне белсене қатысты; «Тактикалық орталықтың» процесі бойынша сотталды. Амнистиядан кейін саяси қызметтен шеттеп, медицина мекемелерінде жұмыс істеді. — *459.*

Ропшин, В. — *қараңыз:* Савинков, Б. В.

Рубакин, Н. А. (1862—1946) — орыстың библиографы және жазушысы, Россиядағы кітап ісінің библиографиясы мен тарихы жөніндегі көптеген еңбектердің, география, жаратылыс тану ғылымдары жөніндегі және басқа ғылыми-көпшілік очерктердің авторы. 1907 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, өмірінің ақырына дейін сонда тұрды. Рубакиннің негізгі библиографиялық еңбегі — «Кітаптар әлемінде» (1906). В. И. Ленин Рубакинмен шетелде кездесіп, оның кітапханасындағы кітаптарды пайдаланды. Кейін Рубакин Совет Одағымен тығыз байланыс жасап тұрды, өзінің 80 мың томдық кітабы бар кітапханасын СССР-ге мұра етіп қалдырды, олар В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханада сақтаулы. — *108, 121, 122—124, 125—126.*

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Әуелде халық еріктілері қозғалысына белсене қатысты; 80-жылдары Парижге эмиграцияға кетіп, онда 1893 жылы «байырғы халық еріктілері тобына» енді. Эсерлер партиясы құрылғаннан бастап оның белсенді мүшесі болды. 1902 жылдан эсерлер партиясының ресми органына айналған «Вестник Русской Революции» журналымен тығыз қатынас жасап тұрды. Амстердамдағы (1904) және Штутгарттағы (1907) халықаралық социалистік конгрестерде эсерлер партиясының

өкілі болды. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас дұшпаны. — *447.*

Руднев, В. А. — қараңыз: Базаров, В.

Рыбалка, Л.— қараңыз: Юркевич, Л.

Рябушинский, В. П.— Москваның аса ірі өнеркәсіпшілері мен банкирлері семьясы өкілдерінің бірі. 1894 жылдан «П. М. Рябушинский мен Ұлдарының мануфактура серіктігі» басқармасының мүшесі болды. — *36, 57.*

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938)— социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Одесса мен Кишиневте жұмыс істеді. 1900 жылы шетелге кетті, «Күрес» әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл топ «Искра» жасаған партия программасы мен партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне қарсы шықты. РСДРП II съезі «Күрес» тобының съезге қатысуына қарсылық білдіріп, оның өкілі ретінде Рязановты съезге шақыру туралы ұсынысты қабылдамай тастады. 1907 жылы Петербургте кәсіподақтардың Орталық бюросында жұмыс істеді, кейін шетелге кетті. 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобының Капридегі мектебінде лектор болды; Лонжюмодағы партия мектебінде кәсіподақ қозғалысы туралы лекция оқыды; Германия социал-демократиялық партиясының тапсыруы бойынша К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын баспаға әзірледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік-троцкистік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне қатысты. Партияның VI съезінде (1917) «аудан аралықшылармен» бірге РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіптік қозғалыста жұмыс істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс институтын ұйымдастырушылардың бірі және 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылдың февралында меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *226.*

С

Савенко, А. И. (1874 ж. туған) — буржуазиялық ұлтшыл, публицист, ірі помещик. 1908 жылы Киевте «Орыс ұлтшылдары клубының» негізін салды. Киев губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думада «прогресшіл блок» құрамына кірді. Қаражүздік «Новое Время» және «Киевлянин» газеттері-

не жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы күресті, кейіннен — ақ эмигрант. — *316.*

Савинков, Б. В. (Ропшин, В.) (1879—1925) — эсерлер партиясының көрнекті қайраткері, оның «жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы; оның инициативасы бойынша майданда өлім жазасы енгізілді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет республикасына қарсы бірқатар контрреволюциялық бүліктерді және соғыс интервенциясын ұйымдастырушы. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанында өзін өзі өлтірді.

В. Ропшин деген бүркеншік атпен Савинков мистицизмге толы «Сұрықсыз ат», «Баянсыз дүние» және т. б. бірнеше роман және «Террористің естеліктері» деген өмірбаяндық шығарма жазды. — *130.*

Салазкин, А. С. (1870 ж. туған) — ірі көпес және жер иесі, кадет, Рязань губерниясынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1910 жылдан — Нижний Новгородтың жәрмеңке және биржа комитетінің председателі, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — егіншілік министрлігінің Нижний Новгород губерниясында армия үшін астық дайындау жөніндегі уәкілі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді. — *10.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. (Щедрин, Н.) (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик-жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, ұр да жық помещиктердің, патша бюрократиясы өкілдерінің, қоян жүрек либералдардың образдарының тұтас бір галереясын жасады және орыс көркем әдебиетінде тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін суреттеді. «Головлев мырзалар» романының бас кейіпкері — Иудушка Головлевтің образын Ленин мәңгі жасайтын образ деп атады, Салтыков-Щедрин шығармаларындағы басқа да образдар сияқты оны да халыққа қас әлеуметтік топтар мен саяси партияларды әшкерелеу үшін өз еңбектерінде талай рет пайдаланды. К. Маркс Салтыков-Щедриннің шығармаларын жоғары бағалады.— *223.*

Седов, Л. — *қараңыз:* Кольцов, Д.

Семенов, Ф. А. — *қараңыз:* Булкин, Ф. А.

Семковский, С. (Бронштейн, С. Ю.) (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Троцкийдің Вена «Правдасының» редакциясына кірді, жойымпаз-меньшевиктердің органдарына және шетелдің социал-демократиялық баспасөзіне жазып тұрды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Семковскийдің ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөніндегі позициясын қатты сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы эмиграциядан Россияға оралғаннан кейін меньшевиктік Орталық Комитет құрамына кірді. 1920 жылы меньшевиктерден қол үзді. Кейін Украина жоғары оқу орындарында профессор болды, ғылыми-әдеби жұмыспен айналысты. — *215, 243, 246, 247, 285, 286, 291, 304, 311, 312, 318, 327, 340, 348—349, 352, 484, 485.*

Сен-Симон (Saint-Simon), *Анри-Клод* (1760—1825) —француздың ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылысты сынап, оны ассоциациялар негізінде құрылған қоғаммен ауыстыру программасын ұсынды. Сен-Симон жаңа қоғамда жұрттың бәрі еңбек етуге тиіс және адамдардың атқаратын ролі олардың еңбектегі табыстарымен сәйкес болуға тиіс деп есептеді; өнеркәсіп пен ғылымның ынтымағы туралы, бір орталыққа бағындырылған және жоспарлы өндіріс туралы идея ұсынды. Бірақ Сен-Симонда, Энгельстің жазғанындай, «пролетарлық бағытпен қатар буржуазиялық бағыт әлі де белгілі бір маңызын сақтады» («Анти-Дюринг», 1957, 18-бет). Ол жеке меншік пен капитал процентіне тиіспей сол күйінде қалдырды, саяси күрес пен революцияға теріс көзқараста болды, пролетариаттың тарихи міндетін түсінбеді, үкіметтік реформалар мен қоғамды жаңа дін рухында адамгершілікке тәрбиелеу таптық қайшылықтардың жойылуына жеткізеді деп есептеді.

Сен-Симонның негізгі шығармалары: «Женева тұрғынының замандастарына хаттары», «XIX ғасырдың ғылыми еңбектеріне кіріспе», «Өнеркәсіпшілер катехизисі», «Жаңа христиан діні».— *52, 53.*

Сили (Seely), *Джон Эдуард Бернард* (1868—1947) —ағылшын саяси және мемлекет қайраткері, генерал. 1900 жылдан бастап алғашқыда консервативтік партиядан (1904 жылға дейін), ал одан соң либералдық партиядан парламентке бірнеше рет сайланды. 1908 жылы — отарлар министрінің көмекшісі, 1911 жылдан—әскери министрдің көмекшісі. 1912—1914 жылдары—әскери министр. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде штабта қызмет етті, одан соң Канада бригадасының командирі болды. 1918—1919 жылдары — әскери жабдықтау министрінің, одан соң авиация министрінің көмекшісі. 1924 жылдан кейін қоғамдық қызметпен айналысты. — *80.*

Скобелев, М. И. (1885—1939) — 1903 жылдан бастап меньшевиктер қатарында социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, кәсібі жөнінен инженер. 1906 жылы шетелге эмиграцияға кетті,

меньшевиктік басылымдарға жазып тұрды, Троцкийдің «Правдасының» редакциясына кірді. Закавказьенің орыс куриясынан IV Мемлекеттік думаға депутат. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі председателінің орынбасары, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары; 1917 жылғы майдан августқа дейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің еңбек министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, кооперация жүйесінде, одан соң Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан РКП(б) мүшесі, жауапты шаруашылық жұмыста болды, 1936—1937 жылдары — Бүкіл одақтық Радио комитетінде істеді.— *135, 384.*

Смирнов, Е.— қараңыз: Гуревич, Э. Л.

Снесарев, Н. В. (1864 ж. туған) — журналист және публицист. Бастапқыда «Сын Отечества» газетіне жазып тұрды, 1887 жылдан 1913 жылға дейін — «Новое Время» редакциясының қызметкері және секретары. Газеттен масқара болып қуылғаннан кейін ««Новое Времяның» елесі» деген кітап жазды.— *5, 6, 7, 8.*

Соколов, А. В.— қараңыз: Вольский, С. А.

Стеклов, Ю. М. (1873—1941) — профессионал революционер, социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан қатысты, Одессадағы алғашқы социал-демократиялық үйірмелерді ұйымдастырушылардың бірі. 1894 жылы тұтқынға алынып, Якутск облысына 10 жылға жер аударылды. 1899 жылы шетелге қашты. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды ымыраға келтіруге тырысқан «Күрес» әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында РСДРП-ның Орталық Органы—«Социал-Демократ» газетіне, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне жазып тұрды. III және IV Мемлекеттік думалардағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына қатысты. Лонжюмодағы (Франция) партия мектебінің лекторы болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «революциялық қорғампаздық» позиция ұстады, Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және «Известия Петроградского Советаның» редакторы болды. Кейіннен большевиктер жағына шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, «Известия ВЦИК» газетінің, «Советское Строительство» журналының редакторы, 1929 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитет председателінің орынбасары. Революциялық қозғалыс тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *491.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдарда — министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы «столыпиндік реакция») оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен самодержавиені нығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1911 жылы Столыпинді Киевте эсер Богров өлтірді.— *15, 71, 185.*

Стрельцов, Р. Е. (1875 ж. туған) — әдебиетші, публицист. 1900 жылдан 1914 жылға дейін эмиграцияда, негізінен Германияда болды, шетелдегі социал-демократиялық басылымдарға, сондай-ақ Россияда шыққан солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды. Россияға қайтып келгеннен кейін Петроград қалалық өзіндік басқарма жанындағы әр түрлі комиссияларда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвада және Ярославльде шаруашылық органдарда істеді.— *494.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға тырысты», марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49—51, 52, 53, 54, 55, 56, 142, 329, 375, 495.*

Суворин, А. С. (1834—1912) — реакцияшыл журналист және бастырушы. 1876 жылдан 1912 жылға дейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органы — буржуазиялық сатқын «Новое Время» газетінің бастырушы қожасы. Ол журналистік қызметті провинциялық баспасөзде бастады, содан соң Москваға, одан кейін Петербургке ауысты, «Отечественные Запискиге» және «Современникке» қатысып тұрды; 1876 жылдан бастап реакция жағына күрт бет бұрды.— *6, 8.*

Суханов, Н. (Гиммер, Н. Н.) (1882 ж. туған)—экономист және ұсақ буржуазиялық сарындағы публицист. Бастапқы кезде халықшыл болды, кейін меньшевиктерге қосылған соң, халық-

шылдықты марксизммен ұштастыруға әрекеттенді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында өзін интернационалистпін деп жариялады. 1917 жылы Петроград Советі Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды; «Новая Жизнь» газетіне жазып тұрды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. 1920 жылға дейін Л. Мартовтың меньшевиктік тобына қосылып жүрді; совет экономикалық органдары мен мекемелерінде жұмыс істеді. 1931 жылы астыртын меньшевиктік ұйымның басшысы ретінде сотталды. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Сухановтың меньшевиктік көзқарастарын қатты сынады.— *164, 166, 183, 184, 279, 358—360, 361, 362, 363, 364, 376, 493, 494.*

Т

Тихомирнов, В. А. (В. А. Т.) (1889—1919) — социал-демократ, большевик. 1905 жылдан РСДРП мүшесі. Қазанда, Петербургте және Москвада белсенді революциялық жұмыс жүргізді, қамауға алынды, жер аударылды. «Правда» газетін шығаруды дайындауға қатысты, оған жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына белсенді ат салысты, РСДРП(б) VI съезіне делегат болды. Съезден кейін Москваға жіберілді, Москвада октябрьдегі ұрыстарға қатысты. Октябрь революциясынан кейін — ішкі істер халық комиссариатының коллегия мүшесі.— *249, 457—458.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі аса ұлы жазушылардың бірі.

Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 225--234-беттер; 20-том, 20—25, 40—43, 76—77, 108—113-беттер) және басқалар. — *35.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (Антид, Ото) (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқа-

тар мемлекеттік қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы усақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *1, 2, 3—4, 89, 107, 119, 133—134, 136, 144, 155, 164, 184, 194, 203, 204, 205—206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 214, 215—217, 218, 219,220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 238—240, 243, 256, 267, 268, 345—346, 351, 359, 363, 364—365, 375, 376, 377, 388—389, 390, 391, 392, 393—394, 395, 396, 397, 398, 399, 417, 426—427, 438, 445, 459.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің бірінші орыс революциясын жаныштауында, елде столыпиндік режим орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникинші.— *297.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдарда — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украин орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері», «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» және басқалар. — *35, 123.*

Туляков, И. Н. (1877 ж. туған) — жұмысшы, социал-демократ, меньшевик, Дон әскери облысынан IV Мемлекеттік думаға депутат. — *215, 384, 462.*

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясының негізін салушылардың бірі (1893) және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды.

Халықаралық жұмысшы қозғалысында ревизионизммен күрес жүргізді, поляк және орыс пролетариатының бірлескен күресінің қажет екенін қорғай отырып, ұлтшылдыққа қарсы шықты. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсенді қатысты, 1906 жылдың көктемінде Варшавада тұтқынға алынып, соңынан 8 жыл каторгаға кесілді. Айдаудан қашқаннан кейін шетелде революциялық жұмысын жүргізе берді. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитет құрамына сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, алайда, кейбір реттерде олар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1912 жылы Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. В. И. Ленин Тышканың осы кезеңдегі қызметін қатты сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Тышка Германияда болып, герман социал-демократиясының жұмысына қатысты, интернационалистік позиция ұстады; «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1916—1918 жылдары тұтқында болды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы босатқаннан кейін Германия Коммунистік партиясын құруға қатысты және оның Орталық Комитетінің секретары болып сайланды. 1919 жылы мартта тұтқынға алынып, кейін Берлин түрмесінде өлтірілді.— ***376, 475, 476.***

Ф

Ф. А.— қараңыз: Адлер, Ф.

Ф. Д.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Фома Аквинат (Аквинский) (1225—1274) — орта ғасырлық схоластиканың аса көрнекті өкілі, батыс европалық феодализмнің идеологы, өзінің саяси сенімі жөнінен — нағыз монархист. Оның философиясы — теологиялық догматизм — түп негізінде Аристотельдің ілімін бұрмалап, оны шіркеудің талабына бейімдеді және де католиктік шіркеудің өктемдігін, қоғамдық теңсіздік пен қанаушылық құрылысты сақтап қалуға және нығайтуға бағытталды. XIX ғасырдың аяғында папа XIII Левтің әміріmен Фома Аквинаттың ілімі католиктік шіркеудің бірден-бір философиясы болып танылды. Қазіргі реакцияшыл философтар Фома Аквинаттың ілімін капитализмді қорғау мақсатында пайдаланады.— ***41, 43.***

Фомин, В. П. (Ольгин) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін — меньшевик, 1909 жылдан — партияшыл-меньшевик, Г. В. Плехановты жақтаушы; шетелде тұрды. 1909—1910 жылдары «Голос Социал-Демократага», 1912—1914 жылдары — партияшыл-меньшевиктердің «За Партию» листогына жазып тұрды.— ***415.***

Фюрстенберг, Я. С.— қараңыз: Ганецкий, Я. С.

Х

Халтурин, С. Н. (1856—1882) — орыстың тұңғыш жұмысшы революционерлерінің бірі, кәсібі мебель жасаушы шебер. 70-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына белсене қатысты, Петербургтегі жұмысшы үйірмелерін біріктіруге тырысқан халықшылдық «Достар қоғамына» кірді. Бірақ халықшылдардан өзгеше, Халтурин саяси күресті революциялық қозғалыстың басты міндеті деп есептеді, ал жаңа туып келе жатқан пролетариатты революциялық қозғалыстың шешуші күші деп білді. Екінші бір аса көрнекті жұмысшы-революционер слесарь В. П. Обнорскиймен бірге Халтурин 1878 жылы астыртын «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағын» құрды, дербес жұмысшы газетін шығаруға әзірлік жүргізді. 1879 жылы «Одақ» мүшелерінің көпшілігі тұтқынға алынды. Одан аман қалған Халтурин «Халық еркі» партиясымен және оның басшысы А. И. Желябовпен жақындасты. Ол кезде Қысқы сарайда ағаш шебері болып істеп жүрген Халтурин халық ерікшілерінің ықпалымен патшаға қастандық ұйымдастырды; 1880 жылы 5 (17) февральда патша сарайында жарылыс болды, алайда патшаның өзі де, оның семьясы да зардап шеккен жоқ. Полицияның қуғындауына түскен Халтурин Россияның оңтүстігінде революциялық жұмыс жүргізе берді. 1882 жылы ол өзінің жолдасы Н. А. Желваковпен бірге Одессада өзінің аса қаталдығымен аты шыққан әскери прокурор, генерал Стрельниковқа қастандық жасады. Қастандық жасау үстінде екеуі де тұтқынға алынып, әскери-дала соты оларды өлім жазасына кесті.— *102.*

Хаустов, В. И. (1884 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен токарь, Уфа губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, социал-демократиялық фракцияға кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист.— *384.*

Хёхберг (Höchberg), *Карл* (1853—1885) — немістің оңшыл социал-демократы, журналист. 70-жылдардың аяғы — 80-жылдардың басында «Die Zukunft» («Болашақ»), «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» («Әлеуметтік ғылым мен саясаттың әржылдығы») және «Staatswirtschaftliche Abhandlungen» («Саяси-экономикалық зерттеулер») деген журналдар шығарып тұрды. Социалистерге қарсы ерекше заң қабылданғаннан кейін Шраммен және Бернштейнмен бірігіп, буржуазиямен одақ жасауға және пролетариат мүдделерін оған бағындыруға шақырып, партияның революциялық тактикасына қарсы шықты. Бұл оппортунистік көзқарастар К. Маркс пен Ф. Энгельс тарапынан қатты наразылық туғызды, олар мұндай көзқарастарды партияға опасыздық жасау деп сапады.— *119.*

Храповицкий, А. П.— қараңыз: Антоний Волынский.

Хрусталев-Носарь, Г. С. (1877—1918) — қорғаушы адвокаттың көмекшісі, меньшевик. 1905 жылы меньшевиктердің қолында болған жұмысшы депутаттары Петербург Советінің председателі болды. 1906 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ісі бойынша сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды, ол жерден шетелге қашып кетті; РСДРП V (Лондон) съезіне қатысты. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, меньшевиктік «Голос Социал-Демократа» газетіне жазып тұрды. 1909 жылы партиядан шықты, күдікті финанс істерімен айналысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары Россияға қайтып келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада белсенді контрреволюциялық әрекеттер жасады, гетман Скоропадскийді және Петлюраны қолдады. 1918 жылы атылды. — *175.*

Ц

Цедербаум, В. О.— қараңыз: Левицкий, В.

Цедербаум, С. О. (Ежов, В.) (1879—1939) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің газеттері мен журналдарына қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *3, 62, 135, 437.*

Ч

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. Жойымпаздық басылымдардың қызметкері; партияны жою жөніндегі «Ашық хатқа» 16 меньшевиктің бірі болып қол қойды (1910); 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.— *144, 183, 244, 363, 459.*

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлердің орталық органы — «Революционная Россия» газетінің редакторы. Марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазып, Маркстің теориясы ауыл шаруашылығында қолдануға жарамайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргіз-

ді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *130, 259, 358—359, 363, 364, 376.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы, орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский 20 жыл айдауда болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді. — *102, 329.*

Чиркин, В. Г. (1877—1954) — жұмысшы; революциялық қозғалысқа 1903 жылдан араласты. 1905 жылдың басында меньшевиктерге қосылды. Меньшевиктерден РСДРП V (Лондон) съезіне делегат болып сайланды. 1906 жылдан — кәсіптік қозғалысқа белсене қатысты. Бірнеше рет тұтқынға алынды және жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Советтердің I және II съездерінің делегаты. 1918 жылы меньшевиктерден қол үзді, 1920 жылы большевиктер партиясына кірді. Шаруашылық саласында жауапты қызметте болды.— *370.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думада меньшевиктік фракцияны басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштай да және оларға қызмет ете де білген» «партия маңындағы социал-демократ» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузияның Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Парижге эмиграцияға кетті.— *4, 25, 27, 96, 135, 139, 181, 215, 235, 236, 237, 240, 382, 384, 385, 434, 445, 460, 461, 462.*

Чхенкели, А. И. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен юрист. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Батум және Карс облыстары мен Сухуми округінен IV Мемлекеттік думаға депутат. Думада меньшевиктік фракция құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан соң ақ эмигрант.— *384.*

Ш

Швейцер (Schweitzer), *Иоганн Баптист* (1833—1875) — немістің қоғам қайраткері және жазушысы, Ф. Лассальдың ізбасары, кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметін либерал ретінде бастады, Лассальдың ықпалымен жұмысшы қозғалысына қосылды. 1864 жылдан Жалпы германдық жұмысшы одағының орталық органы — «Der Sozial-Demokrat» («Социал-Демократ») газетін редакциялады, 1867 жылы Одақтың президенті болып сайланды. Швейцер Пруссия үкіметімен келісім жасаудың лассальшылдық, оппортунистік тактикасын жүргізді, Германияны «жоғарыдан» біріктірудің юнкерлік-пруссиялық жолын жақтаушы болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Швейцердің «корольдік-пруссиялық үкіметтік социализмін» қатты сынға алды. Одақ ішінде Швейцер өзінің жеке диктатурасы саясатын жүргізді, сөйтіп Одақ мүшелерінің наразылығын туғызды. 1871 жылы Швейцер президенттік қызметінен кетуге мәжбүр болды да, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *133.*

Шевченко, Т. Г. (1814—1861) — украинның ұлы ақыны, суретші, ойшыл, революционер-демократ, патша өкіметіне және крепостниктік тәртіпке қарсы күрескер. Өзінің қанаушыларға қарсы өшпенділікке толы шығармаларында революцияшыл украин шаруаларының күресін, бүкіл украин халқының хал-жағдайын суреттеді. Украин өнерінде сыншыл реализмнің негізін салушылардың бірі болды. Шевченконың творчествосын Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский, сондай-ақ маркстік сынның өкілдері Г. В. Плеханов, А. В. Луначарский және М. Горький жоғары бағалады. — *71, 73.*

Шейнфинкель, М. К.— қараңыз: Владимиров, М. К.

Шелгунов, В. А. (1867—1939) — жұмысшы, профессионал революционер, большевик. Революциялық қозғалысқа 1886 жылы қосылды, Бруснëвтің тобында болды. 1892 жылдан бастап Петербургтегі жұмысшы үйірмелерінде марксизмді насихаттады. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың және оның қайраткерлерінің бірі

болды, осы одақтың ісі бойынша тұтқынға алынып, жер аударылды. Айдаудан босағаннан кейін Екатеринославта, Бакуде, Тифлисте және Петроградта істеді. 1910 жылы «Звезда» газетін, кейіннен «Правда» газетін құруға қатысты. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды, ақыры соның салдарынан көзінен айрылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвада тұрды, Москворецк партия ұйымының жұмысына қатысты.— *104.*

Шер, В. В. (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 1902 жылдан бастап қатысты, 1905 жылдан — РСДРП мүшесі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москвадағы солдат депутаттары Советінің секретары; июль оқиғаларынан кейін — Москва әскери округі әскерлері қолбасшысының көмекшісі, ал одан кейін әскери министрліктің саяси басқармасының бастығы. Совет өкіметі тұсында Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағында, Халық Шаруашылығының Жоғары Советінде және Мемлекеттік банкте істеді. 1925 жылдан Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін қайта бастады, сол үшін тұтқынға алынып, 1931 жылы СССР Жоғарғы соты оны соттады.— *359, 363, 376.*

Шубинский (Шубинской), Н. П. (1853 ж. туған) — помещик, октябрист. Москва сот палатасында қорғаушы адвокат болып істеді, Калязин уездік және Тверь губерниялық земстволарының мүшесі, 1900 жылдан — Москва қалалық думасының мүшесі. Калязин уездік дворяндар жетекшісі болды. Тверь губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думада қаражүздік сөздер сөйледі.— *7.*

Шульце-Делич (Schulze-Delitzsch), *Герман* (1808—1883) — немістің тұрпайы экономисі, қоғам қайраткері, 1867—1883 жылдары рейхстагтың депутаты. Капиталистер мен жұмысшылардың таптық мүдделерін үйлестіруді уағыздады; 1849 жылдан бастап неміс жұмысшылары мен қолөнершілері арасында кооперативтік серіктіктер мен несие-жинақ кассаларын құру жолындағы науқанды өрістетті, бұларды капиталистік қоғам шеңберінде әлеуметтік татулықты жүзеге асырудың жолы деп білді. К. Маркс пен Ф. Энгельс Шульце-Деличтің реакциялық көзқарастарын әлденеше рет сынға алды. — *132—133.*

Щ

Щегловитов, И. Г. (1861—1918) — ірі помещик, барып тұрған реакционер. 1906 жылдан 1915 жылға дейін — юстиция министрі. Сотты полициялық өкіметтің нұсқауларына ашықтан-ашық бағындырып, қаражүздік саясат жүргізді. Әскери-дала соттарын

енгізуді, үшінші июнь мемлекеттік төңкерісін, II және IV Мемлекеттік думалардың социал-демократ мүшелерін соттауды, Бейлис ісін, тағы сондайларды ұйымдастырушылардың бірі болды. 1917 жылы — Мемлекеттік Советтің председателі.— *141.*

Щедрин, Н.— қараңыз: Салтыков-Щедрин, М. Е.

Э

Эм-Эль — қараңыз: Лукомский, М. Я.

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *293—294, 329, 331—332, 333, 334, 335, 338—339, 357.*

Энзис — қараңыз: Розанов, В. Н.

Ю

Юркевич (Рыбалка), Л. (1885—1918) — украинның буржуазияшыл ұлтшылы, оппортунист. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1913—1914 жылдары буржуазиялық-ұлтшылдық «Дзвін» («Қоңырау») журналына белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Лозаннада ай сайын шыққан «Боротьба» («Күрес») газетін шығарып тұрды, онда жеңілуді жақтаушы ретінде көзге түсіп, Германияға ниеттес ұлтшылдық «Украинаны азат ету одағына» қарсы күрес жүргізді. Ленин Юркевичті қатты сынады, оны ұлтшыл мещан, «барып тұрған ұждансыз, топас және реакциялық ұлтшылдықтың» (Шығармалар толық жинағы, 24-том, 142-бет) өкілі деп атады.— *285, 286, 291, 311, 312, 318, 327, 340, 347—348, 349, 350, 484, 485.*

Юшкевич, П. С. (1873—1945) — социал-демократ, меньшевик, білімі жөнінен математик; философияда махизмге жақын ағымдар — позитивизм мен прагматизмге қосылды; «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» деген жинаққа кірген «Эмпириосимволизм тұрғысынан алғандағы қазіргі энергетика» атты мақаланың авторы; В. И. Ленин ол жинақты «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында сынға алды. Юшкевич әдеби қызметпен және аударма жасаумен шұғылданды.

1917—1919 жылдары Совет өкіметіне дұшпандық көзқараста болып, Украинада меньшевиктік «Объединение» журналына және басқа антибольшевиктік басылымдарға жазып тұрды; кейініректе саяси қызметтен шеттеп кетті.— *131.*

Я

Ягелло (Jagiełło), *Е. И.* (1873 ж. туған) — поляк жұмысшы қозғалысының қайраткері, Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» мүшесі, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауы кезінде Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» мен Бундтың блогы Ягеллоны Думаға депутаттыққа кандидат етіп ұсынды, сөйтіп, поляк социал-демократтарының наразылығына қарамастан, депутат болып сайланды. Большевиктердің қатты наразылығына қарамастан, меньшевиктік «жетеудің» дауыс беруімен Ягелло Думадағы социал-демократиялық фракцияға қабылданды. Бірінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін поляк жұмысшы қозғалысының сол қанатына қосылды, кейіннен саяси қызметтен шеттеп кетті.— *26, 27, 96, 238—239, 247, 248, 384, 428—429, 490, 491.*

Яковлев, В. Я.— қараңыз: Богучарский.

X.— қараңыз: Данский, Б. Г.

Z. L.— 477, 479.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Март — июль, 1914)

1914 жылғы март — июль.	Ленин Краковте тұрады. 26 апрельде (9 майда) Поронинге қоныс аударады.
15 (28) март.	Лениннің ««Август» блогының ыдырауы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 37-номерінде жарияланады.
19 март (1 апрель).	Ленин өзі жазған «Украин жұмысшыларына үндеудің» жобасын О. Н. Лолаға тапсыру үшін Инесса Армандқа жолдайды. Ленин Армандқа: «Жұмысшыларды ұлтына қарай бөлуге *қарсы* бірлікті жақтаған үн тастаудың *украин социал-демократтарының арасынан* шығуының өте-мөте маңызы бар» деп жазды.
20 март (2 апрель).	Лениннің «Капитализм және баспасөз» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 41-номерінде жарияланады.
22 март (4 апрель).	Лениннің «Радикал буржуа орыс жұмысшылары туралы», «Саяси сабақтар» деген мақалалары басылған «Просвещение» журналының 3-номері шығады.
25 март пен 10 апрель (7 және 23 апрель) аралығында.	Ленин «Ирландия туралы мақалалар жайындағы мәселе жөнінде» деген тақырыппен «Путь Правды» газетінің редакциясына жазған хатында «Англиядағы конституциялық дағдарыс» деген мақаласының кезекті номерде жарияланатын-жарияланбайтынын хабарлауды өтінеді; жойымпаздармен бірігуді уағыздаған Г. В. Плехановты сынайды.

26 марттан (8 апрельден) ертерек.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында неміс оппортунистерін қатты сынайды, сонымен бірге герман социал-демократиялық партиясының бағалы жақтарының бәрін қабылдау, «оппортунистерге кешірім *жасамай*» қабылдау қажеттігін көрсетеді.

27 марттан (9 апрельден) ертерек.

Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында Думадағы большевиктер фракциясының мүшесі Ф. Н. Самойловтың денсаулығын ойлайтынын жазады, оны емдеуді ұйымдастыруды өтінеді.

28 март (10 апрель).

Ленин жазған «Ұлттық тең праволылық туралы заң жобасы» «Путь Правды» газетінің 48-номерінде жарияланады.

Ленин анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында майдың алғашқы күндерінде өзінің Поронинге қоныс аударатынын хабарлайды.

29 март (11 апрель).

Лениннің «Село жұмысшыларының жалақысы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 49-номерінде жарияланады.

30 март (12 апрель).

Лениннің «Латыш жұмысшылары социал-демократиялық фракциядағы жікке бөліну туралы» жәпе ««Август» өтірігін әшкерелеу» деген мақалалары «Путь Правды» газетінің 50-номерінде жарияланады.

Март.

Лениннің «Социализмді тағы да бір жою» деген мақаласы «Современный Мир» журналының 3-номерінде жарияланады.

Март — апрель.

Ленин «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақаласын жазады.

Март — июль.

Ленин «Карл Маркс» деген мақаласының жоспарын жазады.

1 (14) апрельден кешірек.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Бунд әдебиетін алғанын, «Работница» журналының 3-номерін жібергенін хабарлайды және осы журналдың басылуының ұйымдастырылуына қанағаттанғандық білдіреді.

2—4 (15—17) апрель.

Ленин Думадағы большевиктер фракциясы өкілінің қатынасуымен өткізілетін партияның

Орталық Комитеті мәжілісінің күн тәртібін жазады.

Ленин Краковте Думадағы большевиктер фракциясы өкілінің қатысуымен партияның Орталық Комитетінің мәжілісін өткізеді, онда II Интернационалдың Вена конгресіне қатысу туралы, партияның кезекті съезін әзірлеу туралы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы және басқа ағымдағы ұйымдық мәселелер қаралады; құпия жұмысқа басшылық ету жөніндегі Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бөлімшесін құру туралы қарардың жобасын жазады, ол жобаны Орталық Комитет қабылдайды.

4 (17) апрельден ертерек. Ленин В. М. Загорскийге хат жазып, онда өзіне партия конференцияларының шешімдерін және партия программасын жіберуді өтінеді.

4 (17) апрель. Лениннің «Жұмысшы қозғалысының формалары туралы (Локаут және маркстік тактика)» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 54-номерінде жарияланады.

4 (17) апрельден кешірек. Ленин Краковте Москва облысының басшылар коллективі өкілінің қатысуымен РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының кеңесін өткізеді, онда облыстық конференцияны шақыру туралы, партияның кезекті съезіне және II Интернационалдың Вена конгресіне әзірлену туралы, Москвада газет шығару туралы, «Правданы» тарату туралы және т. б. мәселелер қаралады.

6 (19) апрель. Лениннің «Солшыл халықшылдардың буржуазияны боямалап көрсетуі» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 56-номерінде жарияланады.

6 (19) апрельден кешірек. Ленин Мемлекеттік думадағы большевиктер фракциясына арнап «Ұлт саясаты туралы мәселе жөнінде» деген сөздің жобасын жазады.

9 (22) апрель. Ленин қарындасы М. И. Ульяноваға жазған хатында өзінің Олонецке жер аударылғандар құрамының өзгергені жайында хабар алғанын хабарлай келіп: «Орасан көпшілігі жұмысшылар, ... уезд бойынша 150 адамға 2

жойымпаз келеді, солшыл халықшылдар аз»,— деп жазады; «Просвещение» журналында жариялау үшін осындай мәліметтерді жинау қажет деп санайтынын білдіреді.

10 (23) апрель. Лениннің «Англиядағы конституциялық дағдарыс» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 57-номерінде жарияланады.

11 (24) апрель. Ленин О. Н. Лоланың украин жұмысшыларына арналған үндеу жөніндегі хатын Инесса Армандқа жібереді. Ленин Армандқа жазған хатында одан украин социал-демократтарына жолығып, олардың ұлттық-украиндық социал-демократиялық бөлек ұйым туралы мәселе жөніндегі позицияларын білуді және антисепаратистер тобын құруға тырысып көруді өтінеді; партия съезін әзірлеу үшін және партияның программасы мен уставын 1912 жылғы Прага партия конференциясы енгізген өзгерістерімен қайта басып шығару үшін Парижде және Швейцарияда байланыс орындарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

12 (25) апрель. Лениннің «Бірлік» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 59-номерінде жарияланады.

13 (26) апрель. Ленин «Дзвін» журналы редакциясына жазған хатында украин буржуазиялық ұлтшылдарының украин жұмысшыларының ерекше социал-демократиялық ұйым болып бөлініп шығуын уағыздауына қарсы қатты наразылық білдіреді.

15 (28) апрель. Лениннің «Халықаралық бюроның іске араласуы туралы ұйымдасқан марксистердің пікірі» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 61-номерінде жарияланады.

16 (29) апрель. Лениннің «Ұлттық тең праволылық» және «Жойымпаздар және латыш жұмысшы қозғалысы» деген мақалалары «Путь Правды» газетінің 62-номерінде жарияланады.

20 апрель (3 май). Лениннің «Деревнядағы крепостниктік шаруашылық» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 66-номерінде жарияланады.

22 апрельден (5 майдан) ертерек. — Ленин «Путь Правды» газетінің редакциясына «Біздің міндеттеріміз» деген мақаласын жолдайды, бұл мақала «Рабочий» газетінің Россиядағы жұмысшы баспасөзінің тарихына арналған тұңғыш номеріне арналған еді.

22 апрель (5 май). — Лениннің «Россиядағы жұмысшы баспасөзінің өткен дәуірінен» және «Біздің міндеттеріміз» деген мақалалары «Рабочий» газетінің 1-номерінде жарияланады.

«Путь Правды» газетінде «Қызметкерлерден» деп жазылған телеграмма жарияланады, оған: В. Ильин деп қол қойылған. Екі жылдық мерекесі күні газетті қызу құттықтай отырып, жұмысшы баспасөзінің одан әрі табысқа жетуіне тілек білдіре отырып, Ленин өзінің бір күндік жалақысын газет қорына берді.

«Просвещение» журналының 4-номері шығады, онда Лениннің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Неміс жұмысшы қозғалысындағы не нәрсеге еліктемеу керек» деген мақалалары және Н. А. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген кітабына жазған рецензиясы жарияланады.

22 апрельден (5 майдан) кешірек. — Ленин өзінің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақаласына түзетулер енгізеді.

23 апрель (6 май). — «Путь Правды» газетінің 68-номерінде Баспасөз күніне байланысты Австриядан жолданған, В. Ильин және басқалар қол қойған: «Шын жүректен сіздермен біргеміз» деген телеграмма жарияланады.

26 апрель (9 май). — Ленин Краковтен Поронинге қоныс аударады.

29 апрель (12 май). — Лениннің «Жойымпаздықтың анықтамасы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 73-номерінде жарияланады.

Апрель. — Ленин Думадағы большевиктер фракциясына арнап ұлт мәселесі жөніндегі сөздердің жобаларын әзірлеу жөнінде Н. И. Бухаринге хат жазады.

Ленин «Марксизм және жойымпаздық» деген жинаққа қорытынды жазады.

Апрель — Май. Ленин II Интернационалдың Вена конгресіне РСДРП Орталық Комитеті есебінің жоспары мен конспект нобайын жазады.

2 және 18 (15 және 31) май аралығында. Ленин И. Рудис-Гипслиске жазған хатында «Правдаға» латыштық қосымшаны шығару жөніндегі өзінің пікірлерін айтады, латыш социал-демократиялық газеттеріндегі мақалалардың аудармаларын жіберуді өтінеді; әсіресе Ригада және Петербургте болған маевкалардың табысты өтуімен құттықтайды.

3 (16) май. Лениннің «Тағы да саяси дағдарыс туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 76-номерінде жарияланады.

4 (17) май. Лениннің «Жұмысшы қозғалысындағы идеялық күрес» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 77-номерінде жарияланады.

5 (18) май. Ленин Н. Н. Накоряковке жазған хатында Америка Құрама Штаттары статистикасының егіншілікке арналған ресми басылымдарын жібергені үшін алғысын айтады; Россиядағы маевканың тамаша өтуімен құттықтайды; Урал ұйымының өскендігі жайында хабарлайды.

5 (18) майдан кешірек. Ленин Америка Құрама Штаттары статистикасының мына ресми басылымдарын зерттейді: «Thirteenth census of the United States, Taken in the year 1910. Volume V. Agriculture. 1909 and 1910. Washington 1914» («Құрама Штаттардың 1910 жылы өткізілген он үшінші санағы. V том. Егіншілік. 1909 және 1910. Вашингтон, 1914»).

6 (19) май. Ленин С. Г. Шаумянға жазған хатында «мәдени-ұлттық автономияны» жақтаушыларға қарсы күрес жүргізу жоспарын, ұлттардың тең праволылығы туралы және азшылық ұлттардың праволарын қорғау туралы өзі дайындап жатқан заң жобасының мазмұнын баяндайды.

Ленин В. А. Карпинскийге хат жазып, онда өзіне Н. А. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген кітабының бірінші томын жіберуді өтінеді.

6 (19) майдан кешірек. 1914 жылы март және апрель (6 (19) майға дейін) айларында «Путь Правды» мен «Северная Рабочая Газетаға» жұмысшы топтарынан түскен қаржының мөлшері туралы В. А. Тихомирнов жасаған кестеге цифрлы есептеулер жазады.

Ленин «Ұлттардың тең праволылығы туралы және аз шылық ұлттардың праволарын қорғау туралы заң жобасын» жазады.

7 (20) май. Ленин А. А. Трояновскийге жазған хатында одан ақшалай көмек алып тұрған «Просвещение» журналының редакциясымен қарым-қатынас жөніндегі шарт жобасының талқыланғанын хабарлайды; «Просвещениеге» арналған ұлт мәселесі жөніндегі айтыс мақаланы тезірек жіберуді өтінеді; сондай-ақ «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақаланың соңы майда басылуға тиіс екенін хабарлайды.

8 (21) майдан ертерек. Ленин Г. И. Чудновскийге жазған хатында көпшілікке түсінікті ету үшін оның «Қор жинаудың жаңа теориясы» деген мақаласына бірқатар қосымшалар енгізуді ұсынады.

8 (21) май. Лениннің ««Имение жағынан көршілер»» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 80-номерінде жарияланады.

9 (22) май. Лениннің «Халықшылдар және «фракциялық зорлық»» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 81-номерінде жарияланады.

9 немесе 10 (22 немесе 23) май. Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында РСДЖ Фракциясының мүшесі IV Мемлекеттік думада депутаттық уәкілдігін өздігінен тапсырған Р. Малиновскийдің дезертирлік әрекеті туралы жазады, Малиновскийдің бұл арандатушылық ісі үшін айыпталатынын хабарлайды; Думаға жаңа депутат сайлауға байланысты Ф. Н. Самойловтың шетелден Москваға баруының мүмкіндігі жайында сұрайды.

10 (23) май. Лениннің «Жұмысшыларды жымысқы ұлтшылдықпен аздыру» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 82-номерінде жарияланады.

10 (23) майдан кешірек.	Ленин В. А. Карпинскийге хат жазып, онда Н. А. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген кітабының I томы үшін алғыс айтады; «Современник» журналын қатты сынайды, осы журналға Данның, Мартовтың және Плехановтың қатысуына ашынғандық білдіреді; В. А. Карпинскийге II Интернационалдың Вена конгресіне делегаттық куәлік жіберілгенін жазады.
10 және 18 (23 және 31) май аралығында.	Ленин Н. И. Подвойскийдің статистика жұмысында нұсқау және кеңес беру арқылы көмектесу жөніндегі тілегіне жауап ретінде өзінің ескертпелері мен ұсыныстарын жібереді.
11 (24) май.	Ленин IV Мемлекеттік думада депутаттық уәкілдігін өздігінен тапсырған Р. Малиновскийдің дезертирлік әрекетіне байланысты большевиктік фракцияның жаңа председателін сайлау қажеттігі туралы А. Е. Бадаевқа телеграмма салады.
13 (26) май.	Лениннің «Саяси жағдай туралы» және «Жұмысшылардың бірлігі және интеллигенттердің «ағымдары»» деген мақалалары «Путь Правды» газетінің 85-номерінде жарияланады.
14 (27) май.	Лениннің «Солшыл халықшылдар туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 86-номерінде жарияланады.
18 және 22 май (31 май және 4 июнь) аралығында.	Ленин «Путь Правды» газетінің редакциясына «Пешехонов, Малиновский және басқалар туралы мәселе жөнінде» деген хатын жазып, онда жойымпаздармен күресте одан әрі табыстарға жете беруге тілек білдіреді, Плеханов және оның «Единство» деген газеті жөнінде редакцияның позициясы қандай болуы керектігін түсіндіреді.
20 майдан (2 июньнен) ертерек.	Ленин А. В. Бритманға жазған хатында Орталық Органды басып шығаруға қанша қаржы бар екенін сұрайды.
22 май (4 июнь).	Лениннің «Жойымпаздар және Малиновскийдің өмірбаяны» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 2-номерінде жарияланады.

23 майдан (5 июньнен) ертерек.	Ленин Инесса Армандқа жазған хатында II Интернационалдың Вена конгресіне баратын делегация туралы мәселені талқылау қажеттігін жазады.
23 май (5 июнь).	Ленин Инесса Армандқа хат жазып, онда В. Винниченконың «Әкелер өсиеті» деген романы туралы аса қатал пікір айтады.
24 майдан (6 июньнен) ертерек.	Ленин М. М. Литвиновқа жазған хатында оның Вена конгресіне делегат болып баруы жөнінде ұсыныс жасайды.
24 май (6 июнь).	Лениннің «Екі түрлі жол туралы» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 3-номерінде жарияланады.
24 май мен 8 июнь (6 және 21 июнь) аралығында.	Ленин Гранат басылымдары редакциясына хат жазып, онда баспаға К. Маркс туралы мақаланың қандай көлемде және қай мерзімге қажет екенін хабарлауды өтінеді.
25 май (7 июнь).	Лениннің «Плеханов өзінің нені тілейтінін де білмейді» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 4-номерінде жарияланады.
28 майға (10 июньге) дейін.	Ленин Мемлекеттік думадағы большевиктер фракциясына арнап «Егіншілік министрлігінің сметасы туралы мәселе жөнінде» деген сөздің жобасын жазады.
29 майдан (11 июньнен) кешірек.	Ленин «Правда» газетінің редакциясына «Тағы да Малиновскийдің кетуі жөнінде» деген хатын жазады.
30 май (12 июнь).	Лениннің «Бірлік туралы» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 2-номерінде жарияланады.
Майдың аяғы— июнь.	Ленин С. Г. Шаумянға жазған хатында ұлттық тең праволылық туралы заң жобасына байланысты оның айтқан пікірлері жөнінде сын ескертпелер жасайды; «өзінің «Просвещениедегі» мақалаларын сынауды», сондай-ақ II Интернационалдың Вена конгресіне әзірлену үшін қажет болғандықтан Кавказда грузин, армян және басқа тілдерде шығатын социал-демократиялық газеттер жөнінде деректер жинауды өтінеді.

Май.	Ленин «Современник» журналы туралы мақаланың жоспарларын жазады.
1 (14) июнь.	«Просвещение» журналының 5-номері шығады, мұнда Лениннің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» (жалғасы), «Асыққан қалар ұятқа», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» деген мақалалары және И. Дроздовтың «1905—1906 жылдардағы аграрлық қозғалысқа байланысты Россиядағы егінші жұмысшылардың жалақысы» деген кітабына және И. М. Козьминых-Ланиннің «Москва губерниясының фабрикалары мен заводтарындағы мерзімнен тыс жұмыстар» деген кітапшасына жазған рецензиялары жарияланады.
5 (18) июнь.	Лениннің «Мәселе айқындалды. Саналы жұмысшылардың есіне» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 7-номерінде жарияланады.
6 және 20 июнь (19 июнь мен 3 июль) аралығында.	Ленин өзінің «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» деген мақаласына қосымша жазып, оны «Прибой» баспасына жібереді. Мақала 1914 жылғы июльде «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың II бөлімінде жарияланды.
6 және 26 июнь (19 июнь мен 9 июль) аралығында.	Ленин жұмысшы қозғалысындағы әр түрлі ағымдардың күші туралы цифрлы деректер ақпарын жасайды.
9 (22) июнь.	Лениннің «Авантюризм туралы» және «Латыш марксистерінің шешімдері және жойымпаздар» деген мақалалары «Рабочий» газетінің 7-номерінде жарияланады.
13 және 14 (26 және 27) июнь.	Лениннің «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 14 және 15-номерлерінде жарияланады.
13 (26) июньнен кешірек.	Ленин жұмысшы топтарының, маркстік және жойымпаздық газеттерге жиналған қаржылардың есебін шығарады, осы мәселе бойынша В. А. Тихомирнов жасаған кестелерге белгілер салады.

16 (29) июньнен ертерек. — Ленин Парижде партияның программасы мен уставының басылып шыққаны туралы М. К. Владимировқа хат жазады.

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің атынан Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гиюсманске РСДРП Орталық Комитеті өзінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі етіп М. М. Литвиновты тағайындағанын хабарлайды.

17 (30) июньнен ертерек. — Ленин «Прибой» баспасына хат жазып, онда өзінің «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі» деген мақаласының басылуы неліктен кешеуілдегенін түсіндіруді өтінеді.

19 июнь (2 июль). — Лениннің «Солшыл халықшылдық және марксизм» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 19-номерінде жарияланады.

21 июнь (4 июль). — Ленин РСДРП Орталық Комитетінің тапсыруымен Инесса Арман дқа, И. Ф. Поповқа, М. Ф. Владимирскийге, А. А. Бекзадянға хаттар жазады, бұл хаттарында оларға Халықаралық социалистік бюроның Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитеті делегациясының құрамына кіруге ұсыныс жасайды.

Ерте дегенде 21 июнь (4 июль). — Ленин РСДРП Орталық Комитетінің тапсырмасы бойынша Халықаралық социалистік бюроның Атқару Комитетіне, егер Брюссель кеңесіне басқа қатысушылармен тең праволы негізде поляк оппозициясы шақырылмайтын болса, Орталық Комитеттің ерекше қаулымен бұл кеңеске қатыспауға ұйғарғанын хабарлайды, кеңеске қандай ұйымдар және жеке адамдардан кімдердің шақырылғанын хабарлауды өтінеді.

22 июнь (5 июль). — Лениннің «Россиядағы жер мәселесі» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 22-номерінде жарияланады.

23 июнь (6 июль). — Ленин Халықаралық социалистік бюро шақыратын Брюссель кеңесіне РСДРП Орталық Комитеті делегациясының құрамын біржола белгілейді.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында оның Брюссель кеңесіне баруын қатты өтінеді, делегацияның құрамын хабарлайды,

23—30 июнь (6—13 июль). Ленин Брюссель кеңесінде Орталық Комитеттің жасайтын баяндамасының жоспары мен тезистерін жазады.

Ленин Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасын және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілетін жетекші нұсқауларды жазады.

24 июньнен (7 июльден) ертерек. Ленин Н. В. Кузнецовқа жазған хатында М. Ф. Владимирскийдің Брюссель кеңесіне қатысуы жөнінде онымен келісуді өтінеді.

24 июнь (7 июль). Лениннің «Балағаттаудың саяси мәні туралы (Бірлік туралы мәселе жөнінде)» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 23-номерінде жариялапады.

25 июньнен (8 июльден) ертерек. Ленин В. Мицкевич-Капсукасқа жазған хатында одан литвандық «Vilnis» газетінің құрылу тарихы және бағыты жөнінде сұрайды.

26 июньнен (9 июльден) ертерек. Ленин жұмысшы топтары санының және 1913 жылғы октябрьден 1914 жылғы 6 июньге дейінгі мерзімде Думадағы большевиктік және меньшевиктік фракциялар арқылы өткен, большевиктік баспасөз бен жойымпаздық баспасөзге жиналған қаржылардың есебін шығарады.

Ленин жұмысшы топтарынан «Правдаға» түскен жарналардың процентін есептеп шығарады.

26 июнь (9 июль). Ленин халықаралық әйелдер конференциясына әзірлік жөнінде Инесса Армандқа хат жазады.

Ленин Инесса Армандқа жазған екінші бір хатында Брюссель кеңесіне баратын РСДРП делегациясының құрамын Орталық Комитеттің бекіткенін, Орталық Комитет баяндамасының басы мен аяқ жағын ертең жіберетінін хабарлайды.

Лениннің «Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 25-номерінде жариялапады.

Ленин Орталық Комитеттің Орыс бюросына хат жазып, онда Кавказда 1911 жылдан бері

шығып келе жатқан большевиктік газеттер мен жойымпаздық газеттер жөніндегі деректерді жинап, өзіне жіберуді өтінеді.

26 июньнен (9 июльден) кешірек. — Ленин правдистік газеттер мен жойымпаздық газеттердің тиражы жайындағы цифр мәліметтерін әзірлейді.

27 июньнен (10 июльден) ертерек. — Ленин «Прибой» баспасына хат жазып, онда «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың корректурасын жіберуді өтінеді.

27 июнь (10 июль). — Ленин Брюссель кеңесіндегі большевиктер делегациясына оның өзі әзірлеген РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасын жібереді.

Ленин Брюссель кеңесіне әзірленуге байланысты М. М. Литвиновқа, Инесса Армандқа, И. Ф. Поповқа және М. Ф. Владимирскийге хаттар жазады.

27 июнь мен 3 июль (10 және 16 июль) аралығында. — Ленин Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитеті жасайтын баяндамаға қосымшалар жазады.

28 июнь (11 июль). — Ленин Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитетінің делегациясына жетекші нұсқаулар жібереді.

Лениннің «Солшыл халықшылдық ағым жұмысшылар арасында қаншалықты күшті» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 27-номерінде жарияланады.

«Просвещение» журналының 6-номері шығады, онда Лениннің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» (соңы), «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» және ««Впередшілдер» туралы және «Вперед» тобы туралы» деген мақалалары жарияланады.

Ленин «Прибой» баспасына жазған хатында «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың соңғы жағының корректурасын жібергені үшін алғыс айтады; осы жинақтың басылып шыққан беттерін түгелдей, сондайақ «Правданың», «Наша Заряның» комплектілерін, Булкиннің, Мартовтың мақалаларын және басқа материалдарды Брюссельге И. Ф. Поповқа дереу жіберуді өтінеді.

29 июнь (12 июль).	Ленин жазған «Оксен Лоланың «Украин жұмысшыларына үндеуіне» «Редакциядан» ескерту» «Трудовая Правда» газетінің 28-номерінде жарияланады.
	Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Петербургтен екі жұмысшының келгенін, Г. И. Петровскийдің келуге тиіс екенін хабарлайды; Инесса Армандтың Брюссель кеңесіне қатысуының өте қажеттігін атап корсетеді.
29 июнь мен 6 июль (12 және 19 июль) аралығында.	Ленин Думадағы фракцияның жұмысы және партия съезін әзірлеу мәселелері жөнінде Россиядан келген партия қызметкерлерімен өткізілген партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне басшылық етеді.
30 июнь (13 июль).	Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Брюссельдегі кеңесте большевиктер делегациясы ұстауға тиісті тактиканы баяндайды, құпия жағдайдағы РСДРП жұмысының ерекшеліктері мен қиындықтарын Халықаралық социалистік бюроның мүшелеріне түсіндірудің қажеттігіне назар аударады, жойымпаздармен және Халықаралық социалистік бюроның Атқару Комитетімен күресте партиялық шешімдерді пайдалану жөнінде нұсқау береді, «Ертең баяндаманың соңын жіберемін» деп хабарлайды.
30 июнь — 1 июль (13—14 июль).	Ленин Инесса Арманд пен И. Ф. Поповқа Брюссель кеңесіне әзірлікке қажетті газеттер мен басқа да материалдарды жібереді.
2 (15) июль.	Лениннің «Ең алдымен айқындық керек! (Бірлік туралы мәселе жөнінде)» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 30-номерінде жарияланады.
2 және 3 (15 және 16) июль.	Лениннің «Жұмысшы баспасөзі күпінің қорытындылары жөнінде. «Путь Правды» газетінің есебінен» деген мақаласы «Трудовая Правда» газетінің 30 және 31-номерлерінде жарияланады.
Кеш дегенде 3 (16) июль.	Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Поронинде Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізіп жатқан мәжілісі туралы хабарлайды; Брюссель кеңесі аяқталған-

нан кейін оның қорытындылары жөнінде егжей-тегжейлі телеграмма беруді өтінеді.

3—5 (16—18) июль. Ленин Поронинен (Галиция) Брюссель кеңесіндегі большевиктер делегациясының жұмысына басшылық етеді.

4 немесе 5 (17 немесе 18) июль. Ленин жойымпаздықтың мәні туралы үш делегацияның атынан мәлімдеме жасаудың қажеттігі жайында Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитетінің делегациясына телеграмма жібереді.

5 (18) июльден ертерек. Ленин Халықаралық социалистік бюроның Атқару Комитетіне Э. Вандервельденің Петербургке барған сапарына байланысты материалдарды комитеттің адресіне жібергені жайында Поронинен телеграмма береді. Телеграмма Ленин Брюссельде жүр, сөйте тұрып Халықаралық социалистік бюро шақырған кеңеске келмей отыр-мыс деп II Интернационал басшыларының таратқан жалақорлық өсегін әшкерелеу мақсатында жіберілген болатын. Ленин телеграмманың көшірмесін Брюссель кеңесіндегі РСДРП Орталық Комитетінің делегациясына жіберген-ді.

5 (18) июль. Ленин әзірлеген «Марксизм және жойымпаздық» (II бөлім) деген жинақ шығады.

5 немесе 6 (18 немесе 19) июль. Ленин поляк оппозициясына көзқарас туралы және Брюссель кеңесіндегі Орталық Комитет делегациясына алғыс айту туралы РСДРП Орталық Комитеті шешімдерінің жобаларын жазады. Жобаларды РСДРП Орталық Комитеті қабылдады.

5 (18) июльден кешірек. Ленин Берлиндегі В. М. Каспаровқа хат жазып, онда Россиядағы революциялық оқиғалардың дамуы жайында өзін хабардар етіп тұруды өтінеді.

Ленин Брюссель кеңесі қарарының машинкаға басылған данасына «біржола қабылданған қарар» деп жазады, осы данада қалып қойған текстіні енгізеді.

Ленин «Брюссель конференциясындағы поляк оппозициясы» деген заметкасын жазады.

Ленин Г. Л. Шкловскийге хат жазып, онда Брюссель кеңесінің нәтижелері жайында

хабарлайды; одан Вена конгресіне әзірленіп жатыр ма, жоқ па, сол жөнінде толық жауап беруді өтінеді; Ф. Н. Самойловтың денсаулығы жайында сұрайды.

5 және 17 (18 және 30) июль аралығында.

Ленин латыш социал-демократы И. Э. Германға 2 хат және открытка жібереді, оларда латыш социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы жайында жазады, 1914 жылы латыштардың және олардың Орталық Комитетінің жойымпаздарға қарсы шыққанын қанағаттанғандықпен атап көрсетеді, алайда Латыш өлкесі социал-демократиясының большевиктер партиясымен толық бірігуі мүмкіндігіне күмән білдіреді, жойымпаздарға қарсы, Бундтың ұлтшылдығы мен сепаратизміне қарсы Латыш өлкесінің социал-демократиясы РСДРП-мен бірге бола ала ма дейтін принципті мәселелер бойынша айқындылыққа алдын ала қол жеткізу қажеттігін баса айтады.

6 (19) июль.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында II Интернационал көсемдерінің Брюссель кеңесіндегі әрекетін әшкерелейді.

Ленин Инесса Армандқа жазған екінші бір хатында Брюссель кеңесі жөнінде М. Ф. Владимирский жазған есепті алғанын хабарлайды; кеңесте тамаша жұмыс жүргізгені үшін делегацияға алғыс айтады; партияның кезекті съезі 20—25 августа болатынын, Армандтың съезге делегат болып сайланғанын жазады.

7 (20) июль.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында поляк оппозициясының Брюссель кеңесіндегі әрекеті жайындағы мәселеге тоқталады; Вена конгресіне мандаттар алу үшін шара қолдану жайында нұсқау береді; оның Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитеті баяндамасының қай жерлерін оқығанын және қай жерлерін оқымай кеткенін баяндаманың қолжазбасы бойынша белгілеп шығуын өтінеді.

7 (20) июльден кешірек.

Ленин «Поляк социал-демократиялық оппозициясы аңтарылып қалуда» деген мақаласын жазады.

8 (21) июльден ертерек.

Ленин И. Ф. Поповқа хат жазып, онда Брюссель кеңесі жұмысының барысы жөнінде

оның жіберіп отырған хабарлары туралы айтады.

8 (21) июль. Лениннің «Leipziger Volkszeitung» газетінде шыққан мақалаға жауабы осы газеттің 165-номерінде жарияланады.

Ленин Гранат басылымдары редакциясына хат жазып, онда күтпеген жағдайларға байланысты өзінің бастап қойған «Карл Маркс» деген мақаласын жазуды тоқтатуға мәжбүр болғанын хабарлайды және редакциядан басқа бір авторды іздеуін өтінеді.

11 (24) июль. Ленин Инесса Армандқа хат жазып, онда Брюссель кеңесінде Каутский ұсынған қарарға дауыс беруден РСДРП Орталық Комитеті делегациясының бас тартуын мақұлдайды; Поронинге келген латыш социал-демократы Звирбул-Путниспен партия съезіне латыштардың қатысуы туралы мәселені талқыламақшы екенін хабарлайды; жойымпаздардың әрекеті жөнінде К. Каутскийді хабардар етуге кеңес береді.

12 (25) июль. Ленин Россияда революцияның жақындап келе жатқаны туралы, Австрия мен Сербия арасындағы соғыс туралы Инесса Армандқа хат жазады.

Ленин швед социал-демократына жазған хатында Петербургпен байланыс жасау үшін одан сенімді жасырын адрес беруін өтінеді.

13 (26) июль. Ленин И. Рудис-Гипслиске жазған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясындағы істің жайы туралы өзінің латыш социал-демократы Звирбул-Путниспен әңгімелескенін хабарлайды; ұлт мәселесінде латыш социал-демократтарының қандай позицияда екенін сұрайды, РСДРП Орталық Комитетімен неғұрлым тығыз байланыс орнатуға латыш жұмысшыларының қалай қарайтыны жөнінде хабарлауды өтінеді.

15 (28) июль. Ленин Гранат басылымдары редакциясына жазған хатында Энциклопедиялық сөздікке арналған «Карл Маркс» деген мақаласын аяқтауға келісім береді.

15 және 18 (28 және 31) июль аралығында. Ленин «Социал-Демократ» газетінің кезекті номерінің мазмұнын белгілейді, «Революция және соғыс» деген бас мақаланың жоспарын жазады; газетті шығарудың техникалық мәселелерін талқылайды.

18 (31) июль. Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында халықаралық конгрестің Парижге көшіріліп, 9 августа өтетінін хабарлайды, делегация құрамы туралы, Ф. Н. Самойловтың конгреске баруының қажеттігі туралы жазады; науқас Самойловты Парижде оның емделуі үзіліп қалмайтындай етіп орналастыруды өтінеді.

Июльдің екінші жартысы. Ленин В. М. Каспаровқа жазған хатында Петербургтегі жұмысшы қозғалысы жайында «Vorwärts» газетінен қиындылар комплектісін жасап, оны салып жіберуін өтінеді.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз IX

1914 ж.

«АВГУСТ» БЛОГЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ 1—4

КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ .... 5—8

РАДИКАЛ БУРЖУА ОРЫС ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ 9—13

САЯСИ САБАҚТАР 14—16

*ҰЛТТЫҚ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ .... 17—19

Еврейлердің праволарына шек қоюдың бәрін және шыққан тегіне немесе қандай да бір ұлтқа жататынына байланысты шек қоюшылық атаулының бәрін жою туралы заң жобасы 18

СЕЛО ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 20—22

ЛАТЫШ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯДАҒЫ ЖІКК̆Е БӨЛІНУ ТУРАЛЫ 23—28

«АВГУСТ» ӨТІРІГІН ӘШКЕРЕЛЕУ 29—32

СОЦИАЛИЗМДІ ТАҒЫ ДА БІР ЖОЮ 33—57

I 36

II 37

III 40

IV 43

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

V 45
VI 48
VII 51
VIII 53
IX 55
X 57

* ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰПИЯ ЖҰМЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІМШЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ .... 58—59

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ *(Локаут және маркстік тактика)* .... 60—64

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДАРДЫҢ БУРЖУАЗИЯНЫ БОЯМАЛАП КӨРСЕТУІ .... 65—68

ҰЛТ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ .... 69—78

АНГЛИЯДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС .... 79—82

БІРЛІК .... 83—86

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЮРОНЫҢ ІСКЕ АРАЛАСУЫ ТУРАЛЫ ҰЙЫМДАСҚАН МАРКСИСТЕРДІҢ ПІКІРІ .... 87—90

ҰЛТТЫҚ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҚ .... 91—93

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ ЛАТЫШ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ .... 94—97

ДЕРЕВНЯДАҒЫ КРЕПОСТНИКТІК ШАРУАШЫЛЫҚ .... 98—100

РОССИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІНІҢ ӨТКЕН ДӘУІРІНЕН .... 101—110

БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ .... 111—114

НЕМІС ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ НЕ НӘРСЕГЕ ЕЛІКТЕМЕУ КЕРЕК .... 115—120

*РЕЦЕНЗИЯ. *Н. А. Рубакин. Кітаптар әлемінде,* II том («Ғылым» баспасы). М. 1913 ж. Бағасы 4 сом (2-басылуы) .... 121—124

ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ .... 125—127

* «МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ» ДЕГЕН ЖИНАҚҚА ҚОРЫТЫНДЫ .... 128—138

ТАҒЫ ДА САЯСИ ДАҒДАРЫС ТУРАЛЫ 139—141

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ КҮРЕС 142—146

ҰЛТТАРДЫҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АЗШЫЛЫҚ ҰЛТТАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ... 147—149

«ИМЕНИЕ ЖАҒЫНАН КӨРШІЛЕР» ... 150—151

ХАЛЫҚШЫЛДАР ЖӘНЕ «ФРАКЦИЯЛЫҚ ЗОРЛЫҚ» ... 152—155

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖЫМЫСҚЫ ҰЛТШЫЛДЫҚПЕН АЗДЫРУ 156—159

САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ 160—162

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ «АҒЫМДАРЫ» ... 163—166

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДАР ТУРАЛЫ 167—171

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ МАЛИНОВСКИЙДІҢ ӨМІРБАЯНЫ 172—175

ЕКІ ТҮРЛІ ЖОЛ ТУРАЛЫ ... 176—179

ПЛЕХАНОВ ӨЗІНІҢ НЕНІ ТІЛЕЙТІНІН ДЕ БІЛМЕЙДІ ... 180—184

ЕГІНШІЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ СМЕТАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ... 185—191

БІРЛІК ТУРАЛЫ ... 192—195

АСЫҚҚАН ҚАЛАР ҰЯТҚА ... 196—199

БІРЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАЙБАЛАМДЫ БҮРКЕНІП, БІРЛІКТІ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ... 201—226

I. «Фракцияшылдық» туралы ... 204
II. Жік туралы ... 209
III. Август блогының ыдырауы туралы ... 214
IV. Ымырашылдың «жетеуге» берген кеңесі 217
V. Троцкийдің жойымпаздық көзқарастары ... 221

*РЕЦЕНЗИЯ. *И. Дроздов. 1905—1906 жылдардағы аграрлық қозғалысқа байланысты Россиядағы егінші жұмысшылардың жалақысы.* СПБ. (М. И. Семенов баспасы.) 1914 ж. 68 бет. Бағасы 50 т. ... 227—230

*РЕЦЕНЗИЯ. *И. М. Козьминых-Ланин. Москва губерниясының фабрикалары мен заводтарындағы мерзімнен тыс жұмыстар.* Москва. 1914 ж. Бағасы 1 сом. 231—234

МӘСЕЛЕ АЙҚЫНДАЛДЫ. САНАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ ... 235—240

1. Программа және ұлт мәселесі 236
2. 1908 жылғы шешім 237
3. 1910 жылғы шешім 238
4. «Ағымдар» 239

АВАНТЮРИЗМ ТУРАЛЫ .... 241—245

ЛАТЫШ МАРКСИСТЕРІНІҢ ШЕШІМДЕРІ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР .... 246—248

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІ .... 249—258

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ МАРКСИЗМ .... 259—262

РОССИЯДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ .... 263—265

БАЛАҒАТТАУДЫҢ САЯСИ МӘНІ ТУРАЛЫ *(Бірлік туралы мәселе жөнінде)* .... 266—269

ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ТҮРЛІ АҒЫМДАРДЫҢ КҮШІ ТУРАЛЫ ОБЪЕКТИВТІ ДЕРЕКТЕР .... 270—277

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ АҒЫМ ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДА ҚАНШАЛЫҚТЫ КҮШТІ .... 278—282

ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ .... 283—354

1. Ұлттардың өзін өзі билеуі деген не? 285
2. Мәселенің тарихи жағынан нақты қойылуы 292
3. Россиядағы ұлт мәселесінің нақтылы ерекшеліктері және Россияны буржуазиялық-демократиялық жолмен қайта құру 296
4. Ұлт мәселесіндегі «практицизм» 301
5. Либерал буржуазия мен социалистік оппортунистер ұлт мәселесі жөнінде 308
6. Норвегияның Швециядан бөлініп шығуы 320
7. 1896 жылғы Лондон халықаралық конгресінің шешімі 326
8. Утопист Карл Маркс және практикашыл Роза Люксембург 331
9. 1903 жылғы программа және оның жойымпаздары 340
10. Қорытынды 350

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТӘСІЛДЕРІ .... 355—391

1. Жойымпаздар мен халықшылдардың жұмысшыларға қарсы одағы 356

2. Жұмысшылардың жойымпаздармен «бірлігін» либералдар қалай қорғап отыр 365
3. Жұмысшы ұйымдары жойымпаздарды жалақорлар деп айыптап, жұрт алдында айыбын бетіне басқан себебі не? 377

«ВПЕРЕДШІЛДЕР» ТУРАЛЫ ЖӘНЕ «ВПЕРЕД» ТОБЫ ТУРАЛЫ .... 392—399

*ОКСЕН ЛОЛАНЫҢ «УКРАИН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУІНЕ» «РЕДАКЦИЯДАН» ЕСКЕРТУ 400

*БРЮССЕЛЬ КЕҢЕСІНДЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАСАЙТЫН БАЯНДАМАСЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕТЕКШІ НҰСҚАУЛАР .... 401—440

I 404
II 411
III 424
IV 426

Қосымшалар. ЖЕТЕКШІ НҰСҚАУЛАР 441

I. Privées заметкалар 441
II. Privées заметкалар 442
III. Баяндамадан тыс 444
IV. 446

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДА РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНА ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ 451—459

Екі фракцияның жылдың алғашқы ширегіндегі жұмысының тәжірибесі нені көрсетеді? 456

ЕҢ АЛДЫМЕН АЙҚЫНДЫҚ КЕРЕК! *(Бірлік туралы мәселе жөнінде)* .... 460—463

1. Екі түрлі пікірі бар адамдар туралы 460

ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІ КҮНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ. *«Путь Правды» газетінің есебінен* .... 464—472

Петербург бойынша 470

*РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ШЕШІМІ 472

БРЮССЕЛЬ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ ПОЛЯК ОППОЗИЦИЯСЫ 474

ПОЛЯК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ОППОЗИЦИЯСЫ АҢТАРЫЛЫП ҚАЛУДА .... 475—476
*«LEIPZIGER VOLKSZEITUNG»-тегі МАҚАЛАҒА ЖАУАП .... 477—479

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

*«ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ .... 483—488

1 483
2 484
3 485
4 487
5 488

*II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ВЕНА КОНГРЕСІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЕСЕБІНІҢ ЖОСПАРЫ МЕН КОНСПЕКТ НОБАЙЫ .... 489—492
*«СОВРЕМЕННИК» ЖУРНАЛЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ .... 493—495

1 493
2 494

*БРЮССЕЛЬ КЕҢЕСІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ БАЯНДАМАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ МЕН ТЕЗИСТЕРІ .... 496—497
*«РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ СОҒЫС» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ .... 498—499

1 498
2 499

В. И. Лениннің осы уақытқа дейін табылмаған еңбектерінің тізімі *(Март — июль, 1914)* .... 503—511
В. И. Ленин редакциялауға қатысқан басылымдардың тізімі 512
В. И. Ленин жазған болуы ықтимал еңбектердің тізімі 513
Ескертулер .... 514—587
В. И. Ленин цитат келтірген және ауызға алған әдеби еңбектер мен деректемелер көрсеткіші .... 588—619

Есімдер көрсеткіші .... 620—678
В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдері .... 679—696

СУРЕТТЕР

В. И. Лениннің портреті.— 1914 ж. .... XXVIII—1

В. И. Лениннің «Жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күші туралы объективті деректер» деген мақаласына арналған кестенің нобайы келтірілген қолжазбасының беті.— Июнь, 1914 ж. 276—277

Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасының жоспары мен тезистерінің В. И. Ленин жазған қолжазбасы.— Июнь, 1914 ж. 405

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1978.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 25. Март-июль 1914.
704 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
З. А. Лёвина

Дайындаушының көмекшісі
Е. А. Круглова

Әдебиет көрсеткішін дайындағандар
А. М. Гак, Я. С. Цырульников
және *Н. Д. Шахновская*

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Ю. Г. Никифоров

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 679

Сдано в набор 14/III-77 г. Подписано к печати 2/III-1978 г.
Формат 84×108¹/₃₂—23,0=38,64 усл. п. л. (36,42 уч.-изд. л.)
Бумага № 1. Тираж 15000 экз. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ 1171. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.